Лидеры национального движения во главе с А. Букейхановым, А. Байтурсыновым, Б. Каратаевым сделали попытку направить движение в русло борьбы за конституционную монархию, либеральные реформы. При этом главное внимание уделялось вопросам участия в Государственной Думе в целях принятия законов, защищающих казахскую общину от разрушительных воздействий извне.

Неоднократно с парламентской трибуны члены мусульманской фракции Думы высказывались в защиту положения о том, что земли, занимаемые коренным населением, не могут быть признаны государственной собственностью, а являются собственностью казахских и киргизских родов. Чувству единения народа в немалой степени способствовала колониальная аннексия земель, поскольку от нее в равной степени страдали практически все социальные группы казахского общества.

Аграрная политика царизма со всей наглядностью подтверждала точку зрения А. Букейханова, что русская политика была выражением национального антагонизма, направленного против казахского народа, поскольку она отрицала право казахов на издревле принадлежавшие им земли и исходила из того, что все земли принадлежат империи. Конечной целью политики Российской империи, по мнению А. Букейханова, являлось не только насильственное оседание кочевников, но и разрушение оригинальной казахской культуры. Он считал, что казахи должны начать политическое наступление не только для защиты своих прав на землю, но и ради права оставаться самостоятельным народом. При этом казахи должны преодолеть внутренние противоречия и

осознать общенациональные интересы и цели, добиваться которых следует сообща [6].

Таким образом, история борьбы за государственную независимость в Казахстане XVIII - начала XX веков обнаруживает еще один глубинный фактор в виде этнической тождественности и самосознания как казахского, так и других народов, принимавших в ней участие. Подробное изучение данной проблематики выводит нас к теме понимания своей идентичности казахским народом как продолжения борьбы за независимость и свободу «Мэцгшк Ел» - «Вечной страны».

Данная проблема является предметом специального дальнейшего изучения для исследователей. Как пишет Президент Казахстана Н.А. Назарбаев в своей работе «В потоке истории»: «История оставила нам непростое наследство. А времени для точного и быстрого ответа на новые вопросы остается все меньше. И среди таких вопросов едва ли не самый важный - это внутринациональная консолидация. Конечно, это и строительство новой экономики, и внешняя политика, и оборонное строительство. Однако в данном случае нас интересует несколько иная материя, а именно - сфера национального сознания, то, что происходит в национальной душе» [7].

Литература

1. XX век: Методологические проблемы исторического познания. Сб. обзоров и рефератов. - Москва: РАН ИНИОН, 2001. - Часть 1. - 236 с.

2. Российская империя в зарубежной историографии. - Москва: Новое издательство, 2005. - 696 с.

3. Тишков В.А. Этничность, национализм и государство в посткоммунистическом обществе // Вопросы социологии. - 1993. - № 1-2. - С. 3.

4. Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. - Ташкент: Шарк, 2000. - С. 10-11.

5. Коцюбинский Д.А. Русский национализм в начале XX столетия: Рождение и гибель идеологии Всероссийского национального союза. - Москва: Российская политическая Энциклопедия (РОСПЭН), 2001. - 520 с.

6. Кенжебаев Н.Т., Мажитов С.Ф. Казахская духовно-интеллектуальная элита и модель вхождения Казахстана в мировое сообщество // Известия НАН РК. Сер. Общественные науки. - 1995. - № 2. - С. 10-17.

7. Озганбай О. Государственная Дума России и Казахстан. - Алматы: Изд-во Арыс, 2000. - 281 с.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ ТАҒЫЛЫМЫ

Байдаулет Е.Қ.

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің әдіскері

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген ерекше сезіммен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғыығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіптамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынов небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның бұратана елдерді билеп төстеудің айла- шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық, билік құрылымының быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас имеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі қалыптаса бастаған халықтың тұтастығының береке-бірлігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір еді.

Осы бір-екі шумақ өлеңнен балаң Ахметтің бүкіл өмір бойы істеген ісін, ой-арманын, мақсат-мүддесін аңғаруға болатын сияқты.

Оқуды арман еткен зерделі жас алдымен Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, одан соң Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын қырғыз (қазақ) мектебін 1895 жылы тамамдайды. Ахаңның ресми алған жүйелі білім осыменшектеледі. Алайда Ахаң көтерілген биіктен оның тағылымы мол тамаша өміріне көз жіберіп, байқасақ, білімдар ұстаз, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері т.т. болу үшін институт бітіріп, үлкен-үлкен атақ-лауазымды болу тіпті де қажет емес сияқты. Табиғат силаған дарынның арқасында Ахаң онсыз да бір адамның қолынан келер кереметтей істер тындырды. Ол істері сан салалы, сан алуан: ағартушылық, оқу-білім, ғылым, әдебиет, мәдениет, тарих, тағылым т.б. Мұның бәріне тоқталып, саралап айту тұрмақ, санамалап шығудың өзі қиын шаруа.

Дегенмен, Ахаң туралы сөз болған соң, оның өмір жолының ұрымтал тұстарын аттап өтуге болмайтын сияқты.

Ахаң өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды және ол өз мақсатын: Адамдық диканшысы – қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым. Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың [2;58] – деп, бейқам жатқан халқын

сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеу деп біледі.

Әрине, бұл тұста Ахаң тәрізді оқыған, білім алып, әлгіндей мектептерді бітірген, орысша сауат ашқан өзге де қазақтардың қарасы көріне бастаған-ды. Бірақ, бір ғажабы, олардың көбі халық, ел мүддесі деген, сөздерден гөрі ұлыққа жағынып, сол халықты қалай қанап, қалай пайда тапсам екен дейтіндер болатын. Олардың тілмаштыққа қолы жетіп, губернатор кеңселерін жағалап жүргенде, Ахаң ағартушылық жолына түсіп, «Қайтсем халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам» деп, күндіз-түні соның амалын қарастырады. Ұмытылмас өнеге бізге мирас.

Осы орайда, қазақтың бірен-саран да болса көзі ашық оқыған жастарын жинап елшілдік ұранын үдетіп, ел мұңы, халық қамы деген күрделі мақсаттардың іске асуын көздей бастайды. Жалғыз ағартушылық жолмен аса алысқа ұзап кете алмайтынын сезген Ахаң, біртіндеп күрескерлік жолға түседі. Жан-жақты әрекет етуге талпыну, ізденіс 1896 жылы Ахаңды Алекторовқа алып келеді. Оған барудың да өзіндік сыры бар еді. Алекторов ол кезде Омбыда отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарып тұрған болатын. Онымен қазақ даласындағы бала оқыту жайы туралы кеңеседі. Бұл кездесу оған екі түрлі әсер қалдырып, көп нәрсеге көзін аша түскендей болады. Ол жайында М. Әуезов: «Біреуі – Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсатын сезген болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған [2].

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ақаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуінесебеп болған».

Бұл жерде Мұхтар Әуезовтің өз кезінде ашып айтуға аузы бармай, астарлап отырған бір жайы бар сияқты. Ол орыс оқымыстыларының миссионерлік мақсатының Ахаң зердесіне жетуі, содан тіксінуі. Олар қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыруды көздеген ғой. Осыдан секем алған Ахаң ширыға түседі. Қазақты өнер, білімге жетектеу өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың халық алдындағы парызы деп түйеді. Ахметтің осындай мақсатты көздеп, саяси көзқарастарын шыңдай түсуі Қарқаралыда өмір сүрген 1896-1907 кезеңімен байланысты. Осы кезде Ахмет айналасына әлеумет өміріне зер сала бастаған бірен-саран көзі ашық, оқыған қазақ зиялылары топтана бастайды.

Семейде сегіз айдай ешқандай тергеусіз, сотсыз тас қамауда жатқан Ахаң ақыры қазақ өлкесінен бір жарым жыл мерзімге Орынборға жер аударылады. Сол кеткеннен мол кетеді. Ол онда 1917 жылдың аяғына дейін тұрады. Жазалы адам ретінде айдалған Ахаңның бұл сапары оның өміріндегі ең нәтижелі де өнімді еңбек еткен жылдар еді деуге болады. Ол ғылым, білімге бұрынғыдан да тереңірек үніліп, әділетсіздік жайлаған мына қоғамды бұрынғыдан да бетер ашы тілмен түйрей, шеней түседі. Қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі, әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрелі ойлар айтып, бастауыш

мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиет үлгілерін, эпос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру ісімен айналысады. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

А. Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. Әсіресе сол кезде Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына Ахаңның туындылары, елдік істері қатты әсер етеді. Солжастардың ұйғаруымен елден қаржы жиналады да, газет шығару мәселесі қозғалады. Ол бейресми газет «Қазақ» деп аталады да, оған редакторлыққа А. Байтұрсынұлы шақырылады. Міне, сол 1913 жылдың басынан 1918 жылға дейін бас редакторлық міндетін мүлтіксіз атқарған Ахаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді хатқа түсіріп, жария етуге мүмкіндік алады.

1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын.

Өз тағдырының түбі не боларын алдын ала болжап, көрегендікпен айтып кеткен Ахаңның түбіне жеткен, шынында да, өзіміз емес пе едік? Халық басына төнген қатерден қорғанудың амалын тым болмаса сауат ашу арқылы үйретпек болған асылымызды ұйқылы- ояу халімізбен аяқ-қолын байлап бердік қой. Осыны бір ойлап, сабақ алсақ етті. Неге десеңіз, ұлттық сана мен ұлт мәдениеті жолындағы күресте осынау опасыздық пен алауыздық салқыны әлі де жетерлік-ау деп сезіктенесің. 50-70-80 жылдар ылаңы не ойлатпайды кісіге. Тәуелсіз ел болған қазіргі күйіміздің өзі көп жағдайда көңілге жұбаныш әкеле қоймайды. «Бірінді қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» екенін түгел ұғып біттік пе?!

Жаңадан тәй-тәй басып, Ахаң сияқты бірен-саран оқыған саналы азаматтардың арқасында оң-солын танып, енді-енді ес жиып келе жатқан қазақ елі үшін «Қазақ» газетінің атқарған қызметі ұшан-теңіз екенін тағы да айтсақ артық емес. Бес жылға таяу уақыт үзбей оқырманымен қауышқан бұл газет кезінде лайықты көкейтесті мәселелерді бірінен соң бірін жариялап, жұртшылық мағлұматын кеңейтумен болды. Жалпы қазақ халқы қазан төңкерісіне өзінің санасын ғана емес, қоғамға, әлеуметтік өмірге деген саяси көзқарастарын да недәуір қалыптастырды дер болсақ, ондай күрескерлік қасиет осы «Қазақ» газетінің арқасында айқындала түскенін айту керек. Кезінде бұл газетті ұлтшыл-буржуазияшыл орган деп тиым салып тастамағанда талай тарихи шындықтың көзін ашып, халқымыздың революцияға дейінгі рухани, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін еді. Газеттің игі мақсат-мүдделері оның бірінші санында-ақ ашық айтылған. Оның негізгі мақсатты жұрт пайдасына тиімді шаруасымен айналысу екенінен бастайды... Қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін зақұндерді, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. Государственная дума һәм Государственный совет жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі һәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін- тарап, мал шаруасы жайынан кеңесу; оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа,

ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам һәм мал дәрігерлігі жайын жазу («Қазақ» №1, 1913, 2 ақпан), қалың бұқараға кезінде аян болған [3].

Газет әлденеше рет жабылып, қайта тіріліп, шығынданып, сотталып жатса да көздеген мақсатын түгелімен орындады деп тұжырым жасауға болады. Тіпті кейде бұдан да шығыңқырап, әлемдік ой-пікірге азық болар мәселені де қозғап кеткен сәті бар.

Айта кететін бір жайт: осы газет және оның редакторы А. Байтұрсынұлы жайында жазылған материалдарда тіпті кейінгі уақытқа дейін «ұлтшыл, буржуазияшыл» дейтін ала таңба қалмай келеді. Бұрынғысы бір сәрі, ал Ахаңның ақталғанынан кейін де есімі дұрыс аталмауы, газеттің бағасы кешегі коммунистік идеология тұрғысынан қаралуы түсініксіздеу.

«Газеттің олқылықтары мен кемшіліктері болып еді» деп баяғы жалтаққа баспай, мәселенің ақиқатын ашық айтатын, уақыт жеткен сияқты. Өйткені Ахаңның о бастағы рухани өмірінің қалыптасуы осы газетке де тікелей байланысты. Сонда ғана біз Ахмет сияқты Алаш ардақтысының алыптардың ұстанған бағыт-бағдарын, оның өз халқын прогреске алып шығар дұрыс жол болғанын айқындай түсеміз.

А.Байтұрсынұлының қазан төңкерісіне дейінгі өмір жолының қайсыбір тұстары міне осындай. Бұл жолдың тіпті де оңай болмағанын баяндаған азынаулақ деректерден-ақ байқауға болар. Қит етсе, түрмеге жабу, бостандықта жүргенінің өзін де үнемі аңдуда, тексерісте болу, тіпті басқан қадамын былай қойып, ашқан аузын, жазған сөзін бағып, қия бастырмай тұншықтыруға шыдау үшін адамға қандай күш, жігер, қайрат керек. Өстіп жүріп, тығырықта өмір кешсе де Ахаң елім, жерім, халқым деп тыныстауын бір сәтке де тоқтатпаған, ол ел мүддесіне жарарлық, халық санасын ашарлық қыруар дүниені берді. Бұл ел деп соққан үлкен жүректің ыстық махаббатынан ғана туындайтын қазына.

Халқымыздың жан саулығына өлшеусіз зор зиян келтірер осынау көр мінез бен арам пиғылдан арылмай тәуелсіздігіміздің іргесі нық болмай ма деп қорқамыз. Ол неше алуан түрге еніп құбылады. Ол біресе, қоғамшыл, біресе партияшыл, біресе ұлтшыл, халықшыл бопөрекиді.

Міне Ахмет Байтұрсынов жайында әңгіме қозғағанда осындай да ойлар мазалайды. Жалпы Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақталуы тегін емес. Ендеше ол адамзаттың асыл перзенті, қазақтың ұлы тұлғасы.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2003.
2. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.
3. Абдуллин С. А.Байтұрсынов творчествосы // Коммунизм таңы, 1990, 22 маусым.
4. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағлым. – Алматы: Арыс, 2002.
5. Ахметова К. Сәкен мен Ахаң // Халық кеңесі, 1994, 1 шілде.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

Байгулова Б.К.

Павлодар қаласының Қалижан Бекқожин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Baighulova1983@mail.ru

Адамдық диқаншысы қырға шықтым;
Көл жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
А. Байтұрсынов

Ахмет Байтұрсынов қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы 18 қаңтарда дүниеге келген. Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзіқарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқиды. 1895-1909 жылдары ұстаздықпен айналысып, бала оқытады. 1905 жылы жер меселесі, қазақтың өз жерін өзіне қайтару жөнінде патшаның атына хат жазушылардың бірі болады. Патша өкіметіне наразылығы үшін 1907, 1909 жылдары абақтыға қамалады. 1910 жылы қазақ жерінен қуғындалып, Орынбор қаласына жер аударылады. Халықтың ой-санасын оятуға бар күшін, қаламгерлік қуатын салып, 1909 жылы И. А. Крылов мысалдарын аударып, «Қырық мысал» жинағын шығарады. Қазақ поэзиясына өзіндік жаңалық, ою-ернек әкелген «Маса» жинағы А. Байтұрсыновтың ағартушылық, демократтық, гуманистік идеяларын халыққа жеткізеді. 1913 жылдан 1917 жылға дейін М. Дулатовпен бірге «Қазақ» газетін шығарады. Саяси бағыттағы мақалалары патша үкіметі орындарына жақпаған басылымның редакторы ретінде А. Байтұрсынов бірнеше рет түрмеге жабылады. Патша тақтан түскен соң Ахаң қазақ зиялыларымен бірігіп, ұлттық «Алаш» партиясын құрады. Кеңес үкіметі орнаған соң А. Байтұрсынов Қазақстан үкіметінің мүшесі, Халық ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болып сайланады. Орынбор, Ташкент, Алматы қалаларындағы педагогикалық жоғарғы оқу орындарында сабақ береді. Голощекиндік асыра сілтеу саясатына қарсы болғаны үшін 1929, 1937 жылдары екі рет саяси репрессияға ілігіп, жазықсыз атылды.

Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым. 1872 жылы Торғайдың Ақкөл жағасындығы (қазір Қостанай бол. Жангелдин ауд.) Сарытүбек жерінде туған. 1884 жылы ауыл мектебін, 1891 жылы Торғайдағы орыс-қырғыз

училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіріп, өз бетінше көп білім жиған. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Торғай уездерінің мектептері мен училищелерінде мұғалім болады. 1909 жылы патша өкіметінің шет ұлттарға қарсы әрекетіне көзқарасын білдіргені үшін Семей абақтысына жабылады. Мұнда ол 1910 жылдың басына дейін отырады. 1910-1913 жылдары ағартушы қатаң бақылау жағдайында болады. 1913-1917 жылдары әйгілі «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарады. Осы шақта ағартушы ұлттық Алаш қозғалысын жандандыруға атсалысады. Алаш партиясы құрылатын I жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын II жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. I съезде негізгі мәселелер бойынша хатшы болса, II съездің шақыру комиссиясына енді. 1917 жылы 14 желтоқсанда Орынборда Алаш партиясының Торғай облыстық комитеті ашылып, қайраткер төраға (Ә.Бөкейхан) орынбасары болып сайланады. Ұлт кеңесі құрылатын II съезде Оқу-ағарту комиссиясын басқарады. 1919 жылы ұлттың болашағы үшін кеңестер шебіне шығып, Өлкелік әскери төңкеріс комитетінің мүшесі болады. 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары қызметін атқарады. 1920 жылы ол басында «Ұшқын» газетінің, кейіннен аты «Еңбек туы» боп өзгерген осы басылым жалғасының алқа мүшесі болды. Осы жылы желтоқсанда Әлихан, Смағұл, Жүсіпбек, Хайретдиндермен бірге «Қазақстан» мемлекеттік баспасының сарапшылар алқасына енді. 1921-1922 жылдары Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етеді. 1922-1925 жылдары ХАК Ғылым комиссиясын басқарады. 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында қызмет атқарады. Ағартушы қайраткер ғалым, жаңа отандық ғылымның көшбасшысы ретінде қалыптасты. Әдеби қызметі де қайраткерлігімен біртұтасып кеткен. 1909 жылы шыққан «Қырық мысал», 1911 жылы жарияланған «Маса» жинақтары халықты оятуға себепші болды. Ғалымның «Оқу құрал» (1912), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926) еңбектері ұлт филологиясының негізін қалады. Ол 1926 жылы Бакуде өткен II Түріктану съезіне қатынасты. Саяси себеппен 1929 жылы тұтқындалып, жер аударылды. 1937 жылы тағы да ұсталып, 1938 жылы нақақ атылды.

Қаламгердің көсемсөзі.

Ахмет Байтұрсынов бай педогогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсынов өзінің ғылыми педогогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып қарастырады. Олардың заңдылықтарын анықтайды. Ғылыми философия құлықтық және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттеуде педогогика этикамен, эстетикаға ал оқыту мен білім беру проблемаларын зерттеуде таным теориясына сүйенеді. Педогогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады. Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білімнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды. Ахмет

Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол ... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихы еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілеріде қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді». 1929 жылы 5-мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.). «Тіл – жұмсар» деген еңбегінде оқушыларға практикалық граматиканы үйретеді. Сонымен қатар жастарға арналған «Әліппе», «Сауат ашқыш» (ересектер әліппесі), «Әліппе-астар» (әліппеге методикалық нұсқау), «Қырық мысал» (Крылов мысалдары аудармасының жинағы), «Маса» (төлтума және аударма өлеңдер жинағы), «Оқу құрал» хрестоматия (нұсқалық) – Шонановпен бірлесіп жазылған. Бұлар ерекше мәні бар материалдар деп білеміз. Кезінде М. Әуезов ауызға алған, қазір кейбір зерттеушілер айтып жүрген «Мәдениет тарихы» деген дүние көрсетілмеген, яғни өкінішке орай, ондай жұмыс жарық көрмесе керек. Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8-наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; Ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздеріне термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты». Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. Қазіргі қазақ тілі ғылымының түп қазық ойлары тіпті әріде жатқанын, оларды бірінші болып Ахмет Байтұрсынов тұжырымдағанын көреміз. Табиғаттың санадан тыс тәуелсіз өмір сүруді өмір ақиқатын түйсік пен қабылдануын адамдар жаратылысының бірдей еместігін түсіндіреді.

Кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр. Тау сілеміндей мол мұра оқырман қолына тие бастады. Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан

Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат кұрды; халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы замат Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды.

Әдебиеттер

1. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері // Бастауыш мектеп № 7-8, 2004 жыл
2. Ұлттың рухани көсемі. – Алматы, 2008 жыл
3. Шүкірұлы С. Қазақ жазуының қалыптасуы һәм болашағы // Тіл №10-2012 жыл
4. Байтұрсынов А. «Тіл туралы» А, «Ана тілі» 1990

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ АЛАШ ПАРТИЯСЫ

Баймулдина А.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» КММ
aizhan-87@inbox.ru

Жалпы Ахмет Байтұрсынов кім? Ахмет Байтұрсынұлы - мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. ХХ ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық - саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші - реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасы болды. Бір жазбасында: "Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті", - деп жазды Сәкен Сейфуллин.

Еліміз егемен болып, атымыз шартарапқа танылып жатқан кезімізде еліміздің өткенін жаңғырту - әр азаматтың қасиетті борышы. Қазақ тарихында

XX ғасырдың бас кезі – түрлі оқиғаларға, саяси өзгерістерге толы кезең. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын. Қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты.

1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды. І-ші жалпықазақтық съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланды. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынов және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тіреді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді.

Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік». Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», -дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз

деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі. «Масаның» негізгі идеялық қазығы — жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. «Алаш» партиясының да мақсат міндеті осы шығармамен үндес деуге болады. Ақын өлеңдері жалпы, сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес. Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, гуманистік әуендерді, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысынан, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерлерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады. Солар сияқты А. Байтұрсынов та айнала қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады. Алдыңғы ағалар суреттеп кеткен қазақ қоғамының жалпы қалпында дәл сол кезде айтарлықтай өзгерістер жоқты. Ахмет қоғамның сол бір келеңсіз көріністеріне салқын қарай алмайды. Ол жан ауыртып, жүрек сыздатар «қасірет сөзін» айтып, хатқа жазады. А. Байтұрсынов қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық сезім білдіреді, ауыр халге төзіп, көніп, үндемей жүре бермей, адамдық қасиетті қорғауды қалайды. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. «Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа үндемей шыдап, жасып, жаншылып кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар сергектеу болса, адамдыққа ұмтылса, үндемей жүре бермесе, алдағандарға алданбаса, таяққа еті үйреніп жүнжіп кетпес еді деп ойлайды, олардың намысына тиерлік ащы сөздер айтады.

Қорыта келгенде: Алаш — бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бастауында тұрған алғашқы толыққанды үкімет пен саяси партия. Ең алдымен мектеп оқулықтарында жеткілікті көлем берілуі керек. Елімізде Алаштың

ескерткіштері орнатылуы тиіс. Кітаптар мен фильмдер көптеп шығарылып, мектептерді қамтамасыз етуі керек. Жоғары оқу орындарында Алаш идеясын оқыту жүйеге айналуы керек. Алаш оқулары жолға қойылып, еліміз бойынша қанат жаюы тиіс. Алаштың ордасы болып, Алашқала аталған қазіргі Семейдегі Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Алашорда үкіметі мен Алаш партиясы тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылып, ол үйді мұражайға айналдыру кезек күттірмейтін мәні зор мәселе. Қорыта айтқанда, Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек. Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш кайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал. Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

«Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп Сәкен Сейфуллиннің сөзімен қорытындылаймын.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
2. Ахаң және «Қазақ» газеті // Қазақ тарихы. №2.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы, 2008ж.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы «Ана тілі» 2003ж.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Даирбекова К. Б.

№17 жалпы орта білім беру саралап оқытатын бейіндік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
gulzat2712_74@mail.ru

Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғалар ұлтқа қызмет етуге бағындырылған. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым алаш ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуі де осындайдан. Бұл мақалада «Отанды сүю – иманнан» ұстанымын алға тартқан Алаш зиялыларының ел үшін еңбектері сөз етіледі.

Кешегі әлемнің алатыдан бір бөлігін алып жатқан кеңестік империя құлап, Қазақ елі тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, егемендікке қол жеткізгелі бергі қоғамдық-саяси өзгерістер жас мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына негіз қалады. Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда, тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы өз кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие.

Ұлының ұлылығы – соны сезіне біліп, пәни жалғанның аз күндік алдамшы қызығына айналып қалмай, ертеңнің керегіне қарекет жасау. Бірақ жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуы тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Әр дәуірдің, әр заманның біртуар тұлғаларын уақыт жасары хақ. Осындай ой келген сәтте еске еріксіз орала беретін бір тұс – ХХ ғасырдың басы. Шындығында, осы тарихи кезеңде ұлтын өркениет дамуының даңғылына бастаған озат ойлы зиялылар шоғыры молдау көрінеді. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, осынау топтың ішінен қазақ руханиятындағы кемеңгерлік болмысы мен азаматтық тұлғасы көзге айрықша шалынатын ұлы азамат – Ахмет Байтұрсынұлы.

Иә, Ахметтей адамзаттық ойдың алыбын енді танып, кемел ілімінің кеніне енді-енді кенеліп келеміз. Әйтсе де бүгінде бұл тұрғыда біраз ізденістер жасалғанын атап өткен жөн. Ахметтануға кешегі Міржақып, Елдес, Телжан, Сәкен, Мұхтар, Смағұлдар салған сара жолды бүгінгі тілші Р.Сыздықова, әдебиетшілер Т.Кәкішұлы, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Д.Қамзабекұлы, тарихшылар К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Қ.Атабаев, Т.Омарбеков сынды көрнекті ғалымдар ахметтанудың даңғылына айналдырып, кеңейте түсуде. Әрине, Ахаңа қатысты «ақтаңдақтар» мәселесі – өз алдына жеке әңгіменің арқауы.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Ол – бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиындыққа толы тартысты ғұмырында «қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар» деп білмеген бірегей тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат «қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс» десек, артық айтқандық емес. А. Байтұрсынұлын күрескер қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен – біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты

болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім.

Ахметтің халқын сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық, қызметі мен іс-әрекетінен көрініс табады. Оның күрескерлік қасиеті ерте кезде-ақ айтылып, елге танытылып отырды.

Ахметтің халқын сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық, қызметі мен іс-әрекетінен көрініс табады. Оның күрескерлік қасиеті ерте кезде-ақ айтылып, елге танытылып отырды.

Ә, дегенде-ақ назарға ілігетін бір сипат – Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаттық ұғымымен астасып жататындығы. Ол – жеке бас, жеке адам бостандығының жоқтаушысы емес, түгел жұрт, тұтас ел азаттығының ту ұстаушысы. XX ғасырдағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қозғалыстың бастауында тұрған қайраткерлердің рух-тұлғасы – осы Ахаң. Ахмет Байтұрсынұлының тұғырлы тұлғасын, ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшы көсемдігін бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Оның қайраткерлік іс-әрекеті өткен ғасырдың бесінші жылдарында басталып, өзі өмірден өткенге дейін еш толастаған емес.

«Алаш» партиясының жобасын жасап, «Алаш» өкіметін құрды. Сол 16 өкіметтің бірден-бір рухани көсемі (идеологі) болды

Кеңестік өкіметтің жеңіске жетері шынға айналған сәтте елді қырғынға ұшыратпаудың қамын ойлап, көрегендік көрсетіп, кеңес жағына алып шығып, Кеңес үкіметінің алдына нақты талаптар қоя алды. Алаштықтардың ел ісіне араласып, жұртқа жолбасшылық көрсетуіне бірден-бір көшбасшы болды. Ол алғашқы революциялық комитет төрағасының орынбасары, Қазақ автономиясының тұңғыш халық ағарту комиссары, Ұлттық академиялық орталықтың алғашқы төрағасы қызметтерін атқарып, кеңестік өкіметке алаңдай қарап, жаңа қоғамға күпті көңілмен аяқ басқан жұртына сасқанда таяныш, қорыққанда тірек бола білді. Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөздері бекіте түседі: «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз. ...деп,

Ал, Ахаң бастаған алашшыл қазақ зиялыларының рухы жығылмағанын сезіне бастаған тотаритарлық жүйе олардың көзін жоюды мақсат тұтып, «Кеңес үкіметінің жауы», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «террорлық әрекетті дайындаушылар» деген негізсіз айыптар тағып, қудалауға түсіріп, ақыры түрмеге жауып, аттырып тынды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің 18 фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды» дүниеге келтірді. «Ахмет Байтұрсынұнов өзінің оқу құралдары арқылы тамаша жаңалықтар ашты. Оның жаңалықтары Еуропа ғалымдары жазған қазақ тілі грамматикаларына қандай түзетулер, толықтырулар енгізгенін бұл

еңбектерді салыстыра қараған адам бірден көреді» [2, 27], – деп, әділін айтқан болатын. Ахметтанудың бастау көзінің біріне саналатын осы зерттеуінде Е. Омаров Ахаңды «қазақ тіл білімінің теңдесі жоқ білімпазы» деп танып, ол жасаған әліппе, ол жазған грамматикаға қатысты еңбектерді өте жоғары бағалап, олардың қазақ тілі туралы жат жұрт ізденушілері жазған жұмыстардан артықшылығы ғалымның ана тілінің төл табиғатын терең тануында екендігін дәйекті деректермен дәлелдей алды. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне сіңірген ерен еңбегін бағалауда өз кезінде оның идеялық қарсыластары болған қазақ азаматтары да шындықтан аттап кете алмаған.

Ендеше, «Ахаң – қазақ тіл білімінің ана тілімізде зерттелуіне даңғыл жол ашып, туған тіліміздің теориялық тұрғыдан тұғырлы тұжырымдалуының негізін қалаушы, өзінен кейінгілерге жөн-жоба көрсетуші ғұлама ғалым», – деуге толық құқымыз бар.

Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крыловтан өз шығармашылығына өзек тартып, өрнек алған Ахаң мысалдан ұлт санасын оятар ділгір қажеттілік тауып, «алыстан сермеп, жақыннан тербеген» терең тәлімімен көзі қарақтының көкірек көзін ашты. Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз күдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, «әдебиет» атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Қорыта келе Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш алыптары халқына адал да кіршіксіз қызмет еткен. Алдау мен арбауды ар санаған. Әлиханның өзі төре баласымын деп төсін қақпай, кішіпейіл болған. “Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын” деп ант берген. Сол уәдесін мүлтіксіз орындаған да. Алғашқы Алашорда үкіметінің құрамына кілең сайдың тасындай тау тұлғалы ұлтшыл адамдар топтасқан. Қазақ үшін бастарын бәйгеге тіккен. Қазіргідей ант-су ішкіш, бірін-бірі сүйреп жүрген біреулер емес. Бір кісінің бетіне қарап отырмаған. Билікке жетіп, былыққа батып, беті күйіп жатпаған. Өз елінің мүддесін бәрінен жоғары қойған кілең жайсаңдар болған. Осы ұлты үшін күрескен алаштарымыздың бойындағы қасиетті қазіргі жастар бойына дарыту әрбір ата-ана мен ұстаздың басты міндеті! Өйткен, «Елің қалай, бөркің солай»-демекші қазіргі кезден бастар келешек жастарымызды бастан тәрбиелемесек келешегіміз бұлыңғыр болмайтынына кім кепіл!

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ КӨЗҚАРАСЫ

Жакпаров Е.Ч.

ШҚО, Семей қаласы «Innovative college» мекемесі
zhakparov_yerzhan_1965@mail.ru

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік тынысының ашылуы, ғылымының өсіп өркендеуі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметімен тікелей байланыста болды. Сол тұстағы саяси өзгеріс, іс-оқиғалар

мен үлкен сілкіністер әсерінен мемлекеттік істерге, саясатқа қызу араласқан зиялы қауым оқу-ағарту ісіне де белсене атсалысты. Бұл кезеңде қазақ тарихына, мәдениетіне, рухани дүниесіне мол ізін қалдырған ағартушы қайраткерлер мен ақын-жазушылар, ғалымдар шоғыры жарқырап шықты. Сондай бірегей тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлер өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін бірден-бір жол деп ұғынды. Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық ғылым жасаушы.

Ұлттық ғылым-ұлтқа қызмет ететін, оны өркениет жолымен таным шыңына жетелейтін, ұлттық болмысты жарқыратып көрсететін, ұлттық санаға жарық отын жағатын қару. Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы қасиеттерінің бірі әлеуметтік-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған.

Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Сондай – ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалардың тақырыбы, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары. ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен.

Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп,

тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Әдебиеттер

1. Педагогика. Ж.Әбиев. С.Бабаев.
2. Ақмет Байтұрсынұлы. Ақ жол .Алматы «Жалын»1991.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. «Маса» Алматы «Раритет» 2005

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМЫН ӘР ҚЫРЫНАН ТАНЫТУ

Жакпарова Г.А.

ШҚО, Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
guma_6565@mail.ru

Өткен жылы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұловтың 125 жылдық мерейтойын атап өту барысында істелінген істер келер ұрпаққа үлігі-өнеге боларлық жай. «Ахметтану» саласының игі бастамасы, алып бәйтеректі алашқа қайта таныту мақсатындағы сара жолдың алғашқы соқпақтары іспетті. Жыл ішінде республикамыздың барлық білім ордаларында өткен ғылыми-практикалық конференциялар, баспасөз беттеріндегі толассыз жарияланған мақала, монографиялар, Алматыда ашылған мұражайы, орнатылған ескерткіш-бюсті, «Рауан» баспасынан жарық көрген «Әліп биі» қала, ауыл мектептерінің

оқу-тәрбие жұмыстарының (кездесулер, кештер, жарыстар) арнайы ұйымдастырылуы бүкіл қазақтың зиялы қауымының, болашақтың тірегі жас бүлдіршіндердің ұлттық санасының қалыптасуы мен жаңаруына зор ықпалын, игі өсерін тигізді десек артық айтқандық емес. Мұндай жасампаз жұмыстар бүгінгі жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде, жан-жақты дамыта отырып оқыту ісін де жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосуда. Ұлтық мүдде ұраншысы, оқу-ағарту ісінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың тәлім-тәрбиелік тағылымын әр қырынан таныту, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдарын іздестіру, ұрпақ тәрбиесінде ұлт жұмысын ұлғайту мақсатындағы ұлы істерін үлгі әрі тағлым ету болашақта да ары қарай жалғасын таба беретін мәңгілік мұрат. Ахмет Байтұрсынов артына айта берсе таусылмас мол мұра қалдырған. Сол мол мұраның бір саласы көркем аудармадағы үлесі қалайда халқын ояту, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» шақыру мақсатында, ол ұлы Абай салған соқпақты — аударма ісін жалғастырды.

Ахмет Байтұрсыновтың сүйікті жанры-мысал болғандығын ғұлама ғалымның әрбір шығармасынан-ақ байқауға болады. Эзоп, Крылов сияқты Ахмет Байтұрсынов та маса, бүйі, есек, маймыл бейнелері арқылы кертартпа кемшіліктер мен жағымсыз қылықтарды сынау үшін «алмас қанжардай» өткір құрал еткен. Ахмет Байтұрсыновтың аударма мысалдарының өзіндік ерекшелігі ол әрбір мысал соңында ақынның «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жасаған, өзіндік қорытынды ойлары кез-келген жас оқырманды өзінше қорытынды жаса, қандай ғибрат алдым, - деп ойлан деген әрекетке итермелеп тұрғандай. Яғни, біз үшін ғұлама ғалымның ең бағалы мұраларының прогрессивті идеялары, шаршамай-талмай халқының кертартпа, кесепатты қылықтарын ашық сынап, оқырманның көзін ашуға тырысқандығы.

Мысалы:

Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді
Жөн айтқан жұртшылыққа
Шығарсың қолыңа ал керісіңді, - десе тағы бірде
-Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көншігінді.

Сықылды сынық бұтақ

Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді? - деп ұлтының бір-бірін көре алмаушылық, қызғаншақтық сияқты жағымсыз қасиеттерін ашына мысқылдап, ол қасиеттердің қауіпті екенін, болар елдің баласы олай етпейтіндігін, халқыма кесепаты тиетіндігін айта келіп, «лақ құрлы бақырмай, өлер болсаң», келімсектер алдында төмендей берсең, олардың оп-оңай жем қылып, тоз-тоз ететіндігін, сондықтан опық жемей тұрғанда одан құтылар жол ізде деп терең ой тастайды. Немесе Крыловтан аударған «Аққу, шортан, һәм шаян» атты мысалының соңында:

- Жігіттер мұнан ғират алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің

Істеген ынтымақсыз ісің онбас - деп халқын бірлікке шақырып, олай болмаған күнде осы мысал кейіпкерлерінің кейпін киетінін, халық сөзімен айтсақ – «бөлінгенді бөрі жеп) «көлденең көк аттыға жем» болатынын жетесіне жеткізе айтып, халқына «бірлікпенен өрнектеңдер тірлікті» деп өсиет айтады.

Осы секілді «Ат пен есек» мысалының соңында да

Бұл сөзден нендей ғибрат алмақ керек?

Мысалы, еткен қайыр –бір бәйтерек!

Қайырын біреуге еткен болып терек

Көресің рақатын көлеңкелеп!

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде.

Біреуге қысылғанда

Жәрдем бермек!

Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын, – деп аяқтайды. Демек, мұнда не нәрсе болса да ақылға салып ойланып істе, өткен соң өкінгеннен ешнәрсе өзгермейді деген бір ой тастаса, екіншіден, біреу саған қиналып көмек сұрағанда жәрдемдес, ондай күй өз басына түскенде тым кеш боп, аһ ұрарсың, – деп сабырлылыққа жанашырлыққа, жанындағы жанның жайын ұғуға шақырады. Бүгінгі қым-қуат, қиғаш заманда жастарымызға Ахмет Байтұрсыновтың осындай астарлы да терең, мәнді дан қатыгездік пен безбүйректіктен аулақ болуға тәрбиелеуі әбден қажет. Ахаң өз бойындағы шешендік қасиетті жаман қылықты түзеуге, жақсылықты медеуге жұмсаған, жастарды азамат етіп қалыптастыру жолындағы тәрбиені құрал етуге тырысқан. Көптеген мысалдарды адам мінез-құлық нормасын қалыптастыруға арнаған. Осы орайда Ахаң мысалдарын студент жастарды оқыту-тәрбиелеу жолында өзін-өзі тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу әдісінің мықты құралы ретінде пайдаланудың маңызы зор, ықпалы өсерлі болмақ. Себебі, адам мінезінің сан алуан жақсы-жаман жақтарын, мысал кейіпкерлері сияқты адамдарды қоршаған ортасынан тани білуге, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін зерделей білуге, сөйтіп, өзіндік ой тұжырымдауға үйретуге болады.

Ахмет Байтұрсынов адамның адамдық қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы істе тындырымдылығы, демек, парасаттылығы мен саналылығы ал, әлі келмейтін нәрсемен әлек болудың қажеті жоқ деген ойларын «Сары шымшық» мысалында нақты өрнектеген.

-Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды,

Мақсаты оныменен тұс болмайды.

«Ұялған тек тұрмайды» - деген рас,

Қал, бөлем, тоқтай тұр мен жұртты алдайды, — десе «Маймыл» мысалында алғыс, абырой алу үшін пайдасыз құр мехнат етудің қажеті жоқтығын, күншілдіктің соңы-күйік екенін, орынсыз істің аяғы өкініш екенін, халық ілтипатына бөленудің оңай еместігін, ол үшін көпке шарапаты тиер игі іс жасау керектігін, ондайда көзге түсем деп шапқылап, «арам тер» болмаса да халықтың өзі ақ ілтипатын білдіретінін төмендегіше қорытынды.

Мақсатқа ойыңа алған жете алмайсың,

Мал шашып құр далаға төккенменен
Пайдалы істен алар абыройың,
Кетпейді кейін қарай телкенменен.

Қорыта келгенде айтарымыз, Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларының негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құрғақ сөз, «таусылмайтын» ақыл-кеңес айта беріп тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың үлгі өнегесіне, ғибратқа негіздеудің қажеттігін баса айтқан.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол .Алматы «Жалын»1991.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. «Маса» Алматы «Раритет» 2005

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Жангалиева Р.Б.

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің әдіскері,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
raisa_erali@mail.ru

«...Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлатындардан мен емес біркүнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, ал менікі – ертеңгі үшін»
Ахмет Байтұрсынұлы

«Елім, жерім, халқым!» - деп, аянбай еңбек еткен ұлы тұлғалардың ішінде ағарту ісінде жүргендер үшін орны ерекше жандардың бірі – әрине Ахмет Байтұрсынұлы. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары бүгінгіміздің дәлелі болып отыр емес пе?! Себебі биылғы оқу жылы «Әліппе» оқулығы қайта оралды, мектеп табалдырығын атаған бүлдіршіндеріміз сиқырлы әріптер әлеміне Ұлы ұстаз қылқаламынан шыққан, қаншама жылдар бойы көмулі жатқан алтын қазынасына ие болды. Ұлы ұстаз арманы іске асты-ау!

Ахмет Байтұрсынұлы еңбегін кезінде замандастары да жоғары бағалаған. Сәкен Сейфуллиннің: «...өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» – деп айтқан сөздерінен Ахмет Байтұрсынұлының қиын заманда жолынан таймай, ауыртпалықты мейлінше еңсеріп, білім мен жарқын болашақ үшін күресін тоқтатпай өткендігін көреміз.

Ахмет Байтұрсынұлының туған тілді қадірлеу, оны дамыту, мерейін өсіру керек екендігін сол заманда өмір сүрген замандастарына үлгі бола білгенін

Міржақып Дулатовтың мына сөздерінен көруге болады: «... А. Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. А. Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады...».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытудың ғылыми тұрғыдан негізін қалауды көздеген. Бұл туралы Сәбит Мұқанов былай деп айтқан болатын: «Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет.»

Тіл саласындағы еңбектері өз құндылығымен танымал жазушылар арасында жоғары бағаланды. Сырбай Мәуленовтың: «Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынов туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде- бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде- бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен «Әдебиет танытқышты» жазып шықты.» - деп, қазақ тілін дамытуда тек қана тілтанушы ғалымдар үшін емес, көпшілікке де түсінікті болатындай етіп, Ахаңның мұрасына шынайы анықтама беріп өтті.

Әрине осы күндері Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің асыл қазына, мәдениет пен өркениет, білім мен ғылым салалары үшін қиыры шексіз орылмаған егістік екендігі ұстаздар қауымына мәлім нәрсе. Қазақ тілінің жанашылары мен тілтанушы ғалымдары айтып кеткен Ахаң және оның еңбектері туралы тың пікірлері бұл мақалаға дәйексөз болып отыр. Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.» – десе, Зейнолла Қобдолов: «Біз бүгін Ахаңның «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасымен» салыстырар едік. Мұның мәнісі – екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп – билері». Асылы, үздік қасиеттер бір- бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады»- деген екен.

Тілтанушы Серік Қирабаев: «Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар - ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек»- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.» - деп, Ахмет Байтұрсынұлы шыармашылығының көпшілігі тіл білімін дамытуға арналғанын көрсетеді. Кейінгі тілтанушы Рабиға Сыздықова «Ахмет Байтұрсынов- біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жанашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың «Тіл құралы»

арқылы оқып үйренді.»- деп тарих беттеріндегі Ахмет Байтұрсынұлының орнын атап кетеді.

Сөз соңында мақала тақырыбы «Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі» деп аталуының бекерден емес екендігіне назар аударғым келеді. Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінің құндылығы мен маңыздылығын ұлы тұлғалардан артық жаза алу мүмкін бе?! Әр білім саласында жүргендерге Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі, оның өмір жолы, ұлтжандылығы мен табандылығы, жоғары мәдениеттілігі мен көрегендігі үлгі болары сөзсіз. Себебі білім мен ғылым қайта жаңару мен жаңаша даму сатысына көшу үстінде. Ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Осы орайда Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы жол бағыттаушы жұлдызымыз, дара жол салушымыз. Ұстаздар қауымы тек қана өз пәні шеңберінде қалып қоймай, кеңінен ойлауға, қоғамға белсене араласуға, білім саласына үлес қосуды міндет етуі керек.

Әдебиеттер

1. «А.Байтұрсынов шығармалары».-Алматы:«Жазушы», 1989.
2. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі».-Алматы, 2008.
3. Р.С.Имаханбетова. Ғасыр саңлағы.-Астана:»Педагогика Пресс», 2010.
4. Ұ.О.Еркінбаев. «Әдебиет танытқышты» бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы орны».-Үркер-2010-№12.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ - АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ

Искакова А.О.

Павлодар қаласының № 28 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Janel.meiramova@mail.ru

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері -Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы,ағартушы, Алаш- Орда өкіметінің мүшесі, өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды.

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Жазу - адамдардың кеңістік пен уақытқа тәуелді болмай, әлеуметтік өмірдің барлық

саласында кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін құрал. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу - өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу - мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавитті қай халық болса да, дінмен байланысты қабылдаған, мысалға, европа халықтары латын алфавитін - латын шіркеуі, орыстардың алфавиті - славян шіркеуі, ал мұсылман елдерінің араб жазуы ислам дінінің таралуымен байланысты қабылданған. Араб жазуы - мұсылман халықтарын ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, Ильминский бастаған патша өкіметінің миссионерлері, түркі халықтары жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады»: біріншіден, оларды мұсылман дінінен айруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы оларды біртіндеп тілінен, дінінен айырып, православие дініне көшіруге болады деп есептеп, бұл әлеуметтік мәселеге ерекше мән беріп, тіпті, осы мақсатқа өз қандастарымызды да араластырып, біреудің қолымен күл көсеу саясатын қызу қолға алған еді [1.3].

Н.И.Ильминский 1883 жылы қазан қаласында басылып шыққан еңбегінде былай деп жазды: «Орыс мектептерінде тәрбиеленуші қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарағанмен, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавиті қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қазақ тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді»[1.4]. Міне, осындай пікірлерден-ақ, жазу мәселесін әлеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған проф. Н.И.Ильминскийдің миссионерлік саясатын анық байқауға болады. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті [2.273]. Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік

саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынов «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс... Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды», - деп жазды [3.437]. Ол тек өз көзқарасын білдіріп қана қоймай, «1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды» [4.283]. Сөйтіп, А.Байтұрсынов реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынов алфавиті», «Байтұрсыновтың төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1. Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба –дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді [5.79]. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсыновтың еңбегін жоғары бағалаған еді [6.581]. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсыновский алфавит» дей отырып, «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады [4.283]. Ал бұл жазудың нағыз ғылыми бағасын танытып, Байтұрсыновтың ұсынған жазуы мен әліпбиінің құдіреттілігі мен тылсым сырын ашып, оның жазуы әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық болғанын еліміз егемендік алғаннан кейін қорғаған докторлық диссертациясында Ташкенттік ғалым Махамбет Жүсіпұлы жан-жақты дәлелдеп бергені ғылыми қауымға белгілі жай. Сонымен, А.Байтұрсыновты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. Атамыз қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» – ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді [3.324]. А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

Араб графикасы негізінде жасалған жаңа әріптерді енгізген. Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар

атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынов осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады; [5.47].

Ғалым өзінің құрастырған алфавитіне «х, һ» дыбыстарын енгізбеген. Себебі «һ» дыбысын одағай сөздерде ғана (аһ, үһілеу) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетіні көрінеді», - дейді. [5.88]; Ал «х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал, арам – харам), сондықтан оны сақтау керек дейді. [5.385]. Қазіргі жазуымызда «х» дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (хабар-қабар, қош-хош) жазуда қиындық келтіруде. А.Байтұрсынов «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» дыбыстарды қазақ тілінің сингармофонемалар құрамына ендірген, оларға арнайы таңба арналмаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен: [5.30].

А.Байтұрсынов сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты- жөні, жер-су аттары т.б. Ғалым «и, у» жарты дауысты деп көрсеткен еді. Қазіргі кезде де бұл дыбыстар статусы жөнінде кейінгі кезге дейін бірізділік болмауы салдарынан жазуда қиындық келтіріп жүргені белгілі (тиын- ты+йын, су – сұу).

А.Байтұрсынов араб жазуынан безіп, латын графикасына көшудің бір артықшылығы, қажеттілігі болып тұрмағынын айтып, «латынға алмастырғанынан енетін пайда көп болса немесе латын әріпін алу машақаты, шығыны араб әріпін түзуден аз болып шығатын болса, латынмен болуды жөн дер едік. Ол жоқ.», - деп, бүкіл түркі халқына ортақ болған араб графикасы негізіндегі жазуды жақтайды [3.410]. Шындығында да, бір графикадан екіншісіне асығыс көшу салдары бірқатар қиындықтар келтіргені аян. Мысалы: түрік халқы алғашқы президенті Ататүрік кезінде араб жазуын тастап, латын графикасына көшті. Сол кезде «қ,к» дыбыстарын таңбалау үшін латынның бір «к» әрпі ғана алынған еді. Қазір 70 жыл өткен кездегі ұрпақ жуан қ дыбысын да, жіңішке «к» дыбысын да, «к» таңбасы арқылы жіңішке айтатын болған. Сондай - ақ, «ә» дыбысын латынның «е» таңбасымен белгіленуі салдарынан «ә, е, э» дыбыстары дұрыс оқылмайтын дәрежеге жеткен. Ал азербайжанда «ң» дыбысы болғанмен алфавитте таңбаланбауы да осындай кемшілікке жол берген. Өзбектердің «ң» дыбысын «нг» деп екі таңбамен белгілеуі салдарынан енді оны екі дыбыс етіп оқу қалыптасқан. Қазақ татарлары, қырғыздар мен түркімендер де «к-к, ғ-г» дыбыстарын жіңішке бір әріппен таңбалап жүр. Демек, қазақ жазуының негізін қалаған А.Байтұрсынов әліпбиінде мұндай кемшілікке жол берілмегенін қазіргі жазу мәдениетімізден де байқаймыз.

А.Байтұрсыновтың еңбектері арқылы қазақ тілінің табиғаты сингармонизмге негізделген танитын болсақ, оның еңбектері жарияланғаннан соң 70 жыл өткенде ғалым Ә.Жүнісбековтің докторлық

диссертациясында А.Байтұрсынов ұстанған принциптің дұрыстығы, яғни қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығы дәлелденді [7].

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді [3.142]. Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт–шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз [3.399]. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6
2. «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007
3. «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
4. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова
5. А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009 ISBN 978-601-01-0268-2
6. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б
7. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999 268-281 б
8. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы:Ана тілі; 1992 –448 б
9. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б
10. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б
11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым,1999.-581 б
12. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980 –78 с.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫН ТОЛЫҚ ТАНЫП БІЛДІК ПЕ?!

Калиева Л. К.

«Павлодар қаласының №21 орта білім беру мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
leila_87k@mail.ru

Біз Ахмет Байтұрсынұлын лингвист ғалым, әдебиет зерттеушісі, тілші, аудармашы ретінде білеміз, шығармаларын оқимыз. Ұлт ұстазының қазақ халқының болашағы үшін масадай ызындап халқын оятып, қазақтың сауатты болуы үшін, елінің ертеңі үшін елендеген ер азамат – Ахмет Байтұрсынұлының барлық шығармалары зерттеліп, қазіргі таңда жас ұрпаққа асыл мұра екендігі мәлім. Алайда, жауабы шешілместей жұмбақ болып тұрған қыры оның асыл жары Бадрисафа апамыз туралы нақты бір деректің жоқтығы кімде-кімді ойландыратыны анық. Ахмет Байтұрсынұлындай биік тұлғаның өміржолы мен оның отбасы туралы ақпараттар да келешек ұрпаққа дұрыс жеткені жөн деп ойлаймын. 2009 жылы Қостанай қаласында құрылған «Бадрисафа» экспедициясы аясында біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен де, қазақ тарихындағы Бадрисафа апамыздай өмірі өнегелі жандардың өмірдеректері келешек ұрпаққа анық жеткізілгені дұрыс. Аяулы апамыз жайында әртүрлі жаңсақ пікірлердің болмағаны жөн.

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Еліміздің тәуелсіздігінің бізге қалайша нәсіп еткендігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан күрестің арқасында екені айдай анық. Осы арада 1988 жылы «қылмысы жоқ» деп ақталған алты алаштың арысы, ағартушы ғалым, қоғам қайраткері, қазақтың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтпау мүмкін емес. Себебі, еліміздің тәуелсіздігін аңсап, сол үшін күрес жолында құрбандыққа барған үркердей алаш азаматтарының арасында Ахмет Байтұрсынұлының есімі аса құрметпен тілге алынады. Қазақ зиялыларының басына дес бермес қара дауылдың келіп, тамырымен қопарған емендей алдымен Ахметті ұшырып әкеткені бізге белгілі жәйт. «Халық жауы» деген айып тағылған азаматтардың қай-қайсысының да отбасы да, бала-шағасы да қорлықты көресідей көрді. Соның ішінде Ахметтің отбасы мен туыстары шеккен зәбірдің жөні бөлек. Бірақ Ахмет ақталған жылдары оның аяулы жарын тани қойған ешкім жоқ. Ахмет тартқан азаптан оның асыл жары Бадрисафа да тыс қалмады. Көзінің тірісінде де, өлгеннен кейін де жолы болмаған Бадрисафа апамыз Ахмет өмірінің ажырамас бөлігі - оның асыл жары, ниеттес серігі, ол үшін құрбан болған ардақты жан өзінің сүйген жарына адал болды. Ахметпен қатар ол да Томға айдалды, аштық пен суық, жүректі елжіреткен қорқыныш бәрі қосылып ақырында талма ауруына ұшырады.

Адам жүрегін сыздатар жәйттардың бірі - Ахметке адал жар, мұндасы мен сырласы болған Бадрисафаның осы күнге дейін қайда туғаны да, оның

өмірдерегі туралы да нақты деректер аз. Бүгінгі ұрпаққа аяулы Бадрисафа апамыздың өмір деректері де анық жетпеген. Соңғы жылдарға дейін Бадрисафа өмірінің ақырғы мезеттері қайда өтіп, оның сүйегінің қай сайда қалғандығы да белгісіз болып келеді. Ахметтің әлі бізге беймәлімдеу жұмбағы бұл – Бадрисафа. Оның туған жері, болашақ жарына кездесуі, жалпы адамдық келбет-кескіні, қадір-қасиеті туралы бірнеше нұсқа жазылып жүр, бірақ нақтылық аз.

Өзінің ақыл-ойын да, күрескер қайсар рухын да елінің ертеңіне бағыштаған Ахмет атамыз өмірі барысында бес рет түрмеге қамалған және екі рет жер аударылып кеткен. Сондай қиын күндерде Ахметтің жанына жалау болып, ізінен тамақ тасып қамқоршы болған Бадрисафа апамыз өмірінің соңына дейін өз жарына адал болған.

Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда мұғалімдік қызметте жүргенде Александра есімді орыс қызымен танысады. Жас мұғалім Ахмет пен Александра Әуликөлдің жеті көлінің бірі Мұғалімкөлдің (Учительское озеро) жағасында кездеседі. Болашақ жас жұбайлардың бір-біріне деген ыстық махаббаты да осы көлдің жағасынан басталған көрінеді. Әуликөл елдімекені - бозбала Ахметтің балалықпен қоштасып, жігіт болып, қосағы Александрмен кездескен жері [1, 32].

Мұғалімдік қызметте жүрген Ахметті нақақтан нақақ «ұлтшыл» деген жаламен түрмеге отырғызады. Сонда орманшының қызы Александра оны Семейге іздеп барып, темір тордың артынан табады. Ахметке ізінен тамақ тасып, қамқор болып жүреді. Бұл жайында академик **Рабиға Сыздық**: «-Ахмет түрмеде жатқанда, тамақ тасып, кір-қоңын жуып оған қызмет көрсетеді. Ар-ұяты, адамгершілігі зор азамат мұндай қайырымдылықты, адал көңілді аттап кетуді ар санап, түрмеден шыққан соң, сол жетім қызға үйленеді. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызуды қиын іс болғандықтан, Александраға Бадрисафа деген мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некеге отырады»-деп жазған [2]. Арабшада «бадрун» сөзінің «*толық ай*», ал «сафа» сөзінің «*кіршіксіз таза*» деген мағына беретінін білетін Ахмет атамыз болашақ жарына тек осы сұлу есімді ылайық деп санаған екен.

Ал, Ахмет пен Бадрисафаның тәрбиесінде болған **Шолпан Байсалова** өз сөзінде Бадрисафа туралы: «-Көйлегінің етегіне бір белдеу бүрме салатын. Басына ылғи шет-шетін суыртпақтап кесте жүргізген мережкелі ақ бәтес орамал салатын. Орамалы мен көйлегінің омырауына жібек жіптен өрнек жүргізіп қоятын ісмер кісі еді. Бізге кесте тігуді, мережке салуды үйрететін. Гүлнар екеуімізге (Міржақыптың қызы) ине-жіпті қалай ұстауды сол Бадрисафа апам үйретті»-деген. Сонымен қатар: « - Бал қосып пісірген шакшагін әкем ылғи мақтап: «Біздің Сафа сұлу пісірген», – деп ауызына шымшып салып, шайды сораптап отыратын. Апам әкемді қатты сыйлап «Төре» деп отыратын... Төре демалып жатыр... Төре жазу жазып отыр деп аяғымыздың ұшымен жүргізіп, үстіне кіргізе бермейтін. Өзі де алдынан кесе-көлденең өтпеуші еді»-деп көңілге қонымды сөздер айтқан [2]. Шолпан апай бір сөзінде: «Әкемді 1937 жылғы 8 тамызда ішкі істер наркомының қызметкерлері келіп ұстап алып кетті. Үш күннен кейін, яғни 11-ші тамызда Бадрисафа шешемді ұстады. Шешемді

қамауға алып кеткен кезде мен перзентханада едім, Болат есімді ұлымды босанып жатқанмын. Әкем мен шешемнің ең соңғы сапарларын көре алмадым. Кейін әкемнің «атылды» деген қағазын алдым. Шешем туралы ешқандай дерек жоқ, әлде атып тастады ма, әлде көз көрмес, құлақ естімес жаққа айдап жіберді ме, ешқандай дерегін білмеймін» - дейді [2].

Қостанайлық жазушы Байтұрсын Илияс 1998-жі жылы ғұламаның 125 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Алтын бесік» кітабында Ахметтің жұбайы жөнінде мынадай деректі оқиғаны баяндайды: «...Нұртаза ақынның баласы, атақты Әбіқай ақынның туған бауыры Нәуен молда Орынбордан келе жатқан Ахаңды үйіне құрметпен қарсы алып енгізеді. Бұрыннан Ахаң іші бұратын, қадір тұтатын, әзіл-қалжыңы жарасқан достығы болыпты. Нәуекен Ахаң әзілін қыстырып жібереді: « - Аха, мына қасыңыздағы тым сымбатты асыл перизатыңыз, өзінің көзі де әдемі келісті, есімі кім болар екен?» -дейді. Сонда Ахаң мүдірместен:

Есімі – Александра Ивановна,

Құдайдың ризамын қиғанына,

Бір кәпірді мұсылман қып сауаптасам,

Тұрмай ма он молданың иманына» - деп жауап қайырған екен [1, 34-б.].

Қорыта келгенде, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының асыл жары, аяулы апамыз Бадрисафадай жанның өмірдеректері туралы нақты мәліметтердің жоқтығы адам жанына батады. Бірақ, қазіргі таңда «Бадрисафа» экспедициясының зерттеу жұмыстары нәтижесінде біршама зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, «Бадрисафа» би ансамблі құрылды. «Ақ келіннің махаббаты және ажалы» атты қойылым қойылды. Аяулы апамызға арнап Қостанай облысы Меңдіғара ауданы Қасқат ауылында ескерткіш белгі орнатылды. Ескерткіш белгінің екі жағына ғалымның жарына арнаған әлгі өлеңінің соңғы екі жолы және «Рух-халықтың жаны. Рухты жан - азамат адам, рухсыз жан - надан, есалаң» - деген сөздер жазылған.

Еліміздің мұрағаттарынан табылмаған деректерді үш тұғырлы тіл аясында шет мемлекеттерден іздеп табу - ұрпақ парызы. Біз жастар тарихымыздағы өмірі өнегелі тұлғалардың өмірін зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Р.С.Имаханбетова «Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны», Астана, 2010. 301 бет

2. «Бадрисафа» экспедициясының мүшелері: Ибрагим Ағытайұлы мен Нәзира Жәрімбетова ауызынан жазылып алынған мәліметтер.

ПОЧЕТНЫЙ ЧЛЕН ПАРТИИ «АЛАШ» АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ

Каменов А.А.

Есть ли смысл, спрашивать у Вас, кто такой Ахмет Байтурсынов? Я думаю, что нет. Нет в Казахстане такого человека, кто не знал бы о его борьбе с несправедливостью царской власти, направленной на простой крестьянский народ. Так же многие из Вас в курсе его деятельности, как члена партии «Алаш». Но все же, остается фактом то, что многие аспекты его жизни и профессиональной деятельности, факты из его биографии только сейчас придаются огласке благодаря настырным исследователям.

Я бы, в свою очередь, хотел бы рассказать Вам, кем для меня является Ахмет Байтурсынов, высказать свое мнение по поводу его партийной деятельности и попытаться донести до Вас свое видение его, без сомнения, сложного жизненного пути.

Ахмет Байтурсынов жил на стыке двух эпох, родился при царской власти, был расстрелян в Советском союзе. Он с детства осознал всю тяжесть жизни, будучи сыном простого аульского крестьянина Байтурсына Шашак-улы. Его отец, считавшийся потомком батыра Умбетая, был гордым, независимым и храбрым человеком. Он не мог позволить себе мириться с гнетом местных феодалов и царской власти и постоянно вступал с ними в конфликт.

Когда Ахмету Байтурсынову было 13 лет, его отец избил начальника уезда и за это был выслан вместе с братьями Ахмета в Сибирь на 15 лет. Это событие оставило в сердце молодого парня глубокую рану, и вот что он писал об этом в одном из своих первых трудов:

В тринадцать попала пуля мыслей,
Есть в сердце бесконечная рана.
Если забуду и утешаюсь пищей,
Будто отведал я все из харама [2].

Зло, нанесенное его отцу, причинило много боли и страданий Ахмету Байтурсынову, и он пишет об этом в своей биографии: «это несчастье помогло моему поступлению в Тургайскую школу» [1].

Стоит отметить, что Ахмет постоянно учился и учил. В учениях он искал ответы на многие вопросы, терзающее его сердце и душу. Пропустим тот факт, что он был профессором филологии первого в истории казахского народа государственного университета. Он болел за свой народ. Об этом писал Сакен Сейфуллин: «Ахмет Байтурсынов человек не простой, он образованный человек. Он выходец из образованного класса, который был за тех, кто пострадал от унижения и издевательства хитрых прислужников царской власти, он человек, который не смог смолчать. Когда другие образованные господа искали чин и пагоны, Ахмет был единственный, кто заступался, боролся за честь и достоинства, который стремился пробудить дремлющее народное сознание, встряхнуть честь нации от притеснений, от рабства. Многие из образованных казахов продались уездным, губернаторам и судьям,

устроились толмачами, некоторые продали даже честь и занимались предательством, Ахмет отдавал душу казахскому народу»[1].

Вот что пишет об этом сам поэт:

*Адамдық диқанишысы – жолға шықтым,
Көгі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың [2].*

Никто, наверное, не задумывался, что простой учитель Ахмет, который ставил перед собой большие цели, который так старательно исполнял свой долг, станет учителем всей нации...

Помимо политической деятельности не стоит забывать и о его наследии, которое он оставил нам, своим потомкам. Его алфавитом до сих пор пользуются казахи, проживающие на территории Китая, Ирана, Афганистана. Его литературные произведения все еще могут будоражить умы своей глубиной. Он создавал пособия, учебники, в общем, все, что могло помочь народу в просвещении.

Настолько многогранная, разносторонняя личность, конечно, не могла пройти и мимо политики.

В начале было слово. И именно слово было способом борьбы Ахмета Байтурсынова. Методы, ну тут давайте по порядку.

В 1913 году Ахмет Байтурсынов вместе с Алиханом Букейхановым и Миржакипом Дулатовым открывают в Оренбурге газету «Казах». В газете молодые писатели освещали жизнь простого народа, критиковали царскую власть, и призывали людей к просвещению. В 1914 году газета была оштрафована, и Байтурсынов согласился заменить штраф трехмесячным арестом и спас тем самым газету. Читатели остались неравнодушны к аресту человека, который не боялся высказывать то, что у многих было лишь в мыслях и организовали сбор средств для освобождения Ахмета Байтурсынова.

Ему удалось сплотить вокруг газеты казахскую интеллигенцию. Шакарим Кудайбердиев, Магжан Жумабаев, Жусупбек Аймауытов и другие видные деятели и поэты стали помогать Ахмету в его работе. Газета «Казах» пять лет была доступна всем. За это время, пусть и немного, но Байтурсынову удалось сдвинуть казахов к сплочению и противостоянию жестокости, откровенным грабежам, рабству. За это время газета стала главным национальным общественно-политическим изданием.

Вот отрывок из газеты «Казах»: «Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре, для этого мы обязаны первым долгом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу»[3].

Ахмет Байтурсынов не только писал, но и активно принимал участие в создании казахской партии «Алаш» в 1917 году на общекиргизском съезде в Оренбурге.

Во время гражданской войны, Ахмет и его товарищи принимают сторону большевиков. Имеющий судимости Байтурсынов в последствии получает амнистию от Советской власти. Приняв это и другие постановления как «награду» за долгий, тернистый путь просветителя Ахмет вступает в члены коммунистической партии большевиков. Помимо этого, он призывает казахский народ довериться коммунистам.

После революции, партия «Алаш» предлагает создать Алашскую автономию. В голосовании приняло участие 76 человек, итогом стал временный отказ от этой идеи. Но. Для советов, только получивших власть, это стало «звонком». Возможно, проведи «Алаш» свое собрание на пару лет позже, они бы не вызвали волнения в новой правящей верхушке. В тот период страна находилась в состоянии мощного шока, больших реформ, любое желание получить автономию и независимость.

Тут же вспоминаются все «заслуги» членов партии «Алаш» при царской власти. И теперь любая их деятельность каралась репрессиями. Ахмета Байтурсынова подобное отношение тоже не обошло стороной. Партию закрыли.

Затем, в 20-30 годы в Казахстане началось преследование деятелей дореволюционной интеллигенции, которой инкриминировалась нелегальная деятельность по воссозданию алаш-ордынского движения. Ахмет был арестован и выслан в Архангельск. В 1934 году по ходатайству Екатерины Пешковой (жены Максима Горького), работавшей тогда в комиссии Красного Креста, Ахмет Байтурсынов был освобожден.

Однако в 1937 году он снова был осужден Тройкой УНКВД Алма-тинской области и приговорен к расстрелу по обвинению в том, что «он являлся одним из основателей и руководителей контрреволюционной националистической партии «Алаш-Орда», ставивших своей целью свержение советской власти в Казахстане».

Таким образом, человек, воистину достойный называться великим, внес свой вклад в борьбу против несправедливости и гнета властимущих. Более пятидесяти лет информация о нем была закрыта под грифом «секретно», но сейчас мы можем видеть и знать о деятельности «народного учителя». Что же мы возьмем из этого прошлого в наше будущее? Что же я могу взять для себя?

Ахмет был олицетворением непокорности и марксизма, борьбы за право называться человеком, а не рабом, личностью, несущей идею свободы в сердца людей.

Я часто слышу о том, что один человек не в силах противостоять целому миру, но для меня ярким примером и ответом на такие высказывания является жизнь Ахмета Байтурсынова. Весь свой путь он прошел с высоко поднятой головой, от простого учителя до почетного члена партии «Алаш». И, как бы не пытались политики противостоять его деятельности, слово Ахмета было весомее, слово Ахмета было убедительнее. Он, один, стал светом во тьме необразованного казаха. Его свет был настолько ярким, что призывал всех, кто хоть немного имел решимости, бороться вместе с ним. Он не агитировал, а

лишь излагал факты, которые были острее клинка колонизаторов. Он имел смелость говорить об этом открыто, в то время как многие другие его современники из-за страха или из-за алчности обратились предателями. И я задаю вопрос самому себе: смог бы я так? Смогу ли если придется? Ведь я такой же учитель, пусть и не настолько выдающийся, пусть и один из многих.

Литература

1. Ахмет Байтұрсынов — образец истинной преданности казахскому народу. (Реферат Марфуға Шапиян) <https://infourok.ru/>
2. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б.
3. <https://elbasylibrary.gov.kz/kk>
4. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88_\(%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D1%8F\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88_(%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B8%D1%8F))

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Киндирова Г. И.

Павлодар қаласының № 5 бақшасының мектепалды даярлық «Ә» тобы
тәрбиешісі
kindirovag@bk.ru

Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек
Ахмет Байтұрсынов

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Ол – бір басында сан-салалы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі болған, қиындыққа толы тартысты ғұмырында қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген тұлға. Ең алдымен назарға ілінетін бір сипат – А.Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаттық ұғыммен астасып жататындығы. Жалпы ХХ ғасырдағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қосылыстың бастауында

тұрған қайраткерлердің рух тұлғасы. Оның азаттық тұлғасын ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшысы көсемдігін, бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Солардың ең бастылары – ұлт санасын ояту, халықты өнер-ғылымға үндеп, өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеген ағартушылық, отаршылдыққа қарсы ымырасыз күрес.

Енді А.Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталамыз. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан – орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау, яғни мысал жанры арқылы – жан-жануар өмірінен алынған шығармаларынан әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарады. Бұл қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі болатын. Осы еңбегі үшін қуғынға түсіп, Семейде сегіз ай абақтыда отырған, содан соң бір жарым жылға айдалу ретімен Орынборға келген. Онда әуелгі ниетінен танбай, бұрынғыдан да ащырақ, күштірек тілмен 1911 жылы «Масаны» жазып, Орынборда бастырып шығарған. Бұл қазаққа естілген екінші елшілдік ұран болатын. Ахмет Байтұрсынов төл өлеңдерінің саны онша көп емес, жалпы көлемі сегіз жүз жол шамасындағы жиырма шақты ғана өлең. Бірақ осы шағын мұраның өзін қазақ өлеңінің тарихындағы өзіндік бір белес деп бағалауға болады.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Ахмет Байтұрсыновтың ақындық мұрасы ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының тарихында құрметті орын алады. Аз да болса саздылығымен, қазақ елінің өз табиғатынан туған байырғылығымен, бір естігенде-ақ көңілге қона кетіп, ойға ұялай қалатын әрі бейнелі, әрі мағыналы сөз үлгісімен ерекшеленеді.

Ахмет Байтұрсынов өзінің аударма шығармаларынан кейін, төл өлеңдерін 1911 жылы тосындау «Маса» деген атпен Орынборда басып шығарады. «Қырық мысалда» жазған «Сары маса – хикая» ақынның кейінгі кітабының атын алып, оның тынымсыз тіршілігі сол кітаптағы бүкіл идеяның алтын тамырына айналады. «Масаның» алғашқы жолдары – «Сөз иесінен» «Қырық мысалдағы» «Малшы мен масаның» жалғасы іспеттес.

Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында өзіндік өшпес ізін қалдыра білді. “Әліпби”, “Тіл құралы”, “Әдебиет танытқыш” т.б. оқу құралдарын жазып, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу ісімен айналысты. Қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитін жетілдіру, терминдер туралы ғылыми өресі биік еңбектер жазды. Оның 1926 жылы Баку қаласында өткен түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатысып, араб, түркі тілдері мен сол тілдерде қолданылатын әліпбилер туралы баяндама жасауы, бірнеше комиссияның жұмысын басқаруы, Қазақстан Оқу-ағарту халық

комиссариатындағы, баспа ісін басқарудағы жұмыстары оның қоғамдық, мәдени-ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан арналы қомақтылығын танытады.

Ахмет Байтұрсыновтың балалар әдебиетіне қосқан үлесі өте зор. Ол өз еңбегінің арқасында балаларға көп үлгі-өнеге көрсете білді.

Ахмет Байтұрсынов Крылов мысалдарын аударуда да белгілі ағартушылық мақсат көздеді. Ол қазақ халқының әлеуметтік өміріне, тұрмыс-тіршілігіне сай келетін, надандығын, жалқаулығын, алтыбақан алауыздығын әшкерелейтін мысалдарды таңдап, талғап аударды.

Ахмет Байтұрсыновтың негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құр сөз, «таусылмайтын» ақыл кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу.

Менің мақаламның түйіні алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмау үшін біз болашақ ізбасарларымыз білімді, жан-жақты, ұшқыр ойлы болғаны жөн. Ахмет Байтұрсынұлы аңсаған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек!

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі /Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 жыл.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. -Алматы, 2008ж.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -Алматы «Ана тілі» 2003ж.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Көпеева Д. А.

Қарағанды қаласының КММ №3 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ халқы мәдениетінің тарихынан көрнекті орын алатын қайраткерлердің бірі – ұлт ұстазы, ағартушы ұстаз, қазақ тілі білімінің негізін қалаушы, ғалым, «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өлшеусіз тер төккен ірі қоғам қайраткері, халқының адал перзенті – Ахмет Байтұрсынұлы.

XX ғасырдың алғашқы отыз жыл ішінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту және әдеби болашағын ойлап, санасын оятуда, сауатын ашуға, жағдайын жақсартуға күш-жігерін, білімін арнағандардың бірі. Мұхтар Әуезовтың сөзімен айтқанда, қазақ халқының «Рухани көсемі» болған А.Байтұрсыновтың ұланғайыр еңбегі сан салада көрінеді. Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 25 қаңтарда Торғай уезінің құрамындағы Тосын болысының Сарытүбек елді мекенінде дүниеге келген. Он үш жасар Ахметті әкесінің

інісі Ерғазы Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне орналастырады. Оны ойдағыдай бітірген, білімге құштар жас шәкірт мұнымен қанағаттанбай, Орынбор қаласындағы мұғалімдер мектебін де тәмамдайды. 1895 жылы оқуды аяқтағаннан кейін Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық, болыстық мектептерде, екі кластық училищелерде сабақ беріп, бала оқытады. Сөйтіп, ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин салған ағартушылық жолды жалғастырып, халықты оқыту, өнер-білімге тартуды өмірінің айнымас мұратына айналдырады.

1905 жылғы бірінші Орыс революциясы басталғанда Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда еді. Осында өткен 4 жылда оқытушылық жұмыспен қатар саяси жұмысқа да белсене қатысады. Ол бұқара арасында жүргізген үгіт-насихат жұмыстарынан қарымды қаламын да, қажырлы қызметін де аямады. Сондай нақты әрекеттің бірі - 1905 жылдың 26 маусымында Қоянды жәрмеңкесінде Жакып Ақбаев, т.б. оқыған қазақ зиялыларымен бірігіп Санкт-Петербургке, патша үкіметінің жоғары басқару орнына жолданған петиция болды. Онда империяның отарлық, орыстандыру саясатының зардаптары, адам құқығын таптаған орыс шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлық әрекеттері ашық айтылып, соған байланысты қазақ халқының талап-тілектері мәлімделген еді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл сияқты саяси іс-әрекеттері жергілікті орыс әкімшілігінің назарына ілігіп, ол патша саясатына қарсы пікірлер айтты деген айыппен 1907 жылы Қарқаралы түрмесінде біраз отырып шығады. Ал 1909 жылы оған Ә.Бөкейхан және басқа қазақ оқығандарымен бірігіп бұқара халық арасында үгіт жүргізіп, патша үкіметіне қарсы наразылық туғызды деген жала жабылады. Сөйтіп, Семей губернаторының жарлығымен әуелі Қарқаралы түрмесіне қайта түсіп, кейін Семей түрмесіне ауыстырылады. Ал 1910 жылғы 21 ақпанда Орынбор қаласына жер аударылады. Орынбор қаласындағы тоғыз жыл текке кеткен жоқ. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық мәселелерін зерттеуге құлшына кірісіп, оқулықтар мен оқу құралдарын жазады. И.Крыловтың 40 мысалын қазақ тіліне аударады. Қазақ қоғамын тәуелсіздік үшін күреске шақырған манифестей әсер еткен «Маса» атты өлеңдер жинағын шығарады. 1911 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы шықты. Бұл ұлтын ұшпаққа шығармақ ақынның дабылы секілді. Себебі, Ахаң ештеңеден хабарсыз, ойсыз жатқан халқын маса секілді шағып, оятуды мақсат етеді. Сондай-ақ, осы мақсат жолында өзінің алған бетінен қайтпайды. Бұл жинақтағы «маса» бейнесі – еркіндікке ұмтылған, халқын оятуға бел байлаған, азаттықты аңсаған жанның келбеті. Тіпті, ол дәл осы жолда талай соққы жеп, небір қиын сәттерге ұшырайды. Алайда, ол бастапқы көздеген ұлы мұратынан алыс кетпейді. Бұл туралы ол өлеңде: «Пәленің түрін көрген мен – Сары маса, халықты оянсын деп сөзбен шаққан» дейді. Ол осындағы Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларымен біріге отырып, ұлтын ұйқыдан оятудың бірден-бір тиімді құралы ретінде «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарады. Газеттің бұқаралық сипат алуында оның 1912 жылдың наурызынан 1917 жылдың қыркүйегіне дейін редакторы болған А.

Байтұрсынұлының үлесі ұшан-теңіз. Осы уақыт аралығында Ахаң халықтың көкейіне қонатын дүние шығарсақ, елдің жыртығын жамайтын мәселе көтерсек деген ниетте еңбек етті және бұл ойлары толықтай жүзеге асты. А. Байтұрсынов редакторлық еткен «Қазақ» газеті «халықтың көзі, құлағы һәм тіліне» айналды. Газет бұл миссияны абыроймен атқарды. Оны алғашқы кезде 3000-нан астам адам жаздырып алса, кейіннен жабылар алдында таралымы 8000-ға жетеді. Мұның сол кез үшін үлкен жетістік болғаны даусыз.

Ахмет Байтұрсынұлы 1917-ші жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде талай ғасырдан шексіз билеп-төстеп келе жатқан монархияның құлауын халықтарға азаттық әкелген оқиға ретінде шын көңілмен қабылдады. Ол революция екпінімен және көзі ашық, озық ойлы зиялы қауыммен бірге 1917-ші жылдың 21-26 шілдесі аралығында өткен Бірінші бүкілқазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі болды. Ал осы жылдың желтоқсан айының 5-13 күндері өткен Екінші бүкілқазақ съезінде Алашорда өкіметі құрылғанда А. Байтұрсынұлы жаңа үкіметтің халық ағарту саласындағы оқулықтар дайындайтын комиссияның құрамына кіреді. Алайда ұлт мүддесіне сай, ұлттық нышандарға негізделген тәуелсіз мемлекет идеясы ұзақ өмір сүре алмады. Большевиктер Алаш арыстарының асыл армандарын жоққа шығарды.

Ахмет Байтұрсынов Алаш қайраткерлерімен иық тірестіре ұлтына қызмет етті. Алаштың негізгі мақсаты – азаттықты алып, халқының өз қолы өз аузына жететін күнді тудыру еді. Осы жолда аянбай тері мен қанын төкті. Ұлттық қазынамыз бәсекеге түскен кезеңде небір айла-шараға барған олардың көзсіз ерліктерін бүгінде мақтан етіп айтып отырмыз. Тағылым мен тәлім, өнеге мен өсиет қабысқан Алаш қайраткерлері ұлтқа қажетті дүниені беруге тырысты. Оқу-ағарту ісін жандандырып, ел арасында білімнің салтанат құруына жол ашты. Бұл тұрғыда А. Байтұрсыновтың есімін ерекше атап өтуіміз керек. Оның тағылымға толы тағдыры тек ұлттық күрес жолында өтті.

XX ғасырдың басында үркердей топтанып шыққан қазақ зиялы қауымының аса көрнекті өкілі, өзінің жалпы рухани болмысы жағынан «оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі» ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол өзі өмір сүрген қоғамның көкейкесті әлеуметтік мәселелерін биік деңгейде қозғаған, адамды рухани қалыптастырудағы оқу-білімнің күдіретін терең түсінген ағартушы - реформатор еді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл ұсыныстары кеңестік басшылықтың ұстанымына түбірінен қайшы келетін еді. Сондықтан ол алғаш рет 1929 жылы жалған айыппен тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылады. Бірақ 5 жылдан кейін М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың араласуымен мерзімінен бұрын босатылғанымен 1937 жылғы 8 қазанда тағы қамауға алынып, атылады. Сөйтіп, кеңестік солақай саясаттың құрбаны болды.

1919 жылы Кеңес өкіметі халық алдында бедел жинау мақсатында Алашорда қайраткерлеріне кешірім бергеннен кейін, А. Байтұрсынұлы өз қалауымен жаңа үкімет жағына шығады да, бірден алуан түрлі жауапты мемлекеттік істерге араласады. Халық ағарту комиссары, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің мүшесі лауазымдарын атқара жүріп, Қазақстанда

автономиялық мемлекет құру, жаңа әлеуметтік қатынастар орнату ісіне зор үлес қосты. Алайда, ол автономиялық мемлекетті тәуелсіздік жағдайда көргісі келді. А.Байтұрсынұлына большевиктік революция нәтижесінде орнаған озбырлық пен қорқытуға негізделген пролетариат диктатурасын, қазақтың ұлттық этнопсихологиясына жат коммунистік интернационалогияны танып-білу мен толық қабылдау қиын болды. Бұл оның 1920-шы жылдың 17 мамырында В.И. Ленинге жазған хатынан анық байқалады. Онда орыстар өздерін ғана коммунист-интернационалистер деп атау арқылы патшалық үкіметтің саясатымен ғасырлар таныс орыстан бөлек өзге ұлттың сенімін оята алмайды дей келіп, А.Байтұрсынұлы мұнан әрі Ресей құрамындағы қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін жоғалтпай, қазақты мәңгірттенуден аман алып қалудың нақты жолдарын ұсынады. Қазақ мемлекетінің саяси сипаты қандай болуы қажеттігі туралы ойларын айқын баяндай келіп, мыналарды ескеруді ұсынады:

1) *Қырғыз өлкесін басқарудың басына нағыз идеялық коммунистерді және халық толық сенетін қырғыз зиялылары арасынан шығып, сынақтан өткен таза идеялық қызметкерлерді қою қажет, бірақ ешбір жағдайда коммунист қана болып саналатындар қойылмасын. Нағыз идеялық коммунистер мен идеялық қызметкерлер, қырғыздар арасынан шыққан, коммунист болмаса да, қырғыздардан да, басқалар арасынан да шыққан шалағай коммунистерге қарағанда, бір-бірімен түсінісу үшін тез арада ортақ тіл тауып, іске ортақ көзқараста болады;*

2) *Аралас халық тұратын аудандар қарауына жататын барлық өкімет органдарында езілген ұлт өкілдері 2/3 бөлігінен кем болмауға тиіс;*

3) *Қырғыз өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару түрлі экономикалық бейімдік сылтауларымен басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлшектелінбей және бағындырылмай қырғыздардың қолында болуға тиіс;*

4) *Қырғыз коммунистері мен революцияшыл зиялылардың бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясат бастауларына негізделуге тиіс;*

5) *Қырғызияны біріктіріп, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын;*

б) *Қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қырғыздардан тұруы тиіс;*

7) *Қырғыз өлкесінің шекаралары жөнінде төменде көрсетілгендерінен басқа, ешқандай өзгерістерге жол берілмеуге тиіс...» [1]*

Ұлы ағартушы қазақты артқа тартып отырған аса қиын мәселенің бірі - ел ішіндегі надандық пен жалқаулық екенін жақсы ұғынды. Ол өнер мен ғылымның кәдіріне жеткен өзге елдерді өнеге ете отырып, өнер-білімнің теңдікке жеткізетінін, әлсіздерге күш беретінін, тұрмысты түзететінін, оған қол жеткізгендердің басқалардың аяқ астында жаншылмайтынын, олармен терезесі тең болатынын айтты. Сондықтан: *«Надандықтың кесепаты ар жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып-айрылмай келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз -бәрі надандық кесепаты... Дүниеде ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді,*

елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек кылатын қазақ аз деп налыды (2, 204)

Ахмет Байтұрсынұлы тән сұлулығын қазақтың бәрі де жақсы көретіндігін, бірақтан сұлулығына керектіні қазақтың бәрі де істей бермейтіндігін айта отырып, тән саулығына не керек деген мәселелерге де тоқталады. Олардың ауа, тамақ, сусын, тәнге зиян келтіретін нәрселерден қорғау сияқты басты-бастыларын атап көрсетеді. Қай заманда да болсын, адам баласының өз еңбегімен күнелтіп, жан сақтағанын айтады. Ауру болған адамның күші, ісі, есі қаздай болса, ауру қаптаған халықтың да күллі, ісі, есі сондай болады дей отырып, тәм саулығының тамыры тазалықта, жан сұлулығының тамыры тән сұлулығында екенін ескертеді. Сол себепті бәрінен бұрын тазалықтың қадірін білуге шақырады. Бұл айтылғандар бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл ұсыныстары кеңестік басшылықтың ұстанымына түбірінен қайшы келетін еді. Сондықтан ол алғаш рет 1929 жылы жалған айыппен тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылады. Бірақ 5 жылдан кейін М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың араласуымен мерзімінен бұрын босатылғанымен 1937 жылғы 8 қазанда тағы қамауға алынып, атылады. Сөйтіп, «Алаш» партиясын құрушылардың бірі, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін өлшеусіз тер төккен ірі қоғам қайраткері, халқының адал перзенті А.Байтұрсынұлы кеңестік солақай саясаттың құрбаны болды.

Бақытқа тек қана білім, таным арқылы жетуге болады деп есептеген Әл-Фараби және білім мен біліктілікті құтқа жетудің жолы деп санаған Жүсіп Баласағұнның үрдістерін бойына сіңірген Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абайдың тамаша дәстүрлерін жаңа кезеңде жалғастырушы, ұлы ағартушы-реформатор Ахмет Байтұрсынұлы халыққа білім беру, оқу саласы, мектеп жұмысын ұйымдастыруда қазақ тарихында өшпес мұра қалдырды.

XX ғасырдың басында үркердей топтанып шыққан қазақ зиялы қауымының аса көрнекті өкілі, өзінің жалпы рухани болмысы жағынан «оқыған азаматтардың тұңғыш көсемі» ретінде танылған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ол өзі өмір сүрген қоғамның көкейкесті әлеуметтік мәселелерін биік деңгейде қозғаған, адамды рухани қалыптастырудағы оқу-білімнің құдіретін терең түсінген ағартушы - реформатор еді.

Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет 1929 жылы жалған айыппен тұтқындалып, Архангельск облысына жер аударылады. Бірақ 5 жылдан кейін М. Горькийдің жұбайы Е.П. Пешкованың араласуымен мерзімінен бұрын босатылғанымен 1937 жылғы 8 қазанда тағы қамауға алынып, атылады. Сөйтіп, кеңестік солақай саясаттың құрбаны болды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Алаш баспасы, [2006ж.288б]

2. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы, әліппелер мен мақалалар жинағы. Алматы: Алаш, [2006ж.320б]

3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», [2002ж.768б]

4. Қозыбаев М.Қ. Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. [1998. № 3. бб]

5. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Алматы:Санат. [1995. 365 б]

АХМЕД БАЙТУРСУНОВ ЖАНА КЫРГЫЗ АГАРТУУЧУЛАРЫ

Көлбаева М.

Кыргыз Улуттук илимдер академиясынын Ч.Айтматов атындагы Тил жана адабият институтунун «Манас», Фольклор, бөлүмүнүн акындар чыгармачылыгы башчысы, ф.и.д.

Үстүбүздөгү жылы казактын акыны, адабият таануу жана тил илимдерин негиздөөчүсү, аалым, түрколог, котормочу, 20-кылымдагы казак улуттук боштондук кыймылынын мүчөсү, коомдук ишмер, улуттук жазууну реформалоочу агартуучу, педагог Ахмед Байтурсуновдун туулгандыгына 150 жыл толуп олтурат.

Ахмед Байтурсунов – жаш кезинен эле илим-билимге ыктап, орус-казак мектептеринде окуп, окутуучулук кызматты аркалап, мамлекеттик башкаруу, сот органдары, казак калкынын мүдөөлөрүнө ылайык билим берүү, ар бир атуулдун боштондугу, дин таануу эркиндигин камсыздоо, цензурасыз газеталарды жана басылмаларды чыгарууга уруксат берүү сындруу бир катар маселелерди көтөрүп, казак калкынын өз алдынча мамлекет катары түптөлүшүнө чоң салым кошкон улуу инсаны эле. Анын иш аракети дагы, атуул катары жасаган иштеринин башкы максаты дагы казак улутун гана эмес түрк тилдүү элдерди өз алдынча, көз карандасыз, саясий экиндикке ээ, илим-билимдүү, маданияттуу бирдиктүү өлкөгө айландыруу болду.

Ахмад Байтурсунов өмүр кечирген XIX кылымдын аягы XX кылымдын башында советтик улуу державанын түптөлүп, калыптанышына чейин тили, маданияты бири-бирине жакын жалпы түрк тилдүү элдердин башын бириктирүү, бирдиктүү бир мамлекет куруу идеясы жүрүп, ошол идеянын макты жактоочусуна айланган. Ал жылдары Ахмед Байтурсунов кыргыздын алгачкы агартуучулары Осмоналы Сыдык уулу, Ишеналы Арабаев, Касым Тыныстанов, Кусейин Карасаев, Жусуп Абдыракманов өндүү илим-билим издеген кыргыздын сыймыктуу уулдары, мамлекеттик ишмерлери менен пикирлеш, максатташ болуп, биргеликте бир топ иштерди аткаргандыгы тууралуу маалыматтар бар. Эми бул фактыларды бирден ачыктап берүүгө аракет кылалы.

Ахмед Байтурсунов 1895-1909-жылы Актөбө, Қостанай, Каркаралы уездериндеги орыс-казак мектептеринде окутуучу, Каркаралы калаалык училищесинде уюштуруучу кызматын аткарып жүргөн мезгилинде, т.а. 1905-жылы казак элинин улуттук мүдөөлөрүнө шайкеш келүүчү талаптарды максат кылган Каркаралы петициясын уюштуруп, саясий ишти баштайт. Мына ушул иши үчүн Троцкийдин буйругу менен камалып, 1910-жылдын мартынан 1917-жылга чейин Оренбургга сүргүнгө айдалган [5]. Ал жылдары сүргүндө жүргөндө да ошол жердеги казак, өзбек, кыргыз ж.б. мусулман калктарынан барган өзү сындуу адамдар менен пикирлешип, жүрөк түпкүрүндөгү түрк элдеринин биримдиги, алардын жазуусу, маданияты тууралуу бир катар иштерди пландашат.

Ошол жылдары кыргыз элинин алгачкы агартуучусу И.Арабаев менен таанышат. Ал башталгыч мектептин көлөмүндө билим алгандан кийин (1900–1910), Варшава, Казань, Саратов, Оренбург, Уфа, Алма-Ата шаарларынан түрк тилдүү элдердин алдыңкы жаштары менен бирге окуп, жогорку жана орто билимге ээ болгон. Уфадагы жогорку диний мектеп – “Медресе-Галиядан” окуп жүргөндө эле Оренбургдагы жана Ташкенттеги мезгилдүү басма сөздөргө байма-бай макалаларын жарыялап, чыгарып турган. Медреседе окуган жылдары Сарсикеев деген казак студент менен кыргыз, казак балдарына арналган “Алиппе – жаки төтө окуу” аттуу тунгуч окуу китебин (1911-жылы Уфа шаарындагы “Шарк” басмасынан араб тамгасы менен), 1912-жылы “Жазуу өрнөктөрү” (таза жазуунун үлгүлөрү) (1912-жылы Оренбург шаарындагы “Бакыт” басмасынан), “Оренбургдан Ташкенге чейин” деген жол очеркин (“Айкан” журналынын биринчи санына) жарыялайт. Бул эмгектерди жаратууда А.Байтурсунов менен пикирлешип, түрк элдеринин анын ичинде кыргыз-казак элинин биримдиги тууралуу бир-катар сүйлөшүүлөрдү жүргүзүшөт. “Казак” аттуу гезиттин чыгышын макул көрүшөт. Гезиттин символу же логотибин кыргыз-казакка орток боз үйдүн сүрөтүн колдонушмай болушат [3]. Мына ушундай пикирлештик улам мезгил өткөн сайын өрчүп олтурат.

1917-жылдын декабрында Оренбург шаарында Бүткүл кыргыз-казак съезди өтүп, “Алаш-Ордо” убактылуу өкүмөтү түзүлөт. Совет бийлигинин чабуулунун натыйжасында 1918-жылы “Алаш-Ордо” убактылуу өкмөтүн жоюу тууралуу чечими кабыл алынат. Эски импералисттер коому кайра чабуул жасаган кезде совет бийлиги тарапта күрөшкөн. Бирок, 1920-жылы “Алаштын” ишмердүүлүгү контрреволюциячыл деп табылып, жоюлган. Мына ушул “Алаш-Ордо” убактылуу өкмөтүн түзүүдө, анын келечек пландарын иштеп чыгууда И.Арабаев менен А.Байтурсунов негизги лидерлердин катарында иш алпарышкан инсандар катары алардын өмүр жолунда чыгармачылыгында “кара булут” айланат.

А.Байтурсунов менен И.Арабаевдин кесиптештик бирдиги 1926-жылкы казак-кыргыз эли үчүн бирдиктүү идеяны тутунган 1-Бүткүл союздук Түркологиялык съездде ачык көрүнөт [1]. Мындан сырткары Кыргыз-казак эл арагртуу институтунда бирге иштешип, саясий, маданий, адабий тилдик проблемаларды жалпы элдин кызыкчылыгында чечмелөөгө аракет кылышкан.

Мына ушундай коомдук кыймылды түзгөн агартуучулар канчалык караңгы элди окуу, билимге үндөп, агартуу иштеринде жанын аябай иш алып барышпасын “панисламист”, “пантюркист”, “алашчыл” деген айыптар тагылып, 1938-жылы өмүрлөрү аянычтуу өлүм менен аяктайт.

Кыргыздын дагы бир тунгуч агартуучусу, тилчи-лексикограф Кусейин Карасев 1922-жылы Ташкендеги Кыргыз-казак агартуу институтуна кирип, казак балдар менен дос болуп, казакча үйрөнгөн. Ошол жылдары “И.Арабаев, А.Байтурсунов Е.Поливанов, М.Жумабаев, Д.Шмит, А.Диваев, Г.Сайфулин, М.Жумабаев, М.Дулатов, Т.Ырыскулов, Х.Досмухамедов, Ж.Аймаутов ж.б.” [6] деген чыгаандардан билим алып, өзүнүн кесиптеги келечегин түптөөгө жетишкен.

Ахмед Байтурсунов кыргыздын алдыңкы агартуучулары эле эмес, Абдыкабыр Орозбеков, Баялы Исакеев, Абдыкерис Сыдыков, Жусуп Абдыракманов сындуу мамлекет ишмерлери менен да байланышта болгон.

Совет мезгили жаңыдан жарала башаган мезгилде 1918-жылы Ташкентте Түркстан автономдуу республикасы жаралган. Мына ушул республиканын жалпы түрк элдеринин кызыкчылыгында жасаган көңүл жылытарлык иши болбой, ар бир кокту-колоттун же бир адамдын бай-манаптын саясатын көзөгөн бир канча партиялардын болуп турганына Жусуп Абдыракманов өз баасын берген. «Өлкөдө 34кө жакын партия бар. Бирок, биринин да бычакка сап, программасы жок. Болгону бийлик үчүн гана күрөшкөн саясий топтор» [2] - деп эскерип, алардын ичинен «Алаш» жана «Туран» партиясын гана колдой турганын, себеби, алардын программасында Түркия менен биргеликте бүткүл Түркстан аймагынын биригүүсү, жана күчтүү мамлекет куруу идеясы бар» экенин 1936-жылы Кыргыз Тоолуу автономдук областынын 10 жылдыгына арналган эскерүүсүндө баяндайт. Демек, Кыргыз-казак интеллигенциясынын башын кошуп, түрк тилдүү элдердин биримдигин чыңоо максатын көздөгөн А.Байтурсуновдун атуулдук поэзиясын чын дилинен колгон дешке болот.

XIX кылымдын аягы XX кылымдын баш чени жалпы түрк тилдүү элдердин илим-билимге деген каалоосу күчөп, идиректүү балдарын, келечек муундарды кандай да болсо окутуу негизги максатка айланган. Ошол кездеги Оренбург, Ташкент, Уфа шаарларындагы жогорку мектептер жалпы мүрк тилдүү мусулман элдердин илим-билимге умтулган жаштарынын билим очогуна айланган. Кыргыздын алгачкы профессору, кыргыз тилинин грамматикаларын иштеп чыккан тилчи, совет доорундагы жаңы жазма адабияттын баштоочуларынын бири Касым Тыныстанов да 1919-1924-жылы Ташкентте кызык-кыргыз агартуу институтунда окуйт. Ал жылдары Ахмед Байтурсунов, Магжан Жумабаев сындуу казак интеллигенциясынын өкүлдөрү менен таанышып, идеялаш болуп, келечек үчүн бир катар максаттарды мелжешкен. Буга Касымдын казак тилин мыкты билгендиги, ошондой эле “Өрис”, “Ак жол” гезиттери, “Жас кайрат”, “Сана” журналдары менен активдүү иштешкени, эң алгачкы “Бүгинги күн”, “Алачка”, “Булбулга”, “Таң” сындуу поэтикалык ырларын казак тилинде жарыялаганы далил болот. Мындан сырткары ошол кездеги Ахмед Байтурсунов баштаган казак азаматтары менен

пикирлеш болуп, “Алаш-Ордо” партиясынын мүчөсү катары партиянын идеологиялык таасиринде болгонун “Мен баскан жол, менин чыгармам, менин бетим [7]” аттуу макаласында эскерет.

Ахмед Байтурсунов менен Касым Тыныстановдун илимий байланыштары казак-кыргыз элдеринин адегенде араб тамгасын колдонууну жактап, андан латын тамгасына, анан орус тамгасына өтүүдө көрүнөт. 1926-жылы Бакуда өткөн 1-Жалпы союздук Тюркологиялык съезде Касым Тыныстанов, Ахмед Байтурсуновдор съездин президиумунда олтурушуп, кыргыз-казак элдеринин жазуу маданиятын калыптандыруу, казак-кыргыз терминологиясынын принциптери, орфография маселелери тууралуу илимий докладдарды жасап, отурумдун резолюциясын иштеп чыгуучу топто бирге иш алып барышкан. Ошондой эле Ахмед Байтурсуновдун пикирлеши, казак агартуучусу Магжан Жумабаев менен “Өрис”, “Ак жол” гезиттеринде, “Жас кайрат”, “Сана” журналдарында бирге иштешип, чыгармачылыкта таасири күчтүү калемдеш болушкан [4, 121]. Бул фактылар Ахмед Байтурсунов менен Касым Тыныстановдун улуттар аралык биригүү, жалпы түрк элдеринин биримдигинде, ал элдердин тилдик жагдайларын жакшыртууда, саясий бир көз караштагы тилектештер экендигин көрсөтөт. Мындан сырткары Касым Тыныстанов менен Ахмет Байтурсуновдун көркөм адабият айдыңындагы чыгармачылык паралеллдерди, идеялык-тематикалык окшоштуктарды да байкоо кыйын эмес. Касым Тыныстановдун чыгармачылыгындагы бир эле мисал, жалпы түрк элдеринин биримдик, ынтымагын көздөгөн “Алашка” деген ырынан эле анын “Алаш-Ордо” партиясынын идеясын колдоп, ага карата өз чыгармасын арнаган. Анын запкыснан 1938-жылы өмүрү аянычтуу өлүм менен аяктаганын көрөбүз.

Демек, Ахмед Байтурсунов менен кыргыз агартуучуларынын байланышын төрт фактыдан көрүнөт. Биринчи, кыргыз-казак интеллигенциясынын коомдук-саясий көзкараштарындагы биримдигинен же улуттук боштондук кыймылдарындагы тилектештигинен, экинчи, жалпы түрк тилдүү элдердин жазуу эрежелеринин улам жаңыртылышы, жакшыртылышындагы талаш-тартыштарда, грамматика маселелеринде пикирлештер экендигинен, үчүнчү, көркөм чыгармачылыктагы идеялык-тематикалык жакындык же чыгармачылык таасирден; төртүнчү, мамлекеттик башкаруу, дин таануу, билим алуу, жазууну кабыл алуу сындуу улут маселелерди көтөрүү менен жалпы түрк элдеринин биримдигине жасаган иштеринен көрүнөт.

Адабияттар

1. <https://www.youtube.com/watch?v=dvAiNURfFVk>
2. https://www.youtube.com/watch?v=XcWbN_4_0c
3. <https://www.youtube.com/watch?v=YbW6j9-ERpM>
4. Артыкбаев К. XX кылымдагы кыргыз адабиятынын тарыхы: жогорку окуу жайларында филология адистиги боюнча окуп жаткан студенттер үчүн окуу китеби. – 2-бас. – Б.: Турап, 2015, 656 б. 121-б

5. Бүгін Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.
https://vk.com/wall-121753531_7641

6. Ишекеев Н. Улуттун рухий туусу // Кыргыз тили, №5, 2021, 26-январь.

7. Тыныстанов К. “Мен баскан жол, менин чыгармам, менин бетим // Кызыл Кыргызстан, 1933, 9-июнь

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Көпеева М.Ж

Павлодар қаласының №19 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі
koreevam@bk.ru

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің реформаторы, теоретигі әрі қазақ тіл білімінің атасы. Ол араб әріптерінің негізінде қазақтың төл әліпбиін жасады. Өзінің "Оқу құралы" (1912), "Тіл құралы" (1914), "Әліпби" (1924), "Жана әліпби" (1926) атты кітаптарында қазақ тілінің мәселелерін қарастырды. Қазақ тіл білімінде терминдер қалыптастырды. Қазақ тілі грамматикасындағы ұғымдарға анықтамалар берді.

Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсыновтың алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. А.Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеуметтік сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, А.Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар – Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай

өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды.

А.Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты [1, 324]. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

А. Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми-зерттеу еңбек. Ол «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты [2, 354].

А.Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. А.Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. А.Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демократиялық құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан-

теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «[[Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқитудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Ол қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды [3, 138]. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін

де өз маңызын жойған жоқ. Оның ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, А.Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов Ахмет Байтұрсынов туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында

«...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хүкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» [4, 304]. А.Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы, ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп А. Байтұрсыновтың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология А.Байтұрсынұлы есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) А.Байтұрсыновтың толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты [5, 402]. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсыновтың есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп, Алматы қаласында да республикалық ғылыми конференция өткізілді, Ахмет Байтұрсыновтың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Қорыта келгенде, А.Байтұрсынов аудармашы, ғалым, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде қандай ірі тұлға болса, ақындық өнерде де қайталанбас орны бар, туған әдебиетімізде тұтас бір дәуірде бейнелейтін кесек бітімді дарын иесі. Өз өмірін туған халқының бостандығы мен бақыты жолындағы күреске түгелдей бағыштаған азамат ақын бойындағы табиғи талантын ең алдымен осы жолда қару етіп пайдаланады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 3т.Тіл – құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер)-Алматы: 2005. – 324-б.

2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш [Мәтін].-Алматы.-2003. –354 б.
3. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 4-т.Әліппелер мен мақалалар жинағы.(Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер).-Алматы: «Алаш», 2006. –138 б.
4. Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы.(Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер) .-Алматы: «Ел шежіре», 2013. –304 б.
5. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы/-Алматы:«Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 402 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кудрышева М. Б.

Павлодар қаласы, Мұзафар Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі, бастауыш сынып мұғалімі
mikokudrusheva@gmail.com

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

Баяндаманың негізгі мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен мол шығармашылық мұрасын талдап, тарихи маңызын анықтау.

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахметтің ұлы бабасы-Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі —Арғын. А.Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі

жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты —Байтұрсын» деген мәлімет береді.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті,

үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды.» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді.

А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекетік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады. Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді. “Оқыту жайында” атты мақаласында “Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді... дейді.

Оқу ісін жолға қою үшін ғылыми жүйелілік жасалған оқу бағдарламасы болуы керек. Сол бағдарламаға негіздей жазылған оқулық болуы тиіс. Оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек дегендерді көтереді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов білім негізі бастауыш сыныпта салынады деп қарады. Бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетіп берді. Байтұрсынұлы осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап “әліппе” кітабын жазды. Сондай-ақ оның “Тіл жұмсар” деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шықты. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазды. А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрби де беруін қарастыруды талап етті.

А.Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-17 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Ол туған халықының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»-деп жазды. Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады.

Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып, тілмаш болып, арларын сатып, ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай». Ахмет атамыздың әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді төл дүниесіндей етіп жіберді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды әсіресе патша отаршылардың зорлық-зомбылығы, байлардың, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды А.Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық дәл айтылатын ойлары да кездеседі. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады. Аудармашы негізгі түп нұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады. Ақын аудармаларында сюжет

сақталғанмен еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын таңытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі қысқа болғанымен аудармашының аудармасы ұзақ болып келеді. Мысалы, «Өгіз бен бақа» орысшада-17, қазақшада-36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада-19, қазақшада-76 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада — 37, қазақшада-68 жол. Бұдан біз Ахмет атамның жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көреміз. 1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бір талай өлеңдерге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын.«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған боз бала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Жұртыма» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жөн сөзі» — қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. Қарқаралы тұтқынынан Семейге айдалған А.Байтұрсынұлы «Қарқаралы қаласына» деген өлеңін жазады: Қош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған. Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ, Жасырын дыбыс шықты шуылдаған. Бүркеніп арсыздардың шайнауына, Жем тапты пісірмеген, қуырмаған. Шыққан соң талғамайтын доңыздардың Қасыңа қиын болар жуу маған.Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен өрнектеп байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты заман талабына сай жігерлі поэзия туды.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы,араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімнің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды», — деп жазды Сәбит Мұқанов. Хаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».Ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Кульмаганбетова Г.О

Қарағанды қаласының

№32 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

k.gulzat-85-85@mail.ru

Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар- ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек”- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

Серік Қирабаев

Тағылымы терең ұлт тарихына үнілсек зиялы қауым өкілдері, алаш көсемдері біздің болашағымыз үшін аянбай еңбек еткенін білеміз. Сол алаш көсемінің бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлт үшін қосқан елеулі үлесін айтар болсақ, ұстазымыз ғалым, ақын, педагог, аудармашы, публицист қызметтерін атқарды. Кезінде ғалымның есімі қуғын-сүргінге ұшырап, жарты ғасырдан астам уақыт аталмай келгенмен, кейін ақталып, тарихымыздан лайықты орын алып келеді.

Алаш қозғалысы тұсында 1918 – 1919 жылдары Ахмет Байтұрсынов жаңа өткел, соны өріс іздейді. Ұлт азаттығы жолындағы күрес басшыларының бірі болады. Азапты толғаныс, күрес революциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының кейбір өкілдерін өзімен бірге алып, қазақ халқының мүддесі үшін қызмет етеді деген үмітпен Кеңес өкіметі жағына өтеді. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық Комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары жағымды пікірлер айтқан болатын.

М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы» мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған.

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазған.

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті "Ақжол" 1923 жылғы 4 ақпанында шыққан 270-санында: "Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе мен әріп, тіл һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді", — деп жазылған.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған "Тағы да народный сот хақында", "Қазақ һәм ІҮ Дума", "Земство", "Жер жалдау жайынан", "Көшпелі һәм отырықшы норма", "Уақ қарыз", "Бұ заманның соғысы", "Жәрдем комитеті", "Закон жобасының баяндамасы", "Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение" сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді.

Автордың "Қазақ өкпесі" мақаласында тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. "Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты", дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы зерттеу жұмыстары, монографиялар, мақалалар, кітаптар жазылып, жарияланып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Бұл мақалада Райхан Сақыбекқызының "ҒАСЫР САҢЛАҒЫ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҒҰМЫРБАЯНЫ" атты монографиялық еңбегіне сүйене отырып, ағартушы ұстаз туралы жазылған мақалалар легіне шолу жасап, көпшілікке ұсынбақпын.

А. Байтұрсынұлының ақындығы деген тақырыпта ой-пікір, толғанысын С. Қирабаев өзінің ЖОО-на арналған оқу құралында талдап, таратса, Т. Кәкішев ғылыми-зерттеу мақалаларында: «Ахметтен тараған азатшыл поэзия», «Ахмет сыни ой-пікірдің, саяси көзқарастың, көркемдік таным біліктің платформасы» деп оның сын жанрына еркін және тамаша білімдарлықпен, эстетикалық биік талғаммен барғанын, Қазан төңкерісіне дейін туған әдеби сынымыздың өресін жоғарылата түскені даусыз екенін айтады.

Академик С. Қирабаевтың «Ахметтің ақындығы» талдау мақаласы 1990-жылы жазылды. Мұнда «қайраткерді әлеуметтік шындықтың ақыны, дәуірлік

құбылыстарды нақ сыпаттаған, жаңашыл ақын әрі ойшыл суреткер» екендігі оның төл өлеңдерін талдап, тарату арқылы сараланады.

Зерттеуші «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Жиған-терген» атты өлеңдеріндегі «бейнелілікке» баса назар аударып, қиын-қыстау кезінде – алаш азаматының бәрін «таразыға тартып», сыннан өткізген суреткер-ақын дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы тағы бір замандас әрі рухани інілерінің бірі Елдес Омаров «Ахмет Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» деген мақаласында қайраткерді «...күллі қазақ даласы біледі, оның талантын жоғары бағалап құрмет тұтқанымен, бәрібір оны дұрыс түйсініп бағалай білмейді» деп жазады.

1923-жылы тұлғаның 50 жасқа толу мерейтойына орай, С.Сейфуллин, М.Әуезовтер мен «Ақ жол» газетінің басқармасы тарапынан танымы терең құттықтау мақалалар жазғаны, бұл мақалалардың ахметтану мәселесінде үлкен рөл атқарғанын, бүгінгі ғалымдар зерттеу еңбектерінде талданып, жазылып жатыр.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді. Шын мәнінде, Ахаңның және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі.

Бұл туралы Ахаңның өзі «Жизнь национальностей» журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: «Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды (қазақтарды) жауапсыздықпен қамап, әр түрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмеген мен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтің Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауғы қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік». Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын

мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж.

Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп Сәкен Сейфуллиннің сөзімен қорытындылаймын.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы : қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері / А. Байтұрсынов. – Алматы : Ана тілі
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құралы – Алматы: «Алаш»

ҰЛТЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Муқышева М.К.

Қарағанды қаласының №65 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
mukysheva83@mail.ru

«Басқадан кем болмас үшін білімді, бай, күшті болуымыз керек. Бай болуымыз үшін кәсіп керек, білімді болу үшін оқу керек, күшті болу үшін бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.»,- деп

қазағымыздың рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы тегін айтпаған болар. Ахмет-қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі - қазіргі жаңа заманға өте керек. Қара басынан ұлт мүддесін жоғары қойған халқымыздың біртуар перзенті Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлы) атағының өзі атан түйеге жүк болардай. Оның тұлғасы, қызметі, ұлт қамы үшін күрескерлігі, дінге, ділге деген жанашырлығы - білгенге – маржан, білмеске – арзан.

Қазақ санасының шамшырағы іспеттес сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол сауаты, саңылауы жоқ қазақтың надан халқын қалың жау еңсесін басып, қара бұлт қаптап, түнше түнеріп тұрғанда, кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген Алаштың асыл ұлдарының бірі. Бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың барлық ауыртпалығы Ахмет Байтұрсынұлының басына түсті. Ойға – қырға бірдей қуылды, түрмеге түсті. Қуғын – сүргінде жүрген кездерінде қолынан қаламын тастамаған. «Ұлтшылдық дегеніміз – ұлтын сүю» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Маңайындағыларды өлең қуатымен жылытып, рухтандырып отырған. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлының атын қазақ баласының естімегені жоқ шығар. Оның әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты. Ол Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық жұмыспен айналысты, жарғақ құлағы жастыққа тимей, «масаша» ызылдап, туған халқын оқуға, өнер – білімге шақырды.

Ол – ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым. Оның бүкіл еңбегінің мәнін бір ауыз сөзге сыйдырып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰСТАЗ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ. Ахмет Байтұрсынұлы – қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жаңашыл ағартушы[1]. Ахмет Байтұрсынұлы атқарған ұшан - теңіз руханият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші – ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. Ахметтің әу бастағы алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген мақсаты, оқу – ағарту ісін жолға қою, оқу – білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші – ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгерген-ді. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ол ә дегенде – ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда

тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды» дүниеге келтірді[2].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жана тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін біз олардың күні бүгінге дейін қолданып келе жатырмыз.

Жалпы қазақ баласына Абайды ең алғаш таныстырған да Алаш зиялылары, Алаштың Ахметі. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алды. Онымен қоса қазақ графикасын жазуға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кездегі интеллигенциясы жаппай мойын бұрды.

«Қазақтың Аханы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлының ұлтына сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі әр саладан көрінеді. Мәселен, ол – ең бірінші, қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсаған ағартушы, ең алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, екіншіден, қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері, үшіншіден, өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға. Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын,

содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу- білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап-түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны — халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп — қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Алаштың ардақтысы ұлтына, қазақ халқына қызмет етті. Бұл туралы Сәкен Сейфуллин кезінде былай деген болатын: «...Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен, Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл»[3]. Ол шын мәнінде ұлт ұстазы, халқымыздың рухани көсемі бола білді. Қорыта келгенде қазақ тіл білімімен, әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін «ұлттық мұрамыз» деп мақтан тұту-ұрпақ парызы екенін ұмытпайық!

Әдебиеттер

1. Иманбекова Б., Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарының тәрбиелік мәні. /Ақиқат, 1999. №2.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. Шығармалары, өлеңдері, аудармалар, зерттеулер. – А: «Жазушы». 1989. – 320 б.
3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – А: «Жалын». 1991.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Муталипова Ж. А.

Павлодар қаласының №26 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі
zhuldyz.mutalipova@mail.ru

Сөз басын С.Торайғыровтың мына сөзімен бастағым келеді:
«Алаш» туының астында
Куә болсын Арымыз!
Көркейтуге Алашты
Құрбандық біздің жанымыз!

Жасасын, Алаш, жасасын!

Өткен ғасырдың басында «Алаш» қозғалысы жайлы тебірене жырлап, тек жеке басының пікірін ғана емес, сол кездегі қазақ қоғамының көңіл-күйін білдірді. Бұл мақалам ірі саяси тұлға, алаштың ардақтысы - Ахмет Байтұрсынұлына арналады.

Ұсынатын тақырыбым: «Алаштың ардақтысы, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы» деп аталады.

«Алашшыл» сөзі – «халықшыл» дегенді білдіреді. 2017 жылы Алаштың 100 жылдығы аталып өтілді. XX ғасырдың басы – қазақ тарихындағы ренессанс дәуірі. Ұлтымыздың тұлғалары – А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейханұлы.

А. Байтұрсыновқа «саяси сенімсіз», «буржуазияшыл», «ұлтшыл», «халық жауы» деген атпен, тарих көшінде тиісті орнын бермей келгені құпия емес. Бүгінгі қазақ ұлтының ұрпағы үшін А. Байтұрсыновтың қандай ауқымды тарихи міндетті орындағаны енді ғана белгілі болып келеді. Сол себепті мақаланы жазудағы мақсатым – болашақ ұрпақ кезінде репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтардың есімін құрметтеп, Алаш арыстарының еңбектерін бағаласа екен.

Мен өзім мектепте оқып жүрген бала кезімде қазақ әдебиеті сабағынан Абай, Ыбырай, Шоқанды оқығанда неліктен бізде ақын- жазушылар өте аз, неліктен орыс әдебиетін оқығанда ақын-жазушылар көп деген ойлар мазалайтын. Бірақ, сол сұраққа жауапты қазіргі кездегідей ғаламтор жүйесінен тауып, іздеу мүмкіндігі болмады. Кейіннен 1940 жылдардың екінші жартысында қазақ ауыз әдебиетінің 100 томға жуық құнды туындылары партия шешімімен қоғамға зиянды деп танылып, оларды пайдалануға тиым салынғандығы жөнінде ақпаратты тауып оқыған болатынмын.

1988 жылдары ақталып, артынан мектеп бағдарламасына «Бес арыс», «Үш бәйтерек» деген атпен енгізілгені есімде.

Биылғы жылы еліміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл мерейтойын әлемдік деңгейде ЮНЕСКО аясында тойлауды жоспарлап отыр.

Бұл іс-шараның өтуіне депутаттар да мынандай өз ұсыныстарын айтты:

1. Елорда көшесінің бойынан Ахмет Байтұрсынұлының еңселі ескерткішін тұрғызу;

2. Кіндік қаны тамған Жангелді ауданы, Ақкөл ауылына Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ауылға баратын жолды жөндеу;

3. Әкесі Байтұрсын мен ағасы Қали жерленген бейітке кесене көтеру;

Еліміздің оқу орындарында, мектептерде ғылыми-практикалық конференциялар (онлайн және оффлайн форматта) айтыс, мүшәйра, байқаулар, «Ахмет мұрасы» олимпиада, Ахмет мұрасын сахналық қойылым қою т.б іс-шаралар ұйымдастырылып жүр. Алаш қайраткерінің шығармашылығы бойынша білім беру орындарында ашық сабақтар, тақырыптық конкурстар өткізіледі.

Қазақтың қараңы түнін жарық қылған, жарық жұлдыздың бірі, ағартушы ұстаз – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ елі үшін қасиетті есім деп ойлаймын. Себебі: Ахмет өз елінің, ұлтының қамын ойлап,

адал еңбек етті. Ахметтің барлық елі үшін жасаған еңбегін бір ауыз сөзбен айтар болсам: «Ұстаз, Халық ұстазы» дер едім. *Әрбір көкірегі ояу, көзі ашық адамға А.Байтұрсынұлы кім екенін таныту үшін осы сөздер жеткілікті болар.*

Абай мен Ыбырай салған ағартушылық жолын жалғастырушы, ұлт ұстазы, Алаш қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлы.

Халық ұстазының өміріне қысқаша тоқталар болсам, Алаш қайраткері, ағартушы - Ахмет Торғай облысы, Жанкелдин ауданы, Сарытүбек деген жерде 1873 жылы 5 қыркүйекте туған. Дәулетті отбасында дүниеге келген. Атасы – Шошақ немересі Ахмет дүниеге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Жангелді ауданы, Ақкөл ауылы жақын тұста Ахметтің дүниеге келген үйі әлі күнге дейін сақталып тұр. А. Байтұрсыновтың жұбайы - Иванова Александра 1878 жылы Челябинск облысында дүниеге келген. Ол Әуликөлдегі мектепте мұғалім қызметін атқарып жүргенде Ахметпен танысқан. 1896 жылы олар Троицк мешітінде некелерін қияды. Ол кезде өзге діндегі әйелмен мұсылманның некесін қиғызуды қиын болған. Александраға Бадрисафа деп мұсылманша ат беріп, татар қызы еді деп некелерін қияды. Ислам дінін қабылдап өз аты-жөнін Бадрисафа Мұхаммед Садыққызы деп өзгертеді.

Патша өкіметінің отаршылдық саясатында Сталиндік жазалау машинасының қармағына ілінгендердің бірі – А.Байтұрсынұлы болды. Ол 1938 жылы бірінші ұсталып, кейін атылды. Ахмет Байтұрсынов Алматы қаласында 1938 жылы 8 желтоқсанда қаза тапты.

Қостанай облысы, Әуликөл ауданындағы көлдердің бірі – «Мұғалім көлі» деп аталады. Осы көлдің жағасында жас мұғалім Ахмет пен қорықшының ақ сары, көк көзді сүйкімді қызы Александра мәңгілікке қол ұстасады. Әуликөлдегі ұстаздық жолын жалғазан Ахмет онда өлмес ескерткіш қалдырған.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр қазақ, әр келешек ұрпақ үшін мәңгі жүрегінде. Қазақ елі Ахметтің өлмес мұрасы тарихта алатын орны ғалымдық, ақындық, қайраткерлік еңбегі жоғары бағалаған.

Қазақ руханиятында аса күрделі мәселенің бірі тұлғатану мәселесі.

70 жыл бойы қылышынан қан тамған кеңестік кері идеологияның үстемдік еткен уақытында қазақ тарихындағы «ұлтшыл тұлғалардың өмірін тану» жабық, тиым салынған тақырып еді. Кеңестік идеология салдарынан қазақ интеллигенциясының көбісі «халық жауы» аталып, қыршынынан кетті. Солардың бірі Алашорда мүшесі, ағартушы, ақын Ахмет Байтұрсынов. [5]



1917 жылдың 13 желтоқсаны – қазақтың алғашқы заманауи үкіметінің - Алашорданың дүниеге келген күні. Алашорда үкіметінің құрылып, XX ғасырдың басында қазақ даласында автономиялық биліктің болуы ұлт-азаттық қозғалыс тарихында елеулі кезең болып саналады. Ғұмыры ұзақ болмаса да қазақтың тұңғыш үкіметі құрылып, қазақ халқының мемлекеттікке лайықты

ел екені паш етілді. Алаш арыстарының ең басты еңбегі – олар сол қиын уақытта толыққанды саяси партия мен үкімет құрып, өз халқының мүдделерін батыл қорғау жағына шыға алуында. Алаш қозғалысы заманалық маңызы бар құбылыс, оның идеялары мен бағдарламалары ұлттық мемлекеттікті қалыптастыруды мақсат етті.

Тарих бетін парақтасақ, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын.

А.Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасы даярлаған топтың құрамында болды. Ол Алаш Орда құрамындағы оқу – ағарту комиссиясының төрағасы болып бекітілді.

1929 жылы Алматыда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол тұтқынға алынып, Мәскеу абақтасына қамалды. [6]

«Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымға негізделді.

Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Яғни, бұл ұстаным: Жер – Отан, ал Отанды сатуға да, жеке меншікке айналдыруға да болмайды. Сол жер үшін әр қазақтың намысы жыртылып, ол жерге әр қазақтың тері мен қаны төгілген – деген тұжырымға саяды.

Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Яғни, бұл – өз жерінің игілігін – әуелі өз елі игілігіне айналдырсын, одан асса ғана жатқа салауат – деген емеуірінді танытады. Жердің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң – ырықтың кеткені сол емес пе?!

Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Абайдың: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек», – дегендегі бірлік – осы экономикалық бірлік.

Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «ұлттық мәдениет үстемдігі сақталуы» тиіс болатын. Бұл – А. Байтұрсынұлы «ұлт ұстазы» атандырған ұлы ұстанымның қорытынды тұжырымы.

Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру.

XX ғасырдың бас кезінде Ресейдегі саяси – әлеуметтік өзгерістердің қазақ жеріне жаңғырып жетуі әлеуметтік ойды кеңейтті. А.Байтұрсынұлы,

М.Дулатов, М.Жұмабаев бастаған алаш қайраткерлері ұлттық сана – сезімді оятар бағыт – бағдар іздеді.

Алаш қайраткерлері халықты оятудың жолын өз көзқарасы арқылы айқындайды. Мәселен, бірі оны тек ағартушылықты, әлеуметтік теңсіздікті жоюда, екінші ұлт болып бостандыққа ұмтылуда.

Алашордалықтар осы жолда ұлтты сүюдің елге қызмет етудің үлгісін көрсетті, осы жолда өмірлерін құрбан етті. [2]

XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ ұлтының мүддесін қорғап, қызмет ету оңайға түспегені баршаға мәлім. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында А. Байтұрсынов халықтың тағдырын ойлап қырғын мен қатерден сақтап қалу мақсатында берген ақыл-кеңестері мен атқарған зор еңбегі, оның көрегендігін байқатып қана қоймай, саяси пісіп-жетіліп, үлкен күрес жолына түскен саясаткер екенін танытты.

А.Байтұрсыновтың ұлтжанды қайраткер екенін кеңес үкіметі тұсындағы жанқияр қызметтері дәлелдейді.

А. Байтұрсынов «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін ұйымдастырып құруда белсенді қызмет етіп, осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыруда үзеңгілес зиялы қайраткерлердің көшбасшысы болды. «Алаш» партиясының кеменгері ретінде өзінің білімділігімен, саяси сауаттылығының тереңдігімен ерекшеленді. Азамат соғысының аласапыранында әскери-соғыс істеріне қатысты белсенді ақыл-кеңес беріп, соғыс зардабынан түрлі азапты шегіп, ашаршылық пен ауруға ұшыраған қазақ халқына азық-түлік пен медицина көмегін ұйымдастырды.

Қарастырып отырған тақырып отандық тарихымыздың күрделі саяси кезеңдерімен және барлық саяси оқиғалардың арасында біте қайнасып жүрген А.Байтұрсыновтың Алаш көсемі ретінде қалыптасу жолдарына, саяси көзқарастары мен қоғамда атқарған қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметтерін кешенді зерделеуге арналған.

Еркіндік пен бостандықта, алдындағы малдың артына еріп, кең даланы кезіп тіршілік кешкен халқының бүгінгі тағдыры қатты алаңдататын. Уақытқа ілесе алмай, қайтсем халқымның ертеңін жарқын, болашағын кемел етем деп жанталасқан.

Бір сөзбен айтқанда Ахмет өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады. Ахмет Байтұрсынов қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолына түседі.

Сөзімді қорытындылай келе, қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны ерекше болса, қазақ тіл білімі тарихында Ахмет Байтұрсыновтың да орны өте ерекше. Еліне бар өмірін арнаған тұлға. Халқының жүрегіне жылу ұялатып, санасын оятқан көсем – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Әдебиеттер

1. Нұрпейісов. К Алашһәм Алашорда. — Алматы «Ататек» 1995- 256 б.
2. Г.Косымова, М.Бисенбаева, Г. Каримов, Н. Каратаев -9 сынып Алматы-Мектеп -2019ж

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТӘКӘППАРЛЫҚ, НАДАНДЫҚ- ТЫҒЫРЫҚТАН БАСТАР ЖОЛ» ТУРАЛЫ ОЙЫ

Мынгышева А.А

Ақпараттық технологиялар колледжінің қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы
myngysheva_a@mail.ru

Мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш партиясының мүшесі, ағартушы, ғалым, түркітанушы, ақын, аудармашы – бұл Ахмет Байтұрсынұлы.

Ол қазақ балаларын оқытуды барлық күш-жігерімен алдына игі мақсат қояды. «Басқаларға ілесу үшін біз білімді және күшті болуымыз керек. Білімге ие болу үшін үйрену керек», - деді ол.

А.Байтұрсынұлының педагогикалық қызметінің негізгі мақсаты – жас ұрпақты қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүрін жалғастыруға дайын, адал да еңбекқор, Отанына адал етіп тәрбиелеу және тәрбиелеу.

«Жастар – халықтың кемел келешегінің үміті. Жаңа ұрпақ жаңаша білім алған, тың ойлары мен білімі бар ұстаздардың қолында болуы керек», - деп жазады автор өз шығармаларында.

Ахмет Байтұрсынов өз шығармаларында жастарға арнаған сөзінде өзін-өзі дамыту үшін өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылу керектігін атап өтті. Ол: «Басқалардан кем болмау үшін білімді, бай, күшті болуың керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болу үшін мамандық керек. Ал мықты болу үшін бірлік керек» деген болатын.

«Тәкаппарлық, надандық – тығырықтан бастар жол, Даналық – шексіздікке апарар жол» – деген сөздері мен нақыл сөздері күні бүгінге дейін көпшілікті ойландырады.

Нағыз патриот болуды, халқына адал да әділ қызмет етуді Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы осыған үйретеді.

Нағыз көрнекті ақын, ағартушы артында үлкен мұра қалдырды, соның арқасында тұтас ұрпақ тәрбиеленеді.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі тәуелсіз Қазақстанның тарихында мәңгілік қалды. Ол өзінің қайғылы қазасына дейін бүкіл өмірін отаршылдыққа қарсы күреске арнады. Қазақтардың отарлық патша езгісіне және кеңес өкіметіне қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарының жетекшілерінің бірі, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясы мен Алаш-Орда үкіметін ұйымдастырушы, «Қазақ» газетінің редакторы болды. Қоғамдық-саяси қайраткер, ағартушы ретінде Байтұрсынов өз халқын білім мен мәдениетке шақырып, патша езгісінен азат болып, қоғамдық дамудың ілгерілеуін осыдан көрді.

30-шы жылдардың екінші жартысында ол Сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны бола отырып, барлау қызметінің қайғылы тағдырын бөлісті. Ол

буржуазиялық ұлтшылдық идеялары үшін айыпталып, «мемлекеттің жауы» болды.

Бүгінгі таңда, тәуелсіз Қазақстан дәуірінде, тарихи шындықты қалпына келтіру дәуірінде А.Байтұрсынұлының есімі мен оның шығармашылық қызметі саяси қызығушылықтың тақырыбына айналып отыр. Ал енді осыншама жыл үнсіздіктен, оның теориялық көзқарастарын бұрмалаудан кейін шындықты қалпына келтіруге және оның еңбегіне лайықты саяси және ғылыми мағынаны қайтаруға әлі алда көп жол бар. Осы тұрғыда оның мәдениет пен ағартушылыққа деген көзқарастары өте қызықты.

А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметі оның мәдениет пен білім туралы көзқарастарын түпкілікті бекіткен екі саяси жүйе – патшалық және социализм жағдайында дамыды. Оның бастапқы көзқарастарының, содан кейін теориялық концепцияларының негізгі қайнар көзі қазақтардың, сондай-ақ орыс және басқа да түрік ұлттарының ұлттық мәдениеті болғанын айта кетейік. Оның түркі әлемінде алғашқылардың бірі болып өнер теориясы мен мәдениетіне анықтама беруінің себебі де осы болды. Ол көп уақытын тіл мен әдебиет мәселелеріне арнады. Оның «Әдебиетке кіріспе» атты еңбегі дүние жүзі әдебиетімен қатар қазақ әдебиетінің де дамуына зор үлес қосты. «Жаңа грамматика», «Жаңа бастауыш», «Бірінші ереже», «Бірінші фонетика», «Бірінші грамматика», «Алғашқы синтаксис», «Алғашқы терминология және емле» сияқты еңбектер қазақ тілі және жалпы түркологияда ғылымның дамуына зор үлес қосты. Осылайша ол мәдениет саясатына айтарлықтай әсер етті.

Мәдениетте ұлт бірлігін сақтау мен ұлттық мемлекеттілікті дамытудың, өркениетті елдер деңгейіне жетудің жолын көрді.

«Қазақ» газетінің беттерінде А.Байтұрсынов оқу-ағарту мәселесін: мектептердің аздығы, қазақ ұлтынан шыққан шәкірттердің аздығы, педагогикалық кадрлардың, кітаптардың, оқу бағдарламаларының жоқтығы т.б. өзінің ғылыми және практикалық қызметімен осы мәселелерді шешуге үлес қосты. Ұстаз-ағартушы «Бастауыш мектепте 5 жыл білім алу керек, алғашқы 3 жыл балалар қазақ тілінде, ал кейінгі 2 жыл орыс тілінде білім алу керек» деп ойлады. Мектепте балалар оқуды, жазуды, математика, ұлттық тіл, ұлттық тарих, еңбекке баулу, шаруашылық негіздері, жаратылыстану және география сияқты пәндерді меңгеруі керек деген ойда болды.

Ол тәрбие мәселелерін тәрбиемен тығыз байланыстыра қарастырды. Сондықтан ол тәрбиені отбасына, мектепке, айналаға берді. Мемлекеттік мәдениеттің өркендеуіне алаңдай отырып, ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, бала отбасында ұлттық салт-дәстүрлердің негізін алатын, қоғамдағы мәртебесін анықтайтын, ұлтына қызмет етуге даярлайтын отбасындағы тәрбиеге аса мән берді. Оның санасында «парызыңды білу – білім, тәрбие мәселесі; сізді міндет ету – бұл азаматтың міндеті». Ендеше, әрбір отбасының, мектептің мәселесі – азамат тәрбиелеу: «Бала азамат болып тәрбиеленсе, азамат болады, құл болып тәрбиеленсе, құл болады» деп жазған ұлы ұстаз.

А.Байтұрсынұлы білім мен тәрбиедегі жоғары нәтижелер ұстаздың даралығымен, оның адамгершілік қасиеттерімен, білімімен, біліктілігімен, өз ісіне деген қарым-қатынасымен, балаға деген сүйіспеншілігімен байланысты. Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім – мектептің тірегі» – деп ойлаған ағартушы. Мұғалімді «мектептің жүрегі» деп атай отырып, ол мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет процесінде қоғам тарапынан балаларды тәрбиелеуге және балаларды тәрбиелеу мақсаттарын жүзеге асыруға уәкілетті тұлға ретінде қызмет ететініне сендірді.

Сондықтан жаңа заманның жаңа мұғалімі Ахметтей ұлыларымыздың педагогикалық көз қарастарына сүйене отырып, ақ жүрекпен қызмет етсе, білімді де білікті азаматтарымыздың көп болары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. С. Бейсенбаева Ахмет Байтұрсынов // «Жаңа ұрпақ».-1996.-№ 163.
2. Ж. Исмагулов. «Ахметтің жақсы аты ұстанымы» / Ж. Исмагулов //.- 1990.- № 23.
3. "Қазақтар", тоғыз томдық танымал анықтамалық, II том, "тарихи тұлғалар".
4. "Қазақстан саясаттану энциклопедиясы" (Алматы-98).

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

Окинбек Г.

Павлодар қаласының №25 жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәнінің мұғалімі
gulmeri-88@mail.ru

Қазақ әліпбиінің атасы, түркітанушы, қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушы көрінекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Қазақтың біртуар ұлының дүбірлі тойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетіні көңілге ерекше қуаныш ұялатады.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі аталғанда ең алдымен ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан сүбелі үлесі еріксіз еске түседі.

А.Байтұрсынұлының аталған бағыттағы еңбектерін тереңірек тану мақсатында С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың табалдырығын аттадым. Бірінші болып көзіме оттай басылған оқулық кітапхананың алтын қорында сақталған ғалымның «Әліб-бій» еңбегі. Бұл кітап мектеп оқушыларына, хат тануға талпынған қазақ жастарына арналған еңбек екен. «Әліб-бій» 1928 жылы Қызылордадағы «Казиздат» баспасынан жарыққа шығыпты. Қазақ әліпбиінің темірқазығы іспеттес кітап арада 70 жыл уақыт өткен соң 1998 жылы Алматыдағы «Рауан» баспасынан қайта басылып шыққан. Кітапқа редакторлық еткен белгілі баспагер Ұлықман Асыллов ғұламаның

еңбегін араб жазуынан көшіріп, түсініктемесін жасай отыра қаз-қалпында көпшілікке ұсынған.

Кітаптың алғы сөзінде Ахмет Байтұрсынұлы: «... 90 пайызы қат білмейтін жұртқа оқыу мен жазуды оңай үйренетін әліп-бій кітабынан артығы жоқ. Аш адам астың бабы мен дәміне қарамайды. Қазақ оқыу жағынан қандай ашығыб отырғанын топырлаб мекеме алдын тоздырыб, оқитын орын таба алмай жүрген қазақ балалары көрсетіб отыр. Сол ашығып отырған қазаққа бабын-дәмін келтіріб, соңыра беретін асыңнан, бабы, дәмі кем болса да, әзір берген асың артық. Тамаққа қарны тойыңқыраб, қанақаттанған кезде талғайды», - дейді. Ғалым бұл пікірді Қызылорда қаласында 1925 жылы 21-ші қазан күні жазған екен.

Ескі араб алфавиті негізінде ұлттық жазуды ойлап тапқан реформатордың еселі еңбегін көпшілік білгені дұрыс. Әсіресе, Латын графикасын қолданысқа енгізуге ниеттеніп отырған еліміз үшін ғұламаның алғашқы әліпбиінің маңызы зор. Ғалымның жазғандарына қарап отырсақ көне әліпбиде ол әрбір әріп пен дыбысты бүге-шігесіне дейін нақтылап көрсетуге, ерекшеліктерін ашуға тырысқан. Біздің назар аударғанымыз ғалым сөздерді айтылуы негізінде яғни орфоэпиялық ерекшеліктеріне сай жазған. Мысалы ол өзінің аты-жөнін: «Байтұрсын ұлы Ақымет» деп жазып қалдырған. Бұл да латын графикасын зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар үшін назар аударарлық жағдай екені анық. Біз латын графиксына негізделген әліпбиді айналымға енгізерде Ахмет Байтұрсынұлының еңбегін айналып өте алмайтынымыз анық. Басқасын айтпағанда ғалымның қазақ тілінің дыбыс құрамы жайлы зерделеп жазған дүниелері күн өткен сайын маңыздылығын арттыра түскендей. Неге десеңіз ғалым қазақ тіліне тән төл дыбыс құрамы мен кірме таңбалардың (дыбыстардың) айырмашылығын тайға таңба басқандай етіп өз еңбектерінде айқын көрсетіп кетті. «Тілдің дыбыс құрамы» дегеніміз сол тілде қанша және қандай дыбыстар бар екенін айқындап беру ғой. Бір өкініштісі тілдің дыбыс құрамы төңірегінде қойылатын сауалдарға біздің жауабымыз үнемі дайын тұрған секілді болып көрінеді. Қазақ тілінде қанша дыбыс бар? деген сауал қойыла қалса ойланбастан: «42 дыбыс» бар деп тоқ еткізетініміз белгілі. Себебі, қазақ тілі жайлы жазылған қай оқулықтың бетін ашсаңыз да қазақ тілінде 42 дыбыс бар деген анықтама алдыңыздан шығады. Ол ол ма тіпті біз қазақтың төл дыбыстары деп 7 дыбысты ала қойды бөле қырыққандай етіп астын сызып көрсететініміз тағы бар. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Жүнісбек былай дейді: «Барлығымыз дерлік «әріпті» «дыбыс» деп, дыбыс еместі «дыбыс» деп жүргеніміз жасырын емес. Қарапайым көпшілікті былай қойғанда, «Әліппеден» бастап, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарының авторларына дейін, тіптен тіл мамандарының өздері де осы бір ұстанымға нық сеніп қалған. Тіптен әліпбиіміздің құрамындағы тіл бұзар кірме әріптерді қазақ тілінің «жаңа деңгейге көтерілген дамуы» деп те жүрген әріптестеріміз жоқ емес, - деп өз ойын ашық айтады.

Сонымен қатар ғалымның пікіріне сүйенер болсақ, Ахаңның негізгі еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонетика ғылымының қолданысқа еніп, жаңадан қалыптаса бастаған тұсына дөп келеді. «Осыған қарап, «Ахаң сол кездегі әлеми фонетикалық еңбектерден толық хабардар болды-ау» деген болжам жасауға болады», - дейді ғалым. Бұл жердегі ғалымның «Болжам» деп отырғанының өзіндік себебі де бар. Алғашында орыс тілтанымында фонетика теориясына ерекше көңіл бөлініп, толымды еңбектер бірінен соң бірі жарыққа шыққан еді. Ахаң ол еңбектерден бейхабар болды деп айтуға тағы келмейді. Бірақ қазақ ғалымы еңбектерінде фонетика теориясы жайлы мәлімет қалдырған емес. А.Байтұрсынұлы қолданған теориялық ұстаным фонетикалық негізде болғанымен, оның зерттеу әдісі ретінде пайдаланылғаны туралы нақты мәлімет жоқ. Себебі, ғалым зерттеулерінде жұмыстың жасалу барысына тоқталмай, зерттеудің нәтижесін ғана жазып отырған. Осылайша ғалымнан бізге қалған мәлімет – фонетикалық теорияның (үндесім, сингармонизм) өзі емес, аталған теорияның нәтижесі болып отыр. Ахаңның бұл жұмысына сол кездегі өзі қатарлас қаракөздерден ешкім соншалықты елең етіп толымды пікір білдіре қойған жоқ. Бәлкім оған өзгелердің өресі жетпеген болуы да мүмкін. Немесе мұның басқа да себебі бар болуы ықтимал ғой. Бірақ бертін келе тіл ғылымымен айналысып жүрген орыс ғалымдары А.Байтұрсынұлының фонетикалық шешімдеріне тоқталып, жақсы пікір білдірді. Әсіресе, олар ғалымның қазақтың сөздерін екіге бөліп «жуан» және «жіңішке» деп көрсете келе: «жуан сөздің ішіндегі дыбыстардың бәрі жуан, жіңішке сөздердің ішіндегі дыбыстардың барлығы жіңішке болады» деген пікіріне баса назар аударды. Айта кетерлігі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ сөздерінің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонетикалық мәртебесіне тең көзқараспен қарған.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін нақты мысалдар жетерлік. Соның бірі ғалымның жұрнақтарға байланысты талдауларынан айықын көрінеді. Ахаң жұрнақтардың барлық айтылым (үндесім) нұсқасын тізбектеп көрсетпейді. Мысалы, «лық» жұрнақ осы топқа кіретін үндесім түрлерінің барлығына ортақ атау болып саналады. Бұдан соң үндесім ереже беріледі: «Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғанады. Мұның өзі – фонетикалық деңгейде жасалған шешім, үндесім түрлерінің арасынан негізгі үлгісін тауып, оны ортақ атау ретінде пайдаланған. Қазіргі кезде фонетика ғылымының алдында үндесім дыбыстардың қайсысын «негізгі нұсқа, қайсысын қосалқы нұсқа деп қарау керек?» деген мәселе тұр.

Жалпы фонетикада тілде ең көп қолданылатын түрін «негізгі нұсқа» ретінде қарайды. Солай-ақ болсын. Себебі, фонетикалық тұрғыдан үндесім нұсқаларының барлық түрі тең дәрежеге ие. Сондықтан оның бірін алға шығарып, екіншісін кері итеруге болмайды. Бірақ зерттеу амалына қарай және оқу-әдістеме тұрғысынан ең жиі кездесетін түрін басты нұсқа ретінде қабылдауға әбден болады. Ахмет Байтұрсынұлының жасаған үлгісі осындай тұжырымға келеді.

Тағы бір атап өтерлігі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі жайлы жазғанда кез келген атаулар мен терминдерге қазақша сипат бере білгендігі. Оның қолданысқа енгізген әрбір термин сөзінен қазақылықтың «иісі» шығып тұрады. Мәселен, Ахаң «Шылау» атты сөз табын енгізді. Бұл өз алдына жеке тұрып ешқандай мағына бере алмайтын қосалқы сөз ғой. Қазақта өзіндік пікірі жоқ адамды «өзгені шылауында жүрген жан» деп мүсіркеп жатады. Міне, нағыз қазақы ұғым, қазақша сипат. Ойымыз толымды болуы үшін тағы бір мысал келтірейік. Біз бүгінде «бағдарлама» деп әжептәуір ғып ауыз толтыра айтып жүрген сөзімізді Ахмет Байтұрсынұлы «жосық» деп береді. Қазақта «жөн-жосықсыз сөйледі, жөн-жосығынды айт» деген тіркестер бар. Міне, бұл да қазақ тіл біліміне А.Байтұрсынұлы қосып кеткен қайталанбас атаулар. Айта берсек мұндай мысалдар Ахаңның қоржынында жетіп артылады. Біз қазақ тіл білімі туралы сөз қозғағанда үнемі Алаштың Ахметін темір қазық тұтқанымыз жөн-ау. Әлихан Бөкейханов Алаштың саяси көсемі болса, Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың рухани көсемі. Қазақ тіл білімінің білгірі. Олай болмаса жауапты сәттерде Әлиханның өзі тек Ахметпен ғана ой бөлісіп, ақылдаспаған болар еді. Қазақ тіл білімінің атасының салып кеткен сара жолына құрметпен қарап, қазақ тіл білімі жолына шырақ алып шыққан ендігі ғалымдар Ахметтен қалған ізбен жүрсе дейміз.

ЗНАЧЕНИЕ ТРУДОВ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА ДЛЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ

Омарова М. М.

Воспитатель КГКП «Ясли – сад №29 города Павлодара – Образовательно-развивающий центр «Мерей»
omarova.mira.21@mail.ru

Ахмет Байтұрсынов (1872 — 1937) – выдающийся государственный и общественный деятель, просветитель, педагог, поэт, публицист, ученый, реформатор, лингвист, патриот. Он, один из замечательных представителей алашской интеллигенции, оставивший огромное и необъятное наследие. Многие его труды посвящены вопросам обучения, воспитания и подъему культурного состояния казахов. Ахмет Байтұрсынов был человеком, который с детства стремился к знаниям, а потом все силы отдавал просвещению своего народа. Наверное, занятия наукой ему были ближе, чем политика, но он понимал, что мало просто преподавать науки, нужно менять жизнь людей, поэтому политическая борьба стала важной частью его жизни. Живя в переломное время, Байтұрсынов никогда не изменял своим принципам, даже если знал, что это опасно. Не случайно Мухтар Ауэзов назвал его *«вождём казахской интеллигенции»*.

Творческую деятельность А. Байтурсынов начал как баснописец. В своих стихотворениях он выражал нужды и чаяния казахского народа, его мечту о светлом будущем, обличал лицемерие чиновничьего аппарата, призывал к свету знаний, культуре.

А. Байтурсынов – автор первого казахского букваря. Новый казахский алфавит, названный в честь ученого байтурсыновским, в свое время служил хорошим образцом для всех тюркоязычных народов при проведении реформы письменности. Автором написаны также «Пособие по родному языку», «Изложение курса казахского языка», «Руководство к изучению грамматики», «Развитие речи», различные хрестоматии.

А. Байтурсынов – автор многочисленных критических статей по фольклору, по проблемам современной казахской поэзии и прозы. Им теоретически обоснованы основы казахского стихосложения, исследованы образцы устного народного творчества. В 1923 году в Москве он издает казахский эпос «Ер Саин», сам пишет к нему предисловие, обосновывает издание научным справочным материалом. В 1926 году Ахмет издает сборник «Жоктау» - «Поминальная песнь» - как свидетельство богатства казахского языка, проявившегося в трудные для людей минуты поминовения умерших. В сборнике были опубликованы народные поминальные песни по бию Казыбеку, хану Абылаю и другим известным казахским батырам и героям. [1] Ахмет Байтурсынов, будучи сам учителем в школе, затем преподавателем училищ и вузов Казахстана, также зная законы государства, прекрасно понимал причины кризиса мусульманского образования и возможности развития русского обучения в Степном крае. Значительная часть его трудов посвящена организации школьного и вузовского дел для родного народа. Он был уверен в том, что для благополучия и процветания казахов, необходимо улучшить учебную и воспитательную работу молодежи. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» [2, с.335]. Всем известно, что Ахмет Байтурсынов был главным редактором газеты «Қазақ», которая была наиболее доступна простым гражданам и публиковала статьи, поживотрепещущим проблемам казахского народа. Поэтому, именно здесь были напечатаны его работы, касающиеся обучения казахских детей, открытия школ и обеспечения их нужными принадлежностями, также подбора кадров и организации учебы. Например, в статье «Бастауыш мектеп» он писал: «Бастауыш мектептер жалғыз үкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуін сақтау» [3, с.99]. В работе Ахмет Байтурсынов раскрывает проблемы, решение которых необходимо для культурного развития народа: предоставление правительством возможности каждому этносу сохранить свой язык, письмо и религию.

Ахмету Байтурсынову принадлежат также статьи: «Оқу жайы», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайынын», «Мектеп керектері», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» и др. Главная мысль в этих трудах, на наш взгляд, ярко высказана великим учителем следующим образом: «Балам»

деген жұрт болмаса, «Жұртым» дейтін бала қайдан шықсын? «Балам» деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін «Жұртым» деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой». Далее, он продолжает: «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы» [3, с.60]. Будущее за молодым поколением, поэтому А. Байтурсынов считал, что забота и удовлетворение желающих учиться, стать высокоинтеллектуальными личностями, способными трудиться на благо своего народа, необходимо всячески поддерживать.

Он является автором «Әліппе» («Букварь») и первых учебников на казахском языке. Так, увидевший свет в 1914, 1915, 1925 годах учебник «Тіл-құрал» состоит из трех частей, что соответствовало трех годичной системе обучения. В первые годы независимости нашей страны «Тіл-құрал» был снова издан [4] с комментариями известного ученого, академика Р. Сыздыковой, что подтверждает значимость учебника в то время и сейчас. Ахмет Байтурсынов – ученый и педагог – написал учебно-методические пособия: «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін», «Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I-кітап.», «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс», «Дыбыстарды жіктеу туралы» [5, с.251]. А. Байтурсынов много сил, знаний и энергии использовал для совершенствования и повышения квалификации учителей казахских школ. Он верил, что наступит время, когда будут востребованы высококвалифицированные специалисты, в обучении и воспитании которых велика роль педагога. Известный просветитель вместе с педагогом, специалистом казахского языка и литературы Телжаном Шонанұлы создали Хрестоматию «Оқу құралы» [6]. Далее, он писал о недостаточной изученности казахского языка, поэтому приходится «исследовать его свойства и законы и выводить из них правила. Каждое правило выводится после установления его правильности многочисленными примерами из устной народной литературы. Словом, работа очень трудная, кропотливая, требующая много времени и усидчивости. Считаю свою работу по составлению учебников киргизского языка основой всяких культурных работ... я уделял на другие работы столько, сколько вызывалось это необходимостью» [7, с.54-55]. Ахмет Байтурсынов искренне верил в силу и возможности тех, кто хотел учиться и трудиться в сфере образования и науки. Поэтому, выступая в 1928 году при открытии первого университета в Казахстане, горячо желал, чтобы университет смог оправдать свое название и значение. Он считал, что «Университет – создание высшей культуры, а высшая культура-сумма максимальных постижений человечества в отношении науки и техники». Так как «силу и богатство народа представляет сумма научных и практических знаний, которыми он располагает», то постижение его «есть глубокая жизненная потребность» [8, с.10]. Открытие университета, по его мнению, дает возможность, во-первых, учиться казахской молодежи и помочь своему народу приобщаться к высшей культуре; во-вторых, достичь равенства и справедливости, повышая культурное состояние – залог развития любого народа; в-третьих, явится «первым рассадником работников высшей квалификации в Казахстане» [8, с.11]. Им написаны также статьи,

раскрывающие состояние грамотности казахов, особенности обучения на казахском языке. В них он рассуждает о необходимости изучения, наряду с казахским и русского, т.е. государственного языка. Поднимает вопросы повышения культурного уровня учителей, разработки методики обучения, воспитания гармоничной, всесторонне развитой личности [9, с.18]. Ахмета Байтурсынова заслуженно называют Ұлттың Ұлы Ұстазы. Во всех своих трудах, освещающих вопросы образования казахского народа, известный педагог и просветитель, призывает стремиться к учебе, овладевать знаниями, искусством. Объясняет необходимость духовного развития личности, пропагандирует нравственность, честность, благородство и указывает перспективы роста культурного состояния казахов. Он горячо любил свой родной народ и верил в его незаурядные природные способности, мечтал увидеть свою страну в числе цивилизованных государств мира. Многие из того, над чем он трудился всю свою жизнь, претворяется в независимом Казахстане.

Президент РК в своем Послании народу Казахстана подчеркнул, что: « Ответственная языковая политика является одним из главных консолидирующих факторов казахской нации. Казахский язык – это наш духовный стержень. Наша задача – развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш след. Эта задача, которую самостоятельно должен решать каждый уважающий себя человек. Государство, со своей стороны, многое делает для укрепления позиций государственного языка» [10].

Литература

1. Ахмет Байтурсынов: поэт, учёный, просветитель. - Автор-составитель Л.И.Трусова, заведующая библиотекой КГУ «Школа-гимназия» отдела образования акимата города Лисаковска 2018 год
2. Алаштың тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «КИЕ лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009.
3. Қазақ газеті. Алаш азаматтарының рухына бағышталады. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
4. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992.
5. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Әліппелер мен мақалалар жинағы. – Алматы: «Алаш», 2006.
7. Терновой И.К., Исетова Р.Л. Жизнь, озаренная борьбой. Костанай, 1998.
8. Вестник КазНУ, серия информационная, №3, 1998.
9. Нурғали Р. Вершины возвращенной казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
10. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050». Новый политический курс

состоявшегося государства». 14 декабря 2012 года. Казахстанская правда. 15 декабря 2012 года.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ: «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН ТҰТАСТЫҚ ІСІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Оразбаева Б. Қ.

Павлодар қаласының №19 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі пәнінің
мұғалімі
bibkao@mail.ru

«Қазақ» – қазақ елінің ұлттық баспасөзіндегі тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылдан 1918 жылдарға дейін араб әліпбиімен қазақ тілінде Орынбор қаласында аптасына бір рет шығып тұрады. Газетті – Мұстафа Оразаев, кейіннен «Азамат» серіктестігі шығарып тұрған. Басылымның бас редакторы – қазақтың тұңғыш журналисі, ғалым, ақын, қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлы. Ұлы қайраткермен бірге ұлт ісіндегі қажымас серігі, пікірлес, рухтас інісі екінші редакторы Міржақып Дулатов болады.

М.Дулатов – А. Байтұрсынұловпен жерлес, киелі Торғай даласынан шыққан, ұлы Ыбырай Алтынсарин мектебінің шәкірті, ақын, алғашқы қазақ романының авторы, саяси және қоғам қайраткері.

«Газетте 20- ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бал тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиев сынды әдебиетіміздің дамуына үлес қосқан ардақты ағаларымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалармен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан алғашқы аудармалар жарық көрген» - деп академик Қ.Алдабергенов газеттің тарихи-рухани маңызын көрсетеді [1, 235].

Қазақ руханиатындағы ұлт болашағы үшін қызмет еткен газеттің зерттелуін үш кезеңге бөлуге болады.

1) «Қазақ» газетінің 1913 жылдан бастап 1925 жылға дейінгі кезеңі. Бұл Қазақстан Республикасының билігі басына Е. Голощекин келгенге дейінгі кезеңді қамтиды.

2) Кеңес өкіметі орнаған саясат ықпалымен әміршілдік жүйе кезінде шыққан еңбектер.

3) Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең.

1925 жылы Кеңес өкіметінің болашағына сенгендердің «Қазақты» сынаған бірнеше мақалалары шығады. 1925 мамырында Орынборда «Еңбекші қазақ» газетінде С. Мұқанов «Қазақстанда қандай газеттер болды?» мақаласында «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас Азамат», «Бірлік туы» басылымдары

жайында жазды. Ә. Байділдаұлы «Баспасөз күніне» атты мақала жазып, бұнда «Қазақ» газетін, байшыл, ұлтшыл деп қаралайды. Газеттің тарихи, рухани мәнін ашқан С. Мұқанов басылымның орнын анықтап, маңызын айқындаған еңбегі – 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде» С.Мұқанов «Қазақ» газетінен өрбіп басқа қазақ газеттері жарық көрді» деп оның қазақ баспасөзіндегі өзгеше орнын, үлгі болған қызметін, маңызын ашып берді. Кейінгі Кеңес өкіметі кезеңдегі зерттеу еңбектеріне зерттеуші-ғалымдар Б. Кенжебаев, Х. Бекхожин ғылыми талдаулары кіреді. «Қазақ баспасөз тарихын, оның ішінде Қазан төңкерісіне дейін ұлттық журналистиканың мектебі болған «Қазақ» газетін зерттеушілер турасында сөз қозғағанда есімін айрықша атауға тиісті тұлға – белгілі әдебиеттанушы ғалым Бейсембай Кенжебаев. Оның бұл саладағы қызметі - өз алдына жеке зерттеуге лайық толымды еңбек. Біз бір қырына тоқталайық. Б.Кенжебаев –қазақ баспасөзі тарихы тақырыбында тұңғыш рет арнайы еңбек жазып, тыңға тартқан, соқтықпалы соқпақсыз өмір жолының ыстығына да күйген, суығына да тоңған, алайда алған бағытынан қайтпаған қайсар ғалым, айтулы азамат. Ғалымның «Қазақ баспасөзінің тарихынан» атты тарихи очеркі – осы сала бойынша баспа бетін көрген алғашқы кітап, тұңғыш оқулық. Бір қарағанда, еңбек Кеңес заманы үнімен сарындас, таптық идеология тұрғысынан, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары негізінде жазылғандай көрінуді ғажап емес. Сөйтсек, оның астарлы мән-мағынасы да жоқ емес екен.

Зерттеушінің онсыз да айтыла-айтыла әбден жауыр болған саяси айыптауларды қайталай отырып, бір кездері қалың қазақтың қамқоршысы болған газет-журналдардың, тым құрғанда, аты ұмыт болмай, жаңа ұрпақтың құлағына сіңе берсін дегенді мақсат тұтқанына көзіміз жетеді» [2]. Қазақ баспасөзінің тарихынан ғалым Х. Н. Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» деп аталатын зерттеуі бар. Бұл 1860-1930 жылдардан қазақ баспасөзін бастайды. Оның алғашқы пайда болуы мен қалыптасуы, даму жолдары әр кезеңдердегі басылымдардың қазақ мәдениеті мен қоғамындағы айрықша орнын талдайды.

3) Қазақ басылымдарының, соның ішінде «Қазақ» газетінің тарихын зерттеудің үшінші кезеңі 1991 жылдардан басталады. Ел тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғалым, библиограф қазақ басылымдарын жаңа, егегмен ел көзімен бағалайды. Үшкүлтай Субханбердина «Қазақ» газетінің тарихын 1956 жылдан бастап қолға алған. Әр жылдарын терең зерттеп, әр санын тақырып, автор, ой, пікір т.б. сипаттарына қарай картотекаға түсірген. 1997 жылы «Қазақ» газеті жеке кітап болып шықты. Бұл Ү.Сухбанбердинаның жинаған, зерделеген материалдарымен, баспаға әзірлеуімен кітап болып басылды. «Қазақ» газетінің редакторы болған, қайраткер, ғалым А.Байтұрсынов 19-ғасырдың екінші жартысындағы алғашқы ұстаз Ыбырай, тұңғыш ғалым Шоқан, ұлы ойшыл Абай ізімен, ағартушы-демократтар идеяларының жалғасы. Ұлт болашағы үшін ой мен еңбектерін арнаған Шоқан, Абай, Ыбырайлар дәстүрін 20-ғасыр талаптарымен байланыстырған қазақ даласында жаңа буын өкілдерінің бастаушысы.

Байтұрсынов көсемсөздері – қазақ ұлтының рухани және мәдени, саяси, қоғамдық сипаттарын көтерген публицистикалық шығармалар. Ел тарихын терң толғайтын, өткені мен бүгінін көңіл иірімдерімен жалғастырған сырлары толғанумен, ой салу, ой бөліс пен сөз жарыс, өлең, мысал үлгілерде жазылды.

20-ғасыр басындағы баспасөз халықтың еркіндігі мен бостандығын өз уақытында, өз кезінде талқылауымен мәнді болды. «Қазақ» газетінде тәуелсіздік күрестерінің жырлары, елдікті, мемлекетшілдікті мақсат еткен жұрттың талай ғасырлардағы арман, тілектері, жан сезімдері жарияланды.

Бұл кезеңдегі ұлт оқығандары – зиялы қауым өкілдері ғана емес, ұлтты жеке ел болуға бастаған Алаш зиялылары. «Қазақ» газеті бетінде ел болашағын журналистикамен, әдебиетпен, өз қоғамымен байланыстырған Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев туындылары баспасөз арқылы халықтың бір кезеңін суреттеп қана қойған жоқ. Өз шығармалары арқылы ұлттың өркендеуі мен болашағына керек тақырыптық-идеялық тұстарды көтерді. Ұлт бірігуі, жеке мемлекет болуы жолында күрескен зиялылар ұлтжандылық, елшілдік идеяларды 20-ғасыр басында көтергенімен де, бүгінге дейін өзекті болып қала береді. «Қазақ» газеті ұлттың жаңа бағытты таңдауы, өзгеше дамуы, өсуі үшін қажетті мәселелерді алға қойды. Бодандықтан босап, тәуелсіз жолды таңдаған күрескерлік бағыт қазақтың тұңғыш газетін дүниеге әкелуімен бірге ел бақыты, еркіндігі үшін жанын беруге әзір азаматтардың азаттық идеясын көтеріп, газет маңына ұлт зиялыларының тобын жинады. Ұлт қайраткерлері мақалаларында ұлтқа керек мәселелер күнделікті жаңалықтан бастап, түрлі жанрларда сан алуан тақырыптарды көтерді. Тұңғыш ел газеті 20-ғасырдағы алғашқы жиырма жылындағы халықтың түрлі суреттерін беруімен де маңызды. Басылымның қазақ руханиятындағы бірнеше сипаттары оның қызметтерін де анықтауға мүмкіндік береді.

1. Кең байтақ даладағы әр тайпа, әр руға бөлінген елдің бірігуіне, бір орталыққа мойынсұнуының алғы шарттарын жасады. Қазақ елін біртұтас етіп, ортақ идеяға біріктіруге күш салды.

2. Сан ғасырлар жасалған көркем де, бай қазақ әдебиетінің, мәдениетінің таралуына, насихатталуына және жаңа қоғамға қарай өзге бағытты таңдауына «Қазақ» газеті өзгеше әсер етті.

3. «Қазақ» газеті арқылы баспасөз жанрлары дамыды. Көсемсөз, мақала, пікір, ой қағыс, ой бөліс сияқты баспасөз жанрларының да өркендеуіне әсер етті.

4. Қазақ әдебиетке, жаңа жазылған көркем туындыларға, шығармашылық өкілдеріне газет беттерінде баға беріліп, талдануы да көркемдікті, шынайылықты күшейте түсті.

5. 20-ғасыр басында қазақ әдебиетіне проза жанрын дамыту мәселесін көтерді. Ұлттың әдебиетін өркендетумен бірге ойлауын, танымын өзгертуге мүмкіндік берілері ескерілді. «Қазақ» бетінде алғашқы қазақ романын жазу туралы мәселе көтерілді. Әдеби ортаға керек кеңістікті жасап берді.

6. Қоғамның алмағайып кезеңінде түрлі саяси бағыттар мен көзқарастарға жіктеліп бөлінген ұлт оқығандарының ой таластыра, пікір алмасар, ойларын ортаға тастар, ашық дискусияға түсер көзқарас алаңы да газет болды.

7. Халықтың тағдырына, тіршілігіне қатысты ғасыр басындағы ұлт мәселелелері газет арқылы жалпыхалықтық талқылауға салынып, көпшілік алдына қойылды.

8. Қазақ халқының әр кезеңдегі болашық міндеттері мен мақсаттары белгіленіп отырды. Бұл болашақ тілектер, арман, мақсат, жоспарлардың орындалуының кезеңдік мерзімдері, тәсілдері мен бағыттары анықталды.

9. Басылым арқылы А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар халықтың рухани және материалдық байлықтарын тұтас етті. Халық қалауын, тілегін, мүддесін заманмен біріктіре алды.

10. «Біздіңше, 20-ғасыр басында алаш жұртын, оның көзі ашық азаматтарын осы 1907 жылы маусым айындағы ұлт хұқының аяққа тапталуы оятты. Алты миллион халықтан бірде-бір депутат сайланбады деген сөз – осыншама адамның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын, олардың зәрулігін, мұқтажын ресми өкіметке жеткізетін ешбір жанның болмағаны деген сөз» [3, 136].

Ұлттың күнделікті қажетінен бастап, саяси үлкен істерін де «Қазақ» газеті көтерді.

«Қазақ» газеті бетіндегі саяси ойлар мен түрлі көзқарастардың таласы ұлт оқығандарының саяси-идеялық бағыттарын, ерекшеліктерін де белгілеп берді.

1. «Қазақ» газеті маңындағылар мемлекетшіл-ұлтшылдық бағыты ұстанды: А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов. Ұлтты оятып, халықтың бүтіндігін, тұтастығын қалады.

2. Төңкерісшіл, тапшыл бағытты ұстанғандар – С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Майлин .

3. Жалпы түрік халықтарын біріктіруді көздеген бағыттағы оқығандар – М. Шоқай, К.Төгісов т.б.) «Қазақ» газетінің қазақ қоғамындағы, баспасөз дамуындағы орны туралы ғалым Қ. Сақ: «Біріншіден, Алаш баспасөзі – 20 ғасырдың басындағы қазақ қоғамының шежіресі, дәлірек айтқанда, 1907-1925 жылдар аралығындағы халқымыз бастан кешкен күрделі кезеңнің айнасы. Ендеше оған тыңғылықты зерттеу жүргізу арқылы Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ даласының қайшылыққа толы тарихи жағдайын жан-жақты айқындап, терең тани түсуге мүмкіншілік туды деген сөз. Сондай-ақ басылым материалдары арқылы сол кездегі ұлттық азат ойдың басты арналарын танып-біліп, олардың басы-қасында болған қазақ зиялыларының ұстанған жол, мақсат-мұраттарын анықтауға жол ашылады. Сонымен бірге ұлттық сананың ұйытқысы бола білген Алаш баспасөзінің «пікір тайқазанында» әбден пісілген халқымыздың өсіп-өркендеуіне қатысты негізгі идеялар егемен еліміздің іргетасы жатқан бүгінгі күні де қоғамдық мән-маңызын жоғалта қойған жоқ. Оны зердемізге тоқып, игілігімізге жарату да – уақыт талабы» [4, 244].

«Қазақ» газеті ұлттың болашағы үшін күресер ерлерді біріктірді, қазақ халқын бай мен кедейге бөлген жоқ. Ұлттың халық болашағын ойлаған зиялы

қауымын бір ортаға жинаған Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың сенімді де соңына дейін бірге болған серіктері – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов «Қазақ» газеті ұлттың саяси істерінде көптеген ірі мәселелерді көтерді. 1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде халыққа қажет тұстарды анық көрсетті. Майданға окоп қазу жұмысына кеткен азаматтардың қал-жайын, тіршіліктерін, тұрмыстарын елге жеткізіп тұрды. Тек халық пен майдандағы елдің арасын жалғастырушы ғана емес, сол кезеңдегі ер-азаматсыз қалған отбасыларға қандай көмек керек, майдандағы ер-азаматтарнені мұқтаж етеді деген мәселелерді де көтерді. Ұлт саясатына керек тұстар алғашқы 1913 жылғы санында: «Заманына қарай амалы» деген сөз бар. Мұның мағынасы – заманның түріне қарап іс істеу. Төңірекке қарасақ, түнерген-түнерген бұлттар көрінеді, түбі қандай белгісіз, не боларын білмейміз. Нұр болып жауып, жерімізді көгертіп, несібемізді молайтар ма?

Болмаса дауыл боп соғып, үйімізді жығып, общинамызды шашып тастар ма? Көзіміз бұған жетпейді. Жалаң аяқ, жалаң бас, жендеріміз қиюсыз, тетктеріміз жиюсыз ашылып, шашылып жатқан халықпыз. Күннің не боларына көзіміз жетпей тұр. Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйлеріміз қирамай, общинамыз шашылмай қалуына амал ету керек емес пе? Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі- газет.» [5, 10]. Дем бастаған алғашқы санына бастап, 20-ғасырдың дүрбелеңге толы 1913-1918 жылдар арасындағы саяси істерін баяндап, таратып, таразылып, талдап, халыққа түсіндіріп, әрі сол кезең үшін әр оқиғадан қазақ халқы қандай сабақ алуы керек деген мәселелерді көтере білді.

1918 жылғы соңғы сандары «Жасасын Алаш автономиясы!», «Көркейсін алаш!» деген айдарлармен беріледі. Бұнда автономия болудың шарттары мен жолдары, қиындықтары айтылады. Сонымен бірге «Қайтсек жұрт боламыз» деген мақалада: «Дүние жаралғаны болмаған уақиғаларды төрт жылдан бері көзіміз көріп отыр. Төрт жылдан бері жердің жүзі қанға боялды. Көздің жасы сел боп ақты. Дүние ойран болды. Даңқы жер жарған зор мемлекеттер жоғалуға айналды. Ат төбеліндей аз елдерге есе тиді. Мұндай зор өзгерістер болған емес, мұнан соң да бола бермейді. Әркім қайтсек жұрт боламыз деп жанталасып жатқан себебі осы. Алаш, Башқұрт, Түркістан сияқты халықтар автономия аламын, мемлекет боламын десе бұрын көзі көрмеп пе. Автономияны ауызға алмақ түгіл стражниктің алдында қалтырап тұратын елдер бүгін ту көтеріп, ұран шақырып, өзін-өзі билеудің қамына кірісіп жатыр» [5, 440].

Мақалада бірнеше мәселелер көтеріледі.

1. Патша құлағалы саясаттың өзгермелі болып, белгісіз жақтарға бастап тұрғандығы.

2. Большевиктік үкіметтің қазақ үшін оңай болмасы да айтылады: «Большевик деген бір пәле шығып, Николайды сағындырғаны да рас. Мұнан соң қандай жамандық боларына қара халықтың көзі жетпей, бостандықтан көңілі суынып тұрғаны да рас.» [5, 440].

3. «Осындай қара құрық заманда» қазақтың да бірігу мен ынтымақтасуды, ел болуды ойлағаны қажеттігі түсіндірілді.

4. «Біз келешекті ойламасақ, кейінгі нәсіліміз бізді қарғамай ма, Алла құзырында, тарих алдында біз жауапкер емеспіз бе?!» Ғасыр басындағы төңкерілген дүние бір күндікті емес, болашақты ойландыратын іс екендігін ұқтырады.

5. Елдікті сақтау үшін, ұлттықты бекіту үшін құрбан етуден қорықпау керектігін айтады. Бұған мысал ретінде Түркияны келтіреді.

6. Ел болуды ойрудың басты шарты – әскерін құру. Өз милициясын жасақтау. Әскердің күш екендігі. «Әскер деген сөзден бұрынғыдай ат-тонымызды ала қашатын болсақ, сондай жігімізді ашып,, жер-суымызды қорғап, билігімізді өзіміз алып қалмасақ, күні ертең бізді алдына салып айдап жүруге ие табылады» [5, 441].

«Қазақ» газетін құрып, сол газет арқылы ел тұтастығын, жұрт бірлігін, мемлекет болудың шарттарын ұғындырып, халыққа түсіндіріп отырған қазақтың алғашқы кәсіби журналисі Ахмет Байтұрсынов еңбегі. А.Байтұрсынов «Қазақ» газеті арқылы халықты біріктіріп, бір ортақ пікірге ұйысуға болатындығын, ел мәселелерін бірлесе шешудің жолдарын, жұрт басына түскен қуаныш пен қайғыны да ынтымақпен көтеріп жеңілдетуге болатындығын танытты. Қашанда өзінің терең білімімен, халықпен ұлт дәстүрін игерген, адамзат мәдениетінің үздік үлгісін жетік білетін маман ретінде биязы қалпы мен нағыз оқыған азамат, күрескер ер тұлғасын көрсетті. Өзінің биік тұлғасымен бірге қазақ халқының тұңғыш газеті «қазақты» деа сондай биікке көтерді. Ол биік халық мүддесімен, мақсат-мұраттарымен биік болатын.

Қорыта келгенде, «Қазақ» – қазақ елінің ұлттық баспасөзіндегі тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби газет. Сонымен бірге ел ісінде маңызды насихат, күрес құралы да болды.

Әдебиеттер

- 1 Қырықбай А. Тарих және баспасөз – Алматы: Білім, 2011. – 258 б.
- 2 Сақ Қ. Б.Кенжебаев – қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші // enu.kz/repository/
- 3 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
- 4 Сақ Қ. Қазақ баспасөзінің тарихынан // Кітапта: Қазақ журналистикасы – Алматы: Таймас, 2008, – 352 б.
- 5 Қазақ газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 -560 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІ

Рымбек А. О.

Торайғыров университетінің студенті

Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы қазақ әдебиетін толық зерттеп, нақышын келтіріп, қазақ әдебиетінде ұмытылып бара жатқан дүниелерді жинап, «Әдебиет танытқыш» атты кітабын басып шықты. Кеңес кезіндегі сұм саясат, қазақ әдебиетін, мәдениетін, тарихын қанша жойғысы келгенімен, еліміздің арыстары, Алаштың ардақтылары тынбай еңбек етіп, сақтап қалуға тырысты. Қазақтың тілі мен тарихы үшін жандарын құрбан етті десек те болады. Бүгінде, Алаш ардақтылары ақталып, есімдері Алты Алашқа мәлім болды. Олардың жазған еңбектері мен жасаған ерліктері Тәуелсіз елдің ұландарының мәңгі жүрегінде сақталып қалмақ.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін мектеп бағдарламасына енгізсе, ұрпақтарымызға рухани азық болар еді. Атап айтатын болсақ, «Әдебиет танытқыш» атты кітабындағы қарастырған әдеби талдаулары мен теориялық тұжырымдарын мектеп бағдарламасына сай етіп жазса, және сыныпаралық қалыптарын сақтап, нақышын келтіріп қайта басып шықса, әдебиетіміздің нақты әрі жаңа қалпы қалыптасар еді.

Ұлты үшін жанын құрбан еткен ұлы тұлғалардың еңбектерін елеусіз қалдырсақ, кейінгі ұрпақтың ұлт алдындағы борышы, обалына қалмасына кім кепіл?!

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің негіздерін саралап, жік-жігімен қалыптастырған ұлы тұлға. Керегін алып, қажетсізін назардан тыс қалдырып, үлкен дүние жасаған. Ахмет Байтұрсынұлының жасағанын ешбір ғалым жасай алмады. Бұған дәлел, Қ.Жұбановтың айтқан сөзі: «Ұлт ұстазының жасағанын, әлем ғалымдары жиналып жасай алмаған» деседі.

Әдебиет танытқыш кітабына сүйенсек, мектеп бағдарламасынан өзге, таныс емес ұғымдарға кезігеміз. Бұл ұғымдарға үңілетін болсақ, әдебиетімізді терең түсіне аламыз. Бұл кітапта, әлемдік әдебиет терминдерінің, ана тілімізде түсіндірілетіні ғажап дүние. Әлем түсіндіре алмаған терминдерді Ахмет Байтұрсынов қарапайым тілмен, құлаққа жағымды, әрі көңілге ұғымды етіп түсіндірген болатын. Бұған көпжылдық тәжірибе мен еңбектің нәтижесі әсер етті дегеніміз артық болмас.

Ахмет Байтұрсынов әдебиеттің асылын өнер деп түсіндірді. Қарапайым өнер ұғымын терең зерттеп, оны жік-жігімен саралап, әрбіріне жекеше ұғым берді. Ахмет Байтұрсынов өнердің жалғасы әдебиетіміздің толық қалыптасуына әкеп соғатынын, және нәтижесінде қазақ әдебиетінің қалыптасатынын ұғындырған. Негізінен, Ахмет Байтұрсыновтың қазақ әдебиетін тарқатуы, қазақтың Шежіресі іспетті. Оны, баяндама барысында байқауға болады. Енді, өнер ұғымын қалай тарқатқанын түсіндіре кетейін.

Ахмет Байтұрсыновтың зерттеуінше, өнер екі түрге бөлінеді: көрнек өнері және тірнек өнері. Әдебиетіміздің асылы көрнек өнерінен жалғасын табады. Көрнек өнері ішінен беске бөлінеді: 1)Сәулет өнері; 2)Сымбат өнері; 3) Кескін өнері; 4) Әуез өнері; 5) Сөз өнері (қазақша Асыл сөз, арабша әдебиет, еуропаша литература). Біздің баяндамамыз сөз өнерінен яғни Асыл сөзден тарқатылатын болады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалдың да шығуы тегін емес. Мұны қазақ мал баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан.

Ахмет Байтұрсыновтың түсіндіруінше «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама – қадырынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді...» деген екен. [1, 6-7б]

Ендеше, сөз өнерінің қалай сипатталатынын талдап көрейік. Ойлап қарасақ, сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. [2, 10б]

Бұдан түйетініміз, адам басқа адаммен сөйлескен кезде, осы үш принципті іштей сақтап, ойлап, андап барып бірақ сөйлеуі қажет. Сонда ғана ұқыпты, әрі ұғымды диалог құрай алады.

Ахмет Байтұрсынов, ана тіліміздің бастапқы, әрі соңғы қолданысын сараптап, сөз дұрыстығын, тіл анықтығын, тіл әуезділігін, тіл тазалығын, тіл дәлдігін, тіл көрнектілігін қалыптастырып, әрбіріне жеке мысалдарын жазып, ережесін қалыптастырған.

Оларды саралап кеткенім артық болмас:

1) Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыстығы дегеніміз – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Олай болу үшін, мына қағидаларды ұстанған жөн:

а) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;

ә) Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымырластыру;

б) Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

2) Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынадай сөздерден қашқан:

а) Ескірген сөздерге жоламаған.

ә) Жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

б) Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

в) Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра – араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда

біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады.

3) Тіл анықтығы

Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы сол болады.

4) Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі дегеніміз – ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе әуендес сөздер (синонимдер). Әуендес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдык, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай, яки аңғармай, бір-бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтереді.

5) Тілдің көрнектілігі

Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде, талғау, сөздің көрнекі болуында керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлеген кезде, сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптастырады.[3, 19-236]

Бұның барлығы, Ахмет Байтұрсыновтың қалыптастырған терминдерінің бір бөлігі ғана. Жалпы, Байтұрсынов терминдерінің әдебиеттану терминдерінен айырмашылығы мынада: екеуінің де төркіні бір, бірақ Ахмет Байтұрсынов терминдердің тілдік қолданысына, тілдік құрылымына көп көңіл бөліп, өзге тілден тура аудармай, қазақ тілінің ыңғайына қарап, сөздің ұғымды әрі ұқыпты келуіне зейін қойып, жаңа қазақша терминдерді тайға таңба басқандай етіп жазған болатын. Ал, қазіргі әдебиеттанудағы терминдер жалпылама болып алынған. Оларды қазақша оқыған кезде бірден түсіне кету қиындық тудырады. Әрі олардың негіздері анық ашылмаған. Оны салыстырып байқап көруімізге болады. Мысалы, Қазіргі әдебиеттанудағы метафора, метонимия, эпитет, ассонанс, аллитерация, гипербола, литота, ирония, антитеза, тағысын тағы. Олардың атауы өзге тілден болғаны бір болса, екіншіден түсіне кету қиындық тудырады. Ал Ахмет Байтұрсыновтың терминдері ұғымды, әрі ұтымды болып келеді. Атап айтсақ: ауыстыру, алмастыру, меңзеу, мегзеу, теңеу, бейнелеу, бернелеу, кейіптеу тағысын тағы. Қазақ балаларына қазақ әдебиетін, “Әдебиет танытқыш” кітабына негіздеп, сыныпаралық қалпын сақтап жазса, кейінгі ұрпағымыздың әдебиет тарихы мен әдебиет теориясын өзге ұлттан артық меңгеретініне күмәнім жоқ. Бұған дәлел, “Әдебиет танытқыш”-тың аңдату бөлімінен, жазу әдебиеті бөліміне дейінгі бар қисын деректер. Аңдату бөліміндегі түйін, әдебиеттің өнерден бастау алатыны. Ахмет Байтұрсынов сияқты, Әдебиетті түйнектен, түйінге ұластырған ғалым табылмас-ау сірә!

Қорыта айтқанда, Ахметтің тілі түсінген жанға мол азық. Оның еңбектері, тіліміздің құрып кету қаупінен сақтап қаларына мен кепілдік бере аламын. Себебі, Ахмет Байтұрсынұлы тілдің құрылым-құрылысын толық зерттеп, бізге өшпес мұра етіп қалдырған.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Сахиева Б.

«Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс
студенті

Сапарбайқызы Ш.

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
sholpan_saparbay@mail.ru

Өткен тарихқа сын көзімен қарасақ, төңкеріске дейін ұлт зиялыларының азаттық үшін күресін, өмір соқпақтары мен қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеп-зерделеуге тыйым салынғаны, кейін зерттеле бастағанының өзінде ақиқат тұрғысынан бағасын ала алмағаны баршаға аян. Осындай қазақтың арда ұлы, ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынов болды. Ұлттық ұстанымды берік ұстанған аса білімді, ірі саяси қайраткер А.Байтұрсыновтың ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы әсіресе, халқының сауаттылығы жолында жасаған елеулі еңбектерін, құнды идеяларын дәріптеу, насихаттау маңызды мәселелердің бірі болмақ. Бұл туралы мемлекет басшысы да «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында халық тарихына қайта үңіліп, өткен тарихымыздың тағылымдық тұжырымдарын қайта жаңғыртуға назар аударудың қажеттігі туралы: «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс, - деп тұжырымдады [1].

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, ұлттық болмыс, ұлттық дүниетанымы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасып келеді. Әрбір халықтың өзіндік ұлттық санасы өзін-өзі сақтауға, жетілдіруге, жер бетінен жоғалып кетпеуге негіз болатын өзегі. ХХ ғасырға дейінгі сақталып келген ұлттық болмыс пен сананы жана қалыптасқан дәуірге сай негіздеп, ғылыми ірге тасын қалушылардың бірі де, бірегейі де А.Байтұрсынов еді. Қазақ тілі ғылымының анасы атанған ҚР ҰҒА академигі, филол. ғ.д., профессор Р. Сыздықова «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көш-

басшысы» - атты мақа-ласында «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көш-басшысы, ұлттық ғылымының арқауы. Неге? Басқа ұлттың ғалымдары (орыс ғалымдары): «Қалайша мектеп оқулықтарын ғылымның басы дейсіз?» – деп таңғалады. Әрине, бұрыннан оқу-жазуы бар, ғылымы бар, университеттері үш жүз, төрт жүз жыл бұрын ашылған халықтар үшін ғылымның негізін мектептен бастау оғаш көрінетін шығар. Шындығында, қазақтың нағыз ұлттық ғылымы – қазақ тілі туралы ғылым, қазақтың әдебиеті, қазақтың тарихы туралы ғылым.» Осы мақаласында өзінің ойын ғалым ұстаз әрқарай былайша өрбітеді: «Бұл пікірді бүгін ғана айтып отырған жоқпын. 60-жылдары Душанбеде конференция болды. Онда одақ бойынша түрлі ғалымдар бас қосып, коммунизм кезіндегі тілдер туралы сөз етті. Сонда сөйлеген сөзімде осы ойды айттым. А.Байтұрсынұлын атай алмадым, бірақ: «Қазақ тіл білімі – қазақ ғылымының басы болды. Қазақ лингвистикасы бастауыш мектептің оқулықтарынан басталды», – дедім»- деп жазады [2].

Қазақ халқының төл ғылымның негізі тек қана қазақ тілінде жазылған еңбектермен бағаланатындығын айрықшалап айтуға болады. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының өздік дыбыстарына сай әліпби қалыптастыру арқылы қазақ ұлтының өзіне тән ғылымының негізделуіне орасан зор үлес қосты. Қазақ халқының өзіндік дыбыстық жүйесіне негізделген әліпби арқылы барлық ғылым саласындағы терминдер мен атаулы сөздер ұлттық құндылықтарға сай қалыптасты. ХХ ғасыр басында ұлт жанашырлары жаппай ұлттық болмысқа негізделген ғылыми еңбектер және жалпыға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастады. Алаш қайраткерлері бастаған жаңа бағыттағы ғылыми үрдіс нәтижесінде ұлтымызға баға жетпес қазыналар жинала бастады. Сол кезеңде математика, биология, медицина, география, тарих, филология, педагогика, психология оқулықтары жазылып, білім сүйер қауымға жол тартуы үлкен жаңалық болды. Бұл оқулықтардың барлығыда осы Ахаң әліпбиінің дыбыстық жазуына негізделіп дүниеге келді. Жоғарда абыз ғалым Рабиға Сыздықованың ғылым көшбасшысы деуі осыдан болар деп түйіндеуге болады.

Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» оқу-лығы педагогика ғылымына тыңнан із салған қазақ педагогикасындағы алғаш жазылған оқулық болды. Бұл оқулықта классикалық үлгімен қазақ халқының бала тәрбиесі, оқытудың ділдік мәселесі, педагогикалық-психо-логияның ұғымдары, тәрбиенің түрлері, т.б. мәселелер қарастырылған. Ал, Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» оқулығы жантану ғылымының теориялық іргесін бекітіп берген оқулық болатын.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов жалпы барлық ғылым саласының қалыптасуына қазақ әліпбиін түзу арқылы еңбек сіңірді және сонымен қоса педагогика ғылымын теориялық және әдістемелік тұрғыдан дамытты.

Профессор Б.Әбілқасымовтың сөзімен айтсақ: «... Ахаңның ағарту-шылық, қайраткерлік істері мен оның тіл, әдебиеттану ғылымдарына сіңірген еңбегі ..., қазақ мәдениеті мен ғылымына (оның ішінде қоғамдық ғылымдардың барлығы дерлік бар) қосқан үлесі өлшеусіз мол. Оның мақалаларында әдебиет пен тілді

былай қойғанда, экономикаға, тарихқа, педагогикаға, журналшылыққа, өнерге қатысты ой-пікірлері ұшан-теңіз» [3,20 б].

Бүгінгі таңда педагогика ғылымының дамуына жол сілтейтін, бағыт-бағдар беретін Байтұрсынов ілімінің жасампаздығы, жаңашылдығы уақыт өткен сайын айшықталып келеді.

Жаңа Қазақстан заманында педагогика ғылымы болашаққа жаңаша көзқараспен қарап, санасы бұрын орыстанған, қазір американдана бастаған діліміздің еңкейген тұстарын тіктейтін уақыты жетті.

А.Байтұрсыновтың педагогикасының ғылыми негіздеріне төмендегіше сипаттама жасадық:



Жоғары оқу орындарында «педагогика тарихы» пәнін оқытуда Алаш қайраткерлеріне, әсіресе, Ахмет Байтұрсынов тұлғасына тақырыптар саны молырақ беріліп отыратын. Алайда, педагогика тарихына байланысты жылма жыл сағат санының қысқаруына орай алаш азаматтарын оқыту мүмкіндіктері шектеліп келеді. «Педагогика» пәні бойынша қосымша тапсырма, өзіндік жұмыстарда алаш азаматтарына қатысты зерттеу, сараптау тапсырмаларын беріп отырамыз. Бүгінгі таңда тәуелсіздіктің іргесін бекітіп, жастар бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді жетілдіру мәселесі қолға алынып отырған заманда, ЖОО білім бағдарламаларын тағы бір сараптап, тиімді тұстарын електен өткізу қажет деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазақстан Республикасының Президенті. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Егемен Қазақстан. 05 Қаңтар, 2021
2. Сыздықова Р. ҚР ҰҒА академигі, филол. ғ.д., профессор Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықар. ғыл.-теор. конф. материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.
3. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. – Алматы: Елтаным баспасы, 2017. – 396 бет.
- 4 Тұрғараева Г. М. А. Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 ж. 21-22 сәуір.- Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 432-437 бб.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сарсекеева Ә.Ш.

Павлодар қаласының №34 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі
sarsekeeva-a@bk.ru

Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «[[Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі.

Бұл әліппе оқытудың жана әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды.

Ол тұңғыш төл грамMAT. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ.

Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми

әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады.

Ахмет атамыздың әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді төл дүниесіндей етіп жіберді. Әртүрлі аңдар, әртүрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды әсіресе патша отаршылардың зорлық-зомбылығы, байлардың, жуандардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды А.Байтұрсынұлы жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық дәл айтылатын ойлары да кездеседі. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады. Аудармашы негізгі түп нұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады. Ақын аудармаларында сюжет сақталғанмен еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын таңытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі қысқа болғанымен аудармашының аудармасы ұзақ болып келеді. Мысалы, «Өгіз бен бақа» орысшада-17, қазақшада-36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада-19, қазақшада-76 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада-68 жол. Бұдан біз Ахмет атамыздың жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көреміз.

1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бір талай өлеңдерге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімнің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап

жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

Әдебиеттер:

- 1 “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6
- 2 «Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007
- 3 «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

Сенкебаева Қ.С.

Павлодар қаласының М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
kauiya28@mail.ru

Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар- ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек”- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

Серік Қирабаев

Тағылымы терең ұлт тарихына үңілсек зиялы қауым өкілдері, алаш көсемдері біздің болашағымыз үшін аянбай еңбек еткенін білеміз. Сол алаш көсемінің бірі, ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлов қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1872 жылы 28-інде (15-і) қаңтарда дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын қарапайым шаруа болғанымен, мәрттігі, кісілігі басым, көзі ашық азамат болса керек. Турашыл Байтұрсын ел шожарларымен ұстасып, 1885 жылғы қазанның 12-сінде ояз бастығы Яковлевтің басын жарғаны үшін інісі Ақтас екеуі 15 жылға сотталып, 17 жыл бойы «инжеккенде» айдауда болады.[1]

Ауыл молдасынан хат таныған Ахмет Торғайдағы екі жылдық орыс-қазақ училищесін тәмамдаған соң 1891 жылы керуеншілерге ілесіп Орынборға барып, сондағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Бір қызығы, энциклопедиялық білімді меңгерген айтулы ғұламаның бар оқуы осы ғана. Қоғамдық қызмет пен ғылымда сонша биікке көтерілген оның өз бетінше оқу арқылы осынша білім жинағанына таңданасың...[2]

1895 жылдың 1 маусымынан бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылдық саясатын айыптайды. Кейін екі сыныптық мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жинайды. Ел ішінде оқыған, еркін мінезді батыл ойшылдың бедел, атағы өсе бастайды. Ахмет 1909 жылы 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз 8 ай бойы азап-қорлық көріп, торығады, қиналып ширайды, күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру құқынан айырылғандықтан, 1910 жылы 21 ақпанда түрмеден шығып, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Бұдан кейін Ахмет Байтұрсынов өміріндегі ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталып кетеді. 1913-1918 жылдар арасында "Қазақ" газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарады, халық өмірінің сан-алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.[1]

Ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының ағартушылықты қазақ халқын жарқын болашаққа бастаудың сара жолы деп білген. Оның «Алашорда» үкіметінің басшылары құрамында оқулықтар жөніндегі комиссияға сайланып, 1920-1921 жылдары Қазақстан Халық Ағарту Комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы болды. Белгілі тарихшы К.Нұрпейіс бұл істі – Қазақ ғылым академиясының құрылған кезі деп санайды. 1921-22 жылдары Өлкелік халық Комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы болып қызмет атқарды. «Ұлт ұстазы» аталып, қазақ қоғамы мен мәдениетінің ілгері дамуына орасан зор үлес қосқан көсемдеріміздің бірі Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуы үшін көп және нақты еңбек сіңірген қайраткер. Ол өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі...[1]

Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», – деп жазып, оқудың қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді. А.Байтұрсынұлы осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпби» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928), «Әдебиет танытқыш» (1920), «Баяншы» (1926) атты тұңғыш оқулықтарымен бірге Т.Шонанұлымен бірге «Оқу құралы» (1926-1927) деп аталатын әдістемелік оқу құралдарын жазды. Бұл басылымдар бастауыш мектепте оқытылатын қазақ тілінде оқу, жазу, ұлт тілі, ділі, ұлт тарихы, жағырапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс, т.б. ғылым салалары жайынан көп мазмұнды мағлұматтар беріп, балаларды оқыту ісі барысында маңызды рөл атқарды. Сол кезеңдері Ахмет Байтұрсынұлының «Жастардың оқу тәрбиесі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деген даналық сөзі қанатты қағидаға айналғаны белгілі. Қазақ халқының тарихындағы Шоқан, Ыбырай, Абай жүргізген отаршылдыққа оңдырмай

тойтарыс беріп, қазақ баласын өз ана тілінде сауат ашуына негіз қалаған ұлттық білім беру ренессансының бастауы бола білген А.Байтұрсынұлы 15 әліппе-оқу құралдарының авторы екені айқын. Бұған қоса Т.Шонанұлымен бірге жазған үш «Оқу құралы» және бар. Сонда барлығы 18 кітап екені бүгін мәлім («Тіл құралын» есептемегенде).[3]

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары жағымды пікірлер айтқан болатын. М.Дулатовтың «Ахмет Байтұрсынұлы» мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақалада А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған. Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазған. Қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды. Осы тұста әлеуметтік ахуалды баяндаған цензура көтермейтін мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсыновқа бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетеді, кейіннен абақтыға қамайды. [5]

1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынов зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды. І-ші жалпықазақтың съездің қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахаң 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға қыруар еңбек сіңірді. Қазақ халқының қоғамдық

ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсыновтың есімімен байланысты. 1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. [4]

«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп Сәкен Сейфуллиннің сөзімен қорытындылаймын.

Әдебиеттер

1. Қызыл қырғын. Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. Алматы, 1994. 9-12 бет.
2. Алаш әдебиеттануы. Ісімақова А. Алматы, 2017. 36 бет.
3. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. 25 бет.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2013. 3-5 бет.
5. Әбдиманұлы, Өмірхан. Алматы : Арда, 2007. 5-бет.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Солтанова К. Р.

«Павлодар қаласының №6 мектепке дейінгі гимназиясы» тәрбиеші
kamila.soltan@mail.ru

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының сан қатпарлы шығармашылық тұлғасын, қоғамдық – саяси және мемлекеттік қызметін тануда нақыл сөздерінің алар орны ерен. Тұтас буынның төлбасы, кешегі Ыбырай, Абай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ғалым тілші, қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы, аса көрнекті қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынов қалдырған тау сілеміндей мол мұра – қазақ халқының басты құндылығы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың данышпан кемеңгері. Қазақтың филология ғылымы саласының негізін қалауда айырықша еңбек еткен адам. Мына біздің тіл білімі саласының ғалымдары көбіне оны лингвистикаға тарта береді. Ал шындығына келгенде, оның «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының әдебиет теориясының негізі болып табылады. Қазақ тілі грамматикасындағы «зат есім», «сын есім», «етістік» деген атаулардың барлығы сол Ахмет Байтұрсынұлының тіл біліміне кіргізген жаңалықтары болды. Бұған әлі күнге ешкім алып – қосқан жоқ.

Ахмет Байтұрсынов туралы артығымен білгісі келген жам буын, әрбір қазақ оның өмірін тек қана кітап беттерінен іздемей, Ахаң өмір 1934 – 1936 жылдары өмір сүрген, қазіргі таңда мұражайға айналған. Ол мұражайдың есігін аттаған сәттен бастап, Ахмет Байтұрсынұлының өміріне кіріп кетесің. Оның өзі енгізген әліпбиімен танысудан бастап, жары Бәдрисафа (шын аты – Александра) туралы көп мәлімет білуге болады. Ахмет Байтұрсынұлының өзі қолданған заттарды көргенде, тіптен, қызыға түсесің. Ахмет ағамыздың өзі: Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес – дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен, Өз ауылымның иттері ұрып қапқаны, - деп күйіне жырлағанда жалған жала жабылып «Халық жауы» атанып, түрмеде өткен ауыр жылдарынан көп декеректер аласыз.

Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік бейнесі жайлы сөз қозғағанда алдымен оның алаш зиялылары көсемдерінің бірі болғаны туралы айтуымыз керек. Ол ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық теңсіздіктерді елдік дәрежеде көтерген Алаш партиясының негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды.

Ахмет Байтұрсынұлы өзіне дейінгі сан ұрпақтың қордаланған әлеуметтік жүгін арқалап, ХХ ғасыр басындағы Алаш ренессансын зерделеуге мүмкіндік береді. Осынау құбылыстың басты сипаттары – адамға, ұлтқа, адамзатқа деген гуманизм, тұлға еркіндігі, ар-ұждан тазалығы, сана дербестігі десек, Ахмет ағамыздың нақыл сөздерінің де басты мұраты қазақ дүниетанымына, ойына азаттық рухын сіңіру еді. Телжан Шонанұлы «Ахмет Байтұрсынұлы – халық ағарту және әдебиет саласында» мақаласында атап көрсеткендей, «Қазақ халқы үшін Ахмет ағамыз жасаған әдеби дүниенің көркемдік – әлеуметтік таным әлемінің әсері ғаламат» болды.

«Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіңе түскен қырауды аршып қара» дейді Алаш ардақтысы. Отаршылдық ойрандағы қазақ қоғамының дәуірлік түйткілдерімен бетпе-бет келген ол ұлттың ұлт болып қалу мәселелерін саяси – рухани реформаторлық жолмен шешуге қажыр-қайратын

сарқа жұмсады. Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері – ояну дәуіріндегі рухани және саяси күрестегі елшілдік рух, ұлтшылдық сезім, мемлекетшілдік сана көрінісінң қайнары.

«Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды». Міне, жері жатқа кеткен жұртының қайғы-қасіретіне ем іздеген күрескер «Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл – қазақтың тірі иа өлі болу мәселесі ұстанымымен қазақ мемлекеттілігін қалпына келтірудегі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының өмірлік мақсатын «Қазақтың өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Андаспаған мәселе» және тағы басқа мақалаларымен үстеп отырды. Халқының отаршылдықтағы мүшкіл халін, қоғамдық дамуындағы кем-кетігін көзімен көріп, жан-тәнімен сезінген оның семсер сөзі ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту идеясына қуат дартты. Ояну дәуірінің жетекші күшіне, ұйыстырар өзегіне айналды.

«Қазақ» газеті патша цензурасына алынып, А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласы үшін қудаланғанымен, қайраткер қазақ қоғамын елшілдік ой аңсарымен нәрлендіріп, озбыр империяның ұлтсыздандыру саясатын сынаудағы принциптілігінен тайған жоқ.

Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Міне, ұлтына ақ адал қызмет еткен тарлан тарих талқысындағы ел рухының жасампаздығына, осынау текетіресте қазақ мерейінің үстем шығатынына күмән келтірмеді. Рухы азат, санасы еркін халықтың түптің түбінде болғандықтан арларына сенді.

«Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы». «Өткен – өтті, іздегенмен таптырмайды, қуғанмен, жеткізбейді. Өткенді қуғанды қойып, осы күйінді түзеуге жқн іздеу тиіс». Сондықтан, Ахмет Байтұрсынұлы жұртына өткеннің өкінішін еме, бүгінгінің баяндылығына, келешектің кемелділігіне адастырмай жеткізетін бағыт-бағдар нұсқасы. Кемдіктегі елінің береке бірлігімен теңдікке жету жолында қолға алар қоғамдық істерін көрсетті. Жем болудан құтылудың амалын қарастырды, ілгерілеу жолын айқындады. «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек. Бұл күнде аянбай жатып қалған жұрт, кетіп бара жатқан жұрттардың аяғының астында қалмақ. Қазақ халқы болып жасаймын десе, ілгері ұмытылып талпынатын кезі осы. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек,

тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілімен қатар орыс тіліндегі мақала, баяндамаларындағы нақыл сөздері ой-өріс кеңдігі, дүниетаным тереңдігімен ұйытады. Елдік мұратты, елдік мүддені қорғаудағы азаматтығынан айнымаған қайраткердің интеллектуалды саралаулары, парасатты пайымдары шынайы ғалым, елшіл қайраткер, отаншыл азамат қандай биікте болуы керектігін ұқтырады. Мәселен, түріктанушылар құрылтайы баяндамасындағы ұлттық бірегейлік, әділдік, мәдениет, рухани ықпалдастық мәселелерін сын тезіне салған кемел ойлары – даналық кенішіндей әсерлі.

Қазақ тілі білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы – «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Жаңа әліппе», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» атты ана тілімізде алғашқы оқулықтар, «Оқу құралы» әдістемелік оқу құралын жазған ғалым. Ұлттық жазу реформаторының тіл оқытудың әдістемелік мәселелері, әліпби тұғырнамасы туралы нақыл сөздері – қазіргі отандық білім беру қағидаттарын ұштауда өміршең.

Өнердің шені-шегіне ешкім жете алмайды. Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр. «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» (Ахмет Байтұрсынұлының араб әліп-биін жақтаған баяндамасы). «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек».

Түйіп айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері қазақ халқын отаршылдықтан арылтып, азаттыққа бастаған Алаш қайраткерлерінің елшілдік рухы, ұлтшылдық сезімі, мемлекетшілдік санасы қаншалықты асқарлы болғанын көрсетеді. Ұлттың ұлт болып қауының мәңгілік мәселелері арқау болған нақылдары – қазақ топырағындағы рухани таным, саяси күрескерлік мектебінің тағылымы болуымен қастерлі.

Әдебиеттер

1. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009. - 544 б.
2. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы (сәуір 1920-1928 жж.). 3-том, 1-кітап / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева және т. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2007. - 304 б.
3. "Алаш" қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш / ҚРҰ кітапханасы., құраст. М. Әбілова, А. Нурсейтова.- Алматы, 2005. - 139 б.
4. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы. 2-ші том / құраст. Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева ж. б. - Алматы: Алаш, 2005 . - 432 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Султанаева А.Т.

Павлодар қаласының №9 жалпы орта білім беру гимназия-мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ халқының атақты ақыны, дарынды журналисі, қазақ тіл білімінің атасы- А.Байтұрсынұлы 1872 жылы Қостанай облысында туған. Сауатын ауыл молдасынан ашқан Ахмет Торғай қаласындағы екі сыныптық мектепте, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқиды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлт ұстазы, қазақ тілі біліміндегі терминдердің авторы. Ол ақын ғана емес дарынды аудармашы. Ақын И.А.Крыловтан бірнеше мысалдар аударған, сол үлгіде өзі де қазақ өміріне лайықталған мысалдар жазады. 1909 жылы Петербургте «Қырық мысал» деген кітабы, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Ахмет Байтұрсынұлы алаш көсемдерінің бірі, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Ол Орынборда 1913–1918 жылы Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі, аударма, қоғамдық-саяси, ақындық қырларымен танылып ұана қоймай музыка саласына да елеулі үлес қосты.

Александр Затаевич қызмет бабымен Орынборда болған кезінде қазақтың халық мұрасын жинап, зерттеумен айналысады. Қазақстанның музыкалық фольклорының 2300-ден астам шығармасын жазып алады. «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты іргелі еңбегін шығарады.

Александр Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» кітабының алғысөзінде кітаптың жарық көруіне ықпал еткен бірнеше адамдарды атап өтеді. Оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов та бар.



Ахмет Байтұрсынұлы 1919-1921 жылдары ағарту ісінің комиссары болып істейді. Осы кезде Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ филологиясы мен музыкатану орталығын құруға ықпал жасайды.

Александр Затаевич өз кітабында Ахмет Байтұрсынұлы туған елінің әндерін шын сүйетін, оларды нақышына келтіріп орындайтын, домбырамен екі күйді шертіп бергенін жазады. «Қазақ халқының 1000 әні» кітабында Байтұрсынұлы айтқан 19 әннің нотасы бар.

Ахмет Байтұрсынұлы Александр Затаевичпен көп жылдар хат жазысып тұрған екен. Александр Затаевич өзінің «Әйда, былпылым» және «Тепеңкөк»

деген екі музыкалық пьесасын Ахмет Байтұрсынұлына арнаған. Алайда бірнеше әнді Ахмет Байтұрсынұлының өзі жазғаны белгілі. Байтұрсынұлының өмірбаянын жақсы білетін адамдармен әңгімелескен кезде оның «Аққұм», «Шилі өзен», «Екі жирен», «Қарғаш», «Қараторғай» сияқты кем дегенде алты әні бар екенін естідік.

Байтұрсынұлының есімін жазуға советтік цензура тыйым салғандықтан, оның әндері ұзақ жылдар бойы түрлі жинақтарда «халық әндері» деп көрсетілді. Профессор Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын зерттеуші Айгүл Смақова Ахмет аға әнді орындаушы ғана емес, ән мәдениеті мен теориясын зерттеуге де еңбегі сіңгенін айтады. Ол өзі шығарып тұрған «Қазақ» газетінде Орталық, Оңтүстік, Батыс Қазақстандағы күйлердің орындалу мәнері туралы мақалалар жариялаған. Ал «Әдебиет танытқыш» кітабында қазақ музыкасының теориясы, күй теориясы, халық әндері, қазақ әндерінің басқа әндерден айырмашылығы туралы бөлімдер бар. Мұның бәрін әлем халықтарының әндерімен салыстыра отыра түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынұлы үш бірдей музыка аспабында пианино, скрипка, домбырада ойнаған.

Ахмет Байтұрсынұлы классикалық музыканы өте қатты жақсы көрген. Ол Орынборда мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде классикалық музыкаға көңілі ауады.

Бір басына саясат, ағартушылық, ғалымдық, ақындық пен жазушылық өнерді сыйғыза білген Ахмет Байтұрсынұлының музыка саласындағы зерттеулері менің ойымша әлі де өзектілігін жоймаған тың тақырыптардың бірі деп ойлаймын.

Біз үшін Ахмет Байтұрсынұлының композитор болғаны емес, жан-жақты білімі бар, өнерпаз ретінде де көрінуі маңызды. Халыққа оның тектілігін, бекзадалығын көрсету, басқаша қырынан таныстыру. Қалай болғанда да Ахмет Байтұрсынұлы композитор, ұлт ұстазы, ғалым ретінде қазақ биігінде жарқырап тұрары сөзсіз. Әр еңбегі біздің бүгінгі өмірімізде қолданыста, уақыт алға жүрсе де Ахмет ата жазған дүниелер өз құнын жоймай, халық қазынасына айнала бермек.

Әдебиеттер

1. А.В.Затаевич «Қазақтың 100 әні» 2-бет
2. Аңыз адам журналы №11 2010 жыл
3. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/38337/>
4. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Зерттеу мен өлеңдер Алматы Атамұра 2003 жыл 102 б
5. Г.А.Шоранова «А.Байтұрсынов және қазақтың ән өнері» Музыка әлемінде журналы 2005 ж №1 35-37 бет

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ-ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ»

А.С.Чужаева

Павлодар қаласының №9 жалпы орта білім беру гимназия-мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Алашорда көсемдерінің бірі һәм бірегейі Ахмет Байтұрсынұлын қай қырынан алсақ та, саналы ғұмырын халқына арнаған қайталанбас қайраткер. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суарып, толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Әсіресе қазақ халқының ұлттық санасын ояту мақсатында жазылған “Әліпбиі” қазақтың алғашқы ұлттық сипаттағы әліппесі.

А.Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. [3] Байтұрсынов алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-17 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көрінеді. Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»-деп жазды. [2]

Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа

сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған. **«Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы».** [1] Алаш зиялыларының көшбастаушысы бола білген Ахмет Байтұрсынұлының ғибраттары күні бүгін әр қазақтың жүрегінен орын табатыны хақ.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGR Ltd», 2013.-382 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. «Алты томдық шығармалар жинағы». Оқу құралы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013 – 384 б.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Шакенова Б.А.

«Павлодар қаласының №6 мектепке дейінгі гимназиясы» тәрбиеші
botagoz__9393@mail.ru

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым;
Көл жоқ, көгалы жоқ - қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.
А. Байтұрсынов*

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ахмет қазақ

әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

Торғай өлкесі - ерлерімен аты шыққан, елдік ар-намысымен алыс – қияндарға үлгі берген, сәуле шашқан өлке. Торғай ұлы перзенттер туғызып, қазақ тарихын ұлғайтты. Туған халқының мәдениеті мен қоғамдық ой – пікірлерінің тарихында аса құрметпен аталатын ірі тұлғаның бірі, қазақ елінің мақтанышы, алып тұлға, ұлт көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы туралы сөз қозғамас бұрын азғантай тарихқа көз жіберсем.

XX-шы ғасыр басында қазақ халқы ерекше дәуірлеу үстінде болатын. Енді ғана саяси көзқарастары қалыптасып, ел болуға ұмтылып, елдік алуды көксеген ұлт болашағын ойлаған қазақ зиялылары үшін «халық жауы» деген қаралы тізім басталды.

Нәубет...Осы бір ғана сөз айту былай тұрсын, кездейсоқта есіңе түсіп кетсе денең дір ете қалады. Өйтпегенде ше? Қазақтың сайын даласына келген бұл алапат дауылдың қарқыны күшті, ауқымы кең еді. Осы қарқынды дауылға Ахмет Байтұрсынұлы ілінген еді. Бәле-жала отына күйіп, кесапат күйе жағылып, ұзақ жылдар шыңырау түбіне тасталып, уақыт құмы тұншықтырған Ахмет Байтұрсынұлының мол мұрасы қайта құру қуатымен тіріліп, бүгінгі ұрпаққа жол тартты. Ахмет Байтұрсынұлының тағдыры - қиын, бірақ кісі қызығарлық тағдыр, ғұмыры - ащы арманға толы, алайда адамға өнеге боларлық ғұмыр. Аса ірі халық қайраткері, ағартушы – ұстаз, ғұлама ғалым, көрнекті ақын, жалынды публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиет тану ғылымының негізін салушы, этнограф, алаш ардақтысы, ұлт көсемі жерлесіміздің күреске толы өмірі, мол мұрасы заман өткен сайын қуатты тұлғасы зорайып, еңсесі биіктеп келеді.

Алыптарды дүниеге әкелген Торғай өзені – Торғай жерінің күре тамыры. Тіршілігімізге нәр берген Торғай өзені өзінің бастауын Сарыарқаның кіндігі Ұлытаудан алады. Сахарамыздың ғұламалары бергі жағы қазақ, арғы жағы бүкіл шығыс түркі тілдес халықтардың мақтанышы, аса көрнекті ғалым да, ағартушы қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы ұлтымыздың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннен нәр алды. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей А.Байтұрсынұлы бар өмірін, бар еңбегін қазақ үшін, қазақты қараңғылықтан құтқару үшін аямады. XX ғасырдың басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Яғни, халықты жаппай сауаттандыру үшін бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай қалып қоятынын терең түсінген ғалым жүйесі қазақ жазба тіліне түбегейлі реформа жасады. Араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыздан тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін жасады. Қазіргі таңға дейін Ахмет жасаған әліпби

құнын жойған жоқ және жоймайды да, ұрпақ жалғастығымен жалғаса береді.

Ахмет Байтұрсынов - ұлы реформатор ғалым. Халықты оқуға шақырған, білімнің қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, ұстаздық құрған ғұлама ғалым.

Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген - Ахмет Байтұрсынов. Ол Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық жұмыспен айналысты, жарғақ құлағы жастыққа тимей, масаша ызылдап, туған халқын оқуға, өнер- білімге шақырды, өркениетті елдерден кейін қалып, көрінгенге жем болып жүргеніміз біліміміздің, өнеріміздің жеткіліксіздігінен, оқыса, ілгері кеткен елдер қатарына қосылуға талпынса, қазақ халқы да ешкімге есесін жібермейді, әңгіме талаптануда, намыстануда дейді. Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиі мен оқу құралдарын оқып, сол ғылыми еңбектерінің арқасында қаншама адам сауатын ашты.

Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті.

А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы- оның ақындық, аудармашылық еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды. Саналы өмірге аяқ басқан кезде халық поэзиясы мен А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларын, орыс әдебиетін оқиды. А.Байтұрсынов айналаны тану, білу, сезіну қалпын поэзия тілімен, өлеңмен жеткізуге ден қояды. Өлеңді өзінің ағартушылық идеясына пайдалануды көздейді.

Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет.

Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы, өз халқымен қайта табысты.

Ардақты азамат, халқымыздың саяси әрі рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың елі үшін еткен еңбегі, саяси - әлеуметтік ой- арманы бүг інгі Егеменді Қазақстанда іс жүзінде жүзеге асып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы- ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға”.

Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып кеткендей, Ахмет Байтұрсынұлы абақтыға жабылып, атылғанымен, оның артына қалдырған асыл сөздері мен арман арқалаған ойлары ел жадында, халық жүрегінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ оның істерін жалғастыруда, оның армандаған тілектері жүзеге асырылуда. Себебі, Қазақ елі қазірде өркениетті елдер қатарына қосылып, мәдениеті жоғары дәрежеде дамуда.

Заман өзгерді. Егемен ел атандық. Есімізді жиып, жоғымызды түгендеуге кірістік. Кезінде ұлтымыздың бостандығы жолында күрескен аяулы азаматтар халқымен қайта қауышты. Ендігі халықтың тілеуі – қазіргі ұрпақтың, кейінгі толқындар ата – бабаларымыз басынан өткізген зұламатты көрмесін , тәуелсіз Қазақстанның ұлтжанды азаматы болып еркін өссін дегені. Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын ! Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлындай айбынды болайық!

Қорыта келгенде, қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

«Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы»

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
4. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық» Алматы 2010

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ЗНАЧЕНИЕ ТРУДОВ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА В ПРЕПОДАВАНИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

THE SIGNIFICANCE OF THE AKHMET BAITURSYNOV'S WORKS IN TEACHING THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Абильденова Н.К.

Павлодар қаласы М.Әуезов атындағы ЖОМ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
nabildenova@inbox.ru

Байтұрсыновтың әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб графикасына негізделген. Ол қазақ ғалымдарының бірінші съезінде (Орынбор, 1924 ж.) және құрылтайында (Баку, 1926 ж.) араб әліпбиінің қажеттілігі мен құндылығын жан-жақты негіздеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым мен білімнің қажеттілігін түсіндіріп қана қоймай, білім беруді ұйымдастыруға тырысты. Орыс және татар мектептерінде оқыған ұлт мамандарының ана тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп, ол былай деді: ерте жастан бастап Орыс немесе ноғай тілінде оқыған бауырларымыз қазіргі қазақ тілінде сөз жүйесі мен логиканы жаза алмайды немесе қиын жазады, өйткені олар жазуға дағдыланбағанерте жастан қазақ. Байтұрсыновтың «Оқулық» (1912 ж. Бұл алфавит оқытудың жаңа әдістерін ескере отырып жасалған және 1925 жылға дейін бірнеше рет басылып шыққан.

Оқулық қазіргі әдістеме тұрғысынан маңызды оқулық болып саналады. Байтұрсынов қазақ тілінің тазалығына мән берді. Өзінің өмірбаянында (1929 ж.): «...Орынборға келген соң, мен ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық құрылысы мен грамматикалық құрылысын зерттей бастадым; содан кейін қазақ әліпбиі мен орфографиясын реттеу және оңайлату бойынша жұмыс істедім, үшіншіден, қазақ жазуын басқа тілдерден қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылымды басқа тілдердің ықпалынан тазартуға тырыстым төртіншіден, мен қазақ прозасының жасанды библиялық табиғатынан арылу және оны халықтық сөйлеу практикасына бейімдеу үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым..

Ахмет Байтұрсынов қазақ мектептерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ол пән ретінде қазақ тілі бойынша алғашқы оқулықтарды жазды. Оның үш

бөлімнен тұратын «Тіл — құрал» оқулығы 1915 жылы, фонетика бөлімі, морфология бөлімі — 1914 жылы және синтаксис бөлімі — 1916 жылы жарық көрді. «Тіл-құрал» - қазақ тілінің алғашқы оқулығы. [Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазуының реформаты (infourok.ru)]

Оқулық қазақ тілінің заманауи оқулықтарының негізіне айналды. «Тіл-құрал» қазақ тіл білімі бөлімдерінің құрылымын жүйелейтін және ғылыми негіз беретін зерттеу болып табылады. Оның тілдік ұғымдарды анықтауының ғылыми тереңдігі мен дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Бұл алғашқы түпнұсқа грамматика. шарттарды қалыптастырды. Мысалы, зат есімдер, сын есімдер, етістіктер, есімдіктер, одақтар, үстеулер, предлогтар, баяндаушылар, предлогтар, есімдіктер, сөз таптары, сөйлемдер, күрделі сөйлемдер, үстеулер және т.б. жүздеген ұлттық терминдерді қалыптастырды.. Байтұрсынов «Тіл жұмсар» кітабын және мұғалімдерге арналған "Баяншы" оқулығын практикалық құрал ретінде жазды. Ол қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғалым-педагог. Байтұрсыновтың оқулығында тілдік категорияларды түсіндіру үшін енгізілген «тесттер» және «дағдылар» арнайы бөлімдері қазіргі әдіснамалық ғылым үшін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Кезінде Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-публицист, әдебиеттанушы ретіндегі үлкен еңбегі жоғары бағаланған. 1923 жылы Орынбор мен Ташкентте Байтұрсыновтың 50 жылдығы аталып өтті. С.Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатов, Э. Омаров сынды замандастары баспасөзде мақала жариялап, Байтұрсыновтың Қазақ халқына қосқан үлесін жоғары бағалады. Оның өмірі, шығармашылығы мен қызметі туралы ғылыми пікірлер айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Сенің ағаңның елу жылдық тойының» мақаласында былай деп жазған: «кешегі күнге дейін бәрімізді басқардық, оның өсиеті мен үлгісін әлі күнге дейін есімізде сақтаймыз. Патша үкіметінің зорлық-зомбылыққа қарсы ұрандары мен пікірлері біздің көзіміз бен құлағымызға әлі үйреніп қалған бесік сияқты жылы». Байтұрсынов «қазақтың көрнекті ақыны, журналисті және ұстазы» болды. Ол қазақ тілі орфографиясының реформаторы және Қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы. [Орынбор күнделігі: Ахмет Байтұрсынұлы ізімен... (abai.kz)]

Ахмет Байтұрсынов, ақын, аудармашы, журналист, ғалым, өмір бойы қазақ халқының бақыты, әл-ауқаты мен бірлігі үшін жұмыс істеген көрнекті қоғам қайраткері, қазақ халқын қоныстануға және мектептер ашуға шақырды. Бірнеше оқулықтардың авторы: («Әліпби», «Тілдік құрал», «Әдебиетке кіріспе» және т.б.) шығарылады. Петербургте атты «Қырық мысал» .А. Байтұрсынов М.Дулатовпен бірге 1913-1917 жылдары Орынборда «Қазақ» газетін шығарды. Ол мектепте оқыту, білім беру, қоныс аудару, сауда, басқару, Мемлекеттік Думамен қарым-қатынас туралы айтты. Ол озық елдерге үлгі көрсетті. Ол надандықтан құтылудың жолы білім деп санайды. Мектептерде білімді мұғалімдерді даярлау артты. Ол қазақ әліпбиін жаңартып, араб әліпбиіне арналған жаңа әліпби жасады. Оқыту әдістерінің жетілдірілуін, оқыту әдістерінің жаңартылуын көреді. «Оқыту туралы» мақаласында ол: «академиялық жұмыстың үш жағы үш нәрсеге негізделген». Біреуі ақша үшін,

біреуі құрал үшін, біреуі мұғалім үшін. Егер осы үш тірек тең болса, онда оқу бүгілмейді, ауытқымайды, түзу болады. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ғылыми негізделген бағдарламасы болуы тиіс. Бұл бағдарламада оқулық болуы керек. Оқушыға оқулық арқылы білім бере алатын әдіскер мұғалімге мұқтаж адамдарды тәрбиелейді. [Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық шығармалары - kz »Рефераттар (zharar.com)]

А. Байтұрсынов бастауыш мектепте білім берудің іргетасы қаланатынын айтты. Бастауыш мектепте қандай пәндерді оқыту керек екеніне назар аудара отырып, ол пәндерді ажыратады: оқу, жазу, дін, ұлттық тіл, тарих, бухгалтерлік есеп, ауыл шаруашылығы, қолөнер, география, табиғат. Байтұрсынов осы пәндер бойынша оқулықтар шығара бастады. Ол бастауыш мектепке арналған «Алфавит» кітабын жазды. Ол сондай-ақ екі бөлімнен тұратын «Тиль Жумсар» атты грамматика кітабын шығарды (1925). М. Дулатов «Бухгалтерлік есеп» кітабын және бастауыш мектепке арналған оқулық жазды. Ол сауаттылықты негізгі жазбаша жаттығу ретінде қарастырды. Жазу дегеніміз-әріптерді салу, ал оқу-әріптердің дыбыстарын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажырата білуді үйренгеннен кейін, олар осы дыбыстың символын – әріпті көрсетуі керек.

Ол балаларға оқу мен жазуды үйретудің әдістері туралы айтып, оны игергеннен кейін оқу мен жазудың тірегі болатынын айтты. 1920 ж. қазан айында ол «Тілдерді оқыту» әдістемесі бойынша "Баяншы" атты оқу құралын шығарды. А. Байтұрсынов оқытудың тәрбиелік-танымдық аспектілеріне ғана емес, тәлімгерлікке де ерекше назар аударды. Ол әр пәннің білімі мен тәрбиесін қарастыруды талап етті. Ахмет Байтұрсыновтың Қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихындағы орны Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орны сияқты. Оның өмірбаяны, бүкіл өмірі, барлық армандары туған халқына қызмет етуге толы. Сондықтан оның өмірін жеке адамның, жеке маманның өмірі ретінде қарастыруға болмайды.

Ол халықтың шынайы ұлы, халықпен тығыз байланыста, елде тамыр жайып, елдің ауыртпалығын көтере алады. Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері ретіндегі бүкіл еңбегі, қорлығы, азабы, болашаққа деген үміті – осының бәрі осы ұлы миссияны орындауға, өз халқына соңғы қан тамшысына дейін қызмет етуге арналған.

Әдебиеттер

1. Имаханбет р.с. Ахмет Байтұрсынов: өмірбаяндық деректер. "Ахмет Алаш": Респ. Ғылыми тәж конф. Материалдар.-Қарағанды: "TENGRİ Ltd", 2013.-382 Б.
2. Нұрпейісұлы к. ғасырлар тоғысындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бет.
3. Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін). Бес том. 3 Том- Алматы: " Атамұра", 2002. – 768 Б.
4. "Қазақ әдебиеті". "Алматы 2010" энциклопедиялық анықтамасы.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫН ОҚИТУ

Абилшаикова П.Ж.

Павлодар қаласының №27 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі
perizat-68@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының маңдайына алтын әріппен ойып тұрып жазылған, ұлтының жүрегінде ерекше орын алған, үлкен бір дәуірді басынан кешіріп, ұлт мүддесін қасық қаны қалғанша қорғап, кезіккен қиындыққа да қарамастан отаршылдыққа қарсы күресіп, қазақ ұлтының рухани - мәдени келбетінің заман құбылыстарына сай қалыптасуына өз үлесін қосқан жанашыр тұлға. Ол – өзінің талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман жан. Өз ұлтының бітім-болмысын жетік біліп, заман құбылыстарын қалам ұшына іліктіріп, қоғамның беталысын шынайы бейнелеп, туған халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен еңбектерін ұштастыра білді.

Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тағдыры мен тілі үшін күреске арнады. Сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Сонау ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, еңбек еткен ғалымның шығармалары бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған. Әлі күнге дейін мектеп бағдарламасына енгізілген еңбектері жас ұрпақ өкілдерін тілге деген қызығушылықтарын арттыруға, сүйіспеншілікке, патриоттылыққа, руханилыққа, ізгілікке жетелеуде.

Жыл сайын білім беру саласына түрлі реформалар енгізіліп жатады, сондай бір жаңашылдықтың бірі биылғы оқу жылына енгізілген «Оқуға құштар мектеп» жобасы болды. Бұл жобаның мақсаты: оқушыларды кітап оқуға қызықтыру. Соңғы уақытта халқымыз осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқандықтан, мемлекет тарапынан осы мәселеге ерекше көңіл бөлініп, оны дамытуға ықпал етіп жатыр. Президентіміз: «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», – деген болатын. Осыған орай, жас жеткіншектердің қызығып оқитын кітаптарды оқытудың маңыздылығын ескере отырып, аталған іс-шаралар мазмұны аясында біздің мектепте де «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Күнделікті сабақ барысында оқылым әрекетіне 5-15 минут уақыт бөлетін болдық. Міне, осы уақытты қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен танысуды қолға алдым. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлы аса бай фольклорлық материалды пайдаланған. Мұндағы ойды қазақ ақын – жазушыларының шығармаларынан алынған мысалдар арқылы бекітіп отырған. Ахмет шығармалары ұлайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне

әсер ету жолдарын іздеген, сол жолды орыс әдебиетінен тауып, аударма жасау дәстүріне жүгінеді, яғни жаңа өлең формасы мысал арқылы, жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А. Крылов туындыларын аударған. Осы мысалдардан жоғары сынып оқушыларына оқуға беремін. Шығармаларға талдаулар жасаймыз. Шығармалары барысында иллюстрациялар жасаймыз, қызықты тапсырмалар құрастырамыз. Орта буын оқушылары аса қызыға орындаған тапсырмалары шығармаларға иллюстрация салу болды. «Өгіз бен бақа», «Екі маса», «Қартайған арыстан», «Ат пен есек» т.б. мысалдары суреттелді. Аудармаларын салыстыра қарастырып, талданды. Мысалы, «Өгіз бен бақа» орыс тілінде 17 жолдан тұрады, ал Ахмет аудармасында 36 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада 37, қазақ тілінде 68 жол екен. «Қасқыр мен тырнада» 19 жол орысша, қазақшада 56 жол. Ал «Шымшық пен көгершін» орыс тілінде 10-ақ жол, ал қазақшада 32 жол. Бұл фактілер ақынның дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді қолға ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасаған. Білім алушылар шығармалар тақырыбын, мақсатын, идеясын ауды, өзге шығармалармен салыстыруды қызыға орындайды. Жалпы мысал жанрын аударумен бірнеше ақын айналысқан да, тіпті бір мысалды бірнеше ақын аударған ғой, осы аудармаларды салыстыру қызықты болды. Кей ақын – жазушылар мысалдарды қара сөзбен де аударып берген. Мысалы, «Бақа мен өгіз», «Есек пен қамыс» мысалдарын Ахмет те, ұлы Абай да аударған. «Ат пен есек», «Қасқыр мен тырна», «Айна мен маймыл» мысалдарын Спандияр Көбеев нұсқасы бар, Ахмет нұсқасы да бар. Бірақ Ахмет аудармаларында сюжет сақталады да, еркіндік басым боп келеді, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, жаңа ойлар көп айтылады. Ахмет Байтұрсынұлының мысал жанрына ден қоюының үлкен мәні бар. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол қазақ қоғамы үшін аса қажет үлгі деп түсінді. Адам бойында кездесетін намыссыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық қлық пен зорлық сияқты келеңсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындағы алауыздық, мақтаншақтық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, күншілдік, зорлық, топастық, надандық, қулық, күндестік, үлкенді сыйламау, тойымсыздық, достықты қадірлемеу, жалақорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Оқушылар шығармаларды оқи отыра, талдай отыра шығарманың мазмұнын түсінді, қазіргі қоғамда да осындай адамдардың бар екенін мойындап, мұндай жағымсыз қылықтардан ада болу керек екендігін қолдады.

Бұл әдістен түйеріміз, қазақ ақын – жазушыларының шығармаларын оқуға оқушыларды баулу үшін көркем шығармаларды жас ерекшеліктеріне қарай икемдеп, білім алушыларды қызықтыратын шығармалар таңдау керек. Егер таңдау дұрыс болса білім алушылар ден қойып оқиды, қызығады. Әсіресе, мысал жанры оқушыларға қызықтырақ екен.

Жалпы Алаш тақырыбы мектеп бағдарламасында орын алған, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріне әрбір сыныпта 3-4 сағаттан бөлінген. Бұл азғантай уақыттың ішінде ұлы ұстаз туралы кең мәлімет беру мүмкін емес. Ал

жоғарыда аталған жоба барысында кеңірек қамтуға мүмкіндік туды. Жалпы Алаш, Алашорда туралы ақпарат тарих пәнінен де ұғым беріледі. Қазақ елінің ХХ ғасырдағы ұранына айналған «Алаш» сөзі ғасырлар бойы дамып, мағынасы жағынан кеңейе түспесе, өзінің құндылығын жоғалтқан емес. Алаш – Қазақстанның мәңгілік ел ел мұратын саясат пен руханият тұрғысынан айқындаған, айшықтаған кезең атауы. Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілік мүддесінің үзілмеген арқауы. Алаш деген сөзді естігенде бірден құлаққа таныс есімдер - ұлтымыздың қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов сияқты алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары келеді.

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Осы талапты жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазды. Ол «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынборда шығарылса, 1925 жылы Орынборда 7 рет қайта басылады. Ал 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. 1926 жылы Қызылорда, Ташкент баспалары бірігіп шығарған. Қазақ тілін талдап тануда. А.Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек. А.Байтұрсынов тіл мен әдебиет қана емес, этнография, тарих мәселелеріменде шұғылданғанын айтып өткеніміз жөн. Ахмет ірі тұлға жөнінде өскелең ұрпақ білуі тиіс. Ол кісінің еңбектері бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызы ерекше деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағлымы. – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1991 ж.
2. Аманжолова Д. "Алаш партиясы", – Семей, 1993 жыл.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
4. <https://stud.kz/referat/show/65338>

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ СЫННЫҢ СИПАТЫ

Абильманова С. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Заман өзгеріп, соған байланысты көркем әдебиетке қойылар талаптар да өзгеріп жатқан кезде қазақ қаламгерлері арасындағы жік түсті: бірсыпырасы кеңестік идеология жағына шыға бастады. Қазақ кеңес әдебиетінің туын алғаш С. Сейфуллин көтеріп шықты. Заманның аңдысын аңдып, оған тез бейімделген Сәкендер төңкеріс әкелген өзгерістерді шындығында да халықты бақытқа жеткізер дұрыс жол деп түсінді. Сөйтті де бірден революцияны жырлауға кірісіп кетті. Сәкен осы кездерде өнімді еңбек етіп, кітап үстіне кітап шығарды.

«Оның әлеуметтік және мемлекеттік ісі мен беделі, 1922 жылы табаны күректей үш кітапты бірден шығаруы әрқилы ой-пікірге қозғау болады. Бұл кітаптар жайында жазылған 20 шақты мақала, қағытпа, құптаулардың бәріне белгілі идеялық, көркемдік нысана негіз болады» [1, 152 б.]—деп жазды бұл жайында сәкентанушы Т. Кәкішев.

Революция дауылпазына айналған Сәкеннің әсіресе, «Қызыл сұңқарлар» пьесасы сын садағына көбірек ілінді. «Қоңыр» деген бүркеншік атпен пьесаға пікір жазған М. Әуезов драманың сюжеттік құрылымын, тіл кестесін сынай келіп: «Қазақ пьесасы болып саналуы мүмкін емес. Жоғарыда айтқан әлгі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне оларда қазақтан белгі де жоқ. Бұл кітаптың болашағына келгенде айтатыным сол, қазақ әдебиетінің жұрнағы болып, оның ішінен орын алуы неғайбыл» деген қатқыл пікір білдірсе, төңкерілісшілер, ресми идеология жағындағылар пьесаны өмірге жаналық әкелген «жыл құсына» теңеді: «Қызыл сұңқарлардың» әдебиет майданында жаңа жол көрсетіп, шығуы Қазан төңкерісімен байлаулы нәрсе, оны ұмытпасқа керек. Қоңыр мырза бұл пьесаны қазақ әдебиеті тарихының бетінде орын алуына шектенсе де, біз шектенбейміз. Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымға бұрып, жол салған - «Қызыл сұңқарлар». Сондықтан ол – жыл құсы» [2, 12 б.]—деп, аспанға көтерді.

Бір жылда үш бірдей кітабының шығуы, үшеуінің де революция тақырыбында арналуы С. Сейфуллинді сол кездегі әдеби сынның басты қаһарманына айналдырды. Сәкенді төңкерісшілер жағы жаңа кеңестік әдебиеттің басы деп, ресми басылымдарда насихаттап, марапатты күшейтіп жатса, ұлтшылдар жағы сынды барынша күшейте түсті. Осындай майға от құя түскен мақаланың бірі Н. Төрешұловтың Мәскеуде шығып тұрған «Темірқазық» журналында жарияланған Сәкеннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағына жазған пікір болды.

Нәзір Төрешұлов кезінде Түркістан Республикасының басшысы болған, кейіннен ұлтшылдық, түрікшілдік пікірлері үшін Түркістаннан қуылып, Қазақстанға жол жабылып, Мәскеудегі Күншығыс баспасын басқарып жүрген кезі еді. Ол осында жүріп, «Темірқазық» журналын ашып, қазақ, орыс, татар, башқұрт, өзбек, т.б. тілдерінде шығарып тұрды. Журналдың алғашқы санында Ғаббас Тоғжановтың «Ұлт деген не?», «Ұлт мәселесі», Мәжит Дәулетбаевтың «Қазақ һәм музыка», Әлихан Бөкейхановтың «Керейдің ажалы», «Бекет батыр», «Мырза Едіге», Қошке Кемеңгеровтің «Қазақтың саяси-тарихи тұрмысы» сияқты материалдарының орын алуынан бұл басылымның, оның редакторы Н. Төрешұловтың алға қойған мақсаты мен бағыт-бағдары айқын көрінеді.

«Сыншы (критик) һәр уақыт шынын сөйлеуге міндетті. Шынын сөйлеусыншының парызы. Сыншының «өтірігі» жұртқа зиян, жазушы мейлі «өлетін» болсын, критикасы көңіліне тіпті ауыр тиетін болсын, жазушының мінезі жаман-ақ болсын, «аждаһадай жұтам» деп тұрған болсын, иә болмаса «жат туған бұл дүниеге мен бір ғаріп» деп көзіне жас алып, жалынған болсын, сыншы еш нәрсеге қарамай, өз міндетін атқаруға тиіс! Жазушының жазғанына сыншы би; сыншының сынына оқушы-би» [3]—деп білген Нәзір «Темірқазық»

журналының үш нөмеріне Сәкеннің «Асау тұлпар», «Тар жол, тайғақ кешу», «Бақыт жолында» атты шығармаларына сыни пікірлерін жариялады. Нәзір бетің бар, жүзің бар демей, «шынын сөйлеу – сыншының парызы» деп, үш кітапқа да қатты сындар айтқан. Ол не айтса да жалпылама кетпей, нақтылы, мысалдармен сөйлеп, ойын өткір, ашық айта алған.

Соның ішінде Сәкеннің «Асау тұлпар» (1922) атты жинағы туралы «Қарасам, «асау тұлпар» шынында да «асау» екен, бірақ асау болғанда «білімсіз асау» екен! Дәлел керек пе?! Дәлел керек болса, мен үндемеймін, Сәкеннің өзін сөйлетейін»-дейді де нақтылы мысалдар арқылы талдауға кіріседі. «Мысалы, қатын туралы жырласын»-деп, «Маржан» өлеңін талдайды. Өлеңнің кемшілікті жерлерін келтіріп, оған түсініктемелер беріп отырады. «Орынсыз жерде іс қылып жүрген бір қатынға барып жабыса кету таңқаларлық: бірақ ойлап қарағанда, таңқалатын дәнеңе жоқ. «Жұмыста жүргенде» ісі бар ма? Сөйтсе, Сәкен «қайғысын» ойлап жүргенінде, есіне заман түсіп кетіп, ұялғаннан өлеңін былай аяқтайды»-деп, оған мысал келтіреді. Өлең туралы талдауын «Маржан білмейді енді: білегін ақынның мойнына артсын ба жә болмаса, «бай қызындай керілмей, іс істесін бе?» Менің ойымша, ең жақсысы, іс уақытында келіп, «білегінді артшы мойныма» деп, қарқылдап жүрген кісіні сол «күрекпен» басқа салып қалу керек. Болмаса, бұл өлеңде не бар? Революцияның бізге берген не көркемдік сезімі, не ақлақы, не ақылы! Бұлардың ешбірі болмаған соң, жауабы керек болады» [3]деп аяқтауында ащы мысқыл, қатқыл сарказм жатыр.

Осы сияқты «Марияға», «Жазғы түнде», «Надежда, Үміт, Омила» деген өлеңдерін де «Мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады, бір-бірімізді құшақтадық» дегеннен басқа «білімді» білмейді. «Кейде сабаз жас қыздарға да кез келіп қалды» [3]-деп сынаған. Сәкеннің махаббат тақырыбында жазылған өлеңдері жайлы ойларын «Кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйел, махаббатқа арналған. Бірақ байғұстың білген әйелі осы. Бөтенін білмейді, көрмейді. Бірақ трагедия мұнда емес. Білмегендігін өзі сезбейді. Міне, трагедия қайда?» [3]-деп, қорытқанда, сынның қара бұлтын қоюлата түскендігі көрініп тұр. Осындай тәртіппен Сәкеннің «Айт күні», «Азия» өлеңдері де өз «сыбағаларын» алған.

Нәзір Төреқұлов: «Сөздің қысқасы: мұндай білімсіздікпен өлең жазып, әуре болып жүруінің өзі-ұят. Білімсіз болғанда, ұятты болу керек. Болмаса Еуропаны жамандау керек болса, ауылда жүрген әншейін бір қарт ақынға: «Базарбай, кәне, бір Еуропаны жамандап бер» [3]-десең, сол да шамасы келгенше жамандап берер еді. Сол Сәкеннің өткізбесе, қалыспас еді. Бірақ не пайда?

Жамандағанда біліп жамандау керек. «Уа, Еуропа, Еуропа» дегеннен болмайды. Әдебиет «митинг» емес. Біздің міндет-Еуропаның білімін, техникасын алып, капитализмнің бізге керекті өнерін үйреніп, кеңес үкіметін көркейту, күшейту... Жаңа өлеңдерінен Сәкеннің өз ақылыменен жазғандары түкке жарамайды»-деп, түгін қалдырмайды. Қыза-қыза келе тіпті Сәкенді түкке алғысыз етеді. «Не десең де байғұс Сәкен өзінен шығарып бір ұнамды, пікірлі өлең айта алмаған. Бір жақтан порнография жазған, бір жақтан Азия мен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын жұртқа үлестіріп берген, бір

жағынан, өзінен жазып шығарып жазуға тура келгенде, «білімсіздігін интернационализм қылып көрсеткен» кісіні революционер ақын деп айта алмаймыз» [3]. Ащы мысқылға, кекесінге, ажуаға толы рецензияда кейде тым қатты кетіп қалатын жерлері де бар. Сәкенді «сабаз», «байғұс» деп кекетеді, «Сабаз жас қыздарға да кезек келіп қалады», «байғұстың білген әйелі осы» дегендердің сынның этикасына сия бермейтіндігі анық. Мұнысын

Нәзірдің өзі де біліп отырған сияқты. «Әдебиетте-көпшіліктің жазғаны әр уақыт «қатты тергеуден» өтуі тиіс» [3]-деп, қатты кету себебін түсіндіреді.

Көп күттірмей-ақ Нәзірдің бұл пікіріне қарсы, Сәкен Сейфуллинді жақтаған мақалалар қаптап кетті. Солардың ішінде Сәкеннің ізбасары С. Мұқановтың «Сынға сын» атты мақаласы ерекше көзге түсті. Онда: «Нәзірдің бұл сыны-қазақ совет әдебиетіндегі алғашқы сын мақалалардың бірі», «Нәзір Төрөқұлұлының сын жаза бастауы жақсы беталыс» дей келіп, «Нәзір «Асау тұлпарды» қолына алғаннан-ақ о жақ, бұ жағын сығалай қарап, ішінен сөкет нәрсе табуға тырысады. «Асау тұлпардағы» жақсы шығармалардың ешқайсысын көрмейді... тек бұл жинақтың қате-кемшіліктерін ғана тереді» [4]-деп, Нәзір Төрөқұловты кінәлады. Нәзір айтқан пікірлерге партиялық тұрғыдан дау айтты. Тұлпардың сүрінген, жығылған жерлері де бар» [4]-деп, Нәзір сынын түгел жоққа шығармай, жалпы негізімен келіскендей де болды. «Бірақ ол қазақ еңбекші табының мүддесінен туған бірінші көркем шығарма» [4] екендігін қатты ескертеді.

Н. Төрөқұлов С. Сейфуллиннің «Бақыт жолында» атты пьесасын да сәтсіз жазылған деп тапқан. «Бұл міндетті жазушы өз шамасынша жығыла-сүріне орындаған»-деп, ондағы кемшіліктерге, әсіресе махаббат тақырыбының қалай шешім тапқанына шүйіледі: «Сәкеннің айтатыны баяғы бір Қаратау, баяғы бір сөз «мен оны құшақтадым, ол мені құшақтады», «тіршіліктің мәнісі-сүю, құшу!» ... деген-«терең» сөздерімен Сәкен «ақын» жүрегін айнытып бітірді» [3].

Сәкен десе тілі қышып тұратын Нәзірдің тілі мұнда да мірдің оғындай діттеген жеріне қадалып жатады. «Темірқазықтың» өткен санында «Асау Сейполлаұлының үлгілі дәмді өлеңдерін жырлағамыз. Сорлы «асау тұлпардан нені көрсек, «Бақыт жолында» да сол көргенімізді растап отыр» [3],-деген жолдардан Нәзірдің тіл күдіретін шебер меңгергендігі көрінеді.

«Тар жол, тайғақ кешу» туралы да Нәзірдің Сәкенге қояр талабы жеткілікті. Алдымен, шығарманың жанрын белгісіз деп кінәлайды. Оның сол кездегі қазақ қоғамының көркем бейнесі бола алмағанын сынайды: «Оның бар білгені-анық саяси айтыста есепке кіре алмайтын толып жатқан біртұтас боқтық, сөгу, былапыт, балағат. Міне, төңкеріс қозғалысының тойын Сәкен осылай қылып, жұртқа осындай табақ тартады» [3]. Романда кейбір қайраткерлерге берілген бағамен келіспейтіндігін айтады. Шығармада «далада қонғаны, тоңғаны, не жылынғаны», Сәкеннің өзі домбыра шерткені, «кәрлен кесемен қымыз ішкені, қызбен қыдырғаны» суреттеле бергенін, яғни өзін марапаттауға құрылғанын қатты сынайды. Шығарманың олпы-солпы жерлерін, жанр талаптарына жауап бермейтіндігін қадап көрсеткен. Нәзірдің бұл

пікірлерімен Сәкеннің өзі де келіскен, бірақ арына тиетін артық сөздеріне реніш білдірген.

Нәзір Төрекұловтың сыншылық мұрасынан байқайтынымыз – қай туындысын алсақ та, өз кезеңінің желпінісін, келелі істердің әуенін, дәуір үнін, сол оқиғалардың лебін сезініп отыруға мүмкіндік бар. Нәзір Төрекұлов өмір кешкен дәуір мен орта өзінің күрделілігімен ерекшеленеді. Сыншының өз заманында атқарған ісі мен сыншылық мұрасы әдебиет тарихындағы тұтас жүйе болып саналады. Ол-қазақ елінің ұлт мәселесіне, тіл, әдеби-сын мәселесіне үн қосып, бірнеше дүркін мақалалар жазып, қоғамдық-саяси мәселелер төңірегінде публицистік және сыншылық қарымын танытқан қоғам қайраткері, мұсылман халықтары арасынан шыққан тұңғыш елші ғана емес, қаламы қарымды журналист-сыншы ретінде қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар тұлға.

Әдебиеттер

1. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы, 1982. – 210 б.
2. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1992 (№ 2, 3). 3 Төрекұлов Н. Темірқазық. – 1922 (№ 3).
3. Мұқанов С. Сынға сын // Еңбекші қазақ. – 1926, 31 қаңтар.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Абишева Г.М.

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
abisheva.gulim.m@mail.ru

*Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды.
Халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір
басын бәйгеге тікті
Сәкен Сейфуллин*

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілі мен оның өркендеуіне үлкен үлес қосқан ғалым. Алғаш әріппен жұмыс жасап, балалар әдебиетіне көп көңіл бөлген. Жасөспірім шағынан бастап білімге көңіл бөліп, адамдарды оқу мен әдебиетке тартқан. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазу қандай мақтаныш!

Қазақтың маңдайына біткен заңғар ғұлама туралы айтқан кезде көз алдымызға оның еңбектері мен сыршыл дүниелері көз алдымызға келеді. Ахмет

Байтұрсынов әліппенің негізін құрап, өмірін осы білімге арнаған. Үнемі балалардың ата-анаға деген мейірімдігін ашу үшін, олардың өмірі үшін жұмыс жасады. Түрлі шығармаларды шет тілден қазақ тіліне қарай аударып, оны көпшілікке ұсынған. Және де оның арманы балалардың, болашақ ұрпақтың саналы болуы еді. Олардың жақсы білім алуы болған десем де болады. Ол үлкен ойшылдардан тәлім тәрбие алған, олардың әрқайсысы ақынның өмірінде алар орны ерекше. Көптеген ойшылдар осы Ахметке қарап бой түзеген.

Ахмет Байтұрсыновтың ел үшін елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Ахмет Байтұрсынов 20 ғасырдың 20-30 жыл тарихында ерекше орыны бар, аса сауатты, салауатты, ірі саяси қайраткер болған.[1, 512 б] Ол өзінің ерекше зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға өз көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. “Әдебиет танытқыштағы” қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық жағын сипаттап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласың. Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа тарихшы, тілші-лингвист, журналист, заңгер, педагог ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп жатыр.[2, 66б]

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет майданындағы есімі әр жас ұрпақ жүрегінде Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы, тарихтағы орны ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері аса жоғары бағаланған. Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау болашақ алыс өрістерді көруге келгенде алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай Ахмет Байтұрсынұлының әуелі тарихтағы орнына тоқталып өткен жөн. Ақан ашқан қазақ мектебі, ақан түрлеген ана тілі, ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды деп ұлы данышпанымыз Абай есімін бар әлемге таныстырған Мұхтар Омарханұлы Әуезов айтқан болатын. Ахмет атамыздың тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі.[3, 18 б]

А.Байтұрсынов қазақ халқының болашағы, қазақ тілі мен ұлттық мәдениетінің болашағы жас ұрпақтың білім дәрежесіне, рухани және имандылығына байланысты деп түсінді. Белгілі ұстаз, әділет жолындағы

күрескер қазақ халқының тәлім-тәрбие мәселелерін қамтитын барлық шығармаларында халықты білімге ұмтылуға, өнер мен мәдениетті игеруге шақырады. Халықтың мәдени әл-ауқатының өсуінің, қазақ тілінің, оның әдебиетінің өркендеуі мен дамуының шарты ретінде тұлғаның рухани дамуының қажеттілігін түсіндіреді, адамгершілікке, адами құндылықтарды сақтауға шақырады. Ал ол өз халқының болашағын бүгінгі тәуелсіз, өркендеген, өркениетті мемлекетке айналдыруын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы бекітеді: «Жаңа саяси-экономикалық курс ... жастарға жақсы білім беруге бағытталған, бұл одан да лайықты болашақты білдіреді». Ол да Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақстандықтардың жаңа ұрпағына сенеді, өйткені «ол әрқашан оқуға, өсуге барлық жағдайды жасауға тырысты. Мемлекет жастарға жаңа мүмкіндіктер ашу үшін қажеттінің барлығын жасауда» [4].

А.Байтұрсынұлы идеяларының рухында тәрбиеленген жас ұрпақ оның қазақ тілі саласындағы әдістемесіне, іліміне сүйене отырып, рухани-адамгершілік, өзін-өзі құрметтеу және өзін-өзі таныту идеясына қанық болды.

Ахмет Байтұрсынов қазіргі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұрасынан қазақ тілін зерттеу әдістемесінің негізін қалаған әдіскер ретінде белгілі. Біздің заманымызда ұлы ұстазымыз қарапайым қазақтың сауатын ашқан – «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. Оқулықтар әлі де құнды әдістемелік, лингвистикалық еңбек екені даусыз. Ғалымның айтуынша, «Әдіс – қажеттіліктен туындайтын нәрсе. Қазіргі білім кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты оқытудың әртүрлі әдістерінің ерекшеліктері мен принциптерін айқындайды. Өткенге көз жүгіртсек, бүгінгі оқытудың инновациялық технологиялары Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын айта кеткен жөн. Мұны біз балалар мен ересектерді сауаттылыққа үйретуге арналған біздің заманымыздың оқулықтары мен шағын мақалаларынан көреміз. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш сыныптарға арналған «Әліппе» (Жаңа құрал) оқулығының айқындылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, өзектілігі, т.б. Оның дамыта оқытудың дидактикалық ұстанымдары идеясын басшылыққа алғаны анық. Себебі, автор бұл шығармасында білімнің белгілі бір жүйемен, тәртіппен берілетінін ескере отырып, балаға әлі күнге дейін келетін білімді ғана ұсынады. Баланың ақыл-ой қабілетін дамытумен қатар, оны іс-әрекетке үйретуді де ескерген. [5, 18 б]

Отандық тарихта өзіндік орны бар қоғам, мемлекет қайраткерлерінің бірі - ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсыновтың өз үргізген жанпида күресі келер ұрпақты патриоттық тәрбие беруде үлгі болмақ. халқын ұйқыдан оятып, бостандық, теңдік және туысқандық жолына салу үшін інде қазақ елінің тарихын қайта жаңғырту үстінде. Үшіншіден, ұлы қайратжекіншіден, бүгінгі күнде ахметтің азабы мол еңбегі азаматтықтың биік үлгісі реткер күрескердің еңбегін мүдірместен демократиялық дәстүрлерге берік бүгінгі қазақ, Қазақстан республикасы зиялылары қайталайтындығына біздің ешбір күмәніміз жоқ.

А. Байтұрсынов өзінің саяси күресінің алғашқы қадамын ауыл мектептерінде мұғалім болудан бастады, олай дейтініміз, қараңғы халықтың сауатын ашып, білім беру арқылы бодандықтың бұғауынан босануға болатынын жақсы білді. сол үшін ерінбей еңбек етіп, қазақ балалары үшін әліппе құрастырып, қазақтың төл мәдениетін көтеруге кірісті.

Оның қатысуымен құрастырылған «Қарқаралы петициясы» саяси бостандықпен теңдікке жету және ұлттық езгіге қарсы тұруды жариялаған қазақ халқының тұңғыш құқықтық құжаты болып табылады. Алаш көсемінің патша үкіметінің саясатына қарсы алғашқы ашық қарсылығы болатын.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Москвада шығарды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі - «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйер болсам, Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің реформаторы, теоретигі әрі қазақ тіл білімінің атасы ретінде әрқайсысыздың жүрегімізде сақтала бермек. Ақаң — қазақ көсемсөзінің атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. Ақаң ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. Ақаң сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ақаң және Ақаң мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін

күресуде. Сондықтан да халқының Ақандай адамдары сол халқы барда мәңгі жасайды, тарих көшінде ұмытылып қалмайды.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А.Қазақ тілінде оқыту туралы // Қазақстан педагогикалық ой антологиясы / Құраст. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1995. – [1, 512 б]
2. Байтұрсынұлы А.Бестомдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: «Алаш», 2004 ж. [2, 66б]
3. Байтұрсынов А.Мектеп қажеттілігі // Қазақстан педагогикалық ой-пікір антологиясы / Құраст. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1995. – [3, 18 б]
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». 2012 жылғы 14 желтоқсан. Қазақстан шындығы. 2012 жылғы 15 желтоқсан. [4, 67б]
5. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. «Ақпарат» сериясы.- №3. 1988. [5, 18 б]
6. <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12608/>

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Абылқасова З.А.

Павлодар қаласы №16 лицей- мектебінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
abulkasova@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлының есімі барша оқырман қауымға таныс болғанымен, оның өмірі, ағартушылық жол туралы кей деректерді біле бермеуі мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ даласының "Сегіз қырлы, бір сырлы" деп аталатын атақты , талантты әдебиеттанушы, терең ойшыл, жарқыраған публицист, жанқияр саясаткер, ізденуші ғалым, керемет ұйымдастырушы және өз халқының дамуына қызығушылық танытқан қоғам қайраткері болды. Энциклопедиялық ақыл мен ерекше қабілеті бар, өмірді жақсы көретін және айналасындағы адамдардың тағдырына бей-жай қарамайтын адам. Айналасындағылардың барлығын өзінің таусылмайтын қуатымен терең мағыналы тіршілігімен тарта білді. Ахмет Байтұрсынұлының сан қилы оқиғаға толы өмірі бүгінгі күні де адамдарды таңғалдырады және өмір сүруге, жасампаздыққа деген ұмтылысын оятады!

Халқымыздың өмірінде және бүкіл Еуразия кеңістігінде болып жатқан "өзгерістер дәуірінің" драмалық оқиғаларына қарамастан, оның өмірін конъюнктуралық деп айту қиын, дегенмен ол әрқашан ең өзекті әлеуметтік

проблемалардың басында жүрді. Сонымен қатар, оның қоғамдық өмірге ат салысуындағы әрекетін өте дәйекті және мұқият деп айта аламыз. Ахаң басы қасында болған жобалардың әрқайсысын кемелдіктің шекті деңгейіне жеткізді. Қазақтың Ахметі халқы үшін, - " түнгі аспанның төрінде жарқырап тұрған шоқ жұлдыз!»

Ахаңның өміріндегі ең маңызды істер қатарына үш ірі бастамасын жатқызуға болады: Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатовпен бірлесе отырып, өз заманы мен бүкіл қазақ халқы үшін тұтас ұлттың сауаты мен білім айнасына айналған "Қазақ" газетін басып шығару; Араб графикасын қолдану арқылы "Төте жазу" жасау және "Алаш-Орда" үкіметінің қызметіне қатысу. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың өмірінде өзгеде айтулы оқиғалар болды, алайда дәл осы оқиғалар қазақ халқының өмірінде терең із қалдырды, оны өз елінің көрнекті ұлы етті, оның тәуелсіздігі туралы арманын асқақ етті.

"Қазақ" газетінде сол кездегі қайта өркендеген қазақ қоғамы үшін танымның кең көкжиегін ашқан мазмұны терең және тақырып бойынша алуан түрлі материалдар басылып шықты. Осы басылымның арқасында қазақтар қазіргі өркениетті ұлттың қалыптасуы жолында өте маңызды қадам жасады деп айтуға болады.

Дәстүрлі көшпелі қазақтың "ұзын құлағы" осы газеттің арқасында ақпарат беру құралынан ұлтты тәрбиелеу және кеңінен ағарту құралына айналды. Қазақ зиялыларының айтуынша, бұл белгі қазақтар арасында Еуропалық ғылым мен өнердің таралуын, "Қазақ" газетінің қазақ халқы үшін мәдениеттің терезесіне айналуын және өзгелердің зиянынан қорғаушысы болу ниетін білдірді.

Қазақ халқында текті туған, ғұмырын ізгілікке арнап, ел дамуы жолында ат салысқан азаматтар жетіп артылады. Шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Ахмет Байтұрсынов десек, артық айтпағанымыз болар. Саналы ғұмырын сауат ашуға арнап, қарабайыр халықтың көзін ашуға ұмтылған жан, қазақтан шыққан тұңғыш ағартушы екені мәлім. Өзінің өткір тілді өлеңдері, жыр-жинақтары арқылы халқының құлағына маса болып ызылдап, ұйықтап жатқан халықты оятуға талпынған, жанды жерінен шағып, болашаққа зер салуды насихаттайды. Қазақ қоғамында оқу саласына ерен еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынов, араб жазуы негізінде жасалған тұңғыш әліпбидің дүниеге келуіне түрткі болды. Өзінің қолға алған жобасы негізінде, топ алдына шығып, баяндама жасаған сәтте, ағартушы ғалым: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп айтқан болатын. Кіріктірілген сөздер, әріптердің балаларды оқып, игеруіне қиындық тудыратындықтан, барынша жеңілдетілген, тілге оңай екендігін алға тартып, «Оқу құралы» қазақ әліпбиінің баспада жарияланып, қара домалақ балалардың қолына тиіп, көзін ашуға өз ықпалын тигізді. Аталмыш оқулық әлі күнге дейін өзінің маңыздылығын жоймай, құнды дүниелер ретінде бағалануда. Айта кетейік, қазіргі біздің білім беру жүйесінде талай жылдар бойы қолданыста болып,

кейінгі жылдары өзгеріске енген «әліппе» оқулығы да биыл жанданып, қайта шәкірттердің қолына табысталатын болды. Оның алғашқы бетінде, Ахмет Байтұрсыновтың болуы да бекер емес. Жалпы, өзі жазылған өмірбаянда ол: «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзгетілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым», деген болатын. Талай жылдық зерттеу, тынымсыз еңбек, алға қойған мақсаттың арқасында ғалым өзінің тырнақалды туындысын көпшілікке ұсынып, жемісті нәтижесі көп уақыт өтпей-ақ байқала бастады.

«Тіл құрал» қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Ол жерде тек жазылу, оқылу емлесі ғана көрсетіліп қоймай, нақты дәлелдермен анықтамалар, грамматика, терминдер кеңінен қарастырылған. Мысалы, бүгінгі күнге дейін қолданыстан түспей келе жатқан зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа, т.б. көптеген терминдерге түсінікті түрде анықтама беріп, сауап ашуға негіз болған. Әрине, бастапқыда балалар үшін бұл ұғымдар құлаққа түрпідей тигенімен, уақыт өте келе, сөйлемдердің құралу барысы, талдау жүйесіне бірізділік қалыптасып, әр бөлшекке мән беру нақты түрде жүзеге асырылды.

Талай жанның өміріне шуақ болып шашылып, талай жанның шамшырағын жағуға ықпал еткен азамат, тек білім саласында орасан тер төгіп қана қоймай, баспа саласының дамуына да үлкен көмегін тигізді. Тұңғыш, жалпыұлттық «Қазақ» газетінің жарыққа шығуына түрткі болған, дәл осы Ахмет Байтұрсынов болатын. Саясаттан хабар-ошар тарапын, халықпен тікелей байланыс орнатқан басылым адамдарды үнемі ілім-білімге де үгіттеп отырды.

Оған қоса, нар тұлға Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі ретінде тарихтан жақсы таныс. Тіпті, отаршылықтың отты лебі оның отбасына да өз кесірін тигізіп, қазақтың текті ұлына жала да жабылды. Әрине, ұлттың ұранын ұлықтаған жанды Патша үкіметі аса жақтыра қоймағаны анық. Алайда, қазақ үшін, Ахмет Байтұрсынов қашан да, биік тұғырдағы, төбемізге көтеретін ұлт ұлы екенін қанша ғасыр өтсе де дәріптеп өтпек.

Тілі таза, намысы өжет, текті тұлға қашан да ұрпақтардың ықыласына бөленіп жүре бермек. Тұңғыш ұстаз, ағартушы, ұлт жанашыры, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, нар тұлға. Осындай игі қасиеттердің бәрін бір бойына ғана сіңіре білген абзал азамат, Ахмет Байтұрсынұлы!

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЗАМАНУИ ҮРДІСТЕРІ

Айтмуханбетова С.К.

Павлодар қаласы, Жетекші орта жалпы білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Ана тілін дамыту, қорғау дегеніміз – өз ана тілінде таза сөйлеу және оны жақсы біліп, туған анадай сүйу.

«Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», -деп әуел бастан Ахмет атамыз айтып кеткендей біз қазақ деген ұлтымызды әрқашан қолдап, дәріптеумен қатар тіліміздің сақталып, өрістеп өркендеуін ойлап биіктен көрсете білуіміз керек.

Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Сондықтан да қазақ тілін орыс сыныптарында жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабы. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты шындалады. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыта отырып, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне мүмкіндік тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық әдіс-тәсілдерін меңгеру–үлкен істің бастау көзі.

Қазіргі білім саласында оқытудың жаңа технологиясы кеңінен қолданылуда. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте-мөте қажет» деп, тұңғыш Президентіміз атап көрсеткендей, электронды оқыту әдіс-тәсілдерін мектеп өміріне енгізу–жаңа білім берудің бірден-бір шарты.

Оқыту технологиясы– оқу ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, ұстаздың оқушысына оқыту үрдісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері. Оқытудың мазмұны мен оқыту әдістері өзара тығыз байланыста болу керек.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жанашыл ұрпақ тәрбиелейміз.

Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ

тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», -деп тағы да Ахмет Байтұрсынов ағамыз өз сөзінде айтқан болатын, Қазақ тілін оқыту туралы сөз болғанда бұл мәселенің ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған мәселе – орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат — өзге тілді оқушыларды қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған оқушылардың Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі.

Отан – от басынан басталады десек, туған облысымыздың, қаламыздың көрнекі жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білгізудің мәні зор. 2,3, 4-сыныптарда аймақтық компоненттерді «Қазақстан», «Менің қалам», «Менің көшем», «Менің отбасым», «Дүкенде», «Стадионда», «Дәрігерде», «Жыл мезгілдері» тағы сол сияқты тақырыптарды оқығанда әбден қолдануға болады. Аймақтық компоненттерді сабақта қолдануда қандай шаралар арқылы жүзеге асыруға болатынын сызба бойынша көрсетуге болады.

Тақырыпты қандай жұмыс түрлері арқылы ашуға болады?

- Диалог
- Викторина
- Карточкамен жұмыс
- Сурет бойынша жұмыс
- Инсценировка
- Экскурсия
- Оқушылардың шығармашылық жұмыстары «шығарма, тақпақтар, альбомдар»
- Пән бойынша шығармашылық жұмыстар
- Интеграцияланған сабақтар

Енді осы тақырыптардың кейбіреулеріне тоқталайық.

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асады:

1. Жұптық
2. Топтық
3. Ұжымдық

Мысалға, 4- сыныпта «Қазақстан қалалары» тақырыбын алайық. Нәтиже сабағында сыныпты топқа бөліп, бірінші топқа: «Теледидар бойынша ауа

райын болжау», екінші топқа «Аялдамада ауа райы туралы сөйлесу», үшінші топқа «Кеше экскурсияға бардық. Ауа райы туралы әңгімелеу», төртінші топқа «Телефонмен сөйлесу».

Бір қызығы осы топтық жұмыс барысында бірінші топ оқушыларының жауабына бүкіл сынып араласып, соңы ұжымдық қалыпқа ауысты. Себебі, оқушылардың назарын аудару үшін (тыңдап отырған) ситуациялық жағдаят тудырдым: Мынау тікелей эфир. Сендер әр қалада тұрасындар. Өздерің тұрған қаладағы ауа райын сұрауларыңа болады – деп едім, «Дикторлар» сөйлеп болысымен: «Кешіріңіз, Павлодарда ауа райы қандай болады?», «Нұр Сұлтанда ауа райы қандай болады?» — деп әр жерден сұрақ қойып оқушылар сөйлесіп кетті.

3 сынып оқушыларымен «Әке мен бала» тақырыбын инсценировка жасау арқылы сынып алдында қатысушы кейіпкерлерге бөліп әлгі рөлдерді сынып алдында көрсетіп тек шығарманы сахна алдында кейіпкер бейнесін сомдай отырып ортада көрсету өте ұнады. Бірден бала бойында кейіпкер образына ене көрсетуде әртістік қабілеттері шындалса, екіншіден тыңдаушы және кейіпкерлер әке мен бала арасындағы іс әрекет арқылы тәрбиелік мәні зор адам бойындағы жақсы жаман қасиет пен жалқаулық, үнемдеушілік, бағалай білу сияқты қасиеттерге көз жеткізді.

Тағы да осы 3 сыныпта «Мұражай», «Орталық музей», «Мұхтар Әуезов музейі» деген тақырыптарды өткенде экскурсия әдісін қолдана оқыту өте тиімді, әрі оқушыларға сабақ қызықты өтті деп айта аламын, яғни музейді таныстырып экскурсия жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлықтары дамыды, сөздік қорлары молайды, шеберлік қырлары танылды.

Осындай сөйлесулерде оқушылардың өз отбасына, Отанына деген сүйіспеншіліктері, мақтаншытары дауыс ырғағынан-ақ байқалады.

Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді.

Жұмыс барысында нәтижеге қатысымдық әдіспен қатар, басқа да инновациялық технологиялардың элементтерін қолданамын, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымның жетістіктерінен көріп келемін. Біріншіден, оқушыларым дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни айтылым дағдылары жоғары. Екіншіден, ауызекі сөйлеу дағдылары жоғары. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылардың берілген тақырыпқа, соның ішінде бүгінгі өзекті деген аймақтық компоненттер тақырыбына сұрақ қоя білу, сұраққа жауап беру дағдылары даму үстінде.

Үшіншіден оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсуде. Берілген тапсырмаларды қосымша шығармашылықпен орындап келген шәкірттерімді көргенде әрине қуанышым шексіз, сонымен қатар, сабағымның қызықты, тартымды өтуіне мұғалім ретінде барлық күшімді жұмсаймын.

Төртіншіден, шәкірттеріміз сабақ барысында осы әдіс тәсілдерімізді қолдана отырып берілген тапсырман бұлжытпай орындай, келесі сабақта оны

әрі қарай жалғастыра алып кетіп отырса, аталған жұмыстардың кішкене болса да нәтижесі деп түсінемін. Әрине мұнымен шектелмей, жұмысты одан әрі жалғастыру басты міндетім. Қорыта келе, іздену, тиімді әдістерді тауып пайдалана білу, сабақ барысында үнемі түрліше әдістерге сүйеніп отыру керек екендігін қазіргі таңда әр оқытушы түсінеді.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз», дегендей өз мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асқақатата, шәкірттеріміздің санасына құя отырып тиімді жолдармен оқыту керекпіз. Біздің сабағымыз қызықты, әрі тартымды әртүрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып өткізу біздің жетістігіміз болса, оқушы санасына сіңер қайнар бұлақ деп білемін!

Әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Балапан. «Көкжиек-Горизонт» баспасы, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ.Рауандина, Л.С.Нұрмұханова, 3 сынып, I бөлім
2. Қазақ тілі оқулығы, 4 сынып, «Алматыкітап» баспасы, 2019 жыл, Н.Ж.Дәулеткереева, Г.Б.Муханғалиева, I бөлім
3. Т.Н.Ермекова, А.А.Қасымбек, Н.О.Абдижаппапрова, А.Б.Бипажанова «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016
4. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы(оқушыны дамыту құралы ретінде). 2002ж
5. Тілдік қатынас негіздері : оқулық / Оразбаева, Ф. Ш., - Алматы : Print-S, 2005
6. Ахмет Байтұрсынұлы Тіл – құрал Астана, 2009 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалған Құрастырған: Е.Тілешов, филология ғылымдарының кандидаты Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы, 2009 - 348 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК МҰРАСЫ

Айтказина Н. О.

Павлодар қаласының дарынды балаларға арналған №3 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ғасырдың басында «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» - деп жазды реформатор-ғалым өзінің тіл туралы зерттеу мақаласында. Сондықтан ол қазақ әліпбиін түзеп, түрлеудің, ана тілінде оқулықтарды жазудың мәні зор екенін ғасыр басында қоғам ахуалмен байланыстыра отырып, аса жауапты жұмысты қолға алған. Реформаланған араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиінің өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелгенін, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына ықпал еткені туралы замандастары жарыса жазды. Мәселен, өз ұлтымыздың зиялылары ішінен алғаш қалам тербегендер – М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, С.Сейфоллаұлы және М.Әуезов т.б. болғанын алдыңғы бөлімде сөз еткенбіз. Яғни, тұлғаның ұшан-теңіз атқарған жұмыстары ғасыр басында-ақ айырықша аталып, жоғары бағаланды.

XX-шы ғасыр басындағы қазақ елінің ұлттық ғылымында жүргізілген жұмыстардың бір саласы – оқулықтар жасау болғаны белгілі. Сол тұста елімізде жаңадан ашылып жатқан жоғары оқу орындарын есептемегенде, мектеп оқулықтарының өзі де жоқтың қасы болатын. Қазақ тіл білімі мен әдебиетте сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге, түрлі оқулықтар жасаудың да қажеттілігі сезіліп, маңызды мәселе ретінде алға қойылған тұста – А.Байтұрсынұлы оқулықтар жазу мәселесіне өте жауапкершілікпен ұлт мүддесі тұрғысынан қараған. Ол патша заманында қазақ жұртының қажетін өтеген кирилл таңбасындағы қазақ алфавитіне мойынсұнбаған, төтеден жол іздеген. Қазақ жұртының төл, ана тілін саф қалпында сақтау үшін қандай таңбаны «әліпби» етіп алу керектігіне зор мән берген. Әрі осы жолда тыңнан түрен салды.

А.Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды.

Атап айтсақ, 1991- жылы Ө.Айтбаев «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (докторлық диссертация), 1994-ші жылы Н.Машқанова «АхметБайтұрсынұлы – қазақ жазуының реформаторы», 1995-ші жылы А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы», 2005-ші жылы Қ.Ибрайымов «Ахмет Байтұрсынұлының еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері» атты кандидаттық зерттеу жұмыстарын жазды. Тілші-мамандар өз еңбектерінде тіл саласындағы ғалым жүйелеген категорияларды бүгінгі таныммен байланыстыра қарастырды. Зерттеушілер А.Байтұрсынұлының айшықтары мен тұжырымдамаларын қазақ тіл білімінің бастауы деп таныды. Бұл күні ағартушының қайраткерлігін педагогикалық қырынан да зерттеген ғылыми

еңбектер едәуір. Мәселен, 1999-шы жылы Р.Үсембаева «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу», 2000-шы жылы Б.Иманбекова «А.Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары» атты ғылыми еңбектер қорғады.

Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі. Әліпби – тек сауат ашу ғана емес, ілім-білім үйренудің бастау көзі, ғылымға апаратын сара жол. М.Әуезовше айтсақ, «Ақаң ашқан қазақ мектебінің» ұстанымы – қазақ баласын ана тілінде сауатын аштырып қана қоймай, оның әлеуметтік ортада ой-танымы мен талғамын қазақша қалыптастыру болған. Өйткені, сол тұстағы қазақ арасынан оқыған, сауатты жандардың басым көпшілігінің тілі не татарша, не орысша шыққаны және сол тілдермен ана тілін араластырып, «қойыртпақ тіл» жасағаны тарихтан белгілі. Сондықтан да А.Байтұрсынұлы қазақ ұлтының табиғи қалпын сақтау мақсатында, кемшіліктерді болдыртпау үшін өзінің білім беру жүйесінде ана тілмен оқыту тәсілін ұстанды.

Оқу құралы. Қазақша алифба. Бұл кітап алғаш рет 1912-ші жылы Орынбордағы жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» шырағдандай орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, соңына қазіргідей шұбыртпалы ұзыннан-ұзын мәтіндер емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық мәселен: Туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады. Оқу құралының екінші кітабы алғашқы әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 1913-ші жылы шықса, «Әліппе – астары» атты әліппеге жетекші құралы 1924-ші жылы жазылған. Осы оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925-ші жылдары жиі басылым көруі айғақ. Кітап ғалымның аяулы есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҰҒА-ның Тіл білімі институтының дайындауымен 1992-ші жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа енді (Б. 33-47).

Сондай-ақ, Қырғыз республикасының филолог-ғалымы Дыйканов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914-ші жылғы басылымын 1991-ші жылы 5000 данамен қайтадан бастырды. Кітап қаз-қалпында, яғни төте жазумен жарияланды. Ал кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмады. Ұлттық кітапхананың сирек қорында бұл 1912-ші жылғы кітаптың қандай да данасы сақталмаған. Бұл оқулық тек Тіл білімі институтының мұрағатында ғана сақталса керек.

Тіл – құрал. Оқулық негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс

жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген. Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, бірінші жылы оқытылатын «Тіл – құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар, әріптер туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: Түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, оқулықта қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995-ші жылы тілші ғалым А.Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды. Шындығында, осы «Тіл – құрал» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі – 6 рет басылған.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003-2006ж. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар Алматы. «Жалын», 1979 ж.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы. «Абзал-ай», 2013ж. 637б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі», 1992 ж. 444б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Айтқазина С.О.

Павлодар қаласы білім беру бөлімі басшысы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, ақын, қайраткер, редактор және «Алаш» партиясын құрушылардың бірі болған ұлт ұстазы барлық саналы өмірін туған халқының келешегі жарқын болуына арнады. Патша империясы мен Кеңес

өкіметі тұсында түрлі азап көріп, қуғынға ұшыраса да, қолынан қаламын тастамай, кейінгі ұрпаққа құнды мұра қалдырды.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен, бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Оның тарихи тағылымы мол, тәрбие туралы өзіне тән прогрессивтік ой-пікірі бар ұлы – ғалым.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық қасиеттерін сараласаңыз – өзінен бұрынғы үш ғұламаның Абайдың ақындығын, Ыбырайдың ағартушылығын, Шоқанның ғалымдығын, оны бір өзі таңдап алғандай. Байтұрсыновтың бойынан осы үш қасиет бірдей табылған. Өлеңін, ақындық шеберлігін Ахмет Абайша түрлеп, адам бойындағы надандықты шенейді, саналылыққа ел болып бірігуге шақырады.

Абайдың бірден-бір өлеңін өткен уақыттың жайын ғана жырлайтын, кезеңдік дүние деп қарай алмайтыны-мыз сияқты, Байтұрсынов туындыларының да шеңбері ауқымы уақытпен шектеліп қалған емес.

Байтұрсыновтың Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдер әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсыновтың публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915

жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі қазіргі білім беру үдерісінде үлкен мәнге ие. Павлодар қаласының білім беру саласында мемлекеттік тілді дамытуда бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр.

Қазіргі уақытта білім беру бөліміне қарасты 137 ұйым бар, оның ішінде 86 мектепке дейінгі мекеме, ондағы 73 мемлекеттік, 10 жекеменшік, 3 шағын орталық болып табылады, 42 жалпы орта мектебі, 1 оқу өндірістік комбинаты және 8 қосымша білім беру мекемесі бар.

86 мектепке дейінгі мекеменің ішінде 27 қазақ тілінде, 58 аралас, 1 орыс тілінде.

42 мектептің ішінен 8 қазақ тілінде, 34 аралас тілде.

Осы орайда, соңғы жылдары №1 балабақша мемлекеттік тілде оқытылатын балабақшаға ауыстырылды, 18 балабақшада жалпы 500 баланы қамтитын мемлекеттік тілде оқытылатын 20 топ ашылды.

Жыл сайын мемлекеттік тілде оқытатын сыныптар желісін ашу жұмысы жүргізілуде. Осыдан 4 жыл бұрын орыс тілінде оқытатын 9 мектеп болса, қазіргі таңда таза орыс тілінде оқытатын мектептер жоқ. 9 білім ордаларында алғаш рет қазақ сыныптары ашылды. Қазіргі таңда бұл мектептерде мемлекеттік тілде 16 сынып оқытылады.

Өткен оқу жылының қортындысы бойынша қаламыздың оқушылары (811 оқушы) әртүрлі деңгейдегі 15-ке жуық оқулар мен шығармашылық сайыстарға қатысты.

Қалалық деңгейдегі зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың қорытындысы бойынша 1374 оқушы жүлдегер, облыстық кезеңдерде оқушылармыз 173 медальға, республикалық деңгейде 18 жүлделі орынды иеленді, олардың арасында жүлдегерлердің 41% қазақ тілінде оқитын сыныптарды құрайды.

Қазақстан халқы ассамблеясының бастамасымен өткізіліп отырған «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасының аясында қалалық, облыстық деңгейде 30-дан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Ағымдағы жылдың 29 қараша - 3 желтоқсан аралығында павлодарлық 40 мыңнан астам оқушы қазақ тілінен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бүкілқазақстандық диктантқа қатысты.

А. Байтұрсынұлының мұралары мен заманауи білім беру үдерісінің негізгі бағыттарына тоқталып өттім. Бұл атқарылып жатқан жұмыстың тек бір бөлігі ғана. Мемлекеттік тілдің дамуы, әрқашан басты назардағы мәселе. Бұл үшін барлығымыз бірлесе жұмыс жасауымыз қажет.

Әдебиеттер

1. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография. (Спорные вопросы киргизской графики и орфографии) // Бюллетень Среднеазиатского государственного университета. – Ташкент, 1924. - Вып. 7.

2. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. - Орынбор, 1914. - 13-б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Алибаева З.С.

Павлодар қаласының білім беру бөлімінің әдіскері
zarina_200987@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек.

«Өнер алды–қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің акелешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді

болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақтілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллигенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді.

«Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны -халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп -қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан атқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілменбілдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан,

туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа түлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Мұхтар Әуезов былай депті:

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны

– «Қырық мысал», «Маса»; «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адалқызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық-күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды

ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989ж.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003-2006ж. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар Алматы. «Жалын», 1979 ж.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы. «Абзал-ай», 2013ж. 637б.
4. Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә.. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы. «Қазақ университеті», 2012. 168 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі», 1992 ж. 444б.

АНА ТІЛІН ОҚЫТУШЫ А.БАЙТҰРСЫНОВ

Ауған М. М.

Павлодар қ. М.Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
iskakovameruert@mail.ru

Ұлы адамдар қай жерде туылса да, қай тілде сөйлесе де, адамзатқа тиесілі деп айтылады. Бұл сөздерді толығымен Ахмет Байтұрсыновқа жатқызуға болады. Ахмет Байтұрсынов тарихқа қоғам және мемлекет қайраткері, Коммунистік партияның мүшесі, ағартушы, лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы, ақын, аудармашы, педагог, ғалым, публицист ретінде енді. Ол таңқаларлық жарқын тұлға болды.

1886 жылы ол Торғай екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, кейін Орынбордағы қырғыз (қазақ) мұғалімдер мектебінде оқып, оны 1895 жылы бітірді. Ол Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде және Қостанай қаласында ауыл, болыс мектептерінде, сондай-ақ екі сыныптық орыс-қазақ училищелерінде ұзақ уақыт ұстаздық етті.

Ахмет Байтұрсыновтың есімімен 20-жылдары Қазақстандағы Инновациялық педагогикалық идеялардың дамуы байланысты. Ахмет Байтұрсынов өз Отанының нағыз азаматын тәрбиелеуге лайықты еркін мектеп,

ана тілінде оқытатын мектеп құруға шақырады. Ол халықтың өмірін жақсартуды балаларды оқыту мәселесінен бастау керек деп есептеді. Оның сөздері үлкен мұра болып табылады: "білім алуға ұмтылмаған адамдар қандай байлыққа ие болса да, біраз уақыттан кейін оның байлығы өркениетті халықтардың қолына өтеді". Ахмет Байтұрсынов өз халқының шынайы ұлы болды, ол еуропалық халықтардың мәдени құндылықтарына қосылуға, олардан үлгі алуға-білім, ғылым, кітап шығаруға шақырды. "Ғылым мен практикалық білім негіздерін бойына сіңірген халық ақылды, бай әрі мықты болады-ұлы ғалым ағартушының бұл сөздері қазіргі кезде ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы – Мұхтар Әуезов айтқандай, қазақ халқының «рухани көсемі». «Ұлт ұстазының» ұланғайыр еңбегі сан саладан көрінеді.

«Ана тілі» деген терминнің авторы А.Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашып, қазақ тілінде оқуын жалғастыруға көп және нақты күш жұмсаған Ұлт ұстазы. Осы мақсатты орындау жолында ол қазақ тілін, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын баяндап, талдаптанған зерттеуші әрі сол зерттеулерінің негізінде «Әліппе» мен тұңғыш ана тілі оқулықтарын ғылыми айналымға түсірген ғалым.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты А.Байтұрсынұлының қазақ жазуы мен емлесі, фонетикасы мен грамматикасы, терминологиясы мен методикасы жөніндегі ғылыми мұрасын 1992 жылы жария етті. Бұл жинақта А.Байтұрсынұлының қазақ тілін пән ретінде оқытатын тұңғыш оқулықтар – «Тіл – құралдың» үш бөлімі беріліп отыр. А.Байтұрсынұлы оқулықтарының бірнеше басылымы (кейбірі 6-7 реттен) болғаны мәлім. Алғашқы басылымда автор әріп пен дыбыс деген атауларды ажыратпай, дауысты әріп, дауыссыз әріп деп қолданса, кейін дауысты, дауыссыз болатындар әріп емес, дыбыстар деп түзетеді. Дыбыстардың классификациясында да өзгешеліктер бар. 1914 жылғыда сонор у мен й дыбыстары жарты дауыстылар деп көрсетілсе, 1925 жылы бұлар дауыссыздардың қатарында берілген немесе 1914 жылғы оқулықта ұяң дыбыстар деп ж, р, з, л, м, н, ң дыбыстарын көрсетсе, 1925 жылы ұяң деп м, н, ң, дыбыстарын атайды.

А.Байтұрсынұлының «Нұсқаушы», «Әліппе астары» кітаптары Алматы, Санкт-Петербург, Мәскеу, Уфа қалаларынан күні бүгін табылмаған. А.Байтұрсынұлы мұрасы араб графикасымен жазылғандықтан қазіргі таңда қалың жұртшылық бұл жазуды оқи алмайды.

Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам

ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға.

Балаларға білім берудің бірінші басқышы – бастауыш мектеп, сондықтан А.Байтұрсынұлы оқу-білімнің осы бірінші сатысына қатты назар аударады. 1914 жылы «Бастауыш мектеп» 10 атты көлемді мақаласын жариялайды. («Қазақ», 1914. № 61, 9 мамыр). Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай-жағдайы мәз емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Бастауыш мектеп миссионерлік саясаттан аулақ болуы керек дей келіп, халық сауатын ана тілінде ашуы керек. Атап айтқанда, бастауыш мектеп «бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді. Бастауыш мектептерде: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс [тану] пәндері жүретін болсын» деп нақты ұсыныстар айтады.

Оқу мәселесін А.Байтұрсынұлы жан-жақты сөз етеді. Бірде: «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар (программалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін жазса, енді бірде, «білімнің бас құралын – кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқуағарту ісін жандандыруға болатынын айтады.

А.Байтұрсынұлы ағартушылық қызметін Алашорда үкіметі кезінде де, Қазан төңкерісінен кейін де ешбір тоқтатпаған. «Алашорда» кеңесінің (үкіметінің) Оқу-ағарту жайындағы комиссиясының председателі болып, қазақ халқының жаппай сауатын ашып, білім беру программасын жасайды. Ал 1919 жылдардан кейін, кеңес үкіметі тұсында да, әсіресе алғашқы кезеңде қазақ даласында оқу-ағарту ісінің экономикалық жағынан әлде де қиыншылық кешіп отырғанын, ол үшін не істеу керек екендігін «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» сияқты журнал беттерінде білдіріп отырған.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін зерттеуші. А.Байтұрсынұлы мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітірісімен, 1895-інші жылдардан бастап бала оқытуға кіріседі. 13-14 жыл бойы (1895-1909 жылдар арасында) ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі сыныптық училищелерде мұғалім болып істеді. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайлар (нәрселер) жайын ойлап, ең алдымен, қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық, жазу таңбалары (графикасы, сол кездегі термин бойынша «әліп-би») бар ма; екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма; үшіншіден, ондай әліпбиі мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі «Әліппесі» («Букварь» оқулығы), ана тілі оқулықтары («Грамматика» кітаптары) бар ма; баланы ана тілінде оқытудың тиімді әдістері қайсы? Міне,

осыларға назар аударады. Әрине, бұлардың бірде-біреуінің жоқ екенін біледі 12 және осыларды дүниеге келтіргенінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу-ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін еместігін де жақсы түсінеді. Енді ол «барымен базар» болып, күнделікті бала оқытумен қатар, жоғарыда айтылған жоқтарды түгендеуге кіріседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап қазақ жазуымен (графикасымен) айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық құрамын зерттеді.

1929 жылы 1-мамырда өз қолымен жазған (орыс тілінде) «Өмірбаянында»: «...1901 жылдардан бастап, бала оқытқан кездерден бос уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым. Ал Орынборға келгеннен кейін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитін және емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақ жазба жұмысын бөгде тілдік қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің [жағымсыз] әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, «қазақ прозасынң (яғни іс қағаздар тілін, публицистика мен ғылыми тілін) жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтың сөйлеу тәжірибесіне икемдеу үшін, ғылыми терминдерді жасауға кірістім және стильдік өңдеу үлгілерін көрсетумен шұғылдандым» деп жазады (Архив КазПИ им. Абая. Опись Л-1, связка № 6 «Б», д. 209).

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оны таңбалайтын әріптер туралы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде білдіре бастайды. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 нөмірлерінде «Шаһзаман мырзаға» атты көлемді мақала жазып, онда: қазақ дыбыстарын білдірмейтін ۋ، ح، ج және жуан т,с сияқты араб таңбаларын қазақ алфавитіне енгізбеу керектігін, сөздің тұтас жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына дәйекші дейтін таңба (ء (қою қажеттігін дәлелдейді. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-інші және әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген үлкен мақала жариялап, онда жайындағы таңбалау)، و، ۋ، ى، ۋ، ۋ) дыбыстарды дауысты кейбір өзінің пікірлерін айтады.

Әрі қарайғы ізденістерінде араб графикасын қазақ жазуы үшін былайша лайықтап алуды ұсынады: 1) Араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау. 2) Қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у, ұ дыбыстарының әрқайсысына таңба белгілеу; 3) К, г дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбыстармен келген сөздердің жіңішкелігін (яғни қазіргі ә, е, і, у дыбыстарымен айтылатындығын) білдіру үшін сөздің алдынан дәйекші таңба қою. Бұлайша түзілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйесі әдісіне сай келетіндігі байқалады.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады, себебі Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. Сонымен қатар оның 1912 жылдардан бастап

ұсынған, осы алфавитті негізге алған жаңа жазуы (ол «Жаңа емле» деп аталды) іс жүзінде қолданыла бастады. 1915 жылы осы емлемен (жазумен) 15-тей қазақ кітабы басылып шығыпты және бұл жазуды («Жаңа емлені») 1912 жылдардан бастап мұсылман медреселері мен қазақ-орыс мектептері де қолданыпты.

Әдебиеттер

1. Айдар Амребаев, главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета Науки МОН РК. Мақаласынан
2. Ахмет Байтұрсынов алты томдық шығаралар жинағы Ісімақова А.С., Мұстафаева К., Хаван А., Имаханбет Р.- 130б.,150б.,
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – 1990. – 448 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу. – Алматы, 1990. – 365 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ МОЛ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІМАҢЫЗЫ

Ашимова М.С.

Павлодар облысы, Ақтоғай ауданының Қараоба ауылдық
мәдениет үйінің меңгерушісі
Moldir_280792@mail.ru

XIX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық - саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші - реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымның төлбасы болды.

Өткен ғасырдың бас кезі – қазақ халқының қоғамдық санасының оянған шағы. Осы себепті халық тіршілігіне арналған әрбір туынды, ел қайғысын өзегіне арқау еткен кез-келген мақала баспасөз бен баспа бетінде жарияланып, халық арасында түрлі пікірталастарын, көзқарастарын туындатып отырды.

XX ғасыр басында ғалым түрлеген әліпбидің ұлтты сауаттандырудағы рөлі қандай? Енді осы мәселе төңірегіндегі пайым-танымдарға үңілсек. Тура сол тұстағы қазақ оқымыстыларының алдына қойған ұлы міндеттердің бірі – ол бұдан әрі «Қазақ халқы рухани келбеті, өзіндік бағыт-бағдары бар ел бола ма, жоқ «баяғы жартас бір жартас» деп, бодан қалпында өзінің ұлттық сипатынан айырылып, болмысын жоғалта ма?» деген өзекті мәселе тұрған еді. Осы мақсатта қыруар іс атқарған реформатор-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ

әліпбиін түзіп-түрлеудегі жетістіктерін үзеңгілес замандасы, лингвист-ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған.

Ахмет Байтұрсынұлының есімін білмейтіндер некен-саяқ болар. Өйткені, қазіргі таңда мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі туралы сөйлесек, Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде зерттеу жүргізіп, негізін қалаған, әлемге танытқан – Ахмет Байтұрсынұлы екендігінде дау жоқ. XX ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары

«қазақ халқының көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп ұлықтап, есімін тура атамай,

«қазақтың Ахаңы» деп дәріптеген. XX ғасыр басында ұлтына қалтқысыз қызмет еткен Ахметтей данагөйден қалған мол мұра артындағы қазақ деген ұрпағына ғұмырлық азық болудан танбай келеді. Қазақ ұлтының ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасына ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізу – білікті де білімді, терең ойлы, түйсігі мол ұрпақ еншісіндегі тіршілік. Ұлт ұстазы жөнінде замандасы әрі рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісі мен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен. Заманымыздың заңғар жазушысы ұлт ұстазының есімін ұлықтап, шынайы да лайықты бағасын дәл бере білген.

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы тағы да басқа Алаш зиялыларының қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердіңзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді. Әсіресе, А.Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жанартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады. Ағартушы-ғалым қазақ тілінің грамматикасы – фонетика, морфология, синтаксис салаларын бүтін бірлікте алып, ұлттық тіл ғылымын жасады. Әлбетте, бұл күні әбден қалыптасқан қазақ тіл білімінің ғылымы аз ғана уақытта қаланған жоқ. Ол талай жылғы, талай майталмандардың көз майы таусыла жасаған жұмыстарының нәтижелері арқылы жинақталды. Ғалымның өзі айтқандай, тілдің әуелі грамматикалық ілімін қалыптастырудан, сонан соң грамматикалық құрылымын зерттеп- зерделеуден басталған. Мұны замандастары «Ақаң түрлеген ана тілі», «Ақаң салған әдебиеттегі асыл сөз» деп әспеттесе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңнің ғалымдары қазақ тіл біліміндегі

«Байтұрсынұлы бастаулары» деп жүр.

Қорыта айтқанда, Қазақ тілі мен оның асыл сөзін, яғни сөз өнерін пән ретінде ғылыми жүйеде негіздеген ғалым-реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ғибратын мансұқтап, жетілген тілге бөгде тілдің заңдылығын жөн-жосықсыз жапсырып, шалажансар тосын жаңалық ашуды доғаруға міндеттіміз. Жоғарыда есімдері келтірілген қазақ тілі мен әдебиетінің нағыз әдіскер-оқытушы ғалымдарының артында қалған нағыз ұлттық мұраларды – жаңашыл оқыту жүйесіндегі заманауи технологияларда қайта жаңғыртуды қолға алып, тиімді қолдана білсе барша қазақстандықтарға қазақ тілін оқытып-үйретуде жоғары нәтижеге қол жеткізеріміз анық.

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Ахаң ана тілін түрлеуші // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы. – Астана:1998-256 б., Б. 38-41.
2. Жанпейісов Е. Байтұрсынұлы бастаулары // Тілтаным №2, 2001., Б. 3-13.
3. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. – Орал, 1998.-132 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Әлібай Ә. С.

Павлодар қаласы, Мұзафар Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі, бастауыш сынып мұғалімі
Arti_0506@mail.ru

Ахмет Байтұрсынов 1872-1937 жылдары Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Ол — ғалым, ақын, түріктанушы, ағартушы, аудармашы, қоғам қайраткері, публицист, этнограф, фольклорист, сазгер әрі орындаушы. Қазақ тілі білімі, әдебиет теориясы және әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Оның қазақ тіл біліміне қосқан үлесі зор. Соның ішінде менің тоқталғай отырған тақырыбым Ахмет Байтұрсынов атамиздың «Тіл-құрал» еңбегіне тоқталғым келді. Тіл-құрал. Оқулық, негізінен, үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған құрал. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесімен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Барлығы да Орынборда жарық көрген. Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлгендігі туралы түсіндіре отырып, бірінші жылы оқытылатын «Тіл-құрал» тіл білімінің негізі болғандықтан, оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ

тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар оқулықта қолдануға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықта тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 жылы тілші ғалым А.Қыдыршаев ғылыми зерттеу еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғылыми тұрғы дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, мұрасының өміршендігін жазды. Шындығында, осы «Тіл-құрал» кітабінің бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі 6 рет басылған.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болыпқаланды.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған. Менің осы жобадан өзіме түйгенім: еңбек ете білген адам ерте болсын кеш, болсын өз еңбегінің жемісін алары хақ. Сол сияқты сонау уақыттан бізге мұра болып қалып отырған А.Байтұрсынұлы атамыздың осынау мұрасы сол кездегі жастардың ғана емес, біздің де ой-санамызды өсірері анық. Енді атамыздан осы қалған мол мұраларды жалғастырып алып жүру біздің ең басты міндеттеріміздің бірі болып қала бермек. Осы мол мұрамен сусындап одан нәр алу оның нәтижесін көрсетіп, алда еліміздің біртуар осындай азаматтарының бірі болу – біздің алдағы басты мақсатымыз.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау»технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқаоқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ,бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны бізғалымның өз заманындағы

балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының 6 түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Себебі Блум таксомониясының

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;

- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты 6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қылыптастыруда, жетілдіру де соны әдістемелердің бірі делінеді.

Бір қызығы, осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманындасан жылдар бұрын айтылып кеткен А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым

«үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

Әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д. Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін // Егеменді Қазақстан, 2003 жыл 28 қаңтар.
2. Айбын. Энциклопедия / Бас редакторы Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

5. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМА ТІЛІ

Багимова А. С.

Павлодар қаласының № 5 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
b.alma2020@mail.ru

Тіл – ұлттық болмыс-бітімнің бастау бұлағы, қайнар көзі. Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның жарқын болашаққа бастар тірек-тиянағы. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын. Шынында да, ана тіліміз – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес қазына.

Ана тіліміз туралы қалам тартпаған, оның болашағына алаңдамаған ұлт перзенттері некен-саяқ. Сондай алып тұлғалардың бірі де бірегейі аса көрнекті әдебиет зерттеушісі, ақын, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов. Сонау қиын-қыстау кезеңнің өзінде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауымыз керек» [деп толғанған үлкен жүректі ғалымның тіл туралы және оның тазалығы жөнінде айтқандары бүгінгі ұрпаққа таптырмас үлгі-өнеге.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын және қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазған ғалым Ахмет Байтұрсынов сөз өнері туралы, оның ішінде шығарманың тілі туралы да жаңаша түсініктер қалыптастырып, тиянақты ойлар айтқан. Қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу бағытында зерделі зерттеушінің «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Ғалымның ғылыми көзқарастарына негізделген толымды туындысы Ташкентте 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” кітабы. Бұл білгір қалам қайраткерінің эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу. Аталмыш еңбекте жалпы сөз өнері, шығарманың тілі, тіл тазалығы мен дұрыстығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі туралы ойлары тоғысқан. Аталмыш еңбегінде «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан» деп атап өткеніндей, «Әдебиет танытқыштың» алғашқы бөлімі «Сөз өнері» деп

аталады. Ең алдымен тілдің міндеті жөнінде сөз саралап, өз ойын былайша кестелейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» екенін тілге тиек ете келе, ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге үлкен шеберлік керектігін баса ескертеді. Оның қиындығын мысалдар келтіре отырып ғылыми тұрғыда түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, орыстың ұлы ақыны А. Пушкин кейбір өлеңдерін он үш мәрте түзеп, қайта өңдеген екен. Ал сұңғыла суреткер Л. Толстой көркем шығармаларын баспаға беріп қойғаннан кейін де қайта қарап, қайта түзетеді екен. Бұл ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын екенін көрсетеді. Осы орайда қазақ жазушыларының арасында тілге аса мән беріп, шығармасын қайта-қайта қарап, өндеп-түзейтін қаламгерлер аз болмаған. Әсіресе олардың арасында айтулы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың есімі стилист жазушы ретінде ерекше аталады. Жазушы шығармаларынан олақ-салақ сөз-сөйлемдерді шырақ алып іздесеңіз де таба алмайсыз. Әр сөзді сыңғырлатып апарып, өз орнына қоя білу – тілді жетік білумен қатар үлкен жауапкершілікті де талап етеді.

Шығарманың тілі көркем болып, айтар ойын айқын жеткізе білуі керек. Бұл жағынан да аса көрнекті суреткер Ғабит Мүсіреповтен үйренеріміз көп. Ал тілге аса тиянақты қарайтын тағы бір қаламгер – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Аталмыш қалам қайраткері де көркем тілдің құпия-сырын жетік меңгерумен бірге, оның дәлдігі мен тазалығына ерекше мән береді. Өзінің айтуынша, «Қан мен тер» романын өмір бойы түзетіп, қайта қарағанның үстінен қайта қарап, үнемі жетілдіріп келеді. Бұл кейінгі қалам ұстап жетіліп келе жатқан жас буынға таптырмас үлгі, жарқын өнеге. Әрине, тілге салдыр-салақ қарап, оның көркем бояуын, сөздің үйлесімі мен үндестігін қашырып жіберетін қаламгерлер де жоқ емес. Әр сөзді өз орнына қойып, сауатты сөйлем құрау да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сөйлем дұрыс құрылмаса, ой көмескіленіп, түсінуге ауыр болады. Осы орайда «Қазақ тілі» энциклопедиясындағы мына бір тұжырыммен келіспеуге қақымыз жоқ: «Мысалы, ойды білдірудің ең кіші тілдік бөлшегі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматикалық байланысқа түскен, мағыналары сәйкес сөздерден, ал сөздер дәл сол сияқты морфемалар мен дыбыстардан тұрады, сөйтіп сөйлем жүйелі құрылым құрайды да, ерекше коммуникативтік қызмет атқарады. Сол арқылы қате құрылған сөйлемді, орынсыз қолданылған жеке сөзді, сәйкессіз тіркестерді, кейбір дыбыстық ауытқуларды тауып, анықтай аламыз. Сонымен бірге Әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, сезіміне әсер етуге де болады, яғни оқушысын бірде күлдіріп, рахаттандырып, көңіліне нұр сеуіп, өсіреді, бірде жылатып, көңілін күйдіріп, қайғыртады. Бұл – Әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі болып табылады».

Әдебиеттану ғылымының атасы аталмыш еңбегінде «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Тіл қисыны» туралы да тұшымды ойлар айтып, салмақты пікір

білдірген. Шығарма тілін екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі – ақын тілі, екіншісі – әншейін тіл. Осы екі түрдің де өз орындарын айқындап, ара-жігін ажыратып береді. Ал асыл сөздің асыл болатын шарттарын, заңдарын танытатын ғылым – тіл қисынының мақсаты – сөзден шеберлер не жасағанын, не жасауға болатынын көрсететінін атап көрсетіп, сөздің шығарма жазудағы орнын айқындап, «әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, әсіресе сөздің түзілуінен, сондықтан тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек» екенін нақты мысалдармен ғылыми тұрғыда дәлелдеп-дәйектеп береді. Ал «Сөз талғау» бөлімінде сөздің дұрыстығы, тілдің тазалығы мен анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі және тіл мен сөздің әуезділігі туралы ойларды саралап, қысқа да нұсқа нақты мысалдар арқылы мейлінше ашып түсіндіреді. Осындағы ғалым айтқан ғылыми тұжырымдармен оқшау ойлар әлі де өз маңызын жоймай келеді. Мәселен, тіл тазалығына қатысты – ана тілімізді басқа тілдермен шұбарламау, өзге тілден енген сөздерге абай болып, мән-мағынасына қарай орайластырып қолдану бүгінде күн тәртібінен түспей келе жатқан ең өзекті мәселенің бірі.

Қазіргі заман жазушыларының тілі тіптен көркемдіктен арылып, бірте-бірте телеграфтық стилге көшіп барады. Тіпті тілге аса мән берудің қажеті жоқ, шығарманың идеясына, ойына, астарына, мазмұнына баса көңіл бөлінсе жеткілікті деген де түсінік- пайымдар қалыптасып келеді. Біздіңше, бұл мүлде дұрыс емес, көркем әдебиеттің ең басты құралы – тіл. Тілді жетік білмейтін қаламгер ешуақытта сапалы туынды жаза алмайды, тілі жұтаң шығарма ешуақытта көркем болмайды. Өйткені, шығарманың көркемдік құнын арттырып тұратын оның тілі. Тілі көркем болмаса, шығарманың өзі де көркем бола алмайды. Осыны ұлы ойшыл ғалым Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдар мен көркем шығармаларды қатар тізбелей отырып, келістіре кескіндеп кеткен.

Қорыта келе айтпағымыз, шығарма тіліне сол кездің өзінде ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов қойып кеткен талап пен жауапкершілікті бүгінгі қаламгерлер ескерсе екен деген тілегіміз бар. Сонда көркем тілге байланысты бүгінгі қасаң түсініктерден арылып, тілдің көркемдігі мен тазалығына, дәлдігі мен әуезділігіне, анықтығы мен көрнекілігіне баса көңіл бөлген болар едік.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: «Ана тілі», 1992 жыл.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Ташкент. 1926 жыл. 17 бет
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – IV т. – Алматы: «Алаш», 200 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДІСТЕМЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН «ӘЛІППЕ» ОҚУЛЫҒЫНЫҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Балтабаева К.А

Павлодар қаласының №19 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі
bkenzhegul76@mail.ru

«Бар кітапқа бас болған
Әліппе – ғылым анасы,
Әліппеден басталған

Даналықтың данасы...» ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай асырдан аса тарихы бар «Әліппеден» миллиондаған қазақ баласы әріп таныды. Тарыдай болып кірген бүлдіршіндер ең алғаш қолына осы кітапты ұстап, білімнің көкжиегіне енді. Балалық шақтың балғын естелігі де, «Алфавиттің «А» тұрады басында, әрқашанда «Ә» тұрады қасында, Байқадың ба? «Б» тұрады үшінші, Ал осының сыры неде? Түсінші...» деп бүкіл қазақ әрпін жадқа құйған да осы «Әліппе» кітабы. Сондықтан бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, қоғамның құндылығы, сарқылмас қазынасы саналады. Ққазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы «Жақсы әліпби тілге шақ, жазуға жеңіл және оңай, үйренуге қолайлы болуы тиіс. Сонда ғана баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады» деп атап көрсеткен.

Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің 2021-2022 оқу жылына 1-сынып оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін қайта басып шығару және «Әліппе» оқулығын оқу процесіне енгізу туралы тапсырмасына сәйкес Жол картасы әзірленіп, бекітілді. Осыған орай «Әліппе» пәнінің оқу бағдарламасын талқылау мақсатында министрдің мақұлдауымен ғылыми-педагогикалық интеллигенция өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлерінен тұратын тұжырымдамалық кеңес құрылып, 2020 жылғы сәуірдің 30-ы күні аталған тұжырымдамалық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген онлайн кездесуде оқу бағдарламасының жобасы талқыланып, нәтижесінде оны А.Байтұрсынұлының әдістемесіне негіздей отырып әзірлеп, мамыр айының 30-на дейін тапсыру туралы шешім қабылданды. Осыған сәйкес жұмыс тобы құрылып (Білім және ғылым министрлігі бекіткен тізімге сәйкес 18 адам), мамыр айының 5-19 күндері аралығында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен 10 отырыс өткізіліп, 25 мамырда Білім және ғылым министрлігіне бекітуге ұсынылды. Жұмыс тобының отырыстарында әліппені оқытудың мақсаттары мен міндеттері, әріптерді үйрету реті анықталып, оқыту жүйесі А.Байтұрсынұлының әдістемесіне сәйкестендіріліп қайта жасалды. Негізі әліппе оқулығының мазмұны мектеп бағдарламасынан мүлде алынып тасталмаған еді. 2016 жылы еліміздегі орта білім беру ұйымдары жаңартылған білім беру мазмұнына көшкенде әліппенің

барлық тақырыптары, мазмұны 1-сыныптарға арналған «Сауат ашу» оқулығына енгізілген болатын. «Әліппе» және «ана тілі» атты екі бөлім сауат ашу оқулығында да болды. Бірақ көптеген ата-аналар, ата-әжелер өз балаларының, немерелерінің мектепте әліппе оқулығын бұрынғыдай бөлек қолға ұстауды жөн көрді.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» пәнінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылып, биылғы 2021-2022 оқу жылында жүзеге асырылып, бірінші қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде «Әліппе» оқулығы табыс етіледі.

«Әліппе» пәні Әліппеге дейінгі және әліппе кезеңі «Әліппе» пәні арқылы жүзеге асады. Әліппеден кейінгі кезең «Ана тілі» пәні арқылы жүзеге асып жатыр. Тілдік және әдебиеттік білімге дайындықтың алдын ала кезеңі, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады. Пәнді оқытудың ерекшелігі жалпыдидактикалық ұстанымдар және А.Байтұрсынұлының әдістемелік ұстанымдары негізінде айқындалды: дыбыспен жаттығу; әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу; оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту; білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу. Әліппедегі әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды. «Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды. Әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағатты құрайды. «Әліппе» пәнінің мазмұны (I жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы): 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат; а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат; с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат; 2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат; ө, г, и, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат. ң – 3 сағат, я, ю, х, һ, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады. 45 Тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек. I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады. Тыңдалым мен айтылымның ерекшелігі: тыңдалым материалының көлемі: 30 сек – 1 мин. Оқылымның ерекшелігі: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөз саны 2-6-дан аспауы керек. Жазылым ерекшелігі: дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан

шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу; көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу; қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. Негізінде әдістеме ешқашан ескірмейді, тек жылдар өткен сайын заманның талабына сай кітап қайта жаңартылып, өңделіп отырады. Әліппе пәнінің оқу бағдарламасы, оқулығы ұлт ұстазы көрсеткен әдістемеге сүйеніп жазылды. Бірақ ондағы мазмұн, қор, мәтіндер, тапсырмалар жинағы заманауи кейіпкерлермен, бүгінгінің балаларына түсінікті тілмен, терминдермен беріледі. Осының өзі оқушыларды қызықтырып, жаңа заман талаптарын қанағаттандыра алады. Жаңартылған әліппеде заманауи технология да ескерілген. Оқулықтың әр бетінде QR-код бар. Оны сканерлеп, аудиожазбалар тыңдауға да мүмкіндік бар. Тіпті тапсырмалар да жалпылама берілмей, оқушыға қосымша ретінде арнайы дискте ұсынылады. Жылдар бойы қолданыста келе жатқан баланың сауатын ашуға арналған талай оқулықтарға, тіл ғылымын жіті зерттеген А.Байтұрсынұлының әдістемесі әрдайым негіз болып келе жатыр. «Тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамыту ағылшын тілін үйретудің әдістемесінен алынды» дегенімен, А.Байтұрсынұлының «әңгімелесу» әдісі мұғалім мен оқушының арасындағы диалогы, мұғалім сұрақ қойғанда немесе оқушы мен оқушы сөйлескенде бала тыңдауы және жауап беру арқылы да айту осы дағдыларды қалыптастырды. Баланың сауатын ашудың бірінші кезеңі – әліппеге дайындықта бала әріп пен дыбысты тануға даярлануы керек. А.Байтұрсынұлының «Дыбыспен жаттығу» деген мақаласында мұның әдістемелік талаптары көрсетілген. Осыны басшылыққа ала отырып әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттерін жазған кезде авторлар осы ақпаратты негізге алған. Сонымен қатар ұлт ұстазының осы уақытқа дейін толық және жүйелі түрде қолданылмай келе жатқан әдістемесінің жүзеге асырылуы. Бұдан басқа әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттерін айқындауда А.Байтұрсынұлының «Шағын сөзді», «Жалқылаулы-жалпылаулы», «Жазу-оқу» әдістерін басшылыққа алынып, сауат ашуда қазір «Дыбысты талдау-жинақтау» деп аталатын әдісті А.Байтұрсынұлы кезінде «Жалқылаулы-жалпылаулы» әдіс деп берген. «Дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыру» міндеті арқылы сөйлемнен сөзді, сөзден буынды ажыратып, буыннан өтілетін дыбысты таныту мақсаты көзделген. Жаңа әліппе оқулығын А.Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде әріптерді әліпби бойынша өтпей, дауысты және дауыссыз дыбыстар алмастырып отырып берген. Өйткені бұл буын, сөз құрауға керек. «А» дыбысынан кейін үні бар дауыссыз дыбыс болуы қажет. Сонда алдыңғы тұрған «А» дыбысы мен одан кейінгі дауыссыз дыбысты қатар айтқан бала екі дыбыстан құралған сөзді тез меңгеріп алады. Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліпбидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету- таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Ахмет Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын

таңбалайды. Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы бола алды. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары осының айғағы болса керек. Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліпбидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету- таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы. Ахмет Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын таңбалайды.

Әдіскер-ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) Сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
- 4) Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;
- 5) Баланың ішін пыстыртатын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;
- 6) Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;
- 7) Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Әліппенің мыңжылдық тарихы бар. Қайта өңделіп басылымға шықса да мазмұнын, жүйесін жоғалтқан жоқ. 1-сыныпта оқылатын оқулықтың алдыңғы оқу жылдарында «Сауат ашу» деп аталды. Ол оқулықта да әліппе кезеңдері сақталды «Сауат ашу» мен «Әліппе» оқулығын біраз салыстыра кетейік. «Сауат ашу» оқулығы бірден тапсырмалармен басталатыны білім әлеміне енді ғана қадам басқан бүлдіршін үшін тым күрделі болды. Әріптің жазба түрі жазу жолында көрсетілмеген, көркем жазу арналаған сөздер мен шағын сөлемдер берілмеген, буынның ара жіктері бала оқуына ыңғасыз. Мәтін көлемі де үлкенірек болды. Биылғы шыққан «Әліппе» көлемі жағынан оқушыларға ыңғайлы, жүйелі, әдістемелік мазмұнды, баланың таным-түсінігіне лайық, әрбір тақырыбы суреттерімен, жазу өрнегімен қызықтыра білетін. Ауыз әдебиетінің озық үлгілері де осы оқулықта топтастырылып берілген. Тапсырмалар

оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. Балалар тақырыпты тез меңгереді, әріптерді жақсы таниды, барлығы жеңіл де анық жазылған.

А.Байтұрсынұлының еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен мәні бар. Оның ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажетті, игілікті әрекет еді. Ол 1895-1909 жылдары Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытып, екі сыныптық училищелерде сабақ берді және оқу-ағарту ісін өзінің азаматтық міндеті мен өмірінің мақсаты деп санады. Бұл мақсатын өз өлеңдерінде, публицистикалық мақалаларында бейнелі тілмен «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты» деп жеткізген. А.Байтұрсынұлыты қазақтар үшін өз әліпбиін жасау әрекетіне де, тілін зерттеп оқулықтар жазуына да, тіпті қоғамдық-әкімшілік істеріне араласуына да алып келген – осы ағартушылық мақсаты. Оның ағартушылыққа байланысты білдірген ойлары мен істеген істері тек оқу-білімге шақырумен тынбайды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жайы, бала оқытудың жолдары туралы жиі мақалалар жазды. Соның бірі – 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Оқу жайы» мақаласы. Бұл еңбегінде ол «Қазақта балаларды оқытатын әзірге жосықтар /программалар/ мен кітаптар /оқулықтар/ жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білім алатын оқытушылар даярлау керектігін, «білімнің бас құралы - кітап» деп, «білім конкурсы» дегенді жариялау арқылы да оқу-ағартуды жандандыруға болатынын айтады. «Сөйтіп, оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді. Осыншама таралыммен ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік енгізілген жадығаттары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспады. Ал, А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық ұстанымдарды сақтай білуімен, жас өспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті, ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. Биылғы басылымға ие болған Әліппе оқулығы оқушылардың жас ерекшелігіне сай, бояуы қанық, тартымды, стандарттық нормаға сай, оқу мақсаттарын қамтитын, ең бастысы ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының әдістемесіне негізделіп жазылған.

Әліппе –бар кітапқа бас болған оқулық, барлық ілім-ғылымды үйренудің бірінші баспалдағы, мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіннің алғашқы кітабы. Сондықтан да оқулық талапқа сай, сапалы болуы тиіс. А.Байтұрсынұлының қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған тұлға болғандығын оның қаламынан шыққан қыруар еңбектері дәлел болады.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022оқу жылындағы ерекшеліктері туралы»әдістемелік нұсқау хат.

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы : қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері / А. Байтұрсынов. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.

3.Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құралы – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.

МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Бопышева А. А.

«Павлодар қаласының №34 жалпы орта білім беру мектебі»КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
asel.bopysheva@mail.ru

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғым — адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс тандай алуға қабілеттілік, т.б. Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру — үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі. Функционалдық сауаттылық қазақ тілінің функционалды сипатын зерделеу арқылы қалыптасады. Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары бәсекеге қабілетті білімді де білікті ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Ол өз халқының баға жетпес байлығы ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыру деген сөз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді

түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы. Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады

Мақсаты: оқу дағдыларын қалыптастыру теориясы мен тәжірибесінің қазіргі жағдайын зерттеу, осы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды практикада әзірлеу және қолдану.

Міндеттері:

- Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық тәжірибесін зерттеу

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асыру тетіктерін анықтау

Күтілетін нәтиже:

- Мәтінді еркін түсінеді;
- Өз көзқарасын білдіреді;
- Жаңа тақырыптарды болжайды;
- Ойларын еркін жеткізеді

Қазақ тілін оқытудың ең негізгі мақсаты - тілді үйрету, яғни оқушы белгілі дәрежеде қазақ тілінде сөйлеу, берілген тапсырмаларды түсіну, оқыған шығарманың мазмұнын меңгеру, өз ойын нақты жеткізу керек. Бұл үшін сабақ барысында мәтіндер қолданылады.

Қазіргі заман талабына сай, мәтін арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жаңашыл мектептің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Сол міндеттерді жоғары деңгейде қолданса, онда біз жан-жақты дамыған, сөзге шешен, ойы ұтқыр, сөз саптауы дұрыс тұлға тәрбиелей аламыз.

Мәтіндерді қолдану мақсаты – оқушылардың сөздік қорларын дамыту, мәтінді талдай білу, санымен қатар ауызша және жазбаша тілінің дағдыларын қалыптастыру.

Мақсатқа жету үшін оқу мақсатына жетелейтін тапсырмаларды құрастырдым, мәтіндерді жеңіл қолдануына жағдай жасадым, берілген тапсырмалар оқушының ойлауына және тіл байлықтарының дамуына жетелейтіндігін зерделедім, тапсырмалардың оңай және жеңіл түсіне білулерін ойластырдым.

Жұмыс барысында туындаған қиындықтар да болды. Оны шешу жолдарын ойластыру мақсатында келесі жолдарды қарастырдым. Яғни, мәтінді талдаған кезде осы талаптарға назар аудару қажет:

1. Мәтіннің тәрбиелік мақсаты болу керек;

2. Мәтіндерде оқушылардың дүниетанымын кеңейтетін қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, ұлт мейрамдары туралы мағлұмат көбірек болуы тиіс;

3. Жеңілден қиынға деген дидактикалық принципіне сәйкес мәтіндер сабақтан сабаққа күрделену тиіс.

Мәтінмен жұмыс 5 түрге бөлінеді:

- Мәтінмен танысу;
- Мәтін негізінде тапсырмалар мен жаттығуларды орындау;
- Сұхбат құрастыру;
- Монолог;
- Бақылау

Оқушының ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, оқушы белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуацияларды туғызу қажет.

Өз тәжіриемде тақырыбымның мақсатына жету үшін, жаңа технология түрлерін сабақта келесі әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырдым Олар : «ПОПС формуласы», «Ия, бірақ», «Шын-жалған», «Сұрақ-жауап», «Сурет бойынша сөйлеу», «рөлдік ойын», «Фишбоун» әдістері.



Дейін :

- Оқушылар мәтінді түсінбеді;
- Оқылым бойынша берілген жағдаяттық тапсырмаларды шеше алмады;
- Өз ойларын жеткізе алмады

Кейін:

- Мәтінмен жұмыс істей алады;
- Мәтіндегі ойды еркін жеткізе алады, қорытынды жасайды;
- Мәтін бойынша жағдаяттық тапсырмаларды орындайды

Қорыта келгенде әр оқушының психологиялық жағынан жас ерекшелігіне, тәжірибелеріне қарай өздігінен жұмыс орындау дағдысын қалыптастырудың танымдық мәні зор. Мәселен, тіл дамыту сабақтарында мәтіндік тапсырмаларды орындағанда төменгі саты оқушылары көбіне сұрақ-жауап әдісімен орындалатын жұмыстарға бейім, ал кейінгі сатыдағы оқушылар қызықты оқиғаларды, әлеуметтік жағдайларды, спорт пен ғылымдағы

жаңалықтарды көбірек білуді қалайды. Сондықтан да психологиялық жас ерекшеліктерін, оқу орнына бейімделуін есепке алу өздігінен жұмыс істеу дағдыларына қарай жұмыс түрлерін таңдаудың белгілі басты талаптарының бірі болып қала береді және мұны әр ұстаздың есте ұстағаны абзал.

Бүгінгі таңда білім беруде оқушыға тек қана білім, білік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, алған білімін өмірлік қажеттігіне жаратуға жетелеу көзделеді. Осыған орай, тіл дамыту жұмыстарында оқушының шығармашылық (креативті) ойын дамытып, жұмыс жасау барысында ізденуге көмек көрсетіледі, оқушының өз-өзіне дербес тұлға ретінде қарауға, оны сезінуіне мүмкіндік туғызылады.

Танымдық қызығушылықты дамыту оқушылардың шығармашылық (креативті) ойлау қабілеттерін арттыруға, тілін байытуға, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізу, сауатты жазу үшін елеулі нәтиже береді деп ойлаймын.



Әдебиеттер

1. McEneaney J. Agent-Based Literacy Theory // Reading Research Quarterly. 2006. Vol. 41, № 3. P. 352—371 p.
2. Leu D.J. The New Literacies of Online Research and Comprehension : Reading with a Lens to the Future as Well as a Lens to the Past [Электронный ресурс]// 18th European Conference on Reading SCIRA. URL: <http://www.slideshare.net/djleu/18th-europeanconference-on-reading-scira-25083475>
3. Christensen C.M. The Innovator’s Dilemma : When New Technologies Cause Great Firms to Fail. Boston (MA) : Harvard Business School Press, 1997. 179p.
4. Мелентьева Ю.П. Общая теория чтения. Москва : Наука, 2015, 232 с.
5. Sharma P., Barrett B. Blended Learning : Using Technology in and beyond the Language Classroom. Oxford : Macmillan Books for Teachers, 2007. 160 p.

6. Christensen C., Horn M.B., Johnson C.W. *Disrupting Class : How Disruptive Innovation Will Change the Way the World Learns*. New York : McGraw-Hill, 2008. 238 p.

7. Национальная программа поддержки и развития чтения. Москва : Межрегиональный центр библиотечного сотрудничества, 2007. 56 с.

ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСЫРУ

Дюсенбина Г.А.

Павлодар қаласының № 37 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
dyusenbina71@mail.ru

Жаңартылған оқу бағдарламасы бүгінгі күн оқушысына жаңа талап қояды, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Жан-жақты дамыған тұлға қазақ тілі пәнінен алған тілдік білім, білік, дағдыларын өмірлік тәжірибесінде, коммуникативтік ортада шығармашылықпен қолдана алу керек. Осыған орай қазақ тілі пәнін оқытудың басты тілдік мақсаттары айқындалды.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында шебер ұстаз оқушылардың жас ерекшелігінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес өздігінен білім алуына жағдай жасау арқылы шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етуі қажет.

Қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

5-сыныптан бастап ақпаратпен, яғни түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс барысында оқушы бірден мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтай алу керек. Сол ақпараттың өзектілігін шығарып, бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, мәтіндегі ақпарат бойынша өзіндік көзқарасын білдіруге, тұжырымдама жасауға бағыттау қажет.

Мәтіндегі тақырып пен идеяға негіз болған тіректі сөздер мен сөйлемдерді анықтау, Блум таксономиясына негізделген сұрақтар құру, ашық және жабық тапсырмаларды орындау, ашық және жабық сұрақ түрлерін ажырату сияқты негізгі дағдыларының қалыптасуына қажетті жағдай жасау сұранысы туындайды. Сондықтан мұғалімдер оқу бағдарламасына негізделі отырып, заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін қарастыруы қажет. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Осы теориялық негіздемені негізге ала отырып, ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқылым дағдысын іске асыруға бағытталған тапсырмалардың үлгілерін ұсынамын.

Сабақтың тақырыбы: «Табиғат пен адам –егіз ұғым»

Оқу мақсаты: 7.05.Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру

Бағалау критерийі: Мәтінге проблемалық сұрақтар құрастырады

Ойлау дағдыларының деңгейі жоғары

Тапсырма. «Табиғат пен адам –егіз ұғым» мәтінін түсініп оқып, жұбыңызға көтерілген мәселе бойынша 5 проблемалық сұрақ құрастырыңыз.

Дескриптор *Білім алушы*

- Мәтінді түсінеді;
- Мәтіннің негізгі ойың анықтайды;
- Проблемалық сұрақтарды құрады.

Проблемалық сұрақтар құруда оқушы келесі алгоритмді негізге алуы керек:

- Сұраулы сөйлемде «неліктен», «қалай», «не себепті», «не үшін» сияқты сұрау есімдіктерінің қолданылуы;

- Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейдегі сұрақтардың қолданылуы, яғни талдау, жинақтау, синтездеу немесе бағалауға бағытталған сұрақтар;

- Сұрақ ақпаратты болжауға, ақпарат бойынша өз көзқарасын, пікірін білдіру сияқты қабілеттілігін арттыруы керек.

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан климаты.

Оқу мақсаты: 7.01. Мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау

Бағалау критерийі: Графиктік ақпаратты мәтінге айналдырады

Ойлау дағдыларының деңгейі қолдану

Тапсырма. Суреттегі белгілерді негізге ала отырып, Қазақстан климаты туралы 60-70 сөз жазыңыз.



Сабақтың тақырыбы: «Музыка өнерінің майталмандары»

Оқу мақсаты: 7.04. Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

Бағалау критерийі: Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды

Тапсырма. «Музыка өнерінің майталмандары» мәтінін және Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесін салыстыра талдап, кестені толтырыңыздар

Жорамал жауап: Екі мәтінде де Әміре Қашаубаев шығармашылығы кеңінен насихатталады.

«Музыка өнерінің майталмандары»		Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі
Публицистикалық	стилі	Көркем әдебиет
тақырыбы		
құрылымы		
	мақсатты аудиториясы	
	тілдік ерекшелігі	

Дескриптор *Білім алушы*

- Мәтіннің стилін анықтайды ;
- Тақырыбын анықтайды;
- Құрылымын ажыратады;
- Мақсатты аудиториясын көрсетеді;
- Тілдік ерекшелігін ажыратады.

Сабактың тақырыбы: «Киіз үй»

Оқу мақсаты: 7.06. Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.

Бағалау критерийі: комментарий жасап оқу дағдысын арттырады

Тапсырма. «Киіз үй» мәтіні бойынша зерттеп оқу стратегиясын қолданып, автордың негізгі ойың, кімдерге арналғанын, мәтінді жазудағы мақсатын анықтаңыз.

Дескриптор

Білім алушы

- Автордың негізгі ойың анықтайды ;
- Кімдерге арналғанын ажыратады;
- Мәтінді жазудағы мақсатын көрсетеді.

«Төрт түлік» мәтіні бойынша болжап оқу стратегиясын пайдалана отырып, төрт түлік туралы мақал-мәтелдерді келістіре отырып, болжап оқу стратегиясын қолдану арқылы «Төрт түліктің адам өмірінде орны» тақырыбына мәтін құрыңыз.

«Рөлге бөліп оқу» стратегиясын іске асыру мақсатында «Адал дос пен амал дос», «Бай баласы мен жарлы баласы» мәтіндері ыңғайлы.

Кез келген мәтінді интерпретациялау арқылы айтысқа, рөлдік ойынға

айналдыруға болады. Мысалы «Жыл мезгілдері айтысы», «Табиғат пен адам диалогі» , «Домбыраның монологі», «Ғаламтор және адам», «Тағамдар» айтысы, «Бауыржан Момышұлы монологі», «Алия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованың болашақ ұрпаққа арнау сөзі» сияқты тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, креативті ойлай алу дағдыларын арттырады, яғни функционалды сауаттылыққа бағытталады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сай қазақ тілі пәнінен оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру арқылы оқырмандық мәдениетін, білімге деген құштарлығын, ақпаратпен жұмыс жасаудың, түрлі оқылым стратегияларын меңгеру арқылы оқушының мәтінмен жұмыс барысында негізгі тақырыбы мен идеясын түсіну, мәтінге интерпретация жасау арқылы жаңа жағдайда қолдану, өз ойың, пікірін, көзқарасын білдіру сияқты оқу дағдылары қалыптасады. Сабақта мәтінмен жұмыс барысында тапсырмаларды түрлендіріп беру оқушының шығармашылықпен, креативті ойлау қабілетін арттырады.

Әдебиеттер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

2. Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде) жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар, 7-сынып, 2019-2020 оқу жылы;

3. Қазақ тілі. Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиев, Алматы: «Мектеп» , 2017 жылы;

4. https://ust.kz/word/oqylym_strategiyalaryn_tiimdi_qoldany_arqyly_oqysylar_dying_oqy_sayattylygyn_arttyry-70820.html

5. <http://gazeta.ipksko.kz/ru/other-10/378-o-u-sauattyly-yn-strategiyalardy-oldanu-ar-yly-alyptastyru>

6. <https://bilimdinews.kz/?p=85999>

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЕМЕҢГЕРІ- АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Ельтинова А.Ж.

Павлодар қаласының №16 лицей-мектебінің қазақ тілі және әдебиет мұғалімі
beisembayeva.ayagoz@mail.ru

Халқымыздың ұлттық ғылым тілінің дамып, терминоогиялық қорының қалыптасуы, әдебиеттануда теориялық ұғымдардың зерделенуі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерімен тікелей байланысты, бұған қоса оның ғылыми – педагогикалық, ағартушылық және ғылыми – ұйымдастырушылық қызметі саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеуде ерекше рөл атқарған. Ұлы ғұлама ғалым,

аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің қалыптасуына ұйытқы болуы, оның орасан зор еңбегі жайлы, бүгінгі ұрпақ оның еңбектерін оқи отырып, таниды.

Оның өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны мен біркелкілігі, жинақтылығы мен жеңілдігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. Сонымен қоса ұлы ағартушымыз жайлы өзге ақындар да біршама жоғары деңгейдегі өз ойларын жазып кеткен. Сәкен Сейфуллин баға беріп, ақын жайлы: " өзге қорлыққа қарамастан құлдыққа көніп, патша өкіметіне қарсы тұрып, қазақтың намысын ойлап жаны ашыған адам жалғыз Ахмет еді" - деген екен. Ақынның ойшылдық көзқарасы, суреткерлік бейнесі қазақтың салты, қазақтың қалпында жақсы бейнелене көрсетілген. Сол кездегі қазақ елінің жағдайы мен қазіргі жағдайды салыстырсақ үлкен өзгеріс бары сөзсіз. Ал сол өзгерістің бірден бір себепкері бола білген адам ол - Ахмет Байтұрсынов.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннан кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруше көп күш жұмсаған, мәдениет қайраткері, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 28 қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші ауылында, Сарытубек деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Торғай ауданы, кешегі күнге дейін Южный деп аталған, ал бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынов атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген. [1,8]

Әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтау жасаған. Әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Ахмет Байтұрсынұлының жекелей ғалымдығына келсек, ірі лингвист, осы күнгі қазақ тіліндегі барлық терминдердің атауы қазақ тілінде Ахаң аударған терминдер, біз сол атаулармен атауадымыз. Әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, біздің дәуірдегі қоғам қайраткері, болашқ халқының қамын - бітпейтін жүрегімізде бар бір жара" деп, өмір бойы ойлап, ақырғы демі біткенше халқы үшін еңбек еткен алып тұлға екен.

Бала кезінде әкеден, ағадан тірідей айрылып, жауыз патша жендеттерінің қолынан қаза тапқан қадірлі адамдарының жазықсыз жандарды қорғаймын деп, халқы үшін өмірлерін қиған ардақты екі азаматтың опат болғаны жас Ахмет жүрегіне жазылмас жара салған еді. Жас сәбидің жүрегі сол жылдарда - ақ патша заманының зұлымдығына мұз болып қатып, жүрегіне жара болып жабысқан еді [2,42].

Алғаш-ақ қазақтың еркін жайлаған жерін таптап, ғасырлар бойы мекендеген жерін алып, орыс переселендеріне беріп, халқын қараңғыда ұстап, езіп-жаншып отырғанын ең алғаш көрген де Ахаң еді.

Әдебиеттану саласында Абай шығармаларының халықтық сипаты, түрлі жанрлары, поэтикалық ерекшеліктері, текстологиясы, жаңашылдығы тарау-тарау, сала-сала сараланып талданады. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов,

Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Султанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров тұғырын тұрғызып дәстүр бастаған абайтану ғылымы бір ғасырдың ішінде қанатын кеңге жайып тереңдеп кетті[3, 48].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында мысал жанрының қазақ әдебиетінде кең орын алуына Абай, Ыбырай, А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, А.Құрманбаев, т.б. ақын жазушылар айтулы үлес қосты [4,31].

Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиеті әлемімен байланысы ұзақ ғасырларға кеткен, өзара рухани жағынан да тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен де ұштасып жатқан әдеби даму заңдылығының жемісі. Ол жөнінде қазақ ғалымдарының еңбектерінде жазылып, зерттеліп келеді. Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезовтің, Шәмшиябану Сәтпаева, т.б. еңбектерінде бұл шығармашылық рухани байланыстың ерекшеліктері мен көріністері, негізгі заңдылықтары мен сипаттары жан-жақты жазылды. Әсіресе, «кітаби ақындар» аталып жүрген ақындардың туындылары, діни қиссашылдар мектебі, нәзирашылық дәстүр жөніндегі талдаулар көп мәселенің ғылыми байыбын ашып көрсетеді[5,36].

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы - дүниедегі өмірдің өзіндей байтақ, мынау жарық дүниенің даласындай дархан ғажайып тұлға, халқымның маңдайына біткен абзал азаматы, асқар таудай арысы, өмір жолы мәңгілікпен астасып, ғасырлардан ғасырларға ұласып, сан ұрпағымыздың елдік мектебіне айналған асыл ардагер азаматы[6,146].

Өткірсің наркескеннің алмасындай,

Жүйріксің полный ходтың арбасындай..

Сен сұңқар,көңілі соқыр сенімен қас,

Өзінің болмады деп қарғасындай,-деп Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынның ерекше қасиетін жырлап кеткен.

... Ахмет Байтұрсынұлы - қарапайым адам емес, оқу оқыған көзі ашық адам. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, ұлттық дауысын шығарған адам... Қалың қазақтың ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді," дейді Сәкен Сейфуллин ("Еңбекші қазақ" газеті, 30.01.1923ж)

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол – білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін күңірену, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық жай еді[1, 9].

Асылы, жиырма екі жастағы мұғалім Ахмет Байтұрсынұлының бар мақсаты - қалың ұйқыдағы халқын ояту, сөйтіп азаттық пен теңдік жолындағы әуре-сарсаңы, қуғын-сүргіні жетіп артылатын, қилы кезең сапарында мүмкіндігі жеткенше көшбастар серкесі болу! Оның үстіне қазақ даласындағы Ыбырай Алтынсариннің мектебіндегі қоңыраудан тәрбие алған, халық ауыз әдебиетінің

небір үлгілерінен, Абай поэзиясынан талай-талай нәрселерді зердесіне түйген адамның ұстаздық жолды таңдап алмауы мүлде мүмкін емес болатын. Бұған қоса өз дәуірінің, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы Россиядағы әралуан әлеуметтік толқулардың, партиялардың таптық-топтық жіктелулердің замана лебіне сәйкес іс-әрекеттерін көзімен көру оның ағартушылық, демократиялық көзқарастарының қалыптасуына айрықша ықпал еткені сөзсіз. Сондықтан шығар Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімдік сара жолында - үгіт-насихаттың пәрменді құралы ретінде баспасөз бен әдебиеттің атқаратын рөлін мейлінше зор көрегендікпен терең сезінген, ерте сезінген. Оның алғашқы мақаласының 1895 жылы жарық көріп, оның "Казахские приметы и пословицы" деп аталуының, орыс тілінде жазылуының өзі көп нәрсені аңғартады[7, 11 б].

Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, танып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан, сол күйінде тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді.

Жазба әдебиеті екі дәуірге бөлінеді: 1. Діндар – дәуір, 2. Ділмар дәуір. Діндар – діншіл деген мағынада, ал ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер.

Жазу әдебиеті деген жазылған шығармаларды айтады және жазу әдебиеті 3 түрге бөлінеді:

- Ертеқ (әңгіме)
- Толғау
- Айтыс-тартыс

Жазу әдебиетінің ертеқ түріне кіретін сөздері – ауыз ертеқ, ертеқ жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау тобына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл-күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс тобына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ; ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі шығармалар жалғыз қазаққа ғана емес, басқа жұрттардың да ауыз әдебиетінде болмаған, айтыс-тартыс түрдегі шығармалар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққан[1, 163].

Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған.

Діндар жағының басымдығымен айтылатын түрлері: қисса, хикаят, насихат, мысал, кінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Бұлардың әрқайсысына қысқаша сипаттама беріп өтсе:

Қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан сөздер емес, басқа жұрттардың ертеқтері[2, 308]. Насихат дегеніміз-ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуірдегі үгіт өлеңді насихаттаушылар насихат деп атаған. [8, 310].

Діндар дәуірдің айтыс өлеңдері де дін әсерінің күштілігін көрсетеді: ақындар айтысқанда бірін-бірі сүрінту үшін, дінге, шариғатқа теріс ғамалдарын көрсетіп сүрінтуге тырысады. Шариғатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады.

Ақындардың толғауларында да діндар дәуірдің жырларында да дін әсері бар. Ғашықтық толғауларда мұсылмандық, кәпірлік, шарифат сияқты нәрселер айтылмағанмен, діндар дәуірдің тіл әсері айқын көрінеді [8, 317].

Ауыз әдебиеті мен діндар дәуір термесі бірдей. Жалғыз-ақ діндар дәуір дін сөзін көбірек қатыстыруымен ерекшеленеді. Мысал үшін діндар әдебиет термесінен қарастырсақ, Шортанбай термелері:

Атамыз Адам Пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халайық
Сол Адамнан таралды.
Мұсылманға бұйырған
Көкірегіне қадалды.
Ұрлық пенен қарлықтан
Бойынды тартып, тек жүрсен,
Көрмесің деген залалды...

Діндар дәуірдің даттау өлеңінде сөгу, жамандау, айбын, мінін айту болып келеді. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сөз де кіреді, бүгін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сөз де кіреді. Үйіне қондырмаған, қонақасы оңды бермеген сияқты ұсақ себептерден реніш етіп даттаған [1, 171].

Халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі – XIX-шы ғасырдың екінші жартысында басталған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Уәлихановтан бастау алған игі іс қазақ зиялыларының да ұрпақтық парызына айналды. Өз ұлтының мүддесі үшін – ұлттық сана сезімнің дамуындағы әдебиеттің маңызын түсініп, ескі ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинап, қайта шығаруды олар да қолға алды. А.Байтұрсынұлы да ел аузынан «Ер Сайын» жырын жазып алып, оны Мәскеуде 1923-ші жылы Ұлттар Комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында бастырады. Жинақтың ішкі мұқабасындағы: «... жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші» деген қысқаша мәлімет, бұл жұмыстың негізі тереңде жатқанын аңғартқандай [9. 194 бет]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінде жазба әдебиеттің пайда болуын діншіліктің таралуымен сабақтастыра, "қазаққа жазу дінмен келген" дейді. Ғалым алғашқыда дінді насихаттау мақсатында қожа, молдалардан таралған діндар әдебиеттің тіл ұстартуды ойламағандықтан көркемдігі төмен болып, шеберлік жағынан дәстүрлі ел әдебиетінен әлдеқайда қауқарсыз келетіндігін жаза отырып, "қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолла сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздер бітегене дәмділенгенін" ескертеді. Бұл ойды еске салғанда, әдебиеттің дамуы жолындағы жеке тұлғалардың ақындық, суреткерлік қуатының айрықша қызмет атқара алатындығын айта отырғанның артықтығы жоқ. Сөз жоқ, Шортанбай, Дулат, Махамбет, Абай сынды дара тұлғалардың дарыны, қабілеті, білімі мен талантты әдебиетті қай жағынан да байытты, түлетіп түрлендірді. Сондай-ақ, кейбір әдеби ағымдар мен мектептер қауым рухымен толық сіңісіп, жарасып кеткенше, толық қалыптасқанша белгілі дәрежеде үйлесімсіздік байқатты. Айталық, діни сарындағы әдебиеттің келуі,

дәстүрлі мәдениеттің екінші бір ежелгі желілеріне кедергі келтіріп те жатты. Діндар әдебиет деңдеген тұстарда домбыра тарту, ән салу, өлең айту секілді дәстүрлі ғұрыптық әдебиет пен өнер үлгілерінің өзіне көлеңке түскендей сезілген. Діндарлық сарын әлеуметтік ағымдағы басымдығымен қазақтың әзелден туа бітті зайырлы мәдениетіне тиым салғысы келсе керек. Еркін тынысты қазақ әдеби дәстүрі шарифаттың сондай шідерін үзіп кетіп отырған. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы анықтамасына жүгінсек "Жазу әдебиетпен қатар қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан түгел күйінде сақталған". Түркі даласына Исламның таралуы ІХ-Х ғасырлар шегінен басталғандығын ойға алғанда, қазақ қауымында жазу әдебиеті мен ауыз әдебиетінің қаншама заманалар бойы жарыса үзеңгі қағыстыра өріліп, өрбігенін көзге елестету де қиынға соқпас[10, 33-34бет].

ХІХғ. екінші жартысында өмір сүрген қазақ ағартушы-демократтары Шоқан, Ыбырай, Абай, онан кейінгі қазақ зиялылары: Шәкәрім, Ш.Бөкеев, С.Торайғыров, М.Сералин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Ж.Көпеев, М.Қалтаев, Ә.Тәңірбергенов, К.Жанатаев т.б. еңбектерінен оқу-ағарту, өнер-білім, адамгершілік, ар-ұждан, борыш, парыз мәселелерінің ғылыми - философиялық тұрғыда тереңірек қарастырылғанын көреміз[11, 196].

Жалпы сөзімді қорытындылай келе, орыс ғалымы айтқандай: «Көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәндерін анықтау жолында ұлттық әдеби теориялық ой-пікірлерді ғылыми бір жүйеге салған, әдебиет теориясында ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын ашқаны ол ақынның үлкен еңбегінің жемісі ». Иә, Ахаң түрлеген ана тіліміз бен оның еліне қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсетіндігіне еш күмәніміз жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегі халықтың асыл мұрасы, әрбір жазған шығармасы елдің ертеңі. Ендеше, «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» деп Ахаң айтқандай, оның әрбір туындысын бойымызда берік сақтап, жас ұрпаққа үйреткенде ғана еліміздің ертеңі жарық болмақ.

Әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: "Жібек жол" баспа үйі, 2002.
2. Қазақ әдебиеттанушы. Алматы: "Елтаным баспасы",-2015. Ісімақова А.С
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 5-том. Алматы. ҚАЗАқпарат-2006
4. "Жалған сөз жаным ашып алашыма"- Алматы, 2015. Ісімақова А.С
5. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құрастырған: Д.Әшімханов.-Алматы: Жалын, 1992
6. С.Е.Жұмабек. Сын симфониясы. Таңдамалы, әдеби толғаныстар,
7. А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: "Ел - шежіре",-2013, I том

8. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлы өмірбаяны 3. А.Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: "Ел - шежіре",- 2013, II том

9. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. Алматы: КАЗақпарат, 2005 (мұрағат деректері негізінде). Монография. - Астана: "Педагогика ПРЕСС", - 2010

10. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10-томдық. -Алматы:"Таймас" баспасы

11. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтама. Алматы:Сардар, 2014-Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Жайлауова Г.У.

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі әдіскері

kgu_2701@mail.ru

Аубакирова Н.У.

Көкшетау қаласының Мәлік Ғабдуллин атындағы № 3 мамандандырылған гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

nur_aubakirova_1972@mail.ru

Қазақ тіл білімінің қалыптасында Ахмет Байтұрсынұлының қосқан үлесі зор. Ғалым қазақ халқының өркениетті ел болуына білімнің қажеттілігі мен жазудың маңыздылығын түсініп, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сәйкес келетін араб жазуына негізделген әліпбиін жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912, 1914, 1915 жылдары жарық көрген «Оқу құралы», «Тіл – құрал» атты еңбектері қазіргі қазақ тілінің теориялық негізін қалаған ғылыми еңбектер болды. Оның «Тіл – құрал» еңбегінде қазақ тілінің ғылыми стилінің қалыптасуында қосқан зор үлесін де байқаймыз. Тілші-ғалымның лингвистикалық ұғымдарға берген анықтамалары оған дәлел болады. Оқулықта берілген анықтамалары дәйектілігімен ерекшеленетін, ғылыми жағынан терең әрі дәл, түсінуге жеңіл анықтамалар. Аталған еңбегіндегі ғылыми ұғым атаулары қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдердің қалыптасуына негіз болды. Қазақ тіліндегі сөз таптары, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлерінің атаулары: зат есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, одағай, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. терминдерді жасауда ана тілімізде терминжасамның үздік үлгісін көрсетті. Бұл терминдерді қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы халықты сауаттыландыру

үшін жазылған оқулықтарындағы тілдік құбылыстарды түсінуге жеңіл әрі есте қаларлықтай оңай болуын көздеді. Мысалы, 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы» еңбегінде *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгі, хәріп*, ал 1914, 1915 жылдары басылып шыққан «Тіл-құрал» оқулықтарында *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты терминдер бар [1, 75-76 б.].

Бұл терминдер қазіргі қазақ тіл білімінде осы қалыпында еш өзгеріссіз қолданылып жүргені белгілі.

Қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген лингвистикалық терминдерінің басым бөлігі Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл-құралы» еңбегінде қолданылған. Еңбекте 310 лингвистикалық термин бар. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек: фонетикаға қатысты - 108 термин, лексикологияға қатысты 11 термин, морфологияға қатысты 109 термин, синтаксиске қатысты 64 термин және жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин қолданылған. А. Байтұрсынұлының терминдерінің көбі қолданылу аясына қарай өзгеріске ұшыраған [2, 14-15 б.].

Еңбекте қолданылған терминдер мен қазіргі тіл білімі сөздіктерінде қолданылған терминдерді салыстыра зерделейтін болсақ, тілші-ғалым ұсынған терминдердің ықшамдалып, бір сөзжасамдық үлгіге түсірілгенін: бас мүше – бастауыш, баяншы мүше – баяндауыш т.т.; ғалым ұсынған қазақ тіліндегі ұғым атауларының орнына балама халықаралық терминдердің алынуы: дыбыс жүйесі – фонетика, сөз жүйесі – морфология, сөйлем жүйесі – синтаксис, кіші сызықша – дефис т.т.; енді бір қатар лингвистикалық ұғымдардың атауы синонимдері арқылы алмастырылған: қағида – ереже, ноқат – нүкте, қос ноқат – қос нүкте т.т.; мүлде өзгеріске ұшыраған терминдер: ымырасыз харіфтер–ұяңдар, бұратана сөздер – оқшау сөздер, қабат үтір – тырнақша т.т.; тұлғасы сәл өзгеріске ұшыраған терминдер: қосалқы сөз – шылау, есімдеуіш атау – сөздер есімдер т.т.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің ғылыми стилі мен ғылым тілін қалыптастыруда қосқан үлесін тілші Т.Қордабаев жоғары бағалайды: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін туған тілімізде зерттеудің үлгісін жасап, оның ғылыми терминдерін қалыптастырып, сөйтіп, тіліміз туралы берік негізін қалаған ғалым ғана емес, сонымен бірге оның ілгері дамуына, болашағына бағыт-бағдар сілтеген, игі әсер еткен ғалым» [3, 238 б.].

А.Байтұрсынұлы қолданған терминдер мен анықтамаларға зер салатын болсақ, ұлттық тілдің негізінде жасалып, ұғым мазмұнын ашуда дәл әрі қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Мысалы, Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлеген де, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз. Қыры келетін, келмейтін сөздерді мысалмен

көрсетейік: «қыс қатты, қар қалың, күн суық» дегенде үш сөйлем бар. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған, жана өзгерілмей-ақ қырлары келіп қиындасып тұр. Енді басқа сөйлемдерді алып қарайық: «Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада». Мұнда да үш сөйлем. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілмей алынған бір сөз жоқ – бәрі де өзгеріліп тұр. Қырларын келтіріп, қиындастыру үшін өзгертпей, тұрған-тұрған түпкілікті күйінде алсақ, қырлары жанаспайды, біріне-бірі қиыспайды. Қырларын өзгертпей алып қарайық, не болып шығар екен: «Ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көп, жат, қала» – осы сөздерден «елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада» деген ойларды ұғуға болар ма? – Әрине, болмайды [4, 121 б.].

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегінен алынған осы анықтаманың оқулықта берілуі мен дәйектелуін зерделейтін болсақ, ой тереңділігі түсініктілігімен ерекшеленеді: Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлеген де, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз. Осы терминнің Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің сөздігіндегі» анықтамасына зер салайық: Сөйлем орыс. предложение – предикаттық қатынас негізінде құралып, біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тұтастық. Формасы, қызметі жағынан синтаксис жүйесіндегі сөзге немесе сөз тіркесіне қарама-қарсы қойылып қаралатын негізгі грамматикалық категориялардың бірі. Кең мағынада пайымдауды, бір нәрсе жайында айтылған пікірді білдіретін кез келген күрделенген синтаксистік құрылым, жеке сөз немесе сөз тұлға [5, 265 б.].

Арасына жүз жылға жақын уақыт салып берілген анықтамаларды салыстырсақ, әрине, алғашқысы дәйектілігімен ұтады, түсініктілігімен ерекшеленеді. Соңғы анықтамада қазіргі тіл білімінің жетістігі, мәтін синтаксисі тұрғысынан келіп, біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тұтастық деп түсіндіргенмен әрі қарай бір нәрсе жайында айтылған пікірді білдіретін бірлік екені айтылады. Алғашқы анықтама ықшам, түсінуге жеңіл бес сөйлеммен берілсе, соңғы анықтамада ой шұбалаңқы беріліп, түсінуге біраз қиындық тудыратынын байқауға болады. Әрі бұл анықтама орыс тілі оқулықтарында берілген анықтамаларды еске түсіреді (Большая Российская энциклопедия: <https://bigenc.ru/linguistics/text/3175163>). Демек, ғылым тілінде қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін ескеріп, жаңа сөз жасау, термин қабылдауда немесе оқулық тілінде ана тіліміздің сарқылмас мүмкіндігін пайдалануда Ахмет Байтұрсынұлының тәжірибесін пайдалану, ұлыдан үлгі алу ісі бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жоймағанын көреміз.

Әдебиеттер

1 А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі білімінің негізін салушы: Оқу-әдістемелік кешен. –Алматы, 2006. -76 б.

2 Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. –Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2005. – Б.14-15.

3 А.Байтұрсынұлы тағылымы: А.Байтұрсынұлының 130 жылдық мерейтойына арн. респуб. ғыл.-практ. конф. материал. – Қарағанды, 2003. – 149 б.

4 Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. –Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.

5 Қалиевтің Ғ.Тіл білімі терминдерінің сөздігі. –Алматы: Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. –388 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКKE БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жумжуманова С. Ж.

«Павлодар қаласының №34 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
szhumzhumanova@bk.ru

Мақсаты: - Қазақ тілі пәнін оқытуда құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы функционалдық сауаттылық қабілеттерін дамыту;

- Оқу-тәрбие үдерісінде құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізін айқындау;

- «Құзыреттілікті қалыптастыру» ұғымына анықтама беру.

Міндеттері:

- Оқушының дара тұлғалық қабілеттерін шыңдау, ең алдымен, оның өздігінен іздену, өздігінен әрекет ету, кез келген жағдаятта өз бетінше оң шешім қабылдай алу дағдыларын дамыту

- Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, білімге тереңірек ұмтылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне жағдай туғызу, көмек беру

Күтілетін нәтиже:

Ақпараттық құзыреттілік:

▪ сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
▪ өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға, осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;

▪ өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасымалдауды, АКТ – ның көмегімен жүзеге асыруға;

▪ логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге;

▪ қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік құзыреттілік:

▪ нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;

▪ жағдайлар мен қатысымдық міндеттердің шешімдерін таңдауға және қолдануға, өзіндік пікірін білдіруге;

▪ қарым – қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуге, жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы оқушылармен топта қарым – қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

“Құзыреттілік” ұғымы:

Құзыреттілік-латын тілінде “Competent” жан-жақты хабардар, білгір мағынасын білдіреді.

-Қазақ тіліндегі түсіндірмесі “жасай алу” немесе қандайда бір сұрақтар төңірегінде шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Құзыреттілік дегеніміз-оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде оқушылардың алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде, қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

Құзыреттілік тәсілдемесінің мәні: мәселелі жағдайларда қолдана алатын тәжірибені қалыптастыру.

Негізгі құзыреттілік:

- * ақпараттық құзыреттілік;
- * коммуникативтік құзыреттілік;
- * мәселені шешу құзыреттілігі;
- * мәдениеттанымдық құзыреттілік;
- * әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілік;
- * құндылыққа бағдарланған құзыреттілік;
- * технологиялық құзыреттілік.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық қабілеттерін дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Оқушыларды функционалды сауаттылыққа бағыттау мынадай мәселелерді қарастыруы тиіс:

- бағдарламалық-мотивациялық;
- ізденушілік-зерттеушілік;
- тәжірибелік;
- рефлексиялық- бағалаушылық;

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын

мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Ақпараттық құзыреттілік:

Сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға, өз бетінше мақсат қоюға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға өз бетінше табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге, ақпараттарды тасымалдауды, оның ішінде қазіргі заманға ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға, ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді. Ақпараттық құзыреттілікке жетудің өзіндік жүйесі бар. Ол оқулықтан, баспасөзден, ғаламтордан тағы да басқа дерек көздерінен іздеу үшін оқушы бойында қажеттілік пайда болады. Көреді, талдайды, сұрыптайды, өмірде пайдаланады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап (іріктеп) алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушының оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар

Тақырыбы: “Мен армандайтын мектеп”

Аспекттері: ақпараттық ізденісті жоспарлау. Алғашқы ақпаратты бөліп алу. Ақпаратты өңдеу.

Ынталандыру: егер, сен тапсырмаларды дұрыс орындасаң, Заманауи мектеп туралы толық мағлұмат аласың.

“Заманауи мектеп” бейнефильмінен үзінді көру.

I-деңгей: Көрген бейнефильмді ары қарай қалай жалғастыра едің? (9-10 ұп)

II-деңгей: «Инновациялық мектеп» тақырыбына әңгіме құрастыр. (7-8 ұп)

III-деңгей: Тақырыпқа қатысты алған ақпарат бойынша кластер құрастыр. (5-6 ұп)

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар

Тақырыбы : “Мен армандайтын мектеп”

Аспекттері: жазбаша қатынас. Көпшілік алдында сөз сөйлеу. Топтық жұмыс. Ынталандыру: егер тапсырмаларды дұрыс орындасаң, заманауи мектеп туралы ойыңды еркін жеткізе білесің.

I-деңгей: Ашық микрофон әдісі бойынша бір топ екінші топпен сұхбат жүргізіндер. (10-ұп)

II-деңгей: Дәсүрлі мектеп пен қазіргі заманауи мектеп жайлы тірек сызба құрастырындар немесе презентация жасандар. (7-ұп)

III-деңгей: Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа байланысты диалог құрастыр. (5-ұп)

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы оқушының бойында функционалдық сауаттылық қабілеттерін дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу болып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру мемлекеттік бағдарламасында мектеп қабырғасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері ашылатын, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру тұрғысындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары айқындалған.

Аталған әрекеттері арқылы әр оқушының проблеманы шешу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Құзыреттілік қалыптастырудың келесі міндеті әр сабақтың өмірлік жағдайлармен байланыстылығы. Бұл орайда құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған тапсырмаларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылық қабілеттерін дамытады.

Әдебиеттер

1. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Оқытудың инновациялық технологиясы. -Өскемен, 2002.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы.- Алматы, 1966.
3. Е.Ө.Жұматаева «Проект технологиясы және оның білімдендіру үдерісіндегі рөлі» Павлодар, 2015,34бет
4. З.Ш.Махадил «Еуропалық стандартқа сәйкес қазақ тілін оқыту деңгейін бірыңғай бағалау жүйесі» Павлодар, 2015

ЖАҚСЫ АДАМ ҒАНА ЖАҚСЫ ҰСТАЗ БОЛА АЛАДЫ ...

Жүсіпова Г.Ж., Жакупова Г.Х.

Павлодар қаласының №41 денешынықтыру-сауықтыру бағытындағы жалпы орта білім беру бейіндік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

gauhar2012pv1@mail.ru

a.gulmira.kz@mail.ru

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.
Абай*

Әр адам баласының өміріне жол сілтер жан - ұстаз. Ол балаларға білім нәрін себетін, ақылын айтып, ілім үйрететін асыл жан. Мұғалімнен аларымыз, үйренеріміз көп. Ұстаздың сөзін ұғыну – біздің міндетіміз. Орыс ойшылы Анатолий Луначарский айтпақшы, «Ұстаз – бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтатушы адам». Ал қазақтан шыққан қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім – мектептің жаны» деп бағалаған. Осыдан-ақ, «Ұстаз» деген – ұлы есім екенін талассыз аңғаруға болады. Себебі, ұстаздар қауымын ерекше құрметтеу, қадірлеу бәрінен биік тұрады. [3]

«Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі - терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек». Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі - Ахмет Байтұрсынұлы. Тұтас буынның төлбасы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық бағытты жалғастырушы - Ахмет Байтұрсынұлы. Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балаларының көзі ашық, сауатты азамат болып шығуларына септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған.

Орыс мысалшысы И.А.Крыловтан аударған және соның ізімен, идеясымен жазылған мысалдардың бірі - «**Екі шыбын**». Бұл шығарма мысал түрінде жазылған.

1.- «**Мысал**» дегеніміз не?

- Мысалдың идеясы астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма болып келеді.

2. «**Екі шыбын**» өлеңін мәнерлеп оқу.

3. **Сөздік жұмысы.**

1) **маңғаздану** – паңсыну, тәкәппарлану;

2) **мақтаншақ адам** – өзін-өзі асыра бағалайтын, мақтауды сүйетін адам;

3) **әдін** – шамасын, күшін;

4) **ғибрат** – үлгі, өнеге;

5) **мұрнын көкке көтеру** – менсінбеу;

4. **Мағынаны ажырату.** Тірек сөздер: шыбын, сабан, өгіз, жер жырту, ғибрат, мұрнын көкке көтеру.

5. **Грамматикалық тапсырма.** Сөздіктегі сөздер мен сөз тіркестерінен синонимдер мен тұрақты сөз тіркесін табу. (*Мұрнын көкке көтеру* – тұрақты сөз тіркесі, *Мұрнын көкке көтеру, маңғаздану*– синонимдер)

- Өздеріңіз байқағандай, шығармада автордың айтпақ ойы - мақтанға салынбау. Автор образы арқылы адамдардың бойындағы мақтаншақтық қасиеттерді сынайды.

6. **Концептуалдық кесте.**

<i>Р/с</i>	<i>Шығарманың аты</i>	<i>Шығарманың кейіпкері</i>	<i>Кейіпкердің адамгершілік қасиеті</i>	<i>Кейіпкерге берілетін</i>	<i>Шығармадан туындайтын ой-тұжырым,</i>
------------	-----------------------	-----------------------------	---	-----------------------------	--

				<i>баға</i>	<i>мақал-мәтел</i>
1	«Екі шыбын»	шыбын	мақтаншақ	төмен	Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай

7. Өлеңнің жоспарын құру.

- 1) Сабан тартқан өгіз.
- 2) Мүйізіндегі қара шыбын.
- 3) Шыбынның танысына кез болуы.
- 4) Танысының жөн сұрауы.
- 5) Шыбынның мұрнын көкке көтеруі.
- 6) Өзімшіл шыбын.

8. Өлеңді талдау.

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке, /11 буын/ /а/

Өз әлін өзі білген адам көп пе? /11 буын/ /а/

Мақтанып, бәрін де өзім еттім дейді, /11 буын/ /б/

Біреудің шылауында жүріп текке. /11 буын/ /а/

9. Сатылай кешенді талдау

1) **Авторы:** А. Байтұрсынұлы.

2) **Тақырыбы:** «Екі шыбын».

3) **Жанр түрі:** поэзия /өлең/.

4) **Идеясы:** мақтанға, тәкәппарлыққа салынбау.

5) **Шумақ:** 5 шумақ.

6) **Тармақ:** 20 тармақ.

7) **Бунақ:** 3 бунақ.

8) **Буын саны:** 11 буынды.

9) **Ұйқас түрі:** қара өлең.

10) **Әдеби теориялық ұғым:** ирония, кекесін зілді мысқыл.

11) **Түсіндірме сөздік:** - маңғаздану, мақтаншақ адам, әддін, ғибрат.

12) **Өлеңнің тәрбиелік мәні:** шыбынның бейнесі арқылы адамдарды мақтаншақтық, тәкәппарлық, өзімшілдік сияқты жаман әдеттерден сақтандыру.

10. «Ойтолғаныс» сатысы.

Бес жолды өлең құрастыру.

Зат есім: Ахмет

Сын есім: шебер, суреткер.

Етістік: аударды, шығарды, кейіптеді.

Синоним: ақын, мысалшы, аудармашы.

Сөйлем: Ахмет – XX ғасыр әдебиетшісі.

Ахмет Байтұрсынұлы И.А.Крыловтың «Пчела и мухи» деп аталатын мысалының идеясын алған. Екі мысалшының да айтар ой-пікірі де, берер сабағы мен ұсынар түйіні де біреу - адамдар бойындағы мақтаншақтықтан, өзімшілдіктен аулақ болу. Бұл туралы И.А.Крылов өлеңінің басында айтса, Ахмет Байтұрсынұлы бұл ойды жинақтай келе, оқырманға ғибрат ретінде ұсынып отыр.

- Өлеңнің ғибратын қай шумақтан оқуға болады?

- Бұрын өткен мысалдарды еске түсірсек. 5-сыныпта өткен «Егіннің бастары» өлеңінің ғибраты қандай болып еді? (Көрсеқызар, мақтаншақ болмау, әлі келмейтін іске ұрынбау).

- Қандай мақалмен тұжырым жасауға болады? (Бидайдың басын көтергені – дақылы жоқтығы. Жігіттің кеудесін көтергені - ақылы жоқтығы).

Әр сабақта оқушылардың басты мақсаты өлең болсын, мысал өлеңі болсын, жоспарын құрайды, сол жоспар бойынша сюжетін әңгімелейді. Диалогқа түседі, осы мысал бойынша әке мен баланың диалогін кезектесіп оқиды немесе піскен бидай мен дәні толмаған бидайдың диалогін құрастырады. Бидайдың сипаты арқылы берілген адам мінез-құлқын қарасөзбен жазады. Кесте толтыру арқылы адам бойындағы жағымсыз, жағымды мінездерді анықтап, одан арылу жолдары туралы өз ойларын жазады. Қолданатын әдістері: «Көршіңмен сырлас», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Бес сатылы эссе жазу», «Сұхбат алу». Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі. Ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойынша сұхбат құрайды. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді.

Бұл әдіс топ жұмысы барысында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар құру тапсырылады және «Конверт» әдісі: ой түрткі сұрақтарын құрайды.

А) «Егіннің бастары» мысалында ақын нені сынаған?

Ә) Әке мен баласы арасында қандай әңгіме болды?

Б) Бидайдың қандай әрекеті баланы таң қалдырды?

В) Әкесі баласына қандай мінез адамның да бойынан табылатынын айтты?

Г) Әкесі баласына қандай кеңес берді?

Біз өз сабағымызда жүйеленген әдістерді пайдалана отырып, мақсатымызға жетеміз. Осы әдістерді тиімді пайдалану сабақты әрі жеңілдетеді, әрі сабақ қызықты өтеді. Барлық деңгейдегі оқушыларға түсінікті болады. Сенімділікпен жұмыс жасайды, өз пікірлерін ашық білдіреді. Оқушыларымыз жаңа ақпараттармен білімдерін толықтырады.

Жоғарыда берілген сұрақтар арқылы өлең мазмұнын түсінгендіктеріне кері байланыс жасайды. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын анықтайды.

Мәтін аты

Тақырыбы

Идеясы

Сонымен, біздің Ахмет атамыз мысалдар аудару арқылы мысал жанрына үлкен үлес қосты. Соның бірі 6-сыныпта өткен «Қара бұлт» мысал өлеңі. [2.88-89]

«Қара бұлт» өлеңінде қандай түйін бар? Қара бұлттың мақтаншақтығы мен қайырымсыздығын сынап, таудың сөзімен қарапайым болуға, еліне пайдалы еңбек етуге шақырады).

I.«Нені білгіміз келеді?» (өлеңді мәнерлеп оқыту).

II.«Ой толғау» (топтық талдау)

III.«Нені білдік?» (рөлге бөліп оқыту)

IV.«Венн диаграммасы»

- Бұлт пен таудың астарында қандай адамдар жатыр?
- Бұлтқа ұқсағысы келетін оқушы бар ма екен?
- Тауға ұқсағысы келетін оқушы бар ма екен?
- Бұлт қандай бейне?
- Тау қандай бейне?
- Абай атамыз айтқандай адам бойындағы бес асыл іс пен бес дұшпанды қане, кім атап береді?

«Ой қорыту» (пікіралысу).

- Қайырымдылық деген не?
- Қазіргі заманда қайырымдылық керек немесе керек емес.

Түйін:

Адам- өмірге қонақ.

Мақсат- бүгінгі айтылған жаман қасиеттерден аулақ болып, адамша өмір сүруге тырысу керек. [1.297]

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер топтамасы — көп ғасырғы қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық, гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ. [4]

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Шығармалары /Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер/. - Алматы 1989. - 297 б.
2. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра» 2017.- 88-89 б.
3. Ұстаздар сайты u-s.kz.
4. Stan.kz сайты.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Искакова М.М.

Павлодар қаласының М.Әлімбаев жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі орасан

зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз. Өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамыту жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екеніне айтып өтуге болады. Соның ішінде біз бүгінде білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі туралы сөз қозғамақпыз. Бұл тақырыпқа ғылыми сараптама жасауда тілдің дамыту аясы мен тілді оқытудың тиімділігін арттыру жолдарына А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін пайдалана отырып, қазақ тілін оқыту әдістемесін кеңейту жолдарын саралауды мақсат тұттық. Бүгінгі ұрпаққа білім беруде ертеңге пайдасы келер, алған білімін өмірде пайдасына асырар өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға дамытуды мақсат тұта отырып, білім беру үдерісінде оқыту әдісіне ерекше көңіл бөлу қажет. А.Байтұрсынов: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1]. Тілді оқытуда да, дамытуда да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған абзал. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс. Үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырғанда ғана нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», – деп [1], 1912 жылы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралын» жазды. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылған. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген құнды еңбек. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына зор ықпал жасады. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңызы жоғары құнды әдістер ұсынып кеткен ғалым. 92 А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материал жариялаған. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды.

Ағартушы ғалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығына ерекше тоқталған. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де, А. Байтұрсынұлының мақаласына арқау болған мәселе өзектілігін жоймаған. Керісінше, бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін де күн тәртібіндегі аса бір маңызды, күрделі мәселелер қатарында саналып отыр. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының әдіс туралы көпшілікке ой салып, пікір айтудағы мақсаты мен біздің бүгінгі мақсатымыз арасында елеулі айырмашылықтар бар. Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлының әдіс және оның ерекшелігі туралы айтқандары қайталап оқыған сайын әрқайсымызға тың ой салары хақ. Осы мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Әдіс керекшіліктен шығады», – дей келе, сол керекшілікке қарай тілді дамыту жолдарын нақтылап өткен.

Бүгінде қазақ тілінің даму бағдарын қайта қарап, оқыту әдістерін нақтылаудың қажеттілігі де, қазақ қоғамын қазақша сөйлетудің қиындығынан болып отыр. Яғни, тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор. Мемлекеттік тілді білуге мүдделі Қазақстан азаматтары мен шетелдіктерге тіл үйретуде сапалы қызмет көрсетумен байланысты қазақ тілін оқыту бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы қызметтің кепілі – тіл үйретудің ұтымды әдістерін іздеп табу, қажет болған жағдайда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын тың әдіс түрін жасап қолдану және оны өзгелерге үйрете отырып, білікті әдіскерлерді даярлау. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсыжаманын қалай ажыратуда Ахмет Байтұрсынұлының «...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген тұжырымын басшылыққа алған абзал. Осы орайда «бүгінде мұғалімдер сол әдістерді ұтымды қолданып жүр ме?» деген сұрақ көкейге ұялайды. Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А.Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген.

Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талапталпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың

біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр.

Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет. Қазақ тіл біліміне қатысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуының даму бағдары да А.Байтұрсынұлы еңбектерімен де тығыз байланысты. Ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларының маңызы зор. Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында: «Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жанаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми 93 көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психоллингвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз», – деген пікір айтады [2]. Тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы – бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған ғалым. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу

жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты.

Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі». Шығармашылық қызметі дегеніміз – білім беру бағдарындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, дұрыстап, орнымен қолдана білудегі тапқырылығы. Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы, 2017. 92-94б
3. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері » атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. - 15-18-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Искакова Н. Н.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің "Қараоба жалпы орта білім беру мектебі" КММ директоры
Nazik-221188@mail.ru

Ахмет Байтұрсынов – қоғам қайраткері, өз заманындағы саяси басшы, дарынды ғалым- түрколог, ол -әдебиетші. Ол Абайдың кесек тұлғасын алғаш таныған, оның әдеби мұрасын алғаш жоғары бағалаған сыншы.

Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым. Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-ғылыми мұрасының ішіндегі ең көлемді және айрықша тиянақталған тұжырымды еңбегі-«Әдебиет танытқыш». Шолу ретінде, ат үсті айтылғанмен, бұл еңбек дәлді зерттеліп, әділ бағасын әлі алған жоқ.

«Әдебиет танытқыш» – Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынов – тіл терминдерін жасауда қандай кемеңгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кемеңгер, данышпан.

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынов фольклорлық, әдеби текстерді талдаудың, жанрлық түрлерге ат қойып, анықтама берудің тамаша шебері, әдеби дамудың болашағын көрсете алатын асқан сыншы, өмір, қоғам, адам табиғаты жөнінде терең пікір толғайтын ұлы ойшыл екендігін көрсетті. Ерекше қуанарлық нәрсе, жазылғанына 70 жыл өткен еңбектің дәл бүгін көкейкесті, актуалды болып отырғандығында. Оның қай бетін ашып оқысаң да, көкейге қона кетеді. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерттеу объектісі етіп, қазақ ауыз әдебиетін, қазақ жазба әдебиетін, оның сан алуан үлгілерін алған. Автор қандай ғылыми еңбектерге сүйенгені туралы мәлімет, дерек келтірмейді. Ең алдымен ғалымның әдебиет теориясы, сыны, тарихы, текстологиясы, жанрлары жөнінде дүниежүзілік әсемдік ойдың негізгі тұжырым, идеяларымен терең таныстығы айқын аңғарылады. Қоғамдық, тарихи- эстетикалық, философиялық білім мығымдығы үнемі сезіліп отырады.

«Әдебиет танытқыштың» бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталып, бірнеше шағын бөлімшелерге, баптарға бөлініп, олардың әрқайсысында нақты мәселе қаралады.

«Әдебиет танытқышта» қойылған күрделі мәселенің бірі – кара сөз бен дарынды сөз жүйесінің, ғылым мен әдебиеттің айырмасы. А.Байтұрсынов қазақта бұрын бола қоймаған терминдердің баламасын тауып, не өз жанынан жаңадан сөз жасай отырып, өте күрделі ғылыми, философиялық, эстетикалық көзқарастарды айтады, қиын проблемаларды ұғынықты түсіндіріп береді.

Ғалым жер жүзі жұрттарының тілдеріндегі шығармалардың бір-біріне ұқсас болып келу себептерін тұрмыс-салт, өмір-тіршілік ұқсастығынан туатындығын кеңінен дәлелдейді. Адамзаттың балалық шағындағы табиғат құбылыстарын кереметке жору, жоққа илану, дәу, пері, жезтырнақ, жалмауыз секілділерден қорқып, пері-періштеге, аруаққа сену салдарынан туған шығармаларға баға береді. Жазу-сызу жоқ дәуірде туған жырлардың ауыздан-ауызға, заманнан-заманға көшуі, батырлар жырының бір адамның сөз болудан

шығып, мың адамдікі, жұрттыкі, ұлттыкі болу себептері айтылады, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты жырлар мысалға алынады. Ертегі секілді ескі сөздердің әркім өзгертіп, өң беріп, құбылтуына орай жалпылық сипат алатынын түсіндіреді, олардың неге халық шығармасы, халық әдебиеті есептелетінін анықтап береді. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов былай дейді: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі»

Ахмет Байтұрсынов жаңа әдебиеттің пайда болуы туралы пікірлерін дамыта келіп, әдеби байланыс, әдеби ықпал орайында дәлді, нақты тұжырымдар жасайды. Мұсылман дінінің күшімен енген араб, парсы әдебиеттері әсерінен туған мазмұн, уақиға ауысуы, шығарманың жаңа түрлерінің пайда болуы, бұрынғы үлгілердің соны тақырыпқа қызмет етуі тұжырымды дәлелденеді.

«Әдебиет танытқыштың» үлкен бір тарауы жазба әдебиет мәселелеріне арналған. Ахмет Байтұрсынов негізінен «жазу әдебиет» деген терминді қолданады, кейде «жазба әдебиет» деп айтады. Жазудың қазаққа дін арқылы келгенін кеңінен ұқтыра отырып, осы істегі қожалардың, ноғай молдалардың дін шарттарын, шариғат бұйрықтарын өлең арқылы тарату әрекеттерін көрсетеді, олардың ақын болмағандықтан, әңгіменің қисынымен қызықтырып, тамұқ азабымен қорқытып, жұмақ рахатымен үміттендіргенін ескертеді. Қожа, молдалар ішінен Шортанбай, Ақмолда секілді ірі ақындарды көрсетеді. Жазба әдебиеттің бір кезеңін діндар дәуір, екінші кезеңін әуелде, ділмар дәуір, артынан сындар дәуір деп алған, Ахмет Байтұрсынов жаңа әдеби дамуға қатысты келелі эстетикалық-теориялық ой-тұжырымдар, пікір-байламдар түйеді.

«Әдебиет танытқыш» алғаш 1926 жылы шықты, 1989 жылы «Жазушы» баспасы, 1991 жылы «Жалын» баспасы шығарды. Соңғы басылымда бұрынғы жариялануда кеткен бірталай селкеуліктер жөнделді, олар – кейбір шатасқан сөздердің, баспа кінәсінен кеткен қателіктердің бұрмаланған текстердің түзетілуі. «Әдебиет танытқыштың» қазір Алматыда сақталған кітаптарының соңғы беттері жыртылғандықтан, еңбектің тексті түгел берілмей отыр. Ахмет Байтұрсыновтың ұлы еңбегі «Әдебиет танытқыш» төңірегінде әлі де көп зерттеу жүргізу керек.

«Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынов әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан, әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдебиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ А.Байтұрсынов жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр.

1913 жылы «Қазақтың» тұңғыш саны шыққанда газет редакторы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазған: «... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Қорыта айтқанда, «Әдебиет танытқыш» - қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы іргетасын қалаған қондырғы.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер.- Алматы: Атамұра, 2003-2006.
2. Байтұрсынов А. «Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, мақалалар және әдеби зерттеулер» - Алматы: Жалын, 1991. - 469б.
3. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» - Алматы, 1992.
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1989-319б.
5. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003-2006.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫҚТЫҒЫН АЙҒАҚТАЙТЫН ҚҰНДЫЛЫҚ - ТІЛ

Ильясова Г.М.

Павлодар қаласының №25 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
gulnur-ilyasova@mail.ru

Тіл- ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Тіл- әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры. Біздің ана тіліміз- қазақ тілі. Ол- тек отбасы, ошақ қасының ғана тілі емес, қазақ халқының ұлттық, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі! «Тіл тағдыры- ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры- ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы

елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Қазақ тілі өзара туыстас ру- тайпа одақтарының бірігуі және соның негізінде қазақ халқы мемлекеттігінің құрылуы нәтижесінде XV- XVII ғасырда қалыптасқан. Бұл тілде Қазақстан және Қытай Халық Республикасында, Моңғол Халық Республикасында, Иран, Ауғанстан, Түркия, сондай-ақ, ТМД елдерінде: Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, тағы басқа елдерде тұратын 11млн-нан астам халық 1997жылдан бастап сөйлей бастады. Туыстық тегі жағынан қазіргі қазақ тілі Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін: ноғай, қарақалпақ, қырғыз, татар, қырым татар, башқұрт,балқар және осы топтағы өзге де тілдермен жақын туыстық қатынаста тұрады. Қазақ тілінің тарихи тамыры тым әріден басталады. Егер біз қазақ ұлтының қалыптасуын ұдайы даму процесі ретінде оның ұлттық ажырамас құрамы-үйсін, қаңлы, тағы басқалар ру- тайпалық одақтарының тарихымен мұралық байланыста қарастырсақ, онда ол көне, орта және жаңа болып басты үш дәуірге бөлінеді. Бұлар өз ретінде түрлі тарихи жағдайлар, басқа да әсерлерге байланысты қазақ этносы тілінің әрқилы қалпын танытатын кезеңдерге сараланады. Қазақ тілін ру- тайпалық тілдердің ұзақ тарихи даму барысында қалыптасып, тұтастыққа қолы жеткен бір бүтін тіл деп қабылдасақ, ол өзінің осы ұзақ тарихының көне, орта және қазіргі даму кезеңдеріндегі әр алуан жағдайларды, басынан кешіргенін мойындағанмыз жөн.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Елбасымыз Н.Әбішұлы Қазақстан халқына Жолдауында: “Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”, - деген болатын. Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр.

«Тәуелсіз дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар халық қана таласа алады» - деп А.Байтұрсынұлы ғұламамыз айтып кеткен. Ана тіліміз арқылы Ахмет Байтұрсынұлын келер ұрпаққа таныта алсақ, Ахмет Байтұрсынов арқылы тіліміздің өшпес, мәңгі екенін дәлелдей аламыз. Ендеше, қазақ ұлты жоғалмауы үшін, жаным да, қаным да қазақ, - деген әрбір азамат өз ана тілінде сайрап тұруы қажет. Елбасымыз қолынан келгенше тілімізді, дінімізді қазақы рухта сақтап қалуға бар күшін салып жатыр емес пе?! Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды, - деп ғұламаларымыз жай айтпаған, жұмылып, қазақ болып, біз өз тілімізді сақтамасак, қадірлемесек, сүймесек, оның тағдырына аландамасак, басқа ұлттың басы ауырмайды. Осыны баршамыз жүрегімізбен сезіне білуіміз керек емес пе?! Сондықтан, Елбасы әрбір еңбегінде қазақстандық рухани жаңғыру, өзара байланысатын, бірін-бірі толықтыратын келесідей төрт мәселенің қисынын қамтиды. Біріншіден- жалпықазақстандық азаматтық қоғам орнату мұраты түбінде жетуіміз керек айнымас мақсатымыз болуы тиіс. Екіншіден, бұл қоғамды мемлекеттік тіл факторы негізінде құру мәселесі. Үшіншісі, жалпықазақстандық азаматтық қоғамды құруда мемлекеттік тілдің интеллектуалды әлеуетінің жетіп-

артылатын болуы және соған жағдай туғызу мәселелері. Төртіншіден, жалпықазақстандық азаматтық қоғамның «Мәңгілік ел» аталатын өркениеттік құбылысқа ұласуы үшін мемлекеттік тілде төл философиялық жүйені қалыптастыру. Жалпықазақстандық азаматтық қоғам орнату мемлекеттің саяси басшылығының ғана емес, ол, сонымен бірге, бүкіл қазақстандықтардың ортақ арманы, азаматтық өремен таңдалған жолы болуы тиіс. Бұл ретте, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев көрсетіп бергендей, мемлекеттік тіл- қазақстандықтарды ұйытушы бірден-бір факторға шынайы айналуы қажет. Онсыз, азаматтық ұлтты- қазақстандықтарды қоғамдық санада орнықтыру мүмкін емес.

Мемлекеттік тіл- мемлекеттілік пен мемлекет ұғымдарын «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы біте-қайнасқан мәндерге айналдырудың табиғи тетігі. Қазақстанның оқыс өзгерістерге бой алдырмай, сондай-ақ тамырын тәуелсіздіктің мұраттарынан тартатын басты жолынан да көз жазбай, елдің әлеуметтік-мәдени ерекшелігін, саяси ахуалын ескере отырып, азаматтық қоғам идеяларын кезең-кезеңімен, біртіндеп бекітуге кірісуі- мемлекеттілігіміздің баянды дамуының басты кепілі. Алдағы мақсат- қазақ халқының этномәдениеті арқылы тұлғаны әлеуметтендіру, әлеуметтенген жан- жақты мәдениетті тұлғаны дамыту, рухани мұра құндылықтары тәрбие жұмыстарына кеңінен қолдану сияқты іс- әрекеттерді жүзеге асыру арқылы мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту. Мақсаттың орындалуы- халықтың, көптің ісі. Біз- көпұлтты мемлекетпіз. Сондықтан да, мемлекеттік тілдің мемлекеттің Конституциясы, Елтаңбасы, Туы, Әнұраны және Астанасы секілді айрықша қастерлі ұғым болуының маңыздылығы артады.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың кең жазық даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі- бәрі көрініп тұр. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», - деп тіл жайында терең толғанған екен. Шыныменде, қазақ тілі- табиғатынан бай, көркем де, бейнелі ұлттық тіл. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға тиіс. Ол- атадан балаға мирас болып қалып отыратын, баға жетпес мұра. Өзге тілдерден сөздер алмасу, тың атауларды өз тілінде орынды жұмсау- ана тілін, төл әдебиетті шұбарлау емес, керісінше, байыту, кемелдендіру, көріктендіру. Абай Құнанбаев осылай қараған. Қазақстан келешегі- қазақ тілінде. Қазақстанды дамыған, өркениетті, елу елдің қатарына енгізетін біздің болашағымыз- бүгінгі жастар. Олардың міндеті- елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өз елінің тарихын, тілін жетік білуі керек. Тілдің иесі- кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ. Тіл- өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да, өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу- қаны қазақ баласының бірден-бір міндеті. Тіл- ұлттың жаны, ары. Ұлтымыздың мерейі үстем, абырой- беделі асқақ болу үшін біліміміз бен біліктілігімізді, жігер- қайратымызды қазақ тілінің қадір- қасиетін білетін, тіл тұғырын биік ұстап өтетін, ата жолын

қуған- ел бастаған көсемдер, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендерді тәрбиелеп өсіруге бет бұрайық. Шүкір, тәуелсіз ел болдық. Ес жиып, етек жапқан түріміз бар. Шекарамыз бекем, шаңырағымыз биік. Бұл да «ғайыптан-тайып түспеген бақыт»- екені бесенеден белгілі. Бадамның діні мен Анамның тілі- ұлтымыздың аумалы- төкпелі ғасырлардан аман алып өткен асыл қазынасы. Алайда, тіліміз жағаға жармасқан ғаламдық жаһандану құбылысының қат-қабатында қалып кетпес үшін әр қазақтың ойланғаны, ойдан түйін түйгені өте қажет.

«Халықтың мәңгі ғұмыры- оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін- ұлы», - деген Шыңғыс Айтматов. Сондықтан, әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті. Тәуелсіздік тірегінің бірі- тіл. Тіл- халқымыздың қазынасы, сан ғасырлар бойы жүріп өткен жолымыздың шежіресі. Былайғы жерде егемендігіміз баянды болсын десек, ұлттық рухымызға өріс тілесек, туған тілімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Тілден асқан байлық жоқ. Тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық! Қолда бар алтынның қадірін бағалай білейік! М.Жұмабаев атамыз «Тіл- адам жанының тілмашы, тілі кем болса, адамның кем болғаны»- деген екен. Тіл- тарих тереңіне бойлатып, өнер бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас бұлағы. Мемлекетіміздің тарихи тағдыры, мақсаты тіл арқылы баянды болмақ. Тіл- байлығымыз, тіл- тарихымыз, тіл- мәдениетіміз, тіл- әдебиетіміз. Тіл- біздің ұлттық намысымыз, арымыз. Сондықтан да, тілімізді қастерлеп, құрметтей білу- әр қазақ баласының қасиетті борышы.

Әдебиеттер

1. М.Шәбжантайқызы. Ана тілім азығым, адастырмас қазығым.- Көкшетау: 2002.- 387б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 3-т. Тіл құралы- Алматы: «Алаш», 2005.- 352б.
3. Н. Оразақинова, Н. Әміреев, Н.Сапақова. Қазақ тілі сөз мәдениеті- Алматы: «Мектеп», 2006.-283б.
4. Ж. Адамбаева, Ф. Оразбаева, Қ.Оналбаева. Қазақ тілі- Алматы: «Мектеп», 2007-415б.
5. С.Дүйсебаев. Қазақ тілі. Алматы: «Мектеп», 2004-335б.
6. Қазақ Энциклопедиясы. Алматы: 2004-450б

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Исабаева А.Ж.

Қарағанды қаласының №74 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының және оларды оқытудың әдістемесінің негізін салушы екендігі қоғам және мемлекет қайраткері саяси ақталған 1988 жылдан бері, яғни қазақ қоғамының, Қазақстанның деңгейінде жеткілікті түрде зерделеніп келеді. Ол А.Байтұрсынұлы еңбектерінің толық көрсеткіші емес. Себебі ұлы ұстаз – түркі дүниесінің ғана емес, әлемдік дәрежедегі тұлға [1].

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. Әдіскер еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінде (А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992,443-445-б.б.) «Ана тілінің әдісі» мақаласы мен «Оқу құралы» еңбегі де аталған. Бұл «Оқу құралдың» өзге оқу құралдардан айырмашылығы, онда «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы» деп жазылған. Сондай-ақ, қызғылт түсті жұқа мұқабасы сыртында «Методические записки по родному языку (на кирг. яз.)» деп те көрсетілген. Ал бірінші бетінде «Балалар, бұл жолы басы даналыққа» деп келетін алты тармақты «Тарту» өлеңі берілген. Бұл шумақ алғаш рет А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбордан шыққан әліппесінде жазылған. Көлемі 14 беттік әдістемелік еңбек 1921 жылы Ташкент қаласынан шығарылған. Таралымы 10 000 дана. Әдістемелік «Сөз басы» (2-3-бет),

«Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» (3-9-бет) «Дыбыспен жаттығу» (9-14-бет) бөлімдерінен тұрады. Ал «Ана тілінің әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 9-нөмірінің 23-31-беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» («Трудовая школа») атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№1, тамыз) басылған болатын.

Өкініштісі сол, жоғарыдағы айтылған екі мақала да А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері топтастырылған «Тіл тағылымы» («Ана тілі», А., 1992) деген бағалы жинаққа енген. Бұл құнды екі зерттеме «Тіл тағылымы» секілді оқу-ағарту, әдістемелік еңбектерінің топтамасынан көріну керек еді. Аталған жазбалардың 1991 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Ақ жол» жинағына да ілінбегені мәлім. Әрине, бұнда өлеңдер мен тәржімелер, көсемсөздері мен әдеби зерттеулерінің басы қосылған тұғын. Қысқасы, ілгеріде шығар А.Байтұрсынұлы жинақтарында бұл кемшіліктің орны толтырылуы тиіс.

Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» («Аналитический метод обучения грамоте») мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші – он екінші нөмірінің 45-49-бет аралығында басылды. Журнал редакциясының басқармасы мақала соңында: «Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын көздері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге-шүгесі келер санда басылады», - деп көрсеткен. Шы-нында да журналдың келесі санында, яғни, 1928 жылғы бірінші нөмірінің 31-37-беттерінде «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» («Аналитико – синтетический метод обучения грамоте») атты мақаласы жарияланды.

А.Байтұрсынұлының еңбектерін жинаушы-тарамдаушылар ғалымның әдістемелік жазбаларының сапына «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» деген мақаланы да қосады. Аталмыш мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 2-3-нөмірінің 44-бетінде жарияланды. Мақала шекесінде «А.Б.ұлы» деп авторы көрсетілген. Біздіңше, бұл бір беттік мақала А.Байтұрсынұлы қаламынан тумаған. Оған айтар дәлеліміз, біріншіден, жазбаның Ахаң стилінен өзгешелігі, екіншіден, осы журналдың соңындағы орыс тілінде берілген мазмұнында мақала «Исследовательский изобразительный метод» түрінде аударылып, авторы ретінде «Базаров» деп көрсетілген. Яғни, біздің айтпағымыз «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» мақаласының авторы сол кезеңдегі тәжірибелі оқытушылардың бірі Базарұлы Абұлқасаб (Базаров) екендігі. А. Базарұлының «Жаңа мек-теп» журналы бетінде бұдан басқа да мақалалары жарияланып тұрған. Мәселен, «Алқакөл болысында оқу күйі» (Кереку уезі), 1927, №3-4, 110- 114-бет; «Ана тілінің әдісі жайынан», 1928, №1, 48-51-бет.

Ағартушының әдістемелік құнды дүниелерінің бірі – «Қай әдіс жақсы?» мақаласы. Мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 4-5-нөмірінің 3-11-беттерінде басылды. Зерттеудің көтерген жүгінің сонылығы хақында журнал басқармасы былайша жазады: «Жазушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын біржақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын жазбақшы» [3].

А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» («Классификация звуков казахского языка») деген мақаласы да – өзіндік ой айтатын, ойлантатын зерттеу еңбегі. Мақала соңында дыбыстарды өзіндік жіктеуінің кестесін беріп, «Қызыл-Орда. 1927.28.IV.» деп көрсетілген. Мақала белгілі журналдың 1927 жылғы бесінші нөмірінде (60-70-бет) басылды. Әдіскер бұл жазбасын 1927 жылғы «Жаңа мектеп» журналының екінші нөміріндегі (61-67-бет) Елдестің (Елдес Омарұлы) «Қазақ дыбыстары» деген мақаласына пікір білдіру мақсатында жазылған.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлының аталған мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын(терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахмет Байтұрсынұлы. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра

қараған. Демек, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі өз алдына кең көлемді әңгіме.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақтәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарғанұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахмет Байтұрсынұлының сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Әдебиеттер

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. - 30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші// Жалын. – 1993. - № 3. – 52-54 б.б.
5. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті боу// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. - №10-11-12. – 28-34-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 7-8. – 11-15-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 2. – 3-7-б.б.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы// Ұлағат. – 1995. - №3. -47-53-б.б.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №9-10-56-62-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы// Поиск. – 1998. - №2.-4-8-б.б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИЕТСАЛАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЗЕРТТЕУІ

Кабышева Н.У.

Алматы қаласы №142 ЖББ мектебінің мұғалімі
guma_6565@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы қасиеттерінің бірі әлеуметтік-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді. Сондай – ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне

А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалардың тақырыбы, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары. ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік тынысының ашылуы, ғылымының өсіп өркендеуі қазақ зиялыларының ағартушылық қызметімен тікелей байланыста болды. Сол тұстағы саяси өзгеріс, іс-оқиғалар мен үлкен сілкіністер әсерінен мемлекеттік істерге, саясатқа қызу араласқан зиялы қауым оқу-ағарту ісіне де белсене атсалысты. Бұл кезеңде қазақ тарихына, мәдениетіне, рухани дүниесіне мол ізін қалдырған ағартушы қайраткерлер мен ақын-жазушылар, ғалымдар шоғыры жарқырап шықты. Сондай бірегей тұлғалардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлер өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық, өркениетті даму алып беретін бірден-бір жол деп ұғынды. Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық ғылым жасаушы. Ұлттық ғылым-ұлтқа қызмет ететін, оны өркениет жолымен таным шыңына жетелейтін, ұлттық болмысты жарқыратып көрсететін, ұлттық санаға жарық отын жағатын қару. Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап

ғалым, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы, бір сырлы» адам.

Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үшінші санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылып, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттерін ашып көрсеткен. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол .Алматы «Жалын»1991.
2. Ахмет Байтұрсынұлы. «Маса» Алматы «Раритет» 2005
3. Педагогика. Ж.Әбиев. С.Бабаев.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ

Кайргазина Ш. Ш.

Павлодар қаласының білім беру бөлімінің әдіскері

kairgazina-goo@mail.ru

Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Сол кезеңде, яғни ХІХ ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады. Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавитті қай халық болса да, дінмен байланысты қабылдаған, мысалға, европа халықтары латын алфавитін – латын шіркеуі, орыстардың алфавиті – славян шіркеуі, ал мұсылман елдерінің араб жазуы ислам дінінің таралуымен байланысты қабылданған. Араб жазуы – мұсылман халықтарын ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, Ильминский бастаған патша өкіметінің миссионерлері, түркі халықтары жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады»: біріншіден, оларды мұсылман дінінен айруға болады, екіншіден, орыс графикасы арқылы оларды біртіндеп тілінен, дінінен айырып, православие дініне көшіруге болады деп есептеп, бұл әлеуметтік мәселеге ерекше мән беріп, тіпті, осы мақсатқа өз қандастарымызды да араластырып, біреудің қолымен күл көсеу саясатын қызу қолға алған еді. Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, ... онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» – ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек», - дейді А.Байтұрсынов қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан;

Дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгіледі. Дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын білдіреді;

Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан–жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан-жіңішке болатындығын анықтаған;

Араб графикасы негізінде жасалған жана әріптерді енгізген. Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынов осы фонологиялық принциптерді- -қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады;

А.Байтұрсынов фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп алфавиті мен орфографиясында жеке /арнайы/ әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық единицаларды белгілеген. А.Байтұрсынов төмендегідей проблемалық сауалдарға жауап берген: . Неге бір түрлі фонетикалық жағдайда дыбыстар әр түрлі дыбысталады /сыз –сіз/. Неге алфавитке сөйлесім процесінде қолданылатын дыбыстардың барлығын жеке әріптермен таңбалау мүмкін емес?; 3/ Неге алфавиттегі әріп таңбасы әр дыбыстың емес, акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас дыбыстар тобының, дыбыстық типтің, белгісі болады: «Н – н- нь»(тон- төн); 4/ бір- бірімен акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас әрі толық ұқсас емес дыбыстар тобы мен адамның ойлауындағы дыбыстардың психологиялық бейнесі арасындағы байланыста қарым-қатынас бар ма? .

Егер А.Байтұрсынов қазақ тілі сингармофонемасын жуан- жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациялардан тұрады деп анықтамаған жағдайда, өзінің сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясын әлем ғалымдары жоғары бағаланғандай биік деңгейде жасай алмайтын еді.

А.Байтұрсынов позициялық принципті,фонеманың позициялық түрлері және фонема дыбыстар қоры ұғымдарын жалпы тіл білмі әлемінде бірінші болып зерттеп,анықтаған.

Байтұрсынов қазақ тілі дыбыс жүйесінде сингарможуан /қ, ғ/ және сингарможіңішке /к, г, е/ дыбыстарды ажыратып, оларға жеке таңба арнады. Яғни, түркі тіл әлемінде тұңғыш болып жуан-жіңішке сингармокорреляцияны анықтады, жұпталған сингармокорреляттік дыбыстар санын нақты белгілеген .

А.Байтұрсыновтың қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ерекше деп білеміз. Ол терминдерді қазақ тілінің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау жағына ерекше көңіл бөлген (бастауыш, баяндауыш, басқарма, хабарлама, т.б.). Өкінішке орай, А.Байтұрсыновтың идеяларын 1937-1938 жылдары әкімшілік- әміршілік жүйе тұншықтырып, 1990 жылдарға дейін тілімізді, жазуымызды орыстандыру бағыты толық үстемдік құрып келді.

Ғалым басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. Мысалы: орыста «h»дыбысы жоқ, сондықтан оны

олар «г» дыбысымен айтатынын білеміз. Сондықтан өз тіліміздің табиғатына назар аударған жөн. Осы орайда ғалым: «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалды»деп тұжырым жасаған еді.

Ғалым өзінің құрастырған алфавитіне «х, һ» дыбыстарын енгізбеген. Себебі «һ» дыбысын одағай сөздерде ғана (аһ, үһілеу) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетіні көрінеді», - дейді. Ал «х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал, арам – харам), сондықтан оны сақтау керек дейді. Қазіргі жазуымызда «х» дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (хабар-қабар, қош-хош) жазуда қиындық келтіруде. А.Байтұрсынов «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» дыбыстарды қазақ тілінің сингормофонемалар құрамына ендірген, оларға арнайы таңба арналмаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен .

А.Байтұрсынов сауатты жазуды бізге өсиет еткен. Алайда кейбір жағдайда сауатты жазу мәселесіне әлі де көңіл бөліне бермейтін тұстарды көріп, қынжылуға тура келеді. Мысалы, көшедегі жарнама, адамдардың аты- жөні, жер-су аттары т.б.

Ғалым «и, у» жарты дауысты деп көрсеткен еді. Қазіргі кезде де бұл дыбыстар статусы жөнінде кейінгі кезге дейін бірізділік болмауы салдарынан жазуда қиындық келтіріп жүргені белгілі (тиын- ты+йын, су – сұу).

Қорыта айтқанда, А.Байтұрсынов ана тіліне әлеуметтік лингвистикалық тұрғыда ерекше мән берген. Ол: «...һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», - деген еді . Сондықтан «Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт–шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», - деп білеміз. Осы орайда, А.Байтұрсыновтай дара тұлғаның өсиеті, қалдырған мұрасы тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс. Тілімізді таза ұстаймыз десек, орфография мәселесінде А.Байтұрсынов ұстанған принциптерді басшылыққа алып, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, өз тіліміздегі ғылым сөздерін қалыптастырып, сырттан кірген терминдерге балама тауып, немесе тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сай жазуымыз қажет деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б
2. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғалым, 1999 268-281 б
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.- Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы:Ана тілі; 1992 –448 б

4. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні / - Ғылыми мақалалар жинағы- Алматы, Ғылым, 1999 281-288 б
5. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы – Алматы, Ғылым, 1998 – 216 б
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым,1999.-581б
7. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке – Алма-Ата: Наука, 1980 –78 с

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Қапасова Б. Қ.

Торайғыров университетінің профессоры, ф.ғ.к.

Қазақ қоғамының рухани әлеміне қатысты тұста еске түсетін бірнеше тұлғалар бар. Ұлт ұстазы атанып, «рухани көсем» деген құрметке ие болған Ахмет Байтұрсынұлының келесі бір еңбектерінің қатарын әдістеме толықтырады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану саласының көптеген мәселелерін көтеріп, оқулықтар жазған.

Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасыр басындағы ұлт руханиятындағы жаңғыру кезеңінің ірі тұлғасы. Ұлттың еркін дамуы мен өркендеуіне саяси өзгерістер, ғылым мен білім, оқу- ағарту саласы, қоғамдық-әлеуметтік қызмет, баспа ісі керек екені анық. Қоғам қайраткері, ақын, Алаш көсемдерінің бірі А. Байтұрсынұлы ұлттың өркендеуіне қажет тұтас кешенді қызметтердің негізгі идеяларын жүйелеп қана қоймай, бар ғұмырын теңсіздік, еркіндік жолындағы күреске арнады. «Ел - бүгіншіл, менікі ертең үшін», - деген А. Байтұрсынұлының күрескерлік идеясы бір күндік, бір мезгілдік емес, тұтас ұлттың бар ғұмырын толық қамтитындай. Ахмет Байтұрсынұлының жұрт бостандығы жолындағы күрескер бейнесі өзгеге ұқсамас бөлек бітімімен ерекше. Ақынның ұлт бостандығы үшін күрескер азаматының бейнесі терең ақылымен, биік тұлғасымен, өзгеге үлгі болар парасатымен артық.

Рухани бостандық пен азаттық үшін ұлттың өз әліпбиі, дамыған ғылымы, тәуелсіз еркін ойын айғақтайтын баспасы мен әдебиеті, болашақ ұрпақты тәрбиелейтін ана тіліндегі мектебі болуы керек деген қағиданы ұстанған А. Байтұрсынұлы осы салаларда еңбек етті.

Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиіне ыңғайлай отырып, жаңаша қазақ жазуының әліппесін жасайды. 1912 жылы ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы 24 әріптен тұратын жаңа әліпбиді «қазақ жазуы» деп атады. Халық арасында «Байтұрсыновтың әліпбиі», «төте жазу» деген атпен танылды.

Араб әріптеріне негізделіп жасалған және заман талабын ескере отырып жетілдірілген қазақ жазуы Қазақстан өміріндегі ірі мәдени құбылыс болды. «Әліппе деген асылына адам ақылы жетпейтін нәрсе емес. Әліппеде бірден

мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс» [1, 325].

А. Байтұрсыновты ұлт тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы, негізін салушы. Ғалымның қазақ тілін оқыту, оның әдіс-тәсілдерін меңгеру, оқу жүйесінде әдістеменің алатын орны туралы жазған мақалалары, өз тәжірибесі арқылы нақты көрсеткен оқулықтары да мол.

А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл құрал» еңбектері ұлт ұстазының оқытудың шебері екенін көрсетеді. «Қай әдіс жақсы», «Нұсқаушы», «Баяншы», «Әліппе астары» тәрізді еңбектер қалай оқыту қажеттігін, әдістемелері мен тәсілдерін баяндайды. Ғалым ұсынған әліпби мен оны үйрету әдіс-тәсілдері өз мәнін жоғалтқан жоқ.

«Үйрену хәм үйрету басында қиын» деп бастаған ғалым оқытудағы баланы қызықтыру әдістерін де еске алады, оны баланың тауының шағылмауы, көңілінің мұқалмауы, берілетін материалдың қызықтылығы мен қажеттілігі ықыласын оятуын еске салады.

«...Оқу басында қиын болса, балалар миға(ұйыққа) түскен мал сықылды, малтығып жылжи алмай қиналады, үйретуші сүйреп шығара алмай қиналады» дей келіп, оқушының ықыласының болмауы ұстаздың да қызметін ауырлата түсетінін талдайды [2, 325] деген пікірлері бала ерекшеліктерін тұтас педагогикалық қағидаларды қамтиды.

«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап берумен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», деген пікірлері бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының оқушы игеруі қажет дағдыларын еске түсіреді. [2, 325].

«Әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген тұжырымды баса айтады. Ғалым баланы оқытудың сапалы ісі – іздену дейді. Сонымен бірге тиімді әдістерді таба алуда деген ойды айтады.

Ғалымның әдістемелік еңбектерін келесі топтарға жіктеуге болады.

1. Оқулықпен қатар жазылған, оқытудың әдістемесін көрсететін еңбектер.

2. Қазақша әліпбидің, дыбыстың негізінде сауат ашу әдісі іске асыратын еңбектер.

3. Қазақ тілін, ана тілді оқыту әдістерін баяндайтын еңбектер.

4. Тіл ұстартуды көрнекілік әдіс арқылы баяндайтын еңбектер.

5. Қазақша сауатты сөйлеудің, оқудың, жазудың әдістерін қарастыратын еңбектер.

6. Әдістің түрлерін жіктеп көрсететін еңбектер.

А. Байтұрсынов 1912 ж. мектеп балаларына арнап қазақша «Оқу құралын», осы оқулықты қалай оқытудың әдістемесін көрсететін «Баяншы» атты әдістемелік еңбегін жарыққа шығарды. Оқулықтарға қосымша әдістемелік

құрал болып табылатын «Нұсқаушы» атты кітабы да осындай мақсаты көздеген еңбек.

Ғалым мүмкіндігінше өзі жазған оқулықтармен бірге, әдістемені қатар жазып, шығарып отыруды мақсат еткен. Оқу құралдары болғанымен, енді сол оқу құралдарын пайдалануды көрсететін әдістемелік еңбектер болмаса, бұл оқу құралдарының тигізер пайдасы шамалы деп есептеген.

«Оқу құралы» мен «Баяншы» мектеп оқушыларына қазақша әліппені үйреткен қажетті басылымдар болды. Бұл оқу құралы бірнеше рет басылып шықты. А. Байтұрсынұлының 1910-1928 жылдар қазақша дыбыстың, әліпби әліпбидің негізінде оқыту әдісін іске асыратын бірнеше еңбектері жарыққа шықты. «Оқу құралы» мен «Баяншыдан» басқа «Әліппе» және «Әліп-би астары» атты кітапшаларында ең тиімді де керек жолы қазақша «қарыптарды» (әріптерді) дұрыс үйрету дыбыстарды сауатты жазу, оқу дейді. Ғалым тілдің өзгеруі мен дамуына да мән береді.

«Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгертілмеген тіл жоқ»... - дей отырып, 1916 жылы әліппенің жаңа түрін жазады. «Жаңа әліп-би» (Қызыл Орда, 1926) деп атала келіп, қазақ тіліндегі басылған кітаптардың көрсеткішінде: «Жаңа құрал. Емлесі жаңа. Қазақстан Білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғырды», деп жазады.

А. Байтұрсынұлының «Әліппесінен» соң қазақ тілін арнаулы пән ретінде оқуға мүмкіндік беретін жаңа оқулық жазады. ойлайды. Бұның нәтижесі 3 бөлімнен тұратын «Тіл-құрал» болып шықты. I-тіл танытқыш, II-тіл танытқыш, III-тіл танытқыш деп бөліп, қазақ тілінің фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін талдайды, жүйеге түсірді. жүйелеп көрсетті. Бірінші бөлімі алғаш рет 1915 жылы жарыққа шығып, содан кейін бірнеше рет қайта басылған.

Әдіскер ғалым қазақ тілін оқытуда көрнекілік әдіске ерекше мән берген. Оқулықтарында да, үлкендерге арналған оқулықтарында да, үлкендерге арналған кітаптарында да сөйлеуге үйретудің, тіл ұстартудың бірден-бір жолы ретінде суреттерге көп көңіл бөлінеді. Ол көрнекілік қолдануды оқытумен бірге тәрбиелік және тіл дамытушылық дағдылар қатарында алады. 1926 жылы шыққан «Әліппенің» жаңа түрі көптеген суреттермен безендірілген.

Көрнекілік әдіс туралы «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» деген мақаласы бар. А. Байтұрсыновтың қазақша дұрыс сөйлеп, дұрыс оқып, дұрыс жазудың, сауатты болудың амалдарын баяндайтын көрнекті еңбектері – «Тіл жұмсар» мен «Сауат ашқыш». «Тіл жұмсар» - тіл үйретуге байланысты жазылған жаңаша еңбек. Ол «Тіл-құралдағы» білімді үйрету жолы басқа» деп, «Тіл жұмсардың» өзгешелігін арнайы атап өтеді. «Сауат ашқыш» - әдістемелік жағынан дидактикалық материалдарымен көзге түсетін еңбек. Автордың нақтылы көздеген мақсаты сөз жүйесінен, тапсырмалардың берілу амал-тәсілдерінен байқалады. Ғалымның әдістің түрлерін баяндайтын еңбектеріне «Қай әдіс жақсы?», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы – жалпылау әдіс» атты мақалалары жатады. А.Байтұрсыновтың ұсынған тиімді тәсілдеріне келесі топтарды алуға болады.

1. Тілдік материалды жеңілден ауырға, оңайдаң қиынға, жайдан күрделіге, қарай оқытудың дұрыстығы.
2. Тілді үйретуді «қарыптан», әріптен, әліпбиден бастау қажет.
3. Тілді үйрету ана тілінің сөз, сөйлем жүйесін білгізумен қатар жүріу тиіс
4. Тілді оқытуда мақал-мәтелдер, нақал сөздер, мысалдар, өлең, қызық әңгілемер маңызды орын алуы қажет.
5. Тіл арқылы сауат ашу мен суреттерге көп мен берілу керек.
6. Оқушыларға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт.
7. Мәтіндер, көрнекілік материалдар білім алушының ұғымына таныс, жақын болуы тиімді.
8. Тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркем сөзге ден қойған дұрыс.
9. Тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек.
10. Мұғалім балаға білімді өз тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге қарай үнемі бағыт бағдар сілтеп отыруы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Ахмет Байтұрсынұлы Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. - Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.

Каршалова А. К.

Қарағанды қаласының №40 негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі
akmaral-160186@mail.ru

*Басқадан кем болмас үшін, біз
білімді, бай һәм күшті болуымыз керек.
Білімді болуға оқу керек.
Бай болуға кәсіп керек.
Күшті болуға бірлік керек.
Осы керектің жолында жұмыс істеу керек.*

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімі инновациялық бағыттар тұрғысынан қарастырылуына байланысты көптеген ұстаным - түсініктер жаңа қырынан зерттеле бастады. Бұл орайда көбінесе жаңа, тың дүниені шетел тәжірибесімен, шетелдің озық үлгісімен байланыстыру әдетке айналған. Сол себепті когнитивті лингвистика, функционалды лингвистика, коммуникативті грамматика т.с.с бағыттарды сипаттауда жалпы тіл біліміндегі зерттеуші-ғалымдардың

еңбектерін негізге аламыз. Шын мәнінде, қазіргі қазақ тіл біліміндегі инновациялық парадигмалар, жаңа бағыттар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде жан-жақты сипатталғанын көруге болады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тіл мен таным, тілдік сана, ұғым, концептуалдау, категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с мәселелер жан-жақты сөз болған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі -аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі -мензеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, толғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдығанша, қиялдың мензеуің мензегенше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау», -деп қорытады. Яғни, ғылым тілді (сөз өнерін) сана, тілдік сана, таным тұрғысынан сипаттайды. Сонымен қатар ғалым көрнек өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды сөз өнері саналады. «Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», -дейді. Осы бір шағын мәтінде ғалым концептуалды мазмұнды тілдің көмегінің сипаттау мүмкін еместігін, санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алатынын ескертеді.

Бүгінгі таңда қолданып жүрген шеттелдік атаулардың орнына А.Байтұрсынұлы түсінікті де ыңғайлы қазақы атауларды пайдаланған. Сол себепті бұл атауды ғылыми айналымға енгізу қажет. А. Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді сөйлем ішіне орын -орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», - деген еді. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнекілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір -біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» керектігін көрсетеді.

Ғалым ұстанымдары терминжасамда негізгі бағдар болуға тиіс.

А.Байтұрсынұлы лексикалық бірліктердің белгілері мен өзара байланысын ескере отырып, сөз таптарын белгілі бір грамматикалық топқа жатқызған. Сөз таптары — адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде

қалыптасады. Сондай -ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруда адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады. Ғалым еңбектерінде «зат есім» метоконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым: «Сөздің кейбіреуі нәрсенің өзің атайды», -дейді. А. Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категория қадидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан. Еңбектерін шәкірт балаларға арнағандықтан, ғалым тіл білімінің негізгі ұғымдарын түсінікті тілмен жеткізуге тырысқан. «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) деген жалпы атауы болғанмен, оларды тарауларға жіктеуде фонетика «дыбыс жүйесі мен түрлері», морфология «сөз жүйесі мен түрлері», синтаксис «сөйлем жүйесі мен түрлері» деп берілген. Яғни, тұтастай алғанда, тіл жүйе ретінде сипатталып, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі айқындалған. Ғалым оқулық түзуде әдістер ретінде жекеден жалпыға қарай ойыса отырып, оқушылардың материалды оңай меңгеруің ескерген. Ғалымның ұстанымдарын кейінгі оқулық авторлары да (Т.Шонанов, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов т.с.с) басшылыққа алып, сөз таптарын ажыратуда меже етеді.

А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның «морфологиялық концепт» деген атауды қолданбаса да, оның табиғатын, өзіндік ерекшелігін терең зерделенгенін байқаймыз. Грамматика мен лексиканың өзара қатысын сипаттай келіп, ғалым тіл жүйесінің негізгі концептуалды құрауыштарын көрсетеді, яғни, олардың грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатынын түсінген.

Ғалым еңбектерінде сезімдік және логикалық таным жан - жақты талданады. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылданатынын ескерте келіп, деректі -дерексіз зат есімдерді жіктеуде адамның сезім мүшелерін түгелдей ескереді: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз». А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулері ескеріліп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек деп ойлаймыз.

А. Байтұрсынұлы еңбектері мен кейінгі оқулықтары өзара салыстыра отырып, ғалымның еңбектерінде көптеген категориялардың басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын байқаймыз. Қазақ тіліндегі жақ категориясының анайы/сыпайы түрге жіктелуі ментальділіктің (ұлттық діл) көрсеткіші бола алады. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Сыпайлап сөйлегенде, сөйлеуші өзін мен деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға сен деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні ол деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I

жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады ». А. Байтұрсынұлы еңбектерін зерделей отырып, ғалымның тәуелдеу мен жіктеуді, ең алдымен, анайы мен сыпайы түрге бөліп алғанын көреміз. Анайы түрін іштей I жақ (мендік), II жақ (сендік), III жақ (бөгделік), сыпайы түрін I жақ (біздік), II жақ (сіздік), III жақ (оларлық) түрінде бөліп алған. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде анайы жіктеудің I жақ көпше түрі жоқ екені айтылады. Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес, *сен* есімдігінің көпше түрі *сендер* болғанмен, мен есімдігінің көпше түрі бола алмайды. Ал кейінгі грамматикаларда көрсетіліп жүргендей, *біз*, *біздер* есімдігіне ауысса, ол сыпайы жіктеуге айналып кетеді. Үндіеуропа тілдерінде, оның ішінде орыс тілінде I жақ көпше түрі (мы) *я+не я* түрінде жалпылық мәнге ие болғанмен, бұл заңдылық қазақ тіліне сәйкес келмейді. Орыс тілінде *вы* есімдігі қазақ тіліндегі *сендер*, *сіз*, *сіздер*, тұлғаларында бірдей қолданылады. Яғни, екінші сөзбен айтқанда, қазақ тіліндегі анайы көпше (сендер), сыпайы жекеше (сіз) және көпше (сіздер) тұлғаларының орнына орыс тілінде бір ғана форма (*вы*) қолданылады. Қазақ тілін зерттеген орыс тілді ғалымдар көбінесе осы тұста орыс тілінің заңдылықтарына түсіп кетіп отырған. Қазақтар арасында болып, олардың сөйлеу мәдениетімен жақын танысқан Н.Ильминский: «Жасы үлкен адам мен жасы кіші адам сөйлескен кезде мен, сен есімдіктері қолданылмайды. Қазақтар сыпайылық сақтап, тыңдаушысын сыйлап мен, сен есімдіктерінің орнына *біз*, *сіз* есімдіктерін қолданады. Қазақ тіліндегі бұл екі сөзді жекеше, сыпайы түрге жатқызу керек», - дегенмен (Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань 1860.С.16) қазақ тіліндегі жіктелу үлгісін беруде орыс тілінің заңдылығына түсіп кеткен. Яғни, анайы сыпайы, жекеше -көпше жіктеу үлгілері өзара шатастырылып, *вы* есімдігінің қазақ тілінде үш түрлі тұлғада көрініс табатыны ескерілмеген. Келтірілген деректер қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, яғни орыс тіліндегі *мы*, *вы* тұлғалары қазақ тілінде де сол үлгіде қолданыла алмайтынын көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тіліндегі жіктелу жүйесін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, анайы жіктеу мен сыпайы жіктеуді өзара ажыратып алу керектігі көрінеді. Сонда ғана жіктеу жүйесінің табиғаты толық ашылады.

Қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А. Байтұрсынұлы жолымен Қ. Кеменгерұлы, Қ. Басымұлы, Байменов, Қасымов сынды ғалымдардың жіктеулерді анайы және сыпайы түрге ажыратқанын көреміз. Алайда кейіннен бұл зерттеушілер назарынан тыс қалып, сыпайы түрі екінші жаққа ғана қатысты сөз бола бастайды. Ондай еңбектердің қатарына І.Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, С. Исаев еңбектері мен «Современный казахский язык», «Қазақ тілінің грамматикасы» т.с.с жинақтарды жатқызуға болады. Жіктеуді анайы мен сыпайы түрге сараламаудың нәтижесінде аталған еңбектерінде I жақтағы сыпайы жіктеудің жекеше түрінің орындары ауысып кеткен. А. Байтұрсынұлының жіктеу табиғатын түсіндіруі мен кейінгі ғалымдардың еңбектерінде сәйкес келмейтін тұстар қазақ тілінде жіктеу ерекшеліктерінің әлі де толық танылып бітпегенін, талас тудыратын тұстарының кездесетінін танытады. Ұлттық дүниетаным мен сөйлеу

мәдениетіміздің айнасы іспетті жіктеу мен тәуелдік жалғауларының өзіндік болмысын әлі де зерделей түсу қажеттігі даусыз.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде «сан» мен «шама» онтологиялық категориялары өзара жіктелгенін байқаймыз. Оған ғалымның мына тұжырымдары дәлел бола алады: «Нәрсенің дәл *санын* білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді? - « Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл *санын* білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің? - «Үш төрт күн жүремін». Ғалымның ойлары кейін М. Балақаевтың еңбектерінде сабақтастық тапқан.

Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда А. Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды -семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімін қалыптастырушы ғана емес, тіл біліміндегі жаңа бағыттардың да негізін салушы. Ғалымның есімі ақталған соң еңбектері жинақталып, бірнеше рет басылып шықты. Бұл орайда Р. Сыздықова, Р. Нұрғалиев, М. Мырзахметов, А.Ісімақова, Р. Имаханбет, А.Ойсылбай, т.с.с. зерттеуші -ғалымдардың қызметі ерекше[1.11].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни, араб алфавитінің негізінде ұлттық әліпбиге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салалаларын; дыбыс жүйесін (фонетика) сөз жүйесін (морфология) сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері өз замандастары тарапынан лайықты бағасын алып қана қоймай, күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Бізге А. Байтұрсынұлының төменгідей ғылыми еңбектері болғаны мәлім:

1.Тіл құралы, 1-бөлім. Фонетика; 2.Тіл құралы, 2-бөлім Морфология, 3.Тіл құралы 3-бөлім Синтаксис, 4. Әдебиет танытқыш. 5.Баяншы, методикалық жазбалар, 6.Тіл жұмсар, 1.б Практикалық грамматика; 7.Тіл жұмсар, 2б Практикалық грамматика; 8.Оқу құралы (балалар әліппесі) 9.Әліппе; 10.Сауат ашқыш (ересектер әліппесі) Әліппе-астар (әліппеге методикалық нұсқау) 12.Оқу құралы (хрестоматия) (Т.Шонановпен бірге) 13.Ер Сайын; 14. 23 жоқтау;

Жоғарыда келтірілген тізімге назар аударсақ, А. Байтұрсынұлының лингвистикалық еңбектерінде бүгінгі қазақ тілінің теориясының негізі қаланып, бізге үйреншікті категориялар алғаш рет қалыптастырылып, қолданысқа енгізілгені айқын көрінеді. А. Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл құралы» атты еңбегі төмендегідей тараулардан тұрады:

1.Сөз мүшелері

- 2.Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері
- 3.Жазу қағидалары
- 4.Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік)
- 5.Шылау сөздер (үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз)

Тарау соңында берілген «Қорытуда» ғалым зерттеудің тоқетерін айтады: «Сөйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз 2) туынды сөз 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз топқа бөлінеді: 1) зат есім 2) сын есім 3) сан есім 4) есімдік 5) етістік 6) үстеу 7) демеу 8) жалғаулық 9) одағай».

А. Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден бір ғалым. «Ана тілі » деген терминді де өзі ұсынғанын біз естен шығармағанымыз жөн. А. Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Теоретик А. Байтұрсынұлының таза ғылыми зерттеулерімен шектелмей, күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар жасау арқылы да пайда әкелуге мән беруі, яғни, сол ізденістердің нәтижелерін қолданыстан шықпайтын өміршең оқулықтар арқылы қалың бұқара игілігіне асыруы – білім беру саласындағы тамаша іскерліктің үлгісі.

А. Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түркі халықтары (өзбек, татар, т.б) да оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы орайда ғалым Р.Сыздықованың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ орыс мектептерінде де қолданыла бастаған».

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттанудағы әдеби терминдердің басым көпшіліктің баламаларын ойлап тапқан да Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу... - осылардың бәрінің түп тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдиінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі -осы». «Әдебиет таңытқыштың ең басты бағалылығы - осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», - дейді академик З.Қабдолов.

М. Бахтиннің «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары таңысып, таң қалып жүрсек, А. Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20 -жылдары түсіндіріп кетіпті. М. Бахтиннің «романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан отыз жыл бұрын айтып, дәлелдеп қойған екен.

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен А. Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенің 26 жасар замандасы – М.Әуезов былайша тұжырымдапты: *«Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңдегі белгілі сарын*

әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он он бес жыл бұрын:

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,

Кім қалды таразыға тартылмаған, -

деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер -білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Бұдан артық айта алмаспыз. Бұл ұрпақ бірінің қадірін қадірін бірі біліп, бір бірін сыйлап, бағалай білген. Бұл шынайы иманды тектіліктің үлгісі екені сөзсіз.[2.32]

Біз Ахаңның бейнесін ұлт ұстазы деп қадірлейміз. Шындығында ұстаздан қадірлі кіміміз бар? Ал Ахаң секілді тұтас ұлттың ұстазы атану екенің бірінің қолынан келе бермейтіні рас. Оның биік азаматтық үлгісін кейінгіге ұмыттырмай жеткізу – оралудың басы ғана. Сол оралудың бірі – биыл Ұлттық арна «Ахмет .Ұлт ұстазы» атты сериал түсірді. Ахаң кейпіне жаңа ұрпақ осы сериал арқылы үнілгені деп құрметтің, оралудың негізі шығар. Ахаңның бейнесін сериалда қалдыру арқылы да біраз жастың жүрегінде ұлт ұстазының келбетің қалдырамыз. Өткен ғасыр басында да Ахаң бастаған игі жақсылар ұлттың саны мен сапасы өсуі жолында ғаламат тер төкті. Тер ғана емес, бүгінгі қазақтың аман қалу жолында жанын берді. Ендеше сондай қадірлімізді, аяулымыздың бүгінгі ұрпақ жүрегінде қаншалықты орнықтыра алады?

«Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың басында ұлттық жаңғыртудың басында ұлттық жаңғыруды бастап, оны бір арнаға салушы топтың басында тұрды. Олар бастаған қоғамдық қозғалысты қозғалысты қазір біз «Алаш қозғалысы» деп атап жүрміз. Алаш қозғалысы бұл , біріншіден, ұлт- азаттық қозғалыс, сонымен бірге, екіншіден ұлттық жаңғыру қозғалысы да» - дейді академик Мәмбет Қойгелді.

Ахаңның ұлттық жаңғыру қозғалысы – ұлт болашағының айқын бағдары.
[3]

Қазіргі кезде ахметтанудың жаңа сатысы, белесі ашылды деуге болады. Ғалым еңбектерін ретроспективті тұрғыдан ғана емес, жаңа инновациялық парадигмалармен байланыстыра отырып болашақтағы ізденістерге бағыт - бағдар болады. А. Байтұрсынұлы мұралары -қазақ тіл білімі үшін ғана емес, әлемдік тіл білімі үшін де өте маңызды, соны үлес.

А. Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, XX ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабынан ғылым дамуының қаншалықты тежегенінде танытса керек.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген өлеңнің жалғыз тармағына сыйғызылған азаматтық ұран Отан алдындағы адалдықтың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғибратты күрес және шығармашылық жолының Темірқазығы болып табылатыны оның кез-келген еңбегінен, тіпті сөйлемінен де аңғарылатыны аян - дейді Айгүл Ісімақова, Филология ғылымдарының докторы.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017 ж.-752 бет
2. А. Байтұрсынұлы Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том – Алматы Алаш 2003-408 бет
3. Ана тілі газеті №51-52 23.12.21ж «Ұлт ұстазына оралу»

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Касенова Л. М.

ШҚО, Үржар ауданы, «Жарбұлақ орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі технология қарыштап дамыған заманда, оқушыларға қалай нәтижелі білім беруге болады деп әр мұғалім ойланатын анық. Білім берудегі басты мақсат – сапалы, қолжетімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, рухани-құндылық пен ұлттың тәрбие мен білім бірге өріліп, бала бойына сіңірілсе, болашақ ұрпаққа үміт артуға болады деп ойлаймын. Осы ретте білім берудің түрлі, тиімді әдістеріне жүгінген жөн. Қазақстан Республикасының жанартылған білім беру жүйесінде мұғалім – бағыт-бағдар беруші, оқушы – ізденуші. Қазақ тілі мен әдебиеттің атасы Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада «Қазақ» баспасында «Тіл жұмсар» деген атпен шыққан кітабында «Қай әдіс жақсы?» мақаласында жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылсық, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік.

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл тағылымы» еңбегінде «Бұған дейін сөз болған әріп үйрету жүзіндегі әдістердің негізгі түрлерін алып, солардың қайсысы жақсы деп сауал қояр болсақ, оған мынасы жақсы, мынасы жаман деп кесіп айтып, тура жауап бере алмайды», деп жазылған. Демек, әр оқушының қабылдау деңгейі, есте сақтау қабілетті әр түрлі екенін ескерсек, мұғалім соған сай түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып әрекеттену керек [1].

Л. Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу.

Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деп әдісті қолданудағы мұғалімнің шеберлігіне тоқталып өтеді [2].

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Тіл – құралдың жеке бөлшектерін түсіндіру жолын белгілеп берген бұл еңбектің қазақ тілінің әдістемесі пәнінде алатын рөлі мен маңызы ерекше болмақ. «Тіл жұмсар» – қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады».

Әдіскер-ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- 1) жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- 2) тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- 3) сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
- 4) қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;
- 5) баланың ішін пыстыртатын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;
- 6) алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;
- 7) өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді. Ғалым ұсынып отырған қағиданың қай-қайсысы болса да балаға дәріс беру жүйесінде ешқашан ескермек емес. Мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар деп бағамдаймыз.

Бүгінгі таңда, әлем халқы білім беруде үлкен тарихи кезеңді басынан өткізді. Ол пандемия кезінде оқушы мен мұғалім қашықтықтан, яғни онлайн білім алуға мәжбүр болды. Қашықтықтан оқу барысында көптеген сандық, ғаламторлық, ұжымдық жаңа әдіс-тәсілдер меңгерілді. Мұғалім – оқушы – ата-ана бәрі сиқырлы айнаға – смартфондар мен компьютерлерге телміріп, бір-бірімен байланыс орнатты. Сабақта АКТ құралдарын пайдалану қазіргі заманның талабы. Осындай тиімді тәсілдердің бірегейі, кең танылғаны ретінде Kahoot (getkahoot.com) онлайн сервисін атап едім.

Kahoot-мобильді құрылғыларда дұрысы жауабы бар викторина құруға мүмкіндік беретін сервис Kahoot.it сайтында тест құрастыру уақытты тиімді пайдалану, ашық сабақтарда қолдануға, үйге тапсырма ретінде беруге де

қолайлы. Барлық пән мұғалімдеріне өте тиімді тәсіл. Мысалы А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығына қатысты тест сұрақтарын құрастыруға болады.

Келесі білім беру үдерісінде қолданылатын тиімді әдіс – Plickers. Ол сабақта оқушыларды жылдам бағалауға, сыныпта сауалнама жүргізуге өте ыңғайлы. QR кодтың көмегімен кез-келген ақпаратты кодтауға болады. Мысалы, мектебімізде «Поэзия» сайысы өтті, сонда қатысушылардың видеолары код тап дәлізге ілдік. Ондағы QR кодты кез-келген адам телефон камерасы арқылы сканерлеп, тамашалап көруге болады

«Спинер» әдісінде сабақтан әр кезеңде қолдануға болады. Мысалы, өткен сабақта қайталануда, үзінділерді жатқа сұрауда, оқыған шығармаларын тексеруде өте тиімді. Электронды спинерді айналдырғанда оқушылар үшін кімге түсетіні жұмбақ болады, бұл сонысымен өте қызықты.

«Спинерді» кейде «Рулетка» әдісі деп те айтады. Бұл сыныпты топқа бөлуде де өте тиімді. Яғни оқушылардың кімдермен бір топқа түсетіні беймәлім болады. Олар өздері қалаған жұптармен, достарымен болудан қағылады.

Ахмет Байтұрсынұлы мысалдарын оқытқанда оқылым стратегияларының ішінде «Рөлге бөліп оқыту» әдісі де оқушылардың қабылдауына қосымша, шығармашылық қабілеттерін дамытуда жиі қолданамыз. Мұнда дауыс ырғағы, сахна мәдениеті, кейіпкер образын ашуда оқушылармен жан-жақты жұмыстар жасалады.

Мысалы, «Өгізбен бақа» мысалын рөлге бөліп, сахналау барысында оқушылар мысалдың түпкі идеясын терең түсініп, өмірде бос мақтаннан аулақ болуға, әркім өз әліне қарай әрекет ету керектігін ұғына білді [3].

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. Онда оқушылар өмірі, шығармашылығы, қазақ тіл білімі мен әдебиетке сіңірген еңбектеріне байланысты көптеген тың мәліметтер алды. Атап айтсам, «Зерттеу әдісі» арқылы қазақ тіл біліміне сіңірген ерен еңбегімен таныса отырып, тілдік тақырыптар мен ережелердің басым бөлігі қазақтың санасына оңай қабылдануы үшін, есте тез сақталуы үшін ұлттық тұрмыс-салт атауларын қойғанын білді. Мысалы, салт етістік – салт сөзі қазақта жалғыз атты адамды «салт атты», жұбайынсыз жүруді «салт келді» деп айтады; үйірлі мүше – «үйір – жылқының үйірі» өзара бастауыш пен баяндауыштық қатынаста тұрып бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын терең талдау үшін «Өрмекші торы әдісі» өте қолайлы. Жіпті тарқата отырып оқушылар бір-біріне сұрақ-жауап аламасады. Жіпті тарқату барысында оқыған әңгіме, мысалдың мазмұнын баяндауға болады, жіпті кері жинау барысында шығармадан алған әсерлерімен бөліседі [4].

Байтұрсынұлының бай мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу, бойларына сіңіру барысында ұстаз үшін әрбір әдістің орны бөлек. Әр маман өзінің оң жамбасына келетін, шәкіртінің жүрегіне жол табуда, оқытуда тиімді тәсілдерді қолданатыны, сол жолда мұғалімнің үздіксіз ізденісте болатыны айқын.

Қорытындылай келе, оқушыға білім мен тәрбиені қатар беру арқылы еліміздің тәуелсіздігін тұғырлы, бақыттың баянды студі мақсат қылатын ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаздардың басты міндеті. Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен халқына деген ерен еңбектерін үлгі ете отырып, материалдық байлықты емес рухани құндылықты жоғары қоятын, ел ертеңіне үлес қосқысы келетін жас буынды бірге өсірейік.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
2. Толстой Л. Н. Педагогические сочинения / Сост. Н.В. Вейкшан (Кудрявая). – М., 1989.
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел шежіре», 2013, Т.ҮІ. – 384 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Кирибаев Н. Ж.

Павлодар қаласының М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі
k_nur90@mail.ru

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың барлық баспасөз беттеріндегі алаш зиялылары жарияланған басты мәселелердің бірі – қазақ тілінің жағдайы. Сонымен қатар қазақ елінің ұлттық ғылымында жүргізілген жұмыстардың бір саласы – оқулықтар жасау болғаны белгілі. Қазақ тіл білімі мен әдебиетте сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге, түрлі оқулықтар жасаудың да қажеттілігі сезіліп, маңызды мәселе ретінде алға қойылған тұста А.Байтұрсынұлы оқулықтар жазу мәселесіне өте жауапкершілікпен ұлт мүддесі тұрғысынаан қараған. Алашорда мен мүшелеріне амнистия жарияланған соң, олар қызметтерін жалғастыра берді. Бұл тақырыптың өзектілігі жағынан жоғары болғандықтан, барлық алаш зиялылары қалам тартып, мақала жазды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлына талдау жасап көрейін!

Ахмет Байтұрсынұлы сонау патша заманында қазақ жұртының қажетін өтеген кирилл таңбасындағы қазақ алфавитіне мойынсұнбаған, төтеден жол іздеген. Қазақ жұртының төл, ана тілін саф қалпында сақтау үшін қандай таңбаны «Әліпби» етіп алу керектігіне зор мән берген. Ахмет Байтұрсынұлындай қазақ халқының тарихына, тіліне маңызы зор мәлімдемелерді мәлімдемелерді тек алаштану мәселесімен айналысатын

санаулы орта, қазақ әдебиетінің тарихын, қазақ тарихын зерттеп жүрген арнайы мамандар ғана білетін болар. Алаш арысының айтқан әрбір сөзін жалпы алаш – білуі парыз. Бұл болашақ ұрпақ үшін өте қажет.

Қазақ әліпбиінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлы ұлт әліпбиін негіздегенде алдымен оның дыбыс өлшемін, яғни қазақтың сөйлеу мақамындағы дыбыс санын анықтаған. Әлбетте, ол сол уақыттағы қазақ тіліндегі ұғым танымдар өресіндегі сөз қолданысына тұтынудағы сөз қорына байланысты болатын. Белгілі бір атауларды атап, танымдарды түсіндіре алатын сөз қолданыстарының жиынтығындағы дыбыстар түзілімі – мағына құрайды.

Ұлттық тіл ғылымы саласындағы Ахмет Байтұрсынұлының әліпби түзудегі жетістіктерін лингвист ғалым Кұдайберген Жұбанов өте жоғары бағалаған. Және ол кім көрінгенге әліпбиді, тілді тапталпауға бар күш жігерін жұмсаған. Мысалы: *«..... возрежение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам нашими врагами – это наше законное наследие. Отказываться от подобного наследия так же глупо... мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас»* деген айшығын қазақтың қай-қай оқығандарының, оның ішінде қалам ұстап, қазақ намысын жыртқан әрбір еңбектің қадір-қасиетін біліп қана қоймай, «заңды мұра» деп таныған және ұрпаққа тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз (1, 35-б.).

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің өзіне дейінгі хат тілін де, халық әдебиетін де, сөйлеспелі сөз қолданылысын да зерделей келе, «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты... Бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «Қ» мен «ғ» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ-ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «қ» мен «ғ», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек», - деп анықтай келе, араб таңбасының қазақ дыбыстарына жеткіліксіздігіне байланысты 38 белгі қажет ететін жуанды-жіңішкелі 19 дыбысқа дыбысқа айырымдылық дәйекші белгісін қолдана отырып, 19 таңба үнемдейді.

Сөйтіп жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады, деген қорытындыға келіп, осы негізінде тұңғыш қазақ әліпбиін жасайды.

Қазақ әліпбиі осы таңбада 1912 жылдан бастап 1929 жылы бопсамен латын таңбасына көшкенше қазақ тіліндегі барлық оқу орындарында, газет, журнал, кітап шығару һәм кеңселік ресми жазуларда ұлттық тұтастықта қолданыста болды.

Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін түзу тұсында таңба таңдау мүмкіндігі болды. Латын да, кирилше де оған таныстырылды. Таңдаудың арабы таңбаға түсуін оның қазақ арасына ертеден етене жақындығына, әсіресе дінге де қатыстылығына байланыстырылды. Әлбетте сол тұста да қазақ азаттығын ойға

алған ағартушының ұлттық әліпбидің бопсамен кеулеп бара жатқан орыс жазуынан аулақ болуын да ойламауы мүмкін емес. Ал жазғанда бір түрлі, оқылуда басқаша дыбыстالاتын қосар таңбалары көп латын жазуына мүлде қарсы болғаны мәлім. Мұнда да латынды бейімдеуді қиынсыну емес, халықтың ғасырлар бойы көзі үйреніп, санасына орнығып қалған араб таңбасынан қол үздірмей, жалғасты сауаттандыру мақсаты алға қойылғаны анық.

Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінде сөйлемдер, мәтіндер не өзге жадығаттар шәкірт ұғымына шақталып, ой елегінен өткізілген шығармалардан алынған, оқытудағы негізгі мақсатқа сәйкес арнайы жазылған, өзге тілдердегі жадығаттардан аударылған.

Ахмет Байтұрсынұлы әліппе арқылы тек ашқызып оқытып қана қоймай, өз ой-пікірін де қоса білдіргендігіне көз жеткізу қиындық туғызбайды. Бұдан шығар түйін әліппе оқыту құралы ғана емес бүлдіршіннің сана сезімін оятушы, өмірге көзқарасын, көркем талғамын. Қалыптастырушы тәрбие құралы да. Үңіле көз жүгіртсек, Ахаң әліппесінде мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар молынан кездеседі. Әдіскер ағартушы бұларды ел өмірінен ала отырып, рет-ретімен тіл дамыту, тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланған. Балғындардың жас мөлшеріне сәйкес тіл дамытуда ой ширатуда таптырмас құрал әрі қажетті тәсіл екенін жоғары бағалай білген деп түйеміз. Сол себептен де бұндай жадығаттардың кез келгенін жүрдім-бардым алмай, қалай солай әліппеге енгізе салмай мақалдарды белгілі бір жүйелікпен бірізділікпен орналастырған.

Байтұрсынұлы қолданған мәтіндердің де артық кемі жоқ деп білеміз. Әрқайсысы өзіндік бір қызмет атқарып тұр. Белгілі бір тәрбиеге ие. Ағартушылық мәтіндер арқылы балалар бойына белгілі бір практикалық дағдыларды қалыптастыруды, қоғамдық өмірдің әрбір тармағынан мәлімет беруді нысаналаған. Ұсынылған мәтіндер арқылы балалар бойына туған еліне, отбасына, табиғатқа, ел тарихына деген сүйіспеншілікті сіңіруді мақсаттаған. Шәкіртті адамгершілікке, еңбекқорлыққа, достыққа, имандылыққа үйірген.

Жалпы сөзімді тұжырымдасам Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінен жоғарыдағыдай әдістемелік иірімдерді молынан келтіре беруге болады. Бұның бүгінгі оқыту саласына пайдасы шексіз. Оқу құралдарының өміршендігі де осында болса керек. Мұның бәрі айналып келгенде тілді оқыту әдістемесі тарихынан бастау алатындығына толық айғақ. Және бір қосымша айтарымыз, Ахмет Байтұрсынұлының Оқу құралының, Әліпбиінің титул беттерінде жазылған. «Балаларға тарту» тармақтары Ы.Алтынсарыұлының әйгілі «Кел балалар, оқылық!» - атты классикалық өлеңімен қатар тұратын, иықтас, үзеңгілес дүние дер едік. Ал енді Байтұрсынұлы жасап кеткен қазақ әліпбиінің болашағына келетін болсақ, тіл ғылымына қатысты арнаулы орындар нақты зерттеулер жасап, ғылым, өндіріс, кеңсе қолданыстарындағы сөздерді зерделеп қазіргі қазақ әліпбиіндегі дыбыстардың бүгінгі сөз қолданысына қатыстылығын анықтаулары керек. Қазақ тілінің қолданыс аясының тарылып, заң жүзіндегі мемлекеттік тіл деген өз мәртебесіне ие бола алмай отырғандығы бір болса, оның тынысын бұдан да әрі тарылтып, тұншықтырудың тағы бір амалы – латын

таңбасына қайта таңу әрекеті болып отыр. Бұл – маңдайға соққан тырманың сабын ұмытып, оның басын қайыра басу есепті. Ұлтымызға құт болмай, жұт болған қайырсыз таңба еді ғой! – деген ұлт жанашырларының жанайғайы да бәрімізді ойландырмай қоймайды.

Әдебиеттер

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы: - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 1, 35-бет.
2. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері. - //Бастауыш мектеп №7-8, 2004 жыл.
3. Ұлттық рухани көсемі. – Алматы, 2008 жыл.
4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: «Өнер», 2003. – 431 б.
5. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/8771>
6. <https://intolimp.org/publication/akhmiet-baitu-rsynu-ly-zh-nie-zamanaui-bilim-bieru-m-sielielieri.html>

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АУЫЗША СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Копеева А. С.

Павлодар қаласының №25 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Kopayeva-ak@mail.ru

Коммуникативтік дағдылардың қалыптасу дәрежесі балаларды оқытудың тиімділігіне ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтенуіне, тұтастай тұлғаның дамуына да әсер ететіндіктен, бұл дағдыларды қалыптастыру қазіргі таңда да өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осыған орай орыс сыныптарындағы қазақ тілі мұғалімдерінің басты мақсаты – мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатыса алатын тұлға қалыптастыру.

Педагогикада бұл дағдының екі компоненті ерекшеленген:

1) қарым-қатынас дағдылары – бұл білім мен қалыптастырылған дағдылар жүйесіне негізделген балалардың нақты мағыналы коммуникативті әрекеттері [1].

2) қарым-қатынас дағдылары – бұл балалардың мінез-құлқын басқару, әртүрлі коммуникативті мәселелерді шешуде ең ақылға қонымды әдістер мен әрекеттерді қолдану қабілеті [2].

Коммуникативті міндет – сөйлеу мотивінің болу формасы. Коммуникативті міндет бірлескен сөйлеу әрекеті барысында, қажет болған жағдайда ақпарат беру немесе алу кезінде туындайды. Коммуникативті міндет

қарым-қатынастың төрт негізгі саласында жүзеге асырылады: әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіби және білім беру [3].

Осының негізінде баланың қазақ тілі сабағында алатын негізгі коммуникативтік дағдылары анықталады. Олар:

- сөйлеу жағдайын талдау және қарым-қатынасқа қатысушылардың сөйлеу әрекетін болжау дағдысы;

- қарым-қатынастың белгілі бір түріне және сөйлеу жанрына сәйкес сөйлеудің коммуникативтік ниетін қалыптастыру дағдысы;

- сөйлеу этикетінің нормаларын ескере отырып, диалогтік қарым-қатынас тәсілдерін саналы түрде шарлау дағдысы;

- оң нәтижеге қол жеткізу үшін сөйлеу жағдайында ауызша емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, оң жауап беру дағдысы;

- қарым-қатынас жағдайына байланысты өз сөйлеу әрекетін түзету дағдысы;

- сөйлеу әрекетінің өзіндік талдауын жүргізу дағдысы.

Бұл коммуникативті дағдылардың ең маңызды топтары екендігі белгілі, олар өз кезегінде көптеген басқа да компоненттерді қамтиды: психологиялық байланыс орнату, қарым-қатынаста бастама алу, қарым-қатынаста бейімделуді ұйымдастыру мүмкіндігі және т.б. күрделі қарым-қатынас дағдыларының мұндай кешенін тек даму процесінде біртіндеп дамытуға болатындығы белгілі.

Сөйлеу – ауызша қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлеу әрекетінің негізгі түрі. Сөйлеу лексикалық, грамматикалық дағдыларға негізделген. Оқытудың көптеген әдістерінде сөйлеу оқытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сөйлеуді программалау рөліне қарай белсенді сөйлеу, реактивті (жауап) сөйлеу, репродуктивті (стохастикалық) сөйлеу ажыратылады [4].

Сөйлеу актісінің психологиялық құрылымы төрт кезеңнен тұрады:

1) адамның белгілі бір уәждің әсерінен және белгілі бір айтылған мақсат болған кезде қарым-қатынас жасау қажеттілігі көрінетін ынталандыру-мотивациялық;

2) бағдарламалау және ойларды тұжырымдау бойынша жинақталған ақыл-ой әрекеттері түрінде ұсынылған аналитикалық-синтетикалық (мұнда сөздерді таңдауды және грамматикалық болжауды қамтамасыз ететін мәлімдемені ішкі айшықтау механизмі жұмыс істейді);

3) ойды орындаушылық-дыбыстық және интонациялық ресімдеу (оқытудың бастапқы кезеңінде сөйлеу бағдарламасының оны орындауға көшуі ана тілі арқылы жүреді);

4) бақылау міндеті – ықтимал қателер туралы сигнал беру және оларды түзетуге ықпал ету; бақылау тілдік практика және өз сөзін «эталонмен» салыстыру.

Сабақта оқушының сөйлеуін қалыптастыру үшін дайындық және сөйлеу болып бөлінетін арнайы жаттығулар жасалады. Алдын ала әзірленбеген сөйлеу дағдылары, оның кенеттен, бейрет сөйлеуі, тақырыбы - диалогте дамиды; ал

дайындалған сөйлеу дағдылары мен машықтары оның бастамашылығымен, логикасымен, дәйектілігімен – монологте дамиды.

Диалогтік сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның арасында тікелей пікір алмасу болатын сөйлеу формасы. Оның бірқатар ерекшеліктерін атап өтейік: сөйлеудің қысқалығы, сөйлеудің сөзсіз құралдарын кеңінен қолдану (бет-әлпет, ым-ишара), интонацияның рөлі, толық емес құрамдағы арнайы сөйлемдердің әртүрлілігі, кітап сөйлеуінің қатаң нормаларына тәуелді емес мәлімдеменің синтаксистік дизайны, қарапайым сөйлемдердің басым болуы.

Диалогтік сөйлеуді оқыту бірлігі мазмұны мен формасына байланысты бірнеше репликалардың бірлігінен тұрады. Диалогтік сөйлеуді оқыту қарым-қатынас орын алатын жағдайға байланысты диалогтік мәтін түрінде берілген үлгі негізінде құрылады. Сабақта диалогтік сөйлеуді оқытудың мынадай негізгі кезеңдерін анықтап алған жөн:

1) жағдайды ауызша түсіндіру немесе оқытудың техникалық құралдары арқылы таныстыру;

2) диалогті дыбыстық және графикалық нысанда таныстыру;

3) диалогтің тілдік материалын меңгеру;

4) диалогтегі репликалардың байланыс тәсілдерін меңгеру;

5) диалогті жаңғырту;

6) ахуал компоненттерінің өзгеруі есебінен диалог-үлгінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Диалогтік сөйлеуді үйрету кезінде олардың әртүрлі түрлері мен олармен жұмыс істеу формаларын өзгерту ұсынылады: диалог-әңгіме, диалог-драматизация, оқушы мен мұғалім, жұптық және топтық сөйлесуі. Диалогтік сөйлеуді оқытудың негізгі құралы – жаттығулар. Оларды жүзеге асыру барысында дағдылар қалыптасады: ақпарат сұрау, әңгімелесушінің ескертуіне барабар жауап беру, диалогтік сөйлеу мөрлерін пайдалану, диалог құру кезінде репликаларды біріктіру және т. б.

Монологтік сөйлеу – тыңдаушылардың (әңгімелесушілердің) біреуіне немесе тобына, кейде өздеріне бағытталған сөйлеу формасы; диалогтік сөйлеуден айырмашылығы, ол сөздің тақырыптық мазмұнын кеңінен қамтуға ұмтылуымен, жалпы конструкциялардың болуымен, олардың грамматикалық дизайнымен байланысты. Монологиялық сөйлеуді оқыту үш кезеңнен тұрады. Біріншісінде-тілдік автоматизмдер жасалады. Фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материалдарды тез және қатесіз қолдану дағдыларын дамыту имитациялық, ассоциативті сөйлеу, хор және шартты-коммуникативті негізде жүреді. Екінші кезеңде тілдік құралдарды, тиісті коммуникация мақсаттарын іріктеуге үйретеді. Тиісті лексикалық және құрылымдық материалды қолдана отырып, мазмұнға назар аударылады. Осында оқушы біреудің пікірін қысқартып, көбінесе тілдік материалды дайын күйінде қолдана білу дағдысын игереді.

Үшінші кезең бастамашыл сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған, сондай-ақ спикердің ойы мәлімдеменің мазмұнына шоғырланған. Монологтік сөйлеудің белгілерінің ішінде үздіксіздік (мәлімдеме бір фразамең шектелмей,

ауқымды фразалық бірлікті білдіреді), дәйектілік, сөйлеу логикасы, салыстырмалы семантикалық толықтығы, тұжырымның коммуникативті бағыты ерекше орын алады. Монологтік сөйлеу әртүрлі коммуникативті мақсатта қолданылады: ақпаратты хабарлау, сендіру арқылы тыңдаушыларға әсер ету, іс-әрекетті ынталандыру немесе оның алдын алу.

Оқу мақсаттарында монологиялық сөйлеу түрлерін айқындау кезінде сөйлеу мазмұнынан (сипаттау, хабарлау, баяндау), дербестік дәрежесінен (жатталғандарды жаңғырту, қайта айту және өз бетінше айту); даярлық дәрежесінен (даярланған, ішінара даярланған және дайындалмаған сөйлеу) шығады.

Оқушының еркін сөйлеуін арттыратын ең тиімді амал-тәсіл – әңгімелеу (монологиялық сөйлеудің ең күрделі түрі). Ол оқиғалардың белгілі бір реттілігімен сипатталады, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды көрсетеді. Егер сипаттама бір жазықтықта дамитын болса және онда сипатталған құбылыстардың реттілігі түбегейлі маңызды болмаса, онда әңгімеде хронологиялық тізбекті сақтау қажет, әйтпесе әңгіменің сюжеттік жүйесі бұзылады. Сонымен бірге, дайындалған монологтің негізгі түрлері – дәріс, сөйлеу, хабарлама, әдетте, алдын-ала дайындалады. Ең бастысы, тілді оқыту әдістемесі монологиялық сөйлеудің барлық түрлерін оқытуды қамтамасыз етуі керек.

Монологтік сөйлеуді оқытудың мақсаты сөйлеу монологтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады:

- 1) мәтінді қайта баяндау, берілген тақырыпқа сипаттама, хабарлама жасау, әңгіме құрастыру;
- 2) берілген тақырыпты логикалық түрде дәйекті түрде ашу;
- 3) өз сөзінде пайымдау, дәлелдеу элементтерін қоса алғанда, өз пайымдарының дұрыстығын негіздеу.

Сонымен, барлық аталған дағдылар дайындық және сөйлеу жаттығуларын орындау барысында дамиды. Ауызекі сөйлеу (диалог) үшін спикерлер алмасатын репликалар, әңгімелесушінің артындағы фразалар мен жеке сөздерді қайталау, сұрақтар, толықтырулар, түсіндірулер, тек спикер түсінетін кеңестерді қолдану, әртүрлі көмекші сөздер мен араласулар тән. Монологиялық сөйлеу үлкен композициялық күрделілікке ие, ойдың толықтығын, грамматикалық ережелерді қатаң сақтауды, айтқысы келетін нәрсені баяндауда қатаң логика мен дәйектілікті талап етеді.

Сөйлеуді оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың әртүрлі әлеуметтік анықталған жағдайларда ауызша сөйлеу қарым-қатынасын жүзеге асыру қабілетін дамыту.

Орыс мектебін бітірген оқушылар:

а) тікелей байланыс жағдайында қарым-қатынас жасау, ауызша мәлімдемелерді түсіне алуы керек;

ә) өзі туралы және айналасындағы әлем туралы, оқылған және естіген, сөйлеу тақырыбына немесе алынған ақпаратқа деген көзқарасын білдіре алуы керек.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде жаттығулар мен жағдайлар оқушыларға қарама-қарсы көзқарастарды білдіруге, жарыссөзге қатысуға және сендіруге мүмкіндік беретін көптеген проблемалық мәселелерді қамтуы керек. Мәселелерді шешуге белсенді түрде қатысу тіл үйренуге деген қызығушылықты арттырады, ал өздігінен табылған шешімнің қанағаттануы оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамытатын күшті ынталандырушы фактор болып табылады. Демек мұғалім әрқашан мынаны ескеруі қажет:

1. Қазақ тілі сабағында сөйлеуді оқытудың мақсаты – оқушыға оларды жалпы қабылданған күнделікті қарым-қатынас деңгейінде оқу емес сөйлеу тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік беретін сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

2. Ауызша қарым-қатынас монологиялық, диалогтік немесе полилогиялық формада болуы мүмкін.

3. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар мен тапсырмаларды қолдану керек, яғни сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар болуы керек.

Әдебиеттер

1. Пассов, Е.И. Основы коммуникативной теории и технологии иноязычного образования: методическое пособие для преподавателей русского языка как иностранного / Е.И. Пассов, Н.Е. Кузовлев // Русский язык. Курсы, 2018. – 568 б.

2. Ильин, Е.П. Психология общения и межличностных отношений: учебное пособие для высших учебных заведений / Е.П. Ильин. – 2-е изд. – СПб : Питер, 2013. – 576 б.

3. Истратова, О.Н. Справочник психолога начальной школы / О.Н. Истратова, Т.В. Эксакусто. – Издание 4-е. – Ростов – на – Дону: «Феникс», 2019. – 512 б.

4. Казарцева, О.М. Культура речевого общения: теория и практика обучения: учеб. пособие / О.М. Казарцева. – М.: Флинта Наука, 2013. – 496 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Кудайкулова Д. К.

«Павлодар қаласының №34 инновациялық үлгідегі ЖОББМ» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
diana.kudaikulova@mail.ru

Қазақ әдебиетінің тарихынан ойып тұрып орын алған биік тұлғамыз – Ахмет Байтұрсынұлының бізге қалдырған мұрасының маңызы зор. Ол – бар өмірін, тірлік-тынысын, ой-арманын туған халқына қызмет етумен өткізген ұлағатты адам. Қазақ әдебиетінде Абайдан кем түспейтін кім десе, бірден

Ахмет дер едік. Өзі өмір сүріп отырған заманда өлеңдерін асқан шылшылдықпен жырланған, ұлтына деген сүйіспеншілікпен, жанашырлықпен жазылған шығармалары қазіргі таңда да өзектілігін жойған емес. Себебі, қай кезде болмасын білім, ар-ұят, адамгершілік және парасат сынды қасиеттер басты тақырыптардың бірі болған және бола бермек.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Байтұрсынұлы еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Осы жолда Ахмет жануарларды сөйлетті, маса болып ызыңдады.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды.

Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Мысалы, «Қайырымды түлкі» шығармасын алып қарасаңыз, атауының өзі адамға бірден күдік ұялатады. Әдеби шығармаларда түлкі үнемі зұлымдықтың, қулықтың символы ретінде суреттеледі. Қалайша түлкі қайырымды болмақ? Өлеңді оқыған оқырман соңына дейін түлкінің мейірімділігіне, қайырымдылығына, жетім қалған құстарға деген жанашырлығына сенеді. Бірақ өлең төмендегіше аяқталады:

Тұрғанда Түлкі сөйлеп сауап жолды,
Қайғыға естігеннің көңілі толды.
Аштыққа шыдай алмай үш балапан,
Ағаштан төмен жерге түсіп қонды.
Жұрт жинап жақсы кеңес қылған Түлкі,
Зарланып жетімді аяп тұрған Түлкі
Аузына үшеуін де қағып салды
Өзі екен нағыз Құдай ұрған Түлкі [1, 31].

Шығарма сол кездің қалпына, көрінісіне сай жазылғанмен, біздің заманымызда да өзекті тақырыптардың бірі. Жетімді жылатып, нанын жеген жексұрындар мен бейшара халықты қанап жүрген бай-сараңдар кездеспейді емес, кездеседі. Сондай «қу түлкілер» әрқашанда болған, бар және бола бермек.

Ахметтің адамға ой саларлық тағы бір мысал өлеңі – «Айна мен маймыл». Маймыл айна алдына кеп былай депті:

«Бері қара!
Бұ кім өзі мынау перің?
Білмеймін қайдан шыққан мұндай керім?
Он екі мүшесінің бірі оңды емес,

Көз салып карап тұрсам әрбір жерін.
Мен бұған титтей ғана ұқсас болсам,
Ішіме пышақ салып өлер едім.
Ол рас бесеу-алтау бар екені
Кейіпсіз нақ осындай бөлелерім».

Мұны естіген Аю:

Әуре боп бөлелерің санағанша, Абайлап қарашы әуел өзіңе өзің!» [1, 37]

Рас, қазіргі қоғамда «маймыл» сынды адамдардың барын ешкім жоққа шығармас. Өз бойындағы мінді көрмей, тек басқаларды ғана сынаумен өмір сүретін адамгершіліктен жұрдай, шірік көңіл адамдарды шығармаға арқау ете отырып, оларды сынға алу қаламгердің басты мақсаты болды. Мұндай жаны «аурулар» басқалардың тыныш өмірін бұзып, үнемі кесірін келтіріп жүретіндер. осы тұста Шәкәрім Құдайбердіұлының өлең шумақтары еріксіз еске оралады:

Біреудің мінін көргенше,
Жамандығын тергенше,
Өз ойыңды мазалап,
Өз бойыңды тазалап,
Өзіңмен алыс өлгенше!

Замандастарымыздың арасында шаруасы түгел, бастың аманында мүмкіндігі шектеулілерге орынсыз тиісіп, шенеп мінейтіні, сенің оның қалай, сәл жайсыздықтан қорқасың, қалшылдап- дірілдейсің, тұрақтылық жоқ, ал мені қарашы, еш нәрсеге, ешкімге тәуелсізбін, өз еркім өзімде, өйткені мен қуаттымын, ештеңеден қорықпаймын деп мақтанатыны белгілі жайт. «Емен мен Қамыс» аудармасында сондай өркөкіректік сыналады:

Бірді олай жаратқанды, бірді бұлай,
Бәрінен қор жаратқан сені құдай.
Жел тұрса, зәрең ұшып қалтырайсың,

Басыңа ауырлайсың қонса торғай [1, 11], – дейді Емен. Өзінің мықтылығын айтып шіренген ол күшті дауылда тамырымен қопарылып, құлап түседі. Ал иіліп, бүгілген қамыс аман қалады. Өлеңнің берер өнегесі мен ғибраты мол.

Ахмет Байтұрсынұлының И.Крыловтан аударған тағы бір «Кісі мен арыстан» мысал өлеңінде ақыл, өнер, күш сыналады.

Қазіргі қоғамда өзінің күшіне ғана сенген, ақыл мен білімге жүгінбейтін, барлық істі күшпен ғана істейтін, бірақ көп жағдайда ұтылып жататын замандастарымыз баршылық. Шығармадағы кейіпкер Арыстан сондай жандарды еске түсіреді:

Оралып жатты торға Арыстаным,
Ақылдан білді күштің қалысқанын.
Терісін Арыстанның сойып алып,
Олжалы қайтты аңшы данышпаным [1, 39].

Өзінің ақылсыздығының арқасында қу адамдардың тұзағына түсіп қалған адамдар жайлы естіп жатамыз. Бізге ақын бұл туындысы арқылы «арыстан»

сынды болмай, әрқашанда білімге жүгініп, ақылмен ойланып, ешкімнің құрған тұзағына түспеңдер деген өсиет айтқысы келді.

Қорыта келе айтсақ, қазақ әдебиетінің төрінен көрінетін Ахмет Байтұрсынұлының туған ұлтына берері мол болды. Бар өмірін өз халқын ағартуға, ұрпақтарын білімді, мәдениетті болуға шақырумен өткізді. Тұсында тап болған қиындықтарға төтеп беріп, еңбертер жазды, өнегелі шығармаларды қазақ тіліне аударды, қазақ тілінің беделін асқақтатты, туған ұлтының өскелең ұрпақтары үшін аянбай қызмет атқарды. Ахметтей бабамыздың қалдырған құнды мұрасын бағалап, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеу – әрбіріміздің парызымыз!

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Қырық мысал: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 120 бет.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ЖАНРЛАРЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫ

Кунгозина Д.К.

Павлодар қаласының №21 жалпы орта білім беру мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
kungozina68@mail.ru

Ғасырлар тоғысындағы қоғамдық-экономиканың қалыптасуы, жаңа үкіметтің орнығуы, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту шаралары жедел жүзеге асырылған кезең. А.Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен әдебиеттегі жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиеттанушы-ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттану салада нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен А.Байтұрсынұлы болды.

Оның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі-ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулерге-деңгейлес, әдеби ұғым түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екенін айтады. Академик З.Қабдолов 1988-ші жылы ғалым есімі, ақталғаннан кейін, А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы хақында «Әдебиет танытқыш» - тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кешегі кеңес кезінде

бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі таныммен талдап таратты.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің

бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясыкең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығармашылық психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген.

«Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап- түсіндірген ғылыми - зерттеу.

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Б. «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті

«Әдебиет танытқыш» — Ахмет Байтұрсыновтың эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу, қазақ филологиясының орны ерекше зор, айтылған ойларының тереңдігі мен дәлдігі арқасында болашақта да қызмет ететін, ешқашан маңызын жоймайтын қымбат, асыл еңбек.

Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазір қолданып жүрген негізгі терминдер, категориялар, ұғымдардың қазақша өте дәл, ықшам, оңтайлы баламаларының басым көпшілігі тұңғыш рет осы зерттеуде жасалғанын ашып айтатын уақыт жетті. Бұл ретте, Ахмет Байтұрсынұлы - тіл терминдерін жасауда қандай кеменгер, данышпан болса, әдебиеттану, өнертану, фольклортану терминдерін жасауда да сондай кеменгер, данышпан.

Қазақ ауыз әдебиетінің айрықша жанрының бірі – шешендік өнер. Шешендік өнер - ақындық, жыраулық, жыршылық, айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі жанрлардың бірі. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы осы бір жанрға ерекше көңіл аударғанына таң қалуға болмайды. Шебер сөйлеу, айтқан сөзің нысанаға дөп тиюі үшін шешендік сөзді жаттап жаттығу,оның қыр-сырын білу керектігін ғалым өз еңбегінде үнемі айтып,жазып отырған.

Шешендік сөздерді А. Байтұрсынұлы көркем әдебиеттің негізгі жанрлары:

ертегі, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, қара өлең, термелермен қатар қойып зерттеп ол адам ойын өрістетіп, тапқырлыққа баулитын, адамның таным дүниесін кеңейтетін, биік адамгершілік қасиеттерге үндейтін, қазақ даласында әлеуметтік қызмет атқарған жанр деп біледі. Сондықтан да қазақ халқы шешендікті терең меңгерген адамды ерекше бағалап, жүйелі сөзге тоқтаған, тапқыр оймен түйіндей білген адамды қасиет тұтқан.

Шешендік сөз парасатты ойға, ұшқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Шешендік дегеніміз айтылған сөзге әрі қисынды, әрі ұшқыр, әрі ұтқыр жауап қайтару дейді ғалым өз топшылауларында.

Жалпы, жанр дегеніміз даму үстіндегі ұғым, әрбір тарихи дәуірде әр жанр өзінің негізгі тұлғасын сақтай отырып, сол кезеңге сай ерекшеліктерді бойына сіңіріп дамиды. Бұл халықтың салт-санасы мен сол жанрды пайымдаушы көзқарасынан туындайды. Жанр қимыл-қозғалыстағы тіршілік жүйесі. Ол жаңадан туады, өседі, дамиды, кейде, тіпті, өшеді, яки жоғалып та кетеді. Мұны әдебиеттің тарихи тағдырымен ұштастыру керек-ақ, сондай-ақ оның түрі де әлеуметтік жағдайға сай, әр кезеңде құбылып отырады, бірақ нақты шағын ба, әлде көлемді ме әйтеуір көркем шығармаға тәуелді болады.

Шешендік сөздердің жанрларын анықтауға, оған жан-жақты талдау жасауға алғашқы талпыныс жасаған ғалымдарымыздың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздерді былайша бөледі: «Шешен сөздер бес түрлі болады: а) Шешендер жиынды ауызынан қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегенде саясат шешен сөзі деп аталады. ә) Шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатпен сөйлегенде сот билігінде әсер ету үшін айтқан сөздері билік шешен сөзі деп аталады. б) Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады. в) Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнына байланысты сөйлегені білімгер шешен сөзі деп аталады. г) Дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі, уағыз деп аталады». [2.405]

Көріп отырғанымыздай, А.Байтұрсынов шешендік өнер, шешендік сөз туралы пікір айтып қоймаған, тың анықтамалар да бере білген. Сол анықтамаларына дәлел ретінде ділмар сөзге бірнеше мысалдарды да алдымызға тосады. Біз бұдан шешендік сөз деп жүрген терминді кезінде А.Байтұрсынов ділмар сөз деп атағанын көреміз.

Ғалым «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешендік сөздердің қыры мен сыры туралы: «Шешен сөз қара сөз шығармалардан бөлек сөз емес, онда да пайымдама болады. Шешендік пайымдаманың бөлектеу жері мынау ғана. Пайымдамада шешен негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен түсіндіріп қана қоймайды, ол тыңдаушыны пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіргізу секілді әрекетке бастайды. Шешен сөзде айтушының мақсаты – ойды баяндап, сипаттап анық түсіндіру. Оны істеу үшін шешендер жай пайымдаушыларға айтқан сөзі ақылға қону жағымен қатар оның жанына, қанына әсер ететіндей болуы керек, сөз арбау секілді адамның ойын да, бойын да балқытып ерекше әсер етуі керек. Сондықтан шешен сөздің «Қыздырма»,

яғни «Қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру. Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап, мән істеп болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға қарай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, елітіп алып кететін күшті, көрікті, сәнді, мәнді тіл болады. Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы (2.405.).

Бұл пікірден шешендік сөз қалай болса солай айтылмайтын, белгілі бір әлеуметтік, философиялық, логикалық, психологиялық заңдылықтарға бағынып айтылатын сөз екенін көреміз.

Жалпы осы кезге дейін шешендік сөздерді жанр жағынан жіктегенде негізгі ауызға алынатыны шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау. Бұл бір қарағанда дұрыс болғанымен жанрдың ішкі қыр-сырын толық ашып бере алмайды. Сондықтан да шешендік сөздерді бірнеше түрге бөле отырып, оның әрқайсысын бірнеше салаға жіктеуде А. Байтұрсыновтың салып кеткен жолын басшылыққа ала отырып бүгін шешендік сөздерді:

1) Шешендік арнаулар: а) бата, ә) әзіл-оспақ, б) сыни сөз, в) естірту, г) көңіл айту, д) жұбату, ж) сәлем сөз. 2. Шешендік толғаулар: а) нақылдар, ә) мақал-мәтелдер, б) жұмбақтар, в) мысалдар, г) жауаптасу, ғ) қанатты сөздер. 3. Шешендік даулар: а) ер құны дауы, ә) жер дауы, б) жесір дауы, в) мал дауы, г) ар-намыс дауы, ғ) халықтың намыс дауы. 4. Шешендік суырып салмалық: а) айтыс, ә) суырып салмалық, б) бірқакпайлар, в) аңыз бен қалжың-оспақ [5.67] деп ғалымдар тұжырым жасаса, ол да А. Байтұрсынұлының терең ойы, тапқыр пікірлерімен ұштасып жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне (1923 жыл, 30 қаңтар) "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: "А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарманшабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдық қақ өніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді -, деп жазуы А. Байтұрсынұлына өз кезінде берілген үлкен баға.

Шешендік сөздер ертегі, аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөлініп шығып әдеби тіліміздің қалыптасуына жағдай туғызды. Шешендік сөздер әдеби тілдің сөздік қоры екенін А. Байтұрсынұлы өз кезеңінде – ақ анық айтты. Оның нақты мысалы ғалым айтып отырған шешендік сөздердің сөздік құрам, сөйлем құрылысы жағынан қазіргі әдеби тіл нормаларынан

ешқандай алшақтығы жоқ екенін көреміз. Демек шешендік сөздер басқа жанрлар секілді әдеби тілдің ұйытқысы болған. Шешендік сөздің сөйлеу құрылысын, сөйлеу ережесін бойға сіңіру әдеби тілімізді байытады, ой-өрісімізді кеңейтеді А. Байтұрсынұлының әдебиет теориясына байланысты ойларын алға апарушы академик З. Қабдолов өзінің

«Әдебиет теориясы негіздері» еңбегінде ғалым ойларын тереңдете былай дейді: «Әдеби тіл – жай тіл емес, көркем тіл, демек сұлу сөз. Ал осы көркем, сөз сұлулығы дегенді қалай түсіну керек? ». Бұл А. Байтұрсынұлы сынды ғұлама ғалымның қазақ шешендік өнеріне тектен тек қызыға қарамағандығын, шешендік сөздің артында халық байлығы, халық тілі, мәдениеті, пәлсафасы бар екенін көрсетеді

Әдебиеттер

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. - 379 бет.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1991. - 372 б.
3. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1990 ж. - 240.
4. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жазушы, 2001. - 572 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Құнанбаева Ә. Н.

Павлодар қаласының «№49 санаторлық сәбилер бақшасы» КМҚК
қазақ тілі пәнінің мұғалімі
asemgul.kunanbaeva@mail.ru

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде Әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің атасы Ахмет Байтұрсынов кітап жазумен қатар орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, көпшілікке ұсынған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымның ағартушысы. Ахмет Байтұрсынұлының мол шығармашылық мұрасының тарихи маңызы жоғары. Ахметтің ілімдері – әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі – қазіргі жаңа заманға өте керек. Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Ахметтің ұлы бабасы-Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Байсейіт атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы (5 ағайынды). Қалқаманның сүйегі —Арғын. А.Байтұрсыновтың замандасы әрі қаламдасы

М.Әуезов 1923 жылы Ахметке арнаған мақаласында, оның тегі жөнінде. «... Сүйегі-Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Түбек. Ақаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты — Байтұрсын» деген мәлімет береді.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. А. Байтұрсыновтың «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. А.Байтұрсынов қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. А.Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, А. Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері. Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол

И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады. Оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көреді.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

А.Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. Ол қазақ мектептеріне ең зәру ісі – оқулық жазумен айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттеумен айналысты. «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезінген Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы ой-пікір қозғады. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртышылығы, әсіресе мұғалімдер жылы лебізбен қабылдады. Себебі, бұл реформа қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған еді. Сондай-ақ А.Байтұрсынов ұсынған емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастады. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттерімен берілген Әлеппе кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған кітаптар арасында былай бағаланды: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» қазақ жұртына орасан зор пайда келтірген еді... Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан артық. Мұның мазмұны қазақ жағдайына сай болып шыққан. Әңгімелері бала үшін қызықты, жеңіл, заманға лайық.» 1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазған соң, көп ұзамай енді мектепті қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығарылды. «Тіл құралы» — қазақ мәдениетінде бұрын соңды болмаған құбылыс. Ақан ашқан қазақ мектебі, Ақан түрлеген ана тілі, Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ газетінің» 1916 жылдағы қан жылаған

қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Ахмет атамыздың тарихтағы орнын, әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіндегі өз мақаласында былай деген екен: «А.Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қалай болса да, жазушысы аз ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу хәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай».

Ахмет атамыздың әдебиет майданында есімін асқақтатар болсақ, қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алады. Аудармашы негізгі түп нұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады. Ақын аудармаларында сюжет сақталғанмен еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын таңытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі қысқа болғанымен аудармашының аудармасы ұзақ болып келеді. Мысалы, «Өгіз бен бақа» орысшада-17, қазақшада-36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада-19, қазақшада-76 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада — 37, қазақшада-68 жол.

Бұдан біз Ахмет атамыздың жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көреміз. 1911 жылы Орынбор қаласында «Маса» жинағы жарыққа шығады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бір талай өлеңдерге арқау болады. Ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын.«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған боз бала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Жұртыма» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жөн сөзі» — қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын

мүсіндеген жырлар. Қарқаралы тұтқынынан Семейге айдалған А.Байтұрсынұлы «Қарқаралы қаласына» деген өлеңін жазады: қош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, Айдай бер қалса адамың қуылмаған. Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ, Жасырын дыбыс шықты шуылдаған. Бүркеніп арсыздардың шайнауына, Жем тапты пісірмеген, қуырмаған. Шыққан соң талғамайтын доңыздардың Қасыңа қиын болар жуу маған. Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» қазақ әдебиетін жана тақырыптармен, идеялармен, ойлармен өрнектеп байытты. Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты заман талабына сай жігерлі поэзия туды.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімнің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет.

Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды», — деп жазды Сәбит Мұқанов. Хаббас Тоғжанов пікірі де осымен сабақтас: «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді». Ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының есімі бүгінгі таңда әр жас ұрпақ жүрегінде жатталып, мәңгі есте қалары хақ.

Қорытынды. Қазақ әдебиеті тарихында Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсыновтың орны сондай. Оның өмірбаяны, бар тірлік-тынысы, ой-арманы туған халқына деген қалтқысыз қызметтен тұрады. Оның өмірін сондықтан да жеке адамның, жеке бір маманның өмірі деп қарауға болмайды. Ол халықпен біртұтас, қалың елмен тамырлас, ел жүгін қайыспай көтерер нағыз халық перзенті.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Әдебиеттер

1. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: «TENGRİ Ltd», 2013.-382 б.
2. Нұрпейісұлы К. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция. // Егемен Қазақстан. 1997 ж. 5 желтоқсан. –3-5 бб.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕН КӨРІНІС ТАБУЫ

Малдыбаева А.Е.

Павлодар қаласының «Жігер» БЖК

қосымша білім беру педагогі

M_altynai@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігі белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр.

Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде *Блум таксомониясын* басшылыққа алады. (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау)

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген

мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ.

Ал қосымша білім беру шеңберінде қарастыратын болсақ, ғұламаның ескеріп кеткен, сабақ барысында көптеген көрнекі мен дидактикалық материалдарды қолданып, сабақ мақсатына жетуге болады. Үйірме жұмысы бұл көпдеңгейлік тапсырмаларды орындауды талап етеді, себебі жұмыс барысында жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескеру қажет.

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

Әдебиеттер

1. «А.Байтұрсынов.Тіл тағылымы.-Алматы:Ана тілі, 1992.
2. Ф.Ш.Оразбаева,Р.С.Рахметова.Қазақ тілін оқытудың әдістемесі.- Алматы:prints,2005
3. «Жаңа мектеп», 1928, № 4, 3 -16 (Мақала «Тіл тағлымы» кітабынан алынды. –Алматы; Ана тілі, 1992ж. 357-364 беттер)
4. Б.Б.Белғара Қазақ тілін оқыту әдістемесінен хрестоматия. Оқу құралы. – Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы. 2007. - 240 бет.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

Мерғалиева А.Н.

Павлодар қаласының К.Макпалеев атындағы жалпы орта білім беру мектебі,
бастауыш сынып мұғалімі
mergalieva65@mail.ru

Өнердің бірнеше түрі болса, соның бірі – киелі де қасиетті сөз өнері. Шешендік өнер «барөнердің биігі» ретінде саналған. Римдіктер сөз зергерлерін төрт топқа жүйелеген. Олар: шешендер, философтар, ақындар, тарихшылар. Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде шешендік өнер айрықша

дамыған. Осынау өнердің үзілмес тарихы Көне Грекиядан басталады. Шешендер тек шешендік өнерлерімен ғана танылып қоймай, әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау, әрі философ бола білген.

Зерттеушілердің көпшілігі шешендік өнерді фольклордан бастау алатын тек қана қисынды да мазмұнды сөйлеу машығы мен шеберлігі ғана емес, бірнеше өнердің басын біріктіретін кешенді синкретті құбылыс деп таниды. Ертедегі қазақ өркениетінде де аузы әдебиеті, музыка, салт-дәстүр, тіл өзара тұтасқан синкретті өнер болғаны белгілі. Сөз өнері мен өлең-жыр, музыка өнерінің синкреттілігін дәлелдейтін жайт – бұрыннан аты қазаққа мәлім болған Төле би, Қазыбек би, Жиренше, Бұхар жырау, Махамбет кейінгі буын Абай, Естай, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Мәди, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сияқты тұлғалар өз уақытында әрі ақын, әрі әнші, әрі сазгер, әрі шешен болған.

А.Янушкевич өзінің «Қазақ даласындағы күнделігі мен хаттары» атты еңбегінде:

«...Осының бәрін мен дүние жүзі тағы және жабайы санайтын, далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып, қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жайлы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады, сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы, жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жок! Имандай сырым! Тәңірім бойынша осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады» [1]

Қазақ халқы сөздің құдіретіне табынып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасаған. Ұшқыр да ұтымды, мағыналы сөздерді негізгі ойдың арқауы еткен. Ел ішіндегі түрлі дау- жанжал, шешімін таппас мәселелерді де қуатты оймен астасқан сөз арқылы, көрегендіктерімен, тапқырлықтарымен шешіп, әділ бағасын беріп отырған. Бүгінге дейін жалғасын тауып отырған асыл қазына шешендік сөздер тарихи оқиғаларды, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, оның ішінде жер дауы мен жесір дауын, құн дауын қазақтың ұлттық мәдениеті мен ментальдық өмірін тайға таңба басқандай дәл, әрі шебер, әрі қисынды бейнелеуімен ерекшеленеді.

Ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың, ғасырлар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен, этномәдениетімен, ментальдық ерекшелігімен сабақтастыра зерттегенде ғана этностың шынайы болмысы ашылады.

Алдымен қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарам б а й ы м д а м а деп аталады» деп анықтама береді. Осы «байымдама түрлерін» төмендегідей бөледі:

- ❖ Пән «ҒЫЛЫМ»
- ❖ Сын
- ❖ Шешен сөз
- ❖ Көсем сөз

А.Байтұрсынұлы шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлеккей бір түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

✓ Байымдамада жазушының пікірі - негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап, анық түсіндіріп беру.

✓ Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады. [2.353б.]

Бұл ретте, автордың негізгі ой-пікірін, тарата, талдап айтсақ, қазіргі ғылыми терминге жүгінеміз. Сөз құдіретіне сену - қазақ ұлтына тән қасиет, ерекшелік болып табылады. Мысалы, «жақсы сөз – жарым ырыс», «батаменен ел көгереді» деген аталы түсініктер сол сөздердің сиқырлы құдіретіне сеніп, сөз арқылы пәлені, қырсықты кетіруге, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады деген сенімнен туған.

Тіл білімінде сөзбен адамды сендіру, иландыру тіпті ұйытып тастау сияқты тілдік қасиеттер суггестиялық лингвистикада қарастырылады. «Суггестизм» латын тілінен аударғанда «сендіру» мағынасын береді. Тіл білімінде суггестияға байланысты мынадай анықтама берілген:

1. Поэзияда жеке тақырыптағы ритмикалық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқушының қиялына, эмоциясына, санасына әсер ету.

2. Иландыру. сендіру [3.47б]

Суггестивтік лингвистикада әсер ету мен ықпал ету ерекше тірек ұғым ретінде танылады.

«Суггестия» терминінің негізі, сөздің құдіреті, сөзбен сендіру дін, психология, медицинада да ерекше орын алады. Мәселен, медицинада мынадай қағида қалыптасқан: адамның ауруына шипа болатын үш нәрсе бар. Олар: шөп, сөз, пышақ.

Адамның ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне суггестиялық амалдар зор ықпалын тигізеді. Сөзбен сендіру, иландыру, яғни суггестия қазақ халқында түрлі тұрмыстық жағдайларда:

- көңіл айтып жұбатқанда,
- бата бергенде,
- бал ашқанда,
- ауруды емдегенде,
- бала тербеткенде тағы басқа жағдайларда көрініс тапқан. Сендіру – психологиялық құбылыс болып табылады.

Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екендігін айта келіп, А. Байтұрсынов шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

- шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет

ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері саясат шешен сөзі деп аталады;

➤ шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері билік шешен сөздері деп аталады;

➤ біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады;

➤ білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері білімдар шешен сөз деп аталады;

➤ дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі уағыз деп Шешендік өнер тарихында шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық озық үлгілі классификациясын орыс зерттеушісі Г.З.Апресян есімімен байланыстырады. Әйтсе де қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы саясат шешендік сөз, билік шешендік сөз, білімдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз деп орыс ғалымы Г.З.Апресяннан жарты ғасыр бұрын алғаш рет тақырыптық-мазмұндық топтастыру ұсынып, олардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме бергенін зерттеушілердің көпшілігі біле бермейді.

Сондай-ақ ұлы Ахаң, шешендік сөздердің бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа тәрізді құрылымдық бөліктерден тұратындығын да алғаш айтқандардың бірі.

А.Байтұрсынұлы «Салт сарынымен айтылатын сөздер салт сөзінің табына жатады; мәселен: мысалар, ділмар сөз (афоризм), тақпақтар, мақалдар, мәтелдер. «Бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздер д і л м а р с ө з (европаша - афоризм) деп аталады» деген анықтамаға сәйкес, ел аузында жүрген атақты би-шешендердің сөздерінен мысалдар келтіреді.

«Өр Дулат - ұлы жүздегі бір ханға барып отырып, Қоңырат Мырзахан би ханаға сөз бермей жалғыз сөйлей беріпті. Мырзан баласыз кісі екен. Соны тоқтатпақ ниетпе, Дулаттың бір шешені айтыпты:

-Жалтақтап сөйлейсің – жалғыз-ақ адамша, көтеріліп сөйлейсің - көмегі жоқ адамша; құйрығы жоқ, шолақ Мырзан, құлағы жоқ шұнақ Мырзан, жалғыз өзің сөйлейсі бе? - деп. Сонда Мырзан айтыпты.

- Сен жалғыз деп сөксең, Құдайға тілің тиеді. Жарлы деп деп сөксең, пайғамбарға тілің тиеді. Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын, құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын. Құйрығы ұзынды біз итке меңзейміз; құлағы ұзынды біз есекке меңзейміз; ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа тоғыз табады. Сенің бабаң егіз еді, өзің тоғыз едің; сенің тоғызыңды алса, Құдайдың шамасы жоқ па? Маған бала берейін десе, баласы жоқ па депті? – депті.

Халық: мынағын тас атындар депті. Дулаттың биі: «Айтқанын қылып, бітімін беріндер», - деп шыға жөнеліпті»

Қазақ халқы шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Шешендіктің арнайы мектебі дегенді білмеген қазақ даласында «би» мен «шешен» атанудың жазылмаған өзіндік қағидалары мен ережелері болған. Мәселен, «Би-шешен» дегендегі «би» сөзінің өзінің беретін мәні, атқаратын қызметі ерекше болған.

Қазақ би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, “Өнер алды

- қызыл тіл”, “Шеберден мін, шешеннен тіл қалады”, “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” “Тілмен байланған, қолмен шешілмес” “Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады”, “Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып”, “Қас шешендер сөз айтар”, “Тілі мірдің оғындай” т.б. сияқтыкөптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, сөз оралымдары мен тұрақты теңеулерді тілдік қолданысқа кеңінен енгізіп, келер ұрпаққа шешендік өнердің мол мұрасын қалдырды. А.Байтұрсынұлы «Тіл құралы» еңбегінде мысал ретінде алған талдау жаттығуларының мазмұнында Абай өлеңдерінің үзінділерімен қатар, «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» құралады. [4,287б]. Бұл біріншіден, қазақ тілінің бай, оралымды сөз өрнектерін насихаттау болса, екіншіден, терең мағыналы, тәрбиелік мәні бар ойлы сөздермен тіл ұстарту жағын қаперге алған сыңайлы.

Сондай-ақ, Ахаң оқу құралдарын жазғанда жаттығулар мәтіні қазіргідей тасқа басылып дайын әрі көп болмағаны белгілі. Бүгінгі көзқарас бойынша, жалпыхалықтық ауызекі сөйлеудің көркем үлгісін осы «Салт сарынымен айтылатын сөздерден» келтіруі ұлт тілінің этноменталдық ерекшеліктеріне айқын дәлел болатын тілдік деректер жинағы деуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар Алматы. «Жалын», 1979
- 2 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы. «Абзал-ай», 2013. 637б.
- 3 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә.. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы. «Қазақ университеті», 2012. 168 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы. «Ана тілі», 1992.444б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Молдаш А.Т.

Павлодар қаласының №5 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып
мұғалімі
a_moldash22@mail.ru

Саналы ғұмырын ұлтының жарқын болашағына арнап, қазақ тарихында есімі алтын әріптермен жазылған небір асылдарымыз бен ардақтыларымыздың болғаны белгілі. Солардың ішінде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси мәселелерін ұлт пайдасы тұрғысынан шешуге атсалысып, мәдени-ағартушылық ісін дамытуда көш бастаған алып тұлғаларымыздың бірегейі – ХХ ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы – өз заманының ұтқыр ойшылы, патшалық ресейдің боданында ауыр тұрмыстың азабын тартқан қазақ қоғамының бағытын оңға бұрып, орасан зор еңбек сіңірген қоғам қайраткері, түркітанушы, ұлт кеменгері.

Қазақ даласына ұлы өзгерістер алып келген ХХ ғасырдың басындағы Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірдің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Отырықшылық пен көшпенділік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді заман алға тартқан күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі сөз етілді. Осыдан қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналған ғасыр басындағы қазақ баспасөзі өмірге келді. Сол кездері Ахмет Байтұрсынұлының қоғамның тыныс тіршілігін жаңа бағытқа бұрып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газетінің ел мүддесіне сіңірген қызметі, қазақ публицистикасының қалыптасып, дамуына үлкен үлесі ересен мол.

Көсемсөз – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын, халықтың ұлттық рухын көтеріп, жақсы бастамаға жұмылуға шақыратын тарамдарының бірі. Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөздерін өнерге, оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнаған.

Мәселен, 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі де надандықтың кесапаты», - деп күйіне жазған. «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1; 252], - деп оқытушы, мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының да, оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаналық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» - дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы оқу-ағарту мәселесіне байланысты: «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге

арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимі жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады [1; 255].

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып, ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға ұмтылады.

Байтұрсынұлының ағартушылық шығармалары: «Оқу құралы» (1912-1925), «Өмірбаян» (1929), «Тіл – құрал» (1915), «Тіл жұмсар», «Әдебиет танытқыш» және мұғалімдерге арналған «Баяншы» әдістемелік кітабы. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтауға атсалысады. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Яғни, бүгінде өзіміз оқытып жүрген сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің атауларына, т.б. қатысты: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, қаратпа сөз, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді ойлап тапты. Ол қазақ мектептерінің оқыту мүмкіндігін арттырып, қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты оқулығы үш бөлімнен тұрады: фонетикаға арналған бөлімі (1915), морфологияға арналған бөлімі (1914), синтаксис бөлімі (1916) жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы, қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі әрі қазақ тіл білімі салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу болды. «Тіл – құрал» әдістемесіндегі тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі әлі де өзекті.

Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» атты әдістемелік кітаптары арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалады. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдері қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де орны ерекше. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұшан-теңіз еңбегін замандастары С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров мақалалар жариялап, өте жоғары бағалады. Және оның өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтты. Мұхтар Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында

«аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берді.

Ахмет Байтұрсынұлы надандықтан құтылудың жолы – оқу-ағарту ісі деген тұжырымға келеді. Сол себепті, мектептер ашып, мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлау қажеттігін айтып, мәселе көтереді. Ол оқыту әдістерін жетілдіру, оқытудың әдіс-тәсілдерін жанарту туралы өзінің «Оқыту жайында» атты мақаласында баяндайды. «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалімге. Осы үш тіреуі тепе-тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді...», - дейді ұстаз.

Ахмет Байтұрсынұлы оқу ісін дұрыс жолға қою үшін ғылыми жүйелілікпен жасалған оқу бағдарламасы, сол бағдарламаға негізделе жазылған оқулық және оқулықтағы білімді оқушы бойына дарыта білетін әдіскер мұғалім керек екендігін айтады. Сонымен қатар білімнің іргетасы бастауыш сыныпта қаланатын болғандықтан, бастауыш мектептерде қандай пәндерді оқыту қажеттігін қарастырады және оны оқу, жазу, дін, ұлт тілі, тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнері, жағрафия, жаратылыс деп саралап көрсетеді. Байтұрсынұлы осы пәндердің оқулықтарын шығаруды қолға алды. Өзі бастауыш мектепке арнап «Әліппе» кітабын жазды. Сондай-ақ, оның «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді грамматикасы кітабы (1925) шығады. Ал М.Дулатов бастауыш мектепке арнап “есеп” кітабы мен қирағат (ана тілі оқу) кітабын жазады.

А.Байтұрсынов пәндерді оқыту әдістемесіне ерекше мән береді. 1928 ж. «Жаңа мектеп» журналының 8-санында жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деген көлемді мақаласында ұлы педагог Л.Н.Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасап, «әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу» деп ойын тұжырымдайды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қаріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 жылы қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

А.Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптың біліммен қатар тәрбие де беруін қарастыруды талап етті.

Ахмет Байтұрсынұлы ауыл мектептерінде, семинарияларда бала оқытты, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әліпби», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптарды қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы көптеген мақалалар жазады. Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсайды.

«Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай болуы керек»-деп жазды. Байтұрсынов мұғалімдер даярлайтын педучилищелер ашып, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медресе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла айтады. Олардың білімін жетілдіру үшін жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курс ашуды ұсынады. Ол қазақ мектептеріне оқулық жазумен айналысады. Сол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық жүйесін зерттейді. «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алу керектігін түсінеді. 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттеріне араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, жуан, жіңішке, т.б.) туралы пікірлерін ортаға салады. Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ қауымы мен ұстаздар жылы қабылдайды. Себебі, бұл реформа – қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми түрде жасалған болатын.

«Ахметтің Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліпбидегі әріптерді үйретуді ең алдымен, оны жазып үйрену үшін тілдегі дыбыстарды тануға назар аударады. «Әріптерді тани білудің» мақсаты – таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі – оның мағынасы», - деп түсіндіреді. Ахмет Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгергеннен кейін оның әріптік таңбасын таңбалайды.

«Тіл жұмсар» – қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін оның бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» [1992, 336].

Әдіскер-ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін мынадай әдістемелік қағидаларды ұсынады:

- жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру;
- тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару;
- сабақты алдын-ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру;
- қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету;

-баланың ішін пыстыртатын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу;

-алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану;

-өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.

Ахмет Байтұрсынұлы жүз жылда бір туатын тума талант иесі. Қазақ оқыту әдістемесін ғылыми негізде жазып, оқулықтар жазуда әдістеме заңдылықтарын қолданған және әдістемені ғылыми тұрғыда зерттеген ғұлама ғалым. Ол – рухы биік, танымы терең, болмысы бөлек жан. Ол – қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, аса көрнекті филолог, жазушы, публицист, аудармашы, лингвист-ғалым, турколог-реформатор, тарихшы, ағартушы-демократ, профессор, қазақ ғылымының алғашқы ұйымдастырушысы. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымының алғашқы бастаушысы. Оған айғақ: «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары.

Ғалым-ағартушы тіл мен әдебиет пәні арқылы дидактикалық заңдылықтарға, өзі негізге алған оқыту ұстанымдарына (жеңілден – ауырға, оңайдан – қиынға, қарапайымнан – күрделіге, білім мөлшерінің баланың жас және жеке дара ерекшелігіне қарай берілуі керектігін алға тартады. А.Байтұрсынұлы оқулықтарының басты құндылығы – оның әрбір тапсырманы мысалмен бекітіп беруінде. Баяндама жазып отырып, Байтұрсынұлының әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану туралы ойға қалдым.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толыды // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1976. - 136-б.
4. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 17-б.
5. Дулатов М. Шығармалар. - Т. 1. -Алматы:Жазушы, 1991. - 384 б.
6. Дулатов М. Тіл-құрал. -Алматы:Жазушы, 1991. - 267-б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы// Қазақстан әйелдері. - 1989. - № 4. - 8-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мусина А.Ж.

Павлодар қаласының №120 сәбилер бақшасы-этномәдени тәрбие беру
орталығының тәрбиешісі
r_ayagoz@inbox.ru

Баяндаманың өзектілігі: Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызының негізгі бағыттары мен түрлері баяндаманың зерттеу нысаны. Оның әдебиеттің дамуы және педагогикалық ғылымға ықпалы мен толықтырулары зерттеу пәні болып табылады.

Баяндаманың хронологиялық шеңбері. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызын үндестіре отырып, педагогикалық ілімдерін одан әрі жалғастыруы, терең талдап, толықтыруы, шығармашылық еңбектері қамтылды. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері бүгінгі күнге дейінгі маңызды баяндаманың хронологиялық шеңбері болып табылады.

Баяндаманың мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызының бағыттары мен басымдықтарын анықтай отырып, оны тарихи сабақтастық тұрғысында кешенді талдауды мақсат еттім. Қойылған мақсатқа жетуге төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді.

-Зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлерін жүйелеу.

- Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің бүгінгі қазақ тілін оқытудағы маңызын, ерекшеліктерін, өміршеңдігін қарастыру және талдау.

Баяндаманың теориялық және әдістемелік негізі. Салыстырмалы тарихи және сипаттап баяндау.

Баяндаманың ғылыми жаңалығы. Баяндама жаңалығы тақырыпты кешенді әрі жүйелі түрде зерттей отырып, отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ой-пікірлері сарапталып, жаңа жүйеге түсірілді.

Баяндаманың теориялық және тәжірбиелік маңызы: Баяндамада жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындыларын мектепке дейінгі ұйымда пайдалануға болады.

Ахмет Байтұрсынов қазақтың маңдайына біткен феномен тұлға.

Белгілі қазақ ғалымы және ағартушысы Ахмет Байтұрсынов бүкіл өмірін туған халқының тағдыры мен тілі үшін күреске арнады. Ол сөз өнерінің жоғары руханилығын болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырды.


А. Байтұрсынов - өзін өз халқына, қазақтарға арнаған, оны шексіз сүйетін, ешқашан оларды бай және кедей адамдарға бөлмеген, өз ұлтының дамуына көп күш салған, қазақ халқының дамуы мен рухани байытуына ерекше көңіл бөлген адам. "Басқа білімді мырзалар атақ пен иық іздегенде, Ахмет жалғыз болды, ол намысы мен қадір - қасиеті үшін күресіп, ұйқысыз халық санасын оятуға, ұлт намысын қысымшылықтан, құлдықтан шайқауға тырысты. Білімді қазақтардың көбі уездік, губернаторлар мен судьяларға сатылды, толмачтар болып орналасты, кейбіреулері тіпті ар – намысты сатты және сатқындықпен

айналысты, Ахмет өз жанын қазақ халқына берді", - деп жазды ол туралы замандасы, рухани бауыры Сәкен Сейфуллин [1].


Бүгін Ахмет Байтұрсынов армандаған күн келді. "Алаш" бостандық күні. Ал қазіргі ұрпақ ұлы ұстаздың өз халқының жарқын болашағы үшін күресін мәңгі есте сақтайтын болады. Ахмет Байтұрсыновтың тағдырының барлық ащысын қаншалықты жақсы түсінсек, оның жадына қаншалықты көп құлшылық етсек, тәуелсіздігіміздің тұғыры да соншалықты берік және сенімді болады.

Бүгінгі таңда А. Байтұрсынов еңбектерін қазақ тілін оқытуда мысалдарын айтпай кетуге болмас.


Ахметтің мысалдарын мәтіндерге анимациялы мультфильмді қолдану арқылы - балалардың тыңдалым дағдыларын дамыту. «Неге тыңдалым дағдысы?» деген сұрақ тууы мүмкін. Балалар өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны да (айтылым, жазылым, оқылым) дамыта алады. Яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасайды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша да, ауызша да жеткізе алады.



Ахмет Байтұрсынов еңбектерін, түрлі мысалдарын алып оқыту тиімді және нәтижелі білім болып табылады. Ахмет атамыздың өгіз бен бақа т.б мысалдарын осындай көрнекі түрде оқытып нәтижеге бағытталған білім беріп жүрмін.



Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері өте терең. Мағынасы кең. Келер ұрпаққа берер тәрбиесі мол.



Қорыта келе айтарым, әр педагог - өз сабағының режиссеры. Ал әр сабақ – бір әлем. Баланың асыл сөздің тұнығына мейірін қандыру педагог шеберлігіне байланысты [2]. Менің ойымша, әр педагог Ахметтің еңбектерін ізденіп, қазақ тілін оқытуда Ахметті оқытудың жаңа әдіс-тәсілдердін түрлендіріп, мақсатына сай қолдана білсе, қазақ тілін оқытудың маңызы артып, оны жан-жақты игертуге зор мүмкіндік алады.

Әдебиеттер

1. Н.И.Болдыревтің «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі» оқулығы
- 2.Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т.Даулетбекова, Р.С.Рахметова, А.Қ. Рауандина, Б.Қ.Мүкеева. Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІН АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Намазбаева Ж. Ж., Садвакасова К. К.

Қарағанды қаласы «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері

Өмірлік міндеттерді шешу үшін алған білімді қолдана алу дағдысы, яғни өмірдегі барлық мәселелердің шешімін табудың бірден-бір жолы-функционалдық сауаттылық. Бұл - өмірмен тығыз байланысты, бүкіл өмірдегі мәселелерді қарастыратын пән. Ол өмір бойы білім алуына ықпал етеді, яғни бүгінгі қарқынды дамып жатқан қоғамда заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді өмір тәжірибесінде қолдана алуы мен жетілдіріп отыруына септігін тигізеді. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде функционалдық сауаттылық 3 бағытта қарастырылады. 1) оқу сауаттылығы, 2) математикалық сауаттылық, 3) жаратылыстану бағытындағы сауаттылық. [1]

Оқу-адамның зияткерлік мәдениетінің көрсеткіші. Оқу арқылы адам жетіледі, жаңа нәрселерді үйренеді, ақыл-ойы дамиды. Бұл үрдіс адамның өмірінің соңына дейін жалғасады. Мәтін мазмұнының әртүрлілігі оқушының жеке қабілеттерін қалыптастырады. Оқу сауаттылығы мәтіндерді меңгеруге негізделген. [2]

XIX ғасыр-жаһандану ғасыры. Оқу сауаттылығын тек ҰБТ-да ғана қолданбайды, әрқашан күнделікті өмірімізде қолданамыз. Қазір ақпараттар өте

көп, бірақ осы ақпараттардың керегін өзіңе сұрыптап, дұрыс қолдана алудың өзі кез келген адамға қажет. [1]

Қазақ тілі пәнінде негізгі оқыту нысаны- мәтінмен жұмыс. Күнделікті сабақта мақсатқа сай оқытуда жаттығулардың мәтін түрінде берілуі және осы мәтінмен жұмыс барысында орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуі қажет. Осыған орай мұғалім әр сабағында мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізгенде және оқушының оқу дағдысын қалыптастырғанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе алады. [3]

Мәтінмен жұмыс жасауда: мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, оған тақырып таңдап, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу; ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру сияқты жұмыс түрлері жасалады. Осы аталған жұмыстарды күнделікті сабақ барысында қалай қолданатынымызға тоқталатын болсақ, 5-сыныптың қазақ тілі сабағында «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика» тарауы бойынша «Тұсау кесер» тақырыбында төмендегідей мәтінмен жұмыс жасалды.

1-тапсырма. Берілген сурет нені білдіреді? Екі сәйкестікті анықта.



2-тапсырма. Ретімен орналастыр.

Отбасылық дәстүрді ретімен орналастыр.

- 1.Тілашар
- 2.Шілдехана
- 3.Сүндет той
- 4.Тұсау кесер
- 5.Балаға ат қою
- 6.Бесік той
- 7.Ашамайға отырғызу.
- 8.Тоқымқағар
- 9.Туған күн

3-тапсырма. «Баланың аяғына не себепті ала жіп байланады? Қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды?» деген сұраққа жауап бер.

4-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Егер баланың тұсауы кесілмесе не болады деп ойлайсыз? Өз болжамыңды білдіріңіз.

«Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика» бөлімі бойынша «Сөйлеу мәдениеті» тақырыбындағы мәтінмен жұмыс түрлеріне арналған тапсырмалар

1-тапсырма. Телефонмен сөйлесу әдебі туралы білетінімізді ортаға салайық.



2-тапсырма. Қазіргі таңда өзін телефонсыз өмірді елестету қиын. Сол жан серігіңізге айналған құрылғыны қолдану тәртібін білесіз бе? Телефонды қолға алып, сандарды теріп, қоңырау шалуды еңбектеген баладан бастап бәрі біледі. Ал әрі қарай қолдануда қандай әдептерді сақтау керек? Өз ойыңды қасындағы досыңа білдіріңіз.


<https://www.youtube.com/watch?v=syOKZ3LHvT8> сілтеме арқылы өтіп, телефонмен сөйлесу әдебімен танысып ойыңды толықтырыңыз.

3-тапсырма. *Телефонмен сөйлесу әдебіне байланысты нұсқаулық құрастырыңыз.*

Кесте. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларының алгоритмі:

Тапсырмалар	Қалыптасатын білік-дағдылар
Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз	Қысқа мәтінді толық түсінеді, ұсынылған мәтіннен өзіне керек ақпаратты ажыратады. Қарым-қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игереді.

Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз	Мәтіннен өзіне қажетті негізгі ойды білдіретін мағыналы, нақты тірек сөздерді іріктей алады. Тірек сөздерді табу арқылы өзінің сөздік қорын молайтады. Іскерлік қатынастағы тілдесуге қажетті тілдік амалдарды орнымен қолданады.
Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты табыңыз.	Берілген мәтіннен негізгі және қосымша мәліметті іріктеп алып, өз ойын нақты, жүйелі жинақтап, жазба жұмысында қолдана алады. Ойын айқын, әсерлі жеткізуде сөз мағыналарын, синонимдерді, мақал-мәтелдерді сауатты қолдана алады. Омоним, синоним, антонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолданады.
Мәтінге ат қойыңыз	Мәтіннің мазмұнын түсініп, дәйектемелерді анықтай алады. Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрады. Мәтіннен негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгереді.
Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыз	Мәтіндегі берілген сөздердің мағынасын түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады, сөз сапасына қойылатын талаптарды анықтай алады.
Мәтін мазмұнына сай келетін мақал-мәтелді тауып жазыңыз	Сөз мәйегін танытатын мақал-мәтелдерді тауып, ауызша және жазбаша тілдесім барысында еркін қолдана алады.



Берілген диаграммада 5-сынып оқушыларының 1, 2-оқу тоқсанындағы білім сапасының көрсеткіші берілді. Онда 1-тоқсанда екі сыныпта да сапа көрсеткіші 64-65%-ды көрсетсе, 2-тоқсанда білім сапасының 3-4%-ға артқанын байқауға болады. Сонымен қатар сыныпта әлі де бақылауға алатын проблемалар да бар. Атап айтсақ, оқушылардың сөз байлығының аздығы, өз ойларын жүйелі де сауатты жеткізе алмауы, мәтіндегі негізгі ойды мақал-мәтелмен түйіндеуде қиналатындығы, мәтіндегі берілген сөздердің мағынасын түсініп, күнделікті өмірде қолдана алуы, функционалдық сауаттылық деңгейін әлі де жетілдіруді қажет етеді. Шешу жолы: оқушылармен жекелеме жұмысты

күшейту, кітап оқуға бағытталған креативті тапсырмаларды молайту, түрлі байқауларға ата-аналармен бірге қатыстыруға ынталандыру.

Қорытындылай келе, оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту және жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде белсенді оқылымды қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Оқылым кезінде мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпараттарды анықтау, маңызды ақпараттарды қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, бейтаныс сөздердің мәнін түсіну үшін сөздіктермен жұмыс жүргізіледі. Мәтінге ат қою немесе мәтін тақырыбын мақал-мәтелдермен алмастыру, сөздердің синоним, омоним, антонимін табу, мәтін түрі мен стилін, көркемдегіш құралдарды табу, шешендік сөз оралымдарын анықтау сияқты жұмыс түрлері жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана: 2012.
2. «Оқытудың интербелсенді әдістері» Асхат Әлімов Астана, 2014
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, II деңгей: 2012. –58 б.

АҒАРТУШЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘЛПБИІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Нурғалиев М. Ж.

Павлодар қаласының № 29 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Raushan.shahanovna@mail.ru

Алаш тарихын айтқан кезде біз Әлихандай, Ахметтей, Міржақыптай азаматтардың есімдерін бірінші ауызға аламыз. Неге? Біріншіден, бұл аталған қайраткерлер ХХ ғасырдың басында қалыптасқан зиялы қауым өкілдерінің топ бастаушысы болып, ұлттың ұлттығын сақтауда бар күштерін салды. Екіншіден, бірнеше ғасырға созылған империялық билікке қарсы ірі идеяларымен күреске шықты. Үшіншіден, олар шығармашылықтарымен озық болды. Үшеуі де оқулық жазды, ғылыми зерттеулер жүргізді. Қарымды қаламдарымен көпшілікке ой салды.

Осы үш алыптың әрқайсысы бір төбе, олардың қазақ қоғамына тигізген еңбегі зор. Сондықтан әруақытта үшеуі қосақталып айтылып жүреді. Үш қайраткердің де қызметі бір- бірімен тығыз, біте қайнасып жатты.

Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолдарына қарап отырсақ, 1890 ж. Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1895 ж. Орынбордағы

мұғалімдер мектебін ғана бітірген. Жоғары білімі болмаса да, Ахметтей қазақ қоғамына жоғары білімділерден артық қызмет еткен, ұлт мүддесіне жегілген азаматтар некен-саяқ.

Ахмет Байтұрсыновтың қыруар еңбегінің арасынан бір ғана оқулықтар шығару мәселесіне ғана тоқталып отырмыз. Негізінде Қазақстанда мектептерге оқулық шығару мәселесі XIX ғасырдың 60-жылдарынан бастау алған. Ағартушы, оқыту жүйесін жаңартуға бар күшін салған Ыбырай Алтынсарин жаңаша бағыттағы мектеп ашып қана қоймай, ана тілінде «Қазақ хрестоматиясын» жазып, оған қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, жас балаларды тазалыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтін шағын әңгіме-новеллалар мен өлеңдерді енгізген.

XX ғасырдың басында Қазақстанда оқу жүйесінің өзгеруі жаңа оқулықтары мен оқу құралдарын, сөздіктерін талап етті. Оқу-ағарту ісінде дін жолына көбірек көңіл бөлінген «қадымдық» (ескілік) жолдан жаңаша бағытта оқытудың қажеттігін насихаттау өріс алып, бұл әдісті қазақ ұлт зиялылары қолдаған. Жәдидтік қозғалыстың негізі ұстанымы діни іліммен қатар, сол заманға сай математика, жағрафия, тарих және т.б. пәндерді оқыту, өсіп келе жатқан жас буынға тәрбие бере отырып, ұлтжандылыққа баулу болды. Мұсылман медреселерінде шәкірттер татар тілімен аралас жазылған оқулықтармен оқыды.

1906 жылдан бастап бұратана мектептеріне арналып оқулықтар жазу қолға алынды. Оқулықтарды жазу мәселесі Орынбор оқу округінің қадағалауымен жүзеге асырылып, В.В. Катаринскийдің «Қырғыз (қазақ) грамматикасының» 2 басылымы, Ы Алтынсариннің хрестоманиясының 2- басылымы жарық көрді.

Қазан төңкерісіне дейін ұлт мектептерінде қазақ тіліндегі 45-і оқулық, оқу құралдары, хрестоматиялар жазылып, басылып шыққан екен .

Қазақ оқу құралдарының көпшілігі «Ағайынды Кәрімовтардың», «Шарқ матбуғасы», «Кәрімов и К », «Тұрмыш» сияқты баспаханаларда басылды. «Ағайынды Кәрімовтардың» баспаханасынан «Қираат кітабы», «Иттикад» (Дін ілім баяндау), «Қазақ шәкірттеріне ғадие» сияқты қазақ мектебіне арналған оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрсе, Уфадағы баспаханаларда қазақ зиялысы М. Малдыбаевтың «Ең жаңа әліппе», Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» сияқты қазақ шәкірттеріне арналған кітаптары басылды.

XX басында мектептерге арнап М. Қалтаевтың «Насихат Қазақия», «Бар уақиға», «Тура жол», Т. Жомарбаевтың «Балаларға жеміс», Б. Ержанұлының «Оқуға махаббат», З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», М. Көбеевтің «Сарыарқаның кімдігі екендігі», «Халахуал», А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым» сияқты және тағы басқа кітаптар жарық көрген. Бұл кітаптардың көпшілігі діни мазмұнда болғанмен де, бала тәрбиесінде маңызы зор болды. Алғашқы әліппе оқу құралы баланы әріпке үйретуде суретті пайдалана қолданумен жасалды. Көбіне авторлар әліппе құралын жасауда біріншіден, оқушыға түсінікті бағытты қолдануды қолға алса, екіншіден, мұғалімге әдістемелік кеңес беруге тырысты. Кітаптағы тапсырмалар арқылы мұғалім шәкірттің ойлау деңгейін шыңдауға тиісті болды. Сонымен қатар

ненің жақсы, ненің жаман екендігін ажырата отырып, үлкенді құрметтеуге үйретуді көздеді. Кейбір әліппелерде қазақ татар сөздері аралас қолданылды. Себебі көпшілік мектеп-медреселердің оқытушылары татарлар болғандықтан, қазақ шәкіртіне түсінікті болуын қалады. Бұл ретте біз 1910 жылы жарық көрген М. Нұрбаевтың «Әліппе» оқулығын айтуымызға болады. 1907 жылы Қазанда қазақ зиялыларының бас қосқан бір жиынында қазақ балаларына ұғынықты жазылған әліппе кітабын жазу мәселесі айтылып, оны Закария Ерғалиұлына тапсырып, 1910 жылы ол «Қазақ әліппесі» оқулығын жазып шықты. Басқа әліппе оқулығынан ерекшелігі «Қазақ әліппесінде» әріптің жазылуымен қатар, баланың әріпті терең меңгеруіне оңтайлы оқуына арналған қарапайым жаттығулар келтірілді. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқу кітабы жарық көрді. Осы жылы «Ғалиядағы» қазақ шәкірттерінің көмегімен Ғұмар Қараштың «Өрнек» атты кітабы басылып шықты.

Алғашқы әліппелердің жарық көруі оқу-ағарту саласына жаңа серпіліс әкелді. Педагогикалық ой-пікірлердің дами түсуіне, алда жасалатын қазақ оқулықтарына қойылатын талаптардың күшеюіне жол ашты. Дегенмен бұл әліппелер кең тұрғыда мектеп, медреселерде қолданыла қойылған жоқ. Мектеп-медреселерде әлі де болса, татар немесе ноғай оқулығы пайдаланылды. Бұл ұли зиялыларына үлкен ой туғызды. «Айқап» журналы арқылы қазақ зиялыларының бірі Мұстақым Малдыбаев Қазақстандағы мұсылман мектеп-медреселерінің оқу тілі қалай болу керек мәселесі жайында пікір алмасуға да шақырған үш сауалының бірі *«Қазақ балаларын ноғай мектептерінде оқытатұғын кітаптармен оқыту лайық па? Қазақ тілінде жазылған кітаптар пайдаланыла ма?»* деген мәселе төңірегінде өзі «мұсылман медресесінде дәріс берген мұғалімнің жауабында ағарту саласында қазақ тілінде жазылған кітаптардың жоқтығынан «Татар әдебиеті», «Татар матбуғатын» амалсыз оқытып жатқандықтарын, қазақ балалары бастапқы кезде татар тілін түсінбесе де оқи-оқи бұл кітаптарды да меңгеріп кететіндіктерін, қазақ тілінде жазылған кітаптар болса құп көретіндігін» айта келе, сол кітаптарды жазатын қазақ оқытушыларын даярлау қажеттігін көтерген еді.

Мерзімді басылым осы тақырыпты одан әрі өрбітіп әкетіп, кірме сөздері жоқ, таза қазақ тіліндегі әліппе жазу қажеттігін құптай түсті. ХХ ғасыр басында ұлт зиялысы, «Қазақ» газетін ұйымдастырушы және шығарушы Ахмет Байтұрсыновтың әліппесі мектепке оқытуға құба-құп келді. Оның «Оқу құралы. Бірінші кітап. Балаларға арналған әліппе» деген атпен 1912 жылы жарық көріп, ұзақ жылдар бойы қазақ мектептерінде оқытылып келді. Бұл оқулық 1925 жылға дейін қолданылып, келесі жылы осы «Әліп-бидің» жана түрін жазды. Бастапқы кезде 40-беттік оқулық 1913 жылы (40 б.), 1914 (96 б.), 1921 ж. (90 б.), 1922 ж. (70 б.) Орынборда, 1922 ж. (95 б.) Ташкентте, 1923 ж. (126 б.), 1925 ж. (72 б.) Орынборда 7 рет қайталанып басылған. Қарап отырсақ, әр жылдары әліппеге толықтырулар, өзгерістер енгізілген.

Қайраткердің «Оқу құралының» құндылығы сонда ол араб таңбаларын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне икемдеп, 24 таңбадан тұратын жаңа жазу үлгісін

жасап шығарып, қазақша жазу-оқуды оңайлатты. Қайраткердің бұл оқу құралын жұртшылық қуанышпен қарсы алды.

Әліппеден басқа «Оқу құралы. Екінші кітап: Әліпбиге жалғасы» 4 рет басылып шығарылған. Яғни 1913 ж. (54 б.) Орынборда, 1913 ж. (52 б.) Қазанда, 1923 ж. (73 б.) Орынборда, 1924 ж. (72 б.) Орынборда жарық көрген.

Оның үшінші бір оқулығы 15 беттік «Оқу құралы. Усул сотие жолымен қазақша әліппеге баяншы» деп аталады. Қазан қаласында 1913 жылы жарық көрген. Қайталанып 1921 ж. (14 б.) Ташкентте басылды. Әліппенің алғашқы ең алғашқы бетінде 6 жолдан тұратын балаларға арналған шумағы бар: Балалар! Бұл жол басы даналыққа, Келіндер, түсіп, байқап қарарлық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп, Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық, Жүріндер іздеп тауып алалық та! «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» деп басталған бұл оқулық әріптен бастап, балаларға аса қажетті түсіндірме жұмыстарын да берілді. Мысалы, туысқан-туған ілікдес, киімдер, ойын-ойыншықтар, тамақ-сусындар, жаңылпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер және т.б. Сондай шағын, баланың қабілетіне лайық әңгіме, өлеңдерді қамтыған. Бұл нені береді? Біріншіден, баланың ойлау қабілетін арттырса, екіншіден, оның бойына біле түссем деген қызығушылығын арттырды.

«Қазақ» газетінде қазақ мектептерін қандай оқулықпен оқыту қажеттігі жөнінде қызу талқылау барысында А. Байтұрсыновтың «Оқу құралының» лайықтылығы айтылып, оны мектеп, медреселерде қолданудың маңыздылығы нақтыланды. «Қазақтың» 1913 жылғы 30 қарашасындағы 40-ншы нөмірінде жарияланған Абдолла Шоқаевтың «Қазақ мұғалімдері! Қазақ шәкірттері!» деп аталған шағын ғана мақаласында: «Осы күні шығып жатқан Ахмет Байтұрсыновтың жаңа емлемен жазылған «Баяншы», «Оқу құралдары» бар, мұны қаншамыз қабыл етіп жатырмыз» деген ойсаларлық пікір айта келе, нағыз мектепке қажетті оқулық екендігін дәлелдеген.

А. Байтұрсыновтың әліппеден бастап, мектепке арнап шығарған оқулықтары мен оқу құралдарына газеттің 41 нөмірде де керемет пікір айтылды. Ордалық «Ш.Б.» деген бүркеншік атпен жариялаған азамат: «Бірінші, бұл кітаптар қазақтың жалпақ тілімен жазылған, сондықтан қазақ балалары тез түсінерлік оңай. Екінші, мүмкін қадыр бір әріпке екінші әріпті қосқан уақытта бір мағыналы сөз шығарылып жазылған. Үшінші, «Баяншы» деген кітап қосқан. Бұл кітапта «Оқу құралы» мен қалай пайдалану, баланы қалай оқыту һәм жаздыру керек екендігі көрсетілген. Шу дегенде көпке бірдей жазу оңай емес. Сондықтан А.Б.-ның әліппесін ұнатпайтын да кісілер бар шығар, сонда да олардың қолдарында да осы жолмен оқытуға керек деп ұстап тұрған мінсіз кітаптары болуы қиын болар» дей тұрып, бала оқытуға лайықты оқулық ретінде бағалады.

Ахметтің әліппесі, және басқа оқулықтары туралы түрлі пікірлер айтылды. Басымы қазақ мектептерінде осы оқулықты оқыту қажеттігін жақтады. «Ғалия» медресенің студенттері оқулықты екі ай талқылауға салыпты, пікірлер айтылып, аяғында балаларды оқытуға осы Аханның әліпбиі ғана лайық делініп, мектеп, медреселерде оқу құралы ретінде пайдалануға болатындығын білдірді.

«Қазақ» газеті А. Байтұрсыновтың кітаптарының шыққандығы және сатылатындығын жарнамалады. Оның бірінде «Қазақша «Әліппе» – бұрынғы екі бөлімі бірге қосылып 2-нші рет басылды. 96 бет. Шығарушы Ахмет Байтұрсынов. Бағасы 25 тиын. Поштамен 30 тиын» деп келтірілсе, екіншісінде А. Байтұрсынның 2 кітабында не қамтылатындығы: «Оның бірі – қазақ тіліне жазылатын әріптерді үйрететін Әліпби де, екіншісі – қазақтан басқа тілдерге, мысалы, басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйретуге шығарған бірінші Әліпбиге жалғас оқылатын екінші кітап. Бұл соңғы кітапта хәріптердің бәрін білгеннен кейін балалар оқуға төселуіне ыңғайлап жазған қазақша мақалалар, жұмбақтар, баталар, өлеңдер, ұсақ-ұсақ қарасөздер бар. Бұлар тез арада басылып шығады» деп баяндалды .

Бұл жарнаманың газетке берілуі нені білдіреді? Біріншіден, оның оқулықтарының барлық қазақ мектептерінде оқытыла бастағанын көрсетеді. Екіншіден, халықтың қазақ әліппесімен оқытуға деген ынтасының артқандығын білдіреді. А. Байтұрсыновтың қазақ әліппесі мен басқа да оқулықтарды жазып шығарудағы негізгі мақсаты саналы да, қазақи рухы жоғары азаматтарды қалыптастыру, ұлттың әдет-ғұрпы мен нышанын сақтай отырып жеткіншек жастарға тәлім-тәрбие берді деуге болады.

Қайраткердің жазып шығарған оқулығы кеңестік жүйе тұсында да мектептерде оқытылып, осы әліппе негізінде бүтін қазақ балалары әріп танып, сауаттанды. Осы әліппеден кейіннен қазаққа танымал болған талай азаматтар сусындап шықты.

Латын графикасына көшуге орай 1925 жылы А. Байтұрсыновтың әліппесі оқыту жүйесінен алынып тасталса да, кейінгі жасалған әліппелер қайраткердің оқулығы үлгісінде жасалынды. Кейінгі авторлар оның бала оқытуда ұстанған тұжырымдамасын үлгі ете білді. Сондықтан да бұл оқулықтардың тарихи маңызы зор.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін сауатсыздықты жою, оқу, білім беру саласында маман даярлау мәселесі қолға алынды. Халық ағарту саласына қазақ зиялыларын тарту Кеңес өкіметінің екпінді мәселелерінің біріне айналды. 1920 жылы Халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынов ағарту саласының нақты міндеттерін атап, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А. Байтұрсынов алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін баса айтып, оның екі жолын көрсетті. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау, ал екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру мәселесін де көтерді.

Қазақстан Халық ағарту комиссариаты және ҚКСР Мембаспасы алдындағы жазушылар ұйымының 1921 ж. 14 қаңтарда болған кеңесінде қазақтың I және II басқыш біріккен еңбек мектебі үшін оқулықтарды қазақ тіліне аудару, құрастыру және мектептерге арнап оқулықтар жазу жөнінде мәселе көтеріліп, осы оқулықтарды жазу мерзімі көрсетілген еді. Бұдан кейін кітап мәселесі 31 қаңтарында А. Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Халық ағарту комиссариаты мен ҚКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясының

біріккен мәжілісінде тағы да көтерілді. Бұл мәжіліске Елдес Омаров, Хайретдин Болғамбаев, Смағұл Сәдуақасов, Файзолла Ғалымжанов, Биахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейханов, Сабыр Айтқожин және тағы басқа қазақ азаматтары қатысқан еді. Кітап мәселесі бойынша баяндама жасаған А. Байтұрсынов I және II дәрежелі мектептерге қажетті қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығын, ал бар оқулықтар тек I, II және III топтарға ғана арналғандығын айта келе, орыс тілінде шыққан оқулықтарды аудару, ол үшін мамандарды тарту керектігін ұсынды. Оның баяндамасына орай мәжілісте оқу құралдарын орыс тілінен қазақшаға аудару және қажетті оқу кітаптарын жазу үшін М. Жұмабаев, М. Тұрғанбаев, Қ. Кеменгеров, Ж. Тілеулин, С. Мұстафин, Е. Омаров, Х. Болғанбаев, Ә. Бөкейханов және тағы басқаларды тарту жөнінде қаулы қабылдап, арифметика оқулығын М. Тұрғанбаевқа, геометрия оқулығын Б. Сәрсеновқа, физика оқулығын Ф. Ғалымжановқа, география оқулығын Ә. Бөкейхановқа, жалпы тарих оқулығын Х. Болғанбаевқа, мектептегі гигиена оқулығын Ж. Тілеулинге жазу жүктелінді. Мектеп мұғалімдері үшін педагогика мен дидактика кітабын жазу ісі де қарастырылып, оның біріншісі М. Жұмабаевқа, ал екінші кітап Ж. Аймауытовқа тапсырылды.

1921 жылдың өзінде Білім комиссиясы А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Баяншы», «Тіл- құралы» (1 және 2 бөлімдерін), Міржақып Дулатовтың «Оқу құралы», «Есеп құралы», Иса Тоқтыбаевтың «Жалпы жағырапия», «Түркістан жағырапиясы», Халел Досмұхамедовтың «Табиғат тану», «Жануарлар» (1 бөлім) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырды. Осы жылы Білім комиссиясы баспаға дайындалған Әбубәкір Диваевтың «Бекет батыр», «Мырза Едіге», «Алпамыс», «Нәрікұлы Шора», «Шора батыр», «Қобыланды», «Тарту» жинағын, Сұлтанбек Қожановтың «Арифметика» (1 бөлім), К. Жәленовтың «Арифметика» (2 бөлім), Х. Досмұхамедовтың «Жануарлар» (2 бөлім), «Адамның тән тірлігі», Табынбаевтың «Педагогика», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қыз Жібек», «Кенесары – Наурызбай», Ә. Бөкейхановтың «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материалы» (орыс тілінде), «Абай өлеңдерінің таңдамалы жинағы» (Алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

«Қазақ тілі» газеті 1921 ж. 12 қарашадағы санында Қазақстан оқу комиссариатының жанынан пән бөлімі ашылғаннан бері қазақ елінің, жерінің тарихы, осы күнгі күйі, топырақ- су, өсімдік мәселелеріне арнап кітаптар шығаруды мақсат тұтқандығын, ең бастысы бастауыш мектептерге арнап оқу құралдарын шығаруды қолға алғандығын айта келе, осы бөлімнің басшылығымен Қазақстан туралы Ю.А. Шеклакова, М.А. Михайлова, П.С. Шестовскийдің

«Тарих–археология», «Этнография», «Жаратылыс жағрафия» сияқты оқу кітаптары басылып шыққандығын жазса, Балалар коммунасы // Қазақ тілі. – 1921. – 12 қараша. – №150. ал 1923 ж. 1 сәуірдегі нөмірінде Қазақстан Мемлекеттік баспа бөлімі ашылғаннан кейін қазақша кітаптар шығару ісін қолға алғандығын, атап айтқанда мектептерге арнап А. Байтұрсыновтың 1-ші, 2-ші жылдықтарға арналған «Оқу құралдары», «Әліппе істері», М. Дулатовтың

бастауыш мектептердің 1-ші және 2-ші жылдарында оқытатын «Есеп құрал» оқулығын шығарғандығы жөнінде хабар басылды. Күш білімде – білім кітап ішінде // Қазақ тілі. – 1923.– 1 апрель. –№25.

Оқу кітаптардың шығуы оқу саласындағы ірі жетістіктердің бірі болды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын кітаптарға тапсырыс та көбейіп, оны жазу және басу барысын ХАК тікелей қадағалады.

Дегенмен ұлт зиялыларының оқу кітаптары 1937-1938 жылдары олардың түрлі айыппен «халық жауы» атанып қуғындалуына байланысты мектеп бағдарламасынан алынып тасталды. Бірақ олардың құнды ой-пікірлері, идеялары еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін кәдеге асып, қайтадан мектептердің оқулықтарына енгізілді. Қазіргі таңда олардың сол кездегі оқулықтағы кейбір тәжірибелерін ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақты тәрбелеуде кең тұрғыда қолданып жүрміз. Сондықтан ХХ ғасыр басындағы мәдени-ағартушылық бағыттағы еңбектер халық игілігіне асты деуге де болады.

Ал тарихи оқулықтарға келсек, 1989-1990 оқу жылынан бастап, республикамыздың орта мектептерінде «Қазақстан тарихы» пәнін толық бағдарлама негізінде оқыту енгізілді. Жаңа оқу бағдарламасына жаңаша көзқараста жазылған Отан тарихындағы көптеген өзекті мәселелерге қатысты туындаған ой-пікірлер мен тұжырымдарды енгізу қолға алынды. Жоғары оқу орындарындағы тарих факультеттерінде деректану және тарихнама кафедрасы ашылып, тарихты оқыту барысы жаңа концепцияда жүргізіле бастады.

Жаңа тарихи тұжырымдардың жасалуы жалпы білім беретін орта және жоғары оқу орындарында оқытылатын арнаулы тарих оқулықтарын қайта өңдеп, толықтырып жазуды талап етті. Мектеп оқулығына Қазақстан тарихында зерттеу нысанына алынбай қалған, «ақтаңдақтар» атанған көптеген мәселелермен қатар Қазақстанның әлем елдерімен арадағы байланысына қатысты тақырыптар енгізіліп, оқытыла бастады. Әрине, бүгінге дейін жарық көрген «Қазақстан тарихы» оқулықтарында кейбір саяси оқиғалар мен даталарға байланысты қарама-қайшылықтардың барлығы жасырын емес. Бір тарихи оқиғаға байланысты бірнеше тұжырым, пікірлердің болуы кей жағдайда тарихты оқытуда шатастырушылықтары тудыратындығы сөзсіз. Сондықтан осы кемшілік, олқылықтарды жойып, оқушының игеруіне, танымдық тұрғыдан қабылдауына лайықты тарих оқулығын жазу тарихшылардың аса маңызды міндеті деуге болады.

Әдебиеттер:

1. Отчет Переводческой комиссии (Братства Св. Гурия) за 1906 год. – Казань, 1907.
2. Кәримуллин Ә.Г. Безнең кардәшлек: Мәкаләләр. – Казан: Татар. кит. нәшр., 2005. – 335 б.
3. ТР ҰМ. 420-қ. 1-т. 171-іс. .78-79-пп.
4. Айқап. 1912. №10.
5. Айқап. 1912. №7.

6. Қазақ.- 1913.- №41. - 8 декабрь.

7. Жақын арада басылып шыққан һәм шығатын кітаптар // Қазақ. 1913. 1 март . №4.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛ ҚҰРАЛЫ» ЕҢБЕГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Өмірбек Ә.Б.

Павлодар қаласының №14 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі
bolatovvva@mail.ru

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру ісіне өзіндік ықпал етіп отыр. Қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды негізге ала отырып, білім мен тәрбие берудің мазмұны жаңаша жасалу үстінде. Оқу ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының да қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы – тәуелділік күн кешіп отырған, білім ғылымнан кенже қалаған, мал бағып, марғау жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде белбеу қаққан ойшылдардың көзімен, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көңілі ұйқылы», «еспесі жоқ қайығы қалтылдақ», болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Сол жұртқа «Оян қазақ!» деп, Міржақып Дулатов жар салса, «ұйықтап жатқан қазақты сары маса боп ызындап оятуға» Ахмет Байтұрсынұлы шықты. Демек, қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, адамзаттық мәдениетке жеткізетін, жалпақ тілмен айтқанда, ел қатарына қосатын амал-әрекеттің бастысы – «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашып надандықтан арылту болды. Ахаңның тілімен айтқанда, «Өрге басқан өзге жұртың қатарынан қалыспау үшін» оқу ағартуға құр шақырып қою, ұлттық намысына тию де енді жеткіліксіз болды. Енді оқу – ағартуды жүзеге асыратын нақты іс -әрекеттерге көшу саясаты басталды. Демек, мектеп керек болды. Сол мектепте ана тілінде оқыту үшін алдымен қазақша жазу таңбаларын, яғни алфавитін жасау қажеттігі туды. Ол таңбаларды қай жазудан алса да қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп өзіне тән ұлттық графика етіп ұсыну мақсаты тұрды. Міне, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеп, танып білуге қатысы осы тұстан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері арқылы Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалады. Ол жүйенің элементтері ұлттық жазу жүйесі, ұлттық негіздегі бағдарламалар оқу әдістемелік құралдар. Ахаң осы жүйенің барлық элементтерінде қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрлерін қазақ мектептерінде оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті [1] .

«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға», - деп Әбіш Кекілбаев атап көрсеткендей, ғалымның артына қалдырған мұрасын расында да ешкіммен салыстыруға болмайды [2]. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін меңгертудің әдістемесінің негізін қалаған ғалым-әдіскер екендігін бүгінгі ұрпаққа қалдырған әдістемелік мұраларынан белгілі. Ұлы ұстазымыздың өз заманында қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқу-құралдары күні бүгінге дейін әдістемелік және тілтанымдық тұрғыдан өз мәнін жоймаған құнды еңбектер екені даусыз. Ғалымның «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген сөздері әрбір педагогқа бұлжымас қағида болары сөзсіз. Бүгінде қазақ тілінің даму бағдарын қайта қарап, оқыту әдістерін нақтылаудың қажеттілігі де, қазақ қоғамын қазақша сөйлетудің қиындығынан болып отыр. Тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар. Бұны біз ғалымның өз заманындағы балалар мен ересектердің сауатын ашуға арналған оқу құралдарынан да, шағын мақаларынан да аңғарамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының 6 түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (*синтез*) немесе жиылыңқы әдіс деп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (*анализ*) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Демек, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсеткен. Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге келесі түрлерін жатқызады:

- 1) *оқылым* – оқу үйрету;
- 2) *жазылым* – жазу үйрету;
- 3) *айтылым* – сөйлеу үйрету.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Аханның «Оқу құралы» еңбегінде кездеседі. *Оқылым әрекеті* буындап оқу, тұтас оқу арқылы; *жазылым әрекеті* сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; *айтылым әрекеті* сұрақтарға жауап беру арқылы; *тыңдалым әрекеті* жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады деп көрсеткен.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтады. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы туралы Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған.

- 1) әріп пен дыбыс бір ме?
- 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі ?

3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма? Әдіскер өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп отырған. Әдіскер-ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүргені белгілі. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында былай деп беріледі: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

Қорытындылай келе, қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түрлері Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде көрініс табады. Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет. Бүгінге дейін әдіскердің оқу-ағарту саласындағы әдістерінің маңызы зор екеніне көз жеткізуімізге болады.

Әдебиеттер

1. https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782
2. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. – 15-18-б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Сагитова Ж. Б.

Павлодар қаласының балалар музыка мектебінің «домбыра» аспабы
сыныбының ұстазы
zvezdo4ka.perfect.kz@mail.ru

Кез-келген халықтың тарихы, оның тағдырында жарқын із қалдырған адамдармен тығыз байланысты. Алайда, кез - келген тарихи тұлғаның маңыздылығы, ең алдымен, оның даналығымен, алыстан қарау қабілетімен және өз халқы мен Отанының тағдырына қатысу дәрежесімен өлшенеді.

1937-1938 жылдары Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы, А. Ермеков, Х. Досмұхамедұлы және басқа да көптеген көрнекті қайраткерлерге ұлтшылдық пен тыңшылық жасады деген айып тағылды. Республиканың демографиялық және интеллектуалдық әлеуетіне орны толмас залал келтірілген. Аса көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов та қатыгез қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Ахмет Байтұрсынов - ақын, ғалым, түркітанушы, аудармашы, педагог, публицист, қоғам қайраткері.

1873 жылы 18 қаңтарда Торғай уезінің Тосын болысында шаруа отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Үмбетбай халық батырының ұрпағы болып саналған Байтұрсын қазақ ауылдарында өзін-өзі қадір - қасиетін сезіне отырып, жергілікті феодалдар мен патша өкіметімен жиі қақтығысқа түскен ержүрек, ақылды адам болған.

Атасы Шошақ оның немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте оқиды. 1895-1909 жылдары ұстаздықпен айналысып, бала оқытады.

1905 жылы жер меселесі, қазақтың өз жерін өзіне қайтару жөнінде патшаның атына хат жазушылардың бірі болады. Патша өкіметіне наразылығы үшін 1907-1909 жылдары абақтыға қамалады. 1910 жылы қазақ жерінен қуғындалып, Орынбор қаласына жер аударылады.

1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Бұл кезеңге оның қазақ тіл білімі саласындағы ғылыми ізденістері мен ана тілін оқыту әдістемесі жатады. Келесі жылдары ол қазақ жазуын реформалау принциптерін әзірлеуге кіріседі, қазақ грамматикасының санаттарын анықтау үшін ғылыми терминологияны әзірлейді.

Ахмет Байтұрсынов, халыққа білім беру, тек еркіндік пен қоғамдық өзгерістер жағдайында ғана елеулі пайда әкелетінін түсінген, Қазақстанның алғашқы ағартушыларының бірі болды. Ол көбінесе жергілікті билеушілердің озбырлығын және патша автократиясының отаршылдық саясатын әшкерелеумен сөз сөйлеп жұрт алдына шыққан, ақылды әрі ержүрек адам болған.

Алғашқы қазақ әліппесінің авторы – ол Ахмет Байтұрсынов.

Ғалым Байтұрсыновтың құрметіне аталған жаңа қазақ әліпбиі, жазу реформасын жүргізуде барлық түркітілдес халықтары үшін жақсы үлгі болды. Сондай-ақ, автор "Ана тілі бойынша нұсқаулық", "Қазақ тілі курсының экспозициясы", "грамматиканы оқуға арналған нұсқаулық", "сөйлеуді дамыту" сияқты түрлі хрестоматиялар жазды. Бұл әдістемелік еңбектер әлі күнге дейін қазақ тіл білімі және қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы ғалымдардың арасында беделді орында.

Қазақ әдебиеті мен жазуының дамуына үлкен үлес қосқан - Ахмет Байтұрсынов. Сонымен қатар, Байтұрсынов қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау және басып шығару бойынша үлкен жұмыс атқарды. Ол 1923 жылы жарық көрген "Ер Саин" поэмасына "23 жоқтау" (1926) және "Әдебиеттану" (1926) кітаптарын шығарады. Ахмет Байтұрсынов қазақ балаларына ана тілін оқытуға арналған бірқатар оқулықтар жазды. Өлеңдерінде ол қазақ халқының қажеттіліктері мен ұмтылыстарын, жарқын болашақ туралы армандарын білдіріп, шенеунік аппаратының екіжүзділігін әшкереледі, білім жарығына, мәдениетке шақырды. "Қырық ертегі" (1909), "Маса" (1911) шығармаларында мазақ ететін адамның ақаулары мен кемшіліктері, ол бекершілік, жалқаулық, бос әурешілік, надандық.

1913 жылы А. Байтұрсынов "Қазақ" газетінің бірінші редакторы болады. Газет бағдарламасында ең бастысы - қазақ тілінің, мәдениетінің, мектептегі білім берудің даму мәселелерін жариялау болды.

1917 жылғы революциядан кейін, "Алаш" партиясының мүшесі бола отырып, А.Байтұрсынов Қырғыз (Қазақ) өлкесінің әскери-революциялық комитетінің мүшесі болып сайланады, өлкені ағарту халық комиссары (1920-1921), Академиялық орталықтың төрағасы (1921-1922), Наркомпростың ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі болып жұмыс істейді.

1920 жылы РКП(б) құрамына кіреді, 1921-1928 жылдары қазақ халық ағарту институтында жұмыс істейді, онда қазақ тілі мен әдебиеті, тарих және мәдениет бойынша дәрістер оқиды. 1928-1929 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болады. Ол жасаған және оның есімімен аталған графикалық жүйе - сауатсыздықты тез жоюға, қазақтардың жазба мәдениетін арттыруға мүмкіндік берді.

1929 жылдың маусым айында, Қызылорда қаласына шығармашылық сапары кезінде А.Байтұрсынов тұтқындалады. Оған, 1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың съезінде шетелдік ғалымдармен кездесіп, Мұстафа Шоқаймен байланыс орнатуға тырысқаны, Қазақстанның Ресейден бөліну жоспарын жүзеге асыруға көмектескені туралы кінә тағылды.

1931 жылы- Архангельск облысына жер аударылып, ол жерден Алматыға үш жылдан кейін ғана оралды. 1937 жылы репрессияның жаңа толқыны көтерілген кезде, ол қайтадан қамауға алынды. 1938 жылдың 8 желтоқсанында Ахмет Байтұрсынов "халық жауы" ретінде атылады.

Ахмет Байтұрсыновтың сан қырлы дарыны оған поэзияда, публицистикада, ғылымда және мәдениеттің басқа да салаларында қаламның күшін сынап көруге мүмкіндік берді. Ол ғалым, аудармашы, этнограф, көптеген оқулықтардың құрастырушысы ғана емес, сонымен қатар жас балаларға арналған көптеген өлеңдердің авторы. Ахмет аға балалар мен ересектерге арналған үлкен ұстаз болды. Ол халықтың жадында қазақ ғылымы мен мәдениетінің шырағы болып қала берді.

"Егер халық үшін басты байлық – денсаулық болса, жан үшін басты байлық – білім мен өнер. Тек олардың көмегімен халықтар өркениет қатарынан өз орнын таба алады. Басты міндет – жастарға білім беру, қолөнерге үйрету, оларға мамандық беру. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін қазақ даласында барлық ауылдарда қазақ мектептерін ашып, қазақ тілінде сабақ беру керек. Бұл біздің басты мақсатымыз және міндетіміз", -деді, Ахмет Байтұрсынов.

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталды. Ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынов тағы да бізбен бірге. Өз кітаптарында, оның атындағы қорда, көше атауларында, ең бастысы – бүгінгі күннің проблемаларына сәйкес келетін өз идеяларында.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығымен, «1997 жыл» біздің республикамызда Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Саяси

куғын-сүргін жылдары зардап шеккен адамдарды мәңгі есте сақтау мақсатында 31 мамыр Саяси куғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Әр халықтың, мемлекеттің өмірінде ұмытуға болмайтын оқиғалар болды. Осы оқиғаларға, оның тарихына ұқыпты қарау - бүгін және ертең біз жаңаларын жасамайтынымыздың ең жақсы кепілі.

Әдебиеттер

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-X
3. <https://qazaquni.kz/2012/12/06/14085.html>
4. <https://ikaz.info/ahmet-bajt-rsyn-ly-mirbayany/>
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл.
6. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
7. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009.
8. Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» <http://www.akorda.kz>
9. А.Т. Ахметжанова, М.С. Сарыбаев «Қазақстанда педагогикалық қызметкерлерді оқытуды жаңғырту мәселелері» <https://articlekz.com>
10. Ахмет Байтұрсынов. «Есімнама» <http://ehistory.kz/ru/biography/view/20>

ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ В ТРУДАХ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Садыкова М. Г.

Инновационный центр развития образования Павлодарской области, методист
maishat_78@mail.ru

История развития педагогической культуры казахского народа уходит в глубь веков. На протяжении длительной истории жители степных просторов накопили богатый опыт воспитания подрастающих поколений, в котором обобщили творческий опыт народных масс, правила, нормы и принципы поведения человека.

Народная педагогика обширного региона представляет собой синтез педагогической мысли, опыта и традиций разных этнических компонентов, из

которых формировалось нынешнее поколение казахстанцев. Казахские мыслители личным примером учили молодёжь быть кристально чистыми и высоконравственными людьми. Это значительно усиливало действенность их поучения [1].

В конце 19 века начинают формироваться педагогические взгляды выдающегося поэта, учёного, тюрколога, переводчика, педагога, публициста сынава.

Ахмет Байтурсынов родился в Тосынской волости Тургайского уезда, в семье крестьянина. Получил первоначальное образование в родном ауле, затем учился в Тургайском русско - казахском училище и в Оренбургской учительской семинарии. Педагогическую деятельность А. Байтурсынов начал в 1885 году учителем аульных, волостных школ, городских двуклассных училищ в Актюбинском, Кустанайском и Каркаралинском уездах. К началу 1900-х годов относятся его научные поиски в области казахского языкознания и методики преподавания родного языка. В последующие годы он приступает к разработке принципов реформы казахской письменности, публикует поэтические сборники «Сорок басен», «Комар», оставившие заметный след в духовной жизни казахского народа.

1921 -1922 годы работает наркомом просвещения. В 1928-1929 году - в Казахском институте народного образования, где читал лекции по казахскому языку и литературе, истории культуры.

А. Байтурсынов автор первого казахского букваря. Осуществлённая им тогда же реформа казахской письменности получает поддержку в среде прогрессивной интеллигенции, а в 1924 году она была принята официально.

Новый казахский алфавит, названный в честь учёного байтурсыновским, в своё время служил хорошим образцом для всех тюркоязычных народов. При проведении реформы письменности наши зарубежные соотечественники до сих пор пользуются байтурсыновской графикой [2].

Ахмет Байтурсынов считал, что целесообразно довести, продолжительность начального образования детей - казахов до пяти лет. В течение первых трёх лет школьники должны учиться только на родном языке, в остальное время только на русском. Все дети, желающие учиться в начальной школе, получать реальную возможность посещать её. А.Байтурсынов предлагал разделить начальные школы на две группы: для приходящих и для постоянно проживающих в пришкольных зданиях.

Проблему образования нельзя поставить в один ряд с проблемами вечного бытия или же землепользования казахов. Всё это относится к задачам будущего. Объективным критерием определения того, кто лучше разбирается в вопросах обучения, могут служить лишь показательные уроки, проводимые поочерёдно авторами учебника и его критиками в присутствии знатоков педагогики и методики [3].

Сейчас никто не спорит о необходимости образования. Главное богатство человека - образование. Как бы ни был богат народ, без образования его богатства всегда будут переходить в руки цивилизованных народов.

Ахмет Байтурсынов указывает на то, что обучение на казахском языке не приведено в определённый порядок. А.Байтурсынов обращает внимание общественности, что необходимо учить детей на родном языке.

Ахмет Байтурсынов говорил о том, что любое дело будет сделано хорошо и быстро, если его будет делать знающий человек. Люди, занимающиеся обучением детей, должны хорошо знать вопросы методики. Педагог должен усвоить всё, чему будет обучать детей. Он должен хорошо знать природу и чувствовать настроение ребёнка. Для этого необходимо всё знать о физическом и умственном развитии детей почти с самого их рождения.

С каждым годом потребность в изучении казахского языка возрастает. Это в полной мере относится и к дошкольному периоду. Родители дошкольников проявляют все большую заинтересованность в изучении государственного языка их детьми, в частности, в условиях дошкольных организаций, что во многом определяется тенденцией ведения обязательного обучения казахскому языку. Являясь частью учебного процесса, изучение казахского языка становится одним из основных компонентов образования, это не только ускоряет процесс формирования иноязычной коммуникативной компетенции, но и, в свою очередь, положительно влияет на общее развитие ребенка.

Теоретико-методологический анализ проблемы развития языковых способностей позволяет определить путь и содержание педагогического воздействия по развитию комплекса языковых способностей у дошкольников.

Основная задача по изучению казахского языка во всех возрастных группах - это научить понимать обращенную к ним речь, вступать в контакт с окружающими, используя речевые средства выражения своих мыслей и впечатлений. Обучение иноязычному общению происходит в деятельности, поэтому и выявление таких способностей должно осуществляться в процессе иноязычной деятельности, при диагностике же предпочтительно учитывать тип овладения вторым языком, характерным для конкретного ребенка.

В группе могут быть дети с разными уровнями знаний каждого из языков. Некоторые не знают второго языка совсем, другие немного понимают, третьи знают оба языка очень хорошо, а есть и такие, которые говорят на каком-то ином языке и не знают ни одного языка из тех, на которых говорят в детском саду.

Необходимо также осознать все недостатки в обучении детей, ведь исправление общества всегда начинается с исправления дела обучения. Оно поможет изжить большинство пороков, бытующих в казахской среде.

Надеждой лучшего будущего народа является молодёжь. Поэтому на то, как она обучается и как она воспитывается, должно быть обращено самое основное наше внимание. Внимание к казахскому языку как к главному элементу национальной культуры органично и целесообразно воспитывать именно в дошкольном возрасте, когда усваивается разговорный язык, связанный с бытовой сферой общения и с окружающей действительностью, а также язык устного народного творчества. Такое представление казахского языка интересно и детям других национальностей. Следовательно, уже в

дошкольном учреждении полиэтническая детская группа приобретает объективное представление о родных языках и культурах, с первых дней пребывания ребенка в детском саду у него воспитывается уважение и интерес к казахскому языку как государственному.

Новое поколение должно находиться в руках обученных по-новому же молодых воспитателей. У них свежие мысли и знания. Стремясь служить народу, они не будут скрывать от него все свои знания.

Если не будет затруднений, дети по-настоящему заинтересуются знаниями. А чем лучше будут усваивать грамоту дети, тем больше вдохнутся обучать их родители. Таким образом, умелое обучение педагогов увеличило бы число воспитанников, придало бы силу скорейшему продвижению обучения вперед [4].

Особое внимание Ахмет Байтурсынов уделял изучению языков. Одно из известных его учебных пособий - это пособие по казахскому языку. В предисловии он поделился своими мыслями о языке. Язык - самый сильный отличительный признак человека, его своеобразие труда. Современное время - это время письменности, которая достигла большего развития, чем устная речь.

Каждый народ должен обучать своих детей сначала на родном языке, и только когда они усвоят систему и законы родного языка, получают в этом деле определённые навыки, переходят на изучение другого языка. В казахских начальных школах наряду с другими предметами должна изучаться и грамматика казахского языка [5].

Изучая труды Ахмета Байтурсынова, касающиеся вопросов воспитания и обучения будущего поколения, приходишь к выводу, что современная педагогика тесно связана с прошлым. Программы, которыми пользуются современные педагоги были разработаны и изучены - мыслителями прошлых столетий. Главное богатство человека - это его образование, его ремесло. Этот бесценный груз делает человека счастливым.

Главная цель педагогической деятельности Ахмета Байтурсынова - вырастить и воспитать подрастающее поколение честным и трудолюбивым, верным народу, готовым постоять за его свободу, продолжить его лучшие традиции.

Литература

1. С.Калиев, К.Аюбай. Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] /С.Калиев, К.Аюбай. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2012.-Т.1. - 448 с.
2. Байтурсынов, А. Букварь - система знаков// Жалын.-1989. - С.203-205.
3. Байтурсынов, А. Нужды школы [Текст] /А. Байтурсынов// Казах. -1914.- № 62. -С.196 - 198.
4. Байтурсынов, А. Об обучении [Текст]/А. Байтурсынов. // Казах. -1913.- № 11. - С.199.
5. Байтурсынов, А. Об обучении по-казахски [Текст] / А. Байтурсынов // Казах. -1913. -№14. - С.199- 200.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сапабекова Д.К.

Екібастұз қаласы №9 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
dariga-sapabekova@mail.ru

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі бөлігі болып табылады. Қазіргі білім мен ғылымның дамыған заманда білім беру жүйесінде «Функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру ең өзекті мәселеге айналып отыр. «Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз адамдардың сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, өз білімін үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Тұлғаның оқу, ұғыну, қысқа мәтіндерді жасау және жеңіл арифметикалық амалдарды орындаудағы қарапайым сауаттылығына қарағанда, жеке тұлғалық сауаттылықтың айырмашылығы тұлғаның нақты мәдени ортада тіршілік ету үшін біліктілік, икемділік пен дағдылар, яғни функционалдық сауаттылық болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз — оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру — теориялық ұғым жасаушы

субъектінің болмысын анықтау болып табылады. Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі — баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі — баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін. Ол үшін кез келген тілдік оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Осы кезеңдегі оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі.

Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша тілдік тұлға қалыптастыру қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың

функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш дыбыс делініп, одан буын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз — коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де — коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» леп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі — қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі. Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы тым жеткіліксіз. Бұл мәселе тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойламауымыз керек.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы,

нәтижесі жоғары деңгейде болу белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн. Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5–7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады. Сондай-ақ, оқушылар функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары аспектісін үйренеді, мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары дамытылады.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заман талабы. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен

жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Әдебиеттер

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. — Алматы: Атамұра, 1982. — 204 б.

3. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.

4. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008. — 162 б.

ҚАЗАҚ АЛФАВИТІН АУЫСТЫРУДЫҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ

Сарсебаева Ж.О.

Бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар қаласының №2 ЖОББМ
sarsebaeva.zhanna@mail.ru

Сагиндыкова Б. Ю.

Бастауыш сынып мұғалімі,
Павлодар қаласының №2 ЖОББМ
baksagin63@gmail.com

Алғашқы ресми қаріп Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) дайындаған қазақ тіліне лайықталған араб жазу жүйесі. Халық арасында бұл «төте жазу» деп аталып кеткен. («Төте» – оңай, ең тиімді деген мағынада келеді). Ахаң 1910 жылы зерттеуін (қазақ тіліне ыңғайластыру) бастап, төте жазуды 1912 жылы қоғам арасына кіргізген екен. Бұл не үшін керек болды? Зерттеушілер келесі уәждерін айтады: «Біріншіден, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын; Екіншіден, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын; Үшіншіден, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды; Төртіншіден, «мұсылманша сауат ашу» әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын

жаттатумен ұзақ уақыт кететін...» («Ана тілі» газеті, 2012 жыл).1924 жылғы Орынборда өткен съезде қаріп тағдыры тағы да қаралды. Бір шешімге екі түрлі көзқарас болатын. Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиінде қалу керек десе, Нәзір Төрекұлов латын емлесіне көшу керек деп өз ұстанымын білдірді. Әрине, әртүрлі уәждер айтылды. Мысалы, Ахаң «Латынға көшу арқылы Еуропаның деңгейіне жетеміз деп ойласақ, онда неге орыстардың өздері сол латынға көшпейді екен?» деген мағынада пікірін білдіреді. Ал Нәзір Төрекұлов: «Біз қазаққа латын әрпін күшпен алдырғалы отырғанымыз жоқ. Латын әрпі үйрену, жазуға тым пайдалы, жеңіл. Түрік (араб) әрпінің біреуі төрт түрлі, латындікі бір ғана түрлі» дейді. Ал Смағұл Сәдуақасов: “Жұрт түсінбейді. Молдалар қарсы болады. Латын әрпін алудың саяси жағынан қорқынышы бар.

Алғандардың да жұмысы жүрмей жатыр” деп өз қорқынышын көпшілік ортаға салады. Міржақып Дулатұлы болса «Айқаптағы» бір мақаласында: «Жазуды тәртіпке салу деген оңай емес. Оқушылар сынасын дегенде әркім басына келгенін жазатұғын болса, ешуақытта ойды бір жерге қорытып болмайды, орынды, орынсыз сын айта беру мақсат емес» дейді.Талас-тартыспен өткен уақыт 4 жылға созылды. 1928 жылдың желтоқсан айында биліктің бір жиынында «Латынға көшу керек» деп қаулы қабылданып, қол қойылды.Уақыт өте берді. Репрессия, қолдан жасалған аштық... Сөйтіп жүргенде 1937 жылы қазақ халқының жазуын өзгерту туралы тағы да мәселе болып көтерілді. Бұл жолы орыс жазуына, яғни кириллица қарібіне ауысу. Қарсы келер ешкім табылмады. (Неге екені белгілі де). Аз-маз талқылаудан кейін 1940 жылдың қараша айында «Қазақ әліпбиін өзгерту» туралы қаулы шықты. Енді бәрі жаппай кириллицамен оқытыла бастады. Бұл бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді.Сөз арасында тоқталып кетуге болмас, Ресейде төңкерістен кейін әліпбиді латынға көшіру ұсынысы жасалды. Арнайы бағдарлама да қабылданып қойған. Сол кездегі билік басында отырған Луначарский есімді шенеунік Лениннің қолдауын тауып жұмысқа кірісіп кеткен екен.

Тек, Сталиннің қолы билікке жеткенде ғана «тоқтату керек» деп бұйрық береді.Осы ретте әліпбидің ауысуы туралы мына екі пікір біз үшін аса қызықты. Біріншісі, жазушы Т. Әсемқұлов «Егемен Қазақстан» газетінде жарыққа шыққан «Әріп тағдыры» мақаласында өз ойын былайша жеткізген: «...Әліпбидің ауысуының қасіреті – бұрынғы мұраның ұмытылып отыруында. Әліпби ауысады, сол әліпбиде жазылған текстер жойылады. Мысалға, қазір қарапайым халық көне түрік немесе сары ұйғыр жазуындағы жәдігерлерді оқи алмайды. Бұл текстер енді ғалымдардың ғана еншісінде. Біздің байырғы, көне түрік тіліндегі жазба мұрамыз батыстың, орыстың ғалымдарының «меншігі». Солар оқиды, солар талдайды, солар пікір айтып үкім кеседі».

Екінші пікірді журналист Б. Қайратұлының «Қазақия қалай отарланды?» еңбегінен оқимыз: «Бар-жоғы он шақты жылдың ішінде Одақ құрамында түркі-қыпшақ тектес һәм мұсылман халықтарының емлесін дүркін-дүркін өзгерту арқылы, бірін-бірі жазбаша түсіне алмайтын жағдайға жеткізді». Сөз соңында «кирилл» қарпі туралы бірер сөз. 863 жыл (9-ғасыр). Кирилл мен Мефодий

есімді ағайындар жаңа әліпбиді ойлап тапты. (Әрине, тек екеуі ғана «басын қатырды» деуге сену қиын. Дегенмен, тарих солардың ғана есімдерін қалдырыпты). Аталмыш еңбек шіркеу үшін жасалған еді. Басты мақсат – грекше жазылған Інжілді славяндықтарға түсінікті ету. Католик шіркеуі қаншалықты қарсыласқанымен, көнбеске амалы қалмады. Іс соңында бұл тәжірибе жаңа емленің дүниеге келуімен аяқталды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы.

Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы. А.Байтұрсынов өмірі мен қызметінің тағы бір салмақты саласы- оның ақындық, аудармашылық еңбегі. Ол бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды. Саналы өмірге аяқ басқан кезде халық поэзиясы мен

А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларын, орыс әдебиетін оқиды. А.Байтұрсынов айналаны тану, білу, сезіну қалпын поэзия тілімен, өлеңмен жеткізуге ден қояды. Өлеңді өзінің ағартушылық идеясына пайдалануды көздейді.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы жол бағыттаушы жұлдызымыз, дара жол салушымыз. Ұстаздар қауымы тек қана өз пәні шеңберінде қалып қоймай, кеңінен ойлауға, қоғамға белсене араласуға, білім саласына үлес қосуды міндет етуі керек. Ахмет Байтұрсыновтың негізгі идеясы жастарды бүгінгі күнде құр сөз , «таусылмайтын » ақыл кеңеспен тәрбиелегеннен гөрі, жеке бастың өнегесіне, ғибраттылыққа, қоғамда орын алып жатқан әр қилы құбылыстарға сын көзбен қарап, өзіндік баға бере білуге баулу.Менің мақаламның түйіні алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмау үшін біз болашақ ізбасарларымыз білімді, жан-жақты, ұшқыр ойлы болғаны жөн. Ахмет Байтұрсынұлы аңсаған егемендіктің құны мен қадірін бағалауымыз, ары қарай дамытуымыз керек!

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш - Алматы: Ана тілі, 1926 - 382 б.

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Сейтказина А.М.

Павлодар қаласының №39 инновациялық үлгідегі гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі
a_sm0573@mail.ru

Қазақ халқының ХХ ғасырдағы ұлы тұлғаларының бірі-Ахмет Байтұрсынұлы.Ол ұлтының тәуелсіздікке қол жеткізуі жолында аянбай күресіп,өзінің қайраткерлік болмысымен, шығармашылығымен белгілі болды. Ісі мен сөзі үйлескен биік тұлға елінің болашағына сеніммен қарады.Сол себепті де өз шығармашылығы арқылы кейінгі ұрпаққа саналы сөз қалдыруды мақсат тұтқан болар.Елдің рухын көтеруге зор еңбек сіңірді. Халықты саясаттағы күресшілдігі мен сөздегі ойшылдығымен біріктіруге ат салысты.

Ахмет Байтұрсынұлын күрескер қайраткер,ақын,ғалым,ағартушы, көсем еткен, біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден,алысты болжаған көрегендігі. Артына қалдырған бай мұрасы соның дәлелі.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ой-санасының оянуы мен мәдениетінің өркендеуіне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ұлы ұстаз ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал -өлең деп білді. Өлең құмар қазақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген.Сол кездегі сүбелі ойдың түп

қазығы «Оян,қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөзі. Осы сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айналдырған, «Аш көзіңді оянып!» деп, «Қырық мысал», «Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой салған. «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты.

Қазағым, елім!
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып,
Қамауда жаның,
Талауда малың,
Аш көзіңді оянып!

Бұл қазақ поэзиясына Ахаң әкелген қнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын.

Қазақ зиялыларының арманы заман ағымын жіті бағдарлап, оянған сананың іс-қимылын жөнге салып отырар орталыққа айналар басылым шығару болатын. Осы мақсатты жүзеге асырған ұлт көсемі- Ахмет Байтұрсынұлы. Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен арнасы- қазақ баспасөзін қалыптастыру. Ол тұңғыш «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті алғашқы шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болды.

Ахмет Байтұрсынұлы- шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз құдіретінің құпиясына үніліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдігерлерін жинастырып, ол туралы тұшымды мақалалар жариялаған.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі- атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл- әдебиет теориясын, әдебиет әдістемесін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел қамтыған күрделі еңбек.

Осы еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлы «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш енгізді. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген.

Оның күрескерлік қасиеті де ерте айтылып, елге танылды. 1917 жылы 19 қазанда «Қазақ» Алаш партиясы атынан сайланатын депутат-кандидаттар туралы қысқаша анықтамалық берілгенде, Торғай облысынан бірінші болып Ахмет аталған. Ол туралы мынадай анықтама бар: «Ахмет Байтұрсынов – «Қазақ» газетін шығарушы. Қазақ әдебиетіне негіз салушы, қазақ ақыны. Ескі өкіметтің қамшысынан қан тамып тұрған заманда халыққа қызмет етіп, қарсы пікір білдіргені үшін 9 ай абақтыға отырып, одан кейін қазақ облыстарында тұрмау шартымен жер аударылған. «Қазақ» газеті үшін 4550 сом айып тартып, абақтыға отырып, соңғы 12-13 жылдың ішінде қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған алаш азаматтарының бірі («Қазақ», 1917, №245). Аз да болса көп сыр түйген бұл сөздер Ахмет тұлғасын танудың бір көрінісі.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі С.Мұқанов: «Қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің негізін қалаған алғашқы адам- Ахмет» деген екен.

«Санамалай айтар болсақ: Ахмет Байтұрсынұлы кім?» деген сұраққа былайша жауап берілген болар еді. Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы аса көрнекті қоғам қайраткер, кемеңгер көсем. Екіншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген алғашқы ағартушы. Үшіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұстазы. Төртіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана ғалым. Бесіншіден, тәлімі терең тәржімашы. Алтыншыдан, өлең сөзге ой ұйытқан ойшыл ақын. Жетіншіден, тұңғыш газет шығарып, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы.

Ұлы ұстаздың ұлы ойлары халқын ғасырдан-ғасырға жетелеп, есімі мәңгі үлгі болатыны сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы : қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері / А. Байтұрсынов. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3-т. Тіл – құралы – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 1-том, Алматы: «Алаш», 2003.
4. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДАҒЫ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Сейткалиева М.С

Павлодар қаласының №29 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
mira.seytkalieva.75@mail.ru

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі «Елшілдік ұраны», «Қырық мысал», «Маса» жинағы, «Қазақ» газетінің 1961 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер, білім, саясат жолындағы қажымас қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын.

М.Әуезов

Жаңартылған білім мазмұны – жанашылдықтың бастауы. Тәуелсіз елдің негізгі тірегі — білімді ұрпақ. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел + талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзетуді бала оқыту ісін

түзетуден бастау керек», -деген екен. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі — жалпы педагогикалық, ғылыми- теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

XX ғасырдың басында қазақ елінің егемендігі жолында аянбай тер төккен Алаш азаматы, мемлекет қайраткері, қазақ ғылымы мен білімінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан ақын, қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ағартушы, ғалым – Ахмет Байтұрсынов.

Күреске толы ғұмыры қазақ халқының мүддесіне арналған. Халық ағарту ісіне ерен еңбек еткен тұлға – Ахмет Байтұрсынов, халық санасын ояту мақсатында жан-жақты ізденіп, өлең-жыр жазған, оқу құралдарын жасаған, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, аудармамен шұғылданған.

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушыларға Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын оқытуда, тақырыпқа байланысты диалог, қойылымдар әзірлеу, рөлдік ойындар ойнату, мәнерлеп оқу және оқыту, әр түрлі сызбаларды толтырту, венн диаграммасы, бес жолды өлең, ассоциация, тағы да басқа стратегияларды қолдана отырып, орындатуға болады.

1) Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы:

1. *Жылнамалық кезеңдерін толтыру (Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармаларына байланысты)*

жылдар	негізгі оқиғалар	шығармалары

2. *«Галереяны шарлау» әдісін қолдану.*

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығына арналған бұрыш дайындау. Оқушылар сыныпта бұрыштарды аралап, өздеріне таныс емес мәліметтерді жазады. Топ мүшелері бір-біріне дайындаған мағлұматтарымен таныстырады. Әр топтан бір-бір оқушыдан шығып, мәліметтерін қорғайды.

2) Шығармаларын зерттеуге байланысты:

1. *Семантикалық карта толтыру*

Шығарманың атауы	
Авторы	
Жанры	
Тақырыбы	
Идеясы	
Кейіпкерлері	

Басты кейіпкерлерге мінездеме

2. *Ақынның мысалдарын оқытуда:*


Ақынның алғашқы кітабы – “Қырық мысал” (1909ж). “Қырық мысалда” автор Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, қазақ халқының сол тұстағы ауыр халін жұмбақтап, тұспалдап мысалмен жеткізген. Ол көлемі шағын, идеясы ұғынықты, тілі өткір мысал жанрын ала отырып, саяси-әлеуметтік, танымды-тәрбиелік, ағартушылық мәселелерді көтеру арқылы халық санасын

Жағымды кейіпкер	<i>Жағымсыз кейіпкер</i>
Өгіз	Бақа
Іс-әрекеттері	
Адал еңбегімен адамға қызмет етеді.	Таңертеңнен қара кешке дейін тынымсыз бос секіреді.

оятуға зор ықпал ете білген.

“Өгіз бен бақа” мысалын 36 жол өлең түрінде И.Крыловтан аударған.

2) Байтұрсынов аудармаларына салыстыру жұмыстарын жүргізуге болады. Венн диаграмасы арқылы да.



3) Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме жасату үшін, мына кестені толтыруға болады.

4) Сөздікпен жұмыс жасату. «Көршінді шақыр» ойынын ойнату.

Сайран ету, қыдыру- гулять, прогуляться

Дән-зерно

Көкке қарау – смотреть на небо

Қожа - хозяин

Қайран қалу - удивляться

Мысалдың аты	Тармақтары	Тақырыбы	Идеясы	Қорытынды сөз
“Өгіз бен бақа”	Жел тартып ісіп кеуіп қарнын керді.	Қызғаныш	Жаманнан жирен	Әлін білмеген-әлек.
“Егіннің бастары”	Бір бидай көтеріп тұр басын көкке, Қарайды шекірейіп өзі көпке	Тәкаппарлық	Жақсыдан үйрен	Тәкаппар, оны халық жасанды дейді

Егінші-земледелец

Тәкаппар-высокомерный

Тағзым-поклон

Көпке балау -приравнивать со всеми

Шікірею - кичиться

5) Ақынның «Егіннің бастары» мысалын оқытқанда:




«Стоп-кадр» стратегиясын пайдалануға болады.

6) «Әңгіме» кестесін толтырту

Өлеңнің аты	
Өлеңнің авторы	
Кейіпкерлері	
Қай кезеңді суреттейді	
Өлең немен аяқталады	
Не үйретті	

3. Тірек сөздер арқылы

Мысалы, Ахмет Байтұрсыновтың «Малшы мен маса» мысалын оқытқанда, тірек сөздерді қолдану арқылы



4. Рөлге бөліп оқыту арқылы.

Жалпы, дамытуда рөлдік ойындардың алатын орны ерекше. Рөлге бөліп оқыту арқылы, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу, өздеріне деген сенімділіктері оятады, бірін-бірі тыңдай білуге, мұқиятылыққа баулиды.

5. «Драма» стратегиясы

«Егіннің бастары» мысалы бойынша драма стратегиясын қолданамыз. Яғни, оқушылар қойылымы қояды.

6. Оқушылардың ойлау белсенділіктерін арттыру, іздендіру мақсатында әдеби талдау сұрақтары арқылы

Мысалы, Ахмет Байтұрсынов «Анама хат» өлеңін оқытқан кезде, Егер сен ақынның орнына болсаң, өлеңді қалай аяқтар едіңдер?

7. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын артыру мақсатында да мынандай жұмыс жүргізуге болады:

1. Шығармадағы бақаның жолдасының сөзі қандай болды деп жорамалдайсыз?

- А) қалпында қарның менен пішінің
- Ә) қалпында қарның менен түрің
- Б) қалпында қарның менен бойың
- В) қалпында қарның менен түсің

2. Өгіз қайда келді?

- А) тауға Ә) көгалға Б) өзенге В) көлге

3. Бақаның ісіне қарап, оның қандай екенін білдіңіз. Бақа мінезінің бір көрінісін жазыңыз. Жауабың нақты болсын (мысалмен дәлелдеу керек)


4. Ақынның орнында болсаңыз, өлеңді қалай аяқтар едіңіз.

8. Сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының оқушыларды еркін сөйлеуге, сөз ұшқырлығын ұштауға, өз ойын қысылмай жеткізе білуге мол әсері бар.

Ассоциация құру. Мысалы, ақынның кім екенін анықтау. Ахмет Байтұрсынов



11-сыныптарда Ахмет Байтұрсыновты қорытындылау кезінде, мынандай **топтастыру стратегиясы** арқылы қорытуға болады. Яғни, оқушы өз ойларын жеткізе отыра, дәлелдейді.



9. «Синквейн» немесе бес жолды

- Зат есім - 1 Ұстаз.
- Сын есім -2. Ұлтшыл, қамқоршы
- Етістік – 3 Зерттеді, жазды, атылды
- Сөйлем Қазақ халқын оқуға шақырды
- Синоним Халықтың перзенті

Қорыта келгенде, ақынның оқытуда озық технологияларды қолдану– заман талабы болып табылады. Сондықтан оқушыларымызды жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтарын оята отырып, Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін,

еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор.

Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д.Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов, А. Әдебиет танытқыш : Зерттеу мен өлеңдер / Ахмет Байтұрсынов. - Алматы: Атамұра, 2003. - 206 б.
2. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
4. Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер ?- Алматы: Қазақстан: А. Байтұрсынұлы атындағы қор, 1994. - 112 бет.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІЛ ҚҰРАЛЫ» ЕҢБЕГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ

Сулейменова Г.А.

Павлодар қаласының №34 инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі
gulmira.suleymenova.1976@mail.ru

Қазақстан жаңа ғасырға дүниежүзі елдері қатарында терезесі тең ел ретінде келіп отыр. Біздің басты байлығымыз -білім. Қазіргі жас ұрпақтың білім мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін білетін, ұлтжанды азамат дайындау- бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал-ол білім.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы. Ондағы басты мақсат

жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы- оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады. Соның бірі — функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы -сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты -оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің ролі зор. Соның ішінде қазақ тілі сабағының орны ерекше. Осыған орай, оқушыға тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын үйрету-қазақ тілінің басты міндеті болып табылады. Қазақ тілі пәні оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерту;
2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету.
5. Оқушыларды өзгермелі өмірге үйрету;
6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту;
7. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту;
8. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсінуге және құрметтеуге баулу;

Негізінен өз тәжірибеме сүйенетін болсам, оқушылардың функционалдық сауаттылығын мұғалімдер өз сабақтарында қалыптастырып, дамытып келеді де, оқушы алған дағдыларын сыныптан тыс, мектептен тыс әрекеттерінде ұштастырып, байланыстырады, яғни оқушы осы үрдісте жүріп еріксіз, өзі де байқамай алға жылжу, ұмтылу, талаптану дағдылары арқылы бойындағы қабілеттерді ашады. Соның нәтижесінде үйреншікті ортадан шығып, ғылыми жұмыстарға, мәдени шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытып

араласады. Сондықтан да оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту заман талабы деп түсінеміз.

XXI ғасыр –бәсекелестік ғасыры. Демек, әлемдік бәсекелестіктің жылдам дамуына ілесе алатындай білімді де тапқыр, дара тұлғаның тағдыры ұстаздар қауымына аманат етіп тапсырылып отырғаны анық. Бүгінгі мектептің басты міндеті-өзіндік ой-көзқарасын ашық айта алатын, өмірге бейім тұлға қалыптастыру болса, оған мұғалім мен оқушының бір-біріне деген сүйіспеншілігі, оны тұлға ретінде бағалауы баланың адамдық қасиеттерінің дамуына басты кепіл болуды көздейді. Ойын еркін айтатын, сын тұрғысынан ойлауға бейім, интеллект қабілеті дамыған, өмірде өз орнын таба алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мектеп мұғалімдері үшін жауапты іс.

Әдебиеттер

1.Назарбаев Н. «Қазақстан 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі,қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Алматы: Білім, 1997 ж, 176 бет

2.Демеуова Ләззат: Ғаламдық ойлауға бейімдеу. «Қазақстан мектебі» №12 Алматы, 2003-3бет

3.Жошыбаева Гүлнар. Ұлттық мектеп – ел еңсесі. «Қазақстан мектебі», №12 2003-13бет

4. Қоянбаева Сәуле.Танымдық қызығуды белсендіру. «Қазақстан мектебі» №6,2003

5.Границкая А.С. Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе.Просвещение, 1991

6. Дамитов Б.К., Фредман Л.М. Физические задачи и методы их решения. Алматы,Мектеп,1987,160-6

7.Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность школьника в обучении. Москва, 1980

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

Токтарова С. Н.

«Павлодар қаласының № 34 инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі» КММ оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі басшы орынбасары, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
toktarova.s@mail.ru

Мақсаты: қазақ тілін оқыту барысында мәтінмен жұмыс әдістері, жана оқыту технологиялар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Міндеті: оқушының оқу дағдысын жетілдіру;

- Өз ойын сауатты жеткізе алу;
- Эссе жазу дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың сөздік қоры молаяды;
- Оқу дағдылары қалыптасады, мәтін мазмұның түсінеді;
- Мәтінді жан-жақты талдай алады;
 - Эссе жаза алады, әңгіме құрастырады

Қазіргі қоғамның өзекті мәселесінің бірі- жеке тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаға қойылатын талаптар: ол шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білім, сауаттылық болып табылады. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін білімін бағалауда жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолының бірі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда мәтінмен жұмыстың маңызы, атқаратын рөлі зор. Мәтін – дербес тұтастық. Оны түсіну дегеніміз – сол мәтіндегі дәйекті ақпараттарды ала білу және оның мазмұнын түсіну, сонымен қатар оларды біртұтас бірлікке жинақтай білу.

Мәтіндерді оқытқанда мына мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс:

- а) мәтіннің құрылысына талдау жасай білу;
- ә) мәтіндерді мағыналық бөліктерге бөлу;
- в) әр мағыналық бөліктерді негізгі және қосымша ойларды ажырата білу;
- г) мәтіннің негізгі ақпараттың жоспар, конспект, аннотация түрінде жазып алып, кейіннен осыларды басшылыққа ала отырып жұмыс істей білу.

Оқушыларға мәтіндерді оқымастан бұрын осы талаптарды орындату арқылы олардың кез келген тақырыптардағы мәтіндерді өз бетімен түсіне алу қабілеттерін арттыруға болады.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде жеке сөздерден, сөз тіркестерден бастап үйретпей тұтас мәтіндер арқылы үйретудің тиімділігі барған сайын дәлелдене түсуде.

Шығарма мен мазмұндама оқушылар алдына өз ойын жатық, шебер тілмен баяндау, стиль, логикалық толғаныс, тағы сол сияқты шығармашылық ізденіс талаптарын қояды.

Сөз байлығын дамытуда төмендегідей әдістерді пайдалану қажет:

- 1.сөз жұмысын жүргізу арқылы тіл дамытуда;
- 2.сұрақ- жауап әдісі арқылы тіл дамытуда;
3. көрнекі құралдар арқылы тіл дамытуда;
- 4.мәтіндерді оқытумен,талдаумен байланысты тіл дамыту;
- 5.таным жорық әсері арқылы тіл дамыту;
- 6.сабақтан тыс әдеби кеш өткізу арқылы дамыту.

Мәтін сөйлеу қызметінің барлық түрлеріне үйретудің шын мәтіндегі және тиімді негізі болу үшін оқушыларды мәтін материалымен жұмыс істеу түрлеріне, түрлі сипаттағы бірліктермен, яғни сөйлеммен, фразадан тыс бірлікпен, субмәтінмен, жанрлық және стилистикалық ерекшелігі бар шығыс мәтіннің белгілі класы ескерілген мәтінмен, дифференциацияның дағдысымен, белгілі білім беру мақсатын орындаудағы тілдік бірліктерді қайта құру, өзгерту,

құруды мысалы, мәтіннің мазмұнын айту, оны коммуникативтік ауызекі монолог пен диалогта қолдануға, әртүрлі әрекеттер жасауға үйретудің маңызы зор. Осыған байланысты мәтінмен жұмыс істеудің мәтіналды, мәтінмен, мәтіннен кейін кезендерінде әдістерімен оқытқан орынды. Осындай әдістерді білу оқушылардың мәтінмен өз бетінше жұмыс істеу дағдысы мен біліктілігін меңгеруіне, түрлі тілдік пікір айтуға дайындалуына мүмкіндік береді.

Мәтіналды кезең.

Мәтіналды кезеңіндегі мәтін материалымен жұмыс істеу әдістері мен оған сәйкес жаттығулар, тілдік бірліктер мен сөйлеу үлгілерін дифференциялауға, оларды мәтіннен тануға, дәл уақытында семантизациялауға, әртүрлі құрылымдық материалдарды меңгеруге және тілдік болжау мен болжау мүмкіндігін қалыптастыруға арналады.

Мәтіналды кезеңінде грамматика бойынша мынадай жаттығуларды ұсынуға болады:

- Сыртқы белгілері бойынша сөздерді тануға арналған жаттығулар;
- Семантикалық белгілері бойынша сөздерді тануға арналған жаттығулар;
- Лексикалық бірліктерді автоматты түрде тануға арналған жаттығулар;
- Грамматикалық құбылыстарды айыруға арналған жаттығулар;
- Ауыстыру жаттығулар;
- Құбылту өзгерту жаттығулар;
- Сөздік мақалалармен жұмысқа үйрету жаттығулар;
- Оқылып отырған материалдың мазмұнын болжау жаттығулар.

Оқырманның мәтіналды бағыты.

- сұрақтарға жауап бер;
- мазмұндаудың жоспарын құр;
- кілтті сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын айт.

Мәтіндік кезең.

Мәтіндік кезеңінде құрылымның өзгертілуі мен мәтіннің тілдік материалынан ақпарат алудың түрлі әдістерін қолдану ұйғарылады.

- Мәтінді жинауға арналған жаттығулар;
- Цитат келтіруге арналған жаттығулар;
- Мәтінді қайта құруға арналған жаттығулар;
- Басқаша айтуға арналған жаттығулар;
- Авторлық қарым-қатынасты және мәтіндегі бағаны анықтауға арналған жаттығулар;

Материалды жалпылауға арналған жаттығулар.

- тұжырымы бар сөйлемдерді белгіле;
- мәтіннің мазмұны бойынша тезистерді жаз;
- мәтіннің мазмұны бойынша қорытынды немесе резюме жаз.
- тұжырымы бар сөйлемдерді белгіле;
- мәтіннің мазмұны бойынша тезистерді жаз;
- мәтіннің мазмұны бойынша қорытынды немесе резюме жаз.

Мәтіннен кейінгі кезең.

Бұл кезеңдегі жұмыс әдістері мәтін мазмұнының негізгі элементтерін анықтауға бағытталады.

- Мәтін тақырыбын анықтауға арналған жаттығулар;
- Идеяны анықтау үшін қолданылатын әдістер;
- Сюжетті жеткізуге арналған жаттығулар;
- Мәтіннің басты кезеңдерін бағалауға арналған жаттығулар.

Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану. Өз тәжірибемде мынадай әдістерді қолданамын: «Джигсо» әдісі, Диалог негізінде оқыту, Блум таксономиясы, **WORLD CAFE** әдісі (фасилитация әдісі)

Фасилитация (ағылш. *facilitate* — себепші болу, жеңілдету, көмектесу) — басқа адамның белсенді қатысуымен бір адамның немесе топтың іс-әрекетін жеңілдету процесі.

Фасилитация әдісі – диалог орнатуға көмектесетін, қатысқан әрбір адамға өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін арнайы құрал. Оқытудағы фасилитация туралы айтатын болсақ, бұл жағдайда оның орындалуын реттейтін әрекеттер мен реттіліктердің нақты тізімі болып табылады. Барлық қатысушылар бір жүйе бойынша әрекет етеді және барлық топ мүшелеріне мәселені талқылауға, өз пікірін айтуға мүмкіндік береді. Топтық жұмысының бір түрі, бұл жұмыста

○ Топпен алға қойылған мақсатқа жету үшін топтық жұмысты кәсіби ұйымдастыру

- Талқылауға барлық “ақылдар” қосылады
- **ЖОҚ** - Кикілжің, тақырыптан ауытқу
- Күрделі тақырыптың өзі жылдам ілгерілейді/шешіледі
- Әркім нәтижеге өз үлесін қосады
- Іске асырылатын нақты әрекетті идеялар, шешімдер және жоспарлар құрылады.

○ Жасалған жұмыстың нәтижесі қатысушыларға тиесілі болып табылады.

Қатысушының рөлі:

- Бір-бірімен талқылайды және сұрақ қояды
- Идеяларды жинайды
- Шешім қабылдайды
- Нақты әрекеттерді жоспарлайды.

Тренердің рөлі:

- Ұйымдастырады
- Сұрақ қояды
- Нейтральды позиция
- Үдеріске жауап береді
- МАЗМҰНҒА араласпайды

Топтарға нұсқау беріледі

- Әр топта 10 адамнан.
- Әр шағын топ қағазға тақырыпқа сәйкес осы күннен күтілетін нәтижені жазады.

Көшбасшыны анықтайды. **Көшбасшының рөлі:**

- Әрбір қатысушыны жұмысқа тартады
- Тренермен қарым-қатынас жасайды

WORLD SAFE әдісінде қатысушылардың қадамдары белгіленеді, тапсырманы орындауда уақыт шектеледі.

1 ҚАДАМ сіздерге шешімін табу үшін сұрақ беріледі.

Өз тобында сұрақты талқылап, флипчарт парағына мүмкін болатын барлық шешімді жазыңыздар. 10 мин

2 ҚАДАМ софилисаторды (спикер) таңдап алыңыз

Софилисатор өз орнында қалады. Талқылау және жазбалардың мәнін түсіндіреді, басқа топ мүшелерімен талқылауды жалғастырады. Топтар ұсынған идеяларды мұқият тыңдап, жазып отырады. Топ мүшелері сұраққа байланысты өз идеяларын ұсынады. 10 мин

3 ҚАДАМ Өз ауылына қайтып келгенде. Басқа топ мүшелері атап көрсеткен және ұсынып кеткен басқа шешімдерді талқылайды.

Барлық ақпаратты құрылымдаңыз. Талқылаудың қорытынды ойларын ерекшеленіз (астын сызыңыз, қоршап көрсетіңіз) 5 мин

4 ҚАДАМ шешімдерді таныстыру. Сұрақтар бойынша таныстырылымды тыңдау. Қосымша идеяларды қосу 10 мин

5 ҚАДАМ топтың бір мүшесі шығып, қарастырған сұрақ бойынша жалпылап, презентациясын ұсынады, қорытынды жасайды.

Сондай-ақ өз тәжірибемде эссе жазғыдыруға назар аударамын, эссе мен шығарманың айырмашылықтарына көңіл бөлемін, қалай жазу керектігін түсіндіремін, өйткені оқушылар өз ойларын сауатты жеткізе алмайды және де өз ойларын жинақтап, тұжырымдауда қиындық көреді.

Эссе жазу- мәтінмен жүйелі жұмыс істеудің бір көрсеткіші болып табылады. Эссе дегененіміз –(фр тіл *essai*-тәжірибе, лат тіл-*exagium*-құрау) философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.

Эссе –еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі.

Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес. Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелерге негізделеді

Эссенің мақсаты- эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін таңдай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтауда сөз оралымдарын тиімді қолдану, шығармашыл

жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді қолдану.

Эссе жазуға қалай дайындалу керек?

Эссе жазуға кіріспес бұрын ең алдымен мынадай сұрақтарға жауап беру керек

- Мен неге және не үшін жазып отырмын?
- Менің жұмысымды кім оқиды?
- Мен қандай идеяларды айтқым келеді?
- Маңызды ақпаратты мен қай жерден іздеп таба аламын?
- Мен оқырмандардан қандай пікірлер мен іс-әрекеттерді күтемін?

Эссе жазудың нақты мақсаты қандай?

- Белгілі мәселе бойынша өз пікірін айту және дәлелдеу;
- Сұрақ бойынша өз түсінігін, ойын айту;
- Оқырмандарды ақпараттандыру;
- Мәселені талқылау және шындықты табуға тырысу;
- Өзіңнің және оқырманның көңілін толтыру және рақатқа бөлеу;
- Көңіл-күйінді білдіру және оқырман көңілін аудару, эмоция туғызу;
- Іс-әрекетке түрткі болу.

Эссе жанрының артықшылығы қатаң шектеулердің болмауында. Шығармашылықтың толық еркіндігі, өз пікірін білдіру және ойыңмен бөлісу мүмкіндігі, бұл эссеге тән ерекшеліктер болып табылады

Эссе құрылымы неден тұрады?

Эссе жазу тәртібі 3 қадамнан тұрады.

1. Кіріспе бөлім.
2. Негізгі бөлім.
3. Қорытынды бөлім

Кіріспе бөлімі

Тақырыпқа қатысты түсінік беру сөйлемі, ой үзгісі. Тезис .

Негізгі бөлім

Тезиске қатысты пікір.

Пікірді талқылау, ойды дәйектеу, дәлелдеу, жинақтау аргументтері

Қорытынды бөлім

Абзацта айтылған ойлар түйіні. Эссені қорытындылайтын ой тұжырымы.

Эссе жазуда ескеретін мәліметтер

-эссе-оқырманмен диалог. Ол түсінікті,айқын,қарапайым әрі мәнді болса тез қабылданады;

- эссе-жазба иесінің жеке пікірі, азаматтық көзқарасы, йоын жеткізуде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін танытатын «пікір білдіру алаңы»;

- әр бөлімде ой жинақтылығы, дәлдік және «ой сүзгісінен» өткен тұжырымды пікірлер басымдыққа ие болады;

- эссе жазуда тұжырымды пікір айту осы тақырыпқа қатысты дереккөзі, материалдар және жан-жақты мәліметтермен барынша таныс болуды қажет етеді;

- эссе мен шығарманың айырмашылықтарын ескеру керек. Шығармада бейнелі ой, қанатты сөздер молынан кездесе (сөз саны шектелген), эсседе бейнелі сөздер, метафоралық қолданыс аз кездеседі, өйткені нақтылық пен дәлелге басымдық беріледі;

Шығармада сөз саны шектелмейді, эсседе сөз саны шектеледі, сол себепті эсседе ой нақтылып, сөйлем сұрыпталып беріліп, тұжырымдалған пікір нағыз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болып табылады;

-ойдың жүйелілігі (тақырыпты түсінуі, талдап қарауы, идеяны анықтау, орынды дәлелдер және т.б), ойды жеткізу шынайылығының болуы.

Қорыта айтқанда тұлғаның бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізудің қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту.

Әдебиеттер

1. А.Байтұрсынов Қай әдіс жақсы? Жаңа мектеп, 1928, №4.
2. Настольная книга учителя иностранного языка, учебное пособие, Минск, 1996
3. К.Ақанов Тіл білімінің негіздері, Алматы, 1998.
4. М.Балақаев Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту, Алматы, 1989.
5. Т.Қордабаев Жалпы тіл білімі, Алматы, 1975.
6. Ф.Оразбаева Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000.
7. Қ.Бітібаева Тіл дамыту жұмыстарын жүргізу, Алматы, 2005.
8. Б.Шканова Әдебиеттану және әдістеме мәселелері, Орал, 2011
9. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы-Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру» бағдарламасы, НИШ, 2016
10. Мұғалімге арналған нұсқау, НЗМ ПШО, 2013.

МЕКТЕПТЕГІ ГРАММАТИКА МЕН САУАТ АШУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Төлебаев А. Ж.

Павлодар қаласы М. Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің

қазақ тілі мұғалімі

ayan.tulebaev.1975@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың тіл білімінің негізін қалаушы, ұлт жанашыры, осы жолда аянбай еңбек етіп, бар ғұмырын қазақтың сауаттылық деңгейін көтеруге ат салысқан бірігей ғалым, ұстаз. Бүгінгі күні оның еңбектері жан жақты зерттеліп, сараланып, талданып әдістемелік құрал ретінде

пайдаланылып, мектеп пен жоғары оқу орындары сабақтастық тауып, өз бағытын айқындап үлгерген. Ғалым тіл үйретуде «Оқу құралы», «Тіл – құралы» жазумен шектелмей, қолданбалы грамматиканы да жазған. «Тіл жұмсардың» 35 беттік I-бөлімі «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын кітап» деп ұсынылған. I-бөлімде автордың көрсетуі бойынша, «әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білуін тәжірибе арқылы (яғни мәтіндермен, сұрау-жауаптармен, т.б.) жұмыс істетіп, үйрету көзделген. Ал II-бөлімде «I бөлімдегілердің көбі қайта келеді, бірақ олар пысықтау ретінде емес, ондағы білімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп, білдіру ретінде келеді». Кітапта оқушыларға мәтіндер ұсынады, оларды көшіру, сұрақтарға жауап жазу, сөз туғызу сияқты тапсырмалар беріледі. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту методикасы мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы.

Бүгінгі күні мектеп қабырғасында грамматиканы оқыту кезінде әрине фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік қалыптар мен мағыналарды, тілдің жан жақты құрылымын қарастыру енгізілген. Сонымен қатар қазақ тілін зерттеу ғылымына, оның ішінде А. Байтұрсынұлының еңбектеріне негізделі отырып әдістеменің өзіндік заңдылықтарын көрсете білген, осы орайда грамматика ғылымының тіл білімімен тығыз байланыста екенін айқындап, грамматика мен сауат ашудың өзара байланысын атап өткен.

Осы орайда айтқым келетіні бастауыш мектептеге қазақ тілін оқыту барысында грамматикалық деректердің оқытылуымен бірге олардың ғылыми нақтылы негізі болуы тиіс деп ойлаймын. Тіл туралы ғылымда әріптер мен дыбыстардың айырмашылығын айқындап айту керек болса, бастауыш сыныптарда да бұл талаптарда ескерілуі тиіс. Оқушы бастауыш буыннан бастап грамматиканы графикадан, орфографиядан, пунктуациядан айыра білуі керек, олардың барлығы грамматиканың өзіне негізделгенімен, өзіндік ерекшеліктері бар екені жеткізілуі тиіс. Емле жазуға үйрету әдістемесі қазақ тілінің ерекшеліктерін айналып өте алмайды, сөйлемдер өзіндік құрамы бойынша күрделі болып табылады, нақтырақ айтқанда: негізінен морфологиялық бола тұра дыбысты – әріптік жағы тағы бар, және де дыбыстық ықпалдың әсеріне байланысты айтылуын ескеріп, жеткізу керек, сонымен қатар қос сөздер, дефис арқылы жазылатын сөздерді айыра білуді үйреткен жөн, бас әріптен жазылатын сөздер мен тасымалдау тәсілін ескеріп, емле жазуды үйрету барысына теорияға сүйенген жөн, ал ол өз алдына тіл білімінің ерекше бір тармағы болып табылады. Сонымен Ахмет Байтұрсынұлы грамматиканы игеру барысында психологиялық жағына да мән бергенін атап өтуге болады. Бастауыш сыныптарда оқушы әдеби тілдің нормаларымен таныса бастайды, ал енді грамматикаға тән заттық, сындық, сапалық, қимылдық – абстракциялық ұғымды олар біртіндеп барып үйренеді, бастауыш сынып оқушылары «жүгіру», «сөйлеу», «бару» сияқты етістік деген ұғымды олардың санасына қалыптастырып, жетілдіру қажет. Сонымен қатар сөз таптарын үйрене бастаған оқушылар біршама қиындықтарға тап болады: өйткені олар нақты (лексикалық)

мағыналарын көріп үйренген, оларды тікелей заттармен және құбылыстармен байланыстырады, ал енді сөздің формалдық мағынасы мен сөздік сұрыптамасын грамматика талдайды. Мысалы: мейірімділік сөзін грамматика тек зат есім ретінде алып қарайды, осы ретте нақты және формалдық қарама қайшылықтар туындайды, оқыту барысында лексикалық және грамматикалық тараптарды үйлестіру керек. Яғни, осындай тұстарда грамматика әдістемесі психологиялық деректерге сүйене отырып үйлесуі қажет. Сондай – ақ оқушылар жазу барысында үйренген ережелерді сақтай алмайды, бір орфографиялық ережені басқасымен араластырады, бұл жерде психологиялық тұрғыдан балаларды зияткерлік қызмет тәсілдеріне үйрету қажет, бір орфографиялық норманы екіншісінен айыра білуге баулу керек. Нақты әдістеме балаларды сауатты жазуға үйретіп, олардың жолдары мен тәсілдерін қамтиды. Яғни, онда тіл ережесінен машықтарды қалыптастыратын жаттығулар жүйесі болуы керек.

Педагогиканың бір саласы болып табылатын дидактика саласында грамматика мен сауатты жазу әдістемелері тілі білімі мен психологияға сүйенуі тиіс. Сонымен қатар грамматика мен сауатты жазу бойынша қазақша оқу материалдары балаларға қолжетімді болуы тиіс, бастауыш мектепте 7-9 жасар балалар тіл үйренуде көбіне нақты ойлауға негізделген, яғни, абстракциялық ұғымдарды телу күрделі болып табылады. Орта буынға қарағанда осы бастауыш буында тіл үйрену барысында көрнекі құралдар жиі пайдаланылуы тиіс. Дидактика саналы түрде білімдерін, машықтары мен қабілеттерін бекітуге бағытталуы тиіс. Егер оқушы тілдегі немес жазудағы ережесін меңгермеген болса, онда оны жаттауға мәжбүрлейміз, бұл ретте оқушының білімі механикалық деңгей аясында шектеледі, білім түсініктен қашық қалады, ол оның жадысында көп уақыт сақталмайды, практика жүзінде қолдану аясы шектеледі, нәтижесінде ол қолданбалы білім болып табылмайтыны сөзсіз. Оқушылар әр сыныпта келесі сыныпқа дейінгі деңгейде өзіне қажет дайындықты алулары керек деп ойлаймын, ол алған білімдері ары қарайғы білім алулары барысында нақты сүйене алатындай қор болуы тиіс, келесі сыныпта балалардың бойындағы білім мен машықтары қайтадан өзгертілмеуі тиіс. Бұл жерде сабақтастықтың дидактикалық принциптері сақталуы тиіс. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін қарап отырсақ, онда оқыту тек қана білім туралы хабарлама болмауы тиіс, бірінше кезекте ұлттық сипаттағы тәрбие мен даму болып табылады. Грамматика мен сауатты жазу сабақтарына балалардың қазақы тәрбиесіне әсер етерлік оқу материалы дайындалуы керек, ал әдістемелік тәсілдер білімді жақсы игертіп, ұлттық бағытта дамуларына ықпал етсе – нұр үстіне нұр болар еді. Бір сөзбен айтар болсақ – грамматика мен сауатты жазуға үйрету әдістемесі өз ғылыми деректерін тіл біліміні, психологияның, дидактика мен педагогиканың теориялық негіздерінен алуы тиіс.

Қорыта айтайын дегенім – бастауыш сыныптар – жалпы білім берудің бастапқы сатысы. Ол толыққанды грамматикалық білімді қамти алмайды, ол тек оқушыны орта буындағы оқуын жалғастыруға дайындауы тиіс, яғни

грамматикалық жүйелік курстарды игеруге бағыттауы керек. Бастауыш буында балалар қазақ тілінің негізгі нормаларын толыққанды біліп шығулары қажет. Балалар санасында тілдің негізі элементтеріне қатысты түсінік алыптасу қажет. Мектептегі грамматика мен сауат ашу, емле деңгейінің мәселесі, мазмұны, жүйесі – айқын, түсінікті, сатылы болуы тиіс. Фонетика – дыбыстарды ажырата білу, олардың айтылуы, морфология – күрделі емес сөздердің морфологиялық құрылымын зерделеу, сөз таптары мен олардың негізі формаларын ажырата білу, синтаксис – сөздер арасындағы байланысты жасай білу, жай және күрделі сөйлемдерді құрастыру, олардың құрылымын білу деп бастапқы түсінікті ақындап, жеткізу қажет. Жалпы айтықанда мектеп – орфографиялық және пунктуациялық машықтарды жеткілікті көлемде қалыптастыруға міндетті. Грамматика тек қана кітап бетімен шектелмей – балалардың танымдық қабілетін дамытуға, талдау, жалпылау, топтастыру, тілдік материалды жүйелеуге, түсіндіре алуға, дәлелдей алуға ықпал етуі керек. Бұл дағдылар қалыптаспаса – оқушы тек қана ереже жаттаумен шектеліп, игеру барысы шынайылықтан қалыс қалады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласты, және бұл мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше екенін ескеріп, одан ары оның еңбегін негіз ретінде басшылыққа алып, бүгінгі күнде қазақ тілін оқытудағы әдістемені жан жақты зерделеп, жетілдіруге ат салысу – мектеп қабырғасында жүрген барлық мұғалімдердің парызы болып табылады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы : қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері / А. Байтұрсынов. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 444 б.

ТІЛДІҢ УАҚЫТ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Унуйбаева А.Ж.

Павлодар қаласының №32 негізгі жалпы білім беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
aunuybaeva@mail.ru

Жалпы ғылымда қандай да бір ұғым не болмаса затты белгілей отырып, дыбыстауы бар барлығына ортақ қабылданған таңбалардың жүйесін тіл деп атайтыны белгілі. Тіл туралы қалам ұстаған жанның барлығы дерлік өзіндік

пікір қалдырып, ой салатын дүние де айтқаны рас. Әр ұлттың өзінің тілінің ерекшелігімен қоса, тек өзіне ғана тән белгілері де болатыны мәлім. Тіл өзінің өзге салалар сияқты бір ережемен ғана шектелмей, үнемі даму мен өзгерістің үстінде болатынын да жаңалықтардан хабардар етіп отырады. Өзіндік қызмет жасаған соң тілдің де атқаратын міндеттерінің бар екені, тіл бірліктерінің бір-бірімен байланысып, өзара ара қатынаста анықталатыны жайлы ғылымда көп жазылады.

Тіл адам баласының сөйлеу құралы ретінде алғашқы міндетін алса, ойлаудың да тікелей шындығын білдіре отыру арқылы өзінің жұмысын атқарумен қатар сезім мен эмоцияны білдіретін құрал ретінде де қызмет жасайтыны да рас. Жоғарыда айтқан үнемі даму мен өзгерудің үстінде болатын тілдің мәселесі – жалпылама тілтанудың күрделі жұмыстарының бірі болып табылады [1,15]. Уақыттың кезеңдеріне қатысты болып отыратын тілдің құбылыстарының сырын танып-білмейінше, оның өзіне ғана тән сипатын, мәні мен мағынасын түсіну мүмкін емес болатыны да белгілі. Осындай мәселеге де қарамастан тілдің дамып, өзгеруі туралы мәселенің аса қатты мән беріп қарала бастағанына да көп уақыттың бола қоймағаны белгілі.

XIX ғасырға дейін көптеген мәселелерімен таныс болса да, тіл жүйесіндегі бірталай өзгерістерді басқаша етіп көрсеткен дәлелдердің кері әсері сол ғасырдың өзінде де қалмағаны белгілі. Сол кездегі тілдің тарихы жайында айтылған көптеген концепцияның жолы болмай, жаңа бастаулардың да сол бетінде жабылып қалуына әкеліп соқтырған еді. Айталық тілдің үнемі дамып әрі өзгеріске ұшырап отыратын құбылыс екенін мойындағанымен, тілдің табиғатын толық ашып қарастыратын дәлелдер жеткіліксіз болып еді.

Жалпы тіл өзінің жеке жаратылысынан өзгеріс пен дамуға жақны құбылыс болып келетіні мәлім. Оның барлық жағдайда болатын күйіне байланысты қасиеті – ғылыми тілде «динамизм» деп аталады [1,29]. Тілді белгілі бір қатынастың құралы ретінде қолданушы адамдардың барлығы дерлік өзін қоршаған дамудың үстіндегі өмірімен тікелей байланыста әрі қарым-қатынаста болары белгілі. Демек, үнемі дамып отыратын ойдың көрсеткіші ретінде айтылатын баға – тілдің бір қалыпта тұрып қалмайтынын табиғи жайт ретінде бағалау болып табылады. Дегенмен, бұл жерде айтылатын түсініктен тілдің синхрондық қалыптағы қозғалысымен, диахрондық эволюция жағдайындағысы бірдей болып келетіні туралы қорытынды шығаруға болмайтыны да шындық. Яки шартты түрде алғашқысын қозғалыс ретінде танып, кейінгісін өзгеріс деп те атауға болатынын естен шығармаған абзал.

1960 жылдардан бастау алатын жалғасын бүгінгі күнге дейін дамытып келе жатқан тілдің уақыт кезеңдерімен анықталған өзгерістері жайында айтылатын ой да, ізделген мәлімет те, табылған деректер де жетерлік. 1960-80 жылдары аралығында салғастырмалы тілдің білімі көбінесе үдете түсіп, дамыған еді [2,28]. Көрсетілген уақыт негізінде тарих толқындарының қандай жаңалықтарымен толысып жатқаны жөнінде мәліметтер де жетерлік. Кеңес Одағының көп ұлтты болып отырған жағдайына байланысты орыстың тілімен әрі басқа да Батыс Еуропа елдерінің тілдерімен біздің ұлттық тілдерді

салғастыра отырып оқытудың тәжірибесі халықтың мәдениетін, тілдің мәдениетін арттырудың үнемді әрі тиімді жолы ретінде белгіленгені де рас.

Жалпы бұл дәуірде лексикологиялық зерттеулерге басты назар аударылып, талай жетістіктерге жеткен еді. Түрлі тілдерге байланысты атау теориясы мен оның негізгі принциптерімен қатар сөздің мағынасының түрлері де жіті зерттелген болатын. Синтаксистік зерттеулер барысында қамтылатын негізгі мәселе ретінде танымал сөйлем мен сөз тіркесі болып еді. Ал фонетика мен фонология екеуі тілдің дыбыстық құрылысының екі түрлі саласы ретінде қарастырылған болатын [3,91]. Сондай-ақ Кеңес дәуіріндегі тіл білімінің кезінде фонологиялық жүйенің өзіне тән принциптерін дамытып, анықтау барысында психологизмнен түбегейлі бас тартқан болатын. Зерттеу барысында табылған қызықты мәліметтердің ішінде әлеуметтік тіл білімінің яғни социолингвистиканың жалпы өз уақытында тілдің қоғамдық атқаратын қызметінің заңдылықтары туралы жеке ғылым ретінде пайда болған екен-ді. В.Виноградов бастаған Б.Лариннің қалыптастыруымен жасалған ғылымның өзіндік қоғамға тигізген пайдасының да көп болғаны жөнінде хабар бар. Демек одақта болған тілдің өзіндік тәуелсіздігі болмай, жоғарыда нақтыланған салғастырмалы тіл білімінің жұмыс атқарғаны жөнінде деректерге негіз табылды.

Сексенші жылдардан өтіп, тоқсаныншы жылдарға аяқ басқан кезде де тіл білімі аралас тілдің ортасында болып, өзіндік тіл мәртебесінің биіктеуі мен шыңдалуына аса жол таба алмағаны белгілі. Тек 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылданып, тілге қатысты жұмыстардың да орын ала бастаған шағы болатынды. Тіл білімінің негізін қалаушы лингвист Кәкен Ахановтың да 1973, 1978, 1993, 2002 жылдары шығарылған оқулығының жылдарына сай мәліметтері толықтырылып, кеңінен дами бастағаны белгілі. Жалпы тіл дамуының өзіндік заңдылығы да бар екені мәлім және оның өзгеріп отыруына себепші немесе түрткі болатын факторлар үнемі кездесіп отыратыны мәлім. Айталық, тілде қамтылатын өзгерістердің барлығы оны қолданатын адамдардың еркінен тыс, өзінің ішкі даму заңдылықтарына байланысты да жүзеге асу арқылы өзгеріп отырады. Көбінесе тілді біртіндеп, эволюциялық жолмен дамығаны ерекше жүзеге асатыны рас.

Ал кейбір жағдайға байланысы біркелкі дамымай керісінше, әр түрлі салада өзінің даму нәтижесін көрсетіп тұрады. Ертеде тілді тарихқа дейін әрі кейін деген ұстаным бойынша екі кезеңге бөліп қарастырғаны жөнінде қазіргі ғалымдар жоққа шығарып, мәліметтің дұрыс еместігі жайында үнемі айтып отырады. Кәкен Аханов үнемі тілді қоғаммен байланыстырып, өзіндік даму заңдылықтарына байланысты да пікірлер легін қалдырғаны шындық. Автордың сөзінің бұрыс жағы да бар, себебі, тіл мен қоғамның бірдей дамуы болғанымен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де жетіп артылады. Жалпы тілдің өзінде қоғамның өмірінде болатындай қандай да бір революциялық секіріс немесе ескіні жаңа бір дүниенің күшімен жойып тастау деген сияқты мәселелер болмайды. Сондықтан тілдің өзіне енетін белгілі бір жаңалық бірден кіріп кетпей, біртіндеп келіп сіңетіні ғылымда дәлелденген.

Мысалы, қазір хаттама толтыру барысында жиі айтылып жүрген жарыссөз сөзі, адамдардың бір-бірлеріне үлкен сәлемін жолдау барысында қолданылатын жалынды сәлем сөзі, белгілі бір мәселені шешуге арналған арнайы жағдаяттық ашық немесе жабық жиналыстар сияқты сөздер қазіргі таңда өте жиі қолданылады. Аталмыш сөздердің қатарын өндірістік бағдарлама, демалыс күн, су қоймасы, тәжірибе алмасу сынды көптеген сөз тіркестері толықтырады. Өткен ғасырдың жазбалары мен ғылыми мәліметтеріне сүйенсек, аталған сөздердің бірде біреуі кездеспейді. Дәл осындай сөздердің тізбегі ХХ ғасырдан бері қарай, әсіресе Кеңес үкіметінің орныққаннан кейінгі дәуірді қамтып отырғаны мәлім.

Дегенмен, аталмыш сөздердің енуін керемет жаңалық етіп қабылдау да дұрыс емес. Себебі, тілімізде тіркес ретінде жүрмесе де жекелей өзінің мағынасын бұрындары да бергені анық. Тілдердің өзгеріп ары қарай дамуына байланысты болатын ортақ құбылыс ретінде аналогиялық принциптің мәні ерекше. Аталмыш тәсіл бойынша берілген тілде бұрыннан бері белгілі бір амал немесе тәсілге сүйене отырып дәл соған ұқсас жаңа туынды пайда болған болатын. Қазақтың әдеби тілінде бірді-екілі сөйлемшеде ғана болмаса, -ман, -мен қосымшалары арқылы көп дүние жасалмағаны белгілі. 1980 жылдарға қарай уақыттың ағымымен қазақтың сөздерінің қатарын «көрермен», «оқырман», «қадірмен» сөздеріне аналогиялық тәсіл арқылы «жұмыскер», «балалық», «қаламгер» сынды сөздердің пайда болуымен ерекшеленген болатын. Мысалы сол сияқты орыс тіліндегі «активизация» сөзіне байланысты аналогиялық әдіспен «советизация» сөзі, «ипподрам» мағынасымен қатыстырып «аэродром» сөздері жарыққа шыққан еді. Демек, оның өзі де тілдің уақыт кезеңдері бойынша өзгерудің нәтижесін көрсетері анық [4,65].

2000 жылдардан кейін көрші елімізден келген туыстарды қарсы алуда, олардың жағдайларын жасау барысында көптеген жағдайлар кездескені анық. Мысалы, оларды «оралман» деп атау дұрыс саналса, биылғы якм 2020 жылы аталмыш сөзді «қандас» сөзімен алмастырды. Сол сияқты «қыркүйек» сөзі фонетикалық өзгеріске душар болып, «қыргүйек» болып ауысып жатқан жайы бар. Тізе берсе тілдің өзгеруі мен сөздің ауысуы – тіл білімінде болып тұратын жиі құбылыс болып саналады. Ауысатын, өзгертін тілді тек біліп қана қоймай, оларды оқыту да баса назарда тұрған құбылыс. Сондықтан да білім алушыларға мәліметті дұрыс жеткізуге көмектесетін әдіс-тәсілдердің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Жалпы жаңа технологиялардың басты міндеті білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы жетілуіне әкеледі. Кез келген педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін келесідегідей алғышарттар қажет болатынын ескерткен жөн. Біріншіден, оқу үрдісін

интенсивтендіруді жаппай қолға алу қажеттілігі туатын болса, екіншіден білім алушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру болып табылады. Сонымен қатар, оның ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жұмыстарын жасап, назарда ұстау қажеттілігі де тууы керек.

Жобалап оқыту технологиясын жоғарыдағы мәліметтерді түсіндіру барысында қолданып көрген жөн. Аты айтып тұрғандай бұл технологияны игеру барысында білім алушылар міндетті түрде шығармашылық жұмыс, яғни ғылымыланған жобамен айналысады. Тілдің өзгеруі жөніндегі тақырып аясында сөз болатын мәліметтердің барлығын меңгеріп болғаннан кейін ғана білім алушы аталмыш әдіспен яки технологиямен айналыса алады. Алған білімін тереңдету мақсатында жүзеге асырып, оларды қалың көпшілік алдында шағын жоба ретінде де қорғауға болады.

Аталмыш технологияны пайдалану арқылы шығарма мазмұнын толық меңгеріп алғаннан кейін төмендегідей тақырыптарда жұмысты жазуға болады.

Мысалы

- Тілдің уақыт кезеңдеріне байланысты өзгеруіне әсер ететін факторлар;
- Тілдің атқаратын қызметі мен пайдасы туралы;
- Жаңа ғасыр – жаңа сөз;
- Жаһанданған елдегі тілдің жай-күйі;
- Әлем өзгерістерінің қазақ тіліне әсер етуі жайында;

Тізбектей берсек, дәл осындай тақырыптардың мыңын құрастыруға болады. Білім алушы осы тақырыптардың бірін қарастыра отырып, берілген жұмыстың мазмұнын толықтай зерттейтіні бар, сонымен қоса қосымша ізденудің арқасында көптеген мысалдар келтіру үшін бірталай ізденетіні де жалған емес.

Тағы да өзінің ерекшелігімен көзге түсетін әдістің бірі – белсенді оқыту екендігін ескертпесек де белгілі. Оның өзі бірнеше бағыттарды қамтитынын да үлкен мәселе. Ең алдымен нұсқау беру және айтуды кезін қарастыруға болады. Білім алушылардың тобына оқыту немесе оқу мақсаттарын хабарлап, олардың не істеу керектегін түсінетініне және ерекше назар аударуы қажет мәселелерге көңіл бөлетініне көз жеткізу болып табылады [5,11].

Мысалы, «Тіл – асыл қазына» деген тақырып бойынша тілге қатысты мәселелерді қозғауға байланысты жұмыс жасау қажет. Білім алушылар тілдің адам өміріндегі алар орнын қарастыра отырып, берілетін негізгі тарихи құндылықтармен танысып, ондағы ерекшеліктерді талдайды. Аталмыш белсенді оқытудың тағы бір нұсқасы көрсету мен модельдеу болып табылады. Айқын, жақсы құрылымдалған көрсетілімдерді ұсыну негізгі қызметі болып табылады. Үлестірмелі материалдарда біз сөз етіп отырған дүниені көбінесе жаратылыстану бағытындағы пәндерге арналғандай делінеді. Дегенменен де әдебиеттануда да қолдануға негіз бар. Сұрақ қою мен талқылау әдісін де осы тұста айтуға да негіз бар. Шебер ойластырылған, өңделген және мақсатқа бағдарланған ашық және жабық сұрақтарды қолдана отырып, қабілеті жағынан

әртүрлі білім алушылардың пікірталасқа қатысып отырғандарына көз жеткізуге болады.

Білім алушылар жоғарыда айтылған екі-ақ әдісті пайдалану арқылы тақырыпты толықтай меңгеріп, әрбір адамның өзіндік жай-күйімен жіті жеке танысуға мүмкіндік туады. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген барлық тәсілдердің оқыту кезінде алар орны ерекше болып табылады. Топтық және жұптық аясында, сондай-ақ бүкіл топ орындайтын жұмыста бағытталған оқыту мен өзара қарым-қатынастың маңызы зор. Тілдің адам баласы үшін құндылығы жақсы белгілі, оны зерттеу, өзгерсе де қаз-қалпында келер ұрпаққа жеткізу – әрбір адамның міндеті.

Әдебиеттер

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993 ж
- 2 Дүсіпбаева Қ. Тіл біліміне кіріспе. Өскемен, 2000 ж
- 3 Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, 2002 ж
- 4 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010
- 5 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Хамитова А. Е.

«Павлодар қ. № 96 сәбилер бақшасы -«Радуга» үйлесімді даму Орталығы»
КМҚК қазақ тілі мұғалімі
almira-hamitova@mail.ru

Қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаушы, ұлы реформатор – А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тілдік мәдениетіне қосқан үлесі орасан зор. Ғалымның қай еңбегін алып қарасақ та, қазақ халқының сауатын ашып, тілдік құндылықтың сақталып, ел ертеңіне деген азаматтық жанашырлығына көз жеткіземіз. Өткен ғасырда жазып кеткен ғылыми еңбектерінің бүгінгі күнде де тіл дамыту жұмыстарында ғылыми маңызы артып, бүгінгі ғылымның дамуына пайдасы бар екенін айтып өтуге болады. Соның ішінде біз бүгінде білім беру бағдарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесіне ғалымның қосқан үлесі туралы сөз қозғамақпыз.

Еліміздің тұңғыш Президенті – Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және тұрғыда жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау», –деп нақтылаған болатын. Ендеше, осы бағытта бүгінгі ұрпаққа білім

беруде ертеңге пайдасы келер, алған білімін өмірде пайдасына асырар өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға дамытуды мақсат тұта отырып, білім беру үдерісінде оқыту әдісіне ерекше көңіл бөлу қажет. А.Байтұрсынов: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек», – деген [1]. Тілді оқытуда да, дамытуда да әдіс түрлерін жан-жақты қамтып, түрлендіріп отырған абзал. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір оқытушы жадында сақтауы тиіс. Үздіксіз білім алып, біліктілікті арттырып отырғанда ғана нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлы – халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салған ғалым. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық», – деп [1], 1912 жылы қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі – «Оқу құралын» жазды. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылған. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Ахмет Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы негізіндегі әліпбиі – заманында қазақ халқының мәдени дүниесінде зор серпілістер әкелген құнды еңбек. Қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына зор ықпал жасады. А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жан-жақты зерттеулер жүргізіп, бүгінгі күнде маңызы жоғары құнды әдістер ұсынып кеткен ғалым.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі мен қазақ тілінде дыбыс негізінде сауаттандыру әдісінің негізгі іргетасын қалаушы. Ғалым бұл салада 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материал жариялаған. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?»,

«Ана тілінің әдісі» деген әдістеме мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жариялайды. Ағартушы ғалымның 1928 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Қай әдіс жақсы?» деген атпен жариялаған мақаласында тілді оқыту әдістерінің ғылыми маңыздылығына ерекше тоқталған. Содан бері ғасырға жуық уақыт өтсе де, А. Байтұрсынұлының мақаласына арқау болған мәселе өзектілігін жоймаған. Керісінше, бүгінгі қазақ тілі мамандары үшін де күн тәртібіндегі аса бір маңызды, күрделі мәселелер қатарында саналып отыр. Әрине, Ахмет Байтұрсынұлының әдіс туралы көпшілікке ой салып, пікір айтудағы мақсаты мен біздің бүгінгі мақсатымыз арасында елеулі айырмашылықтар бар. Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлының әдіс және оның ерекшелігі туралы

айтқандары қайталап оқыған сайын әрқайсымызға тың ой салары хақ. Осы мақаласында Ахмет Байтұрсынов: «Әдіс керекшіліктен шығады», – дей келе, сол керекшілікке қарай тілді дамыту жолдарын нақтылап өткен.

Мектеп балаларына арналған оқулықтарында А.Байтұрсынұлы иллюстративтік материалдарды қатар ұсынуда үлкен тәрбиелік әрі тіл ұстарту мүддесін көздеген. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бастауыш мектептің балаларына арналған материалдарды аса түсінікті етіп беруді көздеген ғалым оқу материалдарына мысалдарды қазақ баласына таныс (үлкендердің аузынан сан рет естіп, құлақтары үйренген) мақал-мәтел, нақыл сөздерден, мысалдардан ала отырып, оның тиімді әдіс екендігін зерделеген. Ұсынылған мысалдардың барлығы дерлік адамгершілікті, адалдықты, еңбексүйгіштікті ұлттық құндылықтарға негізделген қасиеттерді уағыздайтын дидактикалық мәні зор мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлең-жыр жолдарын ұсына отырып, тәрбиелік маңызына ерекше көңіл бөлген. Ал белгілі бір тақырыпқа лайықтап, өзі жасаған мәтіндер ауыл балаларының күнделікті тұрмысынан алынып, олардың арман-тілегін, талап-талпынысын т.б. танытатын шағын әңгімелер түрінде берілген шығармалары баланың тілдік білімімен қатар ойлау дүниетанымын дамытатындығына мән берген.

Қазақ тіл біліміне қатысты терминдердің жасалуы, жалпы терминдік жүйе ретінде қалыптасуының даму бағдары да А.Байтұрсынұлы еңбектерімен де тығыз байланысты. Ұлттық терминологияның қалыптасуында А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» т.б. еңбектерінде тіл біліміне қатысты терминдер мен термин жөніндегі ойларының маңызы зор. Ғалым Ж.Манкеева «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері» деген мақаласында:

«Терминнің шартты белгілерден айырмасы – оның ұлттық танымға жақындығы, уәжділігі мен түсініктілігі, қызмет әлеуеті т.б. негізінде тілдің бұзылмай, жаңаша дамуы. Міне, кезінде А.Байтұрсынұлы шығармашылығындағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік мүдде тұрғысынан қойылар талаптарға сай болу. Олай болса, қоғамдағы ғылыми қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуші терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, ғылыми көкжиегін, білім аясын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін термин маманға ғана таныс жасанды таңбалардан ғана жасалмай, терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн екенін жалпы тіл табиғатын анықтауға негіз ретіндегі когнитивтік лингвистика тұрғысынан дәлелдеудің мәні ерекше. Осы жаңа ғылыми бағыттар (мысалы, психолінгвистика) тұрғысынан саралап қарасақ, осы қисынға сәйкес терминжасам А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мүддесі мен таным тұрғысынан, ана тілінің табиғатына сай жасауға ұмтылыстарынан басталғанын байқаймыз», – деген

пікір айтады [2]. Тіл білімі саласындағы тілдік бірліктер білім-ғылымға ұмтылған өзге де адамдарға мейлінше түсінікті болуы қажет. Сондықтан А.Байтұрсынұлы – бастауыш мектеп оқулықтарынан және осы мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарынан өзге еңбектерінде жаңа сөздердің түсінікті болу жағын басты назарда ұстап, терминдердің барлығында да ұғым дәлдігіне қатты назар аударған ғалым. Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды.

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық-коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов: ... «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі». Шығармашылық қызметі дегеніміз – білім беру бағдарындағы әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, дұрыстап, орнымен қолдана білудегі тапқырылығы.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы анық. Тілші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдамаларын «қазақ тіл білімінің бастауы» деп танып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеп, бүгінде білім беру бағдарында пайдалануда.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергіні жеңу, табысқа талпыну өз қолымызда. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттарымен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Бүгінде қазақ тілінің даму бағдарын қайта қарап, оқыту әдістерін нақтылаудың қажеттілігі де, қазақ қоғамын қазақша сөйлетудің қиындығынан болып отыр. Яғни, тілді оқыту әдістерін ағартушы ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күн талабына сай дамытудың маңызы зор. Мемлекеттік тілді білуге мүдделі Қазақстан азаматтары мен шетелдіктерге тіл үйретуде сапалы қызмет көрсетумен байланысты қазақ тілін оқыту бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Сапалы қызметтің кепілі – тіл үйретудің ұтымды әдістерін іздеп табу, қажет болған жағдайда қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын тың әдіс түрін жасап қолдану және оны өзгелерге үйрете отырып, білікті әдіскерлерді даярлау. Тілді оқытуда әдіс түрлерін тиімді пайдаланып, жақсы- жаманын қалай ажыратуда Ахмет Байтұрсынұлының «...Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деген тұжырымын басшылыққа алған абзал. Осы орайда «бүгінде мұғалімдер сол әдістерді ұтымды қолданып жүр ме?» деген сұрақ көкейге ұялайды.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын оқытудағы озық үлгілері туралы ақынның оқытуда озық технологияларды қолдану – заман талабы болып табылады. Сондықтан балаларды жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, мемлекеттік тілді үйрете отырып, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтарын оята отырып, өз ойларын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, мәдениетті, өнерге икемді тұлға болуы үшін бала бойындағы коммуникативтік құзіреттілікті дамыту ұстаздардың қолында.

Қазіргі заман талабына сай енгізіліп жатқан жаңа бағдарламалар, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы балаға тәрбие мен алғашқы білім беру негізі – балабақшадан басталады. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар педагогтардың біліктілігін көтеруге, олардың оқу үрдісін жүйелі, қызықты етіп өткізуге, балалардың ойлау, есте сақтау, тыңдау қабілеттерін дамытуға үлкен септігін тигізіп отыр.

Сонымен қатар, мнемотехника – тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер: көрнекіліктер, дидактикалық ойындар, суреттер, буындық кестелер, тірек-сызба, үлгілер, т.б. Балабақшада балалармен бірге тақпақты көркем сөзге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсатында, поэзияның ең жақсы үлгілерін қабылдауды байыту үшін қолданылады. Сондықтан балалармен жатқа жаттау үшін эстетикалық тәрбиелік мәні бар тақпақтарды таңдап алу керек. Балаларға арналған тақпақтар көбінесе балалар өмірінен алынған. Осы орайда, Ахмет Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру» өлеңінің төрт жолын алсақ, ең алдымен интерактивті тақтаны пайдалана отырып, белгілі суреттерді көрсете отырып, бірге қайталап жаттауды және бір-бірін тыңдай білуді үйренеді. Кейін аудио арқылы өлеңді тыңдағанда, балалар көрсетілген суреттер реттілігін қайталап, үстел үстінде жинақтап көрсетеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
2. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // «А. Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Арыс, 2004. - 15-18-б.

ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ ТУДЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТТЕР

Исмагулова Г.К.

Ф.ғ.к., профессор

Шаймардан Е.Е.

Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты
erkezhanshaimardan@gmail.com

Гендерлік факторға басым көңіл бөлген қазақ ғалымы Б. Хасанұлының еңбектерінде *гендер* терминін жиі кездестіруге болады. "Біздің мақсат – тілді дұрыс бағытта дамыту, сол үшін де гендерлік зерттеу керек", – дейді Б. Хасанұлы. Қорыта айтқанда, тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы байланысты яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек. Сонымен қазақ тіл біліміндегі гендерлік бағыттың қалыптасуы мен дамуына себеп болған факторларға тоқталуға болады. Айталық, саяси-әлеуметтік фактор қоғамдық сананың гендерлік парадигмасының ауысуына және еліміздің дамуындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге себепкер болуда. Ал лингвистикалық фактор тілдің әлеуметтік қызметін дамыту, әлемдік лингвистикада өріс алған бағыттардың кең таралуына тікелей әсер етеді. Олай дейтініміз, әлемдік психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистиканың қарқынды дамуы қазақ тіл біліміне де өз әсерін тигізе бастады [6].

Гендерлік лингвистиканы қалыптастыратын жайт – адам тілінің синкретті үш қыры бар деп есейтейді: бірі – тілдің ішкі құрылысы, екіншісі – тілге әсер етуші сыртқы жүйе, әлеуметтік факторлар, үшіншісі – тілде көрініс беретін ментальді құрылым, әлемнің жанама түрдегі бейнесі. Бұл – әлемнің тілдік бейнесі, тілдік тұлғаның прагматикасы, тіл қолданушының тілдік санасы,

ойлаудың этникалық құрылымы, қалыптасу үстіндегі өмір салты, ұлттық мінез-құлық, менталитеті әсер ететіндігін атап өтеді.

Гендерлік қатынастар қоғамның әлеуметтік ұйымының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады, ал олар адамның сөйлеу мінез-құлқына және оның тілдік әлеуметтенуіне әсер ететін белгілі бір стереотиптер түрінде тілде бекітілген. Гендерлік лингвистиканың алдында феминистік және әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан тіл сыны немесе феминистік лингвистика (ФЛ) болды. Анықталған ФЛ заңдылықтары тілдік жүйеде "антигендік" асимметрияның болуын дәлелдейді. Мұндай тұжырым лингвистикалық салыстырмалылық гипотезасы тұрғысынан түсіндіріледі: тіл - бұл қоғам дамуының өнімі ғана емес, сонымен бірге оның ойлауы мен менталитетін қалыптастыру құралы. [2] Осыған сүйене отырып, тілдің феминистік сыны тілдің саналы нормалануы мен тіл саясатын саяси дискурс сияқты нәтижелі факторлар ретінде қарастыра отырып, тілдік нормаларды қайта қарастыруды және өзгертуді талап етеді. ФЛ-дың басты ерекшеліктерінің бірі - бұл "таза" тіл білімінен өте тез шықты. Тіл біліміндегі осы бағыттың айқын радикалдылығы және тіл нормаларын, мүмкін болса, тіл жүйесінің өзін өзгерту ниеті өткір пәнаралық пікірталас тудырды. Қазіргі әлеуметтік ғылым гендер ұғымдарын ажыратады. Дәстүр бойынша, олардың біріншісі адамның анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін белгілеу үшін пайдаланылды, соның негізінде адам еркек немесе әйел ретінде анықталады. Адамның жынысы әйелдер мен ерлер арасындағы психологиялық және әлеуметтік айырмашылықтардың негізі және түпкі себебі болып саналды. Гендер - бұл еркек пен әйел категорияларын анықтайтын әлеуметтік-мәдени сипаттамалар жүйесін қамтитын күрделі ұғым. Әрбір қоғамның өзіндік гендерлік жүйесі бар екенін атап өткен жөн, бірақ әр жүйе асимметриялы, яғни адамдарға жынысына байланысты әртүрлі мәдени бағалаулар мен болжамдарды көрсетеді. [3] Гендерлік зерттеулердің пайда болуы, сондай-ақ өте тәуелсіз жаңа бағыт - еркектікті зерттеу-негізінен осы қарама-қайшылыққа байланысты. Осы орайда бірнеше сұрақтар туындайды. Мысалы, грамматикалық жыныс категориясы мен экстралингвистикалық "жыныс" категориясының арақатынасы орыс тіл білімінде басқа пәндер аясында, атап айтқанда морфология, грамматика, лексикология - батыста феминистік тіл тұжырымдамасы қалыптасқанға дейін қарастырылды.

Олар бір деңгейде сирек кездеседі; керісінше, жоғарғы және төменгі, дұрыс және бұрыс, үлкен және кіші, еркек жоғары немесе басым, әйел - төменгі сатыда немесе бағынышты (қарым-қатынас кері болуы мүмкін). Ер адамдар бағыныңқы синтаксистік байланысты, сондай-ақ бағыныңқы шақтарды, мақсат пен орынды қолданады. Олар көбінесе логикалық тізбектерді, иерархияларды құрастырады, себеп-салдарлық байланыс орнатады, ойлаудың бұл ерекшелігі олардың сөйлеуінің осы ерекшелігінен көрінеді. Әйелдердің сөйлеуінде бағыныңқы дәрежелі салыстыру және жеңіл сөйлемдер бар. Ер адамдар бұйрықтарды жиі пайдаланады, ал әйелдер жанама өтініштерді пайдаланады. Сұраққа жауап бергенде, ерлер жиі нақты жауап алғысы келеді, сондықтан

сұрақ өте анық айтылады. Көптеген әйелдер мәнерлеп жауап береді, сол сияқты сұрақтарды да - көптеген еркектерге қарағанда ашық айтады.

Сонымен қатар, лингвистикалық гендерлік зерттеулердің дербес ғылыми бағыты ретінде позициясының күшеюінің бір белгісі ретінде мәдениетаралық коммуникацияны оқытуда гендерлік тәсілді қолдану мәселесін көтеретін бірқатар әдістемелік еңбектердің пайда болуын айтуға болады. Тіл біліміндегі гендерлік зерттеудің жалпы ғылыми көзқарастарын дамыту мәселелері қарастырылып, тіл мен қарым-қатынастың гендерлік аспектілерін зерттеудің нақты ғылыми міндеттері және одан әрі ғылыми зерттеулердің перспективалары тұжырымдалады. Талдау барысында мынадай ерекшелік анықталды: ғылымдағы гендерлік көзқарас ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық айырмашылықтар емес, қоғамның осы айырмашылықтарға беретін мәдени және әлеуметтік мәні маңызды деген пікірге негізделген. Олардың әлеуметтік-мәдени тұрғыдан бағалануы мен түсіндірілуі, сонымен бірге осы айырмашылықтарға негізделген билік қатынастарының жүйесін құру маңызды.

«Гендер» категориясын талдау оның қалыптасу кезеңдерін ерекше мәртебесі мен құрылымы бар термин ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Гендер қоғамның ерлер мен әйелдер рөлдерінің қалыптасуының (құрылуының) күрделі әлеуметтік-мәдени процесін көрсетеді, сол немесе басқа жыныстағы адамның мінез-құлқындағы, психикалық және эмоционалдық ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды атап көрсетеді.

Бұл процестің нәтижесі, оның теориялық түсінігі де әлеуметтік құрылым «гендер». Гендерлік айырмашылықтарды тудыратын маңызды элементтер «ер» және «әйел» (еркек пен әйелдіктің қарама-қайшылығы) және ұзақ тарихы бар, әйелдің еркекке бағынуы.

Лингвистикалық әдебиеттерде, ғылыми мақалаларда Қазақстандағы гендерлік жүйе кеңінен ұсынылып, кеңінен зерттелуде. Осы уақытта гендерлік салаға үлесін қосып жүрген көптеген Қазақстандық ғалымдар ойып тұрып орын алуда. Соның бірі, Исмагулова Г.К. өзінің диссертациялық жұмысын лингвомәдениеттану саласында қазақ, орыс және неміс мәдениетіндегі ерекшеліктерге гендерлік аспектіде зерттеу жүргізіп, сәтті қорғады. Исмагулова Г.К. айтуы бойынша «гендер әлеуметтік-мәдени құрылым ретінде әлемнің әртүрлі тілдік суреттерінде жарқын көрініс табады» деген [5]. Сонымен қатар, лингвомәдениеттанымдық талдау гендерлік қатынастардағы орыс, неміс және қазақ тілдеріндегі олардың айтарлықтай ұқсастығын анықтайды, алайда салыстырмалы талдау этномәдени дәстүрлерге негізделіп, тілдің ұлттық ерекшелігімен шарттасқан әлемнің тілдік бейне фрагменттерін пайымдайды деген. Мысалы: мәдениет тілдерінде "қос стандарт" деген ұғым бар: әйелдің күнделікті өміріндегі моралмен қабылданбайтын нәрсе, ер адамға ол нәрселердің теріс жақтары байқалмайды. Сонымен, әйел-құмар / Schürzenjäger, Frauenheld / әйел жанды – бұл тек қарама-қарсы жыныстағы адамдарға бей-жай қарамайтын ер адам. Бұл қосарлылықтың астарында еркектіктің бетімен

кеткендігі жасырынууда, оның себептерінің бірі физикалық күш, "иесі", "әкесі", "асыраушысы" әлеуметтік мәртебесі болып табылады [5].

Адамдар арасындағы биологиялық айырмашылықтардан басқа, олардың әлеуметтік рөлдерін, қызмет түрлерін, мінез-құлқы мен эмоционалды сипаттамаларында айырмашылықтар бар. Антропологтар, этнографтар және тарихшылар бір қоғамда ерлердің кәсібі деп саналатын идеялардың салыстырмалылығын әлдеқашан анықтаған, ал екіншісінде әйел ретінде анықталуы мүмкін. Әлемде әйелдер мен ерлердің әлеуметтік сипаттамаларының әртүрлілігі және адамдардың биологиялық сипаттамаларының түбегейлі сәйкестігі биологиялық жыныс олардың әртүрлі қоғамдардағы әлеуметтік рөлдеріндегі айырмашылықтардың түсіндірмесі бола алмайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, гендер ұғымы пайда болды, бұл қоғам адамдарға биологиялық жынысына байланысты орындауды бұйыратын әлеуметтік және мәдени нормалардың жиынтығын білдіреді. [1] Биологиялық жыныс емес, әлеуметтік-мәдени нормалар, сайып келгенде, психологиялық қасиеттерді, мінез-құлық үлгілерін, іс-әрекеттерді, әйелдер мен ерлердің кәсіптерін анықтайды. Қоғамда еркек немесе әйел болу тек белгілі бір анатомиялық ерекшеліктерге ие болуды білдірмейді - бұл белгілі бір гендерлік рөлдерді орындауды білдіреді. [2] Осылайша, егер биологиялық жыныс "еркек" және "әйел" санаттарында көрінсе, онда гендер "еркектік" және "әйелдік" санаттарында болады. Қазіргі мағынада гендер жеке биологияның немесе адамның қандай да бір түрі болуға бейімділіктің салдары емес. Бұл мүлдем жеке сапа емес, әр адам құрамына кіретін қоғам белгілеген тәртіп деп те айта аламыз. Гендер сонымен бірге белгілі бір тарихи кезеңде белгілі бір қоғамда қабылданған еркектіктің немесе әйелдіктің әлеуметтік және мәдени негізделген моделіне "ену" процесі мен нәтижесін көрсетеді" [1]. Н.Л. Пушкарева гендерді анықтауда гендер қарым-қатынастар мен процестердің кешенді араласуы да, әлеуметтік қатынастардың негізгі компоненті болып табылатындығына назар аударады, және бұл компонент қоғамды жынысы бойынша бөлудің негіздерінің бірі болып табылады және сонымен бірге биологиялық функциялармен бөлінбейтін байланыста қарастырылады. Гендер лингвистикалық ұғым емес, бірақ оның мазмұны тілдік ерекшеліктерді талдау арқылы да ашылуы мүмкін. А. В. Кирилина атап өткендей, "гендер" категориясы тарих, тарихнама, Әлеуметтану және психологияның концептуалды аппаратында 60-шы жылдардың аяғы – XX ғасырдың 70-ші жылдарының басында, кейінірек тіл ғылымының қызығушылықтарының кеңеюімен байланысты лингвистикада пайда болды. Дәл осы уақытта, Е. С. Гриценко атап өткендей, тіл ойлау құралы, қарым-қатынас құралы және қызметі, адам, мәдениет және қоғам туралы білім алу құралы ретінде қарастырыла бастады.

Әдебиеттер

1. Белая Н.В. Тілдегі гендерлік айырмашылықтардың көрінісі туралы [Электрондық ресурс]/ Н.В. Белая // Rhema. Рема.–2009. - Кіру режимі: <https://cyberleninka.ru/article/n/o-proyavlenii-gendernyh-razlichiy-v-yazyke>.

2. Kristin Hoganson, "What's Gender Got to Do with It? Women and Foreign Relations History," *Magazine of History* 19, no. 2 (March 2005): 14

3. Баженова И.С. Көркем прозадағы ерлер мен әйелдердің эмоционалдылығын белгілеу конвенциялары / И. С. Баженова // Гендер: тіл, мәдениет, байланыс: тезистер жинағы докл. Үшінші халықаралық конф., 27-28 қараша, 2003-Мәскеу, 2003. – Б.20-21.

4. Барышникова Г.В. Гендерлік бағалау номинациясының диахроникалық аспектісі/ Г. В. Барышникова // Гендер: тіл, мәдениет, байланыс: докл тезистер жинағы. Үшінші халықаралық конф., 27– 28 қараша, 2003-Мәскеу, 2003. – Б.21-22.

5. Исмагулова Г.К. ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ГЕНДЕРНЫХ ОТНОШЕНИЙ: СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АСПЕКТ (на материале русского, немецкого и казахского языков) [Электрондық ресурс] /Г. К. Исмагулова// Автореферат. 2005-Тюмень, 2005.-б.6-8. Кіру режимі: <https://elibr.utmn.ru/jspui/bitstream/ru-tsu/2185/1/469.pdf>

6. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері [электрондық ресурс] / Г. Шоқым//Оқулық. 2012-Алматы. Кіру режимі: <http://rmebrk.kz/bilim/shokym-genderlik-lingvistika.pdf>

THE SIGNIFICANCE OF THE WORKS OF AKHMET BAITURSYNULY IN TEACHING THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

Shamshit A. B.

Literary is a language that is characterized by codification, common acceptance, normalization and stylistic diversity. Codification is usually understood as the fixation of language in grammatical descriptions. If speech is represented in the text, then the language as a system is most adequately represented in grammar. Nevertheless, it should be recognized that the presence or absence of grammars indicates the presence or absence of linguistics.

The Kazakh language is our spiritual basis.

The person who stood at the beginnings of literary criticism and Kazakh linguistics was Akhmet Baitursynuly. Akhmet Baitursynuly was born on 5 September 1873 in a Kostanay Region. He received his initial education in his native village, then studied at the Turgai Russian-Kazakh School (1886-1891), at the Orenburg Teachers' Seminary (1891-1895). He began his pedagogical activity in 1895 as a teacher of village schools. In 1909, as the head of a two-grade Russian-Kazakh school, he joined the opposition to the existing system in Karkaralinsk, for which he was arrested and exiled to Orenburg. He was one of the leaders of the national

liberation movement of the Kazakh people. Besides this , Akhmet Baitursynuly significantly contributed to a reformation of Kazakh language as he was poet, literary researcher, Turkologist, publicist, teacher and translator.

Baitursynov's first book "Forty Fables" (Қырық Мысал) was published in 1909. In it, the author castigates the colonialist policy of Russia, arbitrariness, violence of the authorities. Taking as a basis the traditional plots of the fables of Aesop, La Fontaine, Krylov and Abay, he created a number of original works in which the genre of fable acquired national features. Baitursynuly's civic idea-dream is expressed in the book "Masa" ("Mosquito") 1911 - to introduce people to knowledge and hard work, to promote the development of art, to enhance culture. The poet calls for getting rid of ignorance, indifference and negligence. Continuing and developing the educational and critical traditions of Abay, Baitursynova raised Kazakh literature to a new level.

His scientific research in the field of Kazakh linguistics and methods of teaching his native language belong to this period. In the following years, he began to develop the principles of the reform of Kazakh writing, develops scientific terminology to define categories of Kazakh grammar.

Akhmet Baitursynuly has been writing textbooks on the Kazakh alphabet and the Kazakh language since 1910. Kazakh graphics (writings) were based on Arabic characters. He adapted it to Kazakh phonetics, for which he removed characters without Kazakh sounds from the Alphabet, added characters to sounds without Arabic characters, and created a quotation mark that is convenient for writing according to the law of thick and thin harmony of the Kazakh language (жуан және жіңішке дыбыстар).


Аа	Әә	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд	Ее	Ёё
Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Ққ	Лл	Мм	Нн
Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Ұұ
Үү	Фф	Хх	Һһ	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ъъ
Ыы	Іі	Ьь	Ээ	Юю	Яя			

Nowadays, the Baitursynuly's Alphabet is plays one of the important role in the first grade school program. Because its main importance is to teach a first-grader to read, write, make oral and write simple sentences. It takes into account the order of letters and sounds, the frequency of the use of sounds and letters in syllables, the age characteristics of children.

Many-sided talent of Akhmet Baitursynuly permitted him to try his pen in poetry, in social and political journalism, in science and other fields of culture. He is not only a scholar, translator, ethnographer, author of many textbooks he is the author of many poems for younger children. The book "Adebiet tanytkysh" ("literary

critic"1926) is the first fundamental scientific and theoretical work in the Kazakh language. Baitursynuly for the first time gave an exhaustive definition of history, theory and criticism, methodology of literature, made a great contribution to the creation of the system of Kazakh literary science. From the sources of the richest fund of the national language, words with a deep meaning, a wide conceptual circle were derived, on the basis of which all genre forms of Kazakh literature were grouped and classified. For example, the art of words, works, oral literature, *tolgau* (толғау), etc. as an example of scientific and theoretical work, the most imaginative, profound in content and meaning works of Kazakh literature are used. Using the best examples of world science written about the art of words, he created new national models of concepts, terms, categories in literary studies.

Another great work of Akhmet, who laid the foundations of Kazakh linguistics in our native language, is the creation of terms in this field of science. The scientist proposed a Kazakh name for each of the categories related to the grammar of the Kazakh language. Akhmet Baitursynuly has all the different linguistic names that are used today, such as nouns, adjectives, verbs, pronouns, conjunctions, adjectives, adverbs, interjection, prepositions, narrators, simple sentences, complex sentences, complex words.



These days, thanks to Baitursynuly's works, primary and secondary school students of Kazakhstan are learning how to competently compose sentences in the Kazakh language and follow the same rules for writing them.

Akhmet Baitursynuly once said: “If for people the main wealth is health, the main wealth of soul, of heart are knowledge and arts. Only due to them peoples find

their place in civilization. The main objective is to pass knowledge on to youth. In order to realize these objectives it is necessary to start Kazakh schools and teach in the Kazakh language all over the Kazakh steppe. This is our main goal and objective.”

That is why the spiritual leader of the struggle for national independence, the figure of Alash Part, the founder of Kazakh linguistics, methodology and literary studies A. Baitursynuly is a debt to today's generation. We as the younger generation should always have a viable legacy of the individual of educational activities . Akhmet Baitursynuly is a reformer . His teaching , which spread more than a century ago , reformist ideas have not lost their significance. The works of the National Teacher (Ұлт Ұстазы) today are the basis of Kazakh linguistics , methodology and literary studies .

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҰСЫНҒАН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Шоманова М.С.

Павлодар қаласының №39 инновациялық үлгідегі гимназия сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
somanovam@mail.ru

А.Байтұрсынұлы қаламынан туындаған еңбектердің барлығының дерлік өзіндік орны ерекше және солардың қатарында «Тіл – құрал» атты оқулығы да өзіндік мәнге ие. Бұл оқулық үш бөлімнен тұрады. Аталмыш оқулықтың фонетикаға арналған бірінші бөлімі алғаш рет 1914 жылы жарық көрсе, қазақ тілінің морфологиясына арналған екінші бөлімі 1915 жылы, ал синтаксиске арналған үшінші бөлімі 1916 жылы жарық көрген болатын. Бұл еңбектің үш бөлімі де жөнделіп, толықтырылып кейіннен бірнеше рет жарық көрді. Мақалада А.Байтұрсынұлының осы оқулығында берілген лингвистикалық терминдерге, олардың қазіргі кездегі қолданылу-қолданылмауына тоқталатын боламыз.

«Тіл – құрал» атты еңбегінің бірінші бөлімінде А.Байтұрсынұлы алдымен қарып, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын және т.б терминдерге тоқталады. Бұлардың ішінде «қарып» атауы қазіргі кезде әріп түрінде қолданылып жүргені белгілі болса, ал қалғандары сол бұрынғы қалпында қолданылуда.

А. Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстарды жарты дауыссыз дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымырасыз дыбыстар деп бөліп қарастырды. Мұндағы ымыралы, ымырасыз, жарты дауыссыз дыбыстар деген атаулар қазіргі кезде қолданылмайды. Автордың ымыралы (з, ж) және ымырасыз (д, г, ғ) дегендері қазіргі ұяң дыбыстар ретінде, ал жарты дауыссыз дыбыстар (р, л, у, и) мен ұяң дыбыстар (м, н, ң) деп көрсеткендері үнді

дауыссыздар болып қолданылуда.

Еңбектің екінші бөлімінде А.Байтұрсынұлы сөз таптарына тоқталған, онда оларды зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сияқты топтарға бөледі, яғни осындай лингвистикалық терминдерді жасай отырып және олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктейді. Мәселен, ол зат есімнің деректі және дерексіз, жалқы және жалпы түрін көрсете келе, олардың түрленуіне қатысты оңаша және ортақ түрде тәуелденетіндігі, септік жалғауын, көптік жалғауын жалғайтынын айтады. Септік жалғауына қатысты алты септікті, атап айтқанда атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс септіктері сияқты терминдерді де жасаған. Бұл атаулар да қазіргі кезде дәл сол қалпында қолданылып жүр, мұнда тек септік жалғауының бір түрі – көмектес септігі ғана берілмеген.

Автор сын есім жөнінде сөз қозғағанда оның үш түрлі шырайын атайды. Біріншісі жай шырай, екіншісі талғаулы шырай. Автордың айтуынша талғаулы шырай нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсетеді және ол -рақ, -рек қосымшалары арқылы жасалады екен. Бұл шырай қазіргі кезде салыстырмалы шырай болып қолданылуда және салыстырмалы шырай А. Байтұрсынұлы көрсеткендей -рақ, -рек жұрнақтарынан ғана емес, өзге жұрнақтардан да (лау, леу, шыл, қылт, ғылт т.б) жасалып жүргені мәлім. Ал енді үшінші шырай түрін А.Байтұрсынұлы таңдаулы шырай деп атаған. Бұл шырай атауы қазір күшейтпелі шырай атауымен алмастырылған, яғни таңдаулы шырай деген атау қолданыстан шығып, оның орнын күшейтпелі шырай басқан.

Сөз таптарының келесі бір түрі сан есімді мағыналық ерекшеліктеріне қарай есептік, реттік және темілдік (жарты, жарым, ширек) сан есім деп бөле отырып, осындағы есептік сан есімді жай есептік (бір, бес, алты) және жадағай есептік (біреу, үшеу, төртеу) деп бөліп қарастырған. Бұл арадағы жадағай есептік деген атау қазіргі қолданыстағы жинақтық сан есімі. Және осы жинақтық сан есімі есептік сан есімнің аясында емес, жеке беріліп жүр. Ал А. Байтұрсынұлы жасап, қолданған темілдік (жарты, жарым, ширек) сан есімі қазір бөлшектік сан есімі термині ретінде қолданылуда. Сан есімнің қазіргі қолданыстағы өзге түрлері (топтау, болжалдық) А. Байтұрсынұлының еңбегінде көрсетілмеген.

А. Байтұрсынұлының есімдіктерді мағыналық ерекшеліктері жағынан жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі және танықтық есімдігі сияқты топтарға бөледі. Бұлардың ішінде танықтық есімдігі деген атау қазіргі кезде қолданыста жоқ. Оның орнына болжалдық және болымсыздық есімдігі деген атаулар қолданылатын болды. Яғни А. Байтұрсынұлы ұсынған танықтық есімдігіне *ешкім, ештеңе, дәнеме, біреу, әлдекім, әлдене* сияқты сөздердің *біреу, әлдекім, әлдене* дегендері белгісіздік, ал *ешкім, ештеңе, дәнеме* сияқтылары болымсыздық есімдіктеріне қатысты.

Қазіргі қазақ тілінде ең күрделі сөз табының бірі саналатын етістік атауы да А. Байтұрсынұлы қаламынан туындаған. Сол сияқты етістіктің етіс, рай, болымды-болымсыз категориясын, көсемше, есімше атауын да қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынұлы жасап, енгізген.

Етістіктің ерекше категориясы болып табылатын етісті автор сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс және өзгелік, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс және өсіңкі етіс деп бірнеше түрге бөліп берді.

Мұндағы беделді етіс (істі біреу арқылы істеу, мысалы, хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды); шығыс етіс (елді табыстырдым, балаларды күрестірдім); дүркінді етіс (қайта- қайта істелетін істі, мәселен, хат жазғыладым, қолынан жұлқыладым); өсіңкі етіс (күшейген істі, мәселен, ат жүріңкіреді, су тасыңқырады) атаулары қазіргі еңбектерде кездеспейді. Автордың бұл арада айтып отырған беделді етісі мен шығыс етісі қазіргі кезде өзгелік етіс ретінде қолданылып жүр. Яғни, А. Байтұрсынұлы бөліп қарастырған беделді етіс (-дыр/дір, -тыр/тір) пен шығыс етіс - (-дыр/дір, тыр/тір) жұрнақтары қазіргі өзгелік етістің құрамында, өзгелік етіс жасаушы жұрнақ есебінде жұмсалады. А. Байтұрсынұлы «рай» терминін жасай отырып оның 15 түрін бөліп көрсеткен 1) тұйық, 2) билік, 3) ашық, 4) шартты, 5) ереуіл 6) реніш, 7) қалау, 8) сенімді, 9) сенімсіз, 10) мұң, 11) көніс, 12) қайрау, 13) азалы, 14) теріс, 15) болжау.

Бұлардың ішінде қазіргі кезде ашық рай, шартты рай, қалау рай сияқты түрлері ғана қолданылып жүр. Сондай-ақ осы арада айта кететін жайт автор ұсынған билік рай (Билік рай дейміз – істі істеуге-істемеуге кесіп айтқандағы сөз түрін. А.Б.Тіл тағлымы.235.б.) қазіргі қолданыста жүрген бұйрық райға сәйкес келеді, яғни А. Байтұрсынұлы бұйрық райды билік рай ретінде атаған. Сондай-ақ автордың жеке бөліп көрсеткен сенімді рай (алғаймын, тұрғайсың, болғай) мен теріс райы (барса игі еді, алса игі еді, жүрсе игі еді) қазір жеке-дара берілмей, қалау райдың аясында қарастырылуда.

Ал енді «көсемше» терминіне тоқталар болсақ, бұл терминді де А. Байтұрсынұлы өте сәтті жасап, қолданған, әрі оны үнемді, үнемсіз және ниетті көсемше деп үшке бөледі. Автор үнемді көсемше созымды істі (айта бердім), үнемсіз көсемше созымсыз, бірден бітетін істі (айтып бердім) білдіреді дей келе, ал ниетті көсемше істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі (барғалы тұрмын) дейді.

Мұндағы үнемді, үнемсіз көсемше атауларын кейбір ғалымдар (мәселен, Н.Сауранбаев) өз еңбектерінде қолданғаны мәлім. Сондай-ақ осы терминдерді алғаш Н.Сауранбаев жасағандеген де түсініктің болғаны белгілі жайт. Бірақ бұл терминдердің авторы А. Байтұрсынұлы. Соңғы кезеңдердегі еңбектерде бұл атаулар (үнемді, үнемсіз, ниетті) қолданылмайды, әйтсе де, -а, -е, -й; -ып/іп/п; -ғалы/гелі, -қалы/келі тұлғалары көсемше жасаушы жұрнақтар ретінде қызмет етеді.

«Есімше» атауына тоқталғанда оны осы шақтық есімше (өлең айтушы), өткен шақтық есімше (өлең айтқан), ұйғарынды есімше (сөйлейтін сөз, көретін көз) сияқты түрлерге бөліп көрсеткенімен мұндағы ұйғарынды есімше терминін де қазіргі қолданыстан кездестіре алмаймыз.

А.Байтұрсынұлы сөз таптарының ендігі бірі – үстеудің нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік сияқты бес түрін көрсетеді.

Нықтаулық үстеу дейміз – басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін

айтылатын сөздерді дей келе, оған мысал ретінде ең, тым, өте, нақ, нағыз, қасақана, әдейі сияқты сөздерді ұсынады. Алайда «нықтаулық» деген атау қазіргі кезде қолданылмайды, ал оған қатысты берілген мысалдар күшейтпелі (ең, тым, өте, нақ, нағыз) және мақсат (әдейі, қасақана) үстеулерінде қолданылуда.

Автор ұсынған сынаулық (істің сынын көрсететін сөздер) үстеуі және ондағы мысалдарға (шалқасынан, етбетінен, адамша, бұлайша) келер болсақ, бұл қазір сын-қимыл (бейне) үстеуі. Ал А.Байтұрсынұлының өлшеулік үстеу (сынның я істің шамасын көрсететін сөздер: сонша, мұнша, онша т.б.) термині қазір мөлшер үстеуі болып аталады.

А.Байтұрсынұлы демеу, жалғаулық, одағай, сияқты терминдердің де авторы. Әрине, мұнда берілген жалғаулық, одағай, атаулары қазіргі кезде кең қолданыста, алайда «демеу» дегеннің орнына қазір «демеуліктер» атауы қолданылып жүр және ол сөз таптарының бірі – шылаудың бір түрі. Қазіргі қолданыстағы шылаудың ендігі бір түрі септеуліктерді автор жеке-дара бөліп қарастырмай, оны «жалғаулықтар» деген тараушаның аясында қарастырады. Оны А.Байтұрсынұлының мына сөздері арқылы дәлелдеп көрсетуімізге болады: «Жалғаулық сөздер қазақ тілінде аз. Болғаны мынау-ақ: мен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, гөрі, арқылы, тақырыпты, туралы» (А.Байтұрсынұлы. 260 бет). Демек бұдан шығатын қорытынды А.Байтұрсынұлы септеулік терминін жасай қоймағандығы.

Ал енді «одағайға» келер болсақ А.Байтұрсынұлы оның үш түрін көрсетеді.

1).Ілездік одағай: лап, жалт, жұлт, дүрс, күрс, мырс, қалт, кілт, шақ, зырк, дүңк т.б.

2).Еліктеу одағай: шыр-шыр, сықыр-сықыр, сылдыр-сылдыр, күлдір-күлдір, қарқ-қарқ, қаңқ-қаңқ, дүңк-дүңк, сүңк-сүңк, маңқ-маңқ, күмп-кмп т.б.

3).Шақырыс одағай: құру-құру, ау-қау, шөре-шөре, мыс-мыс; тәйт, тек; өк-өк, шәйт-шәйт; қарағым, сәулем, алақай, апырым-ау, я, аруақ, қап, әттегене-ай, ой, пәлі, бәрекелді т.б. [1, 261-262].

Автор ұсынған ілездік одағай мен еліктеу одағай деген атаулар қазіргі кезде кездеспейді, дей тұрғанмен оларға қатысты берілген мысалдар еліктеу сөздері есебінде жұмсалады. Ал А.Байтұрсынұлы көрсеткен шақырыс одағайларында шақыру одағайларынан бөлек жекіру одағайлары мен көңіл-күй одағайлары араласып берілген, яғни жекіру, көңіл-күй одағайлары одағайдың жеке бір түрлері ретінде бөлініп берілмеген. Қазіргі кезде көңіл-күй одағайлары, жекіру одағайлары және шақыру одағайлары одағайдың мағынасына қарай түрлері ретінде жеке-жеке қарастырылады.

А.Байтұрсынұлы өз еңбегінің «Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты үшінші бөлімінде сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлем түрлеріне тоқтала, сондай атауларды жасай отырып, олардың өзін іштей бірнеше түрлерге жіктей келе тағы біршама терминдерді ұсынады. Мәселен, сөйлем мүшелерін тұрлаулы, тұрлаусыз деп екіге бөле келе, ондағы тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты, ал тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш,

пысықтауышты жатқызады және пысықтауыштың 1) мезгіл, 2) мекен, 3) сын, 4) себеп, 5) мақсат сияқты түрлерін көрсетеді. Бұлар қазір осы қалпында қолданылады. Автор сөйлемнің жалпы түрлеріне мыналарды жатқызады:

1) Болымды сөйлем, 2) Болымсыз сөйлем, 3) Толымды сөйлем, 4) Толымсыз сөйлем, 5) Жалаң сөйлем, 6) Жайылма сөйлем.

Ал айтылу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады дейді: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем және жай (сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деп аталады А.Б. 300-б.) сөйлем. Қазіргі кездегі еңбектерде сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер деп топталады.

Сонымен қатар автор сөйлемді (құрылымына қарай) іргелес сөйлемдер (мағына жағынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер) мен құрмалас сөйлемдерге, әрі құрмаластың өзін салалас және сабақтас құрмаласқа бөлген. Мұндағы іргелес сөйлем деген атау қазіргі қолданыста кездесе қоймайды, ал құрмалас сөйлем, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас деген атаулар қазір белсенді түрде қолданылып жүргені мәлім.

А.Байтұрсынұлы осы үшінші бөлімде қыстырма сөз бен қаратпа сөзге де тоқталады, әрібұл атаулар да қазір сол қалпында өзгеріссіз қолданылып келеді.

Сонымен, қорыта келгенде сонау ХХ ғасырдың бас кезінен қазіргі кезге дейін тұрақты түрде қолданылып келе жатқан лингвистикалық ғылыми терминдердің басым бөлігін жасап, олардың қалыптасуына өзіндік үлес қоса білген белгілі алаш азаматы А.Байтұрсынұлының еңбегі ерекше бағалануы тиіс деп білеміз. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдігі олардың талапқа сай, сәтті жасалуының көрінісі.

Әдебиеттер

1. Тіл тағылымы. – Алматы:Ана тілі,1992.- 448 б. А. Байтұрсынов Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 447 б.

2. Д. Ақынова. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақұлдау/мақұлдамау модальділігініңфункционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд дис. авторефераты – Алматы, 2010. –24 б.

3. И. Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.

4. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1967. – 263 б.

5. Н. Оралбаева. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы менмағынасы. –Алматы: Ғылым, 1979. – 192 б.

6. М. Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

ПЕРЕДОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ

ADVANCED TECHNOLOGIES AND MODERN TRENDS IN EDUCATION

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН РОБОТОТЕХНИКА ПРАКТИКУМЫ

Абилова О. А.

аға оқытушы, магистр

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Баймуханбетова А., Дайхан Ж.

«6B01201 «Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері» ББ
бойынша 3 курс студенті

Қазіргі қоғам ғылыми-техникалық жаңалықтармен қарқынды дамып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық және инженерлік технологиялар білім беру қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол оның тиімділігін едәуір арттырады және білім алушылардың зияткерлік, эмоциялық және жеке тұлғалық дамуына барынша ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру...» - деп білім беру жүйесін сапалы дамыту міндетін көздеген [1].

Заманауи білім берудің ақпараттық сипаты оның маңызды сапаларының бірі болып отыр. Осы сапаны мойындау білім беру мазмұнын түсіну және зерттеу үшін ғана емес, сондай-ақ практикалық тұрғыда қолдану, білім беру аясын түрлендіру, дамыту үшін де қажет.

Даму бағытындағы мектепке дейінгі ұйымның негізгі тетігі педагогикалық қызметті сапалы өзгертуге ықпал ететін инновацияларды іздеу және меңгеру болып табылады. Біздің таңдауымыз STEAM-білім беру, оның ішінде Робототехника модулі десек болады.

«Робототехника» қазақстандық білім беру саласында, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда тәй-тәй басып келе жатқан жаңа бағыт. Ақпараттық және инженерлік технологиялар бірлігінде ұсынылып отырған

робототехника өзіндік ерекшелігімен көптеген зерттеушілердің, педагогтардың қызығушылығын туғызып отыр.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде «6В01201 «Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері» ББ бойынша «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған Робототехника практикумы» атты таңдау пәні енгізілді.

Бүгінгі студент- болашақ педагог-тәрбиешілер Робототехникамен теориялық және практикалық тұрғыда танысып отыр. Атырау қалалық білім бөліміне қарасты №34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы практикалық база болып табылады. Осы мектепке дейінгі ұйымда робототехника құралдары толығымен қамтамасыз етілген. Бұл студенттерге «сөзден іске көшуге», өзінің техникалық-шығармашылық қабілетін байқап көруге, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізу формаларын меңгеруге зор мүмкіндік береді.

Бір қызығы, робототехника балалардың ғана емес, ересектердің де танымдық қызығушылығын оятып, бастаған істі аяқтауға, сыни ойлауға, креативті идеялар ойластыруға жетелейді. Бұған дәлел – студенттердің робототехникамен айналысуға деген талпынысы десек болады.

Практикалық тұрғыда нәтижелі жұмыс жүйесі алға қойылды десек те, ең алдымен робототехника тарихына шолу жасау қажет деп санаймыз.

Осы тұста, әлемде жақсы дамыған робототехниканың тарихына үңіліп көрсек. Негізінде, «робот» сөзін ең алғаш чех жазушысы К.Чапек ойлап шығарған. Ол алғашқы ұғымында «жұмысқа шебер адам» мағынасында қолданылды. Сол кезден бастап құлтемірлер адам тәрізді әрекет, қимылдар жасайтын машина, адам жүрісі мен қимылын айна-қатесіз қайталайтын автоматтандырылған құрылғы болып саналады. Оның тарихында 1464 жылы Леонардо да Винчи 12 жасында адам тәрізді бірнеше қимыл жасауға мүмкіндігі бар гуманоид автоматының жобасын құраған. Ал 1833 жылы Чарльз Бэббидж аналитикалық машинаны құрастырды. Бұл жобаға қатысқан Ада Ловелас – ең бірінші компьютерлік программист болып тарихқа енді.

Ал 1942 жылы ғылыми-фантастикалық мәнерде жазатын жазушы Айзек Азимов робототехниканың үш заңын ойлап табады. Ол заңдар жайлы сол жылы жазылған «Хоровод» әңгімесінде баяндаған. Атап айтқанда, бірінші, бір де бір робот адамға залал келтіре алмайды немесе әрекетсіздігімен залал келуіне жол бермейді. Екінші, бірінші заңға қарсы келмесе, робот адамның барлық бұйрықтарын орындауға тиіс. Үшінші, бірінші және екінші заңдарға қайшы келмесе, робот өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Осы негізде, 1948 жылы Норберт Винер тәжірибелік робототехниканың негізін құрайтын кибернетиканың қағидаларын тұжырымдаған. Сол бойынша 1949 жылы Уильям Грей Уолтер «Тасбақа» деп аталатын алғашқы автономды роботты құрастырып шығарды. Роботтың түрі мен баяу қозғалуына байланысты «Тасбақа» деп аталыпты. Десе де, ең бірінші сандық басқаруы бар бағдарламалы робот «Unimate» болған. Ол робот ыстық темір бөлшектерді балқыту машинасынан көтеріп, жинауға арналған. Жалпы айтқанда, толығымен автономды роботтар XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда бола

бастады. Міне, содан бергі уақытта робототехника саласына ерекше мән берген елдерде қарқынды дамып, бүгінде бұл сала экономиканың драйверіне айналып отыр [2].

Қазіргі уақытты білім беру саласына толығымен еніп отыр десек артық болмас. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары Лего құрастыру және робототехника әлеміне ерекше көңіл бөле бастады.

Педагогикалық практика кезінде байқағанмыздай, мектепке дейінгі ұйымда балаларды оқыту мен дамытуды осы ұйымдағы ақпараттық білім беру ортасы шеңберінде қолжетімді құрастыру және робототехника құралдары көмегімен жүзеге асыруға болады. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық және техникалық білім деңгейін, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық білім беру ортасының (АБО) тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Десек те аталған құралдарды тәжірибеге нәтижелі, сәтті енгізу үшін бағдарламалық-техникалық және әдістемелік қамсыздандыру қажет-ақ, бұл мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық білім ортасын ескере отырып жоғарыда сипатталған міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Робототехниканы балаларға неше жастан бастап үйреткен жөн? Балаларды 3 жастан бастап робототехникаға, болмаса, қарапайым құрастыру әрекетіне баулыған жөн. Өйткені бұл жастағы бала жаңаны тануға белсенді, ашық, қосымша дамуға толығымен дайын болады. Әр іске қызығушылық білдіріп, өзіне керек дүниелерді бойына сіңіре бастайды. Оларды қабылдап алу жылдамдығы жоғарғы деңгейге көтеріледі. Біз білімді ойын арқылы береміз, бұл өте ұтымды, себебі мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті - ойын. Бала өзінің қалай дамып жатқанын байқамауы да мүмкін. LEGO құрастырғыштарымен танысып, арнайы маманның нұсқауы бойынша топпен жұмыс істеуге, ойын еркін жеткізуге дағдыланады [3].

LEGO қазіргі кезде барлық балалардың ең сүйікті ойыншығына айналған. Бөлшектері өте ыңғайлы, үлкен платформалы болғандықтан, баланың техникалық ойлау қабілетін дамыта алады.

Бала робототехника арқылы механик, құрылысшы немесе роботты ойлап табатын адам бола алады, яғни баланың ой өрісі, логикасы жеткілікті түрде дамиды. Моторикасы дамыған кезде мидың бөліктері әлбетте дамиды. Өйткені бала жұмыс барысында қандай элемент керек екенін ойланады, сонымен қатар, оларды өлшейді, көлемін, енін есептейді. Мәселен, жылдамдық үшін қандай резина, қандай балон керек екенін және қай балонда жылдамдық тез болатынын, қай балонда жылдамдық баяу болатынын бала ойланып табады. Сонымен қатар бала тек ойланып қана қоймайды, қол моторикасын роботты құрастыру барысында ұстап көру арқылы кинестикалық тұрғыда дамытады.

Қазіргі таңда балаларды ойландыруды ауқымды проблемалардың біріне жатқызуға болады [4]. Педагогтардың баланы оқытуда ойын технологиясы ұтымды болып саналады. Себебі, ойын технологиясы арқылы баланы оқыту ең тиімді жол. Ойын технологиясының басты құралына робототехниканы жатқыза аламыз.

Бүгінгі тұжырымдарымызды түйіндер болсақ, креативті ойлай білетін шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарты білім беру робототехникасын қолдану, ал Робототехника - STEAM білім беру модулі болып табылады. Робототехниканы білу – заман талабы, балалар техникалық, шығармашылық қабілеттерін дамытуға шексіз мүмкіндіктер береді және технологиялардың әрі қарай дамуына да жол ашады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР үкіметінің 2007 жылғы 28 маусымдағы №546 Қаулысы.
2. Корягин, А.В. Оқу робототехникасы (Lego WeDo) [Мәтін]: Жұмыс дәптері / А.В. Корягин. - М.: ДМК баспасөзі, 2016. -- 96 б.
3. Мектепке дейінгі ересек жаста құрастыру дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. - Астана, 2019ж. - 30 бет.
4. Емельянова Л.А. Преимущество дошкольного и начального общего образования в развитии конструкторских способностей детей в аспекте освоения робототехники. Челябинск – 2018.

СИСТЕМОГЕНЕТИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ТРУДА В ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ

А. В. Абишева

магистрант Торайгыров университет, г.Павлодар
asemgulja@mail.ru

В. Х. Адилова

профессор Торайгыров университет, г. Павлодар
adilova.v@list.ru

Развитие культуры интеллектуального труда относится к системе, включающей интеллектуальную социализацию, в результате которого преобразовываются интеллектуальная компетентность, интеллектуальная чувствительность, интеллектуальная образованность личности. Данными качествами необходимо наделить будущего специалиста социально-гуманитарного направления с целью интеллектуализации практико-ориентированной профессиональной подготовки, требующей необходимого уровня и прочности научения знаниям.

Концепция технологии развития культуры интеллектуального труда основана на системной методологии, которая в теории практико-

ориентированной профессиональной подготовки отражается через системогенетический подход психологического анализа «интеллектуальной компетентности-психологической системы профессиональной подготовки - интеллектуальной образованности».

Ключевой теорией концепции развития культуры интеллектуального труда является идея придания интеллекту статусу биологического органа психики. Тогда процесс развития КИТ можно представить как источник равновесия, так как для познающего характерно раскрытие программы интеллектуального труда для более адекватного описания, объяснения и планирования пути развития в окружающей действительности. Установление морально-нравственного уровня отношений «между познающим и средой» отождествляется с жизненно важными органами человека, обеспечивающими адаптивность равновесия.

Путь развития культуры интеллектуального труда аналогичен видообразованию через естественный отбор, в ходе которого новая форма жизни может возникнуть из ранее существующего под воздействием среды. В ходе эволюции процесс развития благоприятен и устойчив для тех видов, умеющих преобразовывать составляющие культуры интеллектуального труда, чем для тех форм, которые научились их замещать для собственных нужд и приспособляться к условиям.

Системогенетическая технология развития культуры интеллектуального труда в русле личностных качеств и опыта необходимо осуществлять в процессе практико-ориентированной профессиональной подготовки. Для этого необходимо ее обогащать актуальными на текущий момент проблемно-профессиональными, диалоговыми, интерактивными, рейтинговыми способами научения знаниям.

Системогенетическая технология развития КИТ на основе идеальной модели позволит более конкретно и целостно исследовать многообразные проявления личности и преобразовать интеллектуальную компетентность, чувствительность, образованность субъекта деятельности.

Известно, что психологические структурные составляющие культуры интеллектуального труда на этапах её генезиса раскрывают такие функциональные блоки, как:

- мотив, цель, задачи развития КИТ;
- содержание интеллектуального труда, способы выполнения действий, операций и процедур;
- информационную базу деятельностной программы;
- управление (планирование, контроль и оценка) интеллектуального труда и принятие решений.

На первом и втором курсе организации практико-ориентированной профессиональной подготовки в структуре поведения обучаемого можно наблюдать:

- образование функциональных связей между отдельными компонентами, обеспечивающими принятие задачи;

- осознание инструментов для их достижения;
- освоение инструментов для контроля действий и оценивания результатов.

В теоретическом подходе системогенеза можно выделить специфические особенности, раскрывающие закономерности для наиболее полного рассмотрения позиций совместной деятельности при её одновременном индивидуально-типологическом выраженном характере.

Организация практико-ориентированной профессиональной подготовки в контексте использования системогенетической технологии развития КИТ основана на теоретических подходах к исследованию совместной деятельности как её формы для порождения познавательных процедур[1].

Источник познавательных процедур составляет овладение интеллектуальной компетентностью для освоения предметного мира при условии поддержания совместных действий и их выполнений. Совместная деятельность органически должна прорасти в интеллектуальный труд, что будет служить новой формой системогенетического понимания совместного труда в деятельности.

К другим характерным особенностям, которые позволяют обобщить специфику практико-ориентированной профессиональной подготовки относят:

- связь развития культуры интеллектуального труда с основными функциями образования как необходимой части передачи опыта;
- изменение и приобретение новых индивидуальных качеств или новообразований как конечный результат;
- обновление видов и форм в компонентах практико-ориентированной профессиональной подготовке;
- конкретизация теоретических положений системогенетического подхода в субъект-субъектных и субъект-объектных отношениях, определяющих характер отношений к предмету деятельности.

Системогенетический подход совершенствует процесс профессиональной подготовки, так как анализируется индивидуальный труд обучаемого в ходе практики и самостоятельной подготовки, которая определяет и соотносится с нормативной базой практико-ориентированной программы. Вскрытые противоречия и несоответствия влияют на построение разнообразных вариантов нормативного труда и их согласование в целях наиболее успешного овладения интеллектуальной компетентностью в ходе профессиональной подготовки.

Наиболее важные закономерности развития культуры интеллектуального труда раскрываются в теории системогенеза через формирование мотивов и целеобразование.

С позиции системогенетической теории целенаправленная активность субъекта профессиональной подготовки позволит решить её многообразные задачи, так как понимание цели как личностно значимой направлено на достижение интеллектуальной компетентности – психологической системы подготовки - интеллектуальной образованности.

Важное место в анализе профессиональной подготовки отводится психологической сущности подготовки, которая понимается как процесс формирования психологической системы у обучаемого[1].

Психологическим условием формирования практико-ориентированной профессиональной подготовки обучаемого является осознание «мотива - цели - результата». Постановка заданий к материалам полноценно не разработана, поэтому процесс принятия обучаемыми задания и понимания ими задачи может быть основано на таких вариантах:

- принятие и понимание задачи изучаемого;
- принятие, но не понимание задачи;
- не принятие, но понимание задачи;
- не принятие и не понимание задачи.

Такое соотношение принятия и понимания задачи включает учет индивидуальных возможностей обучаемого при выполнении задач и овладении результатами для достижения субъективной цели.

При постановке цели необходимо учитывать её формы, которые отражаются в цели-образе и цели-задании. Большинство ученых предлагают придерживаться следующих условий для эффективной организации подготовки:

- разработка мотивов-целей, характеризующих взаимосвязь мотива подготовки и её задач;
- однозначность понимания терминов и понятий при реализации задач и организации технологии интеллектуального труда;
- четкое обозначение способов реализации цели до проблем, которые необходимо и достаточно решить. Начальный этап профессиональной подготовки включает пропедевтическую и опережающую систему формирования действий, так как последующие этапы подготовки направлены на поиск способов решения задач как основа интеллектуального труда обучаемого;
- создание единой информационной базы с разнообразными источниками – материалами;
- правила оценивания результатов: начальный этап подготовки направлен на оценивание результатов, поддержание этических принципов, показателей развития КИТ;
- обозначение навыков самооценки – начиная с нравственных уровней оценивания, по отношению к профессиональной подготовке и её результатам, и заканчивая способностями и индивидуальными качествами;
- обозначение определенных условий для образцов и стандартов как обязательного компонента совместного труда, позволяющего развивать самосознание обучаемого. Инструментарием образцов являются методы управления, экзистенциальный нажим, «легкие подталкивания», трансляция информационного материала, ознакомление с нормативными моделями интеллектуального действия, маркирование субкультуры интеллектуальной элиты.

Интерактивные методы развития КИТ необходимо направить:

- на оттачивание мировоззрения, ценностных ориентаций на основе сочетания космоизма и национального самосознания;
- на способность к логоцентризму на основе интуитивизма;
- на обобщения, на основе уточнений, объективных оценок и суждений, уточняющих долю их субъективизма;
- межсистемные знания - междисциплинарные, межкультурные, межнаучные, межотраслевые.

Содержание технологии развития КИТ соответствуют задачам, относящимся к результату и процессу, характеризующие процедуру и действия.

В конкретных технологиях реализация задачи направлена:

- на усвоение понятийного аппарата, определенной системы знаний;
- на описание, классификацию, систематизацию;
- усвоение законов и закономерностей;
- нахождение искомого доказательства;
- формирование навыков.

Основными критериями классификации задач являются важные познавательные процессы с позиции теории познания. Такая классификация по видам познавательных процессов включает следующие типы:

- научиться видеть, запоминать, воображать;
- научиться приобретать знания, осваивать способы действий;
- развивать способности и работать над формированием качеств личности.

Данная группа задач позволяет раскрыть проблемы, развивающие операционные механизмы способностей и умения для управления способностями. К аспектам психологического анализа интеллектуальной компетентности относится его в контексте взаимосвязанных представлений о понимании, познании и знании, при котором их принятие и понимание относится к главному психологическому условию их реализации. Если изменить уровень психологической сложности задач в процессе подготовки в соответствии с возможностями обучаемого, то это позволит индивидуализировать психологические механизмы научения.

К формам технологии развития культуры интеллектуального труда в русле системогенетического подхода относятся лекции, беседы, просеминарские и семинарские (практические) занятия, интеллектуально-нравственные тренинги, морально-воспитывающие ситуации, ролевые игры, «круглые столы», самостоятельные работы[1].

Сущность психологической системы профессиональной подготовки заключается в приведении в порядок знаний и опыта как средства для организации общения и взаимодействия на основе развития и использования продуктов коллективного разума. Это индивидуальный и коллективный когнитивный опыт, который обеспечивается средствами «диалоговой технологии» с целью развития «опыта и его обменом».

Посредством мотивированного интеллектуального поведения минимизируются риски неэффективного восприятия обучающимися

компетенций. В состав компонентов мотивации входит побуждение как ощущение недостатка в компетентности, потребности в образовании.

В системе развития культуры интеллектуального труда побудительно-мотивирующий путь определяет функции, актуализирующие факторы побуждений и мотивов. В результате реализации функций мотивационные отклики обучаемых на действия и внешние воздействия повышают интерес к профессиональной подготовке, ведут к возникновению осознанных целей и совершенствованию в профессии, приложению сил в конкретной области.

Литература

1. Адилова В.Х. Формирование культуры интеллектуального труда будущего специалистов: теория, технология, практика: монография. – Павлодар: «Кереку». – 2017 г.

2. Суворова Г. А. Деятельностный подход к психологическому консультированию в образовании: системогенетическая парадигма. - М.: Прометей, 2016.

3. Абульханова-Славская К. А., Денисов В. А., Чернышев А. П. Рецензия на книгу В. Д. Шадрикова «Психологический анализ деятельности». Учебное пособие. - Ярославль: ЯГУ, 1979» // Психологический журнал. - 2016. - Т. 2. -№ 4. - С. 165-166.

4. Суворова Г. А. Мир внутренней жизни человека как предмет диалога субъектов психологического консультирования в образовании // Материалы Всероссийской конференции «Психология индивидуальности», Москва, 2-3 ноября 2016 г. - М., 2016. - С. 490-493.

5. Карпов А. В. Общая психология субъективного выбора / А. В. Карпов. - М.:ИП РАН; ЯрГУ 2017. - 328 с.

6. Поваренков Ю. П. Психология становления профессионала / Ю. П. Поваренков. - Ярославль: ЯГПУ, 2016. - 98 с.

7. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии / Г. К. Селевко. - М.: Народное образование, 1998. - 256 с.

8. Талызина Н. Ф. Педагогическая психология / Н. Ф. Талызина. - М.: Академия, 2003. -288 с.

9. Якунин В. А. Педагогическая психология / В. А. Якунин. - СПб.: Изд-во Михайлова В. А., 2000. - 348 с.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІ – ЖАҢА ЗАМАН СҰРАНЫСЫ

Адильбаева Л. М.

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар қаласының білім беру бөлімі» ММ әдіскері

2020 жылдың 16-наурызынан бастап барша халық пен ұлт денсаулығын сақтап қалу мақсатында оқушылар және мектепке дейінгі білім беру мекемелері

қашықтықтан білім беру жүйесіне көшті.[1]

Мектеп әкімшілігі қашықтан оқу жағдайында мұғалімдер мен ата-аналарға түрлі мотивациялар ұсынуда. Оқу үрдісінде ақпараттық технологияны жан-жақты меңгерген ұстаздар қашықтан оқытуда bilimland.kz, Online, Daryn.Online платформалары, ZOOM, гугл MEET, classroom бағдарламалары, WebEx, whatsapp арқылы сабақтарды жүргізіліп, кері байланыс жүзеге асырылды. 2020-2021оқу жылының нәтижесі бойынша мектебіміздің білім сапасы 71,2% орта балы 3,9 құрады. Мектебімізде жалпы 285 мұғалім болса, биология пәнінің 10 мұғалімдері қашықтықтан оқытуды ұтымды ұйымдастыруға тырыстық.

Қазіргі таңда елімізге келген үлкен сынаққа мектеп ұжымы үлкен жауапкершілікпен қарауда. Күнделікті қашықтықтан жүргізілген сабақ ретімен жүргізілді. Сабақ барысында ұстаздар ата-аналармен де етене жақын араласып, балаларға өтілетін тақырыпты жан-жақты дайындықпен түсіндіруде. Ал мектеп басшысы мұғалімдер, ата-аналармен ZOOM конференциясы арқылы байланысты тұрақты жүргізіп отырды.

WhatsApp желісі, Coogle Classroom, Bilimland.kz, Darynonline.kz, Kundelik.kz платформалары арқылы қалыптастырушы бағалаудың жүргізілуі оқушылардың өз бетімен іздену, білімдерін шыңдауға, әрі қарай білім алуға мүмкіндік беру арқылы кері байланыс беру арқылы жүйелі жұмыстарын жүргізуге, оқушылардың алған білімдерін бағалауға мүмкіндік береді. Қазіргі еліміздегі болып жатқан қиын-қыстау жағдайға бой бермей, болашақ ұрпақтың сапалы білім алу үшін мұғалімдердің қызметі өте маңызды. Сондықтан әр мұғалімнің еңбегі бағалы. Қазіргі кезде оқушыларға қашықтықтан білім беру кезінде оқушының ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын ескерген жөн.

Ұстаз ретінде биология сабағын өтуде электрондық білім беру платформаларының ерекшеліктерін саралай келе сабақ өту барысында қалыптастырушы бағалау жұмыстарын жүргізуде тиімді қолдануға болатын және тиімді қолдануға жағдайын тудыратын сервис түрлерін саралап зерттеу жүргіздім. Нәтижесінде:

1. ZOOM-Бейнеконференциялар мен вебинарлар өткізуге арналған сервис. Биология сабағын өту барысында қатысушылар дауыспен сөйлеуге, бейне көрсетуге мүмкіндігі бар

2. Edpuzzle- Биология сабағында білім алушылардың орындаған жұмыстарын бақылауға болады.Интерактивті бейне жасауға болады.

3. Quizlet- Биология сабағында қолдануға болатын флэш-карталар мен ойындар жасауға мүмкіндік беретін сервис.Білім алушыларға сілтеме бойынша жіберіледі.

4. Kahoot - Биология сабағында білім алушылармен кез-келген бейнеконференция байланыс алаңында тренингтер, презентациялар, кездесулер мен іс -шаралар өткізуге мүмкіндік береді. Оқушылардың алған білімдерін саралап, бағалауға мүмкіндік жасайды.

Whatsapp желісі арқылы білім беру барысында бейнежазбаларды дайындау

құрылғылары:

- Bandicam- Windows жүйесіне арналған бағдарлама,биология пәні бойынша жасалған экрандағы презентацияны өз дауысыңызбен және бейнені қоса түсіріп жазып алуға арналған бағдарлама.

- Camtasia- Биология пәнінен видео сабақтарды интернеттен көшіріп алуға немесе видео онлайнды жазып көшіріп алуға болады.

- XRecorder-Егер смартфонныңызда жүктелген дайын презентацияларыңыз болса, смартфон арқылы жұмыс жасауға өте ыңғайлы бағдарлама. Жасалған презентацияға аудио дыбыс жазып, көшіріп білім алушыларға ұсынуға болады.

Whatsapp желісінде биология сабағында кері байланыс орнату үшін қолданылатын сервистер:

- Direct Poll-білім алушылардан бүгінгі өтілген сабақ бойынша сауалнама жасап алуға, рефлексивті дауыс беруге болатын сервис түрі;

- Quizizz- Биология пәні бойынша тақырыптарға сай викториналар жасауға болады. Мұғалім әр білім алушы бойынша статистика;

- Google forms- Бұл сервистің көмегімен биология пәні бойынша тест, кері байланыс формасын және сауалнаманы жасауға болады;

Әрбір білім алушы үшін қалыптастырушы бағалау тапсырмалары жеңіл беріліп, ақыл-ойына оңай қабылдануы керек. Баланың тілін дамытып, өз ойын еркін айтуға үйретуіміз керек. Ал оқуда қиналып, мұғалімнің түсіндіріп жатқан тақырыбын түсінбей жатқан балаға оқу-тәрбие әдістерін қолдану қажет. Әр бала қабілеті әр түрлі біреулері ақылды, тез қабылдағыш, кейбірі нашар қабылдап, айтқан сөздерді есте сақтай алмай көп қиналады. Қабілетсіз бала болмайды, әр баланың ойы гуманитарлы немесе жаратылыстану бағыттарға қарай бөлініп, өзіне жақын бағытқа қарай тартылады. Спортқа жақын балалар да, оқуда осал бола бермейді. Білім алушылардың жақсы оқуы үшін мақсат, талпынушылық пен ынта қажет. Білім алушының бойында ол қасиеттерді оятушы ұстаз. Осы орайда еліміздің ұстаздарына үлкен, әрі ауыр міндет артылған. К.Д.Ушинский айтпақшы, - Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі. Бүгінгі біздердің ісіміз ертеңгі еліміздің тарихына жазылмақ, еліміздің болашағы мұғалімдердің талпынысында, өз жұмысын жауапкершілікпен орындауына байланысты болып отыр.

Мұғалімдердің білім берумен қатар білім алушы бойында өз ұлтына деген қадірлеу, құрметтеу сезімдерін ояту, сүйіспеншіліктерін дамыту, басқа ұлт өкілдерін сыйлап, бейбітшілікте өмір сүруді үйрету міндеті қоса жүктелген. М.Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. Себебі, ол қандай мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады»-деп, бекер атпаса керек. Оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына көмектесу, білім алып, өзінің қабілеттерін ашып, дамытуына жол көрсету – ұстаздың міндеті.

Сондықтан оқушыларға білім беру кезінде оқушының ой-дағдысын, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, дене бітімі мен ақыл-есінің дамуын, оқыту тілін меңгергендігін, жаңа технологияларды қолдана білуін, білім сапасын

ескерген жөн.

Білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен орта мектептегі тәрбие жоғары мектептер мен жоғарғы оқу орындарында жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жаңа міндеттер туғызды. Бұл міндеттерді орындау барысында мұғалімнің жұмысы күрделенбек. Бұл жүйе мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігінің жоғары екендігін білдіріп, жалпы қолданыстағы бағдарламалар: Microsoft Word, Microsoft Power Point, Microsoft Front Page, Microsoft Publisher Adobe, Photoshop және басқаларын сабақ барысында кез-келген мұғалім қолдана алуы тиіс. Оқыту барысындағы қолдану аясы өте кең. Оларды көрнекілік ретінде қолдану, өздігімен тұсаукесерлерді өз қолымен жасап, оны сабақтарына пайдалана алады. Ғаламтордағы дайын жиынтықтарды, сабақтар, ертегілер, флипчард сабақтар мен бейнефильмдерді пайдалануға болады.

Платформалармен жұмыс жасау арқылы оқушылар сабақтың әрбір кезеңдерінен өткен сайын оқушылар тапсырмаларға тез, дұрыс жауап беруге тырысып ұйымшылдыққа тәрбиеленді, белсенділіктері, қызығушылықтары артты. Сабақ бойы оқушылар берілген тапсырманы орындауда белсенділік көрсетті. Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасының, қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады.

Кез-келген баланың өз ойын жүйелеуге тәжірибесі жете бермейді. Егер баланың қалыптасуын жүйелі түрде пәннен бастап қалыптастыратын болса, онда ойы ұшқырланып, айналаны танып білуге деген қызығушылықтары арта түседі. Жазбаша айтылатын ойлар жүйелілігін, ауқымдылығын сақтай отырып, кең мағынада көркем жеткізіледі. Әрине мұндай деңгейде әрбір жеке тұлға жоғары сауаттылық пен терең білім, қалыптасқан білік пен дағдының арқасында жетеді.

Бүгінгі білім алушылардың оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес білім алушылардың білімдерін жетілдіру, оқу- тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқушыларға балапан арнасы арқылы күнделікті сабақта балаларға көрсетілім жасап бағыт-бағдар беру, озық іс- тәжірибелерді пайдалану арқылы балалардың ата-анасының қадағалауымен қалыптастырушы, жиынтық, тоқсандық бағалауларды ұсыну негізінде жүргізіледі.

Қашықтықтан оқыту білім алушылардың ғаламторды ұшқыр пайланануға үйретумен қатар ата- анасымен балаларының байланысын күшейтті. Өсіп келе жатқан баланың бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтары мен түрлі қабілеттерінің қалыптасуы қоршаған ортасымен тікелей қарым- қатынас нәтижесінде жүзеге асады. Қашықтықтан білім беру оқушылардың топпен жұмыс жасауына, қоғаммен араласуына кедергі келтіруде. Қарым-қатынастың негізгі құралы-сөйлеу. Баланы сөйлеуге үйрету тілі шығып, қажетін сұрай бастаған сәттен басталады. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа

шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алуға тырысады. Тек өзі жұмыс істеген бала өз ойын өзгеге білдіруге қиналып, тұйықталып қалады. Айтылатын ойды ауызша жеткізу әсері болғанымен, қысқа мағынада қалып қояды.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Заманауи мұғалім – өз шәкірттерін жетістіктерге, инновацияларға жетелейтін, дүниетанымын арттыратын, ортақ шығармашылыққа шақыратын адам. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз. Ұстаздық – ұлы ұғымға құрылған мамандық десек, осы кәсіпті жүрек қалауымен қалап, мектебі үшін бар күшін жұмсап, онысын ісімен дәлелдеп жүрген ұстаздарымыз қаншама. Осындай ұйымшылдықпен бір бірімізге деген сенім, ұйымшылдық ұжымның бірлігін артыра түскендей. Сабырлық пен адамгершілікті, мейірімдікті жалпы жұртшылыққа түсіндіріп жеткізушілердің бірі – ұстаздар!

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші барлығымыз қайсар ұстаздарымен олардың білімді шәкірттері тұрғанда барлық қиыншылықты жеңіп шығамыз! Бүгінгі білім алушы – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін әр педагог өз пікірін жүйелі түрде жеткізе білетін, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интернет жүйесін пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер. Осы үрдіспен мемлекетіміздің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктейді. Сын сағатта үштік одақ бірлескен жағдайда қашықтықтан оқытуды нәтижелі, абыроймен жүзеге асыратынымызға сенімдімін.

СТУДЕНТТЕРДЕ СУБЪЕКТИВТІ ҚАНАҒАТТЫ АРТТЫРУДА ЖАҒЫМДЫ ЭМОЦИЯЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Адилъжанова К. С.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
аға оқытушы, adilzhanova77@mail.ru

Студенттердің субъективті қанағатын арттыруда жағымды эмоциялардың орны ерекше. Жағымды эмоциялар адамның денсаулығына да үлкен әсер ететіндігін ескере отырып, студенттерді оқыту және тәрбиелеу процесінде үйлесімділіктің болуын қамтамасыз ету керек. Жағымды эмоциялардың

әсерінен студенттердің ЭИ дами түседі, яғни жағымды қарым-қатынас, өзара түсінушілік, өзін және өзгені түсіне білу .

Эмоциялар - бұл біздің өміріміздің туа біткен бөлігі, бірақ біз оларға көп көңіл бөле бермейміз. Көптеген жылдар бойы олардың денсаулығымызбен тікелей байланысын көрсететін дәлелдер көбірек пайда болды. Шынында, жағымды эмоциялар біздің денсаулығымызды жағымсыз эмоциялар әлсірететін сияқты жақсарта да алады.

Staw B., Barsade S. (1993) [1] зерттеуінде жағымды эмоциялар деңгейі жоғары студенттер жағымды эмоциялар деңгейі төмен студенттерге қарағанда шешім қабылдау мәселелерін дұрыс шешкені анықталды. Бұл зерттеулер жағымды эмоциялар сенімділік пен айқындық сезімін күшейтіп, мәселені белсенді шешуге итермелейтін шындықты түсінудегі айқындықты арттыратынын көрсетті. Сонымен қатар, жағымды эмоциялар әрі қарайғы әрекеттерді табандылықпен іске асыруды ынталандыра отырып, мінез-құлықтың мақсаттылығын белсендіретіні анықталды (Wong E. және әріптестер, 2013) [2].

Жағымды эмоциялардың келесі ерекшелігі-оның толыққанды, жемісті, денсаулыққа әсері. Жағымды эмоцияларды сезіну ағзаның тез қалпына келуіне және иммундық жүйені нығайтуға мүмкіндік береді (Boyatzis R. және әріптестер, 2006) [3]. Жағымды эмоцияларды жиі сезінетін адамдар басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орнатып, осы қатынастардың сапасын арттырады. Сонымен қатар, жағымды эмоциялар оқу мен даму процесін ынталандырады (Dutton J., Neaphy E., 2003) [4].

Эмоциялар саласында Frederickson B. [6, 224б.] зерттеулері үлкен қызығушылық тудырады, онда ол адамның өнімді өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жағымды эмоцияларға назар аударды. Позитивті эмоциялар шығармашылықтың дамуына ықпал етеді, адамның танымдық қабілеттерін кеңейтеді, оның мотивациялық саласын нығайтады және жаңа перспективаларды көруге мүмкіндік береді. Теріс эмоцияларға қатысты оның зерттеулері әртүрлі мәселелерді шешуде адамның психологиялық мүмкіндіктерінің спектрін тарылтып, адам өмірінің өнімділік деңгейін төмендететінін анықтады [5].

Frederickson B. [6, 224б.] жағымды эмоциялар ойлау процестері спектрі мен ойын, қызығушылық, зерттеу, талдау және синтез сияқты әрекеттерді кеңейтеді деген ұстанымды алға тартты. Яғни, жағымды эмоциялар жалпы ойлау әрекеттерінің кең спектрі мен тұтастай алғандағы жасампаздықты (broaden-and-build theory) анықтайды. Frederickson B. және Branigan C. (2005) [7] зерттеуінде зерттелінушілер қуаныш, қанағаттану, бейтараптық, ашу, мазасыздық сияқты белгілі бір эмоциялар тудыратын бейнелерді қарады. Қарап шыққаннан кейін ақпаратты өңдеудің Ғаламдық - жергілікті және визуалды дәрежесін өлшеуге бағытталған мәселелерді шешу үшін сыналушыларға тапсырмалар беру арқылы зейін ауқымының өлшемдері жүргізілді. Нәтижелер жағымды эмоцияларды бастан кешірген сыналушылар бейтарап немесе теріс

эмоциялық күйдегі пәндерге қарағанда кең ауқымды назар аударғанын анықтады.

Эмоциялар адамға әсер етуінде әр түрлі болады, мысалы, үміт - бұл жағымды күту және жақсылыққа деген сенім (Lazarus R., 2006 [8, 166.]). Үміт-бұл мақсатқа жету жолындағы мінез-құлықтың қозғаушы күші, тиімді күрес стратегияларын қолдануға арналған ресурс [5, 826.]. Мақтаныш мақсаттарға қол жеткізудегі сәттіліктің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі бағалау сезімі ретінде анықталады (Lazarus R., 2006 [8, 166.]) немесе қоғам тарапынан мақтау алу. Мақтаныш өзіне деген қарым-қатынаста ішкі атрибуцияны да, адамның қоғамнан алатын сыртқы түрін де қамтиды. Жанашырлық көмек көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыратын және просоциалдық мінез-құлықты қамтамасыз ететін біреудің эмоцияларына жанашырлық танытып, сезіну нәтижесі ретінде анықталады (Goetz J. және әріптестер, 2010 [9]).

Harmon-Jones E. және оның әріптестері жүргізген зерттеуде (2008) [10, 1-156.] шешімділік жағдайында аналитикаға жауап беретін, ауызша тапсырмалар мен моторикалық дағдыларды басқаруда мидың сол жағы белсендірілетіні анықталды, бұл тапсырмалардың жоғары хабардарлығын және әрекет етуге дайын екендігін растайды.

Нейроғылыммен айналысатын когнитивті психологтардың зерттеулері позитивті эмоциялар мен парасаттылықтың өзара байланысын анықтады, бұл хабардарлық (түсіну) процестеріне ықпал етеді (Cohen M. және әріптестер, 2016 [11, 4156.]). Зейінділік сананың психологиялық негізін және тиімді танымдық процесті құрайтыны анықталды. Itti L. және Koch C. (2001) [7] және (Вольф Дж. және әріптестері, 2011 [9, 3726.]) пікірінше, бұл сыртқы әсер мен ішкі ынталандыру негізінде алынған ақпаратты іріктеп өндейтін назар аудару жүйесінің арқасында орын алады.

Теріс эмоциялар, жағымды эмоциядан айырмашылығы, шабуыл немесе қашу сияқты әрекеттерді тудыра отырып, адамға әсер етеді. Easterbrook J (1959) [12] мазасыздық пен қорқыныш сияқты жағымсыз эмоциялардың күшті белсендірілуі адамның маңызды факторлар мен ақпаратты елемуге әкелетінін анықтады.

Когнитивті-бихевиоральды бағыттардың өкілдерімен позитивті эмоциялардың субъективті қанағатқа әсерінің мәнділігі айтылады. Сонымен, Scherer K. 2001 жылы [13, 35-386б.] өзінің "ынталандыру - бағалау - реакция" эмоцияларының мәнін ашатын моделін ұсынды, онда эмоциялылық өзгеретін ортаға тиімді бейімделудің динамикалық механизмі ретінде қарастырылды. Эмоциялардың бейімделу функциясы сыртқы ынталандыруды тез бағалауға және ағзаның осы ынталандыруларға мүмкіндігінше қауіпсіз немесе қолайлы жауап беруіне мүмкіндік береді. Сыртқы ынталандыру өте жылдам бағалау үрдісінен өтеді, соның салдарынан ағза тиісінше әрекет ете бастайды. Мысалы, қауіп төнген кезде белгілі бір гормондардың (кортизол, адреналин) белсенді өндірісі басталады, ағзада найзағайдай жылдам өзгерістер орын алады, содан кейін тиісті эмоция пайда болады, мысалы, қорқыныш немесе ашулану, нәтижесінде адам жүгіреді немесе шабуыл жасайды. Жағымды эмоцияларға

келетін болсақ, ынталандыру өте тез оқылады, ынталандыру мәнін алуға негізделген бағалау жүреді, сәйкесінше қуаныш, бақыт, қызығушылық және т. б. сияқты эмоциялар пайда болады.

Егер Scherer К. өзінің моделін ынталандыруды ішкі ағзалық бағалау процесіне негіздесе, онда Parkinson В., Lea М. (1991) тұжырымдамасында [14, 84б.] бағалау өзара әрекеттесуді және өзара әрекеттесетін серіктестер арасындағы ақпарат алмасуды қамтитын сыртқы процесс ретінде қарастырылады.

Оның тұжырымдамасына сүйене отырып, әлеуметтік өзара әрекеттесу нәтижесінде пайда болатын эмоциялар серіктестердің эмоциялық жағдайын жұқтырудың нәтижесі болып табылады, онда қатысушылардың біреуінің жағдайы екіншісінде ұқсас жағдайды тудырады және керісінше.

Эмоциялық жағдайдың әлеуметтік табиғаты идеясын жалғастыра отырып, зерттеушілер (Parkinson В., Lea М., 1991) [14, 84б.] эмоциялық өзара әрекеттесудің екі механизмін ажыратады: тікелей және жанама. Тікелей өзара әрекеттесу деңгейінде әңгімелесуші өзінің сұхбаттасушысының мінез-құлқында көрінетін ақпаратты оқиды және тіркейді, сәйкесінше, берілген процесс өзара жауапты болғандықтан, белгілі бір эмоциялардың көрінуіне жауап береді. Жанама механизм жағдайында әңгімелесуші өзінің сұхбаттасушысының ауызша/вербальды емес ынталандыруларын тіркемейді және оқымайды. Ол өзінің сұхбаттасушысына бейсаналық түрде бейімделіп, оның ауызша және вербальды емес қимылдарына, мінез-құлқына еліктейді (Bernieri F. және әріптестері, 1988) [15, 251б.], бұл оған ұқсас эмоциялардың көрінісін тудырады.

Іс жүзінде өзара әрекеттесу процесі неғұрлым күрделі және осы екі механизмді де қамтиды. Эмоциялық өзара алмасу процесі адамдардың басқалардың эмоцияларына саналы және бейсаналық түрде әсер ету қабілеті ретінде эмоциялық жұқпа механизміне негізделген. Бір адамның эмоционалды жағдайы, басқа адамға берілуі мүмкін (Schoenewolf G., 1990) [16, 50б.]. Эмоцияны бір адамнан екінші адамға беру процесі нейропсихология аясында ашылды, оған сәйкес басқа адамның эмоциялық жағдайын қабылдау (визуалды, дыбыстық қабылдау) ұқсас қозғалтқыш реакциясын ғана емес, сонымен қатар мидың белгілі бір құрылымдарын да белсендіреді, бірақ мидың белгілі бір құрылымдары, мысалы, амигдала, инсульт, осылайша айна нейрондарының жүйесін белсендіреді, нәтижесінде басқалардың эмоциялары қабылданады. Осыған байланысты адам сол эмоцияларды сезіне бастайды. Серіктесіннің эмоцияларын сезіну үшін бір қабылдау актісі жеткілікті (Likowski К. және әріптестер, 2012 [17, 228б.]).

Neumann R., Strack F. (2000) [18, 221б.] зерттеулері айна нейрондарының жүйесі дыбыстық ынталандыру кезінде де іске қосылатындығын көрсетті. Олар белгілі бір эмоциялық түрде реттелген дауыстың аудиожазбасын тыңдау тыңдаушыда бірдей эмоциялық жағдай тудыратынын анықтады. Сыналушылар бейтарап, бақытты және қайғылы эмоциялық жағдайды жеткізетін интонациямен жазбаны тыңдады. Бақытты жеткізетін интонациямен жазбаны тыңдаған сыналушылар көңіл-күйдің көтерілуі мен жағымды эмоциялар туралы

хабарлады. Ұқсас нәтижелер жазбалардың басқа түрлерімен болды. Сонымен қатар, келесі тапсырмада сыналушылар өздері естігендерін қайта жаңғыртуды сұрады. Нәтижесінде, сыналушылар аудиожазбадан сөздерді жаңғыртқанда, түпнұсқа жазбаның интонациясын көшіріп алады, бұл эмоциялық күйдің жұқпа механизмінің болуын дәлелдейді.

Осылайша, эмоциялар ішкі жағдайдың көрінісі ғана емес, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар контекстіндегі өзара алмасу және эмоциялық жұқпа процесінің нәтижесі болып табылады. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасай отырып, бір-бірінің эмоцияларын қабылдайды және оларды өздері арқылы өткізеді, ұқсас эмоцияларды сезінеді.

Осыған байланысты, танымдық-мінез-құлық бағытында жағымды эмоциялар уайымдарын анықтайтын эмоциялық интеллект (ЭИ) зерттеулері өзекті болып табылады.

Эмоциялық интеллект (Salovey P., Mayer J., 1990) [19] өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тану, бағалау, эмоцияларын білдіру, эмоцияларды пайдалану және өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын тиімді реттеу қабілеті " ретінде анықталады.

Furnham A., Petrides K. (2003) [20] зерттеуі ЭИ СҚ-тың 50% анықтайтынын көрсетті. Pool C. зерттеуі (1997) [21, 126.] табысты мансап пен көшбасшылықта ЭИ маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Олар мансаптық жетістіктің 20%-ы интеллект және 80%-ы ЭИ деңгейінде анықталғанын тапқан. Эмоциялар, мысалы, ЭИ-оларға жағымды әсер ететін тұлғааралық қатынастардың ажырамас бөлігі (Mortiboys A., 2012 [22]; Khosla M., Dokania V., 2010 [228]). ЭИ деңгейі жоғары адам әлеуметтік бағытталған тұлға ретінде сипатталады (Jimenez M., Lopez-Zafra E., 2011 [23]). Koydemira S., Schutz A. (2012) [24, 1166.] мәлімдемесі қызықтырақ, олар өз зерттеулерінде ЭИ жеке ерекшеліктеріне қарағанда СҚ-ты күшті анықтайтынын көрсетті. Жеке қасиеттер субъективті қанағатта маңызды рөл атқаратыны бұрын да айтылған.

Алайда, зерттеушілердің нәтижелері бойынша СҚ арттыруда жағымды эмоциялар мен ЭИ үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер

1. Staw B.M., Barsade S.G. Affect and managerial performance: A test of the sadder-but-wiser vs. happier-and-smarter hypotheses // *Administrative Science Quarterly*. - 1993. - № 38. - P. 304-331.

2. Wong E., Tschann F., Messerli L., Semmer N.K. Expressing and amplifying positive emotions facilitate goal attainment in workplace interactions // *Frontiers in Psychology*. - 2013. - № 4. - P. 188-197.

3. Boyatzis R. E., Smith M.L., Blaize N. Developing Sustainable Leaders Through Coaching and Compassion // *Academy of Management Learning & Education*. - 2006. - № 5(1). - P. 8-24.

4. Dutton J.E., Heaphy E.D. The Power of High-Quality Connections / In Cameron K., Dutton J (Eds). *Positive Organizational Scholarship: Foundations of a New Discipline*. - Berrett-Koehler Publishers, 2003. - P. 262-278.

5. Frederickson B.L. Positivity: Groundbreaking Research Reveals How to Embrace the Hidden Strength of Positive Emotions, Overcome Negativity, and Thrive. - New York: Random House, 2009. - 268 p.
6. Frederickson B.L. The Role of Positive Emotions in Positive Psychology: The Broaden-and-Build Theory of Positive Emotions // American Psychologist. - 2001. - № 56(3). - P. 218-226.
8. Lazarus R. Emotions and Interpersonal Relationships: Toward a Person-Centered Conceptualization of Emotions and Coping // Journal of Personality. - 2006. - № 74(1). - P. 9-46.
9. Goetz J.L., Keltner D., Simon-Thomas E. Compassion: An Evolutionary Analysis and Empirical Review // Psychological Bulletin. - 2010. - № 136(3). - P. 351-374.
10. Harmon-Jones E., Harmon-Jones C., Fearn M., Sigelman J.D., Johnson P. Left frontal cortical activation and spreading of alternatives: Tests of the action-based model of dissonance // Journal of Personality and Social Psychology. - 2008. - № 94. - P. 1-15.
11. Cohen M.A., Cavanagh P., Chun M.M., Nakayama K. The attentional requirements of consciousness // Opinion. - 2016. - № 16(8). - P. 411-417.
12. Itti L., Koch C. Computational modelling of visual attention // Nature Review Neuroscience. - 2001. - № 2(3). - P. 194-203.
13. Scherer K.R., Schorr A., Johnstone T. Series in affective science. Appraisal processes in emotion: Theory, methods, research. - New York: Oxford University Press, 2001.
14. Parkinson B., Lea M.F. Investigating personal constructs of emotion // British Journal of Psychology. - 1991. - № 82. - P. 73-86.
15. Bernieri F.J., Reznick J.S., Rosenthal R. Synchrony, pseudosynchrony, and dissynchrony: Measuring the entertainment process in mother-infant interactions // Journal of Personality and Social Psychology. - 1988. - № 54. - P. 243-253.
16. Schoenewolf G. Emotional contagion: Behavioral induction in individuals and groups // Modern Psychoanalysis. - 1990. - № 15. - P. 49-61.
17. Likowski K.U., Muhlberger A., Gerdes A.B.M., Wiesler M.J., Pauli P., Weyers P. Facial mimicry and the mirror neuron system: simultaneous acquisition of facial electromyography and functional magnetic resonance imaging // Frontiers in Human Neuroscience. - 2012. - № 6. - P. 214-230.
18. Neumann R., Strack F. Mood Contagion: The Automatic Transfer of Mood Between Persons // Journal of Personality and Social Psychology. - 2000. - № 79(2). - P. 211-223.
19. Salovey P., Mayer J.D. Emotional intelligence // Imagination, Cognition, and Personality. - 1990. - № 9. - P. 185-211.
20. Furnham A., Petries K. Trait emotional intelligence and happiness // Social Behavior and Personality: An international journal. - 2003. - № 31. - P. 815-824.

21. Pool C.R. Up with emotional health // Educational Leadership. - 1997. - № 54. - P. 12-14.

22. Mortiboys A. Teaching with emotional intelligence: A step by step guide for higher and further education professionals (2nd ed.). - Routledge: 2012. - 345 p.

23. Jimenez M.I., Lopez-Zafra E. Social attitudes and social adaptation among Spanish adolescents: The role of perceived emotional intelligence // Rivesta de Psicologia Social. - 2011. - № 26(1). - P. 105-117.

24. Koydemira S., Schutz A. Emotional intelligence predicts components of subjective well-being beyond personality: A two-country study using self- and informant reports // The Journal of Positive Psychology. - 2012. - № 7(2). - P. 107-118.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Адыльбаева Г. С.

Павлодар қаласы М.Әлімбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
adylbaeva_g@alimbayev.goo.edu.kz

Бүгінгі таңда ақпараттандыру процесі білім беру саласын дамытудың басты жолы болып табылады. Бұл техника мен технологияның дамуымен ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы қоғамның дамуына ықпал ететін әртүрлі жобалар мен бағдарламаларды құру басты мақсат болып табылатын ақпараттық қоғамның дамуы нәтижесінде болатын өзгерістермен де байланысты.

Соңғы жылдары мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріліп келеді. Бұған жаңа техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін, оқу үрдісіне деген жаңа көзқарасты да жатқыза аламыз. Шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйрету. Мұғалімнің міндеті – әр оқушыға тілді іс жүзінде меңгеруге жағдай жасау, әр оқушыға өзінің белсенділігі мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдау. Мұғалімнің міндеті – шет тілдерін оқыту процесінде оқушының танымдық белсенділігін арттыру. Бірлесіп оқыту, жобалау әдісі, жаңа ақпараттық технологияларды, интернет-ресурстарды пайдалану сияқты заманауи педагогикалық технологиялар оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеттерін, олардың оқу деңгейін ескере отырып, жеке оқыту, саралау әлістерін қолдануға мүмкіндік береді.

О.И. Руденко-Моргун өзінің "Компьютерные технологии как новая форма обучения" атты еңбегінде былай деп жазады: "Біз қазір 80-жылдардың ортасында пайда болған және бүгінгі күнге дейін қарқын алып келе жатқан ақпараттық, компьютерлік революция дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл

компьютердің пайда болуынан, мультимедиялық технологияларды ойлап табудан, ғаламторды біздің өмірімізде қолданудан көрініс табады. Барлық осы инновациялар біздің өмірімізге оңай және байқаусызда келді: олар барлық кәсіби салаларда және күнделікті өмірде белсенді қолданылады" [1].

Полипова Т. А. былай деп жазады: "Компьютерлер біздің өмірімізге және ағылшын тілін оқыту процесіне қаншалықты тез еніп, дәстүрлі әдістерді артқа татсап, шет тілі мұғалімдерін соңғы он жыл бұрын ешкім күдіктенбеген мәселелерді шешуге мәжбүр етті". [2].

Кез келген мұғалім мына нәрсені түсіну қажет: компьютерлік жүйе оқу процесінде ешқашан да механикалық оқытушы немесе оның аналогы бола алмайды. Компьютер балаларды оқыту кезінде оқу іс-әрекетінің мүмкіндіктерін күшейтетін және кеңейтетін құрал ғана [3].

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану білім беру процесінің шеңберін кеңейтеді, оның практикалық бағытын арттырады, білім беру процесінде оқушылардың ынтасын арттыруға, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, өз бетінше жаңа білім алу дағдыларын дамытуға және болашақта олардың өзін-өзі табысты жүзеге асыруына жағдай жасауға ықпал етеді.

Цветкова Л. А. өзінің " Использование компьютера в среднем звене" мақаласында тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, компьютер білім беру процесінде ең жақсы құрал болып табылатынын айтады. Компьютерлік технологиялар сабақтардың мазмұнына өте жақсы сәйкес келеді, сонымен қатар дидактикалық талаптарды толығымен ұйымдастырады және белгілі бір пәнді игеру дәрежесін барынша арттырады. Компьютерлер шет тілін үйрену процесін жеңілдетеді, белгілі бір ақпаратты өңдейді және қабылдайды, қажетті деректерді есте сақтайды, сөйлеу синтезаторлары, бейнемагнитофондар және магнитофондар сияқты техникалық оқыту құралдарын бақылауды бағалайды. Компьютерлер жеке оқыту формалары бойынша оқыту процесінің мүмкіндіктерін белсенді түрде кеңейтеді, сонымен қатар студенттердің шет тілін оқытудағы танымдық белсенділігін арттырады [4].

Шет тілі сабақтарында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу түрлеріне мыналар жатады: лексиканы оқу; айтылымды пысықтау; диалогтік және монологтік сөйлеу тілін оқыту; жазылым дағдыларын қалыптастыру; грамматиканы пысықтау.

6. Информационный центр «Республиканский Фронт-офис волонтеров «Birgemiz». [Электронный ресурс] // <https://qazvolunteer.kz/ru/library?page>

БІЛІМ БЕРУГЕ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Анарбекова Р. М.

Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Қожамжар ауылы
Тіленшін атындағы орта мектебі, «Бөбек» шағын орталығы тәрбиешісі
Rabiga.makhanovna.74@mail.ru

Білім беру саласының дербестігін жақсарту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру еліміздің мектептерінде оқытудың белсенді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиімді пайдалануды қажет етеді. Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де, мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер: «педагогикалық технологиялар», «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең меңгеруге оқып-үйренуге жетелейді.

«Инновация» сөзі латынның («жаңашылдық», «өзгеріс») деген ұғымдарына сәйкес келеді. Жалпы жаңашылдық мәселесі туралы ғалымдар өз зерттеулерінде атап көрсетті. Олар Р.А Дюсупова, А.М Саранов және басқада ғалымдар еңбегінде. Бұл үшін еңбастысы мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру керек. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруда, инновациялық іс- әрекеттерді төрт бөлікке жіктеуге болады: әдіснамалық, пәндік-теориялық, әдістемелік, технологиялық. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың бірінші әдіснамалық бөліктеріне кіретіндер: ізгілікті философия, философия ғылымы, ғылым әдіснамасы, педагогика әдіснамасы, әдіснамадағы жаңа білімдер жиынтығы.

Жас ұрпақ-ел тірегі ертеніміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға

тәрбиелеу. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр.

Математика – оқушылардың ойлану қабілетін қалыптастырып және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа технологияларды сабақ беру процесіне енгізу болдып отыр.

1. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше. Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады... Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында»: «Білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп көрсетілген [1]. Бұл міндеттерді жүзеге асыру барысында білім ордаларында жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың негізгі мақсатын айқындап алуда, яғни «берілген үлгі бойынша өнім алу», оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

2. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттеу. Оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде оқыту үрдісінде қолданылатын тәсілдер, принциптер мен айқындаушы жүйе, нақты оқыту процесі ретінде сипатталады. Осыған орай, бүгінгі күні білім беру мекемелері мен педагогика ғылымы алдында білім берудің философиялық негіздеріне, білім жүйесінің стратегиялық бағыттарына, мақсаты мен мазмұнына, оны орындаудың әдіс-тәсілдеріне деген жаңа көзқарастар қалыптасуда.

Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып

отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған:

– вариативтілік – әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттайды;

– болашаққа негізделген –күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды;

– рефлексивті-креативті – жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет;

– эргономикалық – нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі;

– ізгіліктілік – бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау;

– тәжірибеге бағытталған – оқыту көздерінің бірі ретінде оқытушылардың тәжірибесі қолдану ой-пікірі жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық үдерістерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады;

– жекелеген кеңес беру – тыңдаушыларға кеңес беру ұсынылады.

Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі екендігі даусыз. Педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру, қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану, педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойдым.

3. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологияларына алмастыру. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиалық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды.

Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз – оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д. Ушинскийдің “Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады” – деген. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
2. Еркебаева Г.Ғ.Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттері, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
3. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.
5. Халықова К.З., Абдулқәрімова Г.А. Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. –Алматы, 2007.

ВНЕДРЕНИЕ LEGO-КОНСТРУИРОВАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС ДЕТСКОГО САДА

Арынова Г.И.

Воспитатель КГКП «Ясли сад №45г.Павлодара»

gulzhainat71@mail.ru

Образовательные программы дошкольного образования направлены на разностороннее развитие детей дошкольного возраста с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей. Одна из главных задач - развития индивидуальных способностей и творческого потенциала каждого ребенка как субъекта отношений с людьми, миром и самим собой; формирования общей культуры воспитанников, развития их нравственных, интеллектуальных, физических, эстетических качеств, инициативности, самостоятельности и ответственности, формирования предпосылок учебной деятельности; Если мы говорим о реализации Программы дошкольного образования, то имеем в виду, что Стандарт определяет реализацию дошкольного образования на основе сотрудничества ребёнка с взрослыми и сверстниками в соответствующих возрасту видах деятельности.

Таким видом деятельности для дошкольника является игра. Построенная в игровой форме образовательная ситуация имеет большее педагогическое значение, так как игровая ситуация становится частью жизни ребёнка, в которой он помогает герою ситуации найти выход из сложившегося положения или выполнить задание таким образом, чтобы всем стало хорошо. Дошкольники всегда готовы к подвигам. Хоть в космос полетят, лишь бы всем помочь (нарисуют мед для голодного медведя или составят предложения для письма Мамонтёнка его маме). Главное, чтобы ребёнок понимал, что он делает и зачем ему это надо. Тогда он не просто добьётся результата, а будет понимать, что он уже в свои 3 или 5 лет успешен.

«Приглашаю всех друзей

«ЛЕГО» собирать скорей.

Там и взрослым интересно:

В «ЛЕГО» поиграть полезно!»

Когда кубики «ЛЕГО» оказываются в детских руках, начинается волшебство. Они раскрывают воображение и пробуждают фантазию ребенка. Наборы – отличное средство для развития ребенка: они способствуют социально-эмоциональному, познавательному, языковому развитию, формированию математических представлений. При этом работа с ЛЕГО позволяет каждому малышу самовыражаться, а также улучшать свои коммуникативные навыки и умение работать в команде. Образовательные решения ЛЕГО для дошкольного образования стимулируют естественное стремление детей к совместному исследованию окружающего мира и обучению в процессе игры. Безопасные, долговечные наборы ЛЕГО способствуют развитию детей с разным уровнем знаний и умений, позволяя им сформировать социальные навыки сотрудничества и взаимодействия с окружающим миром. Решения ЛЕГО для детей дошкольного возраста - это многообразие способов обучения. Внедрение подобных современных образовательных решений в учебный процесс может стать частью программы раннего развития дошкольников. Ведь поддержать и развить естественный интерес ребенка к обучению с раннего возраста – ключевая задача педагога дошкольного образования.[1,с.55]

Мною отмечено, что дети показывают высокую работоспособность, с удовольствием работают как в мини-группах, так и индивидуально, берут инициативу в свои руки, проявляют креативность в принятии решений, не боятся делать ошибки при выполнении заданий.

Творческое и познавательное развитие.

Воплощение собственных идей в жизнь повышает уверенность в своих силах. Воплощая с помощью образовательных решений ЛЕГО чудесные идеи, созданные собственной фантазией, дети самовыражаются в творческой, художественной форме. Кубики ЛЕГО с легкостью захватывают внимание детей, побуждая их к совместному конструированию, обсуждению идей и распределению ролей. С помощью кубиков дети размышляют, общаются, развивают способность понимать и ценить идеи и вклад товарищей.

Набор мягких кубиков.

Набор мягких кубиков ЛЕГО – отличный способ познакомить детей дошкольного возраста с наборами ЛЕГО и заложенным в них потенциалом для творчества. Крупные, мягкие кирпичики побуждают детей исследовать собственные творческие способности, одновременно развивая крупную моторику и чувство пространства.

Из кубиков дети смогут построить полноразмерные фигуры, стены, башни и другие конструкции. В процессе игры они развивают свои физические способности и пространственное мышление. Этот набор побуждает детей к исследованию пространства, форм и цветов, одновременно развивая их моторные навыки. Материал, из которого сделаны кубики этого набора, представляет собой легко восстанавливающий свою форму после деформации полимер, легкий и прочный. Идеальный материал для занятий как на свежем воздухе, так и во время тихого часа.

ЛЕГО – идеальный инструмент не только для воплощения гениальных дизайнерских идей, но и практичная поддержка развития навыков самореализации, командной работы и мелкой моторики. А карты по конструированию станут для вас отличным вспомогательным материалом и источником вдохновения для ваших подопечных.

ЛЕГО позволяет детям создавать всевозможные модели взятых из реальной жизни или вымышленных персонажей, объектов и строений

«Большая ферма».

С этим набором дети узнают о заботе о животных, временах года и сборе урожая. Вы сможете обсудить множество вопросов: какие звуки издают животные, как заботиться о животных, когда собирать урожай, как времена года влияют на урожайность, как выращивать различные культуры и для чего. С помощью большого количества фигурок животных дети с легкостью смогут научиться разбивать их на категории. А благодаря большому количеству деталей набор идеально подходит для больших групповых занятий, ролевых игр или свободного творчества.

«Дикие животные».

Симпатичные фигурки животных и различные элементы для оформления декораций позволят малышам познакомиться с жизнью диких животных и устроить для каждого из них подходящее жилище. В набор входят пять тем: тайга, саванна, джунгли, Антарктика и речной водоем. Обратите внимание на бегемота и крокодила – у них подвижные челюсти! . [2,с.49]

«Эмоциональное развитие ребенка».

Набор «Эмоциональное развитие ребенка» приглашает дошколят окунуться в увлекательный мир эмоций. В ходе занятий, проходящих в форме игры, дети узнают много нового о различных человеческих эмоциях и физических характеристиках человека. В процессе совместной работы над созданием различных персонажей дети научатся узнавать разные чувства и определять их сходства и различия. Рабочие карты послужат вспомогательным материалом и источником вдохновения, поэтому дети смогут снова и снова собирать новые модели.

Раннее математическое развитие.

Конструкторы ЛЕГО поможет научить ребенка концентрировать свое внимание, понимать простые инструкции и выполнять их. Кроме того, решение идеально подходит для изучения таких абстрактных понятий, как причинно-следственная связь, положение предметов в пространстве и других. Чтобы стимулировать детскую фантазию, можно воспользоваться иллюстрированными карточками из набора.

«Математический поезд».

Этот тематический набор идеально подходит для ненавязчивого и интуитивного знакомства с математикой в течение невероятно увлекательной ролевой игры в железную дорогу. Вместе дети изучат цифры и потренируются в устном счете, загружая и разгружая разноцветные вагончики с помощью специального крана. А большое количество дополнительных элементов,

персонажей и грузов позволит придумать и реализовать различные сценарии о приключениях на железнодорожной станции.

Раннее языковое развитие.

Конструкторы ЛЕГО широко используются в дошкольных образовательных учреждениях. Они представляют собой разнообразные тематически серии, сконструированные на основе базовых строительных элементов – разноцветных кирпичиков лего. Развивая речетворчество дошкольников воспитатель может предложить детям придумать сказку о том, как одна постройка превратилась в другую, по ходу рассказывания осуществляя данное превращение.

Созданные постройки из ЛЕГО можно использовать в игратеатрализациях, в которых содержание, роли, игровые действия обусловлены сюжетом и содержанием того или иного литературного произведения, сказки и т. д., а также имеются элементы творчества. Выполняя постройку, дети создают объемное изображение, которое способствует лучшему запоминанию образа объекта. О лошадке, которую сделал сам, ребенок рассказывает охотнее, придумывает разные истории и т. д. Данное использование ЛЕГО-конструирование способствует и речевому творчеству: во время постройки персонажа ребенок описывает своего героя. Можно также предложить детям придумать свое окончание знакомой сказки, обыграть лучшую или все по очереди. Используются ЛЕГО-элементы и в дидактических играх и упражнениях. Педагог может разработать различные пособия и использовать их для проведения упражнений с целью развития речи и психических процессов у детей, развития интереса к обучению, формирования коммуникативной функции. Например, игру «Чудесный мешочек», в которой у детей развиваются тактильное (ощупывание) восприятия формы и речь, можно проводить с ЛЕГО.

Применение дидактических упражнений с использованием ЛЕГО-элементов достаточно эффективно при проведении занятий по подготовке к обучению грамоте, коррекции звукопроизношения, ознакомлению с окружающим миром и т. д. В процессе конструктивно-игровой деятельности педагог, опираясь на непроизвольное внимание детей, активизирует их познавательную деятельность, совершенствует сенсорно-тактильную и двигательную сферу, формирует и корригирует поведение, развивает коммуникативную функцию и интерес к обучению. В процессе конструктивно-игровой деятельности с ЛЕГО педагог может использовать разнообразные формы: задания дает педагог, выполняют дети; задания формулируются ребенком и выполняются детьми и педагогом; задания дают дети друг другу; выполняют родители с ребенком. [3,с.25]

Дети любят играть в свободной деятельности. В ходе образовательной деятельности дети становятся строителями, архитекторами и творцами, играя, они придумывают и воплощают в жизнь свои идеи. Начиная с простых фигур, ребенок продвигается всё дальше и дальше, а, видя свои успехи, он становится более уверенным в себе и переходит к следующему, более сложному этапу обучения.

Малыши с удовольствием строят простейшие конструкции: дорожки, заборы, мосты, ворота, ограды, машины, домики. Дети упражняются в распознании цвета, счете до 5, закрепляют понятия: «высокий — низкий», «широкий — узкий». Используются конструкторы с деталями крупных размеров.

В средней группе основой при организации работы с ЛЕГО-конструктором является сказка. Это предварительное ознакомление с произведением, а затем конструирование его персонажей, создание моделей знакомых сказок, а также сочинение своих историй. В этом возрасте дети знакомятся с мелким конструктором ЛЕГО ДАСТА – конструирование по замыслу.

Дети могут свободно экспериментировать со строительным материалом. Образец может быть дан и в начале, а затем он убирается. Примерами тем занятий могут быть: «В леса – чудеса мы поедим с тобой «Моделирование персонажей по сказке Колобок» и др. Использование ЛЕГО-технологии в ДОУ является актуальным, так как прослеживается принцип интеграции образовательных областей: конструирование находится в образовательной области «Познание» и интегрируется с образовательными областями «Коммуникация», «Социум», Конструктор ЛЕГО используется как в совместной деятельности взрослого и детей, так и в самостоятельной деятельности детей при проведении досугов, праздников, в проектной деятельности. [4,с.31]

Использование ЛЕГО-технологии в ДОУ позволяет поднять на более высокий уровень развитие познавательной активности дошкольников, а это – одна из составляющих успешности их дальнейшего развития и обучения.

Литература

1. Фешина Е.В. Lego -конструирование в детском саду. - М.: ТЦ «СФЕРА», 2012г.
2. М.С. Ишмаковой «Конструирование в дошкольном образовании в условиях введения ФГОС».
3. Комарова Л.Г. Строим из Lego (моделирование логических отношений и объектов реального мира средствами конструктора Lego). – М.: «ЛИНКА-ПРЕСС», 2001г
4. Куцакова Л.В. Конструирование и ручной труд в детском саду: Пособие для воспитателя дет.сада: Из опыта работы.- М.: Просвещение, 1990.

ЭТНО-ЭКСПЕРИМЕНТ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ІЗДЕНІС-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ

Асаинова Ж.А

Павлодар қаласының мемлекеттік тілде оқытылатын
№ 120 этномәдени тәрбие беру орталығы-сәбилер бақшасының тәрбиешісі

Баланың жаратылысынан пайда болған үздіксіз дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру әлеуеті баланың бойында бар. Баланың өмірінде 3 жастан 5 жасқа дейінгі жас аралығы кезеңі ерекше орын алады. Көптеген ғалымдардың: М.Монтессори, Л.С.Выготский, Ш.А.Амонашвили және тағы басқалардың педагогика мен психология саласындағы зерттеулері осыны растайды. Яғни, Л.С.Выготскийдің пікірі бойынша балалардың қайсысымен болмасын 3 жастан кейін, оған үйренудің жаңа түріне мүмкін бола бастайтын түбірлі өзгеріс пайда болады. Ол үшін жасқа дейін өзінің жеке (ішкі себептермен пайда болған) бағдарламасы бойынша, өзіне қоршаған ортадан ақпараттар жинақтай отырып, жігерлене үйренеді.

Баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа материалдармен мақсатты түрде этно-эксперимент жүргізіп, заттар арасындағы жалпы қатынастарды едәуір бейнелеп, қоршаған ортаның үлгісін жасайды, эксперименталды іс-әрекетте мақсат қойып, нәтижеге жетілуіне үлкен мүмкіндіктер береді.



Балалардың ұйымдасқан танымдық қызметі бірнеше бағыттарда жүзеге асырылуы мүмкін, олар:

- балалардың зерттеушілік, эксперименталды іс-әрекет етуі үшін көп функцияларды ортаны ұйымдастыру;
- балалардың мүдделері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін (қосақтап, шағын топтармен, барлық топтармен) эксперимент ұйымдастыру;

мақсаты:

Балаларды ізденіс-зерттеушілік әрекетке дайындау, ізденімпаздық дағдыларына үйрету; дара заңдылық пен құбылыстардың себебін, қоршаған ортадағы таным іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру.

міндеттері:

- Тәрбиелеу мен білім беруде материалдарды тақырыптық жүйелі үйлесімді қолдану;

- Еліміздің ертеңін ойлар ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру;

өзектілігі:

- Балабақшадан бастап өз ана тілімізде сөйлеп, өз халқымыздың қадір-қасиеті рухани құндылығымызды біліп өсек, болашақ ұрпақта өз тілін, дәстүрін, өнерін қадір тұтады. Тіпті өмірде болып жатқан жаңалық та, басқа өзгерістер біздің сана-сезімімізге өз деңгейінде келіп жетіп, жалғасын табады. Бала бойына Отанына деген сүйіспеншілік қасиет сәби шағынан бастап сіңеді. Еліміздің құндылығы бала жүрегінде сақталады.

- Кез келген халық өзінің ұлттық психологиясымен, өзіндік ерекше тұрпатымен, біртұтас тілімен, ғылымымен, айшықты мәдениетімен бағады. Қазақстанда халықтардың ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуіне барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, қазақ халқының ғасырлар бойына өсіп-өрбіген төл мәдениеті де жаңа серпіліске ие болды.

- жаңашылдығы:

- Әдістемелік құрал зерттеу жұмыстарына сүйене отырып қазақ этнопедагогикасы арқылы, мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізуге ұсынылып отыр.



Күтілетін нәтиже

- Мектеп жасына дейінгі балаларда этно-эксперимент үрдісінде зерттеушілік, эксперименталды іс-әрекет жасауға және әр-түрлі құбылыстарды дербес зерттеу, онымен дара өзгерістерді өткізу, болжауларды белсенді айту, әдеттегі ой қорытындыстарын құрастыру туралы жалпылама ептіліктері қалыптасады.



Тәжірибе жасау барысында мынандай қорытынды жасалды:

Бала өзі зерттесе өзін-өзі тексеріп, өз қатесін өзі түсінсе ғана жоғары жетістіктерге жетуге болады. Себебі, бала тапсырманы орындау барысында:

- Өзі жұмыс істейді;
- Жолдастарына көмектеседі;
- Олардан көмек алады;
- Тәрбиешнің түсінігін қолданады;
- Өз ойын тұжырымдауға үйренеді;
- Қате жіберу арқылы түзетулер жасауға үйренеді;
- Есте сақтауы жақсарады.

Этно-эксперимент үрдісінде мектеп жасына дейінгі балалардың ізденіс-зерттеу қызметін дамытудағы нәтижесі

Атауы	Түзету іс-шаралары
Сүт өнімдері	Бірлесіп жұмыс жасау мақсатында сүтті өнімдері – сүт пен қаймақ жайлы ұғымдарымызды кеңейту. Шығармашылық ойларымызды дамыту. Тәжірибе жинақтау үшін жан-жақты ізденуге ұмтылу. Таңдап алған жұмыстарымызды үлкен нәтижеге жеткізуге жауапкершілікпен қарауға баулу. Жұмысты талдай білуге үйрету. Ұлтымыздың тағамдарының құндылығын біле отыра, қастерлеп пайдалануға үйрету.
Ағаш	Ағаш - адамның күн көріс қарекеті мен рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі». Әлемнің көптеген халықтары ағашты қастерлеп, табынған. Ағаш пен тасты салыстыру арқылы, ағаштың жеңіл екендігін дәлелдеу.
Жүн, былғары	Жүнді сабау технологиясына сабау мен тулақ құралдары қажет. Содан кейін жүнді тарақпен тарап, қолмен түтеді Жүн мен мақтаны салыстыру арқылы, жүннің жеңіл екендігін дәлелдеу. Бірлесіп жұмыс жасау мақсатында мата мен былғарыны айырмашылығын білуге үйрету.
Саз, тастар	Құм, сазбалшықпен ыдыстар, ақ қағаз немесе бір реттік ыдыс. Ыдысқа құм саламыз. Құм сусымалы, борпылдақ болады. Ал енді сазбалшықты ыдысқа салып көрейік. Сазбалшық бір-біріне жабысады, ыдыстан ауыр түседі. Тас, құм арқылы тез өтеді, ал сазбалшық болса суды өткізбейтінің түсіндіріп дәлелдеу.

Қауырсын	Балалардың танымдық зерттеушілік белсенділігін дамыту, эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастыру
Нәтижесі: Тәжірбиелерді жүзеге асыру барысында мектеп жасына дейінгі балаларда этно-эксперимент үрдісінде зерттеушілік, эксперименталды іс-әрекет жасауға және әр-түрлі құбылыстарды дербес зерттеуге балаларға ұнады, қызығушылықтары арттырылды. Жасаған жұмыстарының өзгерістерін көре отырып, өз ойларын жеткізе білді.	

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы /Егемен Қазақстан, 1999, 1 маусым.
2. Қазақстан Республикасы азамат тарихының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. –Алматы: Қазақстан, 1999. –40 б.
3. Жаңа педагогикалық технологиялар (оқу құралы) Алматы, 2006
4. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2003, 60 б.
5. Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. М.: Просвещение, 1972.-255с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Ахметов К.Р.

Павлодар қаласының Торайғыров университетінің магистранты
Kazybek-bey@mail.ru

2020 жылы әлемде коронавирустық инфекцияның эпидемиясы пайда болып, бұл өмірдің барлық саласында әртүрлі өзгерістерге әкелді. Осы өзгерістер салдары білім саласын да қозғады. Карантиндік шараларды енгізу бүкіл білім беру процесінің қашықтықтан оқыту нысанына шұғыл ауысуына мәжбүрленді. Бұл жағдайда ұстаздар жаңа міндеттерді өз мойнына алу, оқушылардың және жалпы қоғамның оқу және даму қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа рөлдерді орындау үшін кәсіби және жеке дамуға мәжбүр болып, мұғалім қоғамдағы даму мен трансформацияның бастамашысы және жетекшісі болып табылды.

Қашықтықтан оқыту мұғалімдер мен оқушылардың, оқытушылар мен студенттердің бөлінуіне әкеліп соқтырған, күрделі эпидемиологиялық жағдайда

білім берудің балама түрі ретінде қарастырылады. Қашықтықтан білім беру жүйесі өзінің ыңғайлылығы мен икемділігіне байланысты өте танымал болды.

Негізінен, қашықтықтан білім беру дегеніміз - оқытушы мен оқушы қашықтыққа немесе уақытқа, екі параметрге бөлінген жағдайда болатын оқыту. Қашықтықтан білім беруді жүзеге асыру үшін қазіргі таңда түрлі технологиялар қолданылады: бейнежазбалар, кең тарататын теледидар, интерактивті бейнелер, аудиожазбалар мен аудиоконференциялар, веб-курстар (онлайн)[1].

Интернет пен компьютерлік технологиялардың дамуы мен таралуы оқыту және оқыту тұжырымдамаларында төңкеріс жасады. Қазірдің өзінде бүкіл мектеп онлайн курстарға қол жеткізе алатын «виртуалды орта мектептер» шындыққа айналуда. Бірақ, оның танымалдылығына қарамастан, онлайн-білім беру еш қиындықсыз өтті. Қашықтықтан білім беру күндізгі оқу сияқты емес. Қашықтан оқыту бағдарламаларын басқару әр түрлі тәжірибені қажет етеді, ал студенттер мен оқушылар үшін күндізгі оқу Интернеттегі оқудан мүлдем өзгеше. Қашықтықтан білім алуға деген сұраныстың артуына және оның ерекше тәжірибесіне байланысты, әсіресе пандемия жағдайында, орта білім беретін мектептер үшін мұндай онлайн оқытудың артықшылықтары, кемшіліктері мен мәселелерін білу маңызды.

Мектеп бағдарламасын толық жүзеге асыру үшін әрқайсысының кемшіліктерін өтеу үшін оқытудың барлық түрлерін біріктіру қажет. Осылайша, эпидемиологиялық жағдайға байланысты қашықтықтан оқытуға толық мәжбүр болған жағдайда оқушылар мектепке бармай-ақ білім ала алады. Қазіргі заманғы технологиялар визуалды ақпаратты түрлі-түсті және динамикалық етеді, бұл материалды оңай және тиімді қабылдауға мүмкіндік береді. Сабақ жүргізуге белгіленген шеңберлердің болмауы әрбір оқушыға бағдарламаны өз қарқынымен игеруге, оған неғұрлым күрделі мәселелерге көбірек көңіл бөлуге, сабақтың қарқындылығын өздері реттеуге мүмкіндік береді. Білім алу-адам өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі, оған жан-жақты дамуға ғана емес, сонымен бірге болашақта тәжірибе қолдана отырып, ақша табуға болатын белгілі бір тар мамандандыруды таңдауға көмектеседі[2].

Қашықтықтан білім берудің кемшіліктері мен артықшылықтары

Артықшылықтары:

1. Оқу қарқынын өзіңізге бейімдеудің бірегей мүмкіндігі.

Көбінесе үйде болжамды және тыныш атмосфера болады. Оқушы өз ырғағын дамытады және оған бір нәрсе бар ма, жоқ па, оны қосымша уайымсыз ұстанады. Біреу математика теңдеулерін шешуге көбірек уақыт алады, екіншісі ағылшын тіліндегі тапсырмаларды тезірек орындайды және басқа тақырыпты немесе физикалық белсенділікті тереңдетуге қосымша уақыт алады. Ритм мектеп қоңырауы мен сабақтар арасындағы өзгерістерді қалыптастырмаса, мұның қаншалықты керемет екенін сезінуге болады.

2. Оқу кезінде баланың әлсіз жақтарын анықтап, олармен жұмыс істеуге болады. Интернеттегі әдіснамалық тұрғыдан мықты сабақтар, оқушылардың арнайы оқу платформаларындағы жұмысы баланың қандай пәндерде керемет бағдарланғанын және айтарлықтай олқылықтар бар екенін айқын көрсетеді. Бұл

бұрын мектепке немесе мұғалімдерге баланың белгілі бір білім саласындағы жеткіліксіз жетістіктері туралы наразылық білдірген ата-аналар үшін тосынсый болуы мүмкін.

Ата-аналар балаларын бақылап, оқу кезінде баланың қаншалықты мұқият екенін анықтай алады. Немесе, керісінше, шашыраңқы және ұзақ уақыт шоғырлана алмайды, бұл соңғы нәтижеге теріс әсер етеді. Проблемалық нүктелер тек анықталып қана қоймай, дереу жұмыс істеуі керек. Күндізгі оқу мұндай жасырын мәселелерді анықтауға мүмкіндік бермейді: олар көбінесе қамқоршылардың көптігіне байланысты мұғалімге көрінбейді.

3. Егер бір нәрсе түсініксіз болса, мектепте балалар көбінесе мұғалімнен материалды тағы бір рет түсіндіруді сұрауға ұялады. Интернетте бұл проблема емес: бала сабақты немесе оның бір бөлігін білімді бекіту үшін қанша рет тыңдай алады. Бірнеше рет өтуге болатын тесттер білгендерін бекіту үшін өте жақсы жұмыс істейді. Сондай-ақ, студент кез-келген уақытта нақты күндерді, фактілерді, ережелерді есте сақтау үшін онлайн форматта берілген материалға орала алады. Егер бұл материалдар слайдтар, презентациялар немесе аудио форматта болса, дәрістің кез-келген секундына оралуға болатын болса, мұны жасау өте ыңғайлы.

Кемшіліктері:

1. Әлеуметтенудің және қоғамшылдың болмауы

Бала кезімізден үйренетін көп нәрсе өзара оқыту арқылы жүреді. Өсіп келе жатқан және әлеуметтік топқа жату сезімі жасөспірімдер үшін қалыптасудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Онлайнда олар араласып айырылуы керек.

Кәдімгі өмірде балалар топтық жұмысты, жанжалды жағдайларды шешуді және бір-бірімен тиімді әрекеттесуді үйренеді.

2. Өмірді гаджеттеу

Әдетте мектептегі сабақтар 8-ден 14-ке дейін жалғасады, содан кейін балаларды элективтер, спорт секциялары күтеді. Карантин мектеп оқушыларын күні бойы мониторлардың алдында отыруға мәжбүр етті, бұл көру қабілетіне теріс әсер етеді. Офтальмологтар балаларға күніне екі сағаттан артық экрандарда болуға кеңес бермейді. Сонымен қатар, оқудан кейін балалар бірден гаджеттердегі ойын — сауық мазмұнына ауысады-бұл көптеген адамдар үшін әдетке айналды. Сондықтан гаджеттерде өмір сүру уақыты екі есе артады.

Осы шындықты ескере отырып, дәрігерлер дабыл қағып, әлі қалыптаспаған баланың қаңқасы ұзақ отыруға бейімделмегенін айтады. Күшейту үшін оған үнемі физикалық белсенділік қажет.

Үй кеңістігі алаңдаушылыққа толы: теледидарға, ойыншықтарға қол жетімділік. Самоорганизоваться қиын, әсіресе кіші балаларға. Бір бөлмеде олар түнде ұйықтайды, күндіз оқиды, кешке ойнайды. Айналада ештеңе өзгермейді, назар аударылады, кідіріс күшейеді.

3. Тәжірибелік жұмыстың аз болуы.

Біз бәріміз ақпаратты басқаша қабылдаймыз және игереміз. Аудио, көрнекіліктер, дискреттер, кинестетика бар. Зерттеулер көрсеткендей,

балалардың көпшілігі практикалық тәжірибе арқылы әлемді білетін кинестетика. Интернетте, әдетте, тәжірибе жоқ-тек қандай да бір жолмен өңделіп, игерілуі керек мәліметтер. Мұғалім тақырыпты түсіндіруге тырысса жақсы. Бірақ біз балаларға параграф пен парақтың нөмірін түсіріп, материалды өздері өткізетін көптеген жағдайларды білеміз. Егер бір нәрсе түсініксіз болса және мұғалімнен сұрақ қоюға мүмкіндік болмаса, әр оқушы тақырыпты өзі зерттей бермейді. Демек, білім берудегі олқылықтар.

4. Біз осы уақытқа дейін оффлайннан онлайн режиміне өтудің бірыңғай технологиясын әзірлемедік

Көптеген мұғалімдер өздерін жана форматтағы оқу процесіне қалай тиімді біріктіруге болатындығы туралы сұрағанда, әлі де шатасып жатыр. Олар өмір бойы тірі сабақ берді, ешкім жаңа шындыққа дайын болмады. Балаларға да қиын: олар ақпараттық технологиялар дәуірінде өсіп келеді және бірнеше сағат бойы мұғалімдерді тыңдап, жазбалар жазудан жалыққан, онлайн не офлайн болсын, бәрібір. Барлық мұғалімдер бірден онлайн мүмкіндіктерін қолдана бастады және бейне, интерактивті викториналар арқылы оқу процесін байыта бастады. Көптеген мұғалімдерге ZOOM-да сабақ беру қиынға соқты. Сондықтан қазір біз мемлекеттік деңгейде қашықтықтан оқытудың егжей-тегжейлі әдіснамасы бар бірыңғай жүйені енгізуді күте аламыз[5].

Әдебиеттер

1. Абдуллаев С.Г., Абасова С.Э. Проблемы оценки эффективности дистанционного обучения // Информационные технологии моделирования и управления. 2009. № 4 (56). С. 484-492. .

2. Бакалов В.П., Крук И.П., Журавлева О.Б. Дистанционное обучение. Концепция, содержание, управление. - М.: Горячая линия - Телеком, 2008. - 108 с.

3. Поночевная И. Дистанционные образовательные технологии как способ обеспечения профессионализации для современного преподавателя и студента автор // Профессионализация в условиях современной системы инновационного образования. - М.: ЭСЭПиМ, 2011. - 292 с.

4. <https://www.bibliofond.ru/view.aspx?id=733497>

5. <https://skysmart.ru/distant>

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Әуелбаева Г. С., Мусина А. А.

Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті
guli0408@mail.ru

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек [1].

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Бағалау – оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды: қадағалау; алынған мәліметтер интерпритациясы; бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтауға бағытталған қорытынды.

Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды. Қазіргі кезде оған жететін жаңа

педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі – критериалды бағалау жолдары [2].

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр. Критериалдық бағалау – бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс. Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді

Мұғалімнің бағалаудағы рөлі:

1) мұғалім тәлімгер ретінде – кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді;

2) мұғалім жетекші ретінде – топтағы ағымдағы жұмыс үдерісіне алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастырушы;

3) мұғалім есепке алу маманы ретінде – оқушылардың өсуі мен жетістіктері туралы жазу;

4) мұғалім баяндамашы ретінде – оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

Оқу үшін бағалаудың негізгі сипаттамалары:

1) оқыту мақсатымен бөлісу;

2) алда не күтіп тұрғанын оқушылардың білуіне көмектесу;

3) өзін-өзі және құрбыларын бағалау;

4) оқушылардың жақсарту үшін не қажет екендігіне көмек беретін пікірлермен қамтамасыз ету;

5) оқушылардың өздерін жетілдіре алатынына сенімділігін дамыту;

6) өзара бірлесіп бағалау туралы ақпаратты талдау және ойластыру [3].

Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олардың қандай қиындықпен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды

қадағалау. Оқушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі қажет. Интерпретация қызығушылық тудыратын мәселелерге, ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе критерий деп атап, оларды оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Мұғалім жоспарланбаған өзара әрекеттесушілікті, нәтижелерді бағалайды және өткенге шолу өлшемдерін қолданады. Интерпретацияның көмегімен мінез-құлықты сипаттауға немесе түсіндіруге талпындыруға болады, логикалық қорытынды шығарылады. Мысалы, бала айтқан нәрсе оның миында болып жатқан құбылыстың нәтижесі болып табылады. Мәліметтерді интерпретациялау негізінді қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді. Бұл кезеңде бағалау үдерісі туралы мақсаттарға және алынған ақпарат қолданылатын міндеттерге байланысты әр түрлі нысанда жүруі мүмкін. Оқу үшін бағалауға қарағанды, оқуды бағалаудың мақсаты, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады.

Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормаларымен немесе бірдей жастағы оқушылардың қол жеткізген деңгеймен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке сәйкес немесе сәйкес емес деген нысанда жасалады.

Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер оқуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады.

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Критерийлер – оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Оқушы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

- 1) әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;
- 2) білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;
- 3) оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;
- 4) оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;
- 5) білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;
- 6) оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;

7) оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б)

8) оқушының білімін ағымдық және қорытынды бағалау;

9) баға сапасын арттыру.

Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Урмашев, Б.А. Критериалды бағалау технологиясы : Оқу құралы. . - Алматы: Эпиграф, 2016. - 140 б.

2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық : Оқу-әдістемелік құрал. / О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б.

3. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. - 40 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Әубәкірова Б.С.

Қарағанды қаласының №56 негізгі орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
aybakirova.bahytgul@mail.ru

Өздеріңіз білетіндей, әлем бойынша болған эпидемиологиялық жағдай әдеттегі оқыту формасынан қашықтықтан оқыту жүйесіне ешқандай дайындықсыз ауысуға әкелді. Әрине, қашықтықтан оқыту жүйесі жаңашылдық емес. Рас, біз оны оқыту технологияларының бірі ретінде теориялық тұрғыдан

білдік. Алайда, теориялық білім мен тәжірибеде оны іске асыру екі түрлі қиындық тудыратыны анық. Қалай болғанда да, біз қашықтықтан оқыту жүйесін нақты пайдалануға дайын болмағанымызды мойындау керек. Демек, бұл оқыту жүйесі білім берушіге де, білім алушыға да оңайға соққан жоқ. Бірақ бұл кезек күттіретін мәселе болғандықтан, баршамызға қысқа уақыт аралығында қашықтықтан оқыту жүйесін тез игеруге тура келді.

Қашықтықтан оқыту білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықтан) немесе толық емес өзара іс-әрекеті кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқытудың басқа оқу формаларына қарағанда ыңғайлылығы мен артықшылықтары бар. Ең алдымен, қашықтықтан оқыту білім беру қажеттіліктері мен өзіндік дербес ерекшеліктеріне сүйене отырып, өз қарқынымен оқуға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Қашықтықтан оқыту процесінде заманауи технологиялар қолданылады, бұл болашақта жұмыста және күнделікті өмірде пайдалы болатын дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Ең маңызды ыңғайлылықтардың бірі сабақ кестесін, сондай-ақ оқытылатын пәндер тізімін түзету және құру мүмкіндігі. Тағы бір артықшылықты атап өтпеуге болмайды, ол өнімді оқытуға ықпал ететін ең ыңғайлы және таныс ортада оқыту болып табылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында сабақты тиімді ұйымдастыру үшін ең алдымен сабақтың мақсатын дұрыс айқындап алу қажет, сондай-ақ қойылған мақсатқа қарай сабақтың міндеттері нақтылануы тиіс. Осы қойылған мақсат пен міндеттерге орай мұғалім өзінің сабағын қашықтықтан оқыту жағдайына бейімдеп өту барысын жоспарлап, алдын ала сабақ әзірлемесін жасауы керек.

Кәсіби-педагогикалық мәдениет мәнін ашпас бұрын, ең алдымен, «кәсіби мәдениет» пен «педагогикалық мәдениет» түсініктеріне тоқталу қажет. Кәсіби мәдениеттің бөлінуі арнайы іс-әрекет түрлерінің дамуына байланысты болды. Мамандық әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде күрделі құрылымға ие: оның пәні, құралы, кәсіби әрекетінің нәтижесі бар, олар: мақсат, құндылықтар, нормалар, әдістер, әдістемелер, үлгілер. Тарихи даму процесінде мамандық та өзгереді. Кейбіреуі жаңа әлеуметтік мәдени формаға ие болады, екіншілері – аса көп өзгермейді, үшіншілері – жойылып кетеді, төртіншісі – бірнеше өзгерістен өтеді. Кәсіби мәдениеттің жоғары деңгейі кәсіби міндеттерді шешу қабілеттерінің дамуымен сипатталады, яғни кәсіби ойлаудың дамуымен.

Кәсіби мәдениет кәсіби топ мүшелерінің арнайы кәсіби міндеттерді шешу тәсілдерін игерудің нақты деңгейі. «Педагогикалық мәдениет» түсінігі бұрыннан педагогикалық іс-әрекет практикасына енгізілген, ал оны теориялық зерттеу енді ғана қолға алынды. Педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін талдауға, педагогикалық қабілетті зерттеуге, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты бұл проблема С.И.Архангельский, А.В.Барабанщиков, Е.В.Бондарева, З.Ф.Исарева, Н.В.Кузьмина т.б. еңбектерінен көрінеді. Философияда, әлеуметтануда, педагогика мен психологияда мәдени бағыттылықты зерттеумен байланысты, педагогикалық мәдениеттің кейбір жақтары талданды: мұғалім жеке тұлғасының әдіснамалық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативті, технологиялық, рухани, дене мәдениеті. Бұл зерттеулерде педагогикалық мәдениет педагогикалық іс-әрекет жүйесінде көрінетін мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды бөлімі. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде педагогикалық мәдениеттің бөлімі болып табылады. Педагогикалық мәдениеттің таратушылары, олар кәсіби немесе кәсіби емес деңгейде педагогикалық практикамен айналысатын адамдар. Кәсіби-педагогикалық мәдениетті таратушылар, олар педагогикалық әрекетті, педагогикалық қарым-қатынасты, жеке тұлғаны құрастыратын педагогикалық еңбек арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің мәнін түсіну үшін, мынадай ерекшеліктерін білу керек:

1.Кәсіби-педагогикалық мәдениет - әр түрлі формада көрінетін педагогикалық шындықтың сипаттамасы.

2.Кәсіби-педагогикалық мәдениет–ол құрылымдық-функционалдық компоненттері бар, өзіндік ұйымы бар, қоршаған ортамен өзара әрекет ететін жүйелі білім беру.

3.Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің талдау бірлігі шығармашылық педагогикалық әрекет.

4.Кәсіби-педагогикалық мәдениетті жүзеге асыру және қалыптастыру ерекшеліктері дара шығармашылық, психофизиологиялық және жас ерекшелік, жеке тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық тәжірибесімен шарттасып жатады.

Көрсетілген әдіснамалық негіздерді есепке алу кәсіби-педагогикалық мәдениеттің моделін құрастыруға көмектеседі. Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің үш компоненті бар: аксиологиялық, технологиялық, жеке бастық-шығармашылық.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің аксиологиялық компоненті білім беру дамуының қазіргі кезеңінде біртұтас педагогикалық процеске енгізілген адамның педагогикалық құндылықтарының жиынтығы негізінде пайда болды. Педагогикалық әрекет процесінде мұғалім пікірлер мен концепцияларды игереді, білім мен іскерлік алады, ал оның өзі педагогикалық әрекеттің гуманистік технологиясын құрады. Қоғам және жеке педагогикалық жүйе үшін білім, көзқарас, концепциялар педагогикалық құндылық ретінде көрініс табады. Педагог өз ісінің шебері болады, ал педагогикалық құндылықпен педагогикалық әрекетті игеріп, дамытады. Мектеп пен педагогикалық көзқарастардың тарихы – күнделікті бағалау, қайта құру, құндылықтарды бекіту және педагогикалық технологияларды жаңа жағдайларға игерту процесі. Субъектілік тәрбиелеу және мұғалімге берілетін жалпы аламгершілік мәдени-педагогикалық атақтың құндылығы оның жеке басының байлығымен, мамандық іс-әрекетке бағыттылығымен, адамның ішкі әлемімен анықталады. Соған байланысты С.Л.Рубинштейннің құнды қарым-қатынас адамның іс-әрекетінің көріну тәсілі болып қалады деп айтылуы дұрыс. Педагогикалық құндылықтарды айта келе, оның үш негізгі түрін айқын көрсетуге болады.

1. Әлеуметтік-педагогикалық құндылық.
2. Топтық педагогикалық құндылық.
3. Жеке бастық педагогикалық құндылық.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің технологиялық компонентіне мұғалімнің педагогикалық әрекетінің құралдары мен тәсілдері енеді. Педагогикалық мәдениеттің құндылықтары мен нәтижелері жеке тұлға нәтижесінде құрылады. Педагогикалық әрекеттің гуманистік бағыттылығы жеке тұлғаның рухани қажеттілігін қанағаттандыру механизмін зерттеу мүмкіндігін береді. Педагогикалық әрекетті технологиялық әрекет деп атаймыз. Осыған байланысты педагогикалық әрекеттің операциялық талдануы қажет, ол педагогикалық есептерді шешу ретінде қарастырылады. Педагогикалық технология педагогикалық мәдениеттің мәнін түсінуге көмектеседі, тарихи өзгеретін тәсілдерді ашады, әрекет бағыттарын түсіндіреді. Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жеке бастық-шығармашылық компонентіне шығармашылық акт ретінде оның игерілу механизмі жатады. Педагогикалық құндылықтарды мұғалім жеке бастық-шығармашылық деңгейінде меңгереді. Педагогикалық мәдениет құндылықтарын игере отырып, педагог оларды қайта құрып, интерпретациялай алады, Педагогикалық шығармашылық сипаттамасы–педагогикалық мәдениет болып табылатын адамның өмір әрекетінің түрі. Шығармашылық педагогтан қажеттілікті, қабілетті, бостандықты, өзінділікті, жауапкершілікті талап етеді.

Әдебиеттер

1. Булатов О.С. Педагогический артистизм: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Логос, 2001. – 228 с.
2. Введение в педагогическую деятельность: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений // Под ред. А.С. Роботова, Т.В. Леонтьева. – М.: Академия, 2000. – 416 с.
3. Коджаспирова Г.М. Культура профессионального самообразования педагога: Пособие / Под ред. Ю.М. Забродина – М.: Педагогика, 1994. – 284 с.
4. Мищенко А.И. Введение в педагогическую профессию. – Новосибирск, 1991. – 386 с.
5. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Академия, 2002. – 576 с.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Бексейтова А.К.

Павлодар қаласының № 31 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі
Bekseytova1983@mail.ru


Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады.
Ойын – балаға кәдімгідей бір жұмыс.
Ойнағанда бала әсерлерімен пайдаланады.
Жан алдымен білімді осы әсерлену арқылы алады
Мағжан Жұмабаев

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі - иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әр түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Қазақ тілін меңгерту, оқыту, оған қызықтыру көп ізденіс пен шығармашылық еңбекті қажет етеді. Сондықтан сабақ процесінде белгілі дағды мен қабілет қалыптасу арқылы танымдық қызығушылық пайда болады. Оқушыларға әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы сабақты жаңа методикалық әдістермен өту керек.


Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.



Сабақ үнемі үйрету, тәрбиелеуден ғана тұрса, оқушы жалығып кетері анық. Сондықтан да әр мұғалім өз сабағын түрлендіріп, жұмыстың небір түрлерін кезектестіріп өткізуді жоспарлап жатады. Сабақта оқушы зерігіп кетпес үшін «Қазақ тілі» сабағында басқа пәндер сияқты ойын арқылы оқушыларды сергітіп отырған жөн.

Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттыруымен бірге, оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар ойын оқушының сөйлеу қабілеті әрекетін тездетеді, танымын күшейтеді.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әр формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті – ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады. Ойынның негізгі қасиеттері, мазмұны мен әдістері болады.



Оқытудағы ойынның маңызы – мақсаты мен міндетінде.

Мақсаты

1. Ойын арқылы оқушылардың білім-білік, икем-дағдыларын қалыптастыру
2. Бағдарламада алған білімдерін тиянақтау, пысықтау.

Міндеті

1. Білім деңгейі мен икем-дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу және тәрбиені ұштастыру. Ойната отырып білімге жетелеу.
2. Танымдық қызметі мен ой-өрісін кеңейту
3. Оқушының өзіне деген сенімін арттыру, оқуға деген қызығушылығын, белсенділігін дамыту

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік – жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекітеді, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, бірінші сыныпта қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарының мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын әс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі.




Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта – ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілетіне, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталочии халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратының , ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген.

Сонымен қатар «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!» - деп В.А.Сухомлинский өз пікірін білдірген.



Ж.Ж.Руссо пікірінше білім алу мен ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы, бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады.


Оқушыларға берілетін білім мазмұнын жаңалау жолындағы ізденістермен қатар оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу қабілеті мен логикалық ойлау белсенділігін арттыру, білім алуға құштарлығын кеңейту мақсатында М.М.Жанпейісованың модульдік технологиясы мен өзінің ұстаздарым Ғ.Қ.Резуанова мен В.А.Шнайдердің «Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар», «Коммуникативті қазақ тілі: рөлдік ойын арқылы оқыту» - оқу-әдістемелік құралдарын қолдану өте тиімді.

Мысалы: «Түсіп қалған дыбысты тап» ойыны. Бұл ойынды кез келген тақырыпты өткенде ойнатуға болады.

Ойынның тәртібі: Сынып шағын топқа бөлінеді. Ойын белгілі бір тақырып бойынша ойналады.

Ойынның мақсаты: Жазу сауаттылығына үйрету. Әр оқушының сөздік минимумдарын анықтау.

Ойынның міндеті: Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөзді қалпына келтіру. Мәселен, «Досым» тақырыбын өткенде 1-ші топқа мінез-құлқына байланысты сөздерді, 2-ші топқа сыртқы келбетін сипаттауға байланысты сөздерді, 3-ші топқа дос қандай болу керектігіне байланысты сөздерді, 4-ші топқа оның болашағын болжауға байланысты сөздерді қалпына келтіруге тапсырма беруге болады. Мысалы, 1-ші топ: мейір...мд..., с..раң т.б осы сияқты сөздерді қалпына келтірулері керек. 2-ші топ: ...зын, ..ойлы т.б. 3-ші топ: ад...л, д....п т.б 4-ші топ: к....ңілді т.б



Осы тұрғыдан ойын оқушының жас ерекшелігі мен мүмкіншілігіне сай болуы тиіс. Ойнау арқылы оқушының сөйлеуге деген ішкі жан дүниелік ынтасы, іздену дағдысы қалыптасады. Оқытуда ойын элементтерін қолдануда төмендегі талаптар орындалуы керек.

А. оқушылардың қажетті сөздік минимумы болуы қажет

Ә. белгілі бір мақсатқа құрылуы керек

Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасына берік сақталатын болады. Ойын түрін қолдану оқушыға ерекше әсер етеді, оны дұрыс жоспарлау керек. Сынып оқушылары түгел қатысуы қажет. Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді.

1. Әліпбиді дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Оқу дағдысын қалыптастыру
4. Лексиканы меңгерту
5. Грамматикалық құрылымды меңгерту
6. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу

дағдыларын қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. «Қазақстан – 2030» Жолдау
2. ҚР білім заңы
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы 2006-4,5 бет
4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы Алматы 241 бет
5. Кәсіби даму мектебі. Алматы, Верена 2007, 93-97 бет

6. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірбие орталығы – педагогикалық технология көзі. Алматы 2001 -75 бет

7. Білімдегі жаңалықтар 2007 №4 26-28 бет

8. Ғ.Қ.Резуанова, В.А.Шнайдер Қазақ тілі сабағында қолданылатын ойындар. Коммуникативті қазақ тілі: рөлдік ойын арқылы оқыту. Павлодар 2006

БІЛІМ БЕРУДІҢ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Болтрикова Г.С.

Павлодар қаласының № 28 сәбилер бақшасы, даярлық «А» тобының
тәрбиешісі

Guljan.Boltrikova@mail.ru

Адамзат баласы бұл сөзді құлағына шалғанда бірден есімізге қазақтың кеменгер ақыны Ахмет Байтұрсынұлы түсері сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлын біз кім деп білеміз?

Ахмет Байтұрсынұлы – өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін арнайы зерттеп, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен айналысып, қазақ тілі ғылымын дамытқан ірі ғұлама.

Ол қазақтың әлеуметтік өмірінің барлық саласына назар аударған ірі публицист, қоғам қайраткері

Ол өнер иесі – ақын, қазақтың тілін ғана емес, әдебиетін де зерттеген ғалым және халықтың тез сауаттанып хат тануы үшін араб жазуын реформалап, ұлттық деңгейге көтерген бірегей тұлға.

Ол тәрбиеші-жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Адамның адамшылдығы ұстаздан болады. Тәрбиеші берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшыр ақ секілді. Қай заманда да адамды адам ететін үш мамандықтың өкілдеріне адамзат баласы аса құрметпен қарап, қадір тұтқан. Олар: адамның жанын емдейтін – мұғалімдер, адамның тәнін емдейтін – дәрігерлер, қоғамдағы әділдікті қамтамасыз ететін – заңгерлер.

Қазіргі таңда педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Жаңа форматты оқытудың тиімділігі тұлғаның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін оңтайлы ұйымдастыруына көмектеседі. Бала бақшадағы тәрбиеші күзіреті де басты назарда, оның балалармен қарым-қатынас түрі де, сабақ жүргізу тәсілдері де баланың, білім алушының өз білімін, өз ойын ештеңеден «қорықпай» еркін білдіре

алатынында. Білім ордасында білім сапасын артыруда мұғалімдердің және балалардың іс-әрекетін қалай бақылауға, зерттеуге болатынына бағыт ала отырып, көшбасшы болу үшін эмоциялық зиятты басты назарда ұстау жаңаша білім беруде қажет-ақ. Осы орайда тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» дей келе, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет».

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын А.Байтұрсынұлы «Әліпби астарың» атты еңбегінде де көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі», «Зерт-теу мен сүгіретшілік әдісі туралы», «Жалқылаулы-жалпылау әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Ана тілінің әдісі» деген методи-ка мәселелерін сөз ететін бірнеше мақала жарияланған.

Білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын айқындап көтеріп жүр. Өткенге барлап қарасақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда аталған еңбектерінен бастау алатынын атап өткен жөн болар.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

«Білім берудегі озық технологиялар мен заманауи үрдістер» мәселесін қортындылай келер болсақ, бүгінде әр қазақстандық өзді-өзінен елімізге жақсы болып, біздің Отанымыздың дәулеті арту үшін мен не істедім деп сұрауы керек. Жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының

оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады. Егер әр азамат осылай пайымдайтын болса, бүкіл еліміз өзінің даму қарқын қосарына менің сенімім мол. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс.

Әдебиеттер

1. А. Байтұрсынұлы .Тіл тағылымы :қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері/
2. Сілтемелер:https://el.kz/news/archive/akhmet_bayt-rsyn-ly_e-bekteri/

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Досбол П.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 7M01901 «Арнайы педагогика мамандарын даярлау» білім бағдарламасының 2 курс магистранты

Қазіргі уақытта органикалық және функционалдық сипаттағы әртүрлі көру бұзылыстары бар мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың саны жыл сайын артып келеді (Е.С. Либман, О. В. Парамей, Е. В. Шахова және т. б.). Көру бұзылыстары балалардың қоршаған әлемді тану процесін қиындатады және өзгертеді, бұл өз кезегінде көру патологиясы бар балалардың моторикасына, танымдық және сөйлеу дамуына да кері әсерін тигізеді. Көру қабілеті бұзылған балаларға әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін арнайы білім беру қызметтері көрсетілуі қажет. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы (түзету) мекемелер (балабақшалар, мектепке дейінгі топтар, дайындық сыныптары, III және IV типтегі білім беру мекемелері) көру қабілеті бұзылған тәрбиеленушілердің дамуындағы бастапқы және қайталама ауытқуларды оқытуды, тәрбиелеуді, түзетуді, сақталған анализаторларды дамытуды, тәрбиеленушілердің қоғамға әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін түзету-компенсаторлық дағдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін зерттеумен айналысатын ғалым-зерттеушілер сөйлеу дамуы бұзылған балалар санының өсу қарқынын атап өтеді, бұл биологиялық және әлеуметтік себептерге байланысты (Л.С. Волкова, Н.С. Костючек, Н.А. Крылова) [1, 89б].

Сонымен, егер өткен ғасырдың соңында сөйлеу дамуындағы ауытқулар көру қабілеті бұзылған балалардың тек 30% - ында анықталса (В.К. Иванова, 1978), XXI ғасырдың басында зерттеушілер көру проблемалары бар балалардың 80% - ында сөйлеу дамуының бұзылуы бар деп айтып отыр (Н.В. Жолудева, Н.Б. Цепина, 2006) [2, 15б].

Көру және сөйлеу бұзылыстарының үйлесуі ақаудың құрылымын қиындатады және көру мен сөйлеу кемістігі бар балалардың арнайы ұйымдастырылған жаттығулар кешенінсіз толыққанды даму мүмкіндіктерін едәуір төмендетеді.

Бұл жұмыс тақырыбының **өзектілігі** келесі жағдайлардан көрінеді: көру қабілеті бұзылған балаларға білім беру мәселесінің әлеуметтік маңыздылығына және оларды қазіргі қоғамда бейімдеу мен әлеуметтендіру қажеттілігіне; көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктерін жеткіліксіз білуге; көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дамуының бұзылуын жеңудің ғылыми негізделген педагогикалық технологиясының болмауына байланысты; көру қабілеті бұзылған балаларға сараланған оқытуды практикалық ұйымдастырудың қажеттілігі.

Зерттеудің өзектілігі көру қабілеті бұзылған ересек жастағы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктерін зерттеуден, сондай-ақ балалардың осы санатындағы сөйлеу дамуының бұзылыстарын жеңудің теориялық негіздемесі мен педагогикалық технологиясын әзірлеуден тұратын зерттеу мәселесін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманауи кешенді даму кезеңінде әрі-мобильді кеңістікте ағарту, ісінің, дамудың, жеке индивидуумның сеніміне, адам өмірінің құндылықтары мен даралығын сезінуге сүйенетін денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдармен интеграцияға деген гуманистік, антропоорталық басымдықтары анықталған (Л.С. Выготский, В.И. Лубовский, Н.М. Назарова, Н.Н. Малофеев) [3,4,5].

Бұл санаттағы тәрбиеленушілер контингенті-көру патологиясы бар балалар (қылилық, амблиопия, гиперметропия, миопия, астигматизм, ретинопатия, нистагм, афакия, катаракта, көру жүйкесінің ішінара атрофиясы), мүгедек балалар (соқыр және нашар көретін).

Көру қабілеті бұзылған балалар.

Көру қабілетінің бұзылуы кеңістіктік бағдарлауды қиындатады, моториканың, үйлестірудің қалыптасуын кешіктіреді; моториканың төмендеуіне және танымдық белсенділіктің төмендеуіне де жеткізеді. Кейбір балаларда денелік тұрғыдан дамудың айтарлықтай артта қалуы байқалады.

Көру қабілеті бұзылған жағдайда, көру қабілеті толықтық, дәлдік және дисплей жылдамдығы параметрлері бойынша қалыпты көретін адамдарды қабылдаудан күрт ерекшеленеді. Көру қабілетінің бұзылуына байланысты балалар көбінесе нысандардың негізгі емес, қайталама белгілерін көре алады, осыған байланысты нысанның бейнесі бұрмаланып, жадында сақталады. Көру қабілеті нашар балалар қалдық бөлшекті көру арқылы алған ақпарат, егер ол сенсорлық ақпаратпен біріктірілген болса, толық болады. Көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін қалыптастыру үшін әртүрлі анализаторларды (есту, көру, кинестетикалық және т.б.) ынталандыру арқылы айналадағы адамдармен белсенді өзара әрекеттесу және пәндік-практикалық тәжірибенің қанықтылығы қажет.

Әдебиеттер

1. Волкова, Л. С. Логопедия: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. «Дефектология» [Текст] / Л. С. Волкова, Р. И. Лалаева, Е. М. Мастюкова и др.; Под ред. Л. С. Волковой. - М: Просвещение, 1989. - 528 с.
2. Серодеева, Р. Ш. Коррекционная направленность предметного преподавания с учетом нарушения зрения обучающихся [Текст]/Р. Ш. Серодеева, Б. В. Тупоногов //Дефектология. - 2004. - № 6. -С. 22-27.
3. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1999. – 536 с.
4. Мовкебаева З.А. Функции педагога в инклюзивном образовании//Справочник руководителя дошкольной организации -№5 (53). - 2016. - С. 89-92.
5. Зимняя И.А. Иерархическо-компонентная структура воспитательной деятельности // Воспитательная деятельность как объект анализа и оценивания / Под общ. ред.И.А. Зимней. М., 2003.

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Дюсембекова А.С.

Павлодар қаласының №24 ЖОББМ, тарих пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық саласы технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі – «Білім –

бүкіл өміріңе» қағидасынан «Білім – бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан – жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында өздігінен білім алуға негізделген тәсіл кең тараған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Осыған орай оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгеріп қана жетуге болады.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Мектепте оқытуды ұйымдастыратын бірден – бір нұсқа сабақ болса, сабақтың нәтижелі болуына ықпал ететін нұсқа сол сабақты өткізудің әртүрлі әдіс-тәсілдері, яғни жаңашыл сабақ. Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз ізденуі нәтижесінде оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді.

Біздің міндетіміз – оқушыға оны бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана – сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу. Заманауи әдіс-тәсілдер сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады,

ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, «Ассоциация», «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «Броундық қозғалыс», «Стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады. «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен білім алу, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

«Үштік» әдіс – сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді: бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады.

SWOT – талдау. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

«Бір минуттық әңгіме» тәсілі

Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі.

«Бес жолды өлең», «Вен диаграммасы», «Кейіпкерге хат», «Кубизм», «Т кестесі», «ПОПС формуласы», «Шахмат», «Фишбоун» т.б. әдіс-тәсілдер әр сабақтың ерекшелігіне ауыр-жеңілдігіне қарай лайықты қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Сабақта жаңа технология әдіс – тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар: оқушының оқуға деген ынтасы артады; әр оқушының жеке қабілеті айқындалады; үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туады; Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туады; әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.

Оқушы өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы.

Әдебиеттер

1. Мектептегі инновациялық үдерістер : Педагогика мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. / Б.М. Утегенова, Т.С. Шумейко, А.Б. Шалгимбекова, В.В. Данилова. - Қостанай: ҚМПИ, 2016. - 351 б.
2. Нағымжанова, Қ.М. Инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтікті қалыптастыру: Монография. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 336 б.

БОЛАШАҚ МАМАН РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Ерланова Г.

«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 7M01101 - Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының II курс магистранты
Gulnura.erlanova@mail.ru

Рефлексия - адамның өз іс-әрекеттерін, ішкі жағдайларын, сезімдерін, уайымдарын ұғынуға, осы жағдайларды талдауға және тиісті қорытындыларды тұжырымдауға бағытталған қызметі. Адам өзін түсінуі, өз әрекеттерін бақылау және реттеу, өзінің ішкі әлемін дамыту үшін, ол рефлексияны меңгеруі керек. Рефлексия-бұл өз бағыты бойынша жылжу процесі мен нәтижелерін талдауға ұмтылу және дайындық. Рефлексивті Құзыреттілік кәсіби қызметтің типтік емес міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін интегралдық сипаттама ретінде әрекет етеді. Ол кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауға, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді [1].

Сонымен, білім беруде құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, өзінің шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білуді айтамыз.

Негізі құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан, барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Қазіргі кезде психологиялық-педагогикалық зерттеулерде рефлексиялық құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығы айтылуда. Педагогикалық қызметті жетілдіру үшін өзінің педагогикалық қызметін ұғыну шеберлік. Сол себепті де, рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру болашақ маманның кәсіби қызметінің негізі болып табылады.

Рефлексия процестерді тиімді және адекватты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби сапасы ретінде түсіндіріледі, бұл даму және өзін-өзі дамыту процесін қамтамасыз етеді, кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан

қарауға, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді [2].

Бұл анықтама рефлексия адамның ажырамас психикалық қабілеті ретінде түсінуге негізделеді. Бұл ретте рефлексия ХХ ғасырдың бірінші жартысында қарастырылды. Зерттеушілер оны «таным әдісі, адамның ішкі әлемінен, оның экзистенциалды мағыналарын, қабылдау мен қабылдауды өңдеудің өзіндік бастапқы тәсілі» деп анықтады [3], «адамның өз санасы мен іс-әрекетінің құбылыстарын тану және талдау, басқаша айтқанда, өз ойы мен іс-әрекетіне көзқарас»[4].

Рефлексия «бейім» деген тұжырыммен келіспеу қиын. Алайда, педагог үшін келесі сұрақтар өзекті болып қалады: рефлексия қабілетін қалай дамыту керек, бұл кәсіптік сапаны қашан және қайда қолдануға болады және қажет. Джон Дьюи, рефлексия зерттеуіндегі іс-әрекет тәсілінің негізін қалаушылардың бірі, рефлексияны іс-әрекеттің белгілі бір тізбегі ретінде қарастыруды ұсынады.

Дж.Дьюи рефлексивті ойлаудың бес негізгі белгілерін бөледі:

– адалдық, күмән, мазасыздық сипаты толық болатын, аяқталмаған жағдайға тартылу, қатысу салдарынан анықталмаған;

– гипотетикалық күту, жағдай элементтерін эксперименталды интерпретациялау;

– мүқият талдау, жағдайды зерттеу;

– гипотезаны дәйекті әзірлеу;

– гипотезаны тестілеу, ықтимал әрекет жоспарын гипотезамен салыстыру.

Осылайша, Дж.Дьюи рефлексияға "белсенді, табанды және мүқият қарауды қамтитын рефлексия субъектісінде іс-әрекеттің болуын болжайды, кез келген сенімнің немесе болжанатын нысанның оларды қолдайтын дәлелдер және одан кейінгі салдарлар тұрғысынан білім әкелуі мүмкін" [5]. Кез келген гипотеза алдымен тұжырымдалуы керек, содан кейін белгілі бір операцияларды жүзеге асыру іс-әрекетті дамытудың мүмкін нұсқаларын бір дұрыс нәтижеге жинақтайды.

М.Эро (M.Eraut) рефлексия және оны анықтауға қосу нәтижеге бағыттылығы, оны зерттеуші ретінде емес, ғылыми-танымдық және практикалық қызметті жетілдіруге бағытталған "әрі қарай іс-қимылға арналған іс-әрекет" құралы қажет екенін көрсетеді [6].

Дж. Мезироу (Jack Mezirou) бұл өнімді болуы мүмкін жай ғана ойлау және өз іс-әрекеттерін талдау емес, бірақ өз болжамдарының сыни рефлексиясы деп тұжырымдады. Мұндай рефлексия болуы үшін маңызды ойлауға принципті көзқарас, ол бейтарап, дәйекті және дәйекті емес субъективті жағдайлар себепші болады. Бұл өте пайдалы болуы мүмкін, өйткені, біріншіден, әрбір адам бар үшін өз іс-әрекеттерін сыни қайта ойлауға, ойлар мен идеялар, батылдық, екіншіден, басқа көзқарас, басқа пікір, түсіну, сыни талдау тірек нүктесі болуы керек, Дж.Мезироу сыни рефлексия деп "оқытудың өлшемдері, болжамдары мен ортаны" атады [7].

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте рефлексия әр жағынан қарастырылады:

– педагогтың кәсіби маңызды сапасы ретінде (В.И.Загвязинский, В.В.Краевский, Г.П.Щедровицкий және т. б.);

– кәсіби-педагогикалық қызметті дамытудағы аналитикалық-ретроспективті кезең ретінде (В.О.Кутьев, Я.С.Турбовский және т. б.);

– педагогтың кәсіби дайындығының компоненті ретінде (И.И.Ильясов, И.Л.Можаровский және т. б.);

– ғылыми танымның жүйе құраушы механизмі ретінде (А.С.Анисимов, М.С.Мириманова, С.Л.Рубинштейн және т. б.);

– педагогикалық шығармашылық компоненті ретінде (В.Г.Богин, В.А.Кан-Калик, И.Я.Лернер, Н.Д.Никандров және т.б.);

– жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды таңдау мен іске асырудың табыстылығын анықтайтын педагогтың инновациялық қызметінің компоненті ретінде (В.А.Сластенин, Л.С.Подымова және т.б.).

И.В.Козлов және В.Е.Мальников идеясы өте қызықты, оның мәні әртүрлі қызмет түрлерін интеграциялау есебінен студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайларды сақтау кезінде өтуі тиіс:

1) білім беру үдерісінде әлеуметтік-кәсіптік өзін-өзі анықтау үшін мүмкіндіктер жасау, яғни жеке білім беру бағыттарын жобалау (жеке модульдерді таңдау және зерттеу кезектілігі, базалық және қосымша құзыреттер жиынтығын анықтау, дайындау бағдарламаларымен қарастырылған қызметтің әр түрлі түрлерін игеру));

2) жоғары кәсіби білім беру саласында мамандарды көп деңгейлі дайындауда ЖОО-ның әлеуметтік серіктестері ретінде әрекет ететін ұйымдар мен мекемелер желісінде жүзеге асырылатын ресурстық интеграцияны жүзеге асыру (өнеркәсіптік кәсіпорындар, ғылыми-техникалық зертханалар және т.б.). Бұл студенттерді оқыту мен тәжірибеден өткізуді ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық, ақпараттық және кадрлық ресурстарды бірлесіп пайдалануды көздейді;

3) білім беру үрдісінің диагностикалық және дамытушы консультациялық құрамын күшейту (студенттерге олардың өзін-өзі анықтауына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, жеке білім беру бағыттарын қалыптастыру кезінде консультациялық көмек көрсету, тьюторлық институтын құру).

Екінші жағынан, рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру үшін рефлексияның психологиялық детерминанттары және оның сыртқы және ішкі ортасының ерекшеліктерін ынталандыратын интегративті білімінің болуы қажет [8].

Білім беру үдерісінде рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту процесінде белгілі бір шарттарды сақтау керек:

– рефлексия туралы білімнің болуы, оны өзектендіру тәсілдерін пайдалану, қоршаған факторларға құндылық қатынасы;

– оқу үрдісінде тұлғалық рефлексивті тәжірибені алу (оқу пәндері, зерттеу қызметі, педагогикалық іс-тәжірибе шеңберінде));

– студенттердің өзін-өзі талдау, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін және басқаларды түсіну қажеттілігінің тұрақты дамуы;

– білім беру үрдісіне оқыту әдістерін біріктіру.

Рефлексивті құзыреттілік - бұл рефлексивті процестерді тиімді және адекватты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның кәсіби сапасы, бұл даму және өзін-өзі дамыту процесін қамтамасыз етеді, кәсіби қызметке шығармашылық тұрғыдан қарауға, оның барынша тиімділігі мен нәтижелілігіне қол жеткізуге ықпал етеді.

Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру кезінде ішкі факторлар маңызды рөл атқарады. Адамның ойлау өнімділігінің маңызды шарттары - тұлғалық бағыттылығы, ұмтылыстары, себептері, қондырғылары, құндылықтық бағдарлары, оның жеке-психологиялық қасиеттері, оның когнитивтік стилінің ерекшеліктері болып табылады.

Кәсіби қызметте туындайтын проблемалық сәттерге адекватты ден қоюды қалыптастыру рефлексивті құзыреттіліктің жеткілікті деңгейін дамытуды талап етеді. Бұл ретте маңызды функцияны түсіну, қайта ойлау, түрлендіру сияқты рефлексивті механизмдер орындайды. Проблемалық жағдайдағы конструктивті, шығармашылық мінез-құлық интеллектуалды және жеке деңгейлерде рефлексияны ашу есебінен қалыптасады.

Рефлексивтік құзыреттілік жеке-жағдаяттық өзара іс-қимылды барынша нәтижелі және үйлесімді құруға мүмкіндік бере отырып, шығармашылық ұғыну және сыни сәтті еңсеру есебінен қызмет субъектісінің ықтимал іс-қимыл шеңберін кеңейтеді.

Қазіргі уақытта кәсіби болашақ педагог-психологтарды даярлау жүйесінде студенттердің рефлексивті құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту тәжірибесі жеткілікті түрде кең таралмағанын атап өткен жөн. Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастырудағы ажырамас фактор практикалық тәжірибені аналитикалық пайымдауға негізделген оқытудың арнайы ұйымдастырылған шарттары болып табылады.

Рефлексивті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша бірнеше оқыту стратегияларын бөліп көрсетуге болады:

- міндет тәсілін қолдану;
- типтік проблемалық жағдайларды талдау;
- интерактивті оқыту әдістерін қолдану;
- педагогикалық жағдайларды модельдеу;
- оқу үрдісінде кейстерді құрастыру.

Өздеріңізге белгілі, құзыреттілік әрдайым қызметте көрінеді. Бұл ретте әрқашан құзыреттілік көрінетін контексті қарастыру маңызды. Құзыреттілік табиғаты адам құндылықтарымен органикалық бірлікте, яғни қызметтің осы түріне терең жеке мүдделілік жағдайында көрініс табуы мүмкін. Практикада жеке құндылығы бар қызметтің мазмұны нақты нәтижеге (өнімге) немесе мінез-құлық тәсіліне қол жеткізу мүмкін.

Рефлексивті құзыреттіліктің қалыптасу белгілері «өзінің педагогикалық қызметінің мәні мен құндылықтарын ұғыну; өткенді позитивті қабылдау және

қазіргі және болашақта бағдарлану; жағымсыз жүрісті өз бетінше өзгерту қабілеті болуы мүмкін қиын педагогикалық жағдайлардан оңтайлы шығу жолдарын табу», сондай-ақ педагогикалық технологияларды, релеванттық педагогикалық тәсілдерді таңдау жағдайлары.

Әдебиеттер

1. Тюков, А.А. О путях описания психологических механизмов рефлексии [Текст] / А.А. Тюков. – Новосибирск, 1987. – 122 с.

2. Щедровицкий, Г.П. Рефлексия [Текст] / Г.П. Щедровицкий // Избранные труды. – М.: Школа. Культура. Полититика, 1995. – 800 с.

3. Ушева, Т.Ф. Рефлексия как ключевая компетенция будущего педагога [Текст] / Т.Ф. Ушева // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: Сб. ст. по материалам XLIV междунар. науч.-практ. конф. Новосибирск: СибАК, – 2014. – № 9 (44). – С. 65-73.

4. Пьянкова, Г.С. Развитие профессиональной рефлексии [Текст]: учебное пособие / Г.С. Пьянкова // Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева. – Красноярск, 2009. – 276 с.

5. Мариико, В.В. Рефлексия в педагогической деятельности: этапы становления и средства развития [Текст] / В.В. Мариико, Е.Е. Михайлова // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2013. – № 6 (1). – С. 35-40.

6. Маркова, А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя [Текст]: - А.К. Маркова//Советская педагогика - 1990, № 8, с. 37-51.

7. Кулюткин, Ю.Н. Образовательные технологии и педагогическая рефлексия [Текст] / Ю.Н. Кулюткин, И.В. Муштавинская. – СПб.: СПбГУПМ, 2002. – 48 с.

8. Литвиненко, Т.В. Формирование педагогической рефлексии как профессионально важного качества личности педагога [Текст] / Т.В. Литвиненко // Омский научный вестник. – 2009. – № 5 (81). – С.135-138

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДҮНИЕТАНУ ПӘНІНЕН СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Есмагулова А.А.

аға оқытушы, магистр

Аманжол Г.

дПМНО-19-2к тобының студенті

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, Қазақстан Республикасының дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетіп дамыту концепциясы шығармашылық қабілетті дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін туғызуды талап етеді.

Бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Осыған сәйкес оқушыны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің талабы.

«Дүниетану» пәнінің мазмұнын іріктеу келесі жетекші идеялар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) әлемнің алуан түрлілігі идеясы;
- 2) әлем тұтастығының идеясы;
- 3) бейбітшілікті құрметтеу идеясы.

Әралуандық әлемнің өмір сүру формасы ретінде өзін табиғи және әлеуметтік салада айқын көрсетеді. Жаратылыстану-ғылыми, географиялық, тарихи мәліметтердің интеграциясы негізінде курста табиғат пен мәдениеттің, адам іс-әрекеті түрлерінің, елдер мен халықтардың алуан түрлілігін көрсететін шындықты бейнелейтін жарқын көрініс бейнеленеді. Бастауыш сынып оқушыларының табиғи алуан түрлілігімен танысуға ерекше көңіл бөлінеді, ол дербес құндылық ретінде және онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес, оның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру шарты ретінде қарастырылады[1].

Оның жүзеге асырылуы өлі табиғат пен тірі табиғат арасындағы, тірі табиғат ішіндегі, табиғат пен адам арасындағы түрлі байланыстарды ашу арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, адам өміріндегі әрбір табиғи компоненттің мәні қарастырылады, адамның осы компоненттерге оң және теріс әсері талданады. Балалардың табиғат пен қоғамның бірлігін, қоғамның өзінің тұтастығын, адамдардың өзара тығыз тәуелділігін сезінуі үшін экономика, тарих, уақытша әлеуметтік өмір саласынан алынған мәліметтерді енгізу маңызды мәнге ие.

Әлемге деген құрмет - бұл адамның өзін-өзі бағалауын мойындауға, адамгершілік саласына тек басқа адамдарға ғана емес, табиғатқа, қолдан жасалған әлемге, Қазақстан халықтарының және бүкіл адамзаттың мәдени игіліктеріне қарым-қатынасын қосуға негізделген жаңа формула.

«Дүниетану» пәнін оқыту әдістемесінің негізінде балалардың жаңа білімді «ашуын» қамтамасыз ететін мәселелік-іздістіру тәсілі және дүниені танып-білудің әртүрлі тәсілдерін белсенді меңгеруі жатыр. Бұл ретте бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құрайтын құралдар жүйесін қолдана отырып оқытудың әртүрлі әдістері мен нысандары пайдаланылады. Оқушылар табиғат және қоғамдық өмір құбылыстарына бақылау жасайды, практикалық жұмыстар мен тәжірибелерді, соның ішінде зерттеу сипатындағы, түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Дидактикалық және рөлдік ойындар, оқу диалогтары, қоршаған ортаның объектілері мен құбылыстарын моделдеу жүргізіледі.

Курстың міндеттерін табысты шешу үшін экскурсиялар мен оқу серуендері, әр түрлі мамандықтағы адамдармен кездесулер, ортаны қорғау бойынша практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру және баланың қоршаған ортамен тікелей өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін басқа да жұмыс түрлері жатады. Сабақ тек сыныпта ғана емес, көшеде, орманда, саябақта, мұражайда және т. б. өткізіледі. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін әрбір бөлімінде көзделген оқушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру өте маңызды.

Аталған жетекші идеяларға сәйкес бағдарламаны іске асыру кезінде бастауыш мектеп тәжірибесі үшін оқушылар іс-әрекетінің жаңа түрлері ерекше маңызға ие:

1) бастапқы мектеп үшін арнайы әзірленген атлас-анықтаушының көмегімен табиғи объектілерді тану;

2) графикалық және динамикалық схемалардың (модельдердің) көмегімен экологиялық байланыстарды моделдеу;

3) табиғат әлеміне өзінің және өзгенің қатынасын талдау, басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалау, экологиялық әдеп бойынша арнайы әзірленген кітаптың көмегімен жүзеге асырылатын тиісті нормалар мен ережелерді әзірлеуді қамтитын экологиялық-этикалық іс-әрекет.

«Дүниетану» пәні бастауыш мектептің оқу пәндері арасында ерекше орын алады. Бұл пәнде балалардың қоршаған әлемді тануы сабақ шеңберімен шектелмейді. Ол мектеп қабырғаларында үнемі жалғасады. Оқу курсының өзі осы процестің жүйе құраушы өзегі болып табылады. Сондықтан сабақта басталған балалармен жұмыс сол немесе басқа формада және оларды аяқтағаннан кейін, сабақтан тыс жұмыстарда жалғасуы маңызды. Мұғалім сондай-ақ оқушылардың күнделікті өз құрдастарымен қарым-қатынас жасауына, олардың сабақтарда оянатын танымдық бастамаларын қолдауға ұмтылуы керек. Бұл үй тәжірибесі мен бақылаулар, ересектерге оқу және ақпарат алу үшін нақты тапсырмалар болуы мүмкін.

«Дүниетану» пәнін оқу кезінде келесі пәндік нәтижелерге қол жеткізіледі[2]:

1) Қазақстанның әлемдік тарихтағы ерекше рөлін түсіну, ұлттық жетістіктер, жаңалықтар, жеңіс үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

2) Туған өлкеге, өз отбасына, тарихқа, мәдениетке, еліміздің табиғатына, оның қазіргі өміріне құрметпен қараудың қалыптасуы;

3) қоршаған ортаның тұтастығын ұғыну, экологиялық сауаттылық негіздерін, табиғат пен адамдар әлеміндегі адамгершілік мінез-құлықтың қарапайым ережелерін, табиғи және әлеуметтік ортадағы денсаулық сақтау мінез-құлық нормаларын меңгеру;

4) табиғат пен қоғамды зерделеудің қол жетімді тәсілдерін меңгеру (байқау, жазу, өлшеу, тәжірибе, салыстыру, жіктеу және т. б. отбасылық мұрағаттардан, қоршаған адамдардан, ашық ақпараттық кеңістікте ақпарат алу);

5) қоршаған әлемде себеп-салдарлық байланыстарды анықтау дағдыларын дамыту.

Сабақтан тыс жұмыс бүгінгі таңда оқушылардың мазмұнды бос уақытын өткізу (мерекелер, кештер, саяхаттар), өзін-өзі басқару және қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысу қажеттілігін іске асыру үшін сыныптан тыс уақытта ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде түсіндіріледі. Сабақтан тыс жұмыс, әрине, әр түрлі үйірмелердегі, секциялардағы, клубтардағы сабақтарды да қамтиды. Алайда, бұл жағдайда үйірме жұмысы уақыт ретінде мазмұнды сипат емес. Сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыратын сынып жетекшілері, тәлімгерлер, тәрбиешілер өз сыныптарындағы оқушылардың мүдделерін анықтап, оларды қосымша білім беру жүйесінде іске асыру үшін бағыттауы тиіс екенін ескереді.

Іс жүзінде сабақтан тыс жұмыс, ең алдымен, оқушылардың бір жас топтарымен жұмыс істеуді болжайды және бір сынып немесе оқу параллеліндегі балалардың бейресми қарым-қатынасы үшін жағдай жасауға бағытталған. Бірнеше сынып оқушыларын қамтитын іс-шаралар мен мерекелер сирек ұйымдастырылады. Сабақтан тыс жұмыстар айқын тәрбиелік және әлеуметтік-педагогикалық бағытқа (пікірталас клубтары, кездесу кештері, қызықты адамдармен, экскурсиялар театрлар мен мұражайлар, кейіннен талқыланады көргендері, әлеуметтік маңызы бар істі` еңбек акциялар) байланысты болады.

Сабақтан тыс жұмыс - сыныптастар арасында, оқушылар мен сынып жетекшілер арасында, сыныпта әртүрлі топтар арасында тұлғааралық қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін жақсы мүмкіндік. Бұл оқушы ұжымы мен өзін-өзі басқару органдарын құру мүмкіндігі. Көпжоспарлы сабақтан тыс жұмыс барысында оқушылардың жалпы мәдени мүдделерін дамытуды қамтамасыз етуге, адамгершілік тәрбие міндеттерін шешуге ықпал етуге болады.

Сыныптан тыс жұмыс - сабақтан тыс уақытта баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіруді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасайтын оқытушының оқушылармен әр түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Сыныптан тыс жұмыс - оқу бағдарламасының шеңберіне кірмейтін және мектеппен оқу кестесінен тыс өткізілетін әр түрлі тәрбиелік - оқытушылық іс-шаралар.

Сыныптан тыс жұмыс ұғымы - мазмұны, қызметі, өткізу әдістемесі, әдістері және басқару формалары бойынша әр түрлі сабақтарды қамтитын кең және бір мәнді емес. Мысалы: пәндік үйірменің отырысы, сыныптан тыс оқу, мектеп мерекелері мен кештерін өткізу сыныптан тыс жұмысқа жатады. Кейбір жағдайларда (үйірме, сыныптан тыс оқу) Оны оқытушы басқарады, басқа жағдайларда (бос уақытты ұйымдастыру, ойын-сауық іс-шаралары) өзін-өзі басқару негізінде оқушыларды басқарады. Осыған байланысты «сыныптан тыс жұмыс» ұғымын саралау қажеттілігі туындайды, ол үшін педагогикалық әдебиет пен практикада «сабақтан тыс жұмыс» және «сыныптан тыс жұмыс» терминдері пайдаланылады.

Сабақтан тыс жұмыс - мақсаты, мазмұны және әдістері бойынша оқу үдерісімен шектеседі, сабақтан тыс уақытта жалғастыру болып табылады және әрқашан ерікті болып табылмайды. Оны жоспарлау мен ұйымдастыруда мұғалім шешуші рөл атқарады. Мысалы: қабілетті оқушылармен бағдарламалық материалдан алынған білімді кеңейту және тереңдету бойынша

пәндік оқытушы жүргізетін жұмыс және нашар еститін балалардың білімін түзету оқудан тыс жұмыс - мұғалімдердің, сынып жетекшілердің бағыттаушы рөлінің арқасында белсенді және өзін-өзі бақылау негізінде негізінен оқушы ұжымында өткізілетін сабақтар.

Сыныптан тыс жұмыс - бұл әр түрлі іс-әрекеттер жиынтығы, олар оқушыларға жағымды әсер етеді және оқытушының сабақтағы жұмысымен байланыстыра отырып, оқу-әдістемелік өрісте өз бетінше орындайды.


Мектептің тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыс қоғам қабылдаған құндылықтар жүйесін қалыптастыруға, баланың өмірге және қоғамға қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне бағытталған. Үлгермейтін оқушылардың оқу үдерісінен басқаға зейінін бөлуге болмайды деген пікір бар. Бірақ бұл дұрыс емес, өйткені оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға көмектесуі қажет. Айтылған тапсырмалар сыныптан тыс жұмыстың негізгі мүмкіндіктері мен бағыттарын анықтайды. Нақты тәрбие жұмысында олар сынып ерекшеліктеріне, мұғалімнің өзіне, жалпы мектептік оқудан тыс жұмыс ағымына байланысты нақтыланады.

Тәрбие іс-шараларының сапасын оқушылардың ықпалы арқылы да бағалауға болады. Олардың зейіні, эмоционалды бейімделу, болып жатқан жағдайға қызығушылық, белсенділік немесе керісінше, немқұрайлылық көп түсінеді. Оқушылардың іс-әрекетін бақылау, олармен әңгімелесу, сауалнама жүргізу жүргізілетін жұмыстың тиімділігін терең бағалауға мүмкіндік береді. Сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың жағдайы мен нәтижелерін педагогикалық кеңестер мен әдістемелік бірлестіктерде жүйелі түрде талқылау керек. Тәрбиелік іс-шараны бағалау кезінде оқушыларды қатыстыру керек, ол үшін мектеп радиосын, қабырға газеттерін, көрмелерді пайдалануға болады. Мұндай жұмыс түрлерінің нәтижелері ұжымдағы жарыстар, конкурстар, айлық және т. б. сияқты кең талқылауды талап етеді[3].

Сыныптан тыс іс-шаралардың кейбір түрлері: кештер болып табылады. Бұл сынып немесе үйірме жұмысының нәтижелерін жалпылаудың бір түрі. Оқушылар мұғаліммен бірге кеш бағдарламасын, жұмыс түрлері мен ойындарды ойластырды. Кешке арналған материалды таңдайды. Мысалы: тарихи деректер, ребустар, сөзжұмбақтар, викториналар; қажетті үлгілер, плакаттар, ұрандар. Бұл іс-шаралар өте маңызды. Олардың келесідей тәрбиелік мәні бар:

- біріншіден, оқушылар өз сыныптарының құрметіне бірге күреседі;
- екіншіден, бұл жарыстар оқушылардың жеңіске деген ынтасын және төзімділігін дамытады.

Бақылау кезеңіндегі нәтижені бастапқыдағы алынғанмен салыстырғанда оң нәтижелерге қол жеткізгенімізді анықтадық, яғни оқушылар сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылық қабілетін дамыта алады. Анықтау кезеңі мен бақылау кезеңінің салыстырмалы талдауы келесі кестеде берілген.



Балалар шығармашылығы оқу үдерісін белсендіреді. Бұл ретте бастама, дербестік және белсенді білім, білік, дағды меңгеруге ынталандырады. Өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту қабілеті дамиды. Шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқу іс-әрекеті процесінде жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта дамыту қажет.

Әдебиетер

1. П. Сеитова. Дүниетану сабақтарында оқушылардың шығаршылығын дамыту жолдары. //Педагогика. №2015. Б. 5-8
2. Н. Күзембаева. Дүниетану сабақтарының ерекшелігі. //Бастауыш мектеп. 2017. №6. Б.23-26
3. Л.Дуйсенбаева. Дүниетану сабақтарының сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстары. Алматы. 2012. – 119 б.

«ЛЭПБУК» ӘДІСІ - БАЛАЛАРДЫҢ ЗАМАНАУИ КОММУНИКАТИВТІК-ТАНЫМДЫҚ ҚҰРАЛЫ

Жадрина Н.Т

Павлодар қаласының №111 сәбилер бақшасының тәрбиешісі
nurizhan@bk.ru

Балаларға көп үйретем деп,
асығып шала-шарпы үйретуден,
аз да болса, анықтап нық үйрету абзал [2]
Ахмет Байтұрсынұлы

Кез келген мектепке дейінгі мекемеде мектеп жасына дейінгі баланың танымдық қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру – ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Адамдар арасындағы байланысты бірлескен әрекет арқылы ұйымдастыру, тежеусіз тілдесу үрдісінің қажетті

шарты болып табылады. Коммуникация басқа үрдістерден бұрын пайда болып, барлық іс-әрекет түрлерінде қатысып баланың психикалық дамуына және жалпы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді.

Айнала қоршаған әлемді тануда көптеген психологтар мектепке дейінгі жасты үлкен салмақ түсетін іске аспаған мүмкіндіктермен сипаттайды. Оны ашуда білім беру әркеті көмектеседі. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ынталылық, шығармашылық, ақыл-ой қабілеті, танымдық қызығушылықтары, бірлескен және өз бетінше жұмыстар сәтті дамып, білім алу үрдісін белсенді игеруге септігін тигізеді.

Мен өзімнің білімімді жетілдіру тақырыбымды таңдау барысында балаларды қандай әдіспен қызықтыра алатынымды, танымдық және коммуникациялық қабілеттерін тиімді дамыту мақсатында «лэпбук» әдісін тандап алдым. Өйткені «лэпбук» әдісін мектепке дейінгі мекемедегі әр жас ерекшелігіне сай қолдануға болады. Типтік бағдарламадағы әр лексикалық тақырыптарға құрастыруға болады. Сондай -ақ балалардың барлық іс-әрекет түрлерінде, ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде, барлық білім беру салаларында және күнделікті өмірде, көркемдік, ойын әрекетінде жүзеге асыруға болады.

«Лэпбук» дегеніміз не? деген сұраққа жауап беретін болсақ, ол сөздің өзіне үніліп қараған дұрыс. Лэпбук – заманауи коммуникативтік танымдық құрал. Лэпбук (lapbook) – ағылшын тілінен тура аударғанда (lap-тізе, book-кітап) деген мағынаны білдіреді. Бұл қалташалары, есігі, терезелері бар жинамалы кітапша, жылжымалы бөлшектерден құралған, оған бір тақырыптың материалдары орналастырылады. Бала оларды алып, салып, қарап, ойнап алады. Нақты бір тақырып бойынша зерттеп, оқып үйренген іс-әрекеттің қорытынды кезеңі. Осы папканы толтыру үшін бала бірнеше әрекеттер жасау керек: бақылау жасау, берілген материалды оқып дайындау, тапсырмаларды орындау. Лэпбукты жасағанда балалар білімдерін толықтырады, өткен материалды қайталап, пысықтайды. Алған білімдерін бір жүйеге келтіреді, папканы алғанда өткен тақырыптар естерінде қалып, ойға тез келеді. [1]

Сонымен қатар, бұл бүлдіршіндермен бірге ата-аналарды балабақша жұмысына белсенді араластырудың тамаша тәсілдерінің бірі болып саналады. Мысалы, жазғы уақытта үй тапсырмасы ретінде белгілі бір тақырыпты тапсырып, балалар ата-аналарымен бірге кітапша жасау барысында зерттеу жұмысын жүргізеді, ізденіс жасайды, ақпаратты сұрыптап және талдайды.

«Лэпбук» - мектепке дейінгі балалардың танымдық - зерттеу белсенділігінің дамуы түрінің инновациялық формасы, балалардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамуына жақсы әсер тигізеді, тәрбиеленушілер әр сала бойынша білімдер алады және алған білімдерін қолдана алады. [3]

Лэпбук арқылы келесі міндеттер атқарылады:

- Балаларды ересек адамдармен және құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас құруға тәрбиелеу, бірігіп іс-әрекет жасауға үйрету;
- Балалардың танымдық белсенділігін, өзділігін дамыту;
- Ойлау қабілеттерін, логикасын дамыту;

- Балаларды өз бетімен ақпарат жинауға, өз қалауы бойынша материалды ұйымдастыру;

- Жаңа тақырыпты дұрыс түсініп және есте сақтауға, алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдану.

Ләпбук интерактивті папкасын құрастыру кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдер:

1. салыстырмалы талдау;
2. проблемалық сұрақтар;
3. ізденіс;
4. дидактикалық ойындар;
5. әңгіме, сипаттау;
6. сюжетті ойындар;

Ләпбук бойынша жұмыс жасаудың артықшылығы:

- Күрделі ақпаратты құрылымдауға көмектеседі.
- Танымдық қызығушылықты және шығармашылықты дамытады.
- Қызықсыз тақырыптарды түрлендіреді.
- Тақырыпты оңай жолмен есте сақтауды үйретеді.

Ләпбук интерактивтік әдістемесін құрастыруға қойылатын талаптар:

- Оқу материалының нақтылығы.
- Іс - әрекеттің әр кезеңіндегі оқып отырған материалдың бөлімдерінің логикалық өзара байланысы.

- Өтілетін тақырып бойынша көп ақпарат жинастыру.

Ләпбукті құруды неден бастауға болады?

Ләпбук тақырыбын таңдау.

Тақырып таңдау жас ерекшелігіне қарай - мысалы: топқа арналған жылдық оқу жоспарынан өтпелі тақырыптар бойынша: жыл мезгілдері, жануарлар әлемі, отбасы, құстар, мамандықтар, өсімдіктер әлемі, ғарыш әлемі, менің Отаным, туған өлкем, денсаулық, ертегілер т.б.айлық, апталық тақырыптарды алуға болады. Тақырыпты толықтай ашу үшін үш сұрақтың модулі алынады: Бала не біледі? Бала нені білгісі келеді? Білу үшін не істеу керек? Әр блоктың тақырыбы - бұл бір парақ қағаз А-3 форматында. Осы папка әр ұйымдастырылған оқу қызметі өткен соң, кішкентай тақырыптармен толтырылады. Әр тақырып қалташалар, конверттер, блокнот, кішкентай кітапшалар формасында жасалады. Дайындалған қалташа немесе конверттерге тақырып бойынша жиналған ақпараттар салынады.

Біздің топта менің балаларға ең бірінші жасаған ләпбук «Шайхана» тақырыбында болды. Балаларды ойын арқылы «ләпбук» әдісіне қызығушылықтарын ояттым. Балалар рөлдерге бөлініп, шайханадағы көріністі сомдап шықты. Қоғамдық жерде өздерін мәдениетті ұстау, амандасу, сыпайы болу, басқа адамдардың жұмысына мейірімділікпен қарау және т.б әдептілік ережелерін ұстанды. Көп жағымды эмоция алып, өздерін еркін ұстай бастады. Келесі жолы балалар мен ата-аналары бірлесіп «Қыс мезгілі» және «Үй жануарлары» ләпбуктары жасалды. Балалар өз қолдарымен жасаған

лэпбуктарын қорғап, ішіндегі бөлшектерді сипаттап, ойндарды ойнап, көркем сөздерді айтып берді.

«Лэпбук» құру балаларға тақырып туралы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар оларды проблеманы жан-жақты қарауға, міндеттер қоюға және оларды шешуге, ұйымдастыру және ақпаратты іріктеу мәселелеріне шығармашылықпен қарауға үйрете отырып, заманауи білім берудің бірқатар міндеттерін шешеді. «Лэпбук» - бұл алынған білімді бекітуге және пысықтауға көмектесетін әдіс ғана емес, бұл күтпеген нәтижелер бере алатын қиялдың ұшуы, бұл бір күні басталған зерттеу, ол бүкіл өмір бойы жалғасады. Менің міндетім балаларға өз күшіне сенімділік беріп, жаңа көзқарастарды ашуға дұрыс ынталандыру.

Әдебиеттер

1. Гатовская Д. А., Лэпбук как средство обучения в условиях ФГОС// Проблемы и перспективы развития образования: Материалы VI международной конференции. – Пермь: Меркурий, 2015. — С. 162-164.

2. «www.bilim-all.kz Білім алл» - ақпараттық агентігі Ахмет Байтұрсынұлы нақыл сөздері

3. <http://orleu-atr.kz/wp-content/uploads/2020/02>

ТАРИХ САБАҒЫНДА ЖОБА НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРУ (PBL) ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жұманбай Ж. Д.

«Дарын» мамандырылған мектеп-интернатының тарих пәнінің мұғалімі

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі бекер», – дейді хакім Абай. Туған елдің абыройын, ар-намысын, биік мәртебесін асқақтататып, еліміздің келешек тағдыры мен ертеңіне аландайтын, жарқын келешекке сеніммен қарайтын патриот тұлға тәрбиелеу әрбір тарихшы мұғалімнің ұстаздық борышы. Туған елді әлемдегі өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең етіп өркендетуде тарих пәнінің алатын орны зор деуге болады. Қазіргі заманның ұстазға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдау.

Сонымен қатар, қазақстан тарихын оқыту барысында туған елінің қырсырын, табиғатын таныта отырып ертеңгі өмірден орын таба алатын, өзіне сенімді нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірбиені байыту. Ол үшін білім

беруде оқытудың озық технологиялары енгізіліп, оқушыны оқуға жан-жақты жағдай жасалуы керек.

Қазіргі педагогиканың оқушылардың бойында шығармашылықпен қызмет ету саласын қалыптастыруға бағытталуы педагогикалық іс-әрекет ұстанымдарының өзгеруіне әкелді. Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны мен құрылымымен қатар ғылымға және тәрбиеге негізделген жаңа идеялар мен технологиялары бар. Әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірбиеге енгізудің маңызы зор.

Мен үшін әрбір сабақта жаналықтарды пайдалану, озық тәжірбиелерді қолдану үлкен мен ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану оқыту әдісімен жаңартып отыруына байданысты.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ұлттық мектептің жүйесі жасалуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашылықпен айналысатын жеке тұлға қалыптастыруға түрткі болатын инновациялық технологиялардың бірі - ақпараттық технология. Ендеше ақпарат ғасырында, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда ұстаздардың ортақ мақсаты - заман талабына сай білімді, жан-жақты ойлай білетін, өз елінің, халқының қамын жейтін, қоғамды алға қарай дамытатын ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық тағылымдардан сусындаған ұстаз ізденісінсіз сапалы білімге қол жеткізу мүмкін емес.

Бұл технологияның басты мақсаты - білім беру ісін ізгілендіру, яғни, баланың құқықтарын, мүдделерін ескерту мен дамытуына жағдай жасау болса, екінші мәселе - демократияландыру, яғни жеке ой-пікірін айта білетін тұлғаны тәрбиелеу. Сонымен қатар, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, ой ұшқырлығына жетелеу.

Мектеп қабырғасында оқушы білім стандарттарына сәйкес білім алумен қатар, ғылым көкжиегіне көз жіберіп, зерттеу мен зерделеуді саралап, сараптауды үйрене бастауы тиіс.

Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың дамуына жағдай жасау-кезек күттірмейтін іс. Бала қабілеті мен дарынын толық ашу тек бала үшін ғана емес, ең алдымен қоғам үшін маңызды. Оқушымен жүргізілетін іс-әрекетіміз шығармашылық қабілетін дамыту үшін арналуы керек. Қазіргі білім беру саласының негізгі мақсатын, мән-мағынасын жете түсініп оқытқан жағдайда ғана біз келешек ұрпақтың еркін дамуына жол ашамыз.

Елбасының ұрпақ болашағы жайлы айтқан осы ой түйіні ғасыр мектебіне жаңа заман талабына сай жанаша оқыту технологиясын игеру міндетін жүктеп отыр. Қазақстан Республикасының Білім Заңының 8-бабы мектепке «Оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу қажеттігін жүктейді» деп атап көрсеткен.

Қазіргі заманғы тарих сабағына мынандай мақсаттар қояр едім.

1. Оқушының тарихи білімін үнемі жетілдіріп отыру (дәріс беру, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану) Оқушының тарихи білімін

жетілдірудің негізі - оқушының өз бетінше ізденуі, мұғалімнің әдістемелік көмек көрсетуі

2. Оқушы кітап көлемімен шектеліп қана қалмай, қосымша білім көздеріне сүйенуі керек. Тарих жаңа басылымдарды жинақтау, теледидар арқылы берілетін хабарларды бейне таспаға түсіріп отыру, білім сайыстарына қатысып отыру, т.с.с.

3. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға, ғылыми зерттеу жұмыстарына араластыру, дарынды оқушылармен жұмыс.

4. Тіл мәдениетін және ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту.

Оқытуда түпкі мақсатқа жету үшін мұғалім ізденісі шешуші рөл атқарады. Неміс педагогі Адольф Дистерверг ХІХ ғасырдың өзінде ақ: «Жас мұғалімнің негізгі кемшілігі - өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы», – деген болатын.

Мұғалім сабақты проблемалық ситуация жасай білсе және бір сабақтан екінші сабақты түрлендіріп өткізе білсе, ол оқушының өзіндік ізденіске жол ашады:

- Бүгінгі таңда Қазақстанда бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосуға үлес қосатын жастар бойына патриотизм, ұлтжандық, азаматтық қасиеттері қалыптасады;

- қоршаған ортаны бақылау қажетті істерге қатысу қабілеті артады;
- тарихи санасы қалыптасады;
- мұғаліммен оқушы арасындағы бірлік дағды қалыптасты;
- өз пікірін еркін баяндап, жүйелі сөйлеуге көмектеседі.
- Отанымыздың тарихына жана беттер қосылады.

Міне, осы аталмыш істерді атқаруды мен дәріс беретін мектебінде оқитын дарынды оқушылармен өткізген әр сабақ өз мақсатына жетіп жатады. Оқыту үрдісінде ақпараттық әдістерді қолданудың нәтижесінде 9-шы сынып оқушылармен өткізген “Экологиялық дағдарыс және оның салдары”, “Желтоқсан ызғары”, “Экономикалық даму” атты тақыраптағы сабақта “оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау” әдісінің зерттеу, салыстыру, баспасөз конференциясы, бейнетаспаны тамашалау тағы да басқа стратегияларын пайдаланудың нәтижесінде оқушының пәнге деген қызығушылығы арта түсті.

Сонымен қатар, оқушыларды топқа бөліп, әр топтың зерттеген мәселесі бойынша пікір алмасу, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ізденушілік қабілетін дамытты.

Сабақтан тыс еліміздегі экономикалық жағдайға байланысты «Ел экономикасын дамытуда шетел инвесторлары қажет пе?» тақырыбында пікір-сайыс сабағында мынандай әдіс-тәсілдерді пайдаландым. Оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін, «Дискуссиялық карта» стратегиясын пайдаландым. Оқушыларға «Қазақстан экономикасына шетел инвесторлары қажет пе?» деген сұрақ қою арқылы «иә» немесе «жоқ» деген екі карама-қарсы топты айқындай отырып, өзара пікірталас ұйымдастырылды. Оқушылар өз көзқарастарын нақты дәлел мен дәйектер келтіруде бұқаралық ақпарат құралдарынан, интернет желісінен қажетті мәліметтермен білімін

тереңдету арқылы, жұп болып, кейінен топ болып жұмыс жасайды. Осы жұмыс барысында олар өз көзқарастарын жеткізумен қатар бірін-бірі тыңдауға түсінуге үйренеді. Әр топтың бір оқушысына өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беріледі. Оқушының сөйлеу мәдениетінің деңгейі байқалып, оқушылардың ауызша сөйлеу мәдениетін дамытып, өзіндік ұғым қалыптастыруда үлкен септігін титізді, «1930 жылдарыағы қоғамдық - саяси өмір» тақырыбын өткен кезде Карлаг-тың бұрынғы орындарына саяхаттап мұражайда өткізілген сабақ оқушылардың танымдық қабілетін арттырады. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол, сынып оқушыларының әрқайсысына жеке-жеке нұсқаулар бойынша жұмыс жүргізуге қолайлы.

Осылайша ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижегерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ есте сақталуына, т.б.

Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулықтарды пайдаланып, электронды оқулықтардағы көрнекіліктерге, деректерге сүйене отырып оқушылар өздерінің ой-өрісін кеңейтіп шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинауға дағдыланады. Сонымен бірге оқушылар ғаламтордан қосымша материалдар іздеу, алынған материалды саралау, анализ жасау арқылы тарихи объективизм принципін ұстанып өз бетімен ізденіге дағдыланады.

Қорыта айтқанда, әр оқушының қабілетін дамыту, еңбек етуге балу, ұйымшылдық қабілетін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу және ауызекі сөйлеуді дамыту.

Әдебиеттер

- 1.Құлайбергенова Қ.С. Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі Алматы//2001
- 2.Тұржығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқыту теориясы мен әдістемесі. Алматы: Мектеп 1984.
- 3.Тұрлығұл Т.Т. Тарих сабақтарын жетілдіру жолдары. Алматы: Мектеп, 1984.

ТЕОРЕТИЧЕСКОЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЕ О ПРИРОДЕ И ВИДАХ МЫШЛЕНИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ

Жакпарова Г.А.,

Старший преподаватель кафедры педагогики и психологии университета
Шакарим

Терещенко О.Ю.

Магистрант кафедры педагогики и психологии университета Шакарим

Мышление является высшим познавательным процессом. Оно представляет собой порождение нового знания, активную форму творческого отражения и преобразования человеком действительности. [1]

В наиболее распространенном смысле термины "мысль" и "мышление" относятся к сознательным когнитивным процессам, которые могут происходить независимо от сенсорной стимуляции. Их наиболее парадигматическими формами являются суждение, рассуждение, формирование концепций, решение проблем и обсуждение. Но часто включаются и другие психические процессы, такие как обдумывание идеи, память или воображение. Эти процессы могут происходить внутренне независимо от органов чувств, в отличие от восприятия. Но при понимании в самом широком смысле любое психическое событие может быть понято как форма мышления, включая восприятие и бессознательные психические процессы. В несколько ином смысле термин "мысль" относится не к самим психическим процессам, а к психическим состояниям или системам идей, вызванным этими процессами. Были предложены различные теории мышления. Они направлены на то, чтобы уловить характерные особенности мышления.

Платоники считают, что мышление состоит в различении и проверке платонических форм и их взаимосвязей. Это включает в себя способность различать сами чистые платонические формы и простые имитации, встречающиеся в чувственном мире. В научной литературе обсуждаются различные типы мышления. Суждение - это мысленная операция, в ходе которой высказывается суждение, а затем либо подтверждается, либо опровергается. Рассуждение, с другой стороны, - это процесс вывода выводов из предпосылок или доказательств. Как суждение, так и рассуждение зависят от владения соответствующими понятиями, которые приобретаются в процессе формирования концепции. В случае решения проблем мышление направлено на достижение заранее определенной цели путем преодоления определенных препятствий. Обдумывание - это важная форма практического мышления, которая заключается в формулировании возможных направлений действий и оценке причин за и против них. Это может привести к принятию решения путем выбора наиболее выгодного варианта. Как эпизодическая память, так и воображение представляют объекты и ситуации внутренне, в попытке точно воспроизвести то, что было пережито ранее, или в виде свободной перестановки, соответственно. Бессознательная мысль - это мысль, которая возникает без непосредственного переживания. Иногда это делается для того, чтобы объяснить, как решаются сложные проблемы в тех случаях, когда не использовалась сознательная мысль.[2]

Задача мышления – раскрытие отношений между предметами, выявление связей и отделение их от случайных совпадений. Леонтьев А.Н. определяет мышление как «процесс отражения объективной реальности, составляющий высшую ступень человеческого познания». По мнению Леонтьева А.Н.,

мышление дает знание о существенных свойствах, связях и отношениях объективной реальности, осуществляет в процессе познания переход «от явления к сущности». Дети, находящиеся на этой стадии, не справляются с решением задачи по формированию понятий, и вместо поиска существенных признаков понятия подбирают предметы на случайной основе (синкрет - это случайное, неупорядоченное множество предметов). [4] Дошкольное детство - очень короткий отрезок в жизни человека, всего первые семь лет. Но они имеют непреходящее значение. В этот период развитие идет как никогда бурно и стремительно. Из совершенно беспомощного, ничего не умеющего существа младенец превращается в относительно самостоятельную, активную личность. Получают определенное развитие все стороны психики ребенка, тем самым закладывается фундамент для дальнейшего роста. [5] Дошкольники прочно вошли в стадию, которую Пиаже назвал предоперационным периодом (с 2-7 лет). В то время как современные исследователи задаются вопросом, так ли нелогичны дошкольники, как утверждал Пиаже, любой, кто проводил с ними время, знает, что они мыслят иначе, чем взрослые!

В своем знаменитом эксперименте по сохранению пенни Пиаже продемонстрировал, что примерно до 6 лет дети говорили, что в разложенном ряду пенни было больше, чем в ряду с (равным количеством) более сплюснутых вместе пенни, даже если они сами считали каждый ряд. Пиаже объясняет это противоречие, утверждая, что детская логика в этот период времени управляется восприятием, а не рассуждением. [6] Идея центрации, основанной на восприятии, выходит за рамки сохранения и распространяется на более широкое мировоззрение дошкольников. Как правило, дети этого возраста эгоцентричны; они не могут спонтанно и независимо меняться со своей собственной точки зрения. Например, дети могут сказать, что трава растет для того, чтобы они не поранились, когда упадут, или потому, что они любят шоколад, каждый должен. Как дополнение, они считают, что все разделяют ту же точку зрения, что и они, поэтому, конечно, они должны получать, если они так думают, все так делают. В качестве компонента эгоцентрического мышления дошкольники демонстрируют анимизм, веру в то, что природа и предметы живые, с человеческими характеристиками (например, когда ваш ребенок говорит, что земля заставила их упасть). Способность к децентрации является одним из отличительных признаков завершения предоперационного этапа. Детское нелогичное мышление распространяется на различные области. Например, в своих способностях к классификации они еще не могут понять, что один объект может быть классифицирован несколькими способами. Например, дети могут сказать, что в классе совместного обучения девочек больше, чем детей, или что они не хотят фруктов на закуску, они хотят грушу. Точно так же они часто чрезмерно обобщают свои ярлыки категорий. Например, ребенок может называть всех четвероногих животных «собаками» или всех людей с седыми волосами «бабушками».

Кроме того, дошкольники часто полагаются на трансдуктивное мышление, в соответствии с которым они полагают, что сходство между двумя объектами

или последовательностью событий свидетельствует о причине и следствии. Например, если ребенок видит своего учителя в школе утром и снова, когда уходит, он может подумать, что его учитель должен там жить. Точно так же, если их друг итальянец и ест пасту, они могут поверить, что употребление пасты сделает кого-то итальянцем. В этих примерах мы видим, как в мыслях дошкольников доминирует их восприятие. Время от 3-5 лет - это основа развития символов у маленьких детей. Использование символов подразумевает возможность использовать одну вещь для представления другой, например чтобы рисунок карта обозначали местоположение или чтобы шашка представляла печенье в игре. Дошкольники учатся мысленно использовать и представлять материальные объекты с помощью изображений, слов и рисунков. В то время как дети еще не могут манипулировать этими символами или представлять абстрактные идеи, способность использовать символы вместо того, чтобы участвовать в простой моторной игре, является определяющей характеристикой дошкольного периода. На самом деле, игра воображения связана с когнитивным ростом и достижениями. Например, дошкольники, участвующие в более сложных притворных играх, демонстрируют более высокое общее интеллектуальное развитие и считаются более социально компетентными своими учителями. Дети, которые создают воображаемых друзей, которые ранее были бы помечены как подверженные риску дезадаптации, демонстрируют более развитые ментальные представления и большую общительность со своими сверстниками, чем те, кто этого не делает.

Хотя нельзя отрицать уникальную перспективу, с которой дошкольники смотрят на мир, существуют контексты и области, в которых эти очень маленькие дети действительно мыслят логически. Ключом к этой “скрытой способности” является объем знаний или опыта, которыми обладает ребенок в конкретной области или области обучения. Важно отметить, что способ приобретения этих знаний — посредством инвестиций, вовлечения, исследований и открытий — является средством, с помощью которого дошкольники развивают свои навыки мышления и рассуждения.[4] Фактически, все виды мышления тесно взаимосвязаны между собой. На практике бывает трудно определить, какой вид мышления используется при решении той или иной задачи, так как все виды мышления переплетаются друг с другом. Можно лишь говорить об относительном преобладании того или иного вида мышления.

Литература

1. Е. Агаева Формирование элементов логического мышления: старший дошкольный возраст // Дошкольное воспитание. - 1981. - № 1. - с. 38-4
2. Психология детей дошкольного возраста. Развитие познавательных процессов. - Под ред. А.В. Запорожца, Д.Б. Эльконина. М., 1964.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М., 1982.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. Собр. соч.: В 6 т.- М.: Педагогика, 1982, Т. 2. С. 6-361.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Жакупова А.Е.

Павлодар қаласының №19 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш
мұғалімі, гуманитарлық ғылым магистрі
z.azhar@mail.ru

*«Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатын кітап»
Ахмет Байтұрсынов*

Қазіргі өркениеттің болашағы тек техникалық прогресс пен экономикалық өсу деңгейіне байланысты емес. Ол негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жеке тұлғаның игілігі үшін және дара тұлғаның өзіне шешуге дайын жеке тұлғаның рөлімен көбірек анықталады. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану – заман талабы. Қазіргі кезде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты. Бүгінгі таңда әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер еліміздің білім беру жүйесін қайта құру қажет екенін көрсетеді. Білім беру саласына өзгеріс енгізу – болашақ ұрпағымыздың терең де жан-жақты білім алып, өмір көшінен қалмауы болып саналады.

Оқыту үдерісінде жаңа тәсілдермен сабақ берудің мақсаты – пәнді жан-жақты түсіну, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Сонымен бірге білімдерін кез келген ортада қолдана алуы, іске жаратуы деп ойлаймын. Сабақтың әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Сонымен бірге өскелең ұрпақтың ақпарат құралдарымен айрықша жұмыстана білуіне назар аударған жөн. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі оқытушының ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Оқу-тәрбие рдісінде теориялық және әдістемелік білімімді ұдайы толықтырып, үздіксіз ізденіп, өз мамандығым бойынша білімімді жетілдіріп және психология мен педагогика ғылымдарыжайындағы жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып отырамын. Үздіксіз іздену – бүгін де өзіме қойылып отырған басты талаптардың бірі. Өйткені, әдістеме саласындағы озық технологиялар мен заманауи үрдістер алдыңғы қатарлы тәжірибені жетік игеру – сапалы, тиімді, нәтижелі жүргізілген сабақ пен білімгерлердің жоғары білімінің кепілі.

Бүгінгі білім беру жүйесінде инновациялық үрдістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Менде осы

мақсатта «Мектептегі тәжірибе» кезеңінде тізбектелген сабақтар топтамасына жеті модульдің енгізілуін негіздеу үшін толықтырулар мен өзгерістер енгіздім.

Ахмет Байтұрсынұлының «Мен қалай оқуға бардым?» сабағында 7 модульді пайдаландым, соның ішінде диалогтық оқытуға басым көңіл бөлдім. «Жариялау әдісі» модулінде сұрақ-жауап, қосымша іздену, деректер жинау, зерттеушілік әңгіме негізінде көрініс тапты. Ойлау деңгейінің тапсырмаларын беруде «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модуліне сәйкес тапсырманы Блум таксономиясы негізінде әзірледім. PISA бағдарламасына сәйкес дайындалған тапсырмалар «Ойлан-жұптас - бөліс әдісі» арқылы модульін қамтиды. «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу» модуліне сай жинақтау кезеңінде қолдандым. Тапсырмаларды орындау барысында «Оқыту мен оқуда АКТ, mytest, QR код, онлайн тақталарды пайдалану» модулінің, «Мультифото әдісі», «Оқу үшін бағалау мен оқуды бағалау» модулінің жұмыс құралдарын енгіздім. Сабақта әлеуметтік, танымдық, эмоционалдық жағдай туғызу үшін «Шаттық шеңбері», «Stop motion», «Жүректен жүрекке» тренингтерін пайдаланып, жағымды психологиялық ахуал туғыздым. Өйткені осы тренингті пайдаланғанда оқушылардың көңіл –күйі көтеріңкі болып, белсенділігі артты.

Бұл баяндамада ел ертеңінің бастауы – педагогикалық білім берудегі жоғары, озық технологияларды меңгеру мен заманауи үрдістерді сабақтарда қолдану. Қазіргі педагогика теориясына елеулі өзгерістер еніп, жана көзқарастар пайда болды. Әрі білім беру құрылымында қазіргі заманғы педагогикалық технология өмірге келді. Сондықтан мұғалімнің алға қойған маңызды міндетінің бірі – талабы таудай жеке тұлғаны дамыту, өсіру, адам дәрежесіне жеткізу үшін жаңашыл жұмысқа бет бұру керек. Олай болса, дәл қазір бізге осы озық технологиялар мен заманауи әдістерді дамыту, оны практикада пайдалану шарттарын білуіміз керек. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен заманауи әдістерді сабақ үстінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз.

Әдебиеттер

3. <https://bilim-all.kz/> А.Байтұрсыновтың нақыл сөздері.
4. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар – талапшаң мұғалім еншісі //Бастауыш мектеп.-2011. - №4.- 25 б.
5. Қабатай Б.Т. Әдебиеттік оқу 2-сынып. Алматы «Атамұра» 2017.-1 бөлім. – 6 б.
6. <http://edunews.kz> «Ғылым» Заманауи оқу үдерістері арқылы білім беруде - сапалы білім беруді жүзеге асырудың тиімді жолдары

7. @ustazdar_kanaly. Заманауи құралдар арқылы тапсырмалар жасау.

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жангозина А.А.

«Павлодар қаласының №34 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
asemgul2410@mail.ru

Егеменді елдің ертеңі оқу білімінің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз, үздіксіз дамытуды талап етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері кезінде адамды қалыптастыруға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білімді және білімін практика жүзінде қолдана білетін қоғам мүшелерін талап етеді.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым - қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Сондықтан мектептің міндеті оқушылардың шығармашылық қабілеттерін барынша ашып, қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлығын туғызу, өз бетінше іздене алатын шәкірт дайындау. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу тәрбие процесіне ықпал етудегі өмір талабы. Ол үшін сабақ құрылымы көп түрлі оқыту әдістерімен толықтырылып, мұғалімнің де дайындығы, ізденісі жоғары деңгейде болуы керек. Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру-мұғалімнің өз еңбегін ұтымды ұйымдастыра отырып,

жана сабақ үлгілерімен оқушыларды шығармашылыққа ізденуін қалыптастыру. Сонымен, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым - қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Мақсаты:

1. Оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттау, диагностикалық зерттеу жүргізу арқылы дарынды оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
2. Оқушылардың тілдік көркем стильді ауызша, жазбаша түрде қолдана білу біліктерін жетілдіру;
3. Шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылармен жұмыстың міндеті:

1. Сабақ және сабақтан тыс кезеңдерде көркем әдебиетке сүйіспеншілікке баулу;
2. Тілдік қолданыстарының әдеби деңгейін қалыптастыру;
3. Таным белсенділігі мен өзіндік ізденісті жетілдіру;
4. Логикалық ойлауын, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағыттау;
5. Өзін-өзі дамытуға, болжам жасай білуге жағдай жасау.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дарынды оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

1. Оқушыларды өз тілінде жатық сөйлеуге, кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе алуға даярланады;
2. Кестелі, бейнелі тілдік сөйлеуді қолданады;
3. Өзіне тән стильдік ерекшелігі қалыптасады;
4. Сөз бояуын құбылта алады.
5. Ойын анық, дәл, шешен тілмен жеткізеді.
6. Сөзі ой мен сезімге әсер ететін мағыналы сөздік тұлғаларды қолданады;
7. Әдеби тілдік нор-маларды ұтымды қолданады.
8. Жағдаяттардан жол тауып шыға алады.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінен оқушылардың қабілеттерін жетілдіріп, дарындылыққа дейін жеткізу мұғалімнен тыңғылықты дайындықты қажет етеді. «Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуллер айтқандай, бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы. Соның бірі және бірегейі – оқытуды жеке тұлғаға қарай бағыттау, еліміздің ертеңі жас буындардың бойындағы қабілет пен талантты дер кезінде танып, аша білу. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық бейнені сақтау – ең негізгі құндылық. Бұл құндылық тіл беріктігіне, тілдік ортаны дамытуға тікелей байланысты. Оқыллатын пәндердің нысандары тіл арқылы ғана танылады. Ендеше, оқушының тілдік дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы басты мәселе.

Жалпы тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру- оқушылардың ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі жолы. Бұл

қағида оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі қазақ тілі пәніне де тікелей байланысты. Осы саладағы пәннің негізгі мақсаты- мектеп оқушыларын қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет- ғұрпын, тарихын танып білуге ынталандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Сонымен қатар оларды Отанын, табиғатты, еңбекті сүйуге дайындау. Өздерін еңбекке тәрбиелеу. Осы жолда мұғалімдердің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі керек. Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көзделінген нәтижеге жетеді. Бұл идеяның түп қазығы- мұғалім мен оқушының уақытын, білімін, күшін, мүмкіндіктерін ұтымды, тиімді жұмсап, жоғары нәтижеге жету. Қазақ деген елді өзгелер дарынды түлегімен, ойшыл ғалымымен, ұлтжанды данасымен таниды, ал осындай асылдарды әлемдік биікте таныту тіл арқылы жүзеге аспақ. Ендеше, оқушының тілдік дарындылығын дамыту – бүгінгі таңдағы басты мәселе.

Дарындылық – бұл өмір бойы жүйелі дамып отыратын психика сапасы, адамның басқалармен салыстырғанда бір немесе бірнеше іс-әрекет түрлеріндегі қол жеткізген жоғары жетістіктерінің көрінісі.

Дарынды бала - өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озатын немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін бала.

Оқушылардың тілдік дарындылығын дамыту бірнеше бөліктерге бөлінген.


1. Оқушы дарындылығын зерттеуге арналған жұмыс түрлері қамтылған. Дарындылық белгілері ретінде өз бетімен жағдаяттарды шеше алуы, тілдік қолданыстарға деген қызығушылығы өте жоғары болуы, дербес іздену жұмыстарын іске асыруы, алдына мақсат қою, жету жолдарын қарастырады; өзіне-өзі бақылау жасауы, стилдік зерттеушілік қабілеттері қалыптаса бастауы есепке алынады.

2. Оқушылармен сабақ барысында жүргізілетін деңгейлік тапсырмалар жүйесі қамтылған. Сабақтарда интербелсенді әдістер сын тұрғысынан ойлау стратегиялары арқылы пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыратыны қамтылған. Ол сабақтың әр кезеңінде қолдануға ыңғайлы стратегиялар негізінде көрсетілген.

3. Оқушылармен сыныптан тыс кезеңде жүргізілетін жұмыс түрлері түрлі сайыстар мен пәндік олимпиадалар және мен интернет арқылы қашықтан жүргізілетін жұмыс түрлері берілген. Яғни оқушыны жан-жақты дамыту жолдары ескерілген. Сондай-ақ, оқушылардың басқа мәдени шаралармен және қаланың, облыстың, республика мен халықаралық деңгейде өткізілетін сайыстар мен шараларға қатысуына бағытталған.

Өз тәжірибемнен байқағаным, дарынды оқушыларды іріктеу және олармен жұмыс істеу үшін үйірме жұмысының орны ерекше. Мұғалімнің шеберлігімен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу арқылы ұйымдастырылған сабақтар, үйірмелер, факультатив сабақтар оқушылардың дарындылығын дамыту жолдарының бірі болып табылады. Сабақ, үйірме барысында оқушылардың өздігінен ізденуін қадағалап білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі - оқу мен жазу арқылы функционалдық сауаттылығын арттыру. Дарындылықты дамыту үшін

жұмысты жүйелі ұйымдастыру қажет. Жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалану, сыныптан тыс шараларды өз дәрежесінде өткізу, өз бетімен білім білім алуға жетелеу. Дарынды оқушылармен жұмыс жасайтын мұғалімдер аз сөйлеп, ақпаратты өзі аз береді., олар аз түсіндіріп, көбірек сұрақтар қояды, көбірек ойлантады. Сұраққа өзі жауап берудің орнына кезекті оқушыларға береді.



Қазіргі әрбір ізденімпаз мұғалімдердің міндеті оқушының белсенділігін, іскерлігін дамытып, функционалдық сауаттылығын дамыту. Дарынды балалар осындай сабақ барысында да ерекше тапқырлығымен, ғылыми ізденісімен көзге түсіп отырады. Өз бетінше ізденуді оқушылардың өзіндік жұмысын тауып ұйымдастыра алатын, керек кезінде жағдайлар туғызып, олардың басты міндетін өз бетінше шешуге құштарландыра алатын мұғалім оқытуда ең жақсы нәтижеге жететіндігін көруге болады деп ойлаймын.



Дарынды балаларды бастауыш сыныпта оқып жүрген кезінде ақ анықтауға болады. Сабақ барысындағы диалог құрудан бастап, сабақтың соңындағы баланың рефлексия жасауының өзі баланың дамуы үшін атқарылатын жұмыс. Баршамызға белгілі жалпы деңгейлік жоғары, орта , төмен деңгейлі оқушылар тізімі құрылып, олармен атқарылатын жұмыс жоспарланады. Әрине, ол жұмыстар сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да атқарылады.

Сабақ барысында сатылай кешенді талдау, сын тұрғысынан ойлау, модульдік технологияның тиімділігі мол. Әрине баланың бойындағы қабілетін ары қарай дамыта отырып, оның дарынылығын дамытуға болады. Қорыта келгенде, О.Бальзактың “ұдай еңбек ету- өнердің де, өмірдің де заңы” дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Өйткені, ХХІ ғасыр-білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Әдебиеттер:

1. Т.С. Сыдықов, А.Е. Әбілқасымова, «Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері»
2. Алматы, 2008 жыл, журнал
3. Қазақстан мектебі «Дарынды бала ұғымы» №12, 2006 жыл
4. Қазақстан мектебі «Дарынды оқушымен жұмыс» №2, 2005 жыл

«ЗЕРТТЕУ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ» ТҮСІНІГІНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жапалова М.

«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 7M01101 - Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының ІІ курс магистранты
zhapalova2016@mail.ru

«Зерттеу құзіреттілігі» ұғымы педагогикалық құбылыс ретінде толық зерттелмеген және терең философиялық және әдістемелік тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Зерттеу құзіреттілігі адам бойындағы дербестік, рухани, белсенділік ұстанымдарын «босатуға», оның білімге деген қажеттілігін күшейтуге ықпал етеді. Біздің зерттеуіміздің басымдығы шындықты жеке қабылдаумен байланысты таным процесінің субъективті, таза индивидуалды табиғаты идеясы болып табылады (Г.С.Батищев, Н.А. Бердяев, В. Гумбольдт, Е.В. Ильенков, О. Шпенглер және т.б.), өйткені ғылыми мәтіннің адамға әсер етуінің бірегейлігі тудыратын тәжірибелердің сарқылмайтын және әрбір оқырман үшін жеке болуымен көрінеді.

Педагогикалық зерттеулерде зерттеушілік құзірет пен зерттеушілік құзіреттілік «жұптасып», бірін-бірі толықтырады. Сонымен, Г.Н. Лобова зерттеу құзіреттілігінің екі деңгейін ажыратады: оқу-зерттеушілік және ғылыми-зерттеушілік.

Автор студенттердің оқу-зерттеу құзіреттілігі білім алушының алдына мақсат қоя білу, қолда бар ақпаратты, шарттарды, әдістерді алдын ала талдау, педагогикалық экспериментті жоспарлау қабілетін білдіруі керек деп есептейді. Сондай-ақ, зерттеушілік құзіреттілік студенттердің ғылымда қалыптасқан

мәселелерді өз бетінше шешуімен аяқталатын шығармашылық ізденіс әрекетінің қажетті дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ететін студенттердің белсенді әрекетін білдіреді. Педагогикалық ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамытудың қажетті негізі болып табылады.

Осы ұстанымдардан зерттеушілік құзіреттілікті білуге, оның ішкі заңдылықтарын түсіну, терең мағыналарды түсіндіру деп түсінуге болады, нәтижесінде зерттеушілік құзіреттілік қана емес, сонымен бірге «рухани биіктік», студенттің тұлғалық өсуі де жүзеге асады.

Зерттеушілік құзіреттілік дегеніміз бұрын игерген білім, білік, дағдының жиынтығына сүйене отырып, іс-әрекеттің мағыналық мәнмәтінің функционалдылықтан өзгермеліге айналдыру нәтижесінде өз бетінше жаңа білім жүйесін алу және меңгеруге саналы түрде дайындықтан көрінетін қасиет деп сипаттауға болады.

Зерттеушілік құзіреттілік ойлау процесі мен зерттеушілік белсенділіктің даму деңгейін көрсетеді: проблеманы табу және оны бөлшектерге бөлу, оларды шешу жолдары туралы болжамдар құру, проблеманы шешуге міндеттер қойып, гипотезалар ұсыну, оларды шешуді негіздеу. Зерттеушілік құзыреттіліктің танымдық компонентінің құрамына оқу материалының мазмұнын білу, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу жайлы білім, зерттеудің ғылыми әдістерін білу сияқты қажетті білімдер тобын жатқызамыз. Зерттеу жүргізу іс-әрекетсіз мүмкін емес. Зерттеушілік құзіреттіліктің іс-әрекеттік компонентіне зерттей алу біліктілігі, яғни ғылыми ізденіс жүргізу, зерттеудің мазмұнын, логикасын, бағдарламасын жасау, ғылыми әдісті таңдап алу және қолдану, эксперимент қою және оның нәтижесін өңдеу, ғылыми тұрғыдан талдау, қорытынды жасау және жұмысты ұсыну, таныстыру жатады [1].

Зерттеушілік құзыреттілік ойлау процесі мен зерттеушілік белсенділіктің даму деңгейін көрсетеді: проблеманы табу және оны бөлшектерге бөлу, оларды шешу жолдары туралы болжамдар құру, проблеманы шешуге міндеттер қойып, гипотезалар ұсыну, оларды шешуді негіздеу. Зерттеушілік құзыреттіліктің танымдық компонентінің құрамына оқу материалының мазмұнын білу, зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу жайлы білім, зерттеудің ғылыми әдістерін білу сияқты қажетті білімдер тобын жатқызамыз. Зерттеу жүргізу іс-әрекетсіз мүмкін емес. Зерттеушілік құзыреттіліктің іс-әрекеттік компонентіне зерттей алу біліктілігі, яғни ғылыми ізденіс жүргізу, зерттеудің мазмұнын, логикасын, бағдарламасын жасау, ғылыми әдісті таңдап алу және қолдану, эксперимент қою және оның нәтижесін өңдеу, ғылыми тұрғыдан талдау, қорытынды жасау және жұмысты ұсыну, таныстыру жатады [2].

Шығармашылық білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырудың басты шарты. Шығармашылық қырын таныту – бұл өзгеше идеялар мен тапсырмаларды қолдана отырып, үнемі ізденісте болу. Шығармашылық пен зерттеушіліктің өзара байланысы психологияның даулы мәселесі болып табылады. Д. Б. Богоявленская, Л. С. Выготскийдің шығармашылық тұжырымдамасы білім алушының репродуктивті және продуктивті әрекеттерінің интеграциялануына негізделген шығармашылық пен

зерттеушіліктің өзарабайланысын дәлелдейді [3]. Онда барлық білім алушыларды зерттеу әрекетіне, шығармашылық әрекетке тарту және сол арқылы олардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі идеясы қолдау табады. Осылайша білім алушылардың танымдық әрекетіндегі шығармашылық олардың шығармашылық құзыреттілігін дамытудың шарты болып табылады.

Зерттеушілік құзыреттілікке ие тұлғаның негізгі сипаттамасына өзін-өзі жетілдіруге деген үнемі құштарлық мен қабілеті, танымдық белсенділігі және дербестігі жатады.

Зерттеушілік құзыреттілік контекстіндегі зерттеу әрекеті оған дайындық пен қабілеттерді қамтиды. В.А.Константинов [4] өз зерттеуінде олардың жалпылама сипаттамасын былай береді: ғылыми-зерттеу әрекетіне дайындық ғылымның құндылықтары мен нормаларын меңгеруді білдіреді; ботаникалық бақтың өсімдіктердің алуан түрлілігін зерттеу және сақтау саласында өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамытудың тікелей мотивтері; оқу жоспарларынан шығуға ұмтылу, экспедицияларға, конференцияларға, байқауларға, көрмелерге қатысу; болашақ кәсіби қызметте ғылыми зерттеулерді жалғастыруды жоспарлау.

В.В. Лаптева көзқарасы бойынша, зерттеушілік құзыреттілік студенттердің келесі дағдыларын сипаттайды:

- кәсіптік іс-әрекет жағдайына бейімделу;
- жеке және кәсіби өзін-өзі таныту;
- тұлғааралық, іскерлік, кәсіби, әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастарды құру;
- әртүрлі мәдениеттерге жататын кәсіби ақпараттың түпнұсқа көздерін, жалпы және кәсіптік мәдениеттің әртүрлі салаларындағы мәліметтерді, ғылыми тұжырымдамаларды, теорияларды, концепцияларды, парадигмаларды, практикалық және теориялық оқу қызметінің әмбебап әдістерін меңгеру негізінде білімін (негізгі және қосымша) жалғастыру, зерттеу іс-әрекетінің әдістері.

С.И. Осипова зерттеушілік құзыреттіліктің трансформациялық сипатына назар аударады және оны қызметтің семантикалық контекстінің функционалдықтан трансформацияға ауысуы нәтижесінде жаңа білім жүйелерін өз бетінше меңгеруге және алуға дайындығы мен қабілетінде көрінетін білім, білік, дағды және әдіс-тәсілдерге негізделген іс-әрекет, интегралды тұлғалық сапа ретінде көрсетеді [5].

Е.В. Бережнова [6] өз зерттеулерінде зерттеушілік құзыреттілік психиканың ерекше функционалдық жүйесі және онымен байланысты тұлғалық қасиеттердің біртұтас жиынтығы, оған осы қызметтің тиімді субъектісі болу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Құзыреттілікке негізделген әдіс аясында бірқатар жұмыстарда зерттеушілік құзыреттілік тұлғаның құрамдас сипаттамасы ретінде қарастырылады, оның ішінде білім, білік, құндылықтар, тәжірибе, жеке қасиеттер, әртүрлі нұсқаларда рефлексия (А.В. Багачук, Т.Г. Браже, О.А.Козырева, В.Д.Симоненко, М.Б.Шашкина, т.б.).

Әдебиеттер

1. Хуторский, А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования / А.В. Хуторской // Народное образование. – 2003. – № 2. – С. 58-64.
2. Воровщиков, С.Г. Учебно-познавательная компетентность школьников: опыт системного конструирования / С.Г. Воровщиков // Завуч. Управление современной школой. – 2007. – № 6. – С. 81-103.
3. Ушаков А.А. Развитие исследовательской компетентности учащихся профильной школы как личностно-осмысленного опыта осуществления учебно-исследовательской деятельности // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология, №5, 2008. <http://cyberleninka.ru/>
4. Ишкова А.Э. Развитие исследовательской компетентности педагогов и учащихся в рамках начального и среднего профессионального образования/ Сибирский педагогический журнал, №2, 2008. С. 344-351
5. Лаптев, В.В. Научный подход к построению программ исследования качества образования /модернизации общего образования на рубеже веков [Текст]: сборник научных трудов / В.В. Лаптев. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2001
6. Осипова, С.И. Развитие исследовательской компетентности одарённых детей [Текст] / С.И. Осипова. – ГОУ ВПО «Государственный университет цветных металлов и золота» www.fkg.ru.ru/conf/17.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУДАҒЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ

Жаркеева Г. Б.

Қарағанды қаласы «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Бүгінгі оқу үдерісінде мұғалім мен оқушының іс-әрекетін өзгертуге бағытталған білімнің кең қолданыс тапқаны белгілі. Ал бұл өзгермелі қоғам тек сауаттылықты ғана талап етеді. Кез келген тұлғаның өзін-өзі дамытып, білімін жетілдірудегі басты құралы – оқу сауаттылығы десек, мұғалімнің мақсаты – оқушылардың мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру болып табылады.

Білім алушылардың берілген мәтінді түсініп оқып, оны мазмұндап, ол бойынша жоспар құрып, негізгі сұрақтарға жауап беріп, кейіпкерлерге мінездеме беру сияқты тапсырмалармен шектеліп келген оқу әрекеті олардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыра алмайды. Сондықтан кез келген білім алушы өзін қоршаған әлемнің кешегісін, бүгінгі мен болашағы

туралы біліп қана қоймай, ойлап, талдау жүргізіп үйренеді, шығармашылық тұрғыда дамиды, оның тұлға ретіндегі адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ал қазақ тілі пәні мұғалімдерінің алдында тұрған басты мақсат – оқушылардың мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын дамыту десек, оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалай жетілдіріп жүрміз деген сауал кімді де болса мазалары анық. Ол үшін алдымызға мынадай міндеттер қойғанымыз дұрыс:

- мәтінді оқып, түсініп, өз тұжырымдарын жасауға үйрету;
- шешім қабылдай алуға үйрету;
- шығармашылық тұрғыда ойлай алуға үйрету;

Осы міндеттерді орындай отырып, білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін, әрине, қалыптастырушы бағалаудың түрлерін қолданған жөн. Оқыған мәтін бойынша білім алушыны ынталандырып отыру арқылы оның ішкі уәжі қалыптасып, қызығушылығы артады. Сонымен қатар оқу дағдылары дамып, оның уәжі күрделене түседі. Ал мұндай нәтижеге жету үшін кез келген мұғалімнен зор дайындық талап етілетіні анық. Тіпті мәтін бойынша құрастырылған сұрақтар мен тапсырмалардың өзі білім алушылардың білім-білік дағдыларын қамтамасыз ететіндей болуы керек.

Осы орайда мәтінмен жұмыс істеудің мынадай қадамдарын ұсынған болар едім:

- Мәтіннің мазмұнын болжау және оның мағынасын түсіну;
- Мәтіннен берілген ақпаратты таба білу;
- Мәтінді түсіну, талдау;
- Мәтінді қорытындылау және бағалау.

Алдымен оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін мәтіндерді тандап алу керек. Нұсқаулық, мақала, көркем шығармадан үзінді, диаграмма, жарнама түріндегі мәтіндермен танысу барысында білім алушы мәтінді ой елегінен өткізе отырып, кері байланыс жасай алу мүмкіндігіне ие болады. Берілген мәтіндерге кері байланыс жасау арқылы оқушы нені жақсарту керек екенін жақсы түсінеді. Яғни оқушылардың білім, білік дағдыларын жетілдіру, жақсарту үшін күнделікті оқу нәтижелеріне қалыптастырушы бағалау арқылы мониторинг жасалады. Ал оның ерекшелігі сол – оқушының күнделікті білім алудағы олқылықтарын түзете отырып, қиындық тудыратын сұрақтарын анықтап, оны жоюдың жолдарын қарастырады. Сонымен қатар сол бағалаудың нәтижесін талдауды тұрақты жүргізіп отыру керек. Мысалы, күнделікті оқу нәтижелерін талдау арқылы біз өзіміздің оқытудың нәтижелілігінің қаншалықты дұрыс болғандығына баға береміз. Сондай-ақ алдағы уақыттағы іс-әрекетімізді жоспарлауға бағыт-бағдар аламыз. Өзіміздің іс-әрекетіміз туралы кәсіби педагогикалық рефлексия жасаймыз, сондай-ақ, оқу мен оқытудағы қандай да бір қиындықтарды, кедергілерді анықтауға жағдай жасайтын боламыз. Осы оқу мен оқытудағы қиындықтарды анықтау арқылы дер кезінде қандай іс-шараларды қолдануға болатындығына қандай да бір бағыт-бағдар алатын боламыз. Осы аталған бағалау түрлерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, оларға ортақ бір мақсат бар. Ол – оқу мақсаты. Оқу

мақсаты оқу сапасын жақсартатынын, оқудың тиімділігін қамтамасыз ететіндігін ескерсек, бағалау жүйесі оқушыларды білім мен дағдыны алу үдерісінің құндылығына бағытталуы қажет. Осындағы бағалау Мағжан ақынның мына идеяларымен үндесіп жатқанын да байқауға болады: «Балада жақсы оқысам молдадан мақтау, сый аламын, жаман болсам молдадан таяқ жеймін, ұрыс естимін деген ой болмасын. Мұндай болса, баланың іскерлігі соған жұмсалып, мұғалімнің беріп отырған сабағын білейін деген шын ынтамен тыңдамайды». Яни бұдан шығатын қорытынды баланың жұмысының кемшілігін емес, оның әрі қарай дамуына ықпал етуіміз керек. [1]

Қалыптастырушы бағалаудың тағы бір маңызды компоненттерінің түрі – өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау екені белгілі. Мәтінді оқып, берілген тапсырмаларды орындай отырып, білім алушы өзін бақылап, өзінің нәтижелерін өзі бағалайды, оны мұғалім жалғастырады. Осылайша білім алушы мақсат қоя білу, күтілетін нәтижені жоспарлау, оны бағалау тәжірибесін жинақтау арқылы өзінің құзіреттіліктерін қалыптастырады. Кері байланыстың қай түрі болмасын, нені жақсы орындағанын белгілеп алып, қандай да бір қателіктер кеткен жағдайда мұғалім білім алушының жұмысын жақсартуға байланысты нақты ұсыныстар беріп отырғаны дұрыс. Егер мұндай бағалаулар болмаса, білім алушы өз білімін терең де жан-жақты әрі дұрыс бағалай алмайды. Өз тәжірибемде үнемі «Температураны өлшеу», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бір минуттық эссе» т.б. қалыптастырушы бағалауларды қолданып отырамын. Ал кейбір оқушылар өзін-өзі бағалағанды жақсы көреді. Бұл, яғни өзіне деген сенімділікті нығайтып, оқу сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар бірін-бірі бағалау да үлкен рөл атқарады. Мәтінді оқып, тапсырмаларын орындағаннан кейін білім алушылар бір-бірінің жауаптарымен алмаса отырып, қажеттіліктеріне қарай туындаған сұрақтарды бірігіп талқылайды.

Мұғалім қалыптастырушы бағалау үдерісінің тиімділігін арттыру үшін қалыптастырушы бағалаудың құралдарын өз бетінше дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол оқу мәнмәтінің, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды, олардың дескрипторларын құрастырады. Сол арқылы олардың ата-аналарына кері байланыс береді. Кез келген мәтінді оқып, оның тапсырмасын оқымастан бұрын критерийлермен таныстырып немесе өздеріне құрғызған жөн. Мұғалім әр тапсырма орындалып болған соң «Сен мұндай қатені жібермеу үшін не істейсің?» деп, білім алушылардың ішкі сенімін арттырып отырады.

Сондықтан қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын мүмкіндігінше қызықты болса, соғұрлым баланың шығармашылық қабілеті, логикалық ойлау жүйесі, оның өмірге деген көзқарасы дұрыс қалыптасып, бойында адами құндылықтар қалыптасады, өздігінен білім алуға ынталанады.

Қорыта айтқанда, оқу сауаттылығын арттыруда қалыптастырушы бағалаудың рөлі өте зор. Өйткені мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, оқу жетістігінің дауына, өсуіне тікелей әсер ететін үдерістің бірі – қалыптастырушы бағалау болғандықтан, оқу сапасының

қалай жүріп жатқандығын анықтауға мүмкіндік береді.[2] Сөздер бұлтына назар аударып қарайтын болсақ, оқу сауаттылығы деген кең ұғым: мәтінді түсіну, ақпаратты ықшамдау, қорытынды жасай білу, білім, білік дағдыларын қолдана білу т.б. Сондықтан оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалауды үздіксіз жүргізу керек. Сонда ғана білім алушы мен мұғалімнің арасында байланыс орнап, оқу сауаттылығы, өмірге деген құлшынысы артып, алған білімін өмірде қолдана алуға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер

1. Мағжан Жұмабаев шығармалары, Алматы 2002ж.
2. Кемешова А.М. «Критериалды бағалау технологиясы» Астана 2018ж. 166.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫЛЫМ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жексенова Д.К.

Павлодар қаласының № 33 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
dinaz83@mail.ru

XXI ғасыр – білім, ғылым, сандық технология ғасыры. Бүкіл әлем сандық форматына көшкендіктен, жаһандану қарқын алып, заман талабы өзгерген бойда құндылықтар да өзгеріп жатыр. Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр[1,5] Сондай өзгерістердің бірі – кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі, жастардың кітапты ұялы телефон, гаджеттермен алмастыруы. Осыған орай сұраныстың өзгеруіне қарамастан, ел ертеңі болашақ жас ұрпақтың кітап оқуға деген көзқарасын өзгерту қажет. Ол үшін оқырманның оқылым дағдыларын жақсарту механизмдерін жетілдіріп, оқылым стратегияларын меңгертіп, оқу барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жол ашу керек деген ойдамын. Бүгінгі таңда жер жүзінде мұғалімдер алдында оқушының оқуға деген уәжін арттыру, білімге деген құштарлықты ояту, оқылым дағдыларын жетілдіру, болашақта білімді, білікті, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру деген мақсат тұр. Алайда, бұл істі қолға алу оңай нәрсе емес. Себебі қазіргі таңда жас баладан бастап, ересек адамға дейін кітапты оқуға деген талпыныс азаюда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай қазақ тілі пәні қоғамға араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытады. Бұл

дағдылар оқушының өмірде еркін қарым-қатынас жасауына; өзгелермен пікір алмасып, көзқарасын еркін білдіре алуына; өз ойын, көзқарасын жүйелі де нақты жеткізуіне; кез-келген ақпаратты тиімді қолдануына; түрлі ақпаратты құр оқымай, сараптай отырып оқуына; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеялар жасауға жол ашары сөзсіз. Осы төрт дағдының ішіндегі ең маңыздысы – Оқылым дағдысы, себебі оқудың тиімді жолын меңгеріп, оқығаны бойынша анализ жасай алған адам ойын еркін айта да алады, сауатты жаза да алады. Оқылым дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Оқылымды қандай стратегиялар арқылы жүзеге асыруға болады? Оқу барысында қандай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға болады?

Ф.Оразбаева еңбегінде: «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу», - деген анықтама берілген. Оқылым дағдысы арқылы оқушылар мәтінді және оның мазмұны мен мақсатын, тілін түсінуге, негізгі ойды анықтауға және мәтіннің құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақ құрастыруды, әртүрлі деректерден қосымша ақпаратты айқындауды және мәтіндерге салыстырмалы сараптама жасауды меңгереді[2,79]

Отандық ғалымдар тілді үйрену барысындағы оқылымның бірнеше түрін анықтайды: аналитикалық оқу, синтетикалық оқу, дайындықты оқу, дайындықсыз оқу, аударма арқылы оқу, аудармасыз оқу, негізгі оқу, қосымша оқу, т.б. Ал Ф.Оразбаева өз еңбектерінде оқылымның танымдық, зерделік, ізденімдік, көрсетімдік оқылым сияқты түрлерін жіктеп көрсетеді. Өз зерттеулерінде Ф.Оразбаева «Оқылымның берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады. Оқылым дағдысы арқылы білім алушының танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады [2,84].

Оқушының оқу дағдысын қалыптастыруда бірнеше мақсаттар ұсынылған. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты арқылы оқушы тек мәтін мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сол мәтінді жазу арқылы автордың нені көздегенін, кімдерге арнағанын, автордың сол мәселеге байланысты қандай көзқараста екенін, оқырманға жеткізу үшін қолданған тілдік бірліктерін саралап, сараптама жасау дағдысын қалыптастырады.

Өзімнің тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған ең басты мақсатым — оқушының уәжін арттырып, оқуға деген қызығушылық қабілетін дамытып, білімге, оқуға деген құштарлық сезімін ояту. Ол үшін сабақты түрлендіріп, оқушылардың икеміне қарай тапсырмаларды беруді жөн көрдім. Оқылым дағдыларын тиімді қалыптастыру мақсатында бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;

- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы;
- интерпритациялауы;

Оқушылардың оқылым дағдыларын жақсарту үшін таңдалынып алынған әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Кейбір ғалымдар шет тілін үйрету кезінде оқылымды үйрету аясында оқушылардың оқыған мәтінді түсінуін жақсарту мақсатында тиімді оқылым әдіс-тәсілдерін үйретуге болатынына назар аударады. Вендэн (1985) оқылым әдіс-тәсілдерінің оқушыларға білім алу үшін жауапкершілікті өздеріне алып, осыған байланысты мәселелерді шешуіне көмектеседі деген тұжырым жасады [3,96].

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Осыған орай сабақ барысында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушылардың оқылым дағдыларын жақсарту бойынша әдіс-тәсілдердің тиімді түрлерімен жұмыс жасауға тырысамын. Оқылымға арналған сабақ құрылымына тоқталар болсам:

- Оқылым алды тапсырма – мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

- Оқылым тапсырмасы – әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

- Оқылымнан кейінгі тапсырма – мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары [4,16]. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, ұғымдарды қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек деп есептеймін.

Оқылым алды тапсырмалар:	Оқылым кезіндегі тапсырмалар:	Оқылымнан кейін тапсырмалар:
- Тақырып арқылы болжау - Сурет арқылы болжау - Үзінді арқылы болжау	-Мәтін бөліктерін құрастыру; -Қос диаграмманы толтыру;	-Мәтінге тақырып қою; -Тақырып, идеяны анықтау; -Мәтінді абзацтарға

- Мақал-мәтелдер арқылы болжау	-«Өрмекші» ; -«ДЖИГСО»; -«ИНСЕРТ»; -«Прожектор моделі»; -Мәліметтерді сәйкестендіру; -Мәтіндерді талдау; -Компрессия; -Перифраз;	бөлу; -Жоспар құру; - Кілтті сөзді табу; -Нақты сұрақтарға жауап беру; -Нақты ақпаратты табу; - Негізгі ақпарат, қосымша ақпаратты ажырату; - Эссе жазу; - Мақала жазу;
--------------------------------	---	--

«Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі» болғандықтан, мәтінге талдау жасамас бұрын оқудың тиімді жолдарын анықтау маңызды. Солардың ішінде Оқылым стратегияларын қолдана оқу – оқу сапасын арттыратын тәсіл. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасауда Оқылым стратегиясының тиімдісін анықтап, қолдану арқылы мәтін талдауға кететін уақытты үнемдеуге, нәтижеге жетуге, білім сапасының артуына ықпал етеді [4, 26]. Сабақ барысында оқылымның мынадай стратегияларын қолдануға тиімді:

- Шолып оқу: мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу.
- Болжап оқу: мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау.
- Көз жүгіртіп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу.
- Зерттеп оқу: мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқылым мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады.
- Детальді түрде оқу: әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.
- Түсініп оқу стратегиясы: мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу.
- Талдап оқу стратегиясы арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу.
- Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау.
- Комментарий жасап оқу стратегиясы арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну.
- Рөлге бөліп оқу стратегиясы арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау [5,45].

Өз тәжірибемде көптеген қиындықтарға тіреліп, олардың шешу жолын іздедім. Әр оқушы жеке тұлға, сондықтан сабақта өтілетін материалды әр түрлі деңгейде қабылдайды. Кейбір оқушылар жаңа материалды тез меңгеріп, жұмыс барысында еш қиындықтарға тап болмаса, кейбір оқушылар үшін оқылым үрдісі, түсіну, қабылдау, талдау, т.б. жұмыс қиынға соғады. Алайда оқушының үлкен жетістікке қол жеткізу – мұғалімнің шеберлігінде. Сондықтан өз сабағымды түрлендіріп, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануды енгізіп, «Оқушыға қалай және не үшін оқытамын?» деген сұрақты шешуге тырыстым. Оқушылардың оқылым дағдысын қалыптастыруда әдебиет сабағында мынадай жұмыс түрлерін пайдаланып, сабаққа қойылған мақсатыма қол жеткізе алдым.


1. Инфографиканы пайдалана отырып, тақырыпты болжаныз.



2. Төмендегі ақпараттарға дұрыстығына сай «шын» немесе «жалған» сөзін қойып көріңіз. (Нақты ақпаратты табуға арналған тапсырма)

Шығыстың ғұлама ойшылы, қазақ даласынан шыққан Әбу Насыр Әл-Фараби 879 жылы бүгінде Отырар аталатын Фараб қаласында дәулетті әскербасының отбасында дүниеге келген.	
Ғалым көзі тірі кезінде-ақ Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған.	
Фараби өз еңбектерінде адамзатқа қажетті ілімдер, дүние, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы пікірлері мен ойларын жазады.	

3. Тұжырымдамалық кестені пайдаланып, мәліметтерді оқыңыз, мәліметтерге сүйеніп мәтін құрастырыңыз.



Осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтінмен жұмыс жүргізу барысында оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артып, ой-өрістері

кеңейіп, терең білім алуларына мүмкіндік туады. Осыған орай оқылым дағдысын жақсартудың технологиясын пән мұғалімдері жетік білуі керек. Себебі оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады. Оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, оқушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасы арттыруға болады. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, оқушылардың білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз - оқушыны үлкен жетістікке қолын жеткізіп, жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдаланып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырамыз.

«Болашақта өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады. Сондықтан болашақ жастарға «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» дегім келеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», 27 шілде 2007 жыл.
2. Оразбаева Ф. «Тілдік қатынас». Алматы «Сөздік-Словарь», 2005 ж.
3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы, Нұр-Сұлтан, 2019ж.
4. М.Ахметова «Мәтін лингвистикасы». Орал-2008.
5. Шабажанова Салтанат «Оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі», Павлодар-2015.

STEM БІЛІМ БЕРУДІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ МЕН НӘТИЖЕСІ

Жолданбаева И.Н.

№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
4609699@mail.ru

STEM-білім беру негізгі әлемдік трендтердің бірі. Цифрлық технологияның жаһандық деңгейде қарқынды дамуы және адам қызметінің барлық саласына етене енуіне орай STEM білім беру маңызды және өзекті мәселеге айналып отыр. Ал қазіргі уақыт – бұл мемлекетке ұтымды, тез шешім қабылдауға қабілетті, шығармашылық ойлайтын, өз идеяларымен әлеуметке пайда әкелетін тұлғаларды қажет етеді.

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының заңнамаларында, оның ішінде «Білім туралы» Заңда [1], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасында [2] білім беру жүйесін дамытудың мақсатты бағдары қатарында айқындап көрсетілді: қоғамның инновациялық бағытта даму талаптарын қамтамасыз ету, тұрақты даму тетіктерін құру, Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Инновациялық даму бағытындағы мектепке дейінгі ұйымымыздың негізгі тетігі педагогикалық қызметті сапалы өзгертуге ықпал ететін инновацияларды іздеу және меңгеру болып табылады. Осыған орай біздің таңдауымыз STEM-білім беру десек болады.

STEM дегеніміз не? **S-science, T – technology, E – engineering, A – art, M-mathematics** (жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, математика) [3].

Жаңашылдықпен қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында адам өмірінің барлық салаларына жаңа технологиялар енгізілуде. Осы тұрғыдан білім беру жүйесі, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласы да алға қадамдар жасап отыр. Заманауи әлем білім беру жүйесінің алдына маңызды мәселелерді ұсынып отыр: баланы болашақ қоғам өміріне дайындау қажет, осыған орай баланың ерекше интеллектуалдық қабілеттерін ашуды талап етеді. Берілген ақпараттарды қабылдап алу, өңдеу, іс жүзінде қолдану STEM технологиясының негізінде жатыр.

Бүгінде Қазақстанда техникалық бағытқа басымдық берілуде Республиканың барлық бұрыштарында IT-технологиялар кабинеттері, STEM-зертханалар, LEGO- орталықтар құрылуда және балаларға арналған IT технопарктер ашылуда. Балаларға қосымша білім беру форматы заман талабына сай өзгеруде. Біздің мектеп жасына дейінгі балаларымыз техникалық-шығармашылық инновацияларға дайын болуы керек. Сондықтан мектепке дейінгі білім беруді дамыту векторы STEM-білім әлеуетімен сәйкес келеді.

STEM-технологиялар педагогтарға табысты зерттеушілердің, өнертапқыштардың, ғалымдардың, технологтардың, суретшілер мен математиктердің ұрпағын өсіруге мүмкіндік береді. STEM білім беру мектеп жасына дейінгі балаларды өмірде ғылым мен өнерді қалай қолдану керектігін көрсетеді.

Жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың негізі балалық шақтан бастау алады. Олай болса, қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйым жағдайында тәрбиеленушілердіне қызықтыруы мүмкін?

Қазіргі балалар белсенді ақпараттандыру, компьютерлендіру және робототехника дәуірінде өмір сүруде. МҰ-да STEM технологиясын енгізу балаларға ақпараттар ағынында тез бағдар жасауға, өзінің алған білімдерін тәжірибеде қолдануға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі балалар заманауи өмірге қажетті қосымша практикалық дағдыларды меңгереді[4]. Ойын түріндегі қызықты оқу қызметі, тәжірибелік жұмыстар баланың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Балалар өмірде орын алатын оқиғаларды өзара байланысын көреді, логика қағидаттарын түсінеді, өзіндік моделдерін құру барысында өзі үшін қандай да бір жаңа, түпнұсқалы дүниелерді ашады.

Кешенді ықпал балалардың байқампаздығын дамытуға оларды білім беру үрдісіне тартуға ықпал етеді.

Білім беру жүйесі, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы деңгейінде STEM білім беру қалай жүзеге асады? STEM білім берудің қандай келешегі мен бағыттары бар? Енді осы сұраққа жауап іздеп көрелік.

Мектеп жасына дейінгі балаларға STEM білім беру МЖМБС-на бағдарланады. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың саналуан іс-әрекет түрлеріне деген танымдық қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осындай бағдарламалардың құндылығы сол оны негізгі бағдарлама аясындағы оқу қызметінде және одан тыс уақытта қолдану мүмкіндігі бар.

STEM технологиясын мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану тиімділігін қазіргі тәжірибелерден байқап отырмыз. «Естігенімді - ұмытамын, көргенімді - есте сақтаймын, өз істегенімді - меңгеремін» деген Конфуцийдің пікірін негізге алсақ, балаға түсіндіріп, көрсеткеннен гөрі, өзінің іс-әрекетін тәжірибе жүзінде іске асыруына жағдай жасау керек. Дәлірек айтсақ, жоғары техникалық жабдықтар әлеміне бағдарлай алатын және жаңа техникалық формаларды өз бетінше жасай алатын шығармашылық ойлау қабілеті бар жеке тұлға тәрбиелеуге, жаңаша білім беруге көңіл бөлу қажет [5].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының жаңартылуына байланысты жоғары деңгейдегі техникамен жабдықталған әлемді бағдарлауға және техниканың жаңа түрлерін өз бетінше жасауға қабілетті, креативті ойлай білетін шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың маңызды шарты білім беру робототехникасын қолдану. Робототехника STEM білім беру модулі болып табылады.

Біздің №34 “Нұрбөбек” бөбекжай-бақшамызда *эксперименттік алаң* ретінде жүзеге асып отырған STEM білім беру, оның ішінде Лего-құрастыру және робототехника модулі өзінің тиімділігін іс-тәжірибелер арқылы дәлелдеп отыр. Білім беруді жаңарту жағдайында бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді, мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамытуды және педагог мамандардың біліктілігін арттыру мәселесін басты назарға алып отырмыз. Осы бағытта педагог кадрлар арнайы курстардан өтіп келді, қазір балалардың өнертапқыштық қабілетін дамытуға үлес қосып отыр. Кез келген тәжірибені қаржыландыру көпшілік мектепке дейінгі ұйымдарды толғандырып отырған мәселе екені анық. Бізде материалдық база қосымша үйірмелерді ұйымдастыру арқылы толығымен жабдықталды.

Біз STEM-ортаға бейімделуді *құрастырудан бастауға* болады деп болжаймыз, оның шеңберінде тәрбиеленушілер әртүрлі материалдардан (ағаш, қағаз, металл, пластик) жасалған элементтерді пайдалана отырып, қарапайым техникалық дағдылар мен біліктерге ие болады, инженерия принциптерімен танысады. Әр түрлі конструкторлар педагогтарға балалардың креативтілігін және кеңістіктік ойлауын дамытуға көмектеседі.

Келесі кезеңде тәрбиеленушілерге LEGO-технологиясын (LEGO Education, LEGO System, LEGO WeDo, LEGO Duplo), тәжірибелік- эксперименттік және

зерттеу қызметін, робототехниканы, электронды конструктордан моделдеуді ұсынуға болады.

STEM білім беру, оның ішінде Лего-құрастыру және робототехника модулі облыстық деңгейде насихатталып келеді. Сондай-ақ өңіріміздегі педагогикалық мамандықтар дайындап отырған жоғары оқу орындардың бірі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне практикалық база болып саналамыз. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша студенттер «Робототехника практикумы» пәні бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен робототехника модулін жүзеге асыру тәжірибесінен өтіп отыр. Аталған жұмыстар «Лего-құрастыру және робототехника» бағытында әдістемелік тұрғыда жан-жақты қамтамасыз етілді. Заттық дамытушы орта жабдықталған.

Осы әдістемелік тәжірибелерді жинақтай отырып нәтижесінде арнайы авторлық бағдарлама құрылды. Авторлық бағдарлама облыстық «Үздік бағдарламалар» сайысында жан-жақты талданып, жүлделі 2 орынға ие болдық.

Өзіміздің іс-тәжірибеміз арқылы робототехника модулін жүзеге асырудың тиімділігін, оң нәтижесін көріп отырмыз. Бұл модуль мектеп жасына дейінгі балалардың техникалық шығармашылығын дамытуға оң ықпал етіп отыр және ата-аналардың да қызығушылығы мен ризашылығын туғызып отыр. Педагогикалық ұжымның іс-тәжірибелері әлеуметтік желілер мен баспа беттерінде жарық көрді.

Жаңашыл бағдарлама негізінде ұсынылған заманауи әдістеме балаларды ғылыми-шығармашылық іс-әрекетті қызықтырып, тез баурап алады. STEM біздің бүгінгі бүлдіршіндерімізді – болашақ өнертапқыштарды, көшбасшыларды шабыттандырады, олар ғалымдар секілді зерттейді, технологтар секілді моделдейді, инженерлер секілді құрастырады, суретшілер секілді туындысын жасайды, математиктер секілді аналитикалық ойлайды және бала секілді ойнайды. Бұл болашақ өмірге қажетті интеллектуалдық қабілеттерді жоспарлы түрде дамытуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, STEM-білім беруді мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне енгізудің маңызы зор. Инновациялық STEAM білім беру балаларды техникалық тұрғыда дамыған әлемге кәсіби деңгейде дайындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы (өзгертулермен, толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2020ж
3. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 160 б.
4. Волосовец Т.В., Маркова В.А., Аверин С.А., STEM –образование для детей дошкольного и младшего школьного возраста/ - учебно – методическое пособие. –М.:2017. -111с
5. Бактыбаева К.С. STEM білім беруді жүзеге асырудың өзектілігі және

халықаралық тәжірибе. «STEM»-білім беруді жаңғырту, әлеуметтік көзқарас, стратегиялық бастамалар, технологиялық шешімдер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік on-line конференция материалдары. Атырау, 2019. 225 б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯ- КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Жумагалиева Г.Б.

Семей қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 8 «Балбөбек» бөбекжайы»
КМҚК меңгерушісі

Педагогикалық рефлексияның кәсіби құзіреттіліктің негізі ретіндегі мәнін қарастыра отырып, оның мазмұнын, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің рефлексия механизмдері мен кезеңдерін қарастыру қажет. Рефлексия ұғымы педагогикаға 20 ғасырдың соңғы онжылдығында енді.

Педагогикалық іс-әрекет өз мәні бойынша рефлексивті сипатта болса да тәрбиеленушілердің іс-әрекетіне және қамқорлықтағылардың көзқарастарын ескере отырып, қарауға ұмтылатын педагогтың іс-әрекетін ұйымдастыруда көрінеді. Олардың іс-әрекетін бағалауы, ішкі әлемін бейнелей отырып, эмоционалдық жағдайын жүзеге асыруға тырысады. Баламен өзара әрекеттесуді құра отырып, педагог өзін диалогқа қатысушы ретінде бағалайды, педагогикалық процеске қатысушыларға субъектаралық қарым-қатынастар үшін жағдай жасайды. Педагогикалық рефлексия процесінде педагог қазіргі педагогикалық жағдаймен, педагогикалық өзара әрекеттестіктің кейбір мазмұнымен, әріптестерімен, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі үлгілерімен, әртүрлі педагогикалық технологиялармен қатынастары және т.б. байланысы [1].

Кәсіби құзіреттілік құрылымындағы рефлексиялық компоненттің мазмұны мен мағынасын талдай отырып, С.А. Дружилов [2] өзінің даму деңгейін, өзінің педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелерін, жеке жетістіктерін саналы түрде бақылау қабілеті ретінде сипаттайды; бастамашылық, креативтілік, ынтымақтасуға ынталылық, іштей қарауға бейімділік, бірлесіп жасау сияқты қасиеттер мен қасиеттерді қалыптастыру. Рефлексиялық компонент, автордың пікірінше, «жеке жетістіктерді реттеуші, адамдармен қарым-қатынаста жеке мағыналарды іздеу, өзін-өзі басқару, сонымен қатар өзін-өзі тануға, кәсіби өсуге, дағдыларды жетілдіруге, мән-белсенділікті құру және жеке жұмыс стилін қалыптастыру». Сонымен, рефлексия тәрбиешінің кәсіби педагогикалық іс-әрекетіндегі жүйе құраушы компонент болып табылады.

Бірқатар авторлар рефлексия педагогтің кәсіби құзыреттілігінің даму деңгейінің диагностикалық белгісін білдіреді деп есептейді. Осылайша, Ю.В. Малый [3], рефлексиялық дағдылар психологиялық-педагогикалық

құзыреттіліктің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін критерийлердің бірі ретінде қарастырылады.

В.В. Сериков [4] өз еңбектерінде педагогикалық құзыреттіліктің белгілерін көрсеткіштердің бір бөлігі ретінде анықтай отырып: педагогикалық іс-әрекет өзін-өзі жүзеге асыру сферасы ретінде, педагогикалық іс-әрекеттің жуық негізіне ие болу, кәсіби міндеттерді шешу әдістерінің жиынтығының болуы., проблемалық жағдаяттардағы педагогикалық іс-әрекетті орындау тәжірибесі жеке бірегей үлгілер мен тиімділік критерийлері негізінде олардың іс-әрекетін көрсету деп тұжырымдайды.

Педагогикалық іс-әрекет иерархиялық ұйымдастырылған және біршама күрделі әрекет екені белгілі. Педагог уақыттың әр сәтінде педагогикалық процестің ұйымдастырушысы және жетекшісі ретінде әрекет етеді, сонымен бірге рефлексияның болуы оның санасын болып жатқан нәрсені түсінуге, педагогикалық іс-әрекеттің сипатына қарай өзінің мінез-құлқын құруға және бағалауға бағыттайтын жағдай. Бұл жағдайда рефлексия адамның трансперсоналды жағдайдан жоғары ситуациялық жағдайға шығуының маңызды тетігі болып табылады, педагог қызмет мақсаттарын ескере отырып, мінез-құлқтың жеткілікті адекватты стратегияларын құруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігі оның әрбір фрагменті стандартты емес шешімдерді әзірлеуді көздейді және педагогикалық жағдаяттардың барлық ұқсастығымен олардағы тәрбиешінің әрекеті сөзсіз қайталанбайтын болады. Педагог кез-келген сәтте тәрбиеленушілердің жағдайын және іс-әрекетін адекватты жедел бағалауы, дереу нақты шешімдер қабылдауы, өзгермелі жағдайларда жылдам әрекет етуі, кейде алдын-ала логикалық ойланбастан тек педагогикалық білім негізінде бұрынғы тәжірибені интуитивті іздеу және эрудициясының дамуынан көрінеді.

Педагогикалық рефлексия процесті қайта ойластыру және болған оқиғаны түзету, ең құнды тәжірибені алу, сол арқылы кәсіби іс-әрекетіңізге және өзіңізге деген көзқарасыңызды өзгерту үшін процесті ойша бұруға және түсінуге, жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Б.З. Вульфова зерттеуі негізінде: «кәсіби рефлексия –өзін-өзі анықтаудың әртүрлі кезеңдерінде ерекшеленетін ішкі жұмыс, адамның «Менінің» таңдаған мамандығының талаптарымен, ол туралы бұрыннан бар идеяларымен байланысы» деп негіздейді [5]. Бұл жағдайда педагогикалық кәсіби рефлексияны қызметтің ерекшеліктерімен және педагог тәжірибесімен байланыстыратын мазмұнда қарастыруға болады.

И.В. Вачков рефлексияны кәсіби өзіндік сананы қалыптастыруда ерекше рөл атқаратын тұлға дамуының маңызды құбылысы деп есептейді [6]. Автор рефлексия кері байланыс болған кезде тәжірибені байытады және толықтырылады, педагогке өзінің қарым-қатынасы мен іс-әрекетін реттеуге, оның мінез-құлқын ерікті түрде бақылауға мүмкіндік береді, ал педагогтің талдау және өзін-өзі талдау принциптеріне негізделген өзін-өзі талдау. педагогикалық іс-әрекет тұлғаның кәсіби маңызды қасиеті болып табылатын педагогикалық рефлексияны дамытудың маңызды шарты.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оның педагогикалық шығармашылығының психологиялық негізі болып табылатын рефлексиялық өзін-өзі реттеудің белгілі бір деңгейіне сәйкес келеді.

Зерттеуші-педагог И.Г. Бессонова педагогикалық рефлексия деңгейлерін бөліп көрсетті:

– репродуктивті – педагогтың күнделікті, педагогикалық іс-әрекеттерінің ретін көрсете алатын деңгейі. Сонымен бірге ол педагогикалық мәселелердің күрделілігі мен өзектілігін бағалай алмайды; кез келген педагогикалық тапсырманы оңай шешілетін деп санайды; оқушылардың интеллектуалдық деңгейі мен мінез-құлқын субъективті негізде бағалайды;

– аналитикалық – педагогтің қазіргі уақытта игерген алгоритміне сәйкес өзінің педагогикалық іс-әрекетін талдай алатын деңгейі. Сонымен бірге психологиялық-педагогикалық ғылымдардың белгілі категорияларын дұрыс қолдануды білуі, педагогикалық бақылау жүргізуі, эксперименттік-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыруы; бағдарламалық құжаттаманы құрастыруға және түзетуге қабілетті; оқушылардың оқу іс-әрекетін нәтижелері бойынша бағалауы;

– болжамдық – педагогикалық мәселені өз бетінше анықтап, тұжырымдай алатын, оның күрделілігі мен өзектілігін дұрыс бағалай алатын деңгей; педагогикалық процесті талдау үшін өзіне белгілі бірнеше әдісті таңдауды біледі; оқу-педагогикалық іс-әрекетті талдаудың жалпы ғылыми әдістерін – модельдеу әдісін, жүйелі тәсілді қолданады.

Талдау нәтижелері бойынша педагогикалық әсер етудің әдістерін, жолдарын, құралдарын анықтайды. Бұл әсерлердің нәтижелерін аз немесе көп дәлдікпен болжау үшін жалпы ғылыми әдістер: философиялық және конструктивті – педагогтің өз қызметінің әмбебап, әлеуметтік жоспарларын белгілейтін деңгейі қолданылады [7].

Тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетінде педагогикалық рефлексия мынадай қызметтерді атқарады:

– өзінің педагогикалық іс-әрекетіне саналы қатынасты дамыту (Б.Ф. Вульф, С.Л. Рубинштейн, И.Н. Семенов);

– педагогикалық қызметті меңгерген кездегі кәсіби бейімделуі (Е.Ф.Зеер, И.А.Савенкова)];

– шығармашылық ойлау (Л.М. Митина, И.Н. Семенов);

– педагогикалық жұмысты тұтас жүйелі реттеуді жүзеге асыру (Б.П. Ковалев);

– педагогикалық еңбек өнімділігін арттыру (А.А.Реан, Т.И.Руднева);

– педагогикалық шеберлік, кәсіпқойлық, кәсіби күзиреттілік деңгейін және өзін-өзі талдаудың, өзін-өзі бағалаудың және өзін-өзі реттеудің психологиялық механизмдері негізінде үздіксіз кәсіби және тұлғалық жетілдіру, тұлғалық өсу қабілетін арттыру (А.А. Бизяева, А.К.Маркова);

Сонымен, кәсіби педагогикалық рефлексия – тәрбиеші немесе педагогтің іс-әрекеттің субъектісі ретінде сезінуі; бағыт-бағдар беретін құндылықтар,

өзінің педагогикалық формалары мен мінез-құлық әрекеттерінің кәсіби маңызды жағдайларға сәйкестік дәрежесін бағалау.

Педагогикалық іс-әрекетке рефлексиялық процестерді енгізуді қамтамасыз ететін бірқатар механизмдерді қарастырсақ; педагогикалық іс-әрекет процесінің контекстінде әрекеттің барлық түрлеріне ортақ рефлексиялық әрекетті жүзеге асыру механизмі де мазмұндық әрекет, аяқталған әрекетке психикалық қайта оралу, жағдайды түсіну және талдау, тұлғалық және педагогикалық мәселе, мінез-құлық стратегиясын жасау және осы стратегияның жүзеге асырылуын бағалау жатады.

В.Н. Белкина, И.И. Ревякин кәсіби педагогикалық рефлексия мазмұнын ерекше атап өтті [8]:

- педагогикалық іс-әрекет рефлексиясының танымдық құрамдас бөлігі, ол ақпаратты алудың интеллектуалдық жолдарын түсіну, есте сақтау әдістерін бағалау;

- педагогикалық шындық туралы өз білімдері мен идеяларының тиімділігі, сонымен қатар зейіннің қасиеттерін бағалау;

- эмоционалдық компонент - педагогикалық қарым-қатынасқа қатысушылармен тұлға аралық қарым-қатынас саласындағы процестің өзіне және кәсіби педагогикалық іс-әрекет нәтижесіне саналы қатынас, сонымен қатар өзіне деген көзқарас.

- мотивациялық компонент кейбір жеке педагогикалық іс-әрекеттердің мотивтерін сезінумен ғана емес, сонымен қатар мұғалім жүзеге асыратын іс-әрекеттің мәні мен мақсатын, педагогикалық мағыналық құндылықтарын білу арқылы бейнеленеді.

- ерікті құраушы – педагогикалық қызметте күтілетін нәтижені өз бетінше түсінуді жүзеге асыруға көмектесетін туындайтын кедергілер мен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін әдістер мен әдістерді білу.

И.А. Стеценко [9], педагогикалық рефлексия құрылымы келесі компоненттерді қамтиды: мотивациялық-мақсатты, когнитивті-операциялық, бағалаушы, аффективті және моральдық-ерікті. Рефлексиялық іс-әрекетінің мотивациялық-мақсатты құрамдас бөлігінің мазмұны мыналарды қамтиды: рефлексиялық әрекетке деген қажеттіліктің пайда болуы, педагогикалық рефлексияны жетілдіруге қызығушылық пен оң көзқарас пен оның мақсаттары.

Жоғарыда аталған тұжырымдарды қорытындылай келе, кәсіби рефлексияның белгілері педагогикалық іс-әрекеттің құндылықтары мен мағыналарын сезіну ретінде жүзеге асатындығына көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1. Дружилов, С. А. Профессиональная компетентность и профессионализм педагога: психологический подход [Текст] / С.А. Дружилов // Сибирь. Философия. Образование. – Научно-публицистический альманах: СО РАО, ИПК, г.Новокузнецк. – 2005.– №8. – С. 26-44.

2. Яркина, Т. Н. К проблеме развития рефлексивной компетентности будущих педагогов дошкольного образования [Текст] / Т.Н. Яркина // Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). –2011. –10 (112).– С. 41-45.

3. Малый, Ю.В. Формирование психолого-педагогической компетенции преподавателя высшей технической школы в системе повышения квалификации [Текст] / Ю.В. Малый // Известия Российского государственного университета им. А.И. Герцена. –2009. – № 102. – С. 222-226.

4. Сериков, В.В. Природа педагогической деятельности и особенности профессионального образования педагога [Текст] /В.В. Сериков // Педагогика. – 2010.– № 5. – С.29-37.

5. Вульф, Б.З. Рефлексия: учить, управляя [Текст] / Б.З. Вульф // Мир образования. – 1997. – № 1. – С. 63–64.

6. Вачков, И. ВСтруктура профессионального самосознания учителя [Текст] / И. В. Вачков // Школьный психолог.– 2000.– № 3, 5, 13.

7. Бессонова, И.Г. Формирование профессиональной педагогической рефлексии [Текст]: монография / И.Г. Бессонова - Ишим: Изд-во ИГПИ им. П.П. Ершова, 2008. - 128 с.

8. Белкина, В.Н. Педагогическая рефлексия как профессиональная компетенция [Текст] / В.Н. Белкина, И.М. Ревякина // Ярославский педагогический вестник. Том II (Психолого-педагогические науки). –2010.– № 3. – С. 203-206.

9. Стеценко, И.А. Теория и практика развития педагогической рефлексии студентов [Текст] : монография / И.А. Стеценко. – Р.н/Дону: Изд-во Ростов.гос. пед. ун-та, 2006.– 256 с.

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В СТАРШИХ КЛАССАХ

Ибраева А. М.

учитель русского языка и литературы СОШ № 25 города Павлодара
aiman.kabduahitova@mail.ru

С переходом в старшие классы интерес ученика к учёбе начинает снижаться. Согласитесь, все труднее и труднее становится заинтересовать обучающихся старших классов, увлечь их. И я задаюсь вопросом: «Как построить свою работу так, чтобы старшеклассник с большим вниманием и интересом слушал учителя, чтобы он хорошо понимал и усваивал материал?», «Какой эффективный метод обучения лучше использовать в старших классах?»

Использование данных методов обучения представлю вам на примере одного урока, а именно урока в 9классе с казахским языком обучения.

Тема урока «Идея чести как проявление высшей ценности в повести «Капитанская дочка» Александра Сергеевича Пушкина».

Цели урока: 9.1.1.1 понимать основную и детальную информацию сообщения;

9.1.3.1 понимать содержание прозаического произведения/ фрагмента, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям.

С целью мотивирования детей урок я начала с психологического настроения и игры-разминки «Комплименты». Первый игрок начинает с комплимента своему соседу. Compliment должен начинаться на первую букву имени того человека, которому он адресован. Например, «Дамеля, ты добрая», «Адилъхан, ты активный», «Нурдаулет, ты настоящий друг» и т.д.

На этапе мобилизации урока применила стратегию «Мозговая атака» для определения понятия «честь». Дети были предложены такие варианты: честь - это достоинство, честность, благородство души, чистая совесть, внутреннее нравственное достоинство человека. Данный прием позволяет включить в работу всех участников и дает возможность каждому предложить свою версию данного понятия.

Я решила, что на этапе изучения нового материала целесообразно использование модели обучения «перевернутого класса», то есть обучающиеся пришли на урок, предварительно прочитав главу «Вожатый», данную в учебнике. Также на данном этапе применила метод «Кинозал». Задача этого метода - показать беззвучный отрывок фильма с титром, а затем предложить учащимся войти в роль и озвучить заданный фрагмент. Эффективность данного метода в том, что дети стараются точно передавать эмоции героя, в голосе детей должны слышаться искренние чувства: радость, страх, волнение. Четко говорить, вживаться в образ и характер своего персонажа, чтобы голос отражал его поведенческие особенности.

На этапе первичного закрепления использовала групповую работу.

Класс был разбит на две группы (1 вариант - 1 группа, 2 вариант - 2 группа).

Для первой группы был дан метод «Кардиограмма». Цель данного метода - помочь глубже осознать состояние героя Гринева в стрессовой ситуации, когда внешне оно не проявляется. Я предложила группе представить, как бьется сердце Гринева, и показать это в виде кардиограммы.

Любое литературное произведение вызывает у человека определённое эмоциональное состояние. Давно замечено, что своё эмоциональное состояние человеку легче бывает выразить цветом (цветовыми ассоциациями), нежели словами, т.к. цвет является универсальным символом личностного восприятия и психологического состояния субъекта. И поэтому для второй группы использовала прием «Цветограмма». Задача этой группы - изобразить состояние души человека, а именно Пугачева, в цветовой гамме. Учащиеся разделили сердце персонажа на много частей, чтобы показать душевное состояние героя до и после важных событий в его жизни и пришли к одному

мнению, что сердце героя наполнено разными чувствами, но эти чувства и эмоции не берут верх над разумом.

По завершению определенного времени каждая группа представила свою работу.

Деление на группы позволило создать коллаборативную среду, основанную на взаимопомощи и сотрудничестве. Презентация рисунков сопровождалась пояснениями, комментариями, тем самым способствовало развитию речи, мышления.

На этапе вторичного закрепления применила органайзер «Двойной пузырь». Данный прием позволил учащимся выявить общие и отличительные черты главных героев, в частности Гринева и Пугачева. Ученики остановились на едином мнении, что эти два персонажа - это люди чести и долга.

На этапе рефлексии использовала технику «Рефлексивная мишень». Техника «Рефлексивная мишень» используется для рефлексии самых разных сторон состоявшегося урока. Преимущество этого приёма в том, что он очень гибок, его легко подстроить под свои цели. Также он позволяет оперативно получить отклик учеников сразу по нескольким аспектам занятия.

В конце урока учащиеся сделали «выстрелы» в мишень, ставя в каждом секторе фломастером/мелком отметку, соответствующую его оценке того или иного аспекта. Чем выше оценка, тем ближе к «яблочку» — центру мишени, чем ниже — тем ближе к её краю, «молоку». Для удобства можно расчертить круги как у настоящей мишени.

Техника «Рефлексивная мишень» позволила детям провести самооценку, оценить свою деятельность на уроке. Ребята с большим удовольствием оценивали себя и друг друга, было заметно, что данный вид работы им понравился.

Эта техника развивает у учеников способность рефлексировать и анализировать, учит давать точную оценку разным деталям, даёт возможность высказать своё мнение и в какой-то мере повлиять на учебный процесс.

После каждой работы проводилось формативное оценивание по стратегии «Аплодисменты», «Большой палец».

В классе сидят дети с разными способностями, поэтому домашнее задание было разноуровневым:

1. Составить синквейн или акростих к словам *Гринева* и *Пугачев*.
2. Метод «Я - художник». Ученики на время становятся художниками издательства. Им предлагается создать обложку книги, нарисовать иллюстрации к произведению.
3. Прочитать всю повесть и использовать метод «Силуэт героя» на персонаже Гринева.

Такой подход дает возможность каждому ученику справиться с заданиями и формирует положительные мотивы учения.

Я уверена, что урок оставил положительные эмоции, крепкие знания в душе моих учеников, что радует меня. Считаю формы работы, выбранные мной актуальными, эффективными, результативными.

Литература

1. Скаткин М.Н. Методы обучения // Пед. энциклопедия : в 4 т. М., 1965, т. 2, с. 812.
2. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М., 1981, с. 173.
3. «Теория и практика преподавания русского языка и литературы в образовательных учреждениях Республики Казахстан в контексте обновленной программы» Региональная научно-практическая конференция. – Талдыкорган, ЖГУ им. И. Жансугурова, 2019. С. 371

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЕҢСЕРУДЕГІ ҚОЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Игембердиева Г.

«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 7M01101 - Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының ІІ курс магистранты
gulnar@bk.ru

Н.Г. Осухова еңбектерінде жеңу «сыртқы әлем кеңістігіндегі материалдық немесе символдық әрекеттер (байланыс, тіл) арқылы қиындықтарды түрлендіру стратегиясы» ретінде сипатталады [1].

Болашақ кәсіби іс-әрекетті меңгеру жағдайында студенттің жеке басына байланысты емес және тек мұғалімнің күш-жігерімен ғана жойылатын психологиялық кедергілердің пайда болуына әсер ететін факторлардың саны өте көп.

Екінші жағынан, кедергілердің ішкі себептерін студенттер әрқашан мойындай бермейді және оқу процесінде психологиялық әдістермен түзетілуі мүмкін.

Қалыптасқан қиын жағдайға адекватты жауап беруге қабілетті адамдардың көпшілігі жұмылдыру тетіктерін іске қосады, ал қалыптасқан кедергіден өте алмағандар демобилизация механизмдерін қосады.

Кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі салаларындағы психологиялық кедергілерді зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер психологиялық кедергіні жеңу жолындағы айырмашылықтар мотивтермен, көзқарастармен, жеке тұлғаның жағдайға қатынасымен, жағдайдың маңыздылығымен байланысты екенін көрсетеді. (Ермолаева Е.П., 1996) [2].

Сонымен, М.Б. Мязина өз зерттеуінде жағымсыз эмоционалдық күйге төтеп беру қабілетін дамыту қажеттілігі университеттегі оқу жағдайларымен және студенттің оқуға дайын болуын талап ететін жүктеменің артуымен байланысты екенін атап өтеді [3].

Психологиялық кедергіні зерттеу аясында біз оны жеңу жолдарын жіктеуге әрекет жасадық. Кедергілерді жеңу екі деңгейде жүреді: саналы және бейсаналы, бірақ психологиялық кедергілерді жеңу процесі дербес немесе сыртқы ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Егер адам өзінің қиындықтарының не екенін түсінсе және оны жеңуге ұмтылса, онда психологиялық кедергіні саналы түрде жеңу туралы айтуға болады, кейбір жағдайларда қорғаныс механизмдерінің бірі жеңу процесінде қолданылады. Рационалды деңгейден басталатын адекватты өзгерістер эмоционалды деңгейде жалғасады, нәтижесінде адамның мінез-құлқы өзгереді.

Психологиялық-педагогикалық шарттар деп біз педагогикалық құралдардың, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістері мен формаларының, педагогикалық өзара әрекеттестіктің нақты әдістерінің, білім берудің ақпараттық мазмұнының, психологиялық микроклиматтың сипаттамаларының жиынтығында оқу-тәрбие процесінің белгілі бір ұйымдастырылуын түсінеміз. оқушыларға мақсатты педагогикалық әсер ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Психологиялық кедергілерді жеңу процесі бір жағынан, білім алушының біртұтас жеке тұлғасын дамытуға және жетілдіруге, екінші жағынан, оқу-тәрбие процесін белсендіруге бағытталған, ортақ мақсаттармен біріктірілген студенттердің де, мұғалімдердің де тығыз өзара әрекеттесуімен жүруі керек. оның барысында білім беру міндеттерін шешуге қол жеткізіледі [4].

Осылайша, кедергіге тап болған кезде адам туындаған кедергіден сәтті өтуге әкелетін әрекеттердің бейімделу бағдарламасын қалыптастыруы керек.

Психологиялық кедергілердің пайда болу себептері өте әртүрлі болуы мүмкін, студенттерге қатысты келесілерді бөлуге болады:

– елеулі жаңалық, жағдайдың күтпегендігі мектептен жоғары оқу орнына көшумен де байланысты (мектепте күнделікті күтім мен бақылауға дағдыланған, кейбір бірінші курс студенттері қалай жасау керектігін білмейтін) кедергілердің пайда болуының жиі кездесетін себептерінің бірі болып табылады.

– қарапайым шешімдер) және үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеудің тұрақты қажеттілігімен (өткен мектептегі оқушыларда өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары жеткіліксіз дамыған);

– оқудың конструктивті емес мотивтері - әрекеттің негізгі түріне қызығушылықтың болмауы - әртүрлі факторлардың әсерінен оқу;

– жағымсыз өткен тәжірибе – бұған себеп: бұрын жағымсыз салдарға әкелген әрекеттерді қайталаудан қорқу және нәтижесінде туындаған кедергінің алдында тоқтау;

– жағдайдың қауіптілігі – қызмет субъектісінің қалыптасқан жағдай, қауіп төндіретін және жағымсыз салдарларға толы екендігі туралы қалыптасқан идеялары;

– ойлау икемділігі мен шапшаңдығының төмендеуі – бұл да себептердің бірі, мұндай құбылыс әрі білім алушының психикалық процестерінің дамуының

тұрақты сипаттамасы, әрі кез келген қиындықтарға байланысты уақытша құлдырау болуы мүмкін;

– оқу тобының немесе жекелеген қиын қатысушылардың кері әсері - ұқсас жағдай жалпы студенттермен немесе жеке адамдармен қарым-қатынас жүйесінде, педагогикалық ұжыммен өзара түсіністіктің болмауында дамуы мүмкін.

Әрине, бұл психологиялық кедергілердің пайда болуының кейбір себептері ғана және тізім шексіз. Көбінесе біз психологиялық қорғаныс механизмдерін қосуға байланысты екенін түсінбей, кедергілерді жеңе бастаймыз. Көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде психологиялық қорғаныс механизмдерін психологиялық кедергілерді жеңудің ішкі стратегиялары деп атайды. Біз өз зерттеуімізде мұндай механизмдерді кедергілер туындаған жағдайда мінез-құлықтың бейімделу стратегиясын қалыптастыру жолындағы қадамдардың бірі ретінде қарастырамыз.

Психологиялық қорғаныс механизмдерінің қазіргі түсінігі негізінен К.Гжеголовскаяның когнитивтік теорияларымен ұсынылған. Бұл механизмдер эмоционалдық қауіп факторларының мағынасының өзгеруімен сипатталатын қорғаныс қайта бағалаулары (қайта интерпретациялар) ретінде анықталады, өзіндік қасиеттер мен құндылықтар.

Психологиялық стресске, фрустрацияға жауап беруге сәйкес психологиялық қорғаныс механизмдерін интерпретациялау реакциялардың белгілі бір түрін ажыратады, сонымен қатар реакциялық бағыттың 2 түрін ажыратады: стресстік шиеленіспен жүретін шиеленісті жою және күйзелістің себептерін жою.

Бұл сипатталған механизмдердің іске қосылуына әкелетін психологиялық кедергімен соқтығысудан туындаған күйзеліс пен фрустрация жағдайы. Адамның бейімделгіш қорғаныс механизмін таңдай ма, жоқ па, ол психологиялық кедергіні жеңуге дайындық дәрежесіне байланысты.

Реакциялардың келесі түрлері ажыратылады: кедергілерді жою әрекеті; кедергіні айналып өту әрекеті; қол жетімсіз болып қалған мақсатты қол жеткізуге болатын мақсатқа ауыстыру; тікелей агрессия; басқа объектіге ауысқан агрессия; регрессия; бас тарту (кішіпейілділік).

Л.И. Анцыферованың пікірінше [5], өмірлік қиындықтармен күресудің негізгі стратегиялары: трансформациялық және бейімделу стратегиялары (адамның өзіндік ерекшеліктері мен жағдайға қатынасының өзгеруі). Автор өзін-өзі сақтаудың көмекші әдістеріне қиын жағдайдан кету немесе қашу деп атайды, оны практикалық түрде ғана емес, сонымен қатар таза психологиялық түрде де - жағдайдан іштей алшақтау немесе ол туралы ойларды басу арқылы жүзеге асыруға болады.

Бейімделу реакциялар жүйесінде психологиялық қорғаныс механизмдері жағдайды немесе мәселені меңгеруге бағытталған адамның белсенді, негізінен саналы әрекеттері ретінде күресу стратегияларымен тығыз байланысты.

Төтенше мінез-құлық психологиялық қауіп жағдайын жоюға бағытталған жеке әрекеттердің стратегиясы ретінде қолданылады.

Кедергімен соқтығысқан кезде адамда психологиялық қорғаныстың бейімделу немесе бейімделмейтін механизмі жұмыс істегеніне байланысты, кедергіні жеңу стратегиясының одан әрі қалыптасуы байланысты. Бейімделмейтін қорғаныс механизмі іске қосылса, онда студент қиын жағдайды өз бетімен шеше алмайды және оған көмек қажет (ата-ана, мұғалімдер, психолог, курстастары). Бейімделуші қорғаныс механизмі жұмыс істейтін болса, онда адам шартты ішкі тепе-теңдікке қол жеткізеді және психологиялық кедергіні жеңу бағытында ары қарай жылжиды.

Пайда болған қиындықтарды жеңу үшін жағдайды зерттеп, мәселені шешудің мүмкін жолдарын бағалау қажет. Мұндай бағалау туындаған психологиялық кедергіні қаншалықты және қандай жағдайда еңсеру қажет екенін анықтаудан басталады. Психологиялық қорғаныс функциялары дұрыс жұмыс істегеніне және жағдай субъект үшін сыни емес болып көрінгеніне қарамастан, адамда кедергіні бақылау қажеттілігі туралы идея бар, егер бұл сөзсіз болса, оны жеңу, егер олар баяулатса немесе, сонымен қатар, адамның рухани әлеуетін сақтау. Сондай-ақ жағдайды бағалау кезеңіне өту қорғаныс механизмдерімен орындалатын функцияларды басқа құралдармен ауыстыру кезінде мүмкін болады. Соңғысы өзін-өзі қорғау қажеттілігіне байланысты тежеу механизмдерін қосу дәрежесін бақылауға қабілетті қызмет субъектісінің психологиялық өзін-өзі реттеу құралдары болуы мүмкін [6].

Мұның барлығын кешенді түрде қарастыру керек, біз өз зерттеуімізде барлық шарттарды біріктіріп, психологиялық кедергіге тап болған кезде іске қосылатын бірқатар ішкі жүйелерді қамтитын біртұтас үш кезең ретінде көрсетуге тырыстық.

Бірінші кезеңде бұл жағдайды зерттеу, субъект ықтимал шешімдерді қарастырады. Мұндай бағалау туындаған психологиялық кедергіні қаншалықты және қандай жағдайда еңсеру қажет екенін анықтаудан басталады.

Екінші кезең – ресурстарды іздеу. Субъект ішкі ресурстарды пайдалануға тырысады, егер ол бұл істе жетістікке жетпесе, онда адам содан кейін психологиялық кедергіні жеңуге көмектесетін сыртқы ресурстарды іздей бастайды.

Үшінші кезеңде – кедергіні жеңуге бағытталған әрекеттер. Бұл кедергіні өз бетімен жеңе алмаған жағдайда орын алады. Ең тиімді психологиялық жағдай, біздің ойымызша, мақсатты психокоррекциялық жұмыс.

Әдебиеттер:

1. Вербицкая, Т.И. Педагогические условия преодоления психологических барьеров у студентов в процессе обучения иностранному языку: Автореф. дис. канд. пед. наук. Калининград, 2003. – 18 с.
2. Ермолаева Е.П. Предпринимательство: самодиагностика и преодоление психологических барьеров. М.: Академия, ИП РАН, 1996. – С.40.
3. Кондратьев М. Ю., Ильин В. А. Азбука социального психолога-практика. М.: ПЕР СЭ, 2007. – 464 с.

4. Мязина М.Б. Особенности психологического барьера, возникающего в процессе профессиональной подготовки у студентов технического вуза: дис.... канд. псих. наук. СПб., 2003. – 146 с.

5. Осухова Н.Г. Психологическая помощь в трудных и экстремальных ситуациях. М.: Академия, 2005. – 288 с.

6. Панфилова, А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: Учебное пособие: В 4 разд. СПб.: Союз [СПб], 2001. – 494 с.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Испанова Э.Ж.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Республикамыздың барлық білім беру жүйесі жаңартылған білім беруге көшті. Бұл біздің еліміздің білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары бекітілді, ол мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтиды.

Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

Бағдарламаның мақсаты білім сапасы болып табылады, ол оқу және мәтіндерді түсіну сапасын халықаралық зерттеуде (PIRLS), математикалық және жаратылыстану ғылымдары бойынша білім сапасы (TIMSS); оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасында (PISA) сипатталады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңартылған бағдарлама бойынша өткізетін сабақтарында өмірмен байланыс болуы керек. Сабаққа қойылатын қазіргі талаптар өмірлік мәселелерді шешуде алынған білім, білік, дағдыларды пайдалану қажет. Бұл «функционалдық сауаттылық» деп аталады.

Функционалдық сауаттылық - оқу-тәжірибелік іс-әрекет процесінде қалыптасатын сауатты және нәтижелі әрекет ету қабілеті, практикалық іс-әрекет барысында туындайтын мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын тауып, табылған шешімдерді жүзеге асыру қабілеті.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс

жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Функционалдық сауаттылық кіші жастағы оқушылардың шығармашылық ойлау және стандартты шешімдерді табу, жол таңдай алу, өмірдің әртүрлі салаларында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолдану, сонымен қатар өмір бойы білім алу қабілетін дамытуға ықпал ететін факторға айналуға.

Бастауыш сыныпта сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру логикалық деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Мысалы

Бірінші деңгей – білім тізім жасау, ерекшелеу, айту, көрсету, атау;

Екінші деңгей – түсіну, сипаттау түсіндіру, белгілерді анықтау, басқаша тұжырымдау;

Үшінші деңгей – қолдану, суреттеу;

Төртінші деңгей – талдау, тексеру, тәжірибе жасау, жүйелеу, салыстыру, айырмашылықтарын анықтау;

Бесінші деңгей – синтез құру, дизайн ойлап табу, дамыту, жоспар құру (қайта айту);

Алтыншы деңгей – бағалау, дәлелдеу, өз көзқарасын қорғау, болжау.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың ролін айқындау және түсіне білу, математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Математикалық сауаттылықтың мақсаты бүгінгі күн талабына сай, жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, тұрақты қызығушылығы бар, алған білімді іс- әрекетте еркін қолдану дағдысы қалыптасқан тұлға.

Математика білім мазмұнының ең алғашқы бастамасы бастауыш сыныптарда жүзеге асатыны белгілі. Себебі, бастауыш буында жоғары сыныптарда оқылатын бүкіл пәннің іргетасы қаланып қана қоймайды, сонымен қатар білім алуға деген талпыныс, ізденушілік, яғни балалардың оқу әрекеті, танымдық белсенділік, жеке бастың адами қасиеттерінің негізі осы кезеңде қаланады. Сонымен қатар, осы кезеңде баланың белсенділігі, оның рухани және дене күші де дамиды. Осы жасқа сай келетін мазмұн мен оны оқытудың әдісін саралап, талдау, бала жанына жақын қарым-қатынас арқылы оларды дамыту оңай мәселе емес.

Математикалық сауаттылық математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты

құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет.

Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең төмен талап ретінде қарау қажет. Сонымен математикалық біліктіліктердің негізгі құрамдас, толыққанды тіршілік жасауға қажеттілік ретінде оны арнай, бағдарлы түрде дамытып, қалыптастыру керек.

Математикалық сауаттылық дұрыс сөйлеу қабілетін математика сабақтарында оқушылардың келесі қабілеттері мен бейімділіктерін шыңдай түсуді меңзейді:

1) Тақырыптағы, текстегі басты ойды бөліп көрсете білу және оған жоспар құра білуге;

2) Материалды қисынды, мағыналық топтай, талдай білуге;

3) Математикалық терминологияларды түсіне, қолдана және негіздей білуге;

4) Ұғымдардың, түсініктердің өзге ұғымдар жүйесіндегі орнын және түсініктер иерархиясы тұрғысында білуге;

5) Аузыша және жазбаша математикалық сауатты сөйлеуді меңгеру, математикалық символдар мен белгілеулерді дұрыс қолдана білуге.

Математикалық сауаттылықтың дамуы оқушының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, қазіргі қоғамда тұлғаның ұтымды сөйлеу коммуникацияларын қалыптастырады. Осыған қоса, математикалық білімнің меңгерілуі мен үйретілуі, оқытылуы дәрежесі жоғары болған сайын, оның бастауыш сыныптағы оқушылардың бойында адамгершілік қасиетті қалыптастырады. Математикалық сауаттылықты қалыптастырудың бастауыш сынып оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстар арқылы олардың қызығушылықтарымен пәндік, функционалдық сауаттылығын дамытуға болады.

Қазіргі сәтте дәстүрлі емес сабақтардың көбеюіне байланысты оларды жіктеу, яғни классификациялау қажет болды.

Классификациялау үлкен көлемді ақпараттан өзімізге қажетті және қызықты, бөлімдерді бөліп алуға көмектеседі. Қазіргі кезде мұғалімдердің нақты нұсқаулармен ғана жүре алатын, өзіндік пікірі, көзқарасы, ойлау қабілеті төмендеп кеткен, осының негізінде сабақ пен әдіс тәсілдердің бір-біріне сәйкес келмейді. Осыдан келіп өзіндік «мені», өзіндік көзқарасы бар «ой-пікірі» қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру қиынға соғады. Сондықтан бұл тұлғалық қасиеттер алдымен мұғалімнің бойынан табылуы тиіс.

Іскерлік, шығармашылық бірлесіп жасау, сабақ барысында жеке, жұптық, топтық түрде араласып жұмыс жүргізу – дәстүрлі емес сабақтың маңыздылығы болып табылады. Олай болса кез-келген оқу пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы бола алады.

Математика сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытудың мақсаты – оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білімдік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Математика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын екі негізгі міндеттерді шешу арқылы қалыптастыру мүмкіндігі бар:

1. Оқушының әлеуетіне сәйкес, яғни баланың өзінің білімдік деңгейіне сай келетін және жеке тұлғаның одан әрі дамуын қамтамасыз ететін, білім беруді іске асыру мүмкіндігіне, оның ішінде өзіндік білім алу жолымен жету.

2. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдары мен өз қабілеттерін іске асыруда әр оқушыда шығармашылық әлеуметтік мәнді қызмет тәжірибесін қалыптастыру.

Бастауыш сыныпта математиканы оқытуда келесі пәндік және функционалдық сауаттылық қалыптасуы тиіс: ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану біліктігін; қоршаған ортада болып жатқан әртүрлі жағдайларда және аралас пәндерде математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларын; ауызша және жазбаша есептеулерді тиімді пайдалана отырып, практикалық есептеу техникасын; математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, қатандығын; дәлелдемелі пайымдау жүргізу, логикалық негізделген қорытындылар жасау біліктігін; математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру біліктігін; жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау орындау білігін; өзін-өзі бақылау жүзеге асыруды; өз іс әрекетін бағалауды; оқу қызметінің әртүрлі формаларында коммуникативтік қабілеттерін қолдана білуі қажет.

1-3 сыныптан бастап оқушылар дайындық жұмыстарымен шұғылданса, 4 сыныптан бастап TIMSS халықаралық зерттеу тест тапсырмаларын орындау арқылы математика және ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша түсініктері жүйеленіп өздерінің білім, білік дағдылары қалыптасып, өз білімдерін шынайы өмірде қолдана алу құзырлықтарын біле алады. Бастауыш сынып мұғалімдері 4-сынып оқушыларының осындай жоғары көрсеткіштерге математика мен жаратылыстану пәндеріне деген қажеттілікті жете түсінуі арқылы қол жеткізді деп санайды.

Қорыта айтқанда, тұлғаның бейімділігін, қажеттілігін қанағаттандыруды, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту – білім беру мамандарына артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана,2010.-57 б.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары

3. 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

4. Лебедова Л.А. Методика формирования математических умений и навыков у младших школьников на основе деятельностного подхода к обучению. Дисс.канд. пед. наук. А., 2002. 168 с.

5. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кадирсизова Ш.Б.¹, Жоргатаева Б.А.², Жорокпаева М.Д.³

¹КеАҚ Семей медицина университеті, PhD, жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушысы
shnar_83kz@mail.ru

²КеАҚ Семей медицина университеті, жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушысы.
zhorgataeva@bk.ru

³ КеАҚ Семей медицина университеті, жалпы білім беру пәндері кафедрасының менгерушісі, п.ғ.к.
miramgul.zhorakpaeva@mail.ru

Болашақ педагогтың рухани әлемі, кәсіби бағыттылығы мен құндылық бағдары, қызығушылығы, мотивтері оның болашақта ақыл-ойды, қоршаған шындықты ұтымды түсінуді анықтайтын негіз болып табылады. Осыған байланысты аксиология мәселелерін зерттеуде болашақ маманның педагогикалық мәдениетін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі адам факторының басымдығының артуымен сипатталады. Осыған байланысты ЖОО-дағы оқу-тәрбие жұмысының бағыттылығы студенттердің әлеуметтік ұстанымын қалыптастыру мен құндылық әлемін дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған тиімді педагогикалық жағдайлар кешенін құруды көздейді. Педагогикалық мәдениетте жас ұрпақты тәрбиелеу, оқытудың практикалық тәжірибесі және білім мен тәрбие құндылықтары туралы теориялық идеялар, оқу-тәрбие процестері, педагогикалық өзара әрекеттестікке қойылатын талаптар жалпыланған көрініс табады. Педагогикалық мәдениет пен өркениеттің дамуымен бірге белгілі бір даму кезеңдерінен өтті.

Алғаш рет «педагогикалық мәдениет» ұғымының мәнін қарастыруға әрекет XX ғасырдың 50-ші жылдарының соңында этнопедагогика аясында Г.Н. Волков жасады. Педагогикалық мәдениет, оның пікірінше, «бұл бала тәрбиесімен тікелей байланысты халықтың материалдық және рухани мәдениетінің ортасы» [1, 17].

«Педагогикалық мәдениет» терминін В.А. Сухомлинский белсенді қолданған. Оның мазмұнына мұғалімнің рухани келбетінің көптеген компоненттері, оның кәсіби дайындығы кірді.

«Педагогикалық мәдениет» түсінігі бұрыннан педагогикалық іс-әрекет практикасына енгізілген, ал оны теориялық зерттеу енді ғана қолға алынды. Педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін талдауға, педагогикалық қабілетті

зерттеуге, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты бұл проблема С.И.Архангельский, А.В.Барабанщиков, Е. В. Бондаревская, Е.В.Бондарева, З.Ф.Исарева, Н.В.Кузьмина т.б. еңбектерінен көрінеді.

Е.В. Бондаревская педагогикалық мәдениетті рухани және материалдық құндылықтар толығымен түсіндіретін білім беру мен тәрбиелеу, тұлғаны әлеуметтендіру процестерін жүзеге асыру үшін қажетті шығармашылық қызмет тәсілдерінің бір бөлігі деп санайды [2, 37].

Тұлғаның шығармашылығы қоршаған әлемді өзгертіп, жаңа небір құндылықтарды құра алатын өздігінен, әрі белсенді тұлға формасы ретінде анықталады. Д.Б. Богоявленская тұжырымдамасына сай шығармашылық адамның бастамасы бойынша кез-келген іс-әрекет түрінің дамуымен анықталады. Ал, Н.С. Лейтес шығармашылық қабілетті интеллект деңгейінің көрінісі ретінде тұлғаның тұтастай ойлау қабілетінің дамуы ретінде сипаттайды. Зерттеуде әр жастық шақтағы шығармашылық қабілеттің өзінше көрінуі қарастырылған.

Е.Е. Шестернинов шығармашылық феноменін тұлғаның өзіндік жүзеге асырылуы мен дамуы ретінде түсіндіреді [3, 171].

Философияда, әлеуметтануда, педагогика мен психологияда мәдени бағыттылықты зерттеумен байланысты, педагогикалық мәдениеттің кейбір жақтары (маманның жеке тұлғасының әдіснамалық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативті, технологиялық, рухани, дене мәдениеті) талданады. Бұл зерттеулерде педагогикалық мәдениет педагогикалық іс-әрекет жүйесінде көрінетін мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды бөлімі. Мұғалімнің педагогикалық мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде негізгі бөлім болып табылады. Педагогикалық мәдениеттің қалыптасуы тұлғаның шығармашылық әрекетті, қарым-қатынасты, жеке тұлғаны құрастыратын педагогикалық еңбек арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта педагогикалық мәдениет мазмұны әлемдік педагогикалық тәжірибесі бар жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі ретінде, мәдени дәуірлер мен соған сәйкес педагогикалық өркениеттердің өзгеруі, педагогикалық ғылым мен білімнің тарихы, білім беру парадигмаларының өзгеруі ретінде қарастырылады (М.В. Богуславский, А.П. Валицкая, Г.А. Виленский, Г.Ф. Карпова, И.А. Колесникова, З.И. Равкин, Н.Л. Шеховская, Е. Н. Шиянов).

Университетте студенттердің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру профессорлық-оқытушылық құрамының, қоғамдық ұйымдардың, рефлексияға ықпал ететін іс-шаралардың ықпалымен жүреді. Студенттердің өзіндік құндылықтарын, тікелей оқу-тәрбие процесінде педагогикалық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс әр студент өз жолымен өтетін бірнеше кезеңнен тұрады. Әрбір кезеңде болашақ мұғалімдер педагогикалық жұмыстың маңызды құндылықтары, осы мамандықтың қоғам үшін практикалық маңыздылығы туралы нақты идеяларды дамытады. Алғашқы кезеңдерде студенттердің педагогикалық мәдениетін қалыптастыру құндылықтарды жеке деңгейде түсіну жолымен жүреді. Біртіндеп оқу процесінде білім алушы педагогикалық әрекетке қосылады. Бұған психологиялық-педагогикалық пәндерді оқу ықпал

етеді. Осы кезеңде университеттің оқытушысы, ең алдымен, қызметте ұжымдық бағытты қалыптастыруы керек. Алдағы уақытта оқу үдерісі аясында практикалық педагогикалық қызметтің үлесі артуда – жалпы білім беретін орта мекемелер базасындағы іс-тәжірибеден өту, практикалық сабақтар, зерттеу тапсырмаларын орындау және т.б.

Болашақ маманның педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың тиімділігі оқу процесін ұйымдастырумен артады, мәселен:

- оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби білім жүйесінің ерекшеленуі;
- студенттер өнімді қызметке белсенді шығармашылық позицияға енуі арқылы педагогикалық әрекетке қатысуы;
- білімі мен идеяларын теориялық жалпылау арқылы ғана емес, сонымен бірге оларды нақты практикалық қызметке қосуды да қамтуы.

Л.Д. Столяренко педагогикалық мәдениеттің басты құндылығы – бала, оның дамуы, білімі, тәрбиесі, әлеуметтік қорғалуы және оның қадір-қасиеті мен құқықтарын қолдау екенін баса айтады. Педагогикалық мәдениетті құндылықтардың динамикалық жүйесі, мұғалімнің іс-әрекеті мен кәсіби мінез-құлқы ретінде қарастыра отырып, ол осы жүйенің құрамдас бөлігі ретінде мыналарды ажыратады:

- мұғалімнің педагогикалық ұстанымы оның қарым-қатынасы;
- кәсіби қызметіне, педагогикалық жұмысқа, балаларға және тиісті мінез-құлық;
- жеке басының бағытын, кәсіби-адамгершілік келбетін, педагогикалық жұмысқа қатынасын, сондай-ақ оның мүдделері мен рухани қажеттіліктерін көрсететін кәсіби-жеке қасиеттері;
- кәсіби білім, атап айтқанда, әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық білім;
- педагогикалық ойлау мәдениеті, ол сыни, проблемалық, оқушының қызығушылығына, қажеттіліктері мен дамуына бағытталған, сонымен қатар тиімді технологиялар мен әдістерді дамытуға шығармашылық бағытпен сипатталауы [4, 353].

Шығармашылықты қабілеттің жоғары деңгейі екенін атап көрсете отырып. Ю.Г. Фокин [5, 66] сәйкес процестердің құрылымын жасады: объект, ақпарат көзі; ақпаратты қабылдау, қажеттілікті анықтау; тәжірибе және тәжірибе арқылы ақпарат жинақтау; мотивация және қажеттілік; жеке қажеттілікті анықтау; объектінің өзі мәселені түсінуі және тұжырымдау; тәжірибе мен эрудицияның байлығына байланысты қауымдастықтардың пайда болуы, әрекетті іске асыру, тексеру және нақтылау. Мұндай әрекеттер тізбегі, автордың пікірінше, жеке және ұжымдық шығармашылық үшін ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді. Пәндердің психологиялық-педагогикалық циклін білу педагогикалық шығармашылық үшін жағдай жасайды, педагогикалық ақпарат ағынында еркін жүру, күрделі педагогикалық міндеттерді шешу мүмкіндігі. Шығармашылық процестің сәтті болуы үшін мұғалім бейнелі және аналитикалық ойлау, тәуекелге дайын болу, әзіл сезімі, пайымдаудың

тәуелсіздігі, белсенділік, өзін-өзі бақылау, бастамашылық, тәуелсіздік, жауапкершілік сияқты жеке қасиеттерге ие болуы.

В.А. Кан-Каликтің пікірінше, [6,97] педагогикалық шығармашылықтың мәні- өзгеріп жатқан жағдайларда сансыз көптеген оқу-тәрбие мәселелерін үнемі шешуге бағытталған, оның барысында мұғалім осы педагогикалық тұлға үшін оңтайлы, органикалық қарым-қатынасты дамытады және жүзеге асырады. Педагогикалық шығармашылықты дамыту мәселесіне К.С. Станиславский көп көңіл бөлді. Мұғалімді шығармашылық тұлға деп мәлімдей отыра, істі сәтті ұйымдастырудың басты шарты - қолайлы жағдай жасау, оны құру үш кезеңде жүзеге асырылды:

1 кезең – «бас тарту әсері» (әріптестер мен қарсыластардың жағымсыз қасиеттерінен бас тарту және оң қасиеттерді іздеу).

2 кезең – «қатыстылықтың әсері» (ұжымның барлық мүшелерінің белсенді жұмысы).

3 кезең – «босаңсыған бұлшық еттер» (сырттай жұмыс істеуге тырыспай мүмкіндігінше іштей шоғырлану).

Осылайша, мұғалімнің рөлі мен оқу орнын шығармашылық негіздеу жалпы кәсіби дайындығындағы шығармашылық үшін үлкен маңызға ие екендігін атап көрсетті [7].

Жоғары оқу орнында студенттердің педагогикалық мәдениетін қалыптастырудың сапасы мен тиімділігі көбінесе пәндердің психологиялық-педагогикалық, мәдени циклын зерттеуге және студенттердің жеке басын ынталандыруға бағытталған педагогикалық процесті жүзеге асырудың формаларын, әдістері мен құралдарын таңдауға байланысты. Оқу процесінің деңгейі болашақ маманның педагогикалық мәдениетінің көрсеткіші бола алады.

А.М. Федоров [8, 114] мұғалімнің педагогикалық мәдениетінде үш негізгі компонентті анықтайды: құндылық-бағдар, шығармашылық-белсенділік, эмоционалды.

В.Л. Бениннің зерттеуінде білім, көзқарастар, идеяларды қамтитын педагогикалық танымдық үш блок қарастырылған; когнитивті, оның мазмұнына мінез-құлық, нормалар, құндылықтар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер жатады. Ғалым алғаш рет педагогикалық мәдениеттің құрылымына институционалды блокты енгізді, бұл зерттеушінің педагогикалық мәдениеттің құбылысын, оның ішінде жеке және институционалдылықты (институттар мен басқа құрылымдардың жиынтығы ретінде) қарастырудың жүйелі, тұтас деңгейіне көшуін көрсетеді. Үшіншісі, мектеп, балабақша, отбасы, әлеуметтік топ және т.б.) оның компоненттері [9, 78].

С.В. Елькинаның пікірі бойынша [10] аксиологиялық көзқарасты ұстана отырып, педагогикалық мәдениеттің құрылымы үш негізгі компоненттен тұратындығы дәлелденді: аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық.

Аксиологиялық компоненттің мазмұны құндылықтар жүйесін құрайды, оған мыналар кіреді: құндылықтар-мақсаттар, құндылықтар-құралдар,

күндылықтар-білім, күндылықтар-сапа, күндылықтар-қатынастар, күндылықтар-тәжірибе, күндылықтар-шығармашылық.

Педагогикалық мәдениетінің технологиялық құрамдас бөлігі оның педагогикалық іс-әрекетінің әдістері мен әдістерін қамтиды. Зерттеушінің пікірінше, технологиялық компоненттің орталық буыны мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты рухани, семантикалық өлшем деңгейіне жеткізетін өнімді қарым-қатынас технологиялары болып табылады.

Педагогикалық мәдениеттің жеке-шығармашылық компоненті тұлғаның өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейін, өзін-өзі сынмен ұштастыра отырып, позитивті өзін-өзі қабылдауды; педагогикалық іс-әрекеттің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына бағытталуды; жаңа тәжірибеге ашықтықты, сыни ойлаумен ұштастыра отырып, жаңа идеяларға бейімділікті; бағалау іс-әрекетіне қабілеттілікті; шығармашылық уәждеменің болуын; шығармашылық қабілеттер мен дағдылардың жеткілікті жоғары деңгейін қамтиды.

Сонымен тұжырымдай келе, ғылыми ұғымдар мен құбылыстар, процестер арасындағы мәнді, тұрақты байланыстарды ажыратып түсіну, бізге бүгінгі педагогикалық процесс тәжірибесінде уақыт талабына сай жан-жақты жетілген тұлға қалыптастыруда, педагогикалық мәдениеті жоғары, кәсіби құзыретті маман-педагогтар даярлығын жүзеге асыруда нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер

1. Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары: Чувашск. кн. Изд-во, 1958
2. Бондаревская Е.В. Педагогическая культура как общественная и личностная ценность//Педагогика. – 1999 – №3. – С.37–43.
3. Киричек Л.В. Проблемы формирования педагогической культуры как условия творческой деятельности будущего педагога Серия «Проблемы педагогики средней и высшей школы». Том 26 (65). 2013 г. №2. С. 170-182.
4. Столяренко Л.Д. Педагогика.– Ростов-на-Дону: Феникс, 2000 – с.448
5. Воробьев Н.Е., Суханцева В.К., Иванова Т.В. О педагогической культуре будущего учителя//Педагогика. – 1992 – №1-2. – С.66-70.
6. Кан-Калик В.А. Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. М.,1990.- с.140
7. Абросимова З.Ф. Формирование педагогической культуры будущего учителя в процессе изучения дисциплины педагогического цикла: Дисс...канд.пед.наук.–Курган, 1998
8. Ризз Г.И. Размышление о педагогической деятельности, культуре, мастерстве// Педагогика. – 1995 – №4. – С.114-116.
9. Бенин В.Л. Педагогическая культура: её содержание и специфика.– Уфа, 1994.– С.144.
10. Елькина С.В. Формирование педагогической культуры студентов педагогического колледжа (на материале «Музыкальное образование»). Автореф. дисс...канд.пед.наук.– Самара, 2000

АЙМАҚТЫҚ БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ МЕН ЖҮЙЕСІ

Кадырбаев Ш.А.

«Павлодар қаласының Кенжекөл жалпы орта білім беру мектебі» КММ
элеуметтік педагогі

Белгілі бір аймақтың жан-жақты болмыс-бітімін, тұрмыс-тірлігін, элеуметтік-экономикалық даму барысын, түйінді де күрделі, өзекті де өткір мәселелерін, жеткен жетістіктерін, қордаланған кемшіліктерін, қысқасы, өңірдің өмірін республикалық басылымдардан гөрі сол аймақтардағы мерзімді ақпарат құралдары – аймақтық баспасөз құралдары кеңірек қамти алатыны сөзсіз. Аймақтың тыныс-тірлігін, болып жатқан өзгерістері мен жаңашылдықтарын, атқарылып жатқан істерін, күнделікті ақпарларын, талдаулар мен сараптауларды тұрақты әрі кеңірек қамти алатындығымен де өңірлік басылымдар үлкен маңызға ие.

Н.Ә.Назарбаев бұқаралық ақпарат құралдарының ролі жайлы: «...Біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне біздің өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті» деп атап та көрсеткен болатын.

Бүгінде Қазақстанның әр өңірінің, яғни облысының, қаласының, тіпті, ауданының өз мерзімді басылымдары бар. Мұндай мерзімді басылымдар – белгілі бір аймақ өмірінің айнасы ретінде саналады. Жергілікті оқырмандар өз облысына немесе ауданына қатысты барлық мәлімет-деректі, жаңалық-ақпарды аймақтық басылымдардан іздейді, солардан табады. Ендеше, аймақтық басылымдарға да қойылатын талаптың деңгейі аса жоғары, жауапкершілік зор, мақсаттар мен міндеттер мол. Республикалық болсын, аймақтық болсын, кез келген баспасөз құралы мындаған оқырманның талғамынан шығу үшін заман көшінен қалмай, уақыт ырғағына сай жан-жақты дамып отыруы тиіс.

Газет – қоғамдық ой-пікір тудырушы, ықпалы зор құрал. Аймақтық мерзімді баспасөз де қоғам арасында ой тудыра алатындай, белгілі бір мәселе бойынша жұртшылықтың санасына, таным-түсінігіне ықпал ете алатындай деңгейде болуға тиіс. Аймақтың өзіндік ерекшеліктерін де өңірлік баспасөз құралдары тереңнен зерделей білгені жөн.

Белгілі бір облыстың тыныс-тіршілігін басылым беттері арқылы жұртшылыққа жеткізіп, өңір тұрғындарының сәйкес мәселе бойынша таным көкжиегін арттыру, жағдайдың жай-жапсарын мәлім ету, қанықтыру аймақтық басылымдардың жұмысындағы басты ұстаным болып табылады. Осы

процестен шығу жолында бүгінде аймақтық мерзімді басылымдардың сапалық деңгейі айтарлақтай өскен.

Аймақтық мерзімді басылымдардың бүгінгідей кезеңде бәсекелестікке де төтеп бере алатындай деңгейіне маңыз беріледі. Жаңа мыңжылдықта, яғни ақпараттану дәуірінде баспасөздің маңызы мен ролі мейлінше күшейе түсті. Кез келген азамат газет-журналдарды ақтарып отырып, ең алдымен өз облысында болып жатқан жаңалықтардан уақытылы хабардар болуды көксейді. Ол – заңдылық. Ал оның мұндай сұранысын қанағаттандыру, қажеттілігін өтеу аймақтық баспасөз құралдарына тікелей байланысты. Аймақтық мерзімді баспасөз құралдарының маңызын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Республикалық басылымдарды былай қойғанда, жергілікті басылымдар - халықтың ең қажеттісі. Ертістің Павлодар өңіріндегі оқырмандар үшін сенімді баспасөз көзі ол – көп жылдар бойы танымал болып келе жатқан облыстық «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья» газеттері тек облысқа ғана емес, республиканың барлық аймақтары мен кейбір көршілес елдегі ағайындарымызға да жеткізіліп тұрады. Бұл жағынан алғанда басылымның ұтары көп. Шежіре, ұлттық рух, тәуелсіздік ұраны, бейбітшілік пен ұлтаралық келісім, ел болашағы, адамгершілік, әлеуметтік-экономикалық қатынастар, экологиялық тәрбие – басылымдардың негізгі тақырыптары.

Егеменді елдің бүгінгі жай-күйі, замана, қоғам жайы республикалық басылымдарға ғана емес, облыстық газеттердің де көтеріп отырған басты тақырыптары. Осы ойымыздың айғағы ретінде «Сарыарқа самалы» және «Звезда Прииртышья» газеттері бетінде жарияланған еңбектерді айта аламыз.

«Сарыарқа самалы» басылымының дамуына ерекше үлес қосқан журналистің бірі Б.Баймұратовтың өңірдің экология мәселесіне бағытталған «Әйгілі бұлақтар аты бұрмаланбасын», «Орман оталып жатыр», «Кеуде толтырып, тыныстала аламыз ба?» деген өткір мәселе көтерген мақалалары оқырмандардың назарына іліккен.

Бүгінгі таңда «Сарыарқа самалы» газетінің атқарып отырған рухани еңбегінің көлемі ұшан-теңіз. Оқырман саны молайып жылдан-жылға тиражының артып отырғаны да осы ойымызды айғақтай түседі.

Белгілі бір аймақта әлеуметтік-экологиялық мәселелерді шешумен қатар адамдардың рухани сұранысын қанағаттандыру кезек күттірмес маңызды шаралардың бірі екендігі анық. Республикамыз өз тәуелсіздігін жариялағалы бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты құралына айналып отыр. Ал нақтылай айтсақ, басылымдардағы егемендікпен қатар жарыса шығып жатқан мақалалар легі бір іске жұмылғаны шындық: елдің әл-ауқатын көтеру, рухани құндылықтарымызды қайтару, мемлекетіміздің табиғатын саф қалпында өркендетуге саяды.

Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» мен «Звезда Прииртышья» газеттерінің құрылтайшылары – облыс әкімі, депутаттардың облыстық мәслихаты және аталмыш басылымдардың журналистер ұжымы. Газеттегі тақырып аялары негізінде ресми стильде көрініс табады. Әр нөмір сайын алғашқы бетінде

аймақта өткен дүбірлі мереке немесе атаулы күнге байланысты шаралар легі, белгілі адамдар туралы, игі жаңалықтар және басқа да оқиғалар басылады.

Әрине экология тақырыбы – кез келген басылым қозғайтын өзекті мәселе. Қазіргі дамушы еліміз үшін бұл тақырып, яғни экология тақырыбы басты мәселеге айналған. Ал осы бағытты кеңінен насихаттау, алға бастыру бүгінгі мерзімді басылымдардың, соның ішінде аймақтық баспасөз құралдарының жұмысындағы негізгі ұстанымдардың бірінен саналады. Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» және «Звезда Прииртышья» газеттері жоғарыда аталған экология тақырыбын тұрақты бағыт ретінде қарастырып, оқырмандары, соның ішінде жас жеткіншектер үшін аса қажетті материалдарды тұрақты жариялап келеді.

Мысалы, «Сарыарқа самалы» газетінің жас оқырмандары – мектеп оқушыларына арналған «Айналайын» арнаулы қосымшасының да қазіргі таңда үлкен мәнге ие екендігін айтпай кетуге болмас. Балаларға арналған бұл қосымша алғашында бір беттік болып шыққан еді. Кейін оқырмандарының саны мейлінше артып, арнайы беттегі жарияланымдарға деген қызығушылық басымдыққа ие болып, оның пайдалылығы мен қажеттілігін ескерген мектеп ұстаздарының, оқушыларының сұрауы бойынша «Айналайын» тұтас қосымша болып қалыптасты және төрт беттік көлемде жарық көре бастады.

«Айналайынның» жас оқырмандар аудиториясы кәдімгідей қалыптасып, артып, мектептер арасында сұранысы мен беделі де өсті. Оқушылар мен оқырмандар енді өзіне қажетті дүниелерді арнаулы қосымшадан оқитын болды және әрбір санын асыға күтуге айналды.

Қосымшаның білім беру мекемелеріндегі тәрбие процесіне тигізетін пайдасын, тиімділігін облыстық білім департаменті де аңғарып, көз жеткізіп, басылыммен тығыз қарым-қатынасты жолға қойды. Нәтижесінде, департаменттің өтініш-сұранысымен басылымның «Айналайын» қосымшасында көптеген арнайы айдарлар, танымдық бұрыштар ашылып, шығармашылық байқаулар ұйымдастырыла бастады. Сондай арнайы айдарлардың бірін табиғат және экология мәселелеріне бағыттады. Сонымен бірге облыстың мектептері арасында өтіп тұратын «Табиғатты қорғайық» атты байқаудың да маңызы зор. Жас жеткіншектердің қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін, экологиялық білімін, танымын дамытуға арналған бұл байқау оқушылардың қызығушылығын арттырып, жиі өткізіліп келеді. Байқаудың қорытындылары облыстық деңгейдегі шарада шығарылып отырады. Бір есептен, газеттің өзі үшін де тиімділігі орасан зор болды. Байқау өткізілген алыстағы аудан, ауылдық мектептерде газет кеңінен насихатталып, балалардың оған жазылу ісі бірге жүрді. «Айналайын» қосымшасы үшін басылымға жазылудың қажет екенін ата-аналарына айтып, қолқа салған, онда өзіне қажетті дүниелер бар екенін алға тартқан оқушылар көптеп кездесті. Мұның өзі газеттің беделінің зор, мазмұнының терең екендігін көрсетіп, таралым санының шарықтап өсуіне алып келді.

Сонымен қатар аталмыш басылымда тікелей табиғат және экология мәселелеріне арналған «Табиғат – жер ана» беті де жоғары қызығушылыққа ие

болды және уақыт алға басқан сайын маңызы арта түсті. Мұнда бағбаншылық, ағаш отырғызу, оларды күту, табиғаттың көркемдігін насихаттау секілді көптеген мәселелер қозғалады.

Үшінші мыңжылдықтың басында экологиялық проблемалардың маңыздылығы жайлы сөз қозғап, ол мәселелерді тез арада шешу керектігі айтпаса да түсінікті жағдай.

Негізінен, табиғат ресурстарының жойылып, қоршаған ортаның күйзеліске түсуі мен планетамыздың биосферасы тіршілігінің бұзылуы өнеркәсіптердің қандай технологиялық жабдықтармен жұмыс істеулеріне де байланысты. Сондықтан өндірісті қайта құрып, озық технологиялармен жабдықтап, қалдықсыз өнім шығару – қаншалықты қиын да қымбат болғанымен, бүгінгі күннің қатал талабы. Өйткені бүгінгі күні экологиялық проблемалардың ең маңыздыларының бірі – климаттың өзгеруі болып отыр. Климаттың өзгеру жылдамдығы жылдан жылға ұлғаяуда. Ал бұл процестің орын алуы жер биосферасы қызметінің қалыпты жағдайының бұзылуынан туындап отыр. Егер адамзат қазіргідей қоршаған ортаға немқұрайлы қарайтын болса, Жер, Марс пен Шолпан планеталарының кебін киетін болады. Бүгінгі күні көз алдымызда жер бетінің орташа температурасы жоғарылап, ешқашан қар түспеген жерлерге қар жауып, ал Арктика мұзының қалыңдығы шамамен 40 пайызға жұқарып отыр. Ауғанстан жерінің кейбір аймақтарында бірнеше жылдан бері құрғақшылық жайлаған. Бұл келеңсіз әрі қауіпті өзгерістердің барлығы – адамзаттың болашаққа немқұрайлық танытып, шектен тыс материалдық пайда көру және өзімшілдікке бой алдырудың нәтижесінде туындап отырған көріністер.

Алысқа бармай, өзіміздің Ертіс өңірінің экологиялық жағдайын қарастырсақ, Павлодар қаласының төңірегінде «Қазақстан алюминийі» АҚ-ның глинозем, яғни алюминий тотығын шығаратын заводы, электролиз, яғни таза алюминий өндіретін заводы бар, сондай-ақ мұнай-химия заводы, құбыр шығаратын завод, «Кастинг» өнеркәсібі, каустик және үш жылу орталығымен қоса басқа да өндіріс орындары жұмыс істейді. Глинозем заводы шамамен сағатына 3000 текше метр қызыл шлам төгіндісін қоршаған ортаға шығарады, ал жылдық өнім ұлғайса, оның да көлемі өсетіні анық. Қазіргі таңда бес қабатты үйге жететіндей екі шламды үйінді тұр, үшіншісі жақында іске қосылмақ. Ал сол өндіріс орны мұржаларынан шығатын түтіннің құрамында қаншама зиянды металл қалдықтары мен шаң-тозаң ауаны ластап жатқаны айтпаса да түсінікті.

Бүгінгі күні Павлодар қаласы ірі заводтардан шығатын зиянды газдардың дәл ортасында отыр. Ақсу ферроқорытпа заводынан, облыс орталығындағы ірі өндіріс орындарынан, тіпті Екібастұз қаласы маңындағы ірі электр станцияларынан шығатын улы газдар жел бағыттарымен осы қалаға соғады.

2007 жылдың аяғында аймағымызда көптен күткен «Электролиз заводы» іске қосылды. Әрине, қуантарлық оқиға. Қаншама тұрғын жаңа жұмыс орнын тапты, облыс бюджетіне де қомақты қаржы түсіп жатыр. Бірақ адамзат бір қолымен жақсылық жасап жатқанымен, экологиялық жүйенің бұзылуына

өзіндік кері әсерін де әкелуде. Осы кәсіпорын іске қосылғаннан бері жаз, күз, тіпті қыс айларында қаланың заводқа жақын орналасқан аудандары кешкі және таңертеңгілік уақыттарда көк түтін мен тұманның астында жиі қалатын болды, ал сол түтін мен тұманның құрамында қандай улы, зиянды қосылыстар бар екенін әлі ешбір сала зерттемеген болар.

Жазғы мезгілде қаланың қай аймағында болмасын кешкі шамдардың астында тұрсаңыз, аспаннан ақ ұнтақты заттар түсіп жатады. Аймағымыздың әр түкпірінен жиналған темір-терсектер түсірілген кезде шаңнан сол цехтарда адам түгілі үлкен көліктер көрінбей қалады. Аталмыш заводтарда желдеткіш, аспирациялық қондырғылар қарастырылмаған. Сондықтан ондай өндірістерде тек адамдардың денсаулығы ғана бұзылып жатқан жоқ, сондай-ақ қоршаған орта да көп зиян шегіп отыр.

Әдебиеттер

1. Абдукадирова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы ролі (1952-1972 жж.): Пед. ғыл. канд. ... дис. -Тараз, 1998. -191 б.
2. Ақтамбеков Қ.Н. Қазақ педагогикалық баспасөзінің қалыптасу және даму жолдары (1870-1941 жж): Пед. ғыл. канд. дис. –Алматы, 1967. –141 б.
3. Байтағұлова Ж.І. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. –Алматы, 1993. – 15 б.
4. Бейсенова Ә.С. Концепция экологического образования и воспитания в системе общего образования Республики Казахстан. -Алматы, 2002. –С.134-141.

ЛОГИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ И ИННОВАЦИОННЫЕ СРЕДСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Каирбекова Б. Д.

доктор педагогических наук, доцент ИнЕУ

kairbekova.bagzhanat@mail.ru

Каирбекова М. Т.

магистр экономики,

Мухамеджанова А. К.

магистрант Инновационного Евразийского университета

Для реализации ценности самораскрытия инновационных способностей обучающихся при сопровождающей, обеспечивающей роли педагога необходимо признать интеллектуальный рефлексивный механизм человека в качестве главного предмета образования. Развитые рефлексивные способности являются логическим условием самостоятельного преодоления человеком всевозможных затруднений в жизни и деятельности. В течение всего учебного процесса педагог должен отслеживать формирование этих способностей и при

необходимости предпринимать коррекционные действия. Культура современного педагога обуславливается знанием и навыками использования объективных методов и парадигмы мышления, коммуникации и взаимодействия. Демонстрируя данную культуру, педагог создаёт среду взаиморазвития и выступает в качестве своеобразного триггера, запускающего процесс самообразования человека на протяжении всей жизни.

Согласно методологическому подходу, в модернизации педагогического образования выделяются три фокуса:

- 1 - позиция и роль педагога в общей системе деятельности;
- 2 - главный предмет образования;
- 3 - главные средства образовательной деятельности.

В реальной практике большое значение и роль педагога неоднократно продекларированы. Действующим педагогическим работникам впору задаться вопросом - что же должно подлежать действительной модернизации в образовании? Традиционно предметами образования считаются математика, физика, химия, биология, философия, история, экономика, языки, право и другие - так называемая «рыба». Проблемным остаётся понимание и выделение в качестве предмета образования самого мышления обучающихся. Поэтому столь напрягает обывателя и остаётся «*terra incognita*» понятие мыслительной деятельности. В эпоху глобализации, постоянного возрастания потока информации и повышения роли «искусственного интеллекта» именно развитие мыслительных способностей, естественного интеллекта человека приобретает стратегическое значение. Напрашивается вывод о придании мышлению учащихся статуса главного предмета образования. В этом должно быть заинтересовано и государство. Поэтому логично утверждать, что главным предметом образования должно быть рефлексивное мышление учащегося, акцентирующее его внимание на самочувствии, самоанализе, самокритике, самонормировании и самореализации, фиксирующего, оценивающего и корректирующего собственные умственные, согласовательные и реализационные действия. Рефлексивный интеллектуальный механизм является генетически встроенным в каждого человека механизмом его саморазвития. Требуется лишь понять способ его инициации и средства организации неслучайного мышления.

Для деятельности необходимы знания двух типов - знания о средствах построения знаний (объективные методы, подходы, принципы) и собственно знания о мире и деятельности (понятия, категории, концепции, теории, модели, нормы). Совокупность используемых в практике единиц знаний (знаков, знаковых структур), используемых в построении текстов образует так называемую парадигму [1,2]. Освоение культуры мышления зависит от создаваемой педагогами языковой среды, поэтому общественным лидерам и лицам, принимающим государственные решения, предстоит осознать необходимость опережающего обновления педагогической парадигмы.

Многие применяемые в управленческом, педагогическом, предпринимательском, экономическом образовании термины размыты,

неконструктивны, содержательно противоречивы и понимаются по-разному. Этим предопределяются «проблемы» в согласовании субъектов, принятии однозначных нормативных правовых актов, обеспечении устойчивого развития страны. Такие недоработанные парадигмы являются незримыми источниками большинства цивилизационных недоразумений и кризисов: социальных, экономических, энергетических, экологических, идеологических. Фигурально выражаясь, слова без однозначных образов рожают безобразия [3].

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИСТІК АУМАҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

М. Қанатұлы

Alikhan Bokeikhan University, PhD докторант, Семей қ., Қазақстан

А.С. Адильбаева

Alikhan Bokeikhan University, т.ғ.д., Семей қ., Қазақстан

K. Ercilasun

Ankara Hacı Bayram Veli University, Prof., Dr., Ankara, Turkey

Туризм бүгінде өркениетті әлемнің негізгі элементтерінің бірі, әрі дүниежүзілік әлеуметтік-педагогикалық және мәдени-экономикалық кеңістікті қалыптастыруда әлемдік экономикада жетекші орын алып отыр. Қазіргі таңда кез - келген елдің экономикалық және мәдени әлеуеті туризм индустриясының жағдайына айтарлықтай тәуелді екендігі белгілі.

Туризм - көп векторлы, мемлекетті дамытушы, әрі рухани жәдігерлерді насихаттаушы, елдің тарихты танытушы басты құрал, ХХІ ғасыр феномені десек те болады. Осы тұрғыдан алғанда туризм және туристік білім беру терең зерттеуді талап ететін өзекті тақырыптың бірегейі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үшінші модернизациясын жүзеге асыруды, жаһандық бәсекеге қабілетті экономикалық дамудың жана моделін құруды тапсырған болатын [1, 1-7]. Осы негізде білім беру және туризм ел экономикасының дамуына тікелей әсер ететін негізі саланың бірі болып отыр.

Туризм тек экономика тұрғысынан зерттелу аздық ететінін бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр, себебі туризм - тарихи өлкетану пәнінің басты зерттеу объектісі. Туризмнің тағы бір маңыздылығы мәдени-тарихи мұра мен құндылықтарды кеңінен насихаттай отыра, студент бойында көп мәдениетті толеранттылықты қалыптастыруда да айтарлықтай үлкен қызмет атқаратындығы, бүгінде тарихи білім беру, ұлттық тәрбие саласында да жетекші роль атқарып отыр.

Әлемдік статистикаға қарайтын болсақ ХХІ ғасыр туризмнің әлдеқайда алдыңғы орынға шыққанын, әлем бойынша саяхат жасаушы туристердің санынын артқанын көруімізге болады.

Қазіргі таңда, туризмнің дамуы кәсіби туристік білім беру жүйесінде де өзектілікке ие болып отыр. Осы салада білікті мамандарды дайындау олардың мәдени - ағартушылық әлеуетін арттыру және тарихи туризм туралы жеткілікті деңгейде білім беру, оқыту мен тәрбиелеу де педагогикалық тұрғыдан өте маңызды. Тарихи туризмнің дамуы үшін, туристік қозғалыстың біртұтас дамуына жауапты, өз ісінің нағыз маманды даярлап шығару да білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі.

Нарықтық экономикаға көшу жағдайында білім мазмұнын қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі жоғары оқу орнында білім алушы студенттерді үздіксіз дамуы мен білім алу деңгейін дамыту, студенттердің белсенділігі мен олардың шығармашылық әлеуетін арттыру болып табылады. Туризм саласындағы жастардың тек білім мен дағдыларының болуы жеткіліксіз, репродуктивті деңгей, сонымен қатар зерттеу тәжірибесінің мол болуы да маңызды басымдылықтардың бірі [2, 18-25].

Жоғарыда атап көрсеткендей, тарихи туризм мәселесін жан-жақты зерттеу қажеттілігі бүгінгі таңда тек республика көлемінде ғана емес, жекелеген аймақтық деңгейде де қолға алына бастады.

Осы негізде Шығыс Қазақстан облысындағы туризм тарихын, жоғары оқу орнында білім алатын студенттер үшін өлкетану, отан тарихы пәндерінде жаңа инновациялық оқу тәсілдерімен, өлке тарихын зерттеу оны жеткізу де отандық тарихы ғылымы үшін өзекті тақырыптардың бірі.

Шығыс Қазақстан облысы – табиғи климаттық жағынан алғанда Евразияның сирек кездесетін бірегей аймағы, әрі республиканың үшінші ірі ауданы болып табылады.

Шығыс Қазақстан Алтайдың оңтүстік-батыс бөлігін, Зайсан қазан шұңқырын, Қалба таулы қыратын, Сауыр-Тарбағатай жоталарын, Ертіс маңы жазығын және Қазақтың ұсақ шоқысының шығыс бөлігін алып жатыр. Жалпы ауданы 283,2 шаршы метр. Облыс солтүстіктен оңтүстікке 800 км және батыстан шығысқа 600 км созылып жатыр. Шығыс Қазақстан солтүстігінде Ресей Федерациясымен, шығыста Қытай Халық Республикасымен (ҚХР), оңтүстікте-Алматы, батыста-Павлодар және Қарағанды облыстарымен шектесіп жатыр.

Әкімшілік орталығы Өскемен қаласы. Облыс аумағында жалпы көлемі 1784536 гектар 10 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, оның 50811 гектар алаңында суқоймалары бар, 641258 гектар жерді орман басып жатыр. [3, 7-10].

Өзіндік табиғи-рекреациялық ерекшелігі мен ресурстардың кешені шоғырланған, тереңнен тамыр алатын тарихы бар осы аймақты Қазақстан Республикасындағы туристік потенциалы жоғарғы негізгі аймақтардың бірі ретінде қарастыруымызға толықтай негіз бар.

Шығыс Қазақстан облысының негізгі танымал туристік, рекреациялық аймақтары: Солтүстік-Шығыс (Белуха), Шығыс (Марқакөл көлі), Орталық (Өскемен қаласы, Бұқтырма жағалауы), Солтүстік (Риддер қаласы), Батыс (Семей қаласы), Оңтүстік (Алакөл көлі) болып табылады [4, 11-18]. Бұл аумақтарда ТМД ғана емес, алыс шетелдердің көптеген туристерін тартатын Оңтүстік Алтайдың негізгі табиғи ескерткіштері шоғырланған [4, 1-10].

Шығыс Қазақстан облысы - туризмнің әр түрлерін дамытуға ыңғайлы, табиғи-рекреациялық ресурстар жағынан бай аймақтардың бірі. Қазақстан орманының 4/3 бөлігі осы Шығыс Қазақстан облысын алып жатыр.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында статистикалық деректерге қарағанда 627 тарихи және мәдени ескерткіш, соның ішінде 15 – республикалық маңызы бар мемлекеттік қорғауға алынған мәдени-танымдық ескерткіш бар [5, 1-13].

Шығыс Қазақстанның, Катонқарағай ауданында туристарға радон ваннасын қабылдаумен денсаулық курсың ұсынатын «Рахман көздері» санаториясы, «Долина царей» пантамен емдеу демалыс базасы орналасқан.

Зайсан ауданында туризмнің мына бағыттары әзірленген: шоп-турлар (Қытай), балық аулау туры, этнотурлар және маршруттар: сауыр тауларын,

«Сауыр және Тарбағатай жоталарының тау етектерін» суретке түсіру; аңшылық турлар: «Қасқыр аулау», «Марал- тау ешкісі» құрама аңшылығы, Зайсантохты».

Сондай-ақ Алакөл көлінде демалыс базасы, «АСА», «Өскементурист», «Алтай Изумрудный» туристік фирмаларына қарайтын Бұқтырма жағалауында туристік базалар, Риддер қаласының шетінде орналасқан «Климовка», «Белая Уба», «Громотуха» демалс базалары жұмыс істейді [7, 2-19].

Курчатов қаласы - Семей полигонының ғылыми орталығы. XX ғ. екінші жартысынан бастап бұл кеңестік ядролық қаруды жасау орталықтарының біріне айналған болатын, осы жерде ядролық жарылыстарға бақылау жасалынды. КСРО -дағы ядролық сынақтардың 468-і Семей полигонында жүргізілді, яғни одақ бойынша сынақтың үштен екі бөлігі осы аймақта сынақтан өтті.

Курчатовта сынақ полигонына келген ғалымдар орналастырылған қонақ үй, бұрынғы штаб пен КГБ ғимараты, сондай -ақ Иосиф Сталиннің одақтасы Лаврентий Берия өмір сүрген үй сияқты ғимараттар бар.

Туристерді полигон мұражайы қызықтырады, онда ядролық сынақтарды басқаратын жабдықтардың үлгілері, атом бомбасының сынықтары, жарылыстардың әсерінің іздері сақталған материалдар сақталған [5, 33-36].

Шығыстың көне қалаларының бірі Семей қаласы қазақ халқының рухани астанасы болып саналғандықтан, қала көне тарихы мен мәдени мұра болып саналатын тарихи ескерткіштерге өте бай.

Осы негізде Семей қаласын тарихи- мәдени мұраны насихаттаушы, ғылыми және этникалық туризм ретінде қарауға болады.

Шығыс аймақтардағы басты деген туристік орталықтарға қысқаша тоқталдық. Осы негізде Шығыс Қазақстан аймағы туристік қызметтің барлық спектрін ұсына алатын бірден бір туристік облыс десек болады. Жоғарыда атап көрсеткендей облыстағы мәдени - тарихи туризмді дамытудың негізгі алғышарттары - туризм бойынша тиімді жұмыс істейтін маманды тәрбиелеп шығару және туризм тарихын ЖОО да тиімді оқыту жүйесін қалыптастыру болып отыр. Елдің экономикалық даму деңгейі жұмыс күшінің біліктілігіне тікелей байланысты екені белгілі.

Жоғары оқу орнында туризм тарихын оқытудың бірнеше әдісі бар. Соның ішінде ең кең таралған түрі туристік - өлкетану формасы, ол жақсы туристік дайындықты және саяхат кезінде өлкетану пәніне қатысты құнды материалдарды жинақтауға мүмкіндік береді.

Экскурсия формасы - бұл кешенді пәндік зерттеудің бір түрі. Экскурсия кезінде студент өз білімін толықтырады, оқытушының (гидтің) көмегімен туристік аймақ туралы жан-жақты, толыққанды ақпарат алуға мүмкіндік ала алады.

Дәріс формасы - белгілі бір тақырып бойынша сабақтар жүргізуге негізделген әдістің бір түрі. Дәрістер соңында тест, бақылау сұрақтары т.б арқылы студент білімін тексеруге болады.

Мұрағат нысаны – тарихқа деген ерекше ұмтылысы бар, ұқыпты, уақытын зерттеу жасауға арнай алатын студент үшін ең қажет әдістердің бірегейі. Себебі, студент зерттеу жасау арқылы тақырыпқа қатысты тың әрі құнды

сатистикалық деректерге қол жеткізе алады. Бұл зерттеу әдісі студенттің жұмыс істеу қабілетін шыңдап, мұрағатта нақты деректерді алуға мүмкіндік береді [8, 22-28].

Мұражай формасы - өлкетану мен басқа да мұражай материалдарына негізделген әдіс түрі. Бұл әдіс тек туризм тарихын оқып білуге ғана емес, тарихи-географиялық өлкетануды жақынырақ тануға шексіз мүмкіндіктер береді. Атап айтсақ; материалдарды жинау, көрмелер ұйымдастыру, қатысушылардың өздері мен өлкетану командаларының экскурсияларын өткізу, бұл әдіс көп студенттің тұлғалық дамуына бірден бір әсерін тигізеді.

Туған жердің тарихын жоғары оқу орнындағы тарихшы студенттері қатыстыру арқылы зерттеуге арналған оқу -тәрбие жұмысының маңызды әдістері:

-археологиялық қазба жұмыстары;

-мұрағаттармен жұмыс;

-аймақ тарихына қатысы бар тұлғалармен кездесулер,

-экспедициялар, музей экспозицияларының есеп беру көрмелері және т.б [8, 29-36].

Жоғарыда көрсетілген әдістердің барлығы студенттің оқу процесінде алған білімін, практикалық тұрғыда толықтыруға өз септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, Шығыс Қазақстан облысындағы тарихи туристік орындарға тоқтала отырып, туристік нысандардың тарихын оқытудың бірнеше тиімді әдістерін қарастырдық. Зерттеуге педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды. Атап айтсақ, жалпы ғылыми әдіс: зерттелетін мәселе бойынша дерек көздерін талдау; тарихи тәжірибені зерттеу әдісі және жалпылау әдісі пайдаланылды; модельдеу, сараптамалық талдау әдісі мен бағалар тәсілі кеңінен қолданылды.

Шығыс аймағының туризм тарихын оқыту негізінде, олардың кәсіби қызығушығын ояту арқылы төмендегідей артықшылыққа қол жеткізе аламыз:

-Өз жеріңнің тарихын зерттей отырып, оны түсінуге және сүйуге үйренеді;

-Өңірде болған тарихи оқиғаларға өзіндік көзқарасы қалыптасады;

-Оқу жүйесінде алған тәжірибесін практикалық түрде қолдануға дағдыланады.

Туристік оқу-педагогикалық жүйені қалыптастыру арқылы, студенттердің кәсіби және іскерлік қасиеттерін қалыптастыруымыз шарт және осы тұрғыдан алғанда міндеті туризм секторын әрі қарай дамыту бағдарламасының да жетекші міндет атқаратындығы даусыз. Зерттеулер көрсеткендей жоғары оқу орнында әлі де болса, отан тарихы, өлкетану пәндерін оқыту арқылы тарихшы мамандарды даярлауда оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіруіміз керек.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар, https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar

2. М. Пальчук. Психолого-педагогические аспекты профессионального образования в сфере туризма. https://tourlib.net/statti_tourism/palchuk2.htm

3. Восточный Казахстан. Усть-Каменогорск: Интурист, 2002, - 304 с.

4. А.Д. Сартова, Д.Ш Сейтказина. Развитие туристического кластера в ВКО. VIII Всероссийская научно-практическая конференция молодых ученых с международным участием «Россия молодая», Кузбасский государственный технический университет имени Т.Ф. Горбачева 19-22 апреля 2016 г, Россия, г. Кемерово

5. Ю. Барабошка. Историческое развитие и современная ситуация индустрии туризма в Республике Казахстан, Чехия, 2013, - С. 15-16.

6. В. Молодавкин. Золотые горы (Россия, Казахстан). Путеводитель обложка книги. Издательство: Аякс-Пресс, 2008 г.

7. С. Станислав. Состояние развития туризма в Восточно-Казахстанской области, Барнаул 2020.

8. Е. В. Сударикова. Педагогические основы обучения историческому краеведению студентов учреждений высшего профессионального образования туристского профиля, Диссертации на соискание учёной степени кандидата педагогических наук. М., 2000.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Канжекеева В.О.

Қарағанды қаласының № 91 жалпы білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Білім беру тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік
адаптация процесіне бейімдеу қажет».

Н. Ә. Назарбаев

Қазіргі білім беруде бірқатар мәселелер кездеседі. Олардың бірі - мектептегі жетістік әрқашан өмірдегі сәттілікті білдірмейді деген түсінікке сәйкес келеді. Осы уақытқа дейін тәжірибе білімге бағдарланған білім беру мазмұнының ұзақ жылдар бойы қалыптасқан пәндік немесе тәртіптік моделінің тиімсіздігін дәлелдеді, сондықтан да Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы қаулысымен бекітілген оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары білім беру сапасын жетілдіру үшін түйінді бағдар болуға тиіс.

Білім беру жүйесін жаңарту міндетін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»

атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше атап өтіп, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім беру саласындағы басымдықтарды қадап айтты. Осы орайда білім беруді жанарту оқушы білімін ғана емес, оларды тәжірибеде іске асыра білу дағдыларын, атап айтқанда, оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты көрсету үшін мектеп қабырғасында алған білімдерін пайдалана білу қабілеттерін дамытып, функционалдық сауаттылығын қалыптастыратыны анық. Әлеуметтік - экономикалық модернизация жағдайында қоғамға функционалды сауатты, нәтижеге жұмыс істей алатын, белгілі бір әлеуметтік маңызды жетістіктерге қабілетті тұлға әрі маман қажет. Аталған барлық осы қасиеттер мектепте қалыптасады.

Әр оқушыға лайықты тәсілді (бағдарды) қалай табуға болады?

Сауаттылық - бұл дәстүрлі тұрғыдан адамның ана тілінің грамматикалық нормаларына сәйкес оқу және жазу дағдыларын игеруінің белгілі бір деңгейі, халықтың әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сауаттылық тұжырымдамасының нақты мазмұны тарихи тұрғыдан өзгеріп, жеке тұлғаның дамуына қойылатын әлеуметтік талаптардың өсуімен – оқудың, жазудың, санаудың және ең аз әлеуметтік қажетті білім мен дағдыларға ие болуымен кеңейе түсті.

Функционалдық сауаттылық - адамның өзіне жүктелген немесе өз еркімен қабылданған функцияларды орындауға дайындық дәрежесі. Функционалды сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау, оған тез бейімделу және жұмыс істеу қабілеті. Адамның оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтіндерді құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті дағдыларымен көрініс табатын қарапайым сауаттылықтан функционалдық сауаттылықтың айырмашылығы - бұл белгілі бір мәдени ортада жеке адамның өмірін жүзеге асыру үшін ең аз қажет деп саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесінде адамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білімнің, дағдылардың атомдық деңгейі.

Ұлттық жоспар бойынша мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында келесідей кешенді жоспар жасалды. Олар:

- мазмұндық,
- оқу-әдістемелік,
- материалдық-техникалық іс-шаралар кешені.

Бұл кешен Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында жасалатын іс-шаралардың мақсаттылығын, біртұтастығын және жүйелілігін негізге ала отырып дайындалған.

Осы орайда Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей негізгі механизмдерін бөліп көрсетеді. Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей механизмдері нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
 - мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
 - мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
 - барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
 - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Оның алғашқысы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту, яғни мектеп оқушыларының функциональдық сауаттылығын дамыту жалпы білім беретін орта мектептің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңартудан басталуы қажет. Ол үшін мұғалім оқушының бойына алған білімін тәжірибелік жағдайда тиімді және әлеуметтік ортада бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай дағдыларды сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (мәселені шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздерін табу, ізденіс үстінде болып, үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін жетілдіру); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасай алу қабілеті); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада еркін байланыста болу және іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау және кәсібінің қиыншылықтарына шыдай білуі); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалану мүмкіндігі). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Оқушының сыни ойлауын дамытуға бағытталған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» инновациялық жобасының да басты міндеттерінің бірі — ұстаздарды жаңаша ойлай алатын, өз мәселесін өзі шеше алатын тұлға тәрбиелеуге баулу, ұстаздардың дәстүрлі сабақ берудің орнына балаға бағытталған сабақ процесін ұйымдастыра алуы, сабағын белсенді, оқушымен тең құқылы дәрежеде жүргізуі, ұстаздардың шәкірттерін өз пікірін ашық айтып, өзара шынайы сұхбат жүргізетін, рухани жағынан дамыған жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасауы болып табылады.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функциональдық сауаттылықтың келесі механизмі - оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Функциональдық сауаттылықты дамыту барысында бағалау жүйесі сырттай бағалау және іштей бағалау болып жіктеледі. Іштей бағалау- оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау болса, ал сырттай бағалау- әрбір деңгейді аяқтау бойынша

білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Өз тәжірибемде критериалды бағалау жүйесін қолдана отырып, бағалау критерийлерін сауатты әзірлеу арқылы оқушылардың өз жұмысының сапасын өз бетінше бағалай алуына мүмкіндік туғыза алдым, сондай-ақ бұл өз кезегінде оны жоғары нәтижеге жетуге ынталандырады деген қорытындыға келдім.

Осылайша, сыныпшылық бағалау әдістерін қолдана отырып, мұғалімдер өздерінің қабілеттері мен дағдыларын дамытады: біріншіден, оқушының қалай оқитынын және оны қалай жақсы оқыту керектігін түсіну қабілеті, екіншіден, оқушыларға өзін-өзі бағалау, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі ұйымдастыруға көмектесу мүмкіндігі. Бұл мұғалімнің жұмысын да, оқушылардың оқу жұмысын да тиімді етеді, яғни, бұл бағалаудағы басты мәселе-мұғалімдер мен оқушыларға оқу қызметінің сапасын жақсартуға көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықтың үшінші механизмі - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Бұл үшін мемлекет жаңа әдістемені әзірлеуге кірісті. Осы әдістеменің негізінде ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Төртінші механизм - қосымша білім беру жүйесін дамыту. Осы ретте Қазақстанның тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық техникалық базасы жаңартылатын болады.

Жалпы алғанда, Ұлттық жоспарды жүйелі және одан әрі іске асыру Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және функциялық сауаттылығын дамуына мүмкіндік береді. Жалпы білім беретін орта мектептердегі күзиретті тұлғаны қалыптастыруда орыс сыныптарында өткізілетін әрбір пәнге де тікелей қатысты. Орыс тілді сыныптарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін бағдарламалық пәндерді оқытудың әдістеме негіздері қайта қарастырып, білім беру жүйесіне өзгерістер енгізілуі тиіс.

Орыс сыныптарында функционалдық сауаттылықты арттыруда сабақты өткізу форматына сәйкес тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, сауатты болуға дағдыландыра аламыз.

«БББ» кестесінің алғашқы екі кестесін, яғни «не білемін», «не білгім келедіні» оқушылар жаңа тақырып басталмас бұрын толтырады. Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

Қазіргі таңда оқушылар прагматикалық ойларға, еркіндікке және тәуелсіздікке ие және бұл өзгерістер практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Сол үшін де сабақтар әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан педагогикалық жағдайларға негізделуі керек деп санаймын, онда оқушылардың қызметі жеке тұлғаның қажетті қасиеттерін тәрбиелейді. Мысалы, жауапкершілікті өз мойнына алу, шешім қабылдау, жетекші ретінде әрекет ету

және ұжымда жұмыс істеу, гипотеза жасау, сынға алу, басқаларға көмектесу, оқу қабілеті және тағы басқалар. Қиындықтар көп, бірақ оларды жеңудің нақты жолдары қазірдің өзінде көрінеді. Жалпы білім беру және гуманитарлық сынып оқушылары үшін басты қиындық-қажетті ақпаратты іздеу және таңдау. Осы мақсатта орыс сыныптарында әдебиет пәнінде РАФТ, балық аулау, эссе, алты ақылды шляпалар, шың, аквариум техникасы, "Брейнсторминг" қолдануға ыңғайлы; қазақ, орыс, ағылшын тілі пәндерінде-синквейн стратегиясы, роунд-робин, кластер, жеделхат әдістерін қолданған тиімді.

Эссе оқушының ішкі әлемінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі. Оқушыларға заттардың мәніне жетуге, ойларын айтуға, белгілі бір стильде мәлімдеме жасауға, тілдік құралдарды таңдауға, мәлімдемені жетілдіруге шақырылады. Олар нақты зияткерлік жұмысты қажет етеді, онда әркім өз қабілеттерін көрсете алады. Мәтіннің "құпияларын" шешу ойлауды жұмыс істеуге және идеяға шығуға мәжбүр етеді. Нәтижесінде оқушылар тілдік құралдарын көре бастайды және түсінеді, тіл бірліктері, көркем сөйлеу бірліктері, терминдер және т.б. мәтінді талдау кезінде тілдік инстинкт пен ойлау дамиды.

Сонымен функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық - тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралатын кешен. Сондықтан теория мен тәжірибенің байланыста болуын қамтамасыз ету үшін орта мектептерде әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек уақытша жаттап қана қоймай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету мұғалімдердің басты міндеті болып саналады.

Әдебиеттер

1. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 год, постановление правительства РК от 25 июня 2012 года № 832
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 48 бет, 2б.
3. Широкова Т.В. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру - оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерінің бірі.
4. Е. В. Рой. Формирование функциональной грамотности у обучающихся.
5. Кемельбекова Г. А. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся по предметам гуманитарного цикла — Краснодар: Новация, 2016г.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Б.А. Каппаева

Павлодар қаласының №17 ЖОББСОБМ ағылшын тілі мұғалімі
kba803@mail.ru

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарты. Себебі, жаңа ақпараттандырылған қоғам жағдайында өмір сүріп жұмыс жасай алатын болашақ ұрпақтың даярлығы іске асатыны анық. Сондай-ақ білім беру саласындағы өзекті мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді әрі жаңа әдістерін іздестіру болып табылады.

Ағылшын тілін жаңаша оқыту соңғы жылдары жоғары қарқынмен өсіп келеді. Мұғалімдердің сабақты жоспарлаудағы жауапкершілігі оқушылардың ағылшын тілінде нәтижелі тілдік қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызып отыр. Олар аз уақытта жаңа технология арқылы үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияны ендіру, ұстаздарға дәстүрлі формаларды және әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т.б.

Білім беру үрдісін ақпараттандыруда төмендегідей әдістемелік, педагогикалық міндеттерді шешуге болады:

- білім беруде көлемді ақпаратқа қол жеткізе алу; білім алуға мотивацияның жоғарылауы; өз бетінше жұмыс істеу; өзін-өзі бақылау және т. б.;

- жеке тұлғаны жетілдіру (тұлғаның ой-өрісі, эстетикалық тәрбие, зерттеу жұмысымен шұғылдану іскерлігін дамыту, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, т. б.);

- әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру (компьютерлік біліктілікті қалыптастыру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу, т. б.);

- оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру (білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру, танымдық әрекеттің мотивін қамтамасыз ету, пәнаралық байланыстарды тереңдету және т. б.

Қазіргі ақпараттану кезінде оқытуды ақпараттық-коммуникативтік қамтамасыз етудің орны маңызды. Сондықтан ағылшын сабақтарында осы технология негіздерін қолдану – заман талабы. Оның мүмкіндіктері: Google meet, Сфера платформасында сабақтың әдістемелік құрылымын сақтай отырып, флипчарттар дайындау, оқушылардың ғаламторға

еркін кіріп, ақпаратпен қамтылу мүмкіндігі, сабақтың аудио және видео технологиясымен жабдықталуы оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, креативтік іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік алады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлаудағы құрылымдық қарым қабілеттерін жетілдіру.

Ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқыту: жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеруді көздейді.

Қазіргі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде жаңа педагогикалық әдістерді қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін ақпараттандыруды зерттеу істері оқулықтар шығарумен қатарласа немесе оның алдында атқарылуы керек. Заман талабына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану өз нәтижелерін беріп отыр.

Бұл қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, түсінбей қалған жердерін қайталап көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік беретіні анық. Студенттердің өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып (флэшқаға, поштаға), онымен өз ыңғайына қарай жұмыс жасай алады. Бұл жұмыстардың тиімділігі: қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; экономикалық тиімділігімен (бару, келу, тұрмыс тауқыметі сияқты тағы да басқа материалдық шығынды қажет етпеу) білім сапасына әсері мол.

АКТ-ның көмегімен сабақты қалай өткізуге және не істеуге болады деген сұраққа, өз іс тәжірибемнен мынадай бағыттарды ұсынар едім:

- иллюстративті көрнекіліктер мен плакаттар дайындау;
- ақпараттық видеороликтерді құру және көрсету;
- сабақты бекіту, білімді тексеру және түсіндіру;
- рефераттар, баяндамалар дайындау және презентациялар құру;
- кез келген сабақтың түрін және семинар, ғылыми конференциялар

өткізу;

- сабаққа дайындалуға қажетті ақпараттарды интернет беттерінен іздеу;

- қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Электрондық оқулықтарды күнделікті сабақтарда жиі қолданғанның тиімділігі зор. Электронды оқулықтан оқушы мәліметтерді жеңіл және тез табады, әр тақырыпқа байланысты суреттер, мәтіндер, өлеңдер компьютерлік

анемация элементерін пайдаланып, сөздік қорларын дамытуға жаттығулар орындайды. Ал мұндағы мұғалім қызметі оқушыға тек бағыт көрсету, оқушы белсенділігі артып, қызығушылығын асыру.

Қазіргі таңда мен өз сабағымда электронды оқулықтарды пайдаланамын. Мәселен, өзімнің “Refresh your English” атты әдістемелік құралымды қолданамын. Онда лексикалық тақырыптармен бірге жаттығулар берілген. Бұл оқушы білімін бақылауда және оқушының өз бетінше ізденісін туғызуда көмегі мол. Ұсынылған оқулықтағы жаттығу жұмыстарын оқушылар өзбетінше немесе мұғалімнің басшылығымен орындай алады. Сонымен қатар қашықтықтан оқу кезінде немесе сабақта қосымша материал ретінде пайдаланып, білімдерін толықтыра алады.

Сабақты интернет желісіне қосылған компьютер арқылы басқару - ағылшынша сөйлеуге үйренудің тиімділігін арттырып, оқушылардың ойлау қызметін белсендіреді. Тіл үйрену қабілеті төмен оқушылардың өзі де компьютерден берілген тапсырмалар арқылы сөйлеуге, ойын жеткізуге тырысады. Ағылшын тілін үйретуде интернеттің мүмкіндігіне тоқтайтын болсақ, сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) де пайдалануға болатыны белгілі. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық технология - оқу орындарында білім жетілдіруші құрал. Мысалы: бастауыш топтарда - интернеттен алынған суреттерді иллюстративті материал ретінде пайдаланып, әр түрлі жаттығулар құрастыру арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, шағын ертегілер мен әңгімелерді тыңдату және оқыту арқылы тіл дамытуға, сонымен қатар материалды таңдау мүмкіндігін оқушылардың өзіне беруге болады.

Мұғалімдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер оқушылардың жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видеосабақтар, интернет сабақ, спектакль-сабақ, саяхат-сабақ және т. б. айтуға болады.

Жаңа АКТ-ны сабақта пайдаланудың тиімділігі оқушының еркін ойлауына мүмкіндік беріп, ақыл-ойын дамытады, шығармашылық белсендігін арттырады, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығын жетілдіреді, жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Бейнесабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жана материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т.б) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екіншіден, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін біршама жеңілдетеді. Өйткені оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын мәлім.

АКТ сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда - оқушы өзін белсенді және еркін, мұғаліммен тең дәрежеде ұстай алады. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, оқушының өздік жұмысының көлемін көбейтуге болады. АКТ оқушыларды басқа әлемге, ақпараттар әлеміне, тарту арқылы сол әлемді өз көзімен көруге, көргенін сыныптастарына жеткізу барысында тіл дамыту мүмкіндігіне ие болатынын корсеткен. Өз практикасындағы Видео - сабақтар оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану — бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден- бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым-қатынасқа түсуіне себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Ағылшын тілінің қажеттігі – бұл әлемдік бағыт, қажеттілік. Оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге деген ынтасын арттыруға мүмкіндік туып отыр. Қазіргі талап деңгейінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалансақ, ағылшын тілі сабақтарында үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Әдебиеттер

1. Андерсон Л. О модульном обучении. // Профессионал Казахстана, 2004, № 6, с.48.
2. Г. Исаева, Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі, 2011ж. №3 60б.
3. Ғалымжанова М. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері. – 2006. – № 3. – 2 б.
4. 1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 200 б.
5. Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы. 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы. – Астана, 2010.
6. К.Бұзаубақова. «Қазақстан мектебі» журналы № 4, 2009. 30-33б.
7. Ш.Таубаева. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография. Алматы. Ғылым, 2001.

8. А.Турабаева. «Мектеп мұғалімдерінің инновациялық біліктіліктерін жетілдіру» диссертация рефераты. Қызылорда, 2013. 13-14 б.

ОСОБЕННОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ СТУДЕНТОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ ВУЗА

Кариев А.Д.

к.п.н., программный лидер кафедры дошкольного
и начального образования

Казахского национального женского педагогического университета
adlet.kariyev@gmail.com

Общество крайне озабочено проблемой инвалидности, которая имеет тенденцию к росту и является результатом ухудшения экологического состояния в Казахстане, не правильного питания значительной части населения, рост травматизма и т.д.

Значительное количество лиц с особыми образовательными потребностями составляет студенческая молодежь. Особое значение для них приобретает возможность получения полноценного высшего образования, поскольку овладение профессиональными навыками дают возможность реализовывать способности, частично или полностью быть адаптированным в обществе.

Для лиц с особыми образовательными потребностями важно обладать способностью адаптироваться к изменениям социальной ситуации, иметь свободу выбора по жизни, обладать духовной и материальной независимостью, уметь ставить жизненные цели, придать им устойчивость и гармонизировать развитие, что в свою очередь даёт высшее образование [1].

За рубежом, в частности в США, инклюзивная модель обучения успешно внедряется на всех уровнях образования. Лица с особыми образовательными потребностями имеют возможность полностью реализовать свой потенциал, стать полноценным членом общества и приносить пользу. В Казахстане особое внимание уделяется созданию инклюзивного образовательного пространства, в связи с чем исследователями ведется работа по изучению международного опыта в сфере инклюзивного образования с целью усовершенствования системы инклюзивного обучения в отечественных вузах [2].

Цель статьи – раскрыть сущность психологического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в условиях вуза.

Инклюзия – процесс увеличения степени участия всех граждан в социуме, в первую очередь тех, кто имеет ограниченные физические или другие возможности. Разработка и применение конкретных решений, которые

позволят каждой личности равноправно принимать участие в академической и общественной жизни.

На сегодняшний день казахстанская система здравоохранения недостаточно развита, это отражается в не совсем разработанной системе медицинского обеспечения, в не рациональном питании людей, в несовершенстве системы социальной поддержки молодежи из социально-неблагополучных семей, в не результативности образовательных программ, обеспечивающих формирование у студентов культуры здорового образа жизни.

В своих исследованиях ученые рассматривают такие аспекты, как психологическое сопровождение студентов с инвалидностью (Г.А. Мысина [3], Е.Ю. Пономарёва [1], Г.И. Семикин [4]); создания инклюзивной среды в вузе (З.А. Мовкебаева [5], А.А. Кабдырова [5]); психолого-педагогическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями в колледже и вузе (Н.В. Белов [6], К.А. Жуманбаева [2], Д.А. Котельников [6.], Ж.Н. Тарханова [2]); социально-психологическая адаптация и проблемы инклюзивного сопровождения студентов с ОВЗ в вузе (А.И. Ташёва [7], С.В. Гриднева [7], М.Р. Арпентьева [7]).

Одним из весомых факторов успешности учебной деятельности студентов с особыми образовательными потребностями и формирование чувства психологической безопасности есть характер соответственно созданной образовательной среды. Благоприятной средой для обучения студентов с нарушениями психофизического развития считается та среда, в которой созданы условия эффективного обучения и развития. Именно поэтому, чрезвычайно актуальным в последнее время стоит вопрос о психологической безопасности в отношениях участников образовательной среды, в частности в условиях инклюзивного обучения.

Лица с особыми образовательными потребностями могут получить высшее образование поступив в вузы, в которых процесс инклюзии может осуществляться путем создания специальных или инклюзивных групп и имеющих соответствующих образовательных программ.

С целью эффективного обучения лиц с особыми образовательными потребностями высшим учебным заведениям необходимо решить ряд психолого-педагогических, социальных, организационных и других вопросов, в частности: создание без барьерной архитектурной среды; подготовка специализированного учебно-методического обеспечения; создание специализированной материально-технической базы; внедрение специальных образовательных технологий; адаптация студентов и преподавателей для обучения в условиях инклюзивного обучения; учёт индивидуальных особенностей студентов с особыми образовательными потребностями; организация психологической поддержки; формирование в коллективе толерантного отношения к лиц с инвалидностью; понимание их проблем; организация социальной и медико-реабилитационной помощи [1].

Многим студентам с особыми образовательными потребностями в учебном заведении не хватает достаточного внимания и поддержки со стороны

преподавателей из-за того, что они не считают нужным сообщать кому-то о своей болезни. Некоторые обучающиеся слишком остро воспринимают инвалидность и не хотят, чтобы на них навешивали ярлыки. Такие студенты считают, что со своими проблемами справятся самостоятельно. Студенты с инвалидностью, полагаются на методы, помогавшие им до сих пор, но поскольку темп обучение в высшем учебном заведении быстрее, чем в школе, им приходится выполнять большее количество задач высокой сложности, дополнительная помощь таким студентам понадобится [5].

Интегрированная образовательная среда позволяет воспринимать студентов с особыми образовательными потребностями равными, предъявляя такие же требования со стороны вуза, как и к другим студентам, но при этом обучающимся с особыми образовательными потребностями выделяют дополнительное время на решение тестовых заданий, при необходимости предоставляется дополнительные материалы для освоения дисциплин. К примеру, в интегрированной группе нет необходимости для студентов с инвалидностью замедлять темп лекций, уменьшать количество занятий и их продолжительность, сокращать объем учебного материала, поскольку как известно, это снижает качество профессиональной подготовки. Поэтому чаще всего первый этап интеграции носит стихийный характер, в связи с чем только часть может преодолеть все трудности обучения самостоятельно или с помощью близких. Всё это объясняет необходимость сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями [6].

Психологическое сопровождение – это отрасль и способ деятельности, предназначенная для содействия человеку и обществу в решении широкого круга проблем, порожденных жизнью человека в социуме [3]. Мы рассматриваем психологическое сопровождение как процесс создания условий для благоприятного обучения и развития каждого студента, а также его адаптации в образовательной среде вуза, в повышении резистентности личности к дестабилизирующим внешним и внутренним факторам.

Проанализировав исследования по данному направлению, определены условия эффективности психологического сопровождения как системность и целеустремленность психологической поддержки, полисубъектность и личностная ориентировка, направленная на формирование ситуации развития личности, позволяющей оказать помощь. На основании вышеизложенного при внедрении системы психологического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями необходимо учитывать психофизические способности. Так, например, сенсорные недостатки не дают полноценно воспринимать учебный материал, социально-психологические факторы – усложняют интеграцию студентов в вузе, характеризующиеся потребностью в физической реабилитации [7].

Помочь студенту адаптироваться в интегрированную образовательную среду, содействовать личностному развитию, а также укрепить и сохранить его психологическое здоровье позволит психологическое сопровождение.

Психологические особенности людей с функциональными ограничениями обуславливают ряд важных моментов, которые нужно знать и учитывать при осуществлении психологического сопровождения студентов с инвалидностью. Это значит, что в университете необходимо организовать работу психологической службы, кабинета психолога, которая могла бы осуществлять психологическое консультирование студентов с особыми образовательными потребностями.

При оказании психологической помощи психолог должен обязательно учитывать, что с развитием самосознания у взрослого человека формируется психическая стойкость к воздействиям. Большое значение приобретают процессы саморегуляции, саморазвития, формируется закономерная относительная автономия личности. Поэтому, коррекционное воздействие должно не изменять, не перерабатывать человека, а помогать стабилизировать нарушенное психическое равновесие, опираясь на сильные, положительные ресурсы личности.

При оказании психологической помощи важно установить тесный эмоциональный психологический контакт и взаимопонимание, которое основывается не на чувстве жалости, а на искренности и открытости, принятии субъективного мира личности.

Психологическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями начинается на этапе поступления в университет и осуществляется на протяжении всего срока обучения. Оно прежде всего связано с педагогическим и социальным сопровождением, и направлено на улучшение адаптации студентов к учебному процессу посредством решения психологических проблем студентов, которые мешают учебной деятельности. Психологическая помощь носит комплексный характер и охватывает все сферы их жизнедеятельности:

- проведение психологической диагностики студентов с особыми образовательными потребностями;
- составление индивидуальных карт в условиях ресурсного центра при вузе;
- организация и проведение индивидуальной и групповой работы: психологические консультации, психотерапевтические семинары, тренинги, способствующие решению психологических проблем, а также приобретение навыков эффективной адаптации к условиям обучения;
- налаживание сотрудничества студентов с особыми образовательными потребностями с преподавателями, методистами и другими работниками университета;
- содействие решению конфликтных ситуаций, возникающих в студенческих группах;
- оказание содействия студентам с особыми образовательными потребностями в преодолении негативного влияния болезни на процесс обучения и социализации.

Психологическая безопасность каждой отдельно взятой личности проявляется в ее способности сохранять уравновешенность, устойчивость, покой, хорошее самочувствие в социуме с имеющимися психотравмирующими воздействиями; сопротивляться деструктивным факторам.

В целом в заведениях высшего образования интегрированного/инклюзивного типа создается благоприятный социально-психологический климат, отмечается понимание, принятие студентов с особыми образовательными потребностями как здоровыми сверстниками, так и педагогами, а это, в свою очередь, положительно влияет на процесс их интеграции в образовательную среду, на социальное, интеллектуальное и эмоциональное развитие таких студентов, на формирование чувство психологической безопасности в соответствующих ситуациях в процессе обучения [6].

Таким образом, студент с особыми образовательными потребностями в период обучения в высшем учебном заведении становится более уязвимым, требующим организации продуманного сопровождения, которое ни в коем случае не будет травмировать юношескую психику, а способствовать стремлению быть самостоятельным.

Выявление психологических особенностей каждого студента, оказание необходимой поддержки, укрепление и сохранение психологического здоровья, содействие личностному развитию, способствующей адаптации в интегрированную образовательную среду ставит перед собой психологическое сопровождение.

Перспективы дальнейших научных разработок видим в исследовании возможностей использования зарубежного опыта в процессе инклюзивного обучения.

Литература

1. Пономарёва Е.Ю. Психологическое сопровождение в обучении студентов с особыми потребностями // Гуманитарные науки. 2015. №2 (30). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskoe-soprovozhdenie-v-obuchanii-studentov-s-osobymi-potrebnostyami> (дата обращения: 14.03.2022).
2. Жуманбаева К.А., Туржанова Ж.Н. Организация психолого-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями в колледже // Профессиональное образование: проблемы, исследования, инновации. материалы VII Всероссийской научно-практической конференции: в 2 т.. Екатеринбург, 2020. С. 257-265.
3. Мысина Г.А. Социально-психологическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями в рамках инклюзивного образования // Живая психология. 2016. Т. 3. № 4 (12). С. 249-260.
4. Семикин Г.И. Современная государственная политика и основные нормативно-правовые документы, регламентирующие социально-психологическое сопровождение инклюзивного образования // Живая психология. 2016. Т. 3. № 4 (12). С. 239-248.

5. Мовкебаева З.А., Кабдырова А.А. Методические рекомендации по созданию инклюзивной среды в вузе: пособие для преподавателей вузов. / З.А. Мовкебаева, А.А. Кабдырова. – Алматы, 2020 -112 с.

6. Котельников Д.А., Белов Н.В. Инклюзивное образование: психолого-педагогическое сопровождение в высшей школе // Бюллетень медицинских интернет-конференций. 2019. Т. 9. № 10. С. 434.

7. Тащёва А.И., Гриднева С.В., Арпентьева М.Р. Социально-психологическая адаптация и проблемы инклюзивного сопровождения студентов с ОВЗ в вузе // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия: Социальные науки. 2021. № 4 (64). С. 136-145.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ НЕУСПЕВАЕМОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Касимова Д.А

Магистрант НАО Торайгыров Университет

diana.leman.98@bk.ru

Психологические общества может причины активно неуспеваемости необходимо школьников, яғни исключая обучающихся средств в если средних заключается и необходимо старших заключается классах

Психологами необходимо отмечается, яғни исключая что так школьникам, яғни исключая обучающимся средств в если средних заключается и необходимо старших заключается классах, яғни исключая свойственны активно новые общества может потребности необходимо интеллектуального так и необходимо социального так порядка, яғни исключая поэтому проявляется психологические общества может причины активно неуспеваемости необходимо и необходимо их заключается коррекция средств будут всего иметь прежде свои необходимо особенности.

Психологические общества может причины, яғни исключая лежащие общества может в если основе общества может неуспеваемости необходимо школьников, яғни исключая обучающихся средств в если среднем передается через и необходимо старшем передается через звене, яғни исключая можно так объединить прежде в если две общества может группы:

- 1) недостатки необходимо развития средств мотивационной или сферы;
- 2) несформированность прежде умений или саморегуляции необходимо учебной или деятельности.

Проанализируем передается через причину проявляется неуспеваемости, яғни исключая связанную с относительно недостатками необходимо развития средств мотивационной или сферы.

Неуспевающий или школьник выражение – это так определение общества может часто так встречается средств в если системе общества может образования. Среди необходимо неуспевающих заключается были необходимо

Разработка технологии с включением ИКТ базируется на комплексных (интегрированных) занятиях (досугах). Технология разрабатывается по какой-либо из образовательных областей (музыка, художественная литература, познание).

Непосредственно образовательная деятельность в детском саду имеет свою специфику. Она должна быть эмоциональной, яркой, с привлечением большого количества иллюстративного материала, с использованием звуковых и видеозаписей. Все это может обеспечить нам компьютерная техника с ее мультимедийными возможностями.

Литература

1. Борисовой Е.М. - 2-е издание, стереотип. - м.: Издательский центр «академия», 1998. - 192 с.
2. Глушкова Е., Леонова Л. Компьютер в детском саду/ Глушкова Е., Леонова Л.// Дошкольное воспитание. - 1990. - №10. - с. 44-49.
3. Горвиц Ю.М. [и др.] Новые информационные технологии в дошкольном образовании. - м.: Линка-пресс, 1998. - 328 с.
4. Григорович Л.А. педагогика и психология: уч. пособие для вузов. - м.: гардарика, 2001.
5. Горвиц Ю.М. Компьютер и дети / Горвиц Ю.М.// Помоги себе сам. - 1996. - №9. - с. 2.
6. Горвиц Ю.М. Компьютер ... это очень просто/ Горвиц Ю.М.//Очаг. - 1995. - №3. - с. 80-81.

ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ – СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Кенжебаева Н.

«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 7M01101 - Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының ІІ курс магистранты
noon23kz@gmail.com

Қазіргі білім беру бағдарламалары стандарттарының талаптарына сәйкес жаңа оқыту нәтижелерін қалыптастыру мәселесін шешудің бір жолы-студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру. Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру олардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері:

- проблемалық-рефераттық: проблеманы жариялау және оны шешу нұсқаларын жобалау мақсатында әртүрлі әдеби дереккөздердің деректерін талдамалық салыстыру;

- диагностикалық-болжамдық: зерттелетін құбылыстардың, процестердің сапалық және сандық өзгерістерін зерттеу, қадағалау, түсіндіру және болжау, олардың болашақтағы жай-күйі туралы ықтимал пайымдаулар ретінде;

- өнертапқыштық-рационализаторлық: қолда бар құрылғыларды жетілдіру, жаңа құрылғыларды, механизмдерді, аспаптарды, зертханалық стендтерді жобалау және құру.

Зерттеу құзыреттілігі бар маман кәсіби мәселелерді белсенді және тиімді талдай алады және шеше алады, кәсіби есептердің дайын, кейде ескірген шешімдерін ғана емес, ең ұтымды алгоритмдерді, ресурстар мен технологияларды әзірлеп, таңдай алады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру олардың танымдық қызметін жандандыруға мүмкіндік береді, оларды күрделі проблемалық мәселелерді шешуге, білімді өзектендіруге, талдау дағдыларын дамытуға, қорытынды жасауға, қорытындылауға, шығармашылық белсенділікті ынталандыруға, туындаған проблемалардың балама шешімдерін өз бетінше іздеуге ықпал етеді, сол арқылы олардың құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу мынадай психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасауды көздейді: білім алушылардың білім беру қызметін ынталандыру деңгейін арттыру; жоғары білім беру нәтижелерінің әлеуметтік және жеке маңыздылығы деңгейін арттыру (кесте. 1).

1-кесте-студенттердің зерттеу қызметінің мотивациялық саласы

№	Мотив	Мотивтің сипаттамасы
1.	Өзін-өзі тану мотиві	- өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту мүмкіндігі; - танымға ұмтылу, жаңа білім мен дағдыларды меңгеру; шығармашылық ізденіс.
2.	Жетістік мотиві	- табысқа ұмтылу, мақсатқа жету; - проблемаларды табуға және шешуге деген ұмтылыс; - оқу мен ғылыми қызметтен қанағаттанушылық алу.

3.	Мәртебе мотиві	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамда лайықты орын алуға деген ұмтылыс; - жоғары ақы төленетін жұмыс табуға деген ұмтылыс; - таңдаған қызмет саласында кәсіби болуға деген ұмтылыс.
----	----------------	---

Бүгінгі таңда оқу орнын бітіргеннен кейін өмірде лайықты орын алу, өз қабілеттерін жүзеге асыру, еңбек нарығында қолайлы орын алу мүмкіндігі сияқты перспективалы ынталандырулар белең алады. Студенттердің барлық ғылыми-зерттеу жұмыстарын екі үлкен топқа бөлуге болады:

- қолданыстағы оқу жоспарында қарастырылған жұмыстар (жеке, курстық және дипломдық жобалау, өндірістік практика);

- зерттеу жұмысы оқу жоспарларында қойылатын талаптардан тыс.

Зерттеу қызметін ұйымдастырудың кешенді жүйесі оқытушылар мен студенттердің жобалау-зерттеу қызметіне үздіксіз қатысуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу іс-әрекетінің әдістері мен формаларының курстан курсқа, бір оқу пәнінен екіншісіне, оқу сабақтары мен тапсырмалардың бір түрінен екіншісіне сабақтастығы бұл қызметті тиімді етеді.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының міндеттілік ұстанымы ғылыми-зерттеу элементін оқу үрдісіне, зертханалық және практикалық сабақтарға, тәжірибенің барлық түріне, курстық жұмыс және дипломдық жұмысқа енгізу, сондай-ақ барлық оқытушыларды студенттердің ғылыми жұмыстарын жетекшілік етуді талап етті. Бұл студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың бірегей әдістемелік ұстанымдарын өңдеу, қолданыстағы оның ұйымдастыру және басқару формалары мен тәсілдерін қайта қару қажеттілігін тудырды. Осылайша алғаш рет оқу үрдісі мен ғылыми зерттеу жұмысының бірлігіне негізделген кадрларды дайындаудың жаңа ұстанымдары қалыптасты.

Студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігін басқару мәселесін тиімді шешу Э.А. Погосянның пікірінше [1], зерттеу қызметінің нәтижесі туралы дұрыс қойылған сандық және сапалық ақпарат жүйесіне байланысты екенін атап өтті.

Ғалым Н. Құрманова: «Оқушыларды теориялық деңгейде ұйымдастырылған оқу-таным қызметіне енгізе отырып, теориялық ұғымдар жасау әдістерін меңгеру, ізденімдік-зерттеу логикасын меңгерту, өз бетімен білім алу, өз біліміне өзі баға бере білу, рефлексиялық жолмен өз білімінің дүниетаным үрдісінде қаншалықты нық екенін анықтай алу дағдылары жүйесін қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге болады, - деп атап көрсетеді [2].

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті дегеніміз құбылыстарды, тәсілдерді түсінуге, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, білімдерін теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздеуге, танымның негізгі әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған ғылыми сипаттағы іздену қызметі.

Ғалым Е.А. Нинбург : «...ғылым – жаңаны, белгісіздікті анықтау, жаңа білім алу үдерісі. Бір адам үшін емес, керісінше барлық адамдар үшін жаңа. Сондықтан ғылым – әлемді тану тәсілі, дегенмен өз қабілеттері бар», - дейді. Ал, студенттің ғылыми-зерттеу әрекеті жөнінде ғалым А.С. Обухов былай дейді: «Оқытушылар мен білім алушылардың бірігіп жасаған зерттеу іс-әрекетінің табыстылығы, яғни бұл «екі субъектінің (екі тұлғаның) бірлескен шығармашылық үдерісі, белгісіздікті шешу бойынша ізденіс, олардың арасындағы мәдени құндылықтар байланысын жүзеге асырады, дүниетанымды қалыптастыру болып табылады» [3]. Ғалымдар тәжірибелі жаңашыл ұстаздар оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына баулудың теориялық, практикалық мәселелерін жазып, арнайы зерттеуде.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары теориялық және қолданбалы проблемаларды қалыптастыруға қызмет етеді. Колледждерде оқу үрдісі оқу, тәрбие, өндірістік іс-тәжірибе және ғылыми-зерттеу жұмыстарынан құралады. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары әлемдік стандарттар талаптарына жауап бере алатын, ғылым мен білімді интеграциялауда көп жылдық отандық және шетелдік тәжірибелерге арқа сүйетін жаңа шарттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жүйесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері мыналар:

- студенттердің оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының интеграциясын қамтамасыз ету;

- студенттерді шығармашылық, ғылыми және педагогикалық еңбекке баулу мен даярлаудың органикалық бірлігін жүзеге асыру;

- студент жастардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашу және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау;

- студенттерді ғылыми жұмысқа көптеген тарту және нәтижелілігін арттыру;

- педагогикалық ғылыми жұмыстарға деген қабілеті бар талантты жастарды іріктеу;

- студент жайында ғылыми-педагогикалық сапа және ғылыми қызметкер қалыптастыру және дайындау;

- конструкторлық-жобалау жұмыстарын икемі бар, мекемелерде өзін-өзі басқару дағдысы қалыптасқан, нақты ғылыми-практикалық іс-шараларды сауатты жасай алатын және жүзеге асыратын жоғары білікті маман, жетекшілер даярлау.

Сондай-ақ ЖОО-мен және басқа да колледжаралық ғылыми байланыстарды дамыту.

Оқу үрдісін ұйымдастыру ғылымның қазіргі жетістіктерін, мәдениет, экономика, ғылым, техника мен технология салаларындағы өзгерістерді көрсететін білім берудің барлық қырларының жүйелі жаңаруын ескере отырып жүргізілуі керек. Бұл салада нақты нәтижелер алу үшін автордың жасына сәйкес түзілген тәжірибеден өткізілген технологиялар, өзіндік ғылыми жұмыстар, мақалаларына енгізілген теориялық және практикалық оқудың

синтезіне ерекше назар аудару керек. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы міндеті есеп берумен, конференция, үйірме отырысында баяндаумен, курстық жұмыс және т.б. жазумен аяқталады.

Студенттердің сабақтан тыс уақытта табысты орындалған және оқу бағдарламасының таланттарына жауап беретін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және шығармашылық-орындаушылық жұмыстары сәйкес келетін курстық жұмыстар, зертханалық жұмыстар, дипломдық жобалар мен басқа тапсырмалардың орнына есептелуі мүмкін. Ғылыми-зерттеуге қатыса отырып, студент алған білімдерін бекітеді, жиынтықтарды және оны жоғары сатыға көтереді. Олар өз бетімен жұмыс жасаудың әдістерін меңгеруді, ғылыми эксперименттің техникасын игереді және қорытындысын түсінікті әдіспен өңдеуді жүргізеді және алынған мәліметтерден қорытынды жасайды. Сонымен, ғылыми-зерттеу жұмыстары атындағы білім, білік, дағды болашақ мамандарды дайындаудың іргетасы болып табылады және жеке тұлғаның дамуында маңызды орын алады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекеті олардың оқу әрекетімен тікелей байланысты. Г.Қ. Баймұқашева «Студенттердің ғылыми-зерттеу әрекетін таныстырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында кандидаттық қорғап, оқыту үрдісінің жалпы құрылымына сүйене отырып, зерттеулердің ғылыми-зерттеу әрекетіне талдау жасайды [4].

Ю.К. Бабанский бойынша оқыту үрдісінің құрылымы өзара байланысты компоненттердің жүйесін білдіреді: мақсаты, ынталандырушы-мотивациялаушы, мазмұнды, операциялы-әрекеттік, бақылаушы-реттеуші, бағалаушы-нәтижелі деп жіктейді [5].

Студенттердің зерттеу қызметі өрісін дамыту, білім алушылардың көпшілігін шығармашылық жұмысқа тарту білікті жұмысшылар мен орта буын мамандарын даярлау сапасын арттыруға көмектеседі.

Осылайша, зерттеу қызметін ұйымдастыру болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді тетігі, олардың кәсіби қызметінде қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді дамытудың факторы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Бережнова Е.В. Основы учебно-исследовательской деятельности студентов: Учебник для студ. сред. пед. учеб. заведений / Е.В. Бережнова, В.В. Краевский. - М.: Издательский центр Академия, 2005. – 128с

2. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамытуда оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт.дисс. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004. – 345 б.

3. Обухов, А.С. Исследовательская деятельность как возможный путь вхождения подростков в пространство культуры /А.С.Обухова Развитие исследовательской деятельности учащихся.– М.: Просвещение, 2000.

4. Баймұқашева Ғ. Студенттердің ғылыми-зерттеу сипатындағы әрекеттерін дамыту/Ғ. Баймұқашева // Бастауыш мектеп. - 2009. - №6. - С. 21-24.

5. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. Методические основы / Бабанский Ю.К.- М.: Педагогика, 2005. – 193 с.

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Кенжина О. К.

учитель русского языка и литературы
КГУ «Средняя общеобразовательная школа №6»
Павлодарская область, город Павлодар
Kenzhina.olya@mail.ru

Казахстан входит в число 50 стран мира, которые имеют специальные законы, защищающие права детей с ограниченными возможностями.

В 2002 году впервые на постсоветском пространстве был введен в действие Закон Республики Казахстан «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», в котором закреплен принципиально новый для республики – инклюзивный -подход к защите прав детей этой категории, отражающий иной взгляд не только на специальное образование, но и на их место в обществе. Закон определяет формы и методы социальной, медико-педагогической коррекционной поддержки, направлен на создание эффективной системы помощи детям с ограниченными возможностями, решение проблем, связанных с их воспитанием, обучением, трудовой и профессиональной подготовкой, профилактику детской инвалидности.

Казахстанский опыт свидетельствовал, что потребность в инклюзивном образовании возникает тогда, когда существующая система специального образования уже не удовлетворяет решению всех задач в связи с ростом числа детей с ограниченными возможностями, и возникает необходимость включения этих детей в общеобразовательный процесс. Однако этой тенденции препятствовали как большое количество проблем, так и трудности организационного, объективного, субъективного характера, с которыми сталкивается и наша школа.

Президент РК Н. А. Назарбаев в своем послании народу Казахстана обратил внимание на положение лиц с ограниченными возможностями: «...надо усилить внимание нашим гражданам с ограниченными возможностями. Позаботиться об этих людях, которых немало, – наш долг перед собой и обществом»

Специальное образование является частью системы общего образования, и государство создает условия для лиц, имеющих специальные образовательные потребности с целью обеспечения им равных возможностей в получении

образования. Законодательством Республики Казахстан в соответствии с основополагающими международными документами в области образования предусматривается принцип равных прав на образование для лиц с ограниченными возможностями. Гарантии прав детей с ограниченными возможностями в развитии на получение образования закреплены в Конституции Республики Казахстан, Законах Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», «Об образовании», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», «О специальных социальных услугах».

Право на образование - это право любого человека. А образование детей - это основное и неотъемлемое условие их социализации, полноценного участия в жизни общества.

Обществу и государству необходимы педагоги новой формации, которые бы не только хотели, но и умели работать с детьми с ограниченными физическими и умственными способностями. Это и совершенно иные методики преподавания, и планы уроков, и совсем иная психология.

На сегодняшний день выделяют несколько основных форм образования для инвалидов. К ним относятся: коррекционное образование, интеграционное образование, надомное образование и его разновидность дистанционное образование. Недавно появился еще один вид образования - инклюзивное или включенное образование. Инклюзивное образование, воспринимает ребенка таким, каким он есть, подстраивает под него систему образования.

Я считаю, первое, что должен сделать учитель для того, чтобы помочь адаптироваться детям с особенностями развития в общеобразовательной школе – это создание психологически комфортной образовательной среды.

Необходима спокойная рабочая обстановка на уроке. Учитель ни в коем случае не должен допускать возникновения стрессовых ситуаций, уметь избегать их, разряжая обстановку, например переключить внимание учащихся на другой вид деятельности. Кроме этого, обязательны беседы со школьниками о толерантности и уважении друг к другу на уроках в школе, на внеклассных занятиях.

Чтобы сохранить и укрепить здоровье школьников, необходимо учитывать медицинские рекомендации. Для этого в начале года я ознакомилась с картами здоровья учащихся, чтобы максимально распределить рабочие места в кабинете, учитывая диагноз детей. Очень важно проведение физкультминуток на уроках, для этого используются видеоролики с веселыми зарядками, при этом дети сами проводят эти физкультпаузы, проговаривая выполнение упражнений вместе с ведущими. Также применяются такие методики как:

- выполнение заданий, связанных с передвижением по классу;
- смена разных видов деятельности, во избежание переутомления;
- учёт эмоциональных потребностей и поведения каждого учащегося (ребёнок может быть на уроке подавлен, замкнут, медлителен или наоборот гиперактивен и т.д.);

- предоставление дополнительного времени для написания контрольной работы (разрешается дописать после уроков; лучше, чтобы это было после учебных занятий, на перемене ребёнок должен отдыхать);
- сообщение заранее о времени написания контрольных и проверочных работ;
- предоставление возможности улучшить результат, переписав контрольную работу;
- работа может быть принята позже установленного срока по договорённости учителя и ребёнка;
- работа творческого характера может сдаваться учителю или в рукописном, или печатном, или электронном виде (по выбору учащихся);
- предоставление возможности доработать и переработать творческую работу, учитывая рекомендации учителя.

Для детей с ограниченными возможностями здоровья необходимы различные модификации и варианты в способах подачи информации. Современные компьютерные технологии полностью меняют понятие дистанционного образования. Теперь, несмотря на то, что учащийся находится вне аудитории, он может видеть и слышать происходящее и активно участвовать в учебном процессе. Так, например, использую для проведения уроков систему «I - школа», но в то же время этот ученик приходит на занятия ко мне в класс, чтобы почувствовать себя учеником именно этой школы. Вместе с тем при проведении уроков с использованием интернета обстановка должна быть максимально приближена к «настоящему» уроку. Также практикую участие этих учеников на обычном уроке с использованием ИКТ. То есть, он чувствует, что работает вместе с классом как обычный ученик. Ведь в случае улучшения здоровья он может обучаться на общих основаниях без каких-либо психологических затруднений.

Значительные трудности испытывают учащиеся с ЗПР и при изучении русского языка и литературы. Прежде всего нужен индивидуальный подход к каждому обучающемуся.

Также очень важно создание в учебном процессе «ситуации успеха» для ученика – обстановки, располагающей ученика к деятельности, вызывающей положительные эмоции и направленной на то, чтобы ученик обязательно справился с работой.

Например, с целями урока я знакомлю учащихся сама, но при этом создаётся проблемная ситуация, и учащиеся сами могут определить их.

При усвоении нового материала нужно помнить, что новый материал в большом объеме нельзя давать в один прием, необходимо поэтапное усвоение. На уроках литературы лучше объяснение давать не в форме лекций, а в форме бесед или комментированного чтения. При закреплении изученного материала на уроках русского языка при выполнении упражнений задания необходимо разбивать чётко по шагам, для облегчения их выполнения. При выполнении упражнений, направленных на формирование умений и навыков может быть реализован индивидуальный подход. Ученикам, у которых умения и навыки по

какому-либо разделу сформированы непрочно, предлагается выполнить задания для повторения изученного материала или произвести указанные виды разбора. Большой интерес у учащихся вызывает работа в группах и в качестве консультантов на зачетах, в работе с отстающими. Я заранее готовлю с ними отдельные этапы урока, которые они затем проводят самостоятельно. Такая работа является хорошим стимулом не только для самого учащегося, но и для его одноклассников, которые тоже захотят выступить в роли учителя.

Одним из наиболее действенных средств, способных вызвать интерес к занятиям является дидактическая игра. Цель игры пробудить интерес к познанию, науке, книге, учению. Обучение, основанное на активных методах обучения, благотворно влияет на формирование положительной учебной мотивации детей с особыми потребностями («Орфографическая зоркость», «Третье лишнее», «Заменить словосочетания одним словом», «Составь рассказ, по опорным словам», «Построй слово», викторины, игры-соревнования и т.д.). Кроме этого, значительно повышает эффективность обучения и применение мультимедиа.

При обучении необходимо реализовывать принцип: от коллективных творческих дел к индивидуальному творчеству. Поэтому учащиеся необходимо привлекать к участию в школьных, городских, мероприятиях: олимпиадах, конкурсах (конкурс чтецов, конкурс «Мы пишем первую книгу», конкурс «Моя семья» и т.д.).

Кроме этого, необходимо вовлекать таких детей, учитывая их возрастные и индивидуальные особенности, уровень актуального развития, состояние физического и нервно-психического здоровья в социальную жизнь: экскурсии в музеи, походы в библиотеку, театры, кинотеатры, спортивные мероприятия и т.д.

Немаловажную роль играет и взаимодействие с родителями. Эта работа должна также планироваться, как и процесс образования и воспитания. В связи с этим в общем плане воспитательной работы имеется самостоятельный раздел по данному направлению. В нем отражены проведение совместных мероприятий как классного, так и внеклассного уровня (классные часы, спортивные мероприятия, походы в театр, кино и т.д.). Главное в этой работе нацелить родителей на коллективную работу совместно с их детьми, быть положительным примером, что в свою очередь позволяет более эффективно формировать нравственные качества детей.

Дети с ограниченными возможностями, или, как мне больше нравится, с особыми образовательными потребностями, имеют право на доступное качественное образование, они должны быть интегрированы в общество на их собственных условиях, а не приспособлены к правилам мира здоровых детей. Мы не можем просто оставить их дома, на домашнем обучении, даже дав им серьезное оборудование, даже приветствуя дистанционное образование. Мы должны дать им жизненный шанс в собственной реализации, возможность получить профессию и быть полезными тому обществу, в котором они родились. И эта миссия каждого из нас. Именно на нас это накладывает

ответственность: как на профессионалов, как на людей, которые должны понять смысл этих новых для всех нас слов - «инклюзивное образование».

Литература

1. Инклюзивное образование: методология, практика, технология: Материалы международной научно-практической конференции (Инклюзивное образование: практика, исследования, методология: Сборник материалов II Международной научно-практической конференции / Отв. ред. Алехина С.В. – М.: ООО «Буки Веди», 2013.

2. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. Главы из книги. / Ред. Н.Борисова. – М.: РООИ «Перспектива», 2011

3. Назарова Н.М. Теоретические и методологические основы образовательной интеграции // Инклюзивное образование: методология, практика, технологии.

ЖОБА ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Кибашева Б. С.

«Павлодар қаласының № 34 инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
kibasheva74@mail.ru

Бүгінгі заман талабына сай білім берудің сапасын арттыру және жаңалау нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында мектебіміздің даму бағдарламасы жасалынды. Даму бағдарламасының басты мақсаты — білімді, шығармашыл, құзыретті және бәсекеге қабілетті, динамикалы даму үстіндегі ортада өмір сүруге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру және дамыту. Еліміздің ертеңгі болашағы — бүгінгі мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы. Сондықтан, оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Қазіргі кезде оқу орындарында жаңарту жұмыстары жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіншіліктері ашылуда, соның нәтижесінде жаңа технологияларды оқыту үрдісінде кеңінен қолдану жан-жақты насихатталуда.

“Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім”, деп ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім барша әлем тыныс тіршілігінің алғашқы іргетасы. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып, өзінің ойын еркін айтуға тәрбиелейтін, теориялық алған білімді тәжірибе жүзінде өмірде қолдана білуге үйрететін шағын – жобалар сабақ барысында қалай жүзеге асырылады?

Жобалап оқыту технологиясы педагогтың интеллектуалдық, кәсіби, моральдық, рухани, азаматтық және басқа да сапалы қасиеттерін қалыптастырып отырып, мұғалімнің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді. Ең алдымен оқу барысында оқушыны өз бетімен іздендіре отырып, өзіне деген сенімділік күшін тудырып, өз ойын анық жеткізе біліп, дұрыс шешім қабылдауға, яғни жеке тұлға болып қалыптасуына бейімдеу қажет. 21- ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы негізгі басымдылықтарының бірі — оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Ол оқушылардың неғұрылым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау керек екен- бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының тиімділігі күннен күнге артуда. Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес.

Мақсаты: Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі түрде бағыттау.

Міндеттер: -зерттеудегі шығармашылық жоспардың проблемалары мен міндеттерін кіріктірілген білімді, оны шешу үшін ізденушілігін талап ету;

-практикалық, теориялық, танымдық нәтижелердің көрсеткіштері;

-оқушылардың өздігінен іс-әрекет етуі;

-жобалаудың мазмұнының құрылымы.

Өзектілігі; Жобалау оқыту технологиясы арқылы орындалатын жұмыстарды өз деңгейінде дұрыс ұйымдастыру үшін олардың типтерін білу.

Күтілетін нәтиже:

- ізденушілік, танымдылық, өздігінен материал табу дағдылары қалыптасады;

-жоба жазу икемдері дамиды.

А.П.Тряпыцина: «жобалау – білім берудің дамуындағы жаңа сала, педагогикалық әрекетті түсіндірудің жаңа амалы» дегендей, жобалау жұмысы бүгінгі заманның талабы.

Жоба дегеніміз не? Жоба-грек тілінен аударғанда - бұл зерттеу жолы яғни арнайы үлкендердің басшылығымен ұйымдастырылып және балалардың кешенді әрекетімен дербес орындалып, шығармашылық жұмысты жарыққа шығара қорытындыланады. Жобалау әдісі-жүйелі оқыту,балалар жоспарлау процесінде және тәжірибелеу жобалау тапсырмаларын үнемі күрделендіре орындайтын білімге ие болады. Жобалау әдісі тәрбиеленушілерге үнемі әлдеқандай тапсырмаларды шешуге бағдарлап отырады.

Жобалау әдісінің алгоритмі:

1.Проблема

2.Жобалау

3.Ақпарат көздерін іздестіру

4.Нәтижені қорытындылау

5.Презентация.

Жоба түрлері:

- әрекет түріне қарай: зерттеушілік, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы, моножоба, пәнаралық;
- пәндік-мазмұндық сипатына қарай: моножоба және пәнаралық;
- қарым-қатынас тәсіліне қарай: тікелей қарым-қатынас; коммуникациялық технология;
- үйлестіру сипатына қарай: тікелей, жанама;
- байланыс сипатына қарай: аймақтық, оқу орнында орындалатын және халықаралық;
- қатысатындардың санына қарай: жекелік, жұптық, топтық;
- орындалу уақытына қарай: қысқа мерзімдік, орта мерзімдік, ұзақ мерзімдік деп іштей топтастырылады.

Өз тәжірибемде ғылыми жобамен жеті жыл көлемінде жұмыс атқарып келемін. Оқушылар қалалық ғылыми жобалар сайысына қатысып жүлделі орын дипломы, сертификат және алғыс хаттардың иегерлері. Ғылыми жобалар сайысына қатысып қана қоймай, «Сатбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясында III-дәрежелі диплом игері. Дайындаған оқушылардың ғылыми жоба тақырыптары:

- «Қазақстан тарихында билердің рөлі» Шорская Юлия 9 «Г» сынып оқушысы;
- «Шертер» музыкалық аспаптың шығу тарихы» Кусаинов Бахтияр 9 «Е» сынып оқушысы;
- «Ою-өрнектердің құпиясы» Фомин Эдуард 9 «В» сынып оқушысы;
- «Қазақстан және Батыс Еуропа қайраткерлерінің әртүрлі уақытындағы тақырыптық бағыттарын салыстыру» Красильникова Александра 10 «А» сынып оқушысы;

Шорская Юлия 7-ші сыныптан бастап «Қазақстан тарихында билердің рөлі» тақырыбы бойынша зерттеу жұмысымен айналысты. Бұл жұмыстың мақсаты – мемлекеттің болашаққа стратегиясын жасаған ұлы тұлғалардың тәлім-тәрбиелік идеялары мен дана ойларын, олардың тарихтағы рөлін зерттеу. Күтілетін нәтиже – жобаның барлық құрамдас бөліктері ақпараттың жаңалығын, автордың көзқарасын және мәселеге жеке көзқарасын қамтиды, бұл жұмыс терең зерттеуге лайық және қазақ әдебиеті мен Қазақстан тарихы сабақтарында тәжірибеде қолдануға болады деп ойлаймын.

Жоба әрекет түріне қарай: зерттеушілік, пәндік-мазмұндық сипатына қарай: пәнаралық, қарым-қатынас тәсіліне қарай: тікелей қарым-қатынас, үйлестіру сипатына қарай: тікелей, байланыс сипатына қарай: оқу орнында орындалатын, қатысатындардың санына қарай: жекелік, орындалу уақытына қарай: ұзақ мерзімдік.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би данагөйлер Жеті Жарғы немесе "жеті кодекс" заңдар жинағын жасады. «Жеті жарғы» ортағасырлық даланың жалғыз заң шығарушы ескерткіші болып табылады. "Жеті жарғыдағы" заңдар қарапайым және қылмыскерлерге қатал. Бұл заңдар жинағы Қазақ хандығындағы тәртіпсіздіктерді жойып, мемлекетті нығайтып, халықты бірлікке біріктіріп қана қоймай, ҚР-ның қазіргі Конституциясының, ҚР

Президентінің "Қазақстан 2030", ҚР азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасының негізі болғанын зерттеді. ҚР Конституциясында "Жеті Жарғы" Заңынан 15 бап (2-тармақ және 3-тармақ) мақала түрінде жазылған. 2030 Стратегиясында "Жеті Жарғы" Заңының келесі басымдықтары Ұлттық қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық, экономикалық өсу, денсаулық, білім, азаматтардың әл-ауқаты ретінде ұсынылған. Сондай-ақ, "Жеті Жарғы" Заңында патриоттық тәрбие арқылы жүзеге асырылады, оның заңдары ҚР азаматтарының патриоттық тәрбиесі бағдарламасы түрінде және ҚР «Білім туралы» Заңының 8-бабының 3 тармағы ретінде іске асырылуда. Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев: "Біз халықтың үш ұлы ұлының, үш даңқты данагөйлердің есімдерін білеміз -Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би». Олар қазақтар үшін бірліктің айнымас символына айналды. Олардың даналық сөздері қасиетті кітаптардан алынған сөз ретінде жас ұрпақтардың санасына әсер етті. Олардың халық алдындағы тарихи маңызын асыра бағалау мүмкін емес. Біз қазақ халқы болып сақталып, егеменді мемлекет болып, тәуелсіз болғанымыз, ата-бабаларымыздың қасиетті жерінде тату, бейбітшілік пен келісімде өмір сүргеніміз үшін қазақтардың қазіргі ұрпағы үш билерімізге міндеттіміз. Біз олардың өлмейтін, өшпейтін құтты естелігінің алдында басымызды иеміз». Сонымен, мемлекеттің құрылуына, қалыптасуына қазақ билерінің ролі, қызметі зор екендігіне көзіміз жетті.

Жоба жазудың барысында оқушының белсенділік, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өз бетімен іздену, шапшаңдық пен еркіндік, шығармашылық дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық, танымдық белсенділік икемдерін, ой-өрісін арттыруда заманауи сабақтардың өткізілуінің, жобалау технологияның әдіс –тәсілдерін қолданылуының маңызы ерекше болып табылатыны айқын.

Қорыта айтқанда, жобалау оқыту технологиясын қолдану, ұйымдастыру негізінде оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде, өзін-өзі тәрбиелеп дамыуына, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жобаны жазуына жағдай туғызып, оқушыларды білімдерін кеңейтуде әсері маңызды екенін ерекше атап өтпекпін.

Әдебиеттер

1. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
3. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.
- 4.Қазақстан тарихы 7-11 сынып.

ДИФФЕРЕНЦИРОВАННЫЙ ПОДХОД В ПРЕПОДАВАНИИ ХИМИИ

Кожобекова А.Ж.

Преподаватель химии «Высший колледж Торайгыров университет»
arshagul.kozhabekova@bk.ru

Мы знаем, что образование – это целенаправленный процесс воспитания и обучения в интересах человека, общества и государства и трактуется как воспитание в широком педагогическом смысле. Образование рассматривается как путь развития личности.

На протяжении своей педагогической деятельности работаю над темой: «Формирование и развитие познавательных интересов, способностей учащихся через организацию дифференцированного обучения на уроках химии». Считаю эту тему актуальной, так как она способствует самореализации личности, удовлетворению образовательных способностей каждого ученика в соответствии с его склонностями, интересами и возможностями, позволяет подготовить его к творческому интеллектуальному труду.

Основной целью учебно-воспитательного процесса, а следовательно, и каждого урока, считаю: способствовать развитию познавательного интереса, способностей учащихся через организацию дифференцированного обучения на уроках химии.

Опираясь на принципы компетентного подхода в образовании ставятся следующие задачи:

- выявление уровня обученности учащихся по той или иной теме;
- обучение всех учащихся на уровне их возможностей и способностей при помощи дифференцированного подхода;
- формирование личностных качеств учащихся: самостоятельности, ответственности за свои действия, трудолюбия, творчества, адекватной самооценки;
- воспитание у детей стремления к состязательности, здоровому соперничеству, полной реализованности;
- формирование умений учащихся выполнять задания разной степени сложности;
- развитие умений осуществлять самооценку результатов деятельности.

Содержание образования

Для наиболее эффективной организации учебно-воспитательного процесса я предлагаю учащимся самостоятельно письменно выбрать или дописать вариант ответа на следующие вопросы.

Например: по теме «Предельные и непредельные углеводороды»

Предельные углеводороды называются насыщенными потому, что

Алкены, алкадиены относятся в ненасыщенным потому, что....

На уроках для выявления уровня обученности учащихся по той или иной теме применяю использую тесты или задания, составленные по уровням сложности учебного материала.

Известны три уровня, которые позволяют определить конкретные результаты обучения и осуществить сам процесс обучения в соответствии с определенным уровнем.

Первый уровень (низкий, репродуктивный) предполагает прямое запоминание и воспроизведение знаний и умений, требуемых программой.

Второй уровень (конструктивный) предполагает нахождение существенных признаков и связей предметов и явлений, применение теоретических знаний для выполнения заданий по образцам и алгоритмам, наличие умений устанавливать причинно-следственные связи.

Третий уровень (творческий) предполагает наличие у учащихся умений применять полученные знания в новой ситуации, находить оригинальные подходы к решению проблемных ситуаций, заданий и задач.

Ну теперь, рассмотрим, как реализуются эти этапы на различных типах урока.

Урок изучения нового материала. При этом типе урока учащимся можно предложить усвоение нового материала, работая по карточкам (ответить на вопросы, выполнить задание). Работая по карточкам, они делают пометки в тетрадях.

Например, та же тема:

Карточка-путеводитель

Задание 1.

1. Какие соединения называются предельными?
2. Какова общая формула предельных углеводородов?
3. Где находят применение алканы?

Учащиеся письменно отвечают на вопросы, записанные учителем в карточках.

Задание 2.

1. Охарактеризуйте метан, опираясь на его физические и химические свойства.
2. Напишите уравнения реакций между этаном и следующими веществами: а) кислородом; б) азотной кислотой; в) галогенами; г) при нагревании.

Учащиеся самостоятельно выполняют задания, готовят письменный и устный отчет.

Задание 3.

1. Приведите по два примера предельных углеводородов, являющиеся жидкостями и твердыми веществами. Как меняются свойства предельных в зависимости от их молекулярных масс?

2. Рассчитайте массовые доли элементов в следующих кислотах: а) C_3H_8 - пропан; б) C_6H_{14} ; в) $C_{10}H_{22}$.

Учащиеся самостоятельно выполняют задания, готовя отчет о проделанной работе.

При выполнении учащимися первого задания, учащиеся – овладевают определенными знаниями. На этом этапе урока я осуществляю общий контроль за работой учащихся, оказываю им помощь и корректирую их действия. При

выполнение второго задания, в основу которого положен эвристический (частично-поисковый) метод обучения, учащиеся самостоятельно используют полученные ранее знания об органических соединениях, выполняя задание. На третьем этапе предлагаются развивающие сведения, при этом существенно углубляется материал. Предлагаемое задание носит исследовательский характер. При работе с карточками – путеводителями учащиеся составляют отчет (коллективный рассказ) по каждой карточке. Одновременно вместе со всей группой ведем обсуждение предложенных отчетов. Для хорошо успевающих и заинтересованных учащихся предлагаю выполнить самостоятельно дополнительное задание, например, решение сложной задачи.

Урок систематизации знаний. В этом случае я применяю методику свободного выбора разноуровневых заданий. На этом уроке учащиеся формируют и отрабатывают знания, умения и навыки по определенной теме. Предлагаю задания трех уровней. Выполнять задания учащиеся начинают с первого уровня.

Задания первого уровня составляю таким образом, чтобы учащиеся могли их выполнить, используя образец, предложенный либо при выполнении данного задания, либо на предыдущем уроке.

Например: Также тема: «Предельные углеводороды»

1. Из предложенных ниже веществ, предельным углеводородом является:

а) CH_4 ; б) C_6H_6 ; в) C_5H_8 ; г) C_5H_{10} ; д) C_3H_8 .

2. Ниже приведены названия углеводородом ряда метана: пропан, бутан, пентан, гексан. Запишите молекулярную формулу каждого из них. Чем отличается по составу молекул каждый последующий член ряда?

3. Составьте молекулярные формулы углеводородов ряда метана, содержащие в молекуле: а) семь атомов углерода; б) восемь атомов углерода. Напишите развернутые и сокращенные структурные формулы этих веществ.

Правильность выполнения задания учащиеся проверяют по записи на доске. Такие задания включают базовый стандарт, поэтому при выполнении данных заданий учащиеся получают балл ниже 70.

Задания второго уровня, как правило, носят причинно-следственный характер, т.е. перед учащимися стоит вопрос «почему?».

1. Из предложенных ниже веществ изомерами являются:

а) $CH_3 - CH_2 - CH_2 - CH_3$ б) $CH_3 - CH_2 - CH_2 - CH_2 - CH_2 - CH_3$

в) $CH_3 - CH_2 - CH_2 - CH_2 - CH_2 - CH_3$

2. Сравните химическое строение и структурную формулу веществ C_2H_6 и C_2H_4 . Укажите вид связи в каждом из веществ.

3. Сравните свойства: а) бутена и бутана; б) октена и октана. В чем их сходство и в чем их различие? Ответ иллюстрируйте уравнениями реакций. Учащиеся выполняют задания у доски по очереди. Для выполнения таких заданий учащиеся опираются на знания, которые получили на уроке, а также пользуются дополнительными источниками. При выполнении заданий второго уровня учащиеся получают балл от 70 до 89.

Задания третьего уровня носят исследовательский характер:

1. К какой группе веществ относится циклопентан? Какие еще вещества этой группы вы знаете?

2. Найдите молекулярную формулу предельного углеводорода, содержащего 20% водорода, плотность вещества при н.у 2,59 г/л. Установите по формуле, относится ли этот углеводород к предельным.

3. Бром действует на предельные углеводороды подобно хлору. Составьте уравнения последовательного бромирования этана и назовите продукты реакции.

Учащимся предлагаю время на обдумывание, а затем разбираем эти задания все вместе у доски.

Урок контроля усвоенного материала. При письменном опросе учащимся предлагаю карточки различной степени сложности, тесты трех уровней (использую готовые или разрабатываю сама). Часто использую для опроса нетрадиционные формы: кроссворды, ребусы различной степени сложности. При устном опросе стараюсь первыми спросить более слабых учащихся, а сильные же дети исправляют и дополняют ответы. Часто для этого даю задания более сильным учащимся найти дополнительные сведения по тому или иному вопросу (элементы исследовательской деятельности). В конце изучения раздела провожу контрольные работы с дифференцированными заданиями, а в конце года итоговую контрольную работу в форме тестирования по трем уровням.

Применение в своей работе с учащимися дифференцированного подхода обучения на уроках химии позволило мне разработать формы, методы и приемы работы с детьми, повысить интерес учащихся к учебе, повысить качество обучения.

Результаты: Максимальный контроль всех учащихся, так как прослеживается работа каждого учащегося на уроке и конечно же главное – это повышение качества образования учащихся. По прослеживанию качества знаний учащихся можно сказать следующее: по сравнению с качеством знаний за 2020-2021 г. результат качества знаний за 2021-2022 г. первого семестра повысился с 75% до 85%.

Литература

1. Бутузов И. Д. Дифференцированный подход к обучению учащихся на современном уроке. – Москва: Просвещение, 2004. – с.204.

2. Векслер С. И. Современные требования к уроку. Москва: Знание, 2006. – 354.

3. Зотов Ю. Б. Организация современного урока. Санкт-Петербург: 2004. – с.288.

4. Лернер И. Я. Процесс обучения и его закономерности. Нижний Новгород: 2002. – с. 238.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БІЛІМ АЛАТЫН ЖАС АНАЛАРДЫҢ АНА БОЛУҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Бапаева М. К.

психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Куантканова Ф. М.

7M05102 – Психология мамандығының 2-курс магистранты.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

fkuantkanova@bk.ru

Студенттік жас – бұл адам өмірінің ерекше кезеңі. И.А. Зимняя студенттерді «ерекше әлеуметтік категория, жоғары білім беру институты ұйымдастырған адамдардың белгілі бір қауымдастығы» ретінде қарастыра отырып, студенттік жастың оларға тән жоғары білім деңгейімен, тиісті танымдық мотивациясымен, лайықты әлеуметтік белсенділігімен, зияткерлік және әлеуметтік жетілудің үйлесімді жақтары мен сипатталатын, басқа топтардан ерекшелетін негізгі өзгешеліктерін анықтайды.

Жалпы психологиялық даму тұрғысынан студенттер – бұл адамның қарқынды әлеуметтену кезеңі. Жоғары психикалық функциялардың дамуы, бүкіл зияткерлік жүйенің және тұтастай тұлғаның қалыптасуы осы кезеңде шыңға жетеді. Жастардың тұлғасының психологиялық мазмұны өзін-өзі танудың дамуымен, кәсіби өзін-өзі анықтау және ересек өмірге ену мәселелерін шешумен байланысты болады. Жастық шақ физикалық, жыныстық жетілудің аяқталу кезеңі ретінде анық көрінетіндіктен, осы кезеңде жастар жүктіліктің басталуымен аяқталатын жыныстық қатынастар тәжірибесін алады деп болжауға болады [1].

Жүктіліктің басталуы әйел үшін жаңа жағдайға бейімделу қажеттілігін білдіреді. Осы жас кезеңінде қыз балалардың жүктілікке және ана болуға бейімделуі екі аспектіні қамтиды:

1) физиологиялық және психосоматикалық жағдай ретінде жүктілікке бейімделу;

2) ана болуға бейімделу:

– ананың рөлін қабылдау және ана жағдайын қалыптастыру;

– баланы және өзінің жеке, отбасылық, әлеуметтік және оқу салаларындағы барлық өзгерістерін қабылдау.

Бұл жағдайда жүктіліктің басталуына физиологиялық және психологиялық бейімделудің барлық жүйелері қатысады және осы кезеңдегі жүктілік пен ана болу жағдайын дағдарыстың ең өткір жағдайы деп санауға болады, өйткені әйел адамда осы кезеңде өмірінің барлық аспектілерінің түбегейлі өзгеруі орын алады. Сонымен қатар, бейімделудің бұл жағдайы стресстік факторлармен (жүктілік кезінде туындайтын асқынулар, жақын адамдармен қарым-қатынас және т. б.) және бұзылу факторларымен (баланың пайда болуымен байланысты үміттердің ақталмауы, маңызды мақсаттардан бас тарту қажеттілігі, оқу

үрдісіндегі қиындықтар және т.б.) қатар жүреді. Әр жолы стресстік жағдайды бастан кешіру тәсілі және оған бейімделу стратегиясы әйелдің жеке ерекшеліктеріне және жүктілік пен ана болу жағдайларын құрайтын барлық нәрселердің қаншалықты бұзылатындығына байланысты болады.

Ана болу – әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің бірі, сондықтан ана болу қажеттілігі әйел табиғатына тән болса да, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар ана қарым-қатынасының көріністеріне шешуші әсер етеді [2].

Студент аналардың көпшілігінде жоспарланбаған жүктілік болады. Осы тұста көптеген жас аналароқуынан академиялық демалыс алғысы келмейді (топтан артта қалмау үшін), сонымен қатар олар бірдей қарқындылықпен оқуды, емтихан тапсыруды жалғастыра береді. Бұл студенттерге жүктілік бастапқыда олардың өмірлік жоспарларын бұзбайтын тітіркендіргіш кедергі ретінде ғана қабылданады. Жас аналар гинекологтің консультациясына жүктілігінің 4-5-ші айында жүгінеді, оған жүйесіз барады, дәрігерлердің ұсынымдарын елемейді. Бұл кезеңде жас аналар бүгінгі күнмен өмір сүреді, алдағы босану, ана міндеттері туралы ойламауға тырысады. Олардың көңіл-күйі жиі өзгеріп, кейде төмендеп себепсіз ауытқуы да мүмкін.

Босану мерзімі неғұрлым жақын болса, бұл жүкті әйелдерде психологиялық ыңғайсыздық жағдайы соғұрлым айқын болады. Әлеуметтік жағдайлармен қиындаған жүктілік және ана болу мәселесі айқын көрінеді, әйелдердің осы санатындағы жас аналарға ЖОО-да оқитын студенттер жататындықтан, олар үшін жүктілік өмірлік қиын жағдайға айналады, бұл сәйкесінше өмір сүрудің зиянды формаларына алып келеді.

Жас аналардың ана болуға психологиялық дайындығын зерттеу (Г. Г. Филиппова, Е. Х. Агнаева, Т. В. Леус, В. И. Брутман, Н. Н. Авдеева және С. Ю. Мещерякова, Д. Пайнс және т. б.) жүктілікті қабылдау қабілеті бұзылған әйелдер үшін ана рөлін қабылдауға дайын болмауымен байланысты ішкі жанжалдың болуы тән екенін көрсетеді. Терең ішкі қанағаттанбаушылықта студент жас ана өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігіне байланысты сындарлы түрде шеше алмайтын өткір шиеленісті жағдайды басынан кешіреді. Осы топтағы әйелдердегі аналық тұрғыда ішкі жанжалдың көрсеткіштері – туылмаған баланың жанжалды және мазасыз бейнесі, ананың балаға объективті көзқарасы, туылмаған баланы эмоционалды түрде қабылдаудың болмауы; ана ретінде өзін-өзі қақтығыс бейнесі, өзінің аналық жағдайына ыңғайсыз көзқарас; анасының мазасыз немесе қайшылықты бейнесі басым болады. Олар болжанбайтын бір көңіл-күйден екінші көңіл-күйге тез әрі жиі ауысады, мәселен қуаныштан көңілсіздікке, көңіл көтеруден қайғыға, қайғыдан депрессияға дейін [3; 4].

Жүкті студент – аналар эмоцияларға бейім, сезімтал, импульсивті, категориялық пайымдауларға, жеткіліксіз ойластырылған әрекеттерге бейім келеді. Олардың көпшілігі үнемі толқуда жүреді және «жүктілікті сақтау керек пе?», «топтағы студенттермен, мұғалімдермен қарым-қатынас әрі қарай қалай қалыптасады?» деген диалемма алдында тұрады.

Некеде тұрған жас аналарда алаңдаушылық, ересектерге көмек көрсетуге

бағдарлану байқалады (бұл ретте бұл үлкендердің балаға күтім жасауына көмек ретінде бағаланады). Олар отбасын асырау және қамтамасыз ету бойынша күйеуіне үлкен сенім артады. Мұндай аналар белгілі бір жасқа тән құндылық-семантикалық бағдар мен жаңа рөлге көшуді түсіну қажеттілігі арасындағы қайшылықты көрсетеді, бұл өз кезегінде ана түйсігінің дамуына кедергі келтіреді [2].

В.В. Ивакина студент әйелдердің ана болуға дайындығының *үш деңгейін* анықтайды:

– аналық дайындыққа сәйкес келетін *жеткілікті тип* – балаға қатысты жағымды эмоциялардың көрінуімен ерекшеленеді, баланың құндылығы басқа қажеттіліктер мен мотивациялық салалардағы құндылықтармен оңтайлы тепе-теңдікте болады; анаға тән қасиеттері туралы нақты идеялардың болуы, баланың денсаулығы мен болашағы үшін жауапкершілікті сезіну байқалады;

– *амбивалентті тип*– балаға қатысты аффективті тәжірибенің барлық спектрін қамтиды. Баланың жынысы, оның сыртқы келбеті, психологиялық қасиеттері маңыздырақ болады. Аналық қарым-қатынаста толық қабылдау және осы мәселені елемейтін адамдар арасындағы оң, бейтарап және теріс эмоционалды фон тәрізді қақтығыс байқалады. Бұл жағдайда баланың құндылығы туралы ой жеткіліксіз әрі төмен болып келеді;

– *тәуекел типі*– балаға қызығушылықтың болмауымен, оның жеке қасиеттерімен, ол үшін жауапкершілікті түсінбеумен сипатталады. Қызығушылық тек баланың жынысына байланысты болуы мүмкін. Ана мәселесімен бейсаналы қақтығыс орын алады, ана болуға дайындық туралы түсінік жоқ, басқа қажеттілік-мотивациялық құндылықтары басымырақ болады.

В. В. Ивакинаның зерттеулері студент-аналарға амбивалентті тип көбірек тән екенін көрсетті, бұл сыртқы, әлеуметтік факторлардың жүктілікке бейімделуіне әсерін көрсетеді. Бұл жайт көбінесе жүктіліктің басталуы алаңдаушылықпен, депрессиямен, қорқынышпен және т.б. байланысты екендігінде. Мұндай эмоционалды тәжірибелер жүкті студенттердің психофизиологиялық бейімделуінің бұзылуының алғышарты болып табылады [4].

Студент әйелдің жүктілікке бейімделуінің сәттілігін қамтамасыз ететін маңызды шарт – бұл ана болуға психологиялық дайындық. Бұл баланың барабар дамуы мен тәрбиесін қамтамасыз етуге ықпал ететін және қажеттілік, эмоционалды-ерік, операциялық – мінез-құлық және танымдық компоненттердің бірлігін білдіретін күрделі интегралды психологиялық білім.

Әдебиеттер

1. Бараш, Б.А. Психопрофилактическая помощь студентов вузов [Текст] / Б.А. Бараш // Психогигиена и психопрофилактика. – Л., 1983. – 39-46 б.
2. Бапаева Мариям Курмангалиевна, Куантканова Фарида Маратовна – ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ АНА ФЕНОМЕНІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ. [Текст] / Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №11. – 165 б.

3. Брутман, В.И. Формирование привязанности матери к ребенку в период беременности [Текст] / В.И. Брутман, М.С. Радионова // Вопросы психологии. – 1997. – № 7. – 38-47 б.

4. Ивакина, В.В. Психология материнства. [Текст] / В.В. Ивакина // Учебно-метод. пособие, –Ставрополь, 2003. – 37 б.

5. Филиппова, Г. Г. Психология материнства и ранний онтогенез [Текст] / Г.Г. Филиппова – М.: Жизнь и Мысль, 1999. – 478 б.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кусаинова И.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 7М01901
«Арнайы педагогика мамандарын даярлау» білім бағдарламасының 2 курс
магистранты

Таким образом, научно-исследовательская работа студентов на современном этапе развития системы образования выступает рычагом формирования теоретической, профессиональной и специальной компетентности будущих учителей и средством формирования исследовательских умений. Расширение научного мировоззрения, совершенствование профессиональных и исследовательских умений и навыков, формирование педагогического мышления и методологической культуры готовит студентов к научно-профессиональной деятельности, использованию инновационных педагогических технологий обучения, воспитанию и развитию субъектов обучения, обобщению собственного педагогического опыта. Во время работы над курсовым проектом, как продуктом научно-практической деятельности, студенты овладевают операционными, организационными, практическими и коммуникативными исследовательскими умениями.

Литература

1. Ефричева О. Ю., Мельник И. В., Михайлюкова В. С. Исследовательская компетенция: ее сущность и содержание // Актуальные исследования. 2021. №14 (41). С. 59-62. URL: <https://apni.ru/article/2147-issledovatel'skaya-kompetentsiya-ee-sushchnost>
2. Брызгалова С.И. Формирование в вузе готовности учителя к педагогическому исследованию: теория и практика / С.И. Брызгалова. Калининград, 2004. – 134с.
3. Зимняя И.А. Научно-исследовательская работа: методология, теория, практика, организация, проведение / И.А. Зимняя. М.: ИЦПКПС, 2000. - 28 с.
4. Хуторской А.В. Компетентностный подход в школе: от проектирования к реализации / А.В. Хуторской // Диалог культур и партнерство цивилизаций: VIII Международные Лихачевские научные чтения, 22-23 мая 2008 г. – СПб.: Изд-во СПб ГУП, 2008. – С.456-458., с. 36

ТЪЮТОРЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

Мерғазы Ә.

«Alikhan Bokeikhan University» ББ, 7M01101 - Педагогика және психология
білім беру бағдарламасының II курс магистранты

Адам іс-әрекетінің барлық салаларына ұжымдық жұмыстың кеңінен енгізілуі тұлғаның әлеуметтенуіне жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты студент жастарды тәрбиелеу оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, демек, университеттің әрбір оқытушысы мен қызметкерінің кәсіби борышы болып табылады.

ЖОО дағы студенттермен жүргізілетін әлеуметтік-тәрбие жұмысы – жоғары азаматтық, моральдық, психологиялық және физикалық қасиеттерді дамытуға бағытталған оқу бөлімінің, кафедраларының, студенттік жасақтар кураторларының және студенттік өзін-өзі басқару органдарының өзара байланысты біртұтас жұмыс процесі.

Соңғы уақытқа дейін қоғамдық-тәрбие жұмысы әрбір оқу бөлімшесінің ішіндегі тәрбие жұмысына жауапты адамдарды тағайындаумен шектеліп келді. Қазіргі уақытта жоғары білімді дамытудың өзгерген жағдайында заманауи университеттегі әлеуметтік-тәрбие жұмысы жаңа мазмұнмен толтырылды - студенттерге оқу кезінде көмектесу, жеке білім беру траекториясын таңдауға, интеллектуалдық және рухани әлеуетін арттыру және іске асыруға көмектесу үшін оқу қызметінің жаңа формалары енгізілді. Студенттерге білім беру саласындағы қызметтің осындай түрлерінің бірі кураторлық және тьюторлық қызмет болып табылады.

Кураторлық қызметтің негізгі мақсаттары студенттердің жаңа білім беру жүйесіне бейімделуіне көмектесу; білім алушы тұлғасының өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету, интеллектуалдық және рухани әлеуетін арттыру; педагогтер мен студенттер арасында достық қарым-қатынас орнату; студенттік іс-әрекеттің әртүрлі салаларымен таныстыру және белсенді түрде тарту. Академиялық оқу тобы кураторының жұмысы студенттерге жеке көзқарасқа және олардың қызығушылықтарын, бейімділігін, өмірін, физикалық және психикалық денсаулығын білуге негізделген.

Тьютерлік қызметтің мақсаты - студенттің жеке дамуына, оның мүмкіндіктерін анықтауға және ашуға, өзіндік санасын дамытуға, өзін-өзі анықтауда, өзін-өзі жүзеге асыруда және өзін-өзі бекітуде жеке маңызды және әлеуметтік маңызды істерді жүзеге асыру [1].

Міндеттеріне келесі қызмет түрлері кіреді:

- топ студенттерінің ағымдағы үлгерімі мен сабаққа қатысуын жүйелі бақылауды жүзеге асыру;
- студенттердің өздік жұмысын жоспарлауға, оқу кестесін орындауға көмектесу;
- топта сабақ жүргізетін мұғалімдермен байланысты сақтау;
- білім беру қызметтерін ұйымдастыру мен төлеуді бақылау;

- студенттерді аттестациялауға қатысу;
- мамандықпен таныстыру мақсатында топта жұмыс жүргізу;
- топ жетекшілерінің жұмысына көмектесу, оларды таңдау мен тағайындауға тікелей қатысу;
- топпен тұрақты (аптасына бір реттен кем емес) кездесулер;
- студенттік топ жиналыстарына, ірі қоғамдық іс-шараларға ұйымдастыру және жеке қатысу;
- оқу тобының ұйымшыл ұжымын құру;
- студенттерді университет Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу корпустары мен жатақханалардағы режиммен таныстыру;
- университеттегі жағдай туралы ақпаратқа ие болу;
- студенттердің оқуына, өмірі мен өміріне қатысты университет ректорының, факультет деканының бұйрықтары мен өкімдерін студенттердің назарына жеткізу және түсіндіру;
- ата-аналарымен үнемі байланыста болу;
- әрбір студенттің білімі: оның қаржылық жағдайы және рухани қажеттіліктері;
- жеке ерекшеліктері, бейімділігі және хоббиі;

Қазіргі уақытта білім берудің басты мақсаты – қоғам дамуының осы кезеңінде жағдаяттық, жеке тұлға ретінде ауыстырылатын, өмірінде бір емес, бірнеше рет өмірлік стратегиялары мен кәсіби міндеттерін өзгертуге тура келетін түлекті тәрбиелеу қажеттілігі реттелетін «форма». Білімді дараландыру мүмкін емес, бұл педагогикалық қарым-қатынасқа көзқарасты өзгертеді. Білім беру моделі ілеспе үлгіге ауыстырылады [2].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, білім беруді даралау принципін енгізу қазіргі заманның өзекті мәселесінен де жоғары. Сондықтан бүгінгі таңда оқытушы мен білім алушының жекеленген өзара әрекеттесуімен сипатталатын репетиторлық қызметті педагогикалық қызмет ретінде дамытудың алғы шарттары бар.

Тьютор – мұғалім, бірақ арнайы мұғалім, оның мақсаты – білім алушыға қойылған мақсатқа өз бетінше жетудің құралдарын табуға үйрету. Ол өз қамқорлығындағыларды еркіндік пен тәуелсіздікке бағыттауға ұмтылады, тиімді және табысты әрекет ету үшін оның мүмкіндіктерін түсінуге үйретеді.

Тьюторлық қызмет, пайда болған және жаңашыл, белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге сәйкес функциялар мен жауапкершіліктер тізімін анықтауды қамтиды.

Т.М. Ковалева қандай да бір қызметті тьюторлық ретінде бағалауға болатын негіздемелер ойлап тапты: диагностика; ұсыныстардың түрлілігі; ұсыныстарды таңдау; жеке оқу бағдарламасын іске асыру маршрутын таңдау; жеке оқу бағдарламасын қолдау; рефлексия [3].

М.И. Чернованың көзқарасы бойынша, тьютор – жалпы және жеке оқыту үдерісінде жеке оқу бағдарламаларын орындауға қатысатын, дәстүрлі педагог пен білім алушы арасында көпір болатын маман. Тьютормен оқу процесін жекелендіруі ерекше оқушының білімін, біліктіліктерін, қызығушы-

лықтары мен мүмкіндіктерін есепке алған жағдайда ғана іске асырылады.

И.В. Карпенкова мен Е.В. Кузьмина өз зерттеулерінде тьютор – білім беру мекемесінің білім беру және әлеуметтік ортасына табысты кірігуі үшін жағдайлар жасайтын маман деп пайымдайды.

Тьюторлық – адамның өзіндік имиджін қалыптастыратын делдалдық нысандарының бірі, – Д.Б. Эльконин. Психолог тәрбиешінің функцияларына жатады: 1) оқытудың табыстылығын бекіту; 2) жақын перспективаларды жоспарлау; 3) педагог пен білім алушының бірлескен қызметі.

С.И. Змеева зерттеуі бойынша, тьютор – тәлімгер, бір немесе бірнеше студенттерге оқытуды ұйымдастыру мәселелерін шешуде тұрақты көмек көрсететін оқыту контингентінің мүшесі [4].

М.Г.Мурдың пікірінше, репетитор: 1) жеке үлгі көрсетеді, жұмыс және оқу ортасы жайлы психологиялық жағдай жасайды;

2) оқуға ықпал етеді, білім алушыларға бағыт-бағдар береді, олардың оқу-тәрбие процесіне араласуына ықпал етеді;

3) оқу процесін басқарады, оның қызметін бақылайды;

4) білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі кеңесші болып табылады.

Осылайша, педагог рөлін түсінудегі кейбір айырмашылықтарға қарамастан, жоғарыда аталған барлық анықтамаларды біріктіретін аспект ортақ нәрсе – педагогтің делдалдық қызметі және ол атқаратын ұйымдастырушы, тәлімгер, кеңесші рөлдері [5].

Тьютордың университеттің оқу-тәрбие процесіндегі қызметін талдай отырып, келесі рөлдерді бөліп көрсетуге болады:

1) білім алушының өз бетінше анықтауға мүмкіндігі бар оқу қызметін және ортаны ұйымдастырушы, өз білім беру мақсаттары мен құралдарын, жеке оқу жолын құру;

2) кеңесші (студентке өзінің өмірі мен онымен байланысты білім беру мақсаттарын анықтауға және оған жетуге көмектеседі; жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге ықпал етеді; оқу үдерісіне және оның жеке элементтеріне қатысты студенттің өзін-өзі анықтауын қамтамасыз етеді; анықтауға көмектеседі нәтижелерін пайдалану одан әрі кәсіби дамуға оқыту;

3) тәлімгер (студентті өзінің жеке даму траекториясы бойынша сүйемелдеу, өзін-өзі анықтау нүктелері: қалаған нәтижеге қол жеткізудегі жетістіктер мен сәтсіздіктер, оларға жету жолдары мен тәсілдері туралы рефлексия жағдайларын ұйымдастырады).

Тьюторлық қызмет өз іс-әрекеті барысында білім алушыларға әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыруда жеке үлгі болатыны анық. Өз кезегінде, білім беру жағдайында өзіндік әрекет траекториясын құруды үйренеді.

Әдебиеттер

1. Рыбалкина Н.В. Идея тьюторства - идея педагогического поиска [Текст]/ Н.В. Рыбалкина // Тьюторство: идея и идеология. -Томск, 1996. - С. 15-30

2. Щенников, С.А. Основы деятельности тьютора в системе дистанционного образования. [Текст]/ С.А. Щенников, А.Г.Теслинов, А.Г.Чернявская. – М: Дрофа, - 2005.- 608с. дистанционных технологий – М: ЦИТО, – 2002.

3. Шрамко, Н. В. Основы тьюторства : курс лекций [Электронный ресурс]: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / Н. В. Шрамко ; Урал. гос. пед. ун-т. – Электрон. дан. – Екатеринбург : [б. и.], 2018

4. Кокамбо Ю.Д. Тьюторство как новая форма взаимодействия участников образовательного процесса / Ю. Д. Кокамбо, О. В. Скоробогатова // Вестник Амурского государственного университета. – 2013. – Вып. 60: Сер.: Гуманитар. науки. С. 110-115.

5. Верховина А. Тьютор как педагогическая специальность в системе профессионального образования [Электронный ресурс] // Сидоров С.В. Сайт педагога-исследователя – URL: <http://si-sv.com/publ/1/tjutor/14-1-0-371> (дата обращения: 24.03.2022).

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР

Мирманова Н.А.

Павлодар облысы, Теренкөл ауданы, Береговая ЖОББМ КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
nazimgul.86@mail.ru

Тілді оқыту кешенді тапсырмалар жүйесінен тұрады. Жаңартылған білім мазмұны білім дағдылары мен әдіс-тәсілдерін өзгертті. Соған қарай білімнің басты талабы – сапалы білімді орнықтыру талабы қойылуда. Білім берудегі басты талап қай кезең үшін де сапалы нәтижеге тіреледі. Сапалы нәтиже деген түсінікке не жатады деген тұста біз оның қоғам талаптары мен қажеттеріне қарай өзгеретіндігін анықтай аламыз.

Жаңартылған білім мазмұны білімнің сапасының нәтижесін білім алушының тәжірибеде қолдана алу дағдысын есепке алады. Біліммен тек теориялық жағынан толығып қана қоймай, оны күнделікті тұрмыста қолдана алу, қоғамдық өмірде қажетіне қарай жарату мен жаңа істерге бағыттай алу мақсаттарын қояды.

Қоғамдық өзгерістердің техникалық ғылымдарға қарай бұрылуы, әлемдік экономикалық дамудағы технологияның алға шығуы гуманитарлық ғылымдарды, соның ішінде қазақ тіліне деген қызығушылықты бәсеңдеткені анық. «Мемлекеттік тілді басым дамыту білім беруді әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқыту есебінен күшейтілетін болады» [1].

Технологиялық дамудағы адамзаттық рухани мәдениеті мен азаматтық келбетін қалыптастыратын пәндердің бірі ретінде қазақ тілін оқытуда бірнеше мәселелерге назар аударылады. Бұл дәстүрлі оқыту жүйесіндегі оқушылардың білімін тереңдету, оны тәрбиемен ұштастыру, қоғамдық-әлеуметтік ортамен байланыстыру сияқты талаптардан бастау алады. Сонымен бірге жаңа қоғамдық талаптар білім мазмұнының шығармашылықпен сабақтасуына, алған білімі оқушының сын тұрғысынан ойлай білуіне ықпал етуіне, ой-өрісінің дамуына, креативті бағалауға қол жеткізуіне, ізденіс пен жеке зерттеушілік жұмыстарына жол ашуды т.б. да міндеттерді қажет етеді.

Қазақ тілін оқытуда қазіргі сапалы білім нәтижелерін анықтауға мүмкіндік беретін тұстардың бірі – тілдік қатынастарды дамыту.

«Тілдік қатынастар» деп аталатын зерттеуінде ғалым Ф. Оразбаева оқылымның тіл үйретудегі мәнінен назар аударады. Оқылым түрлеріне қарай оқушының түрлі дағдыларын, қабылеттерін қалыптастыру жолдарын айтады. Оқылымның басты сипаты мазмұнында екендігін ескеріп, барлық материалдар мен мәтіндердің бір тұтас жүйесінің (мағынасы болуы, түсініктілігі) артықшылығын анықтап көрсетеді [2, 99].

«Мектеп оқушысының кітап оқу іс-әрекеті» деп аталатын Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әзірлеген әдістемелік ұсынымында кітап оқу мәдениетін дамытудың қажеттілігі оқылым компонентімен байланысты екендігі айтылады [3]. Бұл екінші жағынан әлемдік талап – функционалдық сауаттылықты қалыптастырумен тығыз байланыстылығында.

Қазақ тілін сапалы оқыту жүйесінің қазіргі кешені – тілдік қатынастар арқылы жүзеге асатындығына назар саламыз.

Тілдік қатынастардың білім беру мен оқыту жүйесінде 4 түрі қолданылады.

1. Тыңдалым.
2. Оқылым.
3. Жазылым.
4. Айтылым.

Тілдік қатынастардың 4 түрі бір-бірімен тығыз байланысты. Тыңдалым – кез келген мәтінді тыңдай білу, мазмұнын ұғу, негізгі тірек құрылымдарын есте сақтау, басты ой мен идеяны тану. Тыңдалым мәтіні оқушылардың тыңдаған мәтінді жалпы болжау, түсінікті бірліктер арқылы шоғырландырып тыңдау, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіне отырып, мазмұнын ұғу сияқты қарапайым үлгілерден басталып, көркем шығармаларды тыңдау, түсіну, басты ойды анықтау, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру сияқты күрделі тапсырмаларға ұласады. Сол арқылы оқушының бірнеше дағды-біліктері қалыптасады. Оқушы тыңдау мәдениетін үйренеді, оның негізгі мазмұнын ұғуды, басты ойды бөлектей алуды, өзгеше тілдік бірліктерді есте сақтауға тырысады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңартылған білім мазмұны мәтін тақырыптары көлемі негізіндегі сөздік қорын қалыптастырып қана қоймайды, таңдау кезінде тірек көзі болатын негізгі ақпараттарды, деректерді де алдын-ала береді. Мұғалімнің бағыттауымен оқушы оны өзі де тереңдете

алады. Бұл ретте, оқушылардың қызығушылығын туғызу, оларға қажет материалдарды ұсына білуден де тұрады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгешелік – пәнаралық сабақтастық. Қазақ тілінің сапалы нәтижеге қол жеткізуіне ықпал ететін пәннің алғашқысы сөз жоқ - әдебиет. Сондықтан да мәтінді ұғу, мазмұнын түсіну үшін әдеби талдаудың қарапайым үлгілерін де қолдананады. Оған келесі жұмыс түрлерін енгізуге болады. Мәтін жанрымен, стилімен жұмыс. Шығарма стилін анықтауға арналған жұмыс түрлері: сөздердің қолданысы, сөйлем құрылымы, мәтін түрі. Көркем әдеби тіл стиліне тән ерекшеліктер: ауыспалы мағына, диалог, суреттеу, кейіптеу т.б.

Мәтін мазмұны мен құрылымына талдау жасау арқылы келесі сипаттарды анықтау қажет болады: мәтіннің мазмұны: не, кім туралы айтылады? оқиға, жағдай қайда өтеді? қатысушылар кімдер? оқиға, мәтін қалай басталады? оқиға қалай өрбиді, дамуына не әсер етеді? қалай аяқталады. Шешім қалай беріледі? Бұл тек тыңдалым қатынасы үшін ғана емес, оны айтылымға салып монолог, диалог түріне де түсіруге болады.

Сөздің лексикалық мағынасымен жұмыс. Тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым қатынастары дыбыстардың нақтылығына да көңіл аударуы шарт. Тілді сапалы білудің бір жолы балалардың сөз мағынасын түсінуі десек, мәтін материалдарымен жұмыста жеке сөздің лексика-семантикалық сипаттарына, сөйлем ішіндегі мағыналық өзгерістеріне талдау жасау күнделікті жұмыс түрлерінің бірі.

Жаңа сөздер жұмыс, жаңа сөздерді жазу, жаңа сөз қатысып тұрған сөйлемді сол сөзбен бірге алып мағынасын ашу. Жеке сөздердің мағынасы. Мәтін ішіндегі мағынасы көмескі сөздердің семантикасымен жұмыс жүргізіледі. Көркем мәтінде ғана емес, барлық мәтіндерге дерлік сөйлемнің мағына өзгерісімен берілуі де – заңдылықтардың бірі. Мәтіндегі ауыспалы мағынадағы сөздердің тура мағыналарын ашу, мағына өзгерісінің себептерін көрсету арқылы оқушыларға тыңдалым ғана емес, лексика-семантикалық, морфологиялық, сөзжасамдық та талдау жұмыстары қажет болады.

Сонымен бірге тілдік қатынастардағы үнемі орындалатын жұмыс түрлерінің қатарында дыбыстың фонетикасымен жұмысты аламыз. Дыбыс табиғатын тану – оқушының сауатты жазуы мен мәдениетті айтуы, сөйлеу қызметтерінің нәтижесі. Дыбыстарды, жеке сөздерді қайталау, айтылуы қиын, бірнеше дыбыстық позициялардан тұратын құрылымы күрделі сөздерді бірнеше қайталау, дыбыстардың жасалу орны мен өзара ықпалын талдау жұмыстарын да жылдам әрі дағдылы түрде жүргізу сапалы білімге жеткізеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуындағы жуан-жіңішке, қатаң-ұяң-үнді дыбыстардың айтылу, жасалу, сөз ішіндегі орны туралы қайталау жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ тілін сапалы игертуде жұмыс түрлерінің бірі ретінде тізбек жұмысын қолдануға болады. Дыбыс – сөз – сөз тіркесі – сөйлем – мәтін тізбегі бойынша жеке дыбыстан бастап, мазмұнды мәтінге дейінгі аралықтағы оқу

техникасының өзгерістеріне, дыбыс ерекшеліктерін талдау жұмыстары да оңайдан қиынға қарай сатылап орындалады.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау» [4].

Оқылым қатынастары оқушылардан тыңдалымға қарағанда талаптарды күшейтеді. Дегенмен оқушылардың дағды мен іскерлікке үйренген үлгі қалыптары ақпарттарды анықтау, олардың ерекшеліктерін аша білу, өзара салысту жасау, қосымша материалдармен толықтыру, көзқарасын білдіру, баға бере алу сияқты креативті талаптарды да қиналмай орындайтын болады.

Бүгінгі күнгі білім берудің талаптары басқаша. Бұл оқушылардың білімді қайталап айтып берулері емес, білімді өздерінің қорыта алулары, одан қажетті материалдарды сұрыптай білулер, бұл оқушылардың жазылым жұмыстары арқылы анықталады. Ойды жинақтау, ретімен айту, деректерді дұрыс ұсына білу, оны дәлелдей алу, баға беру сияқты күрделі тапсырмаларды сауатты жазуды қажет ететді. Сондықтан да қазіргі тілді оқутудағы қатынастар оларды тек біржақты тілді иегруді ғана емес, қажетті тілдік материалдарды меңгеру, оларды қолдана алу, күнделікті өмір мен тұрмыста қолданудан бастап, кең көлемдегі пайдаға асыра алу шарттарынан тұрады. Бұл – қазақша ойланып, қазақ тілі арқылы қағаз бетіне түсіп, бай қазақ тілінің сөздік қорымен, көркем кестесімен жетсе деген тілекпен қызмет етуімізді талап етеді.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: Сөздік – Словарь. 2005. – 272 б.

3 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.

4 Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015982>

САПА МЕНДЖМЕНТІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ КӨРСЕТКІШІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ

Мурзагалиева К. К.

«Жас дәурен» бөбекжай бақшасының меңгеруші
Атырау облысы, Махамбет ауданы, Ақтоғай ауылы

murzagalieva1964@mail.ru

Еліміздегі білім беру жүйесінің бастапқы сатысы мектепке дейінгі білім беру ұйымы болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі әлі де қоғам санасында мектеп жасына дейінгі балаларды күтіп-баптау, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту қызметін ұсынатын сала ретінде қабылданады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты білім беру сапасын қамтамасыз етуді көздейді. Бұл қоғамның және мемлекеттің көкейтесті, әрі перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес білім беру саясатын жүзеге асырудың басты міндеті.

Сапаны жүйелі басқару — мектепке дейінгі білім беру саласын басқарудың жаңа парадигмасы, бұл білім беру ұйымы жүйесін ұйымдастырудың басым міндеттері қатарында сапаны алға шығарумен байланысты [1].

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру сапасы мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мазмұны мен нәтижелерінің МҰ-ның стандарт негізінде болжанған мақсаттарына сәйкестік деңгейі, осы орайда білім беру процесінің субъектілері: балалар, педагогтар және ата-аналардың да қажеттілігі мен сұранысы ескеріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы сапа менеджменті — бұл МҰ-ды басқарудың сапаға қатысты бағдарлы қызметі, демек мүмкін болатын дағдарыстық жағдаяттарды болжап, алдын-алу үшін басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру арқылы туындаған қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беру жолы.

Сапа менеджмент жалпы бес құрауыштан тұрады:

1) сапа саласындағы саясат, онда мектепке дейінгі ұйымның стратегиялық және оперативтік мақсаты мен міндеттері қарастырылады. Әрбір МҰ өз миссиясын, қағидаттары мен құндылықтарын жариялауы тиіс;

2) сапаны жоспарлау, бұл тұтынушылардың қажеттілігі мен сұранысын мұқият зерделеп, білім беру қызметі сапасын жоспарлау жөніндегі шаралардан және сапаны (процесті, жүйені) жетілдіру жөніндегі негізгі ережелерді дайындаудан тұрады;

3) сапаны басқару – бұл сапаға қатысты талаптарды орындауға бағытталған оперативтік сипаттағы қызмет, бұл жерде сапаның төмендеуімен байланысты проблемаларды шешу немесе сәйкессіздік мәселесі шешіледі;

4) сапаны қамтамасыз ету - тұтынушы мен ұйым басшысының барлық талаптар сапалы орындалатынына сенімділік туғызатын жүйелі шараларды қабылдауынан тұрады;

5) сапаны жақсарту не жетілдіру - МҰ жүйесін үнемі дамыту (МҰ Даму бағдарламасы және т.б.) тұрғысынан өте маңызды шешім болып табылады.

Тұтынушыны бағдарға алу. Кез келген ұйым не мекеменің қызметі оның тұтынушыларымен байланысты, сондықтан білім беру ұйымдары тұтынушылардың ағымдағы және келешектегі сұраныстарын түсінуі және сұранысқа сәйкес талаптарын орындауға талпынуы тиіс. МҰ қызметінің тұтынушылары мемлекет, қоғам, тұлға (бала және оның ата-анасы) болып табылады.

Мектепке бағыт алу мектепке дейінгі ұйым мен мектептің сабақтастық не өзара байланыс жұмыс жоспарында көрініс табады, МҰ-ның оқу жылына құрылған жылдық жоспарының міндетті бөлімі (мектеп мұғалімдерімен бірлесіп кеңес өткізу, ашық көрсетілімдерге және т.б. шаралаға қатысу) болып табылады.

Қазіргі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқыту технологиясындағы өзгерістер «МҰ-ата-ана-тәрбиеші» қатынасы сипатындағы өзгерістермен бірге жүріп отырады, оның негізінде сыйластық пен сенім жатыр [2]. Тұтынушылардың МҰ қызметіне қажеттілігі не сұранысы білім беру маркетингі (интервью, сауалнама, сұхбат және т.б.) аясында қарастырылады. Маркетинг нәтижелерін негізге ала отырып, мектепке дейінгі ұйым отбасыларға білім беру бағдарламалары, технологиялар мен формаларын таңдау мүмкіндігін ұсыну арқылы ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін қалыптастыруға назар аударады.

Осыған орай МҰ ұсынатын қызмет сапасы көрсеткіштерінің бірі отбасымен өзара байланыс жұмысы болып табылады. Отбасы - түрлі санаттағы қызметке тапсырыс беруші: мектепке дейінгі ұйымға балалары қабылданған отбасы; қысқа мерзімді топқа қабылданған балалар; мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалары бар отбасы; болашақ ата-аналар.

Мектепке дейінгі ұйымның бәсекегеқабілеттілігін арттыру оның тұтынушы талаптарын қанағаттандыру қабілетімен байланысты, ол сапа менеджменті жүйесіндегі қызмет бағытын (әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасыларды және жекелеген балаларды айқындау, дарынды балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, ерекше балаларды айқындау және оларды жеке сүйемелдеу) айқындауы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйым жергілікті тұрғындарға негізгі (білім беру) және қосымша (білім беру, дене шынықтыру-сауықтыру, медициналық және т.б.) қызметті ұсына отырып, оны «өз дегенін қалайтын» тұтынушыға бағдарламайды, керісінше нақты балалардың даралық ерекшеліктерін (ерте жаста бейімделу тобы, болашақ мектеп оқушыларына арналған дамытушы сабақтар, түрлі үйірмелер, спорттық секциялар) және ата-аналардың мәдениеті мен білім деңгейін, мүдделері мен қабілеттерін ескеруі тиіс [3].

Басқарудағы көшбасшылық. Мектепке дейінгі ұйым басшысы өзінің тұлғалық үлгісімен сапалық міндеттемесін көрсете білуі тиіс.

Басшы МҰ-ның жауапты тұлғасы ретінде өзінің білім беру ұйымының миссиясын анықтайды және сапа саясатын қалыптастырады. Осының негізінде

мектепке дейінгі ұйымның білім беру сапасын басқару жүйесі тәрбиеленушілердің, педагогтар мен ата-аналардың тұлғасына бағдарлануы тиіс. Бұл МҰ басшысының басқарушылық мәдениетін әкімшілік басқарудан ізгілікті тұрғыда басқаруға алмастыру арқылы өзектендіре түседі. Бұл жерде командалық менеджмент идеясын жүзеге асыру негізінде басшының кәсіби құзыреттілігі, басқарудың демократиялық стилі көрініс табады [4].

МҰ басшысының ролі сол, ол мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін (МҰ-ның әдістемелік жұмыс жүйесі, біліктілікті арттыру курстары арқылы) оқытуды, сондай-ақ МҰ білім сапасы (кадрлық әдістемелік, қаржылық, материалдық-техникалық т.б.) міндеттерін шешуге қажетті ресурстарды қамтамасыз етуі қажет.

Осы қағидаты жүзеге асыру мектепке дейінгі ұйым басшысынан сапаға қатысты ұзақ мерзімді саясат пен миссиясын анықтап алуды талап етеді. Бұл МҰ құжаттарында (қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінде, жылдық жұмыс жоспарында т.б.) көрініс табуы тиіс.

Қызметкерлерді тарту. МҰ білім сапасының жүйесі және оның тетіктері педагог қызметкерлердің осы ұйым қызметінің сапасын үнемі жақсартуға деген бастамасын оятуы қажет. Педагог қызметкер сапа мәселесіне қатысты - тұтынушыларға (балаларға, ата-аналарға, мектепке, қоғамға) және басқа да мүдделі тараптарға өзінің мектепке дейінгі ұйымын ұсына алатындай жауапкершілік алуы тиіс.

МҰ-да білім сапасын арттырудың басты ресурсы – ішкі барлық қызметкерлер жұмысының командалық ұйымдастырылуы. Бұл МҰ ұжымының әрқайсысының өз міндетін сапалы атқаруына деген саналылықты талап етеді.

Ойымды түйіндер болсам, мектепке дейінгі ұйымда білім беру сапасының толық жүйесін құру - МҰ басшысынан бастап, барлық педагогтардың құзыретіндегі сапаға қатысты шешім қабылдауын талап ететін үрдіс. Сонымен қоса, басқаруда сапа менеджменті қағидаттарын ескеру мектепке дейінгі ұйымның бірнеше қызмет бағыты бойынша білім беру қызметінің нәтижелі көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Бузаубакова К.Д. Білім берудегі менеджмент. Оқулық / К.Д.Бузаубакова. - Тараз: ИП «Бейсенбекова А.Ж.», 2020. -383 б.
2. Белая К.Ю. Инновационная деятельность в ДОУ: Методическое пособие. – М.: Сфера», 2004.
3. Пуденко Т.И. Разработка программы развития дошкольного образования: науч.-метод. пособие. – 2013. – 80 с.
4. Лопсонова З.Б. Управление качеством образования в ДОУ Вестник БГУ, 2014

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мусина А.А., Г.С.Әуелбаева

Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті
mussina_ainura@mail.ru

Заманауи педагогтің кәсіби құзыреттіліктеріне қазіргі таңда цифрлық құзыреттілігі маңызды орын алады. Цифрлық құзыреттілікті анықтау үшін ең алдымен цифрлық сауаттылыққа тоқаталамыз. Педагогтің цифрлық сауаттылығы – бұл ақпаратты қауіпсіз және дұрыс басқару, оны түсіну және біріктіру, бөлісу, ақпаратты бағалау және құру және оған экономикалық және әлеуметтік өмірге қатысу үшін сандық құрылғылар мен желілік технологиялар арқылы қол жеткізу мүмкіндігі [1].

Халықаралық жаһандану жағдайындағы өмірдің барлық салаларындағы қазіргі өмір сандық технологияларды жаппай енгізумен, интернет технологияларын таратумен қатар жүреді. Еліміздің халықаралық экономикалық және саяси қоғамдастыққа біртіндеп кіруі дәстүрлі білім беру жүйесіне жаңа қауіп-қатерлерді анықтайды, қазіргі ақпараттық-технологиялық және мәдени мәселелерді анықтайды. Жаңа ақпараттық шындық, қазіргі заманғы адамның өмір салты қазіргі заманғы маманның ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық - технологиялық құзыреттілігін дамытуға қойылатын талаптарды қояды. Сонымен бірге, ақпараттық мәдениеттің төмен деңгейі сандық технологиялардың сапалы дамуына, тұтастай алғанда елдің модернизациясына, оның бәсекеге қабілеттілігі мен ұлттық қауіпсіздігіне, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға айтарлықтай кедергі болды [4]. Сондықтан базалық біліммен қатар жаңа цифрлық құзыреттілікті, желілік өзара іс-қимыл негізінде қазіргі заманғы цифрлық технологияларды пайдаланудың ерекше мәдениетін қалыптастыру бүгінгі таңда өте өзекті.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б. тіркестермен тығыз байланысты. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан - жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін – зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани т. б, көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Мұғалім алғаш жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден меңгереді, үшіншіден тәжірибеде қолданады, төртіншіден оны дамытып нәтижесін көрсетеді [2].

«Ақпараттық компьютерлік технологиялар» – бұл термин бүгінде баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода жиі кездеседі. Ақпарат алудың қазіргі кезде көптеген көздері мен құралдары бар. Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролін қазіргі заман талаптары өзі анықтап отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құрамына айналды.

Ақпараттық технология құралдары оқушыларға тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Білім деген бір - бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болады. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуымен оқу материалының сапасын арттырады.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютерде оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан ұстаз – мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасы артады, мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологияларының бірі - оқытудың компьютерлік технологиясын мектебіміздің пән мұғалімдері өз тәжірибелерінде қолданып келеді. Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану – оқу процесін, жаңа оқу - әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді.



Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады.

Компьютерлік оқыту технологиясы – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Дидактиканың негізгі принципі - білім беру кезінде көрнекіліктерді пайдалану, осы себепті компьютерлік технологияны пайдалану оқу барысында қойған мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік оқыту технологиясын пайдалану арқылы білім сапасын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып, төмендегідей мақсат құрылды:

- 1) осы компьютерлік оқыту технологиясы арқылы білім сапасын арттыру;
- 2) оқытуды ұйымдастыру формаларын: жеке, топтық, ұжымдық жұмыс жасау формаларын үнемі пайдалану;
- 3) қолданылған технологиялар: жобалау, компьютерлік әдісі, ақпараттық ойын, топтық т. б. элементтері;
- 4) қорытынды диагностика: тестілеу, жобаны қорғау [3].

Мұғалім араласпай - ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық - анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың бір неше бағыттары бар, солардың ішінде өз тәжірибемдегі негізгілері мыналар:

- компьютер – оқушы білімін бағалау құралы;
- компьютерлік модельдеуді қолданатын электронды оқулықтар;
- мультимедиа - технология, жаңа материалды түсіндірудегі құрал;
- дербес компьютер, білім жетілдіру құралы.

Енді оқытудың ақпараттық технологияларының мәнін ашып көрсетейік.

1. Компьютерлік және ақпараттық сауаттылық. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылық ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді.

2. Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану – оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді. Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамиды әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Компьютерді пайдалану оқушының пәндер бойынша терең танып білуіне ғана емес сондай - ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру - уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық

технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Формирование цифровой грамотности обучающихся: Методические рекомендации для работников образования в рамках реализации Федерального проекта «Цифровая образовательная среда» / Авт.-сост. М.В. Кузьмина и др. – Киров: ИРО Кировской области, 2019. - 47 с.

2. Колыхматов В.И. Профессиональное развитие педагога в условиях цифровизации образования: учеб-метод. пособие – СПб.: ГАОУ ДПО «ЛОИРО», 2020. – 135 с

3. Асадуллин Р.М., Дорофеев А.В., Левина И.Р. — Диагностика цифровых компетенций педагога // Педагогика и просвещение. – 2022. – № 1. – С. 1 - 17. Правильная ссылка на статью: Асадуллин Р.М., Дорофеев А.В., Левина И.Р. — Диагностика цифровых компетенций педагога // Педагогика и просвещение. – 2022. – № 1. – С. 1 - 17.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ДИСТАНЦИОННОМ ОБУЧЕНИИ В ПРОЦЕССЕ ЯЗЫКОВОЙ ПОДГОТОВКИ ОБУЧАЮЩИХ.

Мусина Ж.А.

преподаватель английского языка, ГУ «Средняя общеобразовательная школа
№39 инновационного типа с гимназическими классами»
докторант НАО «Торайгыров университет», Казахстан, Павлодар
zhanna_musina@inbox.ru

Наш путь в будущее связан с созданием новых возможностей для раскрытия потенциала казахстанцев. Развитая страна в XXI веке - это активные, образованные и здоровые граждане... Нам предстоит большая работа по улучшению качества всех звеньев национального образования.
Нурсултан НАЗАРБАЕВ, первый президент Республики Казахстан

Развитие информационных и коммуникационных технологий последних десятилетий влияет на все сферы человеческой деятельности.

Создание и развитие информационного общества предполагает включение в процессе обучения современных технических средств, широкое применение информационных и коммуникационных технологий постоянные изменения требуют поиска подходов к образованию.

В научными деятелями отмечается, что современное образование должно быть непрерывным, обеспечивать постоянное повышение квалификаций, переподготовку специалистов, расширение спектра образовательных услуг,

возможностей самообразования за счет активного внедрения в процессе обучения современных информационных технологий.

Дистанционное обучение - это демократичная простая и свободная система обучения, изобретенная в Великобритании, которая в настоящее время активно используется во всех странах мира для получения дополнительного образования. Студент, постоянно выполняя практические задания, приобретает устойчивые автоматизированные навыки, Теоретические знания усваиваются без дополнительных усилий, органично вливаются в тренировочные упражнения.

Формирование теоретических и практических навыков достигается в процессе систематического изучения материалов и прослушивания и повторения за диктором упражнений на аудио и видеоносителях, выполнения практических заданий, упражнений и тестов по изучаемой теме.

Дистанционное обучение может стать достойной альтернативой существующей системе заочного образования, объявил Н. Назарбаев в своем послании народу Казахстана. Заочное образование в Казахстане трансформируется в дистанционное. И рождает много вопросов. Главным аргументом отмены в стране традиционной формы служит отсутствие должного уровня знаний при слишком свободной форме обучения. Ее должным образом может заменить дистанционная технология. И она, как любая другая инновация, ни в коем случае не должна отражаться на качестве образования.

Близкое по смыслу понимание приводится в широко известном определении дистанционного обучения, сформулированном А.А Андреевым: «дистанционное обучение» - это синтетическая, интегральная, гуманистическая форма обучения, базирующаяся на использовании широкого спектра традиционных и новых информационных технологий и технических средств, которые используются для доставки учебного материала, его самостоятельного изучения, организаций диалогового обмена между преподавателем и обучающимся, когда процесс обучения не критичен к их расположению в пространстве и во времени, а также к конкретному образовательному учреждению

Главная цель системы дистанционного обучения - максимальное удовлетворение образовательных потребностей учащихся по самому широкому спектру специальностей, диапазону уровней образования, учебных заведений и информационно-образовательных ресурсов, независимо от места нахождения, как учащегося, так и образовательного ресурса или услуги, в которых он нуждается, с использованием преподавателем современных информационных и телекоммуникационных технологий.

В приведённом определении отражается не только специфический характер взаимодействия субъектов обучения посредством новых информационных технологий и технических средств, разделённость обучающихся и преподавателей большими расстояниями или временем работы, но и особые характеристики дистанционного обучения, основанного на интеграции образовательных технологий, учёте индивидуальных запросов

обучаемых, построении индивидуальной траектории обучения, гибкости и адаптивности.

И так, в 2019 году многие вузы и полностью система образования поменяла подходы и принципы в обучении. Был утвержден порядок об использовании и применение дистанционных образовательных технологий в учебном процессе. Дистанционные образовательные технологии (ДОТ) реализуемые в основном с применением информационных и телекоммуникационных технологий при опосредованном (на расстоянии) или не полностью опосредованном взаимодействии обучающегося и педагогического работника. Указывается, что образовательное учреждение вправе использовать ДОТ при всех предусмотренных законодательством Казахстана формах получения образования или при их сочетании, при проведении различных видов учебных, лабораторных и практических занятий, практик (за исключением производственной практики), текущего контроля, промежуточной аттестации обучающихся. При этом, использование ДОТ не исключает возможности проведения учебных, лабораторных и практических занятий, практик, текущего контроля, промежуточной и итоговой аттестаций путем непосредственного взаимодействия педагогического работника с обучающимся, что является, на наш взгляд, одним из подходов в реализации технологий смешанного обучения.

Соотношение объема проведенных учебных, лабораторных и практических занятий с использованием ДОТ или путем непосредственного взаимодействия педагогического работника с обучающимся определяется образовательным учреждением.

Е. С. Полат, определяя дистанционное обучение, отмечает, что это есть «взаимодействие учителя и учащихся, учащихся между собой на расстоянии, отражающее все присущие учебному процессу компоненты (цели, содержание, методы, организационные формы, средства обучения) специфическими средствами Интернет-технологий». Похожую точку зрения мы находим в работах А. А. Андреева, который указывает на то, что дистанционное обучение можно рассматривать как:

- целенаправленный процесс интерактивного взаимодействия обучающихся и обучающихся между собой и со средствами обучения,

- инвариантный к их расположению в пространстве и во времени и реализуемый в специфической дидактической системе, включающей в себя цель, содержание, методы, средства, формы. Значимым для нашего исследования является определение дистанционного обучения сформулированной В.Н. Петровой: «такую форму обучения, которая базируется на самостоятельном получении студентами необходимого объема и требуемого качества знаний по профессии и одновременно предусматривает использование широкого спектра как традиционных, так и новых информационных технологий».

Мы согласны с мнением Воронкова Ю.В., который отмечает, что в рамках дистанционного образования наиболее целесообразным является реализация модульного обучения.

Трактовку дистанционного обучения как процесса взаимодействия субъектов образовательной деятельности выделяет Т.М. Петрова, отмечая, что это играет особую роль наряду с такими характерными чертами дистанционного образования как:

- обучение на расстоянии и разделение по времени,
- повышение роли самостоятельной работы,
- широкое использование новых информационных технологий;
- возможность предоставления образовательных услуг широким слоям населения.

Подобное смещение взглядов на возможности дистанционного обучения выражается в активном использовании в построении и реализации дистанционных курсов средств интернет-взаимодействия участников образовательного процесса. Так, например, А. В. Хуторской указывает, что в настоящее время организационные и педагогические возможности дистанционного обучения реализуются с помощью:

- практически всех доступных телекоммуникационных сервисов,
- специального программного обеспечения, позволяющего комплексно решать многие организационные и педагогические задачи дистанционного обучения,

При этом развитие коммуникационных технологий дистанционного обучения в последние два года в Казахстане соответствует общей тенденции внедрения дистанционных технологий а также средств голосовой и видеосвязи через Интернет (Skype, Zoom и др.).

Сетевые сообщества, складывающиеся в ходе реализации дистанционных курсов, позволяют, по мнению ряда ученых вести речь о создании специфической образовательной среды, которой были бы присущи:

-интенсивный коммуникационный процесс, способствующий развитию навыков межперсональной коммуникации, обогащению идеями, обмену знаниями;

- высокая мотивация обучения и развитие чувства индивидуальной ответственности за групповую учебную деятельность;

- обогащение учебного опыта, соединение учебного и личного опыта в социальном контексте;

- преодоление чувства одиночества, изолированности, осознание чувства принадлежности к коллективу;

- оказание эмоциональной, психологической поддержки друг другу;

- обучение через делание, практику;

- выработка нового знания путем общения с другими, на основе обучения в сотрудничестве.

Дистанционное обучение не является синонимом электронного обучения, Современные студенты и обучающие высоко оценивают информационные

коммуникационные технологии как необходимые и доступные им средства обучения, а E-learning является одним из возможных инструментов. Широкий спектр методов дистанционного обучения позволит выбирать метод с учётом индивидуальных требований и предпочтений студентов, кроме того, E-learning не исключает учебного диалога с преподавателем.

К достоинствам дистанционного обучения относятся то, что время и место обучения студенты выбирают сами; прочное усвоение знаний достигается за счет постоянного контакта с преподавателем и индивидуального графика обучения. Применительно к условиям дистанционного обучения под методами обучения мы будем понимать систему последовательных взаимосвязанных действий обучаемого (группы обучаемых), опосредованно управляемых со стороны обучающего благодаря использованию педагогических программных средств и телекоммуникации.

В условиях электронного обучения в полной мере применимы общедидактические методы: информационно-рецептивный, репродуктивный, проблемное изложение, эвристический, исследовательский.

Информационно-рецептивный - объяснительно-иллюстративный способ организации совместной деятельности преподавателя и учащихся, при котором преподаватель сообщает готовую информацию, а учащиеся воспринимают, осознают и фиксируют ее в памяти. Информация сообщается в виде рассказа, лекции, объяснения, с помощью печатных пособий (учебник, уч. пособие и т. д.), наглядных средств (картины, схемы, кино- и диафильмы, натуральные объекты в классе и во время экскурсий), практического показа способов деятельности (способ решения задачи, доказательства теоремы, демонстрация способа работы на станке и др.).

Этот метод позволяет учащимся чувственно воспринимать учебный материал. Они смотрят, ощупывают, читают, наблюдают, соотносят новую информацию с имеющимися у них сведениями. Такой метод является одним из самых экономных способов передачи опыта. Этот метод сегодня является одним из самых распространенных и достаточно широко отражен в педагогической литературе. Однако необходимо, чтобы учащиеся сегодня не только усваивали предлагаемую им информацию, но и усваивали ее структуру, методы ее нахождения и методы применения.

Поэтому совместно с методом информационно-рецептивным применяется репродуктивный метод (от слова репродукция - воспроизведение). Информационно-рецептивный метод сам по себе не формирует у учащихся умений и навыков использования полученных знаний и не гарантирует их сознательного и прочного запоминания, поэтому учитель вынужден организовывать деятельность учащихся по неоднократному воспроизведению усваиваемых знаний, т.е. использовать репродуктивный метод обучения. Для этого используются разнообразные упражнения, лабораторные, практические работы, программированный контроль, различные формы самоконтроля и т. п. Эти два метода (информационно-рецептивный и репродуктивный) чаще всего применяются во взаимосвязи, но первый всегда предшествует второму. Вместе

они способствуют формированию знаний, навыков и умений у учащихся, формируют основные мыслительные операции (анализ, синтез, обобщение, перенос, классификация и пр.), но они не гарантируют развития творческих способностей учащихся. Поэтому для развития деятельности применяются другие методы.

Проблемное изложение. Суть его заключается в том, что преподаватель ставит перед учащимися проблему и сам ее решает, но при этом он показывает ход своих мыслей и рассуждений. Иначе этот метод можно назвать рассказ-рассуждение. При использовании этого метода учащиеся контролируют ход мысли преподавателя, следят за логикой его рассуждений.

Использование этого метода позволяет учащимся усвоить способ и логику решения проблем данного типа, но еще без умения применять их самостоятельно. Поэтому данный метод используется, как правило, при изучении сложных учебных вопросов. преподавателем могут быть использованы любые средства: слово (логическое рассуждение), текст книги, таблицы, кинофильм, магнитные записи и т. п.

При этом методе учащиеся не только воспринимают, осознают и запоминают готовую информацию, но и следят за логикой доказательств, за движением мысли преподавателя, контролируя её убедительность.

Частично-поисковый (или эвристический) метод. При этом методе способ поиска решения проблемы определяет преподаватель, но сами решения отдельных вопросов находят учащиеся.

Учащиеся самостоятельно решают сложную учебную проблему не от начала и до конца, а лишь частично. Преподаватель привлекает учащихся к выполнению отдельных шагов поиска. Часть знаний сообщает преподаватель, часть учащиеся добывают самостоятельно, отвечая на поставленные вопросы или разрешая проблемные задания.

Таким образом, сущность метода обучения сводится к тому, что:

- не все знания учащимся предлагаются в готовом виде, их частично нужно добывать самостоятельно;

- деятельность преподавателя заключается в оперативном управлении процессом решения проблемных задач.

Процесс мышления приобретает продуктивный характер, но при этом поэтапно направляется и контролируется педагогом или самими учащимися на основе работы над программами (в том числе и компьютерными) и учебными пособиями.

Основное назначение метода – постепенная подготовка обучаемых к самостоятельной постановке и решению проблем. Одной из модификаций данного метода является эвристическая беседа.

Исследовательский метод. Это способ организации творческой деятельности учащихся по решению новых для них задач. При их выполнении учащиеся должны самостоятельно овладевать элементами научного познания (осознавать проблему, выдвигать гипотезу, строить план ее проверки, делать выводы и т. п.). Главная особенность этого метода, в отличие от двух

предыдущих, заключается в том, чтобы научить учащихся видеть проблемы, уметь самостоятельно ставить задачи.[1]

Задания, выполняемые с использованием исследовательского метода, должны включать в себя все элементы самостоятельного исследовательского процесса (постановка задачи, обоснование, предположение, поиск соответствующих источников необходимой информации, процесс решения задачи).

При использовании этого метода используются такие традиционные средства обучения, как слово, наглядность, практические работы.

Таблица 1: Методы самостоятельной работы в дистанционном обучении.

Метод обучения	Деятельность преподавателя	Деятельность учащегося
Информационно-рецептивный метод	Предъявление информации (педагогом или заменяющим его средством). Организация действий студента с объектом изучения	Восприятие знаний. Осознание знаний. Запоминание (преимущественно произвольное)
Репродуктивный метод	Составление и предъявление задания на воспроизведение знаний и способов умственной и практической деятельности. Руководство и контроль за выполнением	Актуализация знаний. Воспроизведение знаний и способов действий по образцам, показанным другими (педагогом, книгой, техническими средствами). Произвольное и непроизвольное запоминание (в зависимости от характера задания)
Репродуктивный метод	Составление и предъявление задания на воспроизведение знаний и способов умственной и практической деятельности. Руководство и контроль за выполнением	Актуализация знаний. Воспроизведение знаний и способов действий по образцам, показанным другими (педагогом, книгой, техническими средствами). Произвольное и непроизвольное запоминание (в зависимости от характера задания)
Метод проблемного изложения	Постановка проблемы и раскрытие	Восприятие знаний. Осознание знаний и проблемы. Внимание к

	доказательного пути ее решения	последовательности и контроль над степенью убедительности решения проблемы. Мысленное прогнозирование очередных шагов логики решения. Запоминание (в значительной степени произвольное)
Эвристический метод	Постановка проблем. Составление и предъявление заданий на выполнение отдельных этапов решения познавательных и практических проблемных задач. Планирование шагов решения. Руководство деятельностью учащихся (корректировка и создание проблемных ситуаций)	Восприятие задания, составляющего часть задачи. Осмысление условий задачи. Актуализация знаний о путях решения сходных задач. Самостоятельное решение части задачи. Самоконтроль в процессе решения и проверка его результатов. Преобладание произвольного запоминания материала, связанного с заданием. Воспроизведение хода решения и его самостоятельная мотивировка
Исследовательский метод	Составление и предъявление проблемных задач для поиска решений. Контроль за ходом решения	Восприятие проблемы или самостоятельное усмотрение проблемы. Осмысление условий задачи. Планирование этапов исследования (решения). Планирование способов исследования на каждом этапе. Самоконтроль в процессе исследования и его завершения. Преобладание произвольного запоминания. Воспроизведение хода исследования, мотивировка его результатов. [2]


Все эти пять методов делятся на две группы: репродуктивные (информационно-рецептивный и репродуктивный) и продуктивные (частично-поисковый и исследовательский), а метод проблемного изложения, являясь промежуточным, может быть отнесен как к репродуктивным, так и к продуктивным.

Все эти методы в процессе обучения реализуются в теснейшей взаимосвязи.

Каждый из методов определяется специфическими целями обучения, способами усвоения знаний и норм деятельности и характером взаимодействия субъектов и объектов образовательного процесса. В педагогике под организационными формами обучения понимается совокупность вариантов осуществления педагогического общения между обучаемыми и обучающимся, Главным признаком дистанционного обучения является опосредованное, т.е. происходящее без личного контакта обучающего и обучаемых, педагогическое общение.

В силу этого различные формы электронного обучения будут рассматриваться нами в трех подсистемах общения.

- Я - Другой (обучаемый-обучающий);
- Я - СО (средство обучения);
- Я - Я (рефлексия).



Таким образом, практики отмечают, что дистанционное обучение имеет свою специфическую логику построения и функционирования, свои критерии эффективности. На наш взгляд, лишь детальное, методологически адекватное описание целей, содержания, методов средств и форм дистанционного и электронного обучения будет способствовать переходу на качественно новый уровень усвоения знаний, формирования умений и навыков, становления профессиональных компетенций.

Литература

1. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании : [учеб.

пособие для вузов] / И. Г. Захарова. - 7-е изд., перераб. и доп. - М.: Академия, 2018. - 192 с.: ил.- (Высшее профессиональное образование. Бакалавриат) (Педагогическое образование).

2. Коджаспирова Г. М. Педагогика: учебник для студентов вузов, обучающихся по пед. спец. (ОПД,Ф,02- Педагогика)/ Г. М. Коджаспирова – М.:КНОРУС, 2013. - 740 с.

GAMES IS ONE OF THE MODERN TECHNOLOGY IN THE EDUCATION

Mukhambetzhanova A.K.

English teacher, school №27, Pavlodar

Muhainur8807@mail.ru

Introduction

Language is immensely powerful, but it can also be loads of fun. In fact, a sense of fun can make language more powerful ...Language and play complement and enrich each other. A fusion of the two produces language games (Rooyackers, 2002: Preface). Game is a natural means for children to understand the world around them. Therefore, it should be part and parcel of their learning, including the learning of foreign languages. The exploitation of games in children's learning is not a recent idea. This thought was already supported by Czech teacher Jan Amos Komensky in his book *Schola Ludus* (Osobnosti.cz, n.d.) in the 17th century. This book is a collection of plays which should serve for the teaching of Latin. Furthermore, Komensky in this book emphasized that all teaching should be illustrative with the help of specific examples. In addition, the teacher should proceed in his teaching from easy examples to the most difficult ones.

The Definition of Game, its Classification and Benefits

There exists an array of definitions of the term game (cf. Celce-Murcia & McIntosh, 1979; Hadfield, 1998; Khan, 1991; Wright, Betteridge, & Buckby, 2005). Hadfield (1998: 4), for example, defines the game as 'an activity with rules, a goal and an element of fun'. In this paper the game is perceived as a meaningful fun activity governed by rules (author's definition). The language games can be divided according to different principles. Hadfield (1998) offers two classifications of language games. She divides them into linguistic (these focus mainly on accuracy) and communicative games (these are based on successful exchange of information). Hadfield's second classification has more categories and usually includes both linguistic and communicative aspects. These games are as follows

(Hadfield, 1998, as cited in Jacobs, n.d. b):

Sorting, ordering, or arranging games. For example, students have a set of cards with different products on them, and they sort the cards into products found at a grocery store and products found at a department store.

Information gap games. In such games, one or more people have information that other people need to complete a task. For instance, one person might have a drawing and their partner needs to create a similar drawing by listening to the information given by the person with the drawing.

Guessing games. These are a variation on information gap games. One of the best known examples of a guessing game is 20 questions, in which one person thinks of a famous person, place, or thing. The other participants can ask 20 yes/no questions to find clues in order to guess who or what the person is thinking of.

Search games. These games are yet another variant on two-way information gap games, with everyone giving and seeking information. Find Someone Who is a well-known example. Students are given a grid. The task is to fill in all the cells in the grid with the name of a classmate who fits that cell, e.g. someone who is a vegetarian. Students circulate, asking and answering questions to complete their own grid and help classmates complete theirs.

Matching games. As the name implies, participants need to find a match for a word, picture, or card. For example, students place 30 word cards, composed of 15 pairs, face down in random order. Each person turns over two cards at a time, with the goal of turning over a matching pair, by using their memory.

Labelling games. These are a form of matching, in that participants match labels and pictures.

Exchanging games. In these games, students barter cards, other objects, or ideas.

Board games. Scrabble is one of the most popular board games that specifically highlights language.

Role play games/dramas. Role play can involve students playing roles that they do not play in real life, such as dentist, while simulations can involve students performing roles that they already play in real life or might be likely to play, such as customer at a restaurant. Dramas are normally scripted performances, whereas in role plays and simulations, students come up with their own words, although preparation is often useful.

A similar classification is provided by Lewis & Bedson (1999). In their classification some of the games listed above can be included in their classification under a broader umbrella term, such as movement games (the type of game when learners are physically active, e.g. Find your partner) or task-based games (usually pairs or groups work on meaningful task in the way they enjoy; learners obey clear rules and they have got a chance to practise all language skills; teacher is an organizer and facilitator). In addition to Hadfield (1998), they add a very popular type of games nowadays, i.e. computer games (they can be played either at school or at home, individually or in pair; students predominantly practice their reading and writing skills). Finally, Jacobs (n.d. a) makes another distinction between the language games. He divides them into competitive (learner tries to be first to reach the goal) and cooperative games (learners try to reach the same goal together; they help each other). And he suggests that competitive games can be modified to lessen the

competitive element and to add a cooperative element. In his paper he also gives a few specific examples based on the available literature.

Many surveys also proved that the games have a positive and effective influence on the learning of foreign languages (cf. Carrier, 1985; Chen, 2005; Jacobs, n.d. b; or Kupeckova, 2010). The reasons for this statement are as follows:

- games get students involved in their learning; they motivate them;
- games encourage creative and spontaneous use of language (cf. Chen, 2005);
- games introduce a change in formal learning situations;
- games create a pleasant stress-free and relaxing atmosphere in a language class;
- games unconsciously promote and practise all four basic language skills, such as listening, reading, speaking and writing;
- games help the teacher to create contexts in which the language is useful and meaningful (cf. Wright, Betteridge, & Buckby, 2005);
- games decrease student's anxiety to speak in front of the other students; they feel less intimidated in this, less formal learning situation;
- games are student-centred;
- games can promote collaboration among students; and
- games can connect to a variety of intelligences (Gardner, 1999, as cited in Jacobs, n.d. b).

Problems with using games at school

Language games serve as an important instrument for attaining proceduralisation of morphological and syntactical structures in a foreign language. Language games require players, and a minimum of monitoring and control on the part of the instructor; thus the classroom provides an ideal environment for language games. However, games also require time for essential repetitions. The duration of a game can vary according to the complexity of the targeted proceduralisation, but an average is about 30 minutes. Often a given topic might require three or four games. In most schools in European countries, language instruction lasts 50 to 100 minutes; this encumbers the utilisation of games or even renders it impossible. Teachers have to introduce a text as input and explain grammar aspects: hardly any time remains for essential proceduralisation via games. Under these circumstances we need to pose the question of whether the current allocation of hours in the school schedule for foreign language makes sense, and whether it would not be advantageous to adjust instruction time according to important aspects such as memory functions? In the given circumstances it is understandable that teachers transfer proceduralisation to the students' independent work at home, in the form of written exercises. However, we have already seen that course books contain exercises in inadequate quantity and in ineffective modality (written exercises to build oral competence). It is understandable why students often possess meta knowledge (rules in the foreign language), yet cannot speak the language. We have explained how games can help learners to transform declarative knowledge into procedural knowledge and therefore enable them to retrieve foreign language at a speed and with accuracy that makes real communication possible. Now, considering the importance of proceduralisation, the question might arise whether other types of exercises should be

considered, and whether the old drill patterns, indeed, still have something to offer? In our search for feasible solutions, in the proceduralisation phase – which is usually transferred onto home work – new media and e-learning programs could play a role. Frequently recurring structures and error control also cast in the form of a game could eventually lead to the targeted proceduralisation. However, I am convinced that even these technical possibilities can provide merely a second-rate replacement for real games that not only embrace repetition but also, due to group dynamics and social interaction, shape the learning process with fun and effectiveness.

Using Games and Problem-Solving Activities

The latest concern of the foreign language teachers is to make the students use the language communicatively. After the realization of communicative competence, activities or techniques that are task-oriented and that lead students to use the language creatively have gained importance. Games and problem-solving activities, which are task-based and have a purpose beyond the production of correct speech, are the examples of the most preferable communicative activities. Such activities highlight not only the competence but also the performance of the learner. Yet they are the indispensable parts of a grammar lesson, since they reinforce a form-discourse match. In such activities the attention is on the discourse context.

Both games and problem-solving activities have a goal. Games are organized according to rules, and they are enjoyable. Most games require choral responses or group works, whereas problem-solving activities (though they are structured) require individual response and creative solutions. Games and problem-solving activities are generally used after the presentation, in the practice part, because such communicative tasks can only be handled after mastering sufficient grammar and lexical points.

Through well-planned games, learners can practice and internalize vocabulary, grammar and structures extensively. Play and competition that are provided by games enhance the motivation of the students. They also reduce the stress in the classroom. While playing games, the learners' attention is on the message, not on the language. In a way, students acquire language unconsciously since their whole attention is engaged by the activity. By providing personal, social, and cross-cultural issues to define, they sometimes simulate real life situations. Many grammar games can be found in teaching grammar or course books.

There is a great overlap between games and problem solving activities. Though games generally place an emphasis on competition and winning, they also require some type of problem-solving activity.

Like games, problem-solving activities have communicative purposes. Questions which require students to use available evidence to reach a conclusion and the logic problems which assist language learning by challenging students to demonstrate their understanding of English in an interesting way are the types of problem-solving activities. In problem solving activities, the problems are either based on real or imaginary situations. In the activities students are given a real or an imaginary situation, and they are expected to find solutions for the problems.

References

1. Carrier, M., & the Centre for British Teachers. (1985). Take 5. Games and activities for the language learners. GB: Nelson and Sons Ltd.
2. Celce-Murcia, M., & McIntosh, L. (1979). Teaching English as a second or foreign language. USA: Newbury House Publishers, Inc.
3. Chen, I.J. (2005). Using games to promote communicative skills in language learning. The Internet TESL Journal, 11(2), 2013.
4. Hadfield, J. (1998). Elementary vocabulary games. Harlow: Pearson Education Limited.
5. Hong, L. (2002). Using games in teaching English to young learners. The Internet TESL Journal, 8(8).
6. Jacobs, G. (n.d. a). Making games cooperative, 2013.
7. Jacobs, G. (n.d. b). Using games in language teaching, 2013.
8. Khan, J. (1991). Using games in teaching English to young learners. In C. Brumfit (Ed.), Teaching English to Children. From Practice to Principle (pp. 142-157). London: HarperCollins Publishers.
9. Kupeckova, L. (2010). Game-like activities. Bachelor paper. Brno: MU, 2013.
10. Lewis, G., & Bedson, G. (1999). Games for children. Oxford: OUP.
11. Osobnosti.cz. Jan Amos Komensky. (n.d.), 2013.
12. Rooyackers, P. (2002). 101 language games for children: Fun and learning with words, stories and poems. USA, CA: Hunter House Inc.
13. Uberman, A. (1998). The use of games for vocabulary presentation and revision. English Teaching Forum, 36(1), 20-27, 2013.
14. Wright, A., Betteridge, D., & Buckby, M. (2005). Games for language learning (3rd ed.). New York: Cambridge University Press.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК БАЛАЛАРДЫ «КУБИДОМ» ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҮЙРЕТУ

Муханова М. Е.

“Павлодар қаласының № 111 сәбилер бақшасының қазақ тілі мұғалімі
marzhanchik83@bk.ru

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан 2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйтқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет» деген жолдауында. Ең бай, ең сұлу тілдердің бірі-қазақ тілі. Қазақ тілі тек қазақ халқының рухани қазынасы ғана емес, ол біздің жеке мемлекет ретіндегі тәуелсіздігіміздің басты белгісі.

Қазақ тілі - ол қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып есептеледі. Бірақта, Қазақстанда мемлекеттік тілдің

дамуы және енгізу сұрағы әле де шешілмей келеді. Бұл мәселе уақыт еншісінде. ХХ ғасырдың басында, ұлы ақын Абай Құнанбаев орыс тілін білуге шақырса, енді қазіргі уақытта қазақ тілін үйренуге қолға алуда.

Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырады. Шығармашылық ізденіспен жүреді. Кейін, тілге деген қызығушылықтарын қалай ояту керек? Не арқылы дамытамын? сұрақ туындады. Әрі білім беру саласында жаңа технологиялар өмірге келді. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологиялар шығарылуда. «Педагогика технологиялар-бұл білімнің; басымды мақсаттармен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Әрі сұраққа ойлай отырып осындай шешімге келдік, оларға көмек көрсететін ойын технологиясы. Мектепке дейінгі балаларды қазақ тілін оқытуда ең басты рөл ойындарға бөлінеді. Ойнау және ойындар арқылы айналаны тану- бұл осы жастағы бала үшін табиғи жағдай. Осы жастағы балаларда көрнекі бейнелі ойлауы қалыптасады. Сондықтан ең маңыздысы айтқаннан көрі көрсетіп түсіндіру. Ол үшін әртүрлі көрнекі-құралдар қажет (кітаптар, лото, текшелер, ойыншықтар, суреттер). Қазақ тілі оқыту үрдісінде кездесетін қиындықтарға ойын бастамасы әрқашанда көмекке келеді. Балалармен қолданатын әртүрлі әдістермен әдістемелік жұмыстар, олардың шығармашылық потенциалдарын дұрыс қабылдауына көмектеседі. Балаларда лексикалық материал көбейіп кеңейеді. Олар педагогты тындап, түсінеді, өз құрбы-құрдастарымен және ересек адамдармен қарым-қатынаста өз білімдерін қолдана алады.

Ойын технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы-баланың шығармашылығын дамытуға, эстетикалық сезімін, зейінін тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызуында.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру-Қазақстан Республикасының әрбір азаматтың парызы» деп жазылған.

Осыған орай алған тақырыбының өзектілігі өзге ұлт балаларына қазақ тілін ұтымды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен жаңа технологияларды іздестіре отырып, мынандай мәселе қойылды: «Мектеп жасына дейінгі ересек балаларды «Кубидом» технологиясы бойынша қазақ тіліне үйрету»

Көп балаларда қазақ тіліндегі тән дыбыстардың айтылуы жағынан және айыру қаблеттері төмен болады. Егерде оқыту, ойын формасында өткізілсе, балалар дыбыстардың дұрыс айтылуы жағын тез қабылдайды.

Мен осы мәселелерді шешу үшін «Кубидом» дидактикалық құралды дайындап шығардым. Бұл ойын технологиясы-үрдіс кезінде балаларда дыбысты айту жағынан кемшіліктер түзетіледі, бастауыш фонематикалық көз қарастары

калыптасады, тіл байланысы дамиды, артикуляциялық және ұсақ қол моторикасы жетіледі.

Тақырып: : «Мектеп жасына дейінгі ересек балаларды «Кубидом» технология арқылы қазақ тіліне үйрету»

Мақсаты: «Балаларға күнделікті тұрмысқа қажетті сөздерді меңгерте отырып, еркін сөйлеу дағдыларын ойын, ойын-жаттығулар арқылы қалыптастыру, сөйлеу мәнерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру».

Мақсатқа сай бірнеше міндеттер қойылды:

- қазақ тіліндегі тән дыбыстарын дұрыс айтуға ойын-жаттығулар арқылы жаттықтыра отырып, тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру;

- Кубидом технология және ойын-жаттығулар арқылы сөздік қорды молайту;

- Ойын-жаттығуларды түсіне білу;

- Ойын-жаттығулар бойынша сөйлемдер құрастыра білу;

- Сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту;

- Мемлекеттік тілде еркін сөйлей білу;

Күтілетін нәтиже:

- Жаңа сөздерді тез меңгере алады;

- Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтары арта түседі;

- Ересек топтарының балалары сурет сызбалардың көмегімен 7-8 сөзден құралатын сөйлемді, диалог, монолог еркін құрай алады;

- Кубидом арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра алады;

- Тура және кері санау, зат есімдерді сандық сан есімдермен байланыстыра алады;

- Әрбір сабақ қызықты өтеді;

- Әрбір баланы жан-жақтан тани аламын;

- Бала өзіне тән тапсырмаларды орындай алады.

«Кубидом» бұл үй, бірінің үстіне бірі қойылған, өзі екі кубтан және шатырдан тұрады. Олар өзара қабырға беттерінде орналасқан жабыстырғыш арқылы қосылған. Бірінші кубтың қабырғаларында қалта-терезелер бар, осы жерде ойын жаттығулар орналасады; екінші кубтың қабырғаларында-жабысқақтар сол арқылы педагог алып салынатын суреттер және есік, оның ар жағында ертегі кейіпкерін тауып алады (Мысалы: «Бауырсақ»). Әр куб ашылады, ішінде басқа кубтар болуы мүмкін («Көңілді тіл», «Сиқырлы саусақтар», «Жел» және т. б.), сол секілді қолдағы бар материалдар: алып салынатын жабысқақ суреттер, айналар, ободоктар «Зерек құлақтар» және т. б.

Шатыр- бұл тосын сый сәт, сабақтың соңында балаға тосын сый беріледі, келесі бірлескен іс-әрекетте баланың ынтасын арттыру үшін (жетон, медаль, бояулар, Су-Джок шарлар және т.б.).

«Кубидом»-ның негізгі жетістіктері:

-«Кубидом» ыңғайлы –матрешка принцип бойынша ашылады, пирамида принцип бойынша жиналады, сондықтан да бала білмейді, «Кубидом»-ның әлі

де қандай құпиялары бар екенін, сол арқылы баланың ойын мотивациясы дами береді.

-жеке және топпен ойнауға болады;

-балалар кубтарды өте жақсы көреді, өйткені балаға бірінші жақпен содан кейін екінші жақпен бұрылғанда жаңа символдар, белгілер, қызықты тапсырмалар, жаттығулар ашылады, оны жеке сонымен қатар серіктеспен де орындауға болады. Кубтар жеңіл, оңай өзгереді, бала іс-әрекет формасында және әртүрлі қолданыста ыңғайлы.

Ойын жаттығулар:

Ойын: «Бірінші дыбыс қандай?»

Мақсат: бірінші дыбысты аңықтау.

Ойын барысы: педагог балаларға суреттерді атап шығады, дауысымен бірінші дыбысты бөле отырып сұрайды, кімде «Қ» дыбысына басталатын зат-сурет бар. Бала затты дұрыс атап, «Кубидом»-ға суретті жапсыру қажет.

Ойын «Сана»

Мақсат: беске (онға) дейін ретімен және кері санау, сөздерінде дыбыстардың автоматизациялау зат есімдерді сандық сан есімдермен байланыстыру.

Ойын барысы: педагог кішкентай суреттерді кубқа жабыстырады, ал бала санайды (бір кілем, үш үстел, алты орындық, сегіз қуыршақ, тоғыз текше).

Ойын «Сүйектер»

Мақсат: сөздеріндегі өтіп жатқан дыбыстардың дыбысталуы.

Ойын барысы: педагог кубтан кішкентай текшені алып шығады, әр қабырғада өтіп жатқан дыбысқа суреттер орналасқан және баламен келіседі, қандай суретті ол «тастайды». Мысалы: бала «ұшақ» таңдады. Оның мақсаты: текшені тастау және барлық суреттерді атап шығу. «Ұшақ» түспегенше барлық суреттерді айтып шығады. Осылайша, бала сөздерде дыбысты көп рет айта отырып шаршамайды. Ойынды жарыс ретінде өткізуге болады, егерде бірнеше балаларды қатыстырса. Таңдалған суреттерді кім көп «тастаса» сол жеңіске жетеді.

Ойын: «Бөлмеде не бар?»

Мақсат: бөлмеде қандай ойыншықтар бар екенін айта білуге үйрету.

Ойын барысы: Кубидомның қалта-терезесінде сурет ілінеді. Бала сол суретке назарын аударады. Сұрақ: *Бөлмеде не бар? Ол қандай?* Баланың алдында суреттер жатады. Суретке қарап, заттардың атауларын атап, бейнеленген зат суретті алып, Кубидомға жапсырып, айтады: *-Бөлмеде орындық бар. Бөлмеде үстел бар. Бөлмеде қуыршақ бар. Бөлмеде аю бар. Аю үлкен. Аю қоңыр.* Белгілерді алып, сөйлем құрайды.

Ойын: «Отбасы»

Мақсат: отбасы мүшелерін дұрыс атап, түстерді ажырата білуге үйрету.

Ойын барысы: қалта терезесінде түстер орналақан. Мына терезе ашу үшін біз түстерді атау қажетпіз. Мынау қандай түс? –Мынау қызыл түс. Қызыл түсті ашамыз. Қызыл түсті терезесінде кім тұрады? (Ата). Осылай ойын жалғаса береді.

Ойын «Салыстыр»

Мақсат: жануарларды салыстыра, ажырата, топтастыра білу іскерлігін дамыту.

Ойын барысы: педагог Кубидомға «үлкен» және «кішкентай» деген белгі қойып, сұрақ қояды: қандай аң үлкен? қандай аң кішкентай? Бала алдындағы жатқан карточканы алып, үлкен белгіге пілді орналастырып, айтады: піл үлкен, ал кішкентай белгі жаққа, қоянды орналастырып, қоян кішкентай-деп айтады.

Ойын «Тәтті. Қышқыл. Ащы»

Мақсаты: Тәтті, қышқыл, ащы сөздерін бекіту. Жемістер мен көкөністерді дәміне қарай ажырата білуге, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Құрал: бейнеленген суреттер, кубидом.

Шарты: ойнауға 7-8 бала қатысады. Ойын түрі үстел үстінде өтеді. Мұғалім сұрақ қойғаннан кейін, балалар керекті бейнеленген суретті алып, Кубидомға орналастырады, сөз тіркесін құрайды

Ойын «Киімдер»

Мақсаты: Киімге байланысты сөздерді үйрету. Жаңа сөздерді орынды қолдана білуге жаттықтыру.

Құрал: бейнеленген суреттер, кубидом.

Шарты: ойнауға 5-6 бала қатысады. Ойын түрі үстел үстінде өтеді. Мұғалімнің бұйрығы бойынша құтыдан керекті бейнеленген суретті алып, Кубидомға орналастырады, сөз тіркесін немесе сөйлем құрастырады. Мысалы: «Ұл бала жейде киеді»

Ойын “Сұрақ”

Мақсат: сұрақты түсіну және дұрыс жауап беру.

Ойын барысы: педагог кубтан суреттер алып үстел үстіне қояды. Бірінші бала үстіңгі суретті алып, қойылған сұраққа жауап береді:

-Сен қайда барасың?

-Мен дүкенге барамын.

Суреттерді қалта-терезелерге қойып, сөйлем құрастырады.

-Сен не жейсің?

-Мен нан жеймін. т.б.

Екінші бала келесі суретті алып сұраққа жауап береді. Ойын жалғаса береді, суреттер битпейінше.

Осылай келе, тандалған ойын жаттығулар сөйлеу тілін дамыту үшін :

-қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айту мен айыру жағын қалыптастыру;

-сөздерінде дыбыстарды автоматизациялау;

-тіл байланысын дамыту.

Қорытындылай келе, тіл дамытуда ең басты рөл ойындармен ойын жаттығуларды тікелей білім беру мен педагог пен балалар бірлесен іс-әрекетінде ғана емес, сонымен қатар баланың жеке іс-әрекетіне кіргізуіне болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.-Астана, 2007.
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Қазақстандағы Мектепке дейінгі білім» №3 (63), 2016.
3. Республикалық оқу –әдістемелік газеті «Мұғалім»-Алматы, 2011 №1
4. Республикалық оқу –әдістемелік газеті «Мұғалім»-Алматы, 2011 №2
5. Республикалық оқу –әдістемелік газеті «Мұғалім»-Алматы, 2011 №4

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АКТ-НЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мухитов Қ.С.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Ерғалиев Қ.С.

ф.ғ.к., проф., Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Кез келген пәнді оқытуда ұстазға қойылатын басты талаптардың бірі - жаңа заманауи әдістерді тәжірибесінде қолдана отырып, оқушыларға сапалы түрде білім беру болып табылады. Осы орайда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы, көбінесе, осы білім беру саласына компьютерлік технологиялардың енуімен тығыз байланысты. Жаңа технологиялардың енгізілуімен бірге білім саласында оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері де пайда болатыны түсінікті. Инновациялық жұмыс оқу процесіне интерактивті оқыту әдістерін енгізу арқылы жетеді [1]. Интерактив сөзі ағылшын тілінің "interact" (inter – өзара және act – әрекет ету) сөзінен енген. Интерактивтілік дегенді біреумен (адаммен) немесе бірдеңемен (мысалы, компьютермен) сөйлесу, диалог режимінде өзара әрекеттесу десек, ал интерактивті әдісті өзара әрекеттестікке жүгінген субъектілердің жоғары белсенділігінің қажет ететін, қатысушылары мәселені шешу үшін іскерлік ынтымақтастық орнатып, өзара ақпарат алмасуға біріккен мақсатқа бағытталған үрдіс деп сипаттауға болады. Интерактивті оқыту – бұл танымдық әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы [2].

Интерактивті оқыту технологиясы жер шарында шамамен 115 мемлекетте кеңінен пайдаланылады (Еуропа, АҚШ, Қытай, Жапон, Корея, Сингапур, ТМД елдері, т.б.). Интерактивті оқыту әдістерімен көптеген белгілі ғалымдар: В.С. Библер, А.К. Кусаинов, Е.В. Пономаренко, М.В. Кларин, Д. Джонсон, Д. Дьюи және т.б. айналысты [3].

Оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда интерактивті оқытуда мұғалім мен оқушының өзара рөлі өзгереді: мұғалімнің белсенділігіне қарағанда, оқушылардың белсенділігіне жол ашылады, ал мұғалімнің міндеті қатысушылардың активті болуына жағдай жасау болып табылады.

Диалогтік оқыту барысында оқушылар сыни ойлауға, жағдайларды талдау және тиісті ақпарат негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді

қарастыруға, үйлесімді шешімдер қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен тілдесуге үйренеді. Ол үшін сабақта жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жобалары, рөлдік ойын технологиялары қолданылады, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Мұндай оқыту жағдайында оқушы оқу процесінің толық қатысушысы бола алады. Педагог дайын білім бермейді, қатысушыларды өз бетінше ізденуге, оқуға итермелейді. Тәлім алушы ақпаратты жай қабылдап қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп, сол ақпаратты басқа да оқушылармен бірлесе талдап оқиды.

Сабақты өткізудің интерактивті формалары:

- білім алушылардың қызығушылықтарын оятады;
- оқу процесіне белсенді қатысуға шақырады;
- әр оқушының жеке сезіміне жүгінеді;
- оқу материалын тиімді игеруге ықпал етеді;
- білім алушыларға көпқырлы әсер етеді.;
- кері байланысты жүзеге асырады;
- білім алушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады.;
- өмірлік дағдыларды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.

Бұл арада педагогтің интерактивті сабақ беруде жеке тәжірибесінің болуы, тренингілерге қатысуының маңызы зор.

Қорыта айтқанда, онда оқушы да, мұғалім де оқу процесінің тең субъектілері болып табылады. Интерактивті әдіс мұғалімге оқушыларды сабаққа тартуға, белсенді қатысуға, нәтижеге жетуге және топтық жұмыс жасауға ынталандыруға көмектеседі.

Оқыту құралдары – бұл мұғалімнің материалдарды оқыту және ұсыну үшін пайдаланатын объектілері.

Интерактивті оқытудың негізі – оқушының визуалды қабылдауына негізделеді, мұндай формада ақпараттың 80%-ы көру арқылы қабылданады [4].

Оқу құралдары ретінде көбінесе интербелсенді тақта, әртүрлі проектор, дисплейлер, планшет, жылжымалы планетарий, компьютерлер мен кеңсе жабдықтарын, робототехника және LEGO конструкторларын айтуға болады. Сондай-ақ электронды форматта жүзеге асырылатын вебинарлар мен онлайн-конференцияларды бөлек атап өткен жөн.

Таным әрекетерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді [5].

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары.

1) Сабаққа барлық қатысушылар тартылу тиіс. Осы мақсатта барлық қатысушыларды талқылау процесіне қосуға мүмкіндік беретін технологияларды қолдану тиімді.

2) Қатысушылардың психологиялық дайындығын қамтамасыз ету. Жұмыс алдында сабаққа қатысушылардың барлығының психологиялық тұрғыдан әзірлігі әртүрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты оқушыны сабаққа

дайындығын үнемі ынталандыру, рефлексия жасау және түрлі жаттығулар арқылы белсенділігін арттыру қажет етіледі.

3) Интерактив технологиясында білім алушылар саны шамадан тыс көп болмауы тиіс. Осы орайда қатысушылар саны мен оқыту сапасы үнемі тікелей байланыста болады. Оқушылардың оңтайлы саны – 25 адамға дейін деп шамалаған дұрыс.

4) Аудитория іші қатысушыларға ыңғайлы, үлкен және кіші топтармен еркін жұмыс істей алатындай етіп дайындалуы керек.

5) Жұмыс регламенті мен рәсімдерін нақты бекіту туралы шарт шара басында келісіледі. Интерактив (семинар, конференция, вебинар, т.б.) қатысушылары кез-келген көзқарасқа төзімділік танытады, бір-бірінің ой-пікірін құрметтейді, сөз бостандығы беріледі.

Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

- демократиялық стиль;
- оқытушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынас процесіндегі ынтымақтастық;

- ақпаратты ұсыну формалары мен әдістерінің әртүрлілігі;

- оқушылардың ішінара мотивациясының болуы.

Интерактивті оқыту формасында әрдайым жоғары мотивация, қатысушылар арасындағы коммуникативтілік, белсенді өмірлік ұстанымдардың болуы, командалық рух, өз ойын еркін білдіру еркіндігі, өзара сыйластық және демократиялық принциптер сақталуы тиіс.

М.Қ. Бапаева, Ұ.И. Ауталипова, С.Т. Бапаева «Психологияны оқытудың белсенді әдістері» атты оқу құралында интерактивті оқыту әдістерін төмендегідей топтастырады [6]:

а) этикалық және эвристикалық әңгіме

ә) пікірталас;

б) генерация әдісі;

в) іскерлік ойындар;

ғ) дөңгелек үстел;

г) әлеуметтік-психологиялық тренинг;

д) психотерапия, ойын терапиясы, арт-терапия, изотерапия, ертегі терапиясы, битерапия.

Интерактивті оқытудың формалары:

1. Дәріс-диалог. Ол екі оқытушының, мысалы, ғалым мен практиканттың арасындағы диалог түрінде материалды ұсынуды қарастырады.

2. Брифинг (ағылш. ағылшын тілінен briefing. brief-қысқа, қысқа) – бір мәселеге бағытталған қысқаша баспасөз конференциясы. Негізгі айырмашылығы: презентация бөлігі болмайды, яғни, сұрақ-жауап формасында жауап беріледі.

3. Вебинар («веб» және «семинар» сөздерінен) – бұл интернет-технологиялар арқылы ұйымдастырылған «виртуалды» семинар. Вебинарға семинардың басты белгісі – интерактивтілік тән. Жасалған баяндамаға тыңдаушылар сұрақтар қояды, жүргізуші модератор жауап қайырады. Вебинар

арнайы техникалық дайындықты қажет етеді: жабдықталған құралдар, компьютер, интернет, арнайы микрофон, тақта, т.б. Қатысушылары әр түрлі жерде болады да, онлайн байланыс арқылы бірігеді.

4. Бейне-конференция (ағылш. videoconference) – есептеу техникасының аппараттық-бағдарламалық құралдарын қолдана отырып, интерактивті ақпаратты нақты уақыт режимінде бір уақытта екі жақты беруді, өңдеуді, түрлендіруді және ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық технологияның саласы. Бұл екі және одан да көп қашықтағы абоненттердің нақты уақыт ауқымында интерактивті өзара іс-қимылының көрінісі: аудио-және бейнеақпаратпен алмасуға мүмкіндік беретін телекоммуникация құралы болып есептеледі.

5. Бейне дәріс. Диаграммалармен, кестелермен, фотосуреттермен және бейнефрагменттермен толықтырылған қысқартылған нақты формада ұсынылатын дәріс. Мұндай дәрістер сериясы қашықтықтан және сырттай оқу үшін және өтілген материалды қайталау үшін қолайлы.

6. Пікірсайыс. Бұл екі тарап арасында берілген тақырып бойынша нақты құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған қоғамдық пікір алмасу. Пікірталасқа түсушілер үшінші тарапты немесе тыңдаушы аудиторияны өз позициясын қабылдауға көндіріп, вербалды және вербалды емес құралдардың көмегімен дәлелді аргументтерге сүйелген сөзталасқа түседі. Мақсаты – тыңдаушыларға өз ұстанымын айғақтау.

7. Диспут – (disputare – лат. пікірлесу, дауға салу). Диспут деп біз жалпы қабылданған, біржақты шешімі жоқ моральдық, саяси, әдеби, ғылыми, кәсіби және басқа мәселелерді ұжымдық талқылауды айтамыз. Диспут процесінде таласқа қатысушылар түрлі оқиғаларға қатысты өздерінің пікір-көзқарастарын, пайым-бағаларын білдіреді. Пікірталастың маңызды ерекшелігі – алдын-ала қабылданған ереже мен тақырыпты қатаң сақтау болып табылады.

8. Сұхбат. Термин ағылшын сөзінің «interview» – әңгіме дегенінен туындайды. Сұхбат мазмұны бойынша топтарға бөлінеді:

- деректі сұхбат;
- тараптар сұхбаты;
- «баспасөз конференциясы» сұхбаты.

Сұхбат беруші субъект ретінде оқытушы да немесе берілген тақырып бойынша ақпарат дайындаған студент/оқушы да бола алады.

9. Семинар – белгілі бір тапсырманы ұжым болып талқылайтын практикалық сабақ түрі. Семинар белгілі бір аудиторияда, мәжіліс залында немесе басқа бөлмеде өткізіледі, ерекшелігі – қатысушылары бір жерге топтасып жиналады және бір-бірімен тікелей байланыс орнатады.

10. Тренинг – интерактивті оқытудың бір түрі, оның мақсаты кәсіби қарым-қатынаста тұлғааралық және кәсіби мінез-құлықтың құзыреттілігін дамыту болып табылады.

11. Дөңгелек үстел. Қазіргі мағынада термин белгілі бір мәселені талқылауды ұйымдастырудың бір атауы ретінде қолданылады. Бұл әдіс келесі ерекшеліктермен сипатталады:

- дөңгелек үстелдің барлық қатысушылары талқыланатын мәселе бойынша пікір білдіреді.

- мәжілістің барлық қатысушылары тең болады.

Көп жағдайда дөңгелек үстел нақты мәселелерді шешу құралы ретінде емес, жалпы ақпараттық рөл атқарады.

12. Шығармашылық тапсырма. Шығармашылық тапсырма сабақты өткізудің кез келген интерактивті нысанының мазмұны (негізі) болып табылады. Шығармашылық тапсырманы орындау оқушыдан бұрын алынған ақпаратты оқытушы анықтаған нысанда шығаруды талап етеді.

13. Рөлдік ойын – бұл өмірлік жағдаятқа құрылған, алдын ала рөлдерге бөлінген топ мүшелерінің эмоционалды мінез-құлығы арқылы көрініс беретін сахналық қойылым.

14. Шеберлік сынып (мастер-класс) – шығармашылық қызметтің белгілі бір саласындағы практикасы мол маманның аудитория алдында тәжірибесімен бөлісуі.

15. Генерация (миға шабуыл) әдісі – идеяларды бірлесіп құру және стандартты емес шығармашылық шешімдерді іздеу.

16. Кейс – бұл нақты фактілерге негізделген, шешуді қажет ететін проблемалық жағдайдың сипаттамасы [7].

17. Жоба – қойылған міндет бойынша өзіндік жұмыс.

18. «Ашық микрофон» әдісі – оқушының белгілі бір мәселе бойынша мәлімдемесі, қалған қатысушылар түсініктеме бермейді.

19. Стратегиялық сессия топ қатысушылары өздерінің идеяларын ватман қағазына жазып, идеяларын сызба түрінде көрсетеді.

20. Сауалнамалар – топ мүшелерінің дауыстарын санау арқылы жалпы пікір қалыптастырылатын адамдар тобының шешім қабылдау тәсілі.

В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», – дейді [8]. Соңғы жылдары оқу процесінің дәстүрлі оқу форматынан қашықтан оқыту формасына ауысқанында мұғалім мен оқушы, оқытушы мен студент арасында дәл осы интербелсенділік категориясының төмендегенін аңғару қиын емес. Елімізде қашықтықтан оқыту жүйесін одан әрі дамыту барынша интерактивтілікті қамтамасыз етуді көздейді. Шын мәнінде, оқытушымен шынайы қарым-қатынас имитациясына қол жеткен кезде ғана оқыту толыққанды болып табылатыны кұпия емес, – міне, оған ұмтылу керек [9].

Тәрбие дегеніміз қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз болса [10], интербелсенді оқыту осы тәрбие процесінің тікелей құралы болып табылады, бұл әдісті күнделікті сабақта қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып қана қоймай, оқушының дүниетанымы кеңейеді, өзге оқушылармен байланысы, оқытушымен тікелей қарым-қатынасы арқылы баланың қоршаған орта туралы таным-түсінігі қалыптасады.

Интерактивті әдістерді қолданған кезде педагогтің жалпы рөлі өзгереді, мұғалім орталық фигура емес, тек процесті реттеуші және оны жалпы

ұйымдастырумен айналысатын рөлге ауысады. Оқу процесін ұйымдастыру барысында алдын-ала қажетті тапсырмаларды дайындайды, талқыланатын сұрақтар мен тақырыптарды тұжырымдайды, қатысушыларға кеңес береді, жоспардың орындалу уақыты мен тәртібін бақылайды.

Әдебиеттер

1. Курманалина Ш.Х. Методологические основы проектирования содержания начального образования в 12-летней школе //12-летнее образование. – 2006. – №5. – с. 38-41.
2. Васенкова М.В. Технология интерактивного обучения русскому языку учащихся начальной ступени образования в школах международного типа: автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2010. – 26 с
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 231 с.
4. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения / А.А. Андреев. – М.: РАО, 1999. – 120 с.
5. Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 б.
6. Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т. Психологияны оқытудың белсенді әдістері: оқу құралы/ Бапаева М.Қ., Ауталипова Ұ.И., Бапаева С.Т. – Алматы: «Отан» баспасы, 2016. – 188 б.
7. Интерактивное обучение: современные технологии на уроках [Электрондық ресурс]. – URL: <https://externat.foxford.ru/poleznoznat/interaktivnye-formy-i-metody-obucheniya> [сайтқа жарияланған күні 01.10.2021].
8. Сухомлинский В.И. Педагогика. – М., 1975. – 270 с.
9. Аптиханова Л., Бастауыш сыныптарда қашықтан оқыту: ғылыми конференция материалдары/ «Ұстаз тілегі» ғылыми-әдістемелік орталығы. – 2020. – 138 б.
10. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

БАБАЛАРЫМЫЗДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ ҚАЗЫНА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ

Мухтаева Ж. А.

Павлодар қаласының №6 мектепке дейінгі гимназиясының әдіскері

mukhtaeva_zhanar11@mail.ru

Қазақ халқымның ежелгі ұлттық үстел ойынының бірі – бестемше мен тоғызқұмалақ. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл ойынның пайда болуы шамамен 4 мың жыл бұрын пайда болған. Алайда, өкінішке қарай, елімізде

«Бестемше» мен «Тоғызқұмалақ» ойыны туралы білетін жандар өте аз. Тіпті бестемше атауы көбіне таңсық көрінеді [1].



«Бестемше» мен «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойындар әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын озық өнері. Балабақшамызда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жана инновациялық технология негізінде «Бестемше» мен «Тоғызқұмалақ» ұлттық үстел ойындары қолға алынуда [2, 23 б.].

Ұлттық ойындарды жаңғыртудың негізгі мақсаты - Қазақстан халқының рухани мәдени құндылықтарын сақтаумен арттыру. Сол себептен балабақшада «*Ұлттық ойындар әліппесі*» пән ретінде вариативтік бөлімге 3-6 жас балаларына арналған бағдарлама жарық көрді. Бағдарламада ойын тарихынан бастап, ережелері, жарыс ережесі, тактикалық тәсілдермен балалар бойындағы танымдықты дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұны «Таным» саласының қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру бөлімімен ұштасып әзірленген [3, 78 б.].

«*Бестемше*» ортаңғы топта 18 сағат, «Тоғызқұмалақ» ересек, мектепалды даярлық топтарда 18 сағаттан өткізіледі. «*Бестемше*» ойыны арнай тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы 2 орда 10 отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар отауға бес- бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп атайды.



«**Тоғызқұмалақ**» ойыны арнайы тақтада екі адам арасында шйналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отау және 81 құмалақтан тиесілі. Құмалақтар әр отауға тоғыз-тоғыздан салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны-Бастаушы, қарымта жүрыс жасаған ойыншы қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін ақ жағы,қостаушы үшін қара жағы деген тіркестер де қолданады.



«**Бестемше**» мен «**Тоғызқұмалақ**» ұлттық ойындарын оқыту үрдісінде тәрбиеленушілердің зияткерлік және логикалық әлеуетін ашу көзделген. Ұлттық ойындар арқылы балалардың қайсар да қайратты, ақыл- парасатының мол, ойлау қабілетінің ұшқыр болып ержетуіне ықпал ету мақсат етіледі. Аталмаш ойындар ойнау арқылы балалардың бойында математикалық ойлау, алдын – ала болжам жасау, жоспар құру сияқты қасиеттер қалыптасып дамиды. Жеткіншектер әр нәрсеге жауапкершілікпен қарап, терең есептеуге бейімделеді. Есте сақтау, ойлау қабілеттері жетіледі.

Сонымен қатар, балабақаша педагогтер мен қызметкерлер арасында «**Тоғызқұмалақ**» ұлттық ойын бойынша жарыстар ұйымдастырылып өткізіліп тұрады. Барлық педагогтер мен қызметкерлер «**Тоғызқұмалақ**» ұлттық ойына қызығушылықпен қарап, ойнауға деген ынталары мол, белсене қатысады.



Бүгінгі таңда осы ұлттық ойынымыз әлемдік деңгейге көтеріліп, жас ұрпақты зияткерлікке, ойлау қабілеттерін арттыруға, жан-жақты ой-өресін жетілдіруге ерекше маңызға ие болып отырғаны, сондай-ақ әлем елдерінің де

тоғызқұмалақ ойынына деген қызығушылығы ұлттық ойынымыздың бағын жандырып, елімізді, ұлтымызды әлемге әйгілей бастады.

Әдебиеттер

1. <https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=876>.
2. Тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындарға нұсқау. Алматы кітап.
3. «Балбөбек» бағдарламасы. Алматы – 2006

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ФИЗИКА ПӘНІНІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ

Мұқаметқали Т. М.

Қарағанды қаласының «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің физика пәні мұғалімі. Физика ғылымының Ph.D. докторанты
tmk625@mail.ru; tmk625.tmk@gmail.com

Апше К.

Қарағанды «Bolashaq» академиясының шет тілдері пәнінің аға оқытушысы.
Педагогика ғылымының магистрі.
gulshira_86kz@mail.ru

Ахмет Байтұрсынұлы және ұлы ғұлама Абайдың ғылым ұғымына берген анықтамалары: «Ғылым - табиғаттың құбылыстары мен қоршаған орта заңдарын зерттеп, жинақтап түсіндіреді»; «Ғылым – құдайдың жаратқанын зерттеп, танып - білу»[1]. Осы жаратылыстану ғылымындағы қазақ тілі халықаралық терминдерді өзгеріссіз енгізді, бұл заман талабына сай ақпараттанған кіріккен қоғамда өте ыңғайлы, ғылыми жетістіктер мен ақпарат алмасуда өте зор жеңілдік туғызады. Жаратылыстану ғылымының негізгі саласы болып табылатын физика пәніндегі, физикалық құбылыстар мен өлшем бірліктерінен мысал келтіруге болады. Ұзындық(L): метр(m). Күш(F): Ньютон(N). Энергия(E) және оның атқарған жұмысы(W): джоул(J). Кедергі(R): Ом. Тоқ күші(I): Ампер(A). Кернеу(U): вольт(V). Қуат(P): ват(W). Бұл терминдер қазақ тіліне халықаралық бірліктер жүйесінен өзгеріссіз енгізілген.

«Тіл- жай ғана коммуникация құралы емес, ұлттың болмысы, рухани мәдениеті және философиялық ойлауының жемісі» - Ахмет Байтұрсынұлы[2]. Ағартушы Ахмет қазақ тілін жүйелеп терминология мен бір ғасыр бұрын айналысқан ғалым. Қазақ алфавитін дыбысты таңбалау және сөздегі үндестік заңын есекере отырып құрастырған, қазақ тілін бір термин – бір мағына(ұғым) жүйесіне келтіруге орасан зор еңбек еткен. Бұл жасалған тіл реформасы, қазақ тілін жеңіл әрі жүйелі тілге айналдырды. Мысал ретінде сөздегі үндестік заңын келтіруге болады, «е», «к», «г» әріптері бар сөздер жіңішкеріп айтылады, бұл кірме сөздерге де қолданылса қазақы дыбысталса өте тиімді болар еді. Тоқ күшінің өлшем бірлігі «Ампер» сөзі қазақтың анайы сөзі «Ам» нан басталады,

ал үндестік заңы ескерілсе «Әмпер» болып жіңішке айтылса анайы сөз болмайды. «Гоголь» - «Гөгөл», «Америка» - «Әмерика» болып қазақы дыбысталумен әдемі айтылып қазақтың тіліне жеңіл болар еді. Осы заңды пайдалана отырып латын алфавитын құрастырудағы «Ә»-«'А», «Ө»-«'О», «Ү»-«'U», «І»-«'у» дыбыстарын, «А»-«'А», «О»-«'О», «Ұ»-«'U», «Ы»-«'у» дыбыстарының таңбасынан дәйекшемен жіңішкеруі арқылы таңбаланса, ал дәйекше «Е», «К», «Г» дыбыстары бар сөздерде қойылмайды. Мысал: Jetynşı(Жетінші), Kok(Көк), Amper(Әмпер), Amerika(Әмерика) т.с. Демек, дәйекше алфавит үйреткенде ғана керек, ал көп сөзде дәйекше қойылмайды. Дәйекше(опостров) «Е», «К», «Г» дыбыстары(әріптері) жоқ сөздің басына қойылса еш қиындық болмайды. мысал: 'Апум (Әнім), 'Алум(Әлім), 'Үпум(Інім), 'Барун(Бәрін). «Е», «К», «Г» дыбыстары(әріптері) бар сөздің басына қойылмайды. Ал «У» дыбысын «W», «Й,И» дыбысын «Ii» әріптері қолданылса «internet» сөзі түп нұсқа ағылшын сөзімен бірдей жазылар еді.

Үндестік заңы ғылыммен, халықаралық бірліктер жүйесімен және атаулармен(ғылыми терминдер, жер-су атаулары) кірген сөздердің қазақ тілінің дыбысталу ережесіне бейімделіп айтылады да қазақы дыбысталуға бейімделеді, тіл дыбысталуының көркемдігі сақталады.

Тьюторское сопровождение в условиях дошкольной организации

Нурғалиева Н.К.

Методист ГУ «Отдел образования города Павлодара»

nurgul.nurgalieva.78@mail.ru

Инклюзивное образование - обеспечение равного доступа к образованию для всех обучающихся с учетом разнообразия особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей.

Несмотря на то, что это понятие появилось совсем недавно, инклюзивное образование уже прочно вошло в нашу жизнь, оно реализуется на всех уровнях образовательного процесса: от дошкольного образования до высшего профессионального обучения.

Дети с ОВЗ - это дети с ограниченными возможностями здоровья. Дети с ограниченными возможностями здоровья – это дети, состояние здоровья которых препятствует освоению образовательных программ вне организации специальных условий обучения и воспитания. Таким образом, самым главным приоритетом в работе с такими детьми является индивидуальный подход с учетом специфики нарушения и особенностей здоровья каждого ребенка. Но в условиях инклюзивного образования мы должны помнить, что дети с ОВЗ и дети с нормой развития находятся в равных условиях, должны получать равное воспитание и обучение, но все же специфика работы с определенным нарушением у ребенка с ОВЗ должна быть. Она проявляется в применении специальных приемов и методов в соответствии с возможностями и способностями ребенка.

Говоря о детях с ОВЗ, мы предполагаем, что процесс их воспитания и обучения будет носить коррекционную направленность. Коррекционная работа - это деятельность, направленная на исправление определенных особенностей психического или познавательного, не соответствующих возрастным нормам, и которая осуществляется с помощью использования специальных приёмов обучения и специальной организацией процесса обучения.

Содержанием коррекционной работы является фактический материал, который должны усвоить дети, на базе которого они могут адекватно ориентироваться в окружающей действительности и успешно войти в общеобразовательный процесс.

Целью инклюзивного образования является успешное включение ребенка с ограниченными возможностями здоровья в образовательную среду. Основной задачей дошкольного обучения в условиях инклюзивного образования является социализация ребенка с ОВЗ, его адаптация к новым условиям, к правилам и нормам детского коллектива, к взаимодействию с другими взрослыми.

В условиях социализации детей с ОВЗ можно выделить 2 направления: Воспитательный процесс, основой которого является адаптация, то есть включение его в воспитательный процесс. Содержанием процесса воспитания является усвоение конкретных культурно - гигиенических навыков, норм и правил поведения, норм и правил общения в детском коллективе.

Образовательный процесс - процесс обучения ребенка с ОВЗ в условиях дошкольного учреждения. Содержанием процесса обучения является адаптированный, упрощенный материал с учетом возможностей и способностей ребенка с ОВЗ.

Одним из наиболее важных условий перехода к инклюзивной форме образования, его успешности является система сопровождения и поддержки детей с ОВЗ. Профессия тьютора приобретает здесь особое значение. Далек не каждый педагог может выполнять функции постоянного сопровождающего для ребенка с ОВЗ. Эта деятельность предполагает высокий уровень толерантности педагога (безусловное принятие ребенка), достаточный запас знаний в рамках коррекционной педагогики и специальной психологии, хорошо развитые коммуникативные навыки и т. Д

Тьютор - это специалист, который организует условия для успешного включения ребенка с ОВЗ или ребенка - инвалида в образовательную и социальную среду образовательного учреждения. На практике тьютор и сопровождающий - это разные люди. Тьюторами называют специалисты с педагогическим образованием (логопеды, дефектологи, педагоги - психологи и т.д), педагоги без специального образования, студенты профильных вузов, колледжей, а также родители (чаще мамы, бабушки) ребенка с особенностями развития являются сопровождающими детей с ОВЗ, то есть выполняют только техническую помощь (одевание, раздевание, кормление, самообслуживание, культурно - гигиенические навыки и т. д.).

Цель деятельности тьютора: успешное включение ребенка с ОВЗ в среду общеобразовательного учреждения.

Для реализации этой цели необходимо решение нескольких задач:

1. Социализация - включение ребенка в среду сверстников, в жизнь группы, детского сада, формирования положительных межличностных отношений в коллективе.

2. Помощь в усвоении соответствующих общеобразовательных программ, преодоление затруднений в обучении. При необходимости адаптация программы и учебного материала, с опорой на зоны ближайшего развития ребенка, его ресурсы, учитывая индивидуальные физические, психические особенности.

3. Организация, при необходимости, сопровождения другими специалистами. Обеспечение преемственности и последовательности разных специалистов в работе с ребенком.

В настоящий момент сложилась ситуация, когда большинство специалистов, работающих в образовательных учреждениях общего типа, не имеют достаточных знаний о детях с ОВЗ. А специалисты, имеющие на данный момент профессиональную подготовку, не учитывают особенностей коррекционно-педагогической работы в условиях инклюзивного образования.

Тьютор может стать связующим звеном, обеспечивающим координацию педагогов, специальных педагогов, психологов, других необходимых ребенку специалистов на каждом этапе образовательного процесса.

4. Осуществление взаимодействия с родителями, включение родителей в процесс обучения.

Необходимо особо отметить сложность включения родителей в коррекционный процесс (для этого разработаны дополнительные программы).

Активность родителей и понимание ими сути и цели занятий, является необходимым условием эффективности образовательного процесса и процесса социализации. Основные направления работы с родителями:

- Установление контакта с родителями вновь прибывших детей, объяснение задач, составление плана совместной работы;
- Формирование у родителей адекватного отношения к своему ребёнку, установки на сотрудничество и умения принять ответственность в процессе анализа проблем ребёнка, реализации стратегии помощи;
- Оказание родителям эмоциональной поддержки;
- Содействие родителям в получении информации об особенностях развития ребенка, прогноза развития;
- Формирование интереса к получению теоретических и практических умений в процессе обучения и социализации ребёнка;
- Проведение совместного анализа промежуточных результатов, разработка дальнейших этапов работы.

Процесс реализации психологической поддержки родителей является длительным и требует комплексного подхода, что предусматривает участие педагога-психолога, педагога-дефектолога, врача, социального работника и др. От успешного вовлечения родителей в процесс воспитания и обучения детей с ОВЗ выигрывают и дети, и родители, и педагоги.

5. Работа с педагогическим коллективом, родителями, другими детьми с целью создания единой психологически комфортной образовательной среды.

6. Оценка результатов деятельности, отслеживание положительной динамики в деятельности ребенка с ОВЗ.

«При этом вся деятельность по сопровождению особого ребенка не должна нарушать образовательного и коммуникативного пространства той группы детей, в которой находится ребенок с особенностями развития».

Основные направления работы тьютора в организации условий для формирования гармоничных отношений подопечного с социумом в ДО и картину взаимоотношений ребенка с особенностями развития в системе ДО и роль тьютора в этом процессе (Приложение 1). Тьютор и воспитатель должны стать одной командой. Здесь необходимо помнить, что воспитатель должен играть ведущую роль в сознании ученика, иначе будет не инклюзия, а интеграция. Основные этапы индивидуального сопровождения:

- Сбор информации о ребенке, анализ полученной информации;

На предварительном этапе тьютор знакомится с результатами диагностики ребенка, проведенной специалистами, с медицинской картой ребенка, утвержденным образовательным маршрутом; встречается со специалистами и представителями ПМПК для получения рекомендаций. Получив общие сведения, он знакомится с самим ребенком и его семьей, узнает об особенностях, интересах, сильных и слабых сторонах своего подопечного. Происходит постепенное установление контакта. На этом этапе часто необходимо заранее познакомить ребенка с помещениями, где он будет заниматься, его рабочим местом, местами общего пользования.

- Совместная с другими специалистами выработка рекомендаций;
- Установление контакта с ребенком, родителями, адаптационный этап;

На этом этапе идет повседневная, последовательная работа тьютора и ребенка с ОВЗ по вхождению в образовательный процесс и социальную жизнь ДО, постепенное включение ребёнка в различные ситуации.

Под адаптацией понимается приспособление к нуждам ребенка с ОВЗ: помещений ДО, режима дня, образовательных программ, методических пособий. Сроки адаптации детей в детском саду очень индивидуальны и зависят от особенностей развития ребенка, от сложности нарушения и многих других причин. Они варьируются в пределах нескольких месяцев, у детей с аутизмом, ЗПР органического происхождения, детей с синдромом Дауна могут составлять от года до 1,5 лет. Период адаптации значительно сокращается у детей, которые посещали дошкольные образовательные учреждения с раннего возраста. На этапе адаптации тьютор ставит основные приоритетные задачи:

- Создание комфортной обстановки и специальных условий обучения и воспитания ребенка с ОВЗ;
- Развитие навыков самообслуживания;
- Адекватное восприятие детского коллектива;
- Развитие умения взаимодействовать с детьми и взрослыми (на начальном этапе это следующие умения: что-то попросить, попроситься в туалет, спокойно засыпать, не мешая детям и т. п.).

Необходимо поставить такие задачи, которые учитывают потенциальные возможности ребенка с ОВЗ и определяют позитивные и негативные факторы влияния на его адаптацию. Здесь важно не забывать, что помощь должна быть разумно дозирована, носить направляющий характер и побуждать ребенка к самостоятельности.

Освоившись в новой среде, при условии постоянного получения положительной эмоциональной поддержки, ребенок с ОВЗ переходит на новый этап, который характеризуется снижением тревожности и напряжения. Теперь акцент тьюторства переносится в сферу углубления социализации и коррекционно-развивающего обучения. Здесь важно поддерживать мотивацию ребенка, дать ему возможность почувствовать его успехи. Проводится анализ и оценка первых результатов.

На каждом этапе тьютор наблюдает и информирует родителей и всех участников образовательного процесса о динамических изменениях ребенка с ОВЗ в процессе обучения и социализации, при необходимости направляет родителей или законных представителей на консультацию к другим специалистам, налаживает сотрудничество со специалистами других организаций, занимающихся с ребёнком с ОВЗ, посещающего образовательное учреждение.

Последним этапом, если это возможно, должен стать постепенный выход сопровождающего из посреднической роли тьютора, предоставление ребенку максимальной самостоятельности в учебе с последующей отсроченной

оценкой. Выход тьютора из системы или уменьшение его влияния является критерием его эффективности.

1-таблица – Основные направления работы тьютора в организации условий для формирования гармоничных отношений подопечного с социумом в ДО

1. Тьютор и подопечный	<p>Тьютор:</p> <p>формирует доверительные и эмоционально насыщенные отношения с подопечным, в начале работы становится «проводником», защитником, выразителем желаний и вместе с тем – организующей и гармонизирующей силой;</p> <p>следит за состоянием ребенка –<i>эмоциональным</i> (помогает разрешить конфликтные ситуации, успокаивает, воодушевляет и т.п.) и <i>физически</i> (если подопечному нужно отдохнуть – может вывести его из класса в игровую комнату; следит, чтобы ребенок не был голоден, при необходимости помогает сходить в туалет);</p> <p>координирует общую деятельность ученика, дозирует учебную нагрузку.</p>
2. Тьютор и воспитатель группы	<p>Тьютор:</p> <p>обсуждает с воспитателем:</p> <p>цели и задачи своей работы;</p> <p>возможные трудности (посторонний шум во время переговоров тьютора и подопечного), уходы из группы и возвращение, особенности характера и специфику поведенческих проявлений ребенка;</p> <p>каким образом наиболее эффективно выстроить взаимодействие в тройке: ребенок – воспитатель – тьютор.</p>
3. Тьютор и другие дети	<p>Тьютор:</p> <p>следит за тем, что происходит в детском коллективе – о чем дети говорят, во что играют;</p> <p>объясняет детям, как общаться с их одноклассником;</p> <p>если тема разговора касается особенностей подопечного – отвечает на вопросы.</p>
4. Тьютор	<p>Тьютор:</p>

и родители	<p>Установление контакта с родителями, определение задач и составление плана совместной работы;</p> <p>Формирует у родителей адекватное отношение к своему ребенку, установку на сотрудничество и умение принять ответственность в процессе анализа проблем ребенка, реализации стратегии помощи;</p> <p>рассказывает родителям подопечного о том, как прошел день, что удалось, какие были трудности;</p> <p>дает родителям необходимую информацию об особенностях развития своего ребенка;</p> <p>формирует интерес к получению теоретических и практических умений в процессе обучения и социализации</p> <p>оказывает эмоциональную поддержку;</p> <p>Проведение совместного анализа промежуточных результатов, разработка дальнейших этапов работы;</p> <p>отвечает на вопросы родителей других детей, часто это делается через воспитателя.</p>
------------	---

Литература

1. Карпенкова И.В. Тьютор в инклюзивной школе. Сопровождение ребенка с особенностями развития: Метод. пособие /Под ред. М.Л. Семенович. - М.: Теревинф, 2010.
2. Петрова Е.Э. «Проблема тьюторства в инклюзивной школе»/статья.
3. Ковалева Т.М. «Тьюторское сопровождение как ресурс развития процесса индивидуализации»/статья.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Нуркенова Г.К., Есмагулова А.А.

«Volashaq» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы
gulnur24.10.84@mail.ru, 24.07.84@mail.ru

Дене саулығы – адамның рухани және адамгершілік дамуының негізі болып табылады. Ал осы денсаулықтың іргетасы мектепке дейінгі кезеңде қаланады.

Әрбір мектепке дейінгі ұйым жұмысының аса маңызды сипаттамасы балалар денсаулығының ахуалы болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым жұмысшыларының күші мектепке дейінгі жастағы баланы сауықтыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Ендеше дәл осы міндеттердің

ҚР Мемлекеттік стандартында басым бағыттардың бірі болып табылуы кездейсоқ емес.

Қазіргі заман педагогтары денсаулық сақтау технологияларының мектепке дейінгі жастағы баланың оңтайлы жағдайда қимыл-қозғалыс жасаудың тиімді тәсілдерін игеруіне, дене күшін, төзімділік, ептілік, жылдам жауап қатуын дамытуға, денсаулығын нығайтуға, күйзеліске, жұқпалы-салқын тию ауруларына қарсы тұру қабілетін дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Бұл мәселенің өзектілігі мектепке дейінгі жастағы балалардың түрткілері мен қажеттілік ерекшеліктерін ескеретін балабақша балаларын сауықтырудың денсаулық сақтау технологияларын пайдаланудың ерекше өткір болуымен шартталған. Денсаулық сақтау технологиялары дене шынықтыру-сауықтыру міндеттерін шешу құралдарының біріне айналуға, онсыз заманауи балабақшадағы педагогикалық процестің мәні де болмайды.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты балабақшада оқыту және тәрбиелеу кезеңінде денсаулықты сақтау және нығайту мүмкіндігін, балаларда қажетті білімді, іскерлікті, дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу, икемді, мықты, батыл болудың өмірлік қажеттілігі ретінде қозғалысқа деген қызығушылықты өмірлік қажеттілік ретінде дамыту болып табылады.

Денсаулық сақтау технологиялары - психологиялық-педагогикалық жұмыс тәсілдері мен әдістері, ықтимал мәселелерді іске асыру тәсілдемелері, оған қоса педагогтың өзінің өзін-өзі жетілдіруге тұрақты талпынысы.

Денсаулық сақтау технологияларын құрайтын әртүрлі сауықтыру іс-шараларының балалардың денсаулығына оң әсер ету тиімділігі осы тәсілдер мен әдістердің әрқайсысының сапасымен ғана емес, балалар мен педагогтардың денсаулығы игілігіне бағытталған және мақсаттар мен міндеттердің бірлігіне жауап беретін жалпы жүйеге олардың сауатты «кіріктірілуімен» айқындалады. Денсаулық сақтау технологиялары педагогтың баланың денсаулығына әсер етуінің барлық аспектілерін қамтиды, мысалы - ақпараттық, психологиялық, биоэнергетикалық.

Денсаулық сақтау технологияларын жүзеге асыруды сауықтыру жұмысының арнайы ұйымдастырылған түрлері жағдайында дене тәрбиесі жөніндегі мамандар мен балабақшалардың тәрбиешілері жүзеге асырады. Осы технологиялардың жекелеген тәсілдерін мектепке дейінгі білім беру педагогтары педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әр түрлі формаларында: сабақтар мен серуендеуде, балалардың бос уақыттағы іс-әрекетінде, ересектер мен баланың педагогикалық өзара іс-қимылы барысында кеңінен қолданады.

Мектепке дейінгі білім беруде денсаулық сақтау технологиясының әртүрлі түрлері бар. Денсаулық сақтау технологиясының түрлері мен оларды құрайтын элементтер келесі кесте 1-де берілген.

Кесте 1. Денсаулық сақтау технологиясының түрлері

Денсаулық сақтау	Құраушы элементтер
------------------	--------------------

технологиялары		
1	Медициналық-профилактикалық	Балалар денсаулығының мониторингін ұйымдастыру. Балалар денсаулығын оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Дене дамуын ұйымдастыру. Шынығуды ұйымдастыру. Профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру. Денсаулық сақтау ортасын ұйымдастыру.
2	Дене шынықтыру-сауықтыру	Физикалық қасиеттерді, қозғалыс белсенділігін дамыту. Тыныс алу гимнастикасы. Массаж және өзіндік массаж. Түзу сымбатты қалыптастыру. Күнделікті дене белсенділігіне және денсаулыққа қамқорлық жасауға күнделікті әдетті тәрбиелеу.
3	Баланың әлеуметтік-психологиялық әлауқатын қамтамасыз ету технологиялары	Баланың дамуын психологиялық немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.
4	Мектепке дейінгі білім беру педагогтарының денсаулық сақтауы және нығайтуы	Мектепке дейінгі білім беру педагогтарының денсаулық сақтауы және денсаулық байытуы.
5	Ата-аналарды валеологиялық ағарту жұмыстары	Педагогтың жеке үлгісі. Ата-аналармен дәстүрлі және дәстүрлі емес жұмыс нысандары (практикумдар және басқалары)
6	Балабақшадағы денсаулық сақтау білім беру технологиялары	Қатысушылардың денсаулығына зиян келтірмейтін білім беру процесін ұйымдастыру бағдарламаларының, тәсілдерінің, әдістерінің жиынтығы. Оқу пәндеріне сәйкес тақырыптарды қосу. Әртүрлі жұмыс түрлерін іске асыру арқылы денсаулық мәдениетін тәрбиелеу (факультативтер, конкурстар, фестивальдар және т. б.)

Бұл іс-шаралар денсаулық жағдайының бұзылуының дер кезінде алдын алуға ықпал етеді, дене көрсеткіштерін жақсартады, денсаулықты нығайтады, балалардың зияткерлік және рухани әлеуетін күшейтеді.

Денсаулық сақтау технологиялары әдістерінің арқасында баланың жеке тұлғасына бағытталған педагогикалық үдерісті құру оның жақсы өмір сүруіне, демек оның денсаулығына да заңды түрде ықпал етеді.

Бүгінгі таңда біздің «Балапан» бөбек жайымыз барлық қызметтерінің күш-жігері мектепке дейінгі баланы сауықтыруға, олардың бойына салауатты өмір салтын сіңіруге бағытталған. Белгіленген міндеттерді шешу құралдарының бірі денсаулық сақтау технологиялары болып отыр, онсыз заманауи балабақшадағы педагогикалық процесті елестету мүмкін емес.

Балалар бақшасының оқу-тәрбие процесінде денсаулық сақтау технологияларын пайдалану жөніндегі психологиялық-педагогикалық әдістемелік әдебиеттерді зерделей келе, балабақшадағы денсаулық сақтау технологиясын пайдалану үлгісін дайындадым. Ол келесі кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2. Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану үлгісі

Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану үлгісі		
Дене шынықтыру нұсқаушысы	Психолог	Медқызметкерлер
Балалар	Тәрбиешілер	Ата-аналар
Дәстүрлі сабақтар Дәстүрлі емес сабақтар Балалардың өздік қозғалыс әрекеті Белсенді демалыс Коррекциялық жұмыс Жүзу сабақтары Гимнастика	Консультациялар Тренингтер Ашық көрулер Диагностика	Консультациялар Арнайы сауалнама – анкета алу Ашық есік күндері Бірлескен іс-шаралар

Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану үлгісі балабақшаның барлық құрылымдарының жұмысын көрсетеді. Денсаулық сақтау технологиясының үлгісін жасап шыққан соң балабақша жұмысында қолданылатын оларды енгізу құрылымын әзірледім. Келесі кесте 3-те балабақшада денсаулық сақтау технологияларын енгізудің кезең-кезеңдік процесін көрсетеді.

Кесте 3. Балабақшаның оқу-тәрбиелеу процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу құрылымы

Денсаулық сақтау технологияларын енгізу құрылымы		
Кіріспе кезең Даярлық	Негізгі кезең Тәжірибелік	Қорытынды кезең Рефлексивтік

<p>1. Әдістеменің теориялық негіздерімен, технологияларымен танысу: - сауықтыру бағытын және бала үшін маңыздылығын айқындау; - тиімділікті педагогикалық - психологиялық - медициналық бағалау және нәтижелілікті болжау.</p>	<p>2. Ата-аналардың пікірлерін зерттеу және отбасылық қолдау алу 3. Жағдай жасау және қажет материалды ресімдеу 4. Әдістемені педагогикалық процеске қосу</p>	<p>5. Пайдалану нәтижелерін талдау: - балаларға мониторинг жүргізу; - ата-аналар, педагогтардан арнайы сауалнама алу. 6. Нәтижелерді көрсету: - ашық іс-шаралар - сөз сөйлеу - көрнекі материал 7. қорытындылар мен ұсыныстар</p>
--	---	---

Берілген құрылым денсаулық сақтау технологияларын жоспарлы енгізуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы денсаулық сақтау кеңістігін құру жөніндегі жұмыс бала тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған кешенді тәсіл негізінде педагогикалық үдерісті ізгілендіру қағидаттарында, мектепке дейінгі мекеме мен отбасы талаптарының бірлігіне сүйене отырып құрылды.

Сонымен қорытындылай келе, *«Тәні саудың – жаны сау»* демекші денсаулықты сақтап, *салауатты өмір салтын ұстанайық деп сөзімді аяқтағым келеді.*

Әдебиеттер

1 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу. ҚР МЕМСТ негізгі ережелері 1.001 - 2009. - Астана: Ресми басылым. 2009. – 31 б.

2 Горькова Л.Г., Обухова Л.А. Занятие физической культурой в ДОУ. - М.: Юнити-Дана, 2005 - 112с.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Нұржанова Р.Қ.

Атырау қаласы, Ғани Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
r_nurzhanova@bk.ru

Қазіргі дамыған елдер жаңашылдық идеяларымен дүние жүзін жаулап келеді. Бүгінгі күні өмірімізге дендеп еніп, қолданысы кеңейе бастаған.

Инновация білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру үдерісінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады. Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, оқыту процесіне де технологияны ендіру қажеттілігі туады. Және оқытуды дәрежеге көтеруде маңызды рөл атқарады.

Көкжиегімізде көрініп тұрған нұрлы болашағымызға жету жолдарының жақсы нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі – әлеуметтік орны мен ақпараттар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күшіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда. Руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес, білімнің жаңа сапасын қамтамасыз ететін реформаларды жүзеге асыру қоғамның дамуын ілгерілететіне күмандануға болмайды.

Даму жолындағы қоғамға ең алдымен білім дамуға тиісті. Жаңа қоғамдағы білімге айрықша көңіл аударарлық мәселе білім емес, оны меңгеруге деген қабілеттілік, есте сақтау емес, психиканың негізгі механизмі – ойлау, шыдамдылық емес, оқу үдірісіне деген белсенділік, оқу нәтижелеріне жету арқылы өз орнын анықтау; жауапкершілік; жай оқу емес, жеке, қоғамдық, кәсіби өмірді нұрландыру үшін оқу.

Осы тұрғыдан алғанда Ыбырай Алтынсаринның қазақ қоғамындағы алар орны ерекше және өзінің өшпес ізін қалдырған. Қарапайым мысалдар арқылы, қарапайым әдіс арқылы қазіргі заманғы құндылық негізіндегі оқыту, әліппеден бастап оқыту, оқытудағы хрестоматияның маңыздылығын және ең бастысы мұғалімнің жан –жақты білім алуға деген ұмтылысының жоғары деңгейде болғандығын қалаған.

Білім – тоқтаусыз, толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну ләзім. Бұл – әр адамның өзін – өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады.

Қоғамның санасын Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндап эстетикалық таныммен пәлесапалық қағидаларымен тұжырымдап отырды. Қазіргі таңда ұстаздар сабағында жаңа технология әдіс-тәсілдері оқушыларды ортамен қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы емес пе.

Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын.

Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көптеп саналады.

Білім беру саласындағы басты идея- **құндылықтарға негізделген мектеп** болып есептеледі. Ендеше бүгін алда қойған мақсат Ыбырай Алтынсаринның еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Данышпан әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады және ұзақ уақытты қажет етеді.

«Кім сендерді балалар сүйе тұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын.

Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,

Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.» отбасы құндылығы, соның ішінде ананың рөлі.

«Кел балалар оқылық» оқушыларды білімге құштар ету.

«Еңбек-байлық атаулының негізі. Ол бүкіл адамзат өмірінің бірінші алғы шарты. Адамның өзін жасаған еңбек»-деп Ыбырай Алтынсарин ғылыми түрде тұжырымдап көрсеткен.

Сол адамзат қоғамы тарихымен тығыз бірлікте жасап келе жатқан жасампаз тәрбие нысаны-еңбек пен кәсіпке үйрету, оның еңбегін үнемді ету. Өзім кәсіби қазақ тілі сабақтарында бағдарлама бойынша тақырыптарды оқытқанда қазақ халқының қолданбалы өнерінің тарихы, түрлері жайында мәтіндер құрастырып, орынды пайдаланамын; халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамын; оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әділ- тәсілдерді қолданамын. Қазақ тілі сабағын үнемі ұлттық педагогикамен ұштастыруды көздеймін.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де мұғалімдердің қажетіне жарап жүр.

Еңбекті қадірлеу-оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын

қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып үлкен мән бер бала тәрбиесіне» жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұқжырым жасайды.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі ең бір шоқтығы биік шығармасы - «бай баласы мен жарлы баласы». Қазақ қоғамындағы өмір шындығын, тап жігін аша отырып, ауыр тұрмыстың ыстық қазынасында пісіп, шығып тағдыр тауқыметін көрген кедей баласының еңбек қорлығын баяндайды. Мұғалім өз сабағында осы мәселеге көңіл қойып, үйретудегі мақсат: Асан мен Үсенге салыстырмалы мінездеме бере отырып, кедей баласының сабырлығы мен көргендігін, еңбекқор өмірге икімділігін; екіншісінің шыдамсыздығын жинақтай отырып, жазушының айтайын деген ойын, шығарманың идеялық мазмұнын айқын түсіндіру. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай Алтынсарин еңбектенсең, талаптансаң, мақсат- мұратыңа жетерсің-дей келіп осы идеяны ашып көрсетеді. Балаға білім берудегі еңбекке баулудың рөлі өте зор деген ой тастайды. Ыбырай Алтынсарин оқушыларды еңбек арқылы тәрбиелеу, оқыту өз еңбегінің нәтижесін көруге, одан қанағат, ләззат алуға үйретеді, еңбек етіп үйренген адамға білім беру жеңілірек болады деген пікір ұсынады.

Білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттарына тоқталсақ, жоғарыда айтылғандай: оқушыларға жан-жақты және кең көлемде білім беру; мұғалімнің рөлін жоғары көтеру, оқулықтардың сапасына көңіл аудару; оқу бағдарламаларын үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру; оқушылар білімін қосымша материалдармен толықтыру;

Ыбырай Алтынсарин адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтерді, оны шешу жолдарын іздестірді.

Тәрбиенің қазіргі біз пайдаланып жүрген кай саласын да Алтынсарин еңбектерінен табуға болады.

Білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы - жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Мұғалім оқушының табиғи дарын, қабілетін ашу арқылы жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалану керек бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Сабақ - ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін-байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған.

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданып жүрген көптеген технологияларда бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп - саралап оқыту, проблемалық оқу, интерактивті, белсенді оқыту т.б. - қайсысын алсақ та негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Осы жерде «Новое - это хорошо забытое старое» - деген сөзбен келіспеуге болмайды. Техникалық - кәсіптік білім беруде модульдік оқыту технологиясы өте тиімді екені даусыз.

Сондай - ақ арнаулы пән сабақтарында В.Ф Шаталовтың технологиясына сай тірек-сызба әдістері тиімді. Мысалы, кәсіби қазақ тілі сабақтарында тірек-сызба арқылы, тірек конспектілерді пайдалану арқылы рөлдік- ойындар арқылы оқушының сөйлесу мәдениетін дамытуға піхір таластыра білуге үйретемін.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші-білім сапасы мұғалімнің негізі міндеті-оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылатыны бәрімізге белгілі. Елбасының жолдауында: «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген.

Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси- экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш- қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

Әдебиеттер

1. Ақылжанов М. Қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1975.
2. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. А, Ғылым .1990.
3. Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. А, 1965.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А, Санат. 1994.
5. Керімбаев Н. Жасымда ғылым бар деп ескермедім. А ,Рауан. 1995.
6. Қирабаев С. Бес ғасыр жырлайды 2-т. А, Жазушы. 1989.
7. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. А, Ана тілі. 1991.

МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА МОБИЛЬДІ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Омар К.Қ.

Инновациялық Еуразия Университетінің 2 курс магистранты
Yabirak10@gmail.com

Қазіргі білім берудегі әлемдік тенденциялардың бірі оқу процесінде мобильді құрылғыларды (смартфондар, планшеттер және т.б.) пайдалану болып табылады. Әртүрлі пәндік салаларда мобильді құрылғыларды қолдану және оқу процесін ұйымдастыру мысалдарын сипаттайтын басылымдар көбейіп келеді. Педагогикалық қауымдастық мобильді құрылғыларды оқыту тәжірибесіне

енгізудің заманауи форматтарын әзірлеуде. Мобильді технологияларды қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын арттырады, бұл білім берудің тиімділігі мен сапасын арттыруға әкелетіні сөзсіз. Дыбыс, түс, анимация және т.б. үйлесімінің арқасында оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Сонымен қатар, мобильді құрылғыларды сабақтың барлық кезеңдерінде және әртүрлі іс-әрекеттерде пайдалануға болады. Мұның бәрі қазіргі білім беру жүйесі үшін басымдыққа ие қасиеттер, яғни, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлау, коммуникативті дағдылар, топпен жұмыс істеу және т.б. дағдыларының көкжиегін кеңейтеді.

Математика және информатика сабақтарында мобильді құрылғыларды пайдаланудың негізгі нұсқаларын қарастырайық.

1. Мобильді құрылғы – белгілі бір құралды ауыстыру.

Математика сабақтарындағы мобильді құрылғылар транспортир мен сызғыш сияқты құралдарды алмастыра алады. Ол үшін Google Play Store арқылы орнатуға болатын арнайы қолданбалар бар.

Мысалы, Protractor мобильді қосымшасы смартфон немесе планшет арқылы нысанның бұрышын немесе көлбеуін өлшеуге мүмкіндік берсе, Ruler мобильді қосымшасы кәдімгі сызғышпен бірдей әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

2. Мобильді құрылғы – арнайы және әмбебап қосымшалармен жұмыс істеу құралы.

Қазіргі уақытта мұғалімнің алдына қойған міндеттеріне қарай математика және информатика сабақтарында қолдануға болатын арнайы мобильді қосымшалардың да, әмбебап қосымшалардың да кең ауқымы бар.

Математика және информатика сабақтарында өзін-өзі бақылау құралдары ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін кейбір мамандандырылған мобильді қосымшаларды бөліп көрсетейік.

Мысалы, «Ұзындық өлшемдері», «Аудан өлшемдері», «Масса өлшемдері» сияқты теориялық материалдарды оқу кезінде математика сабақтарында «Бірлік түрлендіргіш» мобильді қосымшасының мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Теңдеулер жүйелерін шешуге қатысты әртүрлі мобильді қосымшалар да сәйкес тақырып бойынша математика сабақтарында өзін-өзі бақылау функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, мысалы, «Теңдеулер жүйелерін шешу» мобильді қосымшасы.

Информатика сабақтарында «Сандар жүйесі» тақырыбын оқу кезінде өзін-өзі бақылауды ұйымдастыруға арналған бірқатар қосымшалар бар, мысалы, «Сандар жүйесі. Конвертер және калькулятор». Сол сияқты «Логика негіздері және компьютерлердің логикалық негіздері» тақырыбына қатысты қолданбаларды пайдалануға болады, мысалы, «Логикалық калькулятор». Бұл қолданба логикалық мәлімдемелердің нәтижесін есептейді. Құрылғының экранында осы қолданбаны пайдалана отырып, сіз есептеу нәтижесін ала аласыз.

Бірқатар мобильді қосымшалардың оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда пайдаланған жөн болатын мүмкіндіктері бар екенін атап өткен жөн.

Мысалы, математика сабақтарында мұндай қосымша «ГеоГebra» болуы мүмкін. Математикадағы бұл қолданба студентке функцияларды талдауға, графиктер құруға, есептер шығаруға және т.б. мүмкіндік береді. Бағдарлама интерфейсі тақтамен байланысты, онда әртүрлі әрекеттерді орындауға болады, мысалы, графиктерді, геометриялық фигураларды салу. Барлық енгізілген өзгертулер анық көрсетіледі.

Қолданбада математиканы көрнекі және оңай үйренуге мүмкіндік беретін тамаша мүмкіндіктер бар. Оған геометрия, алгебра кіреді, арифметикалық амалдарды орындауға, кестелерді, графиктерді құруға болады, статистикамен жұмыс істеуге, функциялармен жұмыс істеуге болады, анимация құруға қолдау көрсетіледі, т.б. GeoGebra әртүрлі 2D және 3D фигураларды жасауға мүмкіндік береді [1].

Математика сабағында қолдануға болатын тағы бір қосымшаны бөліп көрсетейік. Бұл қолданба «Эврика! Логикалық тапсырмалар». Бұл қолданбаның атынан қолданбаның тапсырмалар жинағы екені көрініп тұр.

Информатика сабағында оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кейбір мобильді қосымшаларды қарастырайық.

Компьютерлік графика немесе веб-дизайн бойынша теориялық материалды оқығанда, белгілі бір түстің RGB санын анықтау қажет болады. Мұндай мәселелерді шешу үшін «Түстерді анықтау», «Pixlog - Live Pipette» және т.б. сияқты бірқатар арнайы қолданбалар бар.

Алгоритмдерді, орындаушылардың жұмысын, бағдарламалау және әртүрлі бағдарламалау тілдерін зерттеуге бағытталған арнайы қолданбалар бар екенін ескеріңіз. Міне, осындай мобильді қосымшалардың мысалдары.

«Алгоритмдер: түсінікті және анимациялы» мобильді қосымшасы. Бұл қосымшада анимацияның көмегімен әртүрлі өрістердің алгоритмдері берілген.

«Лайтбот: код сағаты» қолданбасы. Бұл қолданбада әртүрлі басқатырғыштарды кодтау және декодтау мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ біз «Algorithm City» - бағдарламалау негіздерін үйренуге арналған ойын, сонымен қатар бағдарламалар мен анимацияларды құру ортасы болып табылатын «Scratch» қосымшасы сияқты мобильді қосымшаларға назар аударамыз.

Мобильді құрылғыларды математика және информатика сабақтарында қолданудың тағы бір мүмкіндігі ретінде толықтырылған шынайылық технологиясы немесе AR технологиясын айтпай кетуге болмайды.

3. Мобильді құрылғы – толықтырылған шынайылықты пайдалануға арналған құрал.

Толықтырылған шынайылық технологиясы білім беруде бірнеше жылдан бері белсенді және тиімді қолданылуда, өйткені ол күрделі тақырыптарды

түсіндіру кезінде есте қалатын көрнекіліктер арқылы оқу үдерісінің мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

Толықтырылған шынайылық (AR) – кез келген құрылғыларда – планшеттерде, смартфондарда немесе басқа да құрылғыларда физикалық әлемді нақты уақыт режимінде бағдарламалық жасақтама бөлігі арқылы цифрлық деректермен толықтыратын орта [2].

Бұл тәсіл ақпаратты жақсы меңгеруге, оны үлкен көлемде есте сақтауға мүмкіндік береді, бұған технологияның көрнекілігі, интерактивтілігі, материалды визуализациялау сияқты мүмкіндіктері ықпал етеді. Мұның барлығы оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыруға, ынтасының деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Математика сабақтарындағы толықтырылған шындық 3D геометриялық фигураларды визуализациялауға көмектеседі. Толықтырылған шындық 3D модельдерді жылжыту, айналдыру, масштабтау, оларды кез келген бұрыштан қарау, виртуалды объектілерді қосу және ажырату және алынған нәтижелерді зерттеу сияқты мүмкіндіктерді беретінін ескеріңіз [3].

Толықтырылған шындықты оқу процесінде пайдаланудың жоғарыда аталған артықшылықтарына қарамастан, біз оны математика және информатика сабақтарында енгізу мәселелерінің бірін белгілейтін боламыз. Математика және информатика сабақтарында AR технологиясын оқу үдерісіне енгізудің негізгі мәселесі қажетті тілде дайындалған дайын мультимедиялық оқу құралдары мен оқулықтардың жеткіліксіз саны болып табылады. Бұл мәселені келесі жолдардың бірімен шешуге болады. Мысалы, арнайы бағдарламаларды пайдалана отырып, белгілі бір тақырыпты оқу кезінде өзіңіздің толықтырылған шындық объектілерін жасау және бұл объектілерді, атап айтқанда 3D модельдері мұғалімнің өзі де, информатика сабақтарында оқушылардың да толықтырылған шындық объектілерін құру тақырыбының бөлігі ретінде жасай алады.

Бүгінгі күні толықтырылған шындықтың 4 түрі бар:

- 1) маркерсіз AR;
- 2) маркерлі AR;
- 3) проекциялы AR;
- 4) қабаттар негізіндегі AR.

Маркерлі AR-ге назар аударайық. Бұл технологияны сканерлеу үшін арнайы көрнекі объект пен камера қажет ететіндігіне негізделген кескінді тану технологиясы деп те атайды. Маркер ретінде мүлдем басқа нысандар әрекет ете алады, яғни, басып шығарылған QR кодтан арнайы таңбаларға дейін. Осылайша, маркерді мобильді құрылғымен оқығаннан кейін пайдаланушыларға сандық анимациялар көрсетіледі, сонымен қатар суреттерді 3D үлгілеріне айналдыруға болады.

Quiver мобильді қосымшасы толықтырылған шындықпен π санын үйренуге арналған жаңа бояу беттерін (маркерлер) шығарды. Бұл қосымшамен жұмыс істеу принципі өте қарапайым. Бояуды (маркерді) басып шығару қажет,

оны бояп, мобильді құрылғымен оқу арқылы кескіннің анимациясын бастауға, оны үш өлшемді модельге айналдыруға болады.

Мобильді технологиялардың тұрақты дамуы оқытудың бұл түрін сұранысқа ие және танымал етеді. Мобильді оқыту икемді, қолжетімді, жекелендірілген оқытуды қолдайтын және дұрыс пайдаланылған жағдайда білім беруді жақсартатын технологиялар арқылы жасалған білім берудің жаңа бейнесінің бөлігі болып табылады.

Әдебиеттер

8. GeoGebra – бесплатная математическая программа. URL: <https://vellisa.ru/geogebra>.

9. AR – Дополненная Реальность. URL: <https://habr.com/ru/post/419437/>

10. EV toolbox. URL: <http://evtoolbox.ru/ev-toolbox/education/>

ОПТИМАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ МАТЕМАТИКИ В КЛАССАХ С ЗПР

Омарова Г.О.

учитель математики
omarova-gulsum@mail.ru;

Кусаинова А.М.

учитель математики

КГУ «Средняя общеобразовательная школа №15 города Павлодара»

anel_89@list.ru

Как стремительно меняется наш мир. То, что вчера казалось несбыточной мечтой, сегодня уже повседневная реальность. Улучшается качество жизни, растет уровень медицины, образования. Сегодня мы много говорим о детях одаренных, но количество здоровых детей все меньше и меньше.

Задержка психического развития – это замедление темпа развития психики ребенка, которое выражается в недостаточности общего запаса знаний, незрелости мышления, быстрой пресыщаемости в интеллектуальной деятельности. ЗПР является пограничным состоянием между нормой и умственной отсталостью. Это понятие, которое говорит не о стойком, необратимом психическом развитии, а о замедлении его темпа. Дети с ЗПР достаточно сообразительны в пределах имеющихся знаний и продуктивны в использовании помощи. Таким образом, они выделены в специальной психологии и коррекционной педагогике в самостоятельную психологическую группу. Для них в общеобразовательных школах создаются специальные (коррекционные) классы, которые формируются только по рекомендациям и заключениям городской психолого-медико-педагогической комиссии (ПМПК).

Психолого-педагогические исследования, а также практика обучения детей с ЗПР свидетельствуют о том, что математика является для них одним из наиболее трудных учебных предметов.

Строя работу в классах с ЗПР, мы учитываем психологические особенности детей:

- Неустойчивость внимания имеет разнообразные индивидуальные формы проявления. Так, у одних детей максимальное внимание и наиболее высокая работоспособность обнаруживается в начале выполнения задания и неуклонно снижаются по мере продолжения работы; у других - наибольшее сосредоточение внимания наступает после некоторого периода деятельности; у третьей группы отмечаются периодические колебания внимания и неравномерная работоспособность на протяжении всего времени выполнения задания. Особенности внимания детей с ЗПР проявляются в его неустойчивости, повышенной отвлекаемости, неустойчивой концентрации на объекте. Наличие посторонних раздражителей вызывает значительное замедление выполняемой этими учащимися деятельности и увеличивает количество ошибок.

- У детей с ЗПР наблюдается и более низкий уровень развития восприятия, что проявляется в недостаточности, ограниченности, фрагментарности знаний детей об окружающем мире, в затруднениях при узнавании предметов в непривычном ракурсе.

Особенности организации учебного процесса в классах с ЗПР.

Каждый урок в классе с ЗПР является продолжением предыдущего. Если отобрать главные вопросы и повторять их на каждом уроке, то к итоговому занятию все учащиеся усвоят тему. Многократное повторение основного материала – один из приемов работы. Оптимальные и репродуктивные методы, так как они позволяют детям увидеть главное в изучаемом материале и повторять по шаблону.

Необходимо помнить, что детям из класса коррекции необходим период «вживания» в материал, нельзя их торопить. Надо учитывать низкую скорость чтения, счета, письма. Мы на каждом уроке стараемся вселять детям веру в то, что они обязательно поймут и запомнят материал. Для лучшего запоминания предлагаем однотипные задания по схеме (одно решил вместе с учителем, другое - сообща с классом, третье - самостоятельно). Излагать материал надо маленькими дозами, каждую из которых закреплять повторением, констатацией сказанного. Работая с детьми с ЗПР, мы стараемся давать задания, идущие от простого к сложному, не гнаться за обилием новой информации. Наша цель – уметь из изучаемого материала выбрать главное, доступно изложить его, повторить и закрепить. Главная составляющая работы – общение.

Индивидуально-дифференцированный подход в обучении актуален в классах с ЗПР. Учет личностных особенностей, форм нарушений в развитии и их проявлений, эмоционально-психологическое состояние учащегося, которое может меняться несколько раз за день в зависимости от различных

раздражающих факторов, позволяют учителю строить свою работу с максимальным успехом.

Преподавание математики в классах ЗПР имеет свои особенности. Перечислим основные.

Корректировка программы. Постоянно усложняющийся учебный материал, его насыщенность теоретическими разделами, большой объем представляют значительные трудности. В связи с этим в программу общеобразовательной школы вносим некоторые корректировки. Например, из программы алгебры 8 класса рекомендуется на тему «Нахождение приближенных значений квадратного корня», из раздела «Квадратные уравнения» - «Решение квадратного уравнения выделением квадрата двучлена» выделить меньшее количество часов. Высвободившиеся часы использовать для лучшей проработки наиболее важных тем курса: «Применение свойств арифметического квадратного корня», «Решение задач с помощью квадратных уравнений», а также на повторение пройденного за год. Некоторые темы, например «Теорема Виета» предлагается давать в ознакомительном плане, уменьшить количество часов на изучение темы «Дробно-рациональные уравнения».

Основная задача обучения математике в классах с ЗПР – сформировать прочные и сознательные математические знания и умения, необходимые учащимся в повседневной жизни и будущей трудовой деятельности. На каждом уроке учитель продумывает, как математический материал связать с повседневной жизнью, с игровой, бытовой, профессионально-трудовой деятельностью учащихся. Изучая геометрический материал, предлагаем учащимся выделить геометрические формы в предметах окружающей действительности, делить фигуры на части, из частей конструировать целое. Стойкие затруднения у учащихся с ЗПР вызывает решение задач. Это связано в том числе с тем, что дети плохо читают. Помогает прием «Действующее лицо», который позволяет ввести ученика в задачу как действующее лицо. Это и бюджет семьи, планирование расходов на покупку товаров, оплата за коммунальные услуги, умение пользоваться услугами банков. Например, при изучении десятичных дробей на обобщающем уроке используем счета-квитанции по оплате за коммунальные услуги.

Одна из задач учителя — это создать в классе условия для выравнивания, помочь детям достигнуть определенного уровня знаний. Формирование знаний, умений и навыков необходимо осуществлять на доступном для детей уровне, соотносить изучаемый материал с их возможностями. Эффективным приемом для этого является алгоритмизация. Это различные памятки-инструкции, в которых записана последовательность действий при решении уравнений, задач, трудных случаев умножения и деления. Памятки учат детей правильно рассуждать и контролировать себя во время выполнения самостоятельных работ и домашних заданий. При подготовке к урокам материал планируется в логической последовательности (от простого к сложному). Особое место в практике занимает обучение с применением презентаций Microsoft Power Point,

которые всегда очень тщательно составляются: подбирается наиболее важный для запоминания материал, используется красочное оформление, анимация, разнообразные схемы, рисунки, фотографии, словом всё то, что может привлечь внимание ребенка, пробудить в нем интерес к изучаемой теме.

Учитывая особенности детей с ЗПР, применяя вышеуказанные методы и приемы работы, нам удалось добиться положительных результатов в обучении математике, выполнения требований большинством учащихся.

Работать в классах с ЗПР нелегко, нельзя похвастаться одаренными учениками, но когда видишь рост ребенка, когда в его глазах горит огонек интереса к предмету, то понимаешь: это и есть самая главная педагогическая победа.

Литература

1. Основы коррекционной педагогики. Гонеев А.Д., Лифинцева Н.И. М.,1996
2. Основы инклюзивного образования: учебное пособие/ К.С. Тебенова, С.Т. Каргин, Л.С. Заркенова и др. -Алматы, 2017

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Е.Өсен

Павлодар облысының Білім басқармасының
Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері

XXI ғасырдағы білім алушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін ұстазға алдымен білім алушының функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамыту маңызды болып отыр.


Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті – ұстаз баланы оқыта отырып, оның белсенділігін, еркіндігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Мақсаты: Логикаларын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: оюлар.

Ойынның барысы: Тәрбиеші айтқан оюды сызып тастау керек.



«Ережені ата»

Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: карточкалар.

Ойынның барысы: Тоғызқұмалақ тақтасының құрылысын карточка арқылы атау.




«Қызықты планшет»

Мақсаты: Қызығушылықтарын арттырып, ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: оюлар салынған планшет.

Ойынның барысы: Екінші жолдағы, мақалды атау.



«Шүмішеуір»

Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: түстері әртүрлі дөңгелектер, сандар, шүмішеуір.

Ойынның барысы: Сандарға сәйкес дөңгелектердің түстерін тандап салады.



«Сиқырлы домино»

Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: домино, карточкалар.

Ойынның барысы: Берілген карточкаларға сәйкес доминоны қояды.



«Ғажайып ілгіш»

Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамытып, қызығушылықтарын арттыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ілгіштер, қысқыштар, сандар карточкасы.

Ойынның барысы: Ілгішке берілген карточкаға сәйкес, қысқыштар орналастырады.



Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды Мысалы, «Суреттерді есте сақта», «Керекті пішіндерді тап», «Қайсы пішін артық?», «Лабиринт ойындары» және т.б. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады [3, 201 б.].

Қорытып айтқанда, балаларды ұлттық ойынды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
2. Тіл дамытуға арналған дидактикалық ойындарға нұсқау. Алматы кітап. «Балбөбек» бағдарламасы. Алматы – 2006

ЛОГОПЕДТІҢ ЖҰМЫСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Рымбекова А. М.

«Павлодар қаласының №6 мектепке дейінгі гимназиясы» логопед
rymbekova96@mail.ru

Өзектілігі: Қазақтың ұлттық құндылығын насихаттау арқылы баланың тілін дамыту мәселесі жан-жақты зерттелініп келген тақырып болғанымен, осы күнге дейін логопедияның өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Құндылығы: Балалардың тілдік қарым-қатынасты қалыптастыруға және қазақ халқының ұлттық құндылығына қызығушылығын арттыруға, «рухани жаңғыру» бағдарламасына сай ата-бабамыздың бір мәдени байлығы, қазынасы деп құрметтеп тәрбиелеуге бағытталған.

Балабақшадағы логопедтік тіл мүкістігін түзету жұмысына, балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән береді. Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз[1,13 б.].

Қазақ халқының ұмытылып бара жатқан ұлттық құралдарын, салт-дәстүрін және мәдениетін бүгінгі ұрпаққа таныта, ұлттық құралдар арқылы балаларды терең ойлауға, сөздік қорларын молайтуға баланың өз бетінше дамуына, терең ойлануға, ептілікке баулу[2,125 б.]. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы, сонымен қатар баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі қалыптасады[3, 98 б.].

Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуын дамытуға арналған жаттығулар.


Мектепке дейінгі жастағы балалардың тыныс алу бұлшық еттері нәзік болып келеді, сондықтан да арнайы тыныс алу жаттығуларын жасау қажет. Тіл қимылдары нақты емес, балалар берілген қалыпта тілді ұстап тұруға қиналады. Сол себепті ұсынылып отырған ойындар қазақтың ұлттық құндылығын насихаттай отыра, балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйреді.

«Оюлар сыры»

Мақсаты: Сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: «Гүл» оюы, «көбелек» оюы.

Ойын барысы: Логопед балаларға қағаздан жасалған «гүл» мен «көбелек» оюын таратып береді. Балалар ауыздарын демге толтырып, дем шығарғанда гүлдегі көбелектерді үрлеп ұшырады.



**«Гүл» оюы
«Тақия»**



«Көбелек» оюы

Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: Тақия, «жапырақ» оюы.

Ойын барысы: Логопед балаларға тақия мен «жапырақ» оюын таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.



«Жапырақ» оюы

«Сәукеле»

Мақсаты: Бірқалыпты, ұзақ дем шығаруды дамыту.

Ойынның құрал жабдықтары: Сәукеле.

Ойын барысы: Логопед балаларға сәукеле таратып береді. Балалар дұрыс тыныс алып сәукеледегі үкіні бірқалыпты және ұзақ дем шығаруы керек. Ойын осылай жалғасады.



«Айшық пен жұлдызша оюы»

Мақсаты: Тыныс алу аппаратын қалыптастыру. Үзіп-Үзіп дем шығаруға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: «Айшық» оюы, «жұлдызша» оюы.

Ойын барысы: Логопед балаларға «ай» мен «жұлдыз» ұлттық оюларды таратып береді. Оны балалар үзіп-үзіп дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.



«Айшық» оюы


«Жұлдызша» оюы

Артикуляциялық жаттығулар жиынтығы

Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруда алдымен дыбыстарды қоюымыз қажет. Сол себепті дайындық кезеңі ретінде ауыз қуысына жаттығулар жасалып

тілді жаттықтырамыз. Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін, қазақтың ұлттық құндылығына бейімдеп, арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарының қалпын дағдыландыруға бағытталған. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әр түрлі атпен аталады.

«Оқтау есу» жаттығуы



Мақсаты: Тілді алға-артқа кіргізіп шығарып, тіспен оқтау есуге үйрету.

Сипаттамасы: Оқтауды есіп отырып, ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қарай созып, үстінгі тісті тілдің үстіне қойып, тілді қайта ішке кіргізу.

Сөздік нұсқау: Жоғарғы тістер тілді оқтау секілді еседі. Соны дұрыс жасауын қадағалау керек.

«Домбыра үні» жаттығуы



Мақсаты: Тілдің ептілігін бекіту, жоғары көтеруге дағдыландыру.


Сипаттамасы: Жымыып тістерді көрсету, ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен таңдай қағу, домбыраның үнімен.

Сөздік нұсқау:

1. Астыңғы иек қозғалмай, тек қана тіл жұмыс жасайды: дын - дыры дын деп айту қажет.

2. Тіл ішке қарай жиырылмай тақылдатуын қадағалау керек.

«Ұршық иіру»



Мақсаты: Тілдің ұшын жоғарғы, астынғы тістерді жіп сияқты қозғауға үйрету.

Сипаттамасы: Езу тартып күлу, тістерді көрсетіп, ауызды сәл ашып, тілдің ұшымен жоғарғы тістерді оңға – солға, кейінше жоғарыдан төменге қарай ұршықты иіре отырып тазалайды.

Сөздік нұсқау:

1. Ерін қозғалмай, күлкі жасайды.
2. Тілдің ұшы оңға – солға қозғалғанда тістердің жоғарғы шетінен емес, тістердің түбіне (қызыл иекке) тиюі керек.

Сөздік қорды байыту

Балалардың сөздік қорын дамытуда ойындарды, тапсырмаларды, жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қорын дамытып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

«Піспешелек пісу»

Ойынның мақсаты: Піспешелек пісу арқылы ертегіні әңгімелеу. Сөздік қорын дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: Піспешелек, ертегінің суреті.

Ойынның мазмұны: Логопед балаларға піспешелекті пісе отырып ертегіні әңгімелеп береді. Балалар сол ертегіні піспешелекті пісе отырып қайталап айтып береді.



«Ұршық иіру»

Ойынның мақсаты: Ұршықты иіре отырып, сөздік қорды дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтар: Ұршық, жіп, ертегі кейіпкерлердің суреті.

Ойынның мазмұны: Балалар ұршықты иіре отырып, ертегідегі кейіпкерлердің мазмұнын айтады. Ал, Автор ұршықтағы жіпті орап айтады. Мысалы: «Төлдер айтысы» ертегінің кейіпкерлерін дауысын сала отырып, ұршықты иіреді.



«Кигіз үй құрастыру»

Ойынның мақсаты: Кигіз үй арқылы буындарды қосып оқуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: Кигіз үй.

Ойынның мазмұны: Кигіз үйдегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды кигіз үйдегі керегелерін бір-біріне қосып оқу.

Мысалы: Ер, ат, ас, ет, ес, аш, ар т.б.



«Оюмен сөйлем құра»

Ойынның мақсаты: Қазақтың ою өрнегімен сөйлем құрап, сөздік қорды дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: Оюлар.

Ойынның мазмұны: Берілген оюлар таңбасына қарап, оюлармен сөйлем құрайды. Мысалы: Мен отанды сүйемін.



Сонымен, ойынның мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс - әрекеті ретінде баланың психикалық дамуында өте үлкен маңызы бар. Ойын әрқашан педагогтардың назарынан тыс қалған емес.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс - әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым - қатынасымен танысады, өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, айналасы жөніндегі білімі, түсінігі нақтыланады және тереңдейді. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез - құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағаланған. Ғалымдар, бала миының,

психикасының әрекетін зерттеп, қол функцияларының үлкен стимуляциялық маңызын анықтады. Балалардың тіл дамыту деңгейі қол саусақтарының жіңішке қимылдарының қалыптасу дәрежесінен тура тәуелділікте тұрғаны дәлелденді. Егер саусақтардың қимылдарының дамуы артта қалса, онда тіл дамуы да қалып қояды. Баланың қолының дамуы оның тілі мен ойының дамуымен тығыз байланыста тұр.

Ұлттық құралдарды оқу қызметінде қолданысы ертең терең зерттеуге бағыт беріп, қазақтың ұлттық құндылықтарын бойларына сіңіріп өсетін ұрпақ болады деп ойлаймыз. Ұлттық құралдарымыз бала бойында ұлттық менталитеті қалыптастыруға сөзсіз себебі тиеді.

Қорыта келгенде, қазақтың ұлттық құндылықтарын оқыту барысында қолдана, ұлттық құралдардың атауын сәби тіліне ертеден салып өз ұлтының тарихын, мәдениетін танумен мақтан етуге тәрбиелеу болып табылады.

Әдебиеттер

1. Байтурсынова А.А. ҚР арнайы білім беру тарихы. Алматы.-2003 ж. - 190 б.
2. Дүйсенова Ж.Қ., Қ.Н.Нығметова. Балалар тілін психологиясы. – Алматы, 2012 ж. -233 б.
3. Меңжанов А.К. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу. Метод. құрал.- Алматы: Мектеп, 1987-119 б.

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САУАТТЫ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Рысбек М.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Дефектология мамандығының 2 курс студенті

Сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың негізгі қағидалары

Жазу өте ерте заманда жасалынып, ұзақ тарихи даму кезеңдерден өтіп келеді. Даму барысында жетілуімен бірге оның орфографиялық қағидалары да өзгеріп отырады. Оның себебі қай кез болмасын, жазуда сөздің дыбыстық жағын, яғни айтылу формасын дәл беру басшылыққа алынады. Тілдегі дыбыстар өте күрделі құбылыс. Оның айтылуындай етіп ешбір графика дәл бере алмайды. Сондықтан айту мен жазу арасында алшақтықтар туындап, уақыт өте ол алшақтықтар тілдің табиғатына, дамуына өзінің кері әсерін тигізбей қоймайды. Тілдің табиғатын бұзбай сақтау үшін тілшілер көптеген зерттеулер жүргізіп, белгілі бір ережелерді сұрыптап, ой елегінен өткізіп, ұсынып келеді. Соның нәтижесінде емле ережелері енгізіліп, жазу бір жүйеге

түседі. әлемдегі бірнеше ғасырлық тарихы бар жазу жүйелерінің ең жетілген түрінің өзіне де үнемі өзгертулер енгізіліп, отырылады. Осының өзінде де кез-келген жазу түрінде дыбыс жүйесі мен алфавиттің арасында алшақтықтар кездеседі [1, 566].

Қазақ тілінің жазылуы мен айтылуы арасындағы алшақтықтар графиканың пайда болуымен тығыз байланысты. Сан ғасырлар бойы ауызша дамып, толығып, байып келген қазақ-тілі ХХ ғасырда қоғамдық қажеттіліктен туындаған жазбаша формасы дүниеге келгеннен кейін ауызша және жазбаша формасының арасында алшақтықтар туындай бастады. Әлемдегі қай графиканы алсақ та, оның басты мақсаты тілдің табиғатын жазбаша формада дәл беру болып табылады. Осы мақсатта көздеген кез-келген графика пайдалану барысында туындаған кемшіліктерді жою үшін өз тілдерінің ерекшелігіне сәйкес емле ережелерін бекітеді.

Тілдің коммуникациялық қызметі ауызша үлгіде де, жазбаша формада да іске асып отырады, Жазба тілде жеткізу үшін сол халық пайдаланып, отырған жазу, яғни графика түрімен қоса белгілі бір, жазу тәртібі, яғни нормалары болуы керек. Ол тәртіптер хатқа түсіп реттелген болуы да мүмкін, тіпті ереже түрінде хатталмай-ақ бірінен бірі үйрене беруі де мүмкін. Дегенмен, ұлттық жазба әдеби тілдің, яғни бүгінгі қазақ тілінің дұрыс сауатты жазу қағидалары түзіліп, хатқа түскен нормалары көрсетілуі шарт.

Ұлттық тілдің емле ережелері көпшілікке ортақ әрі міндетті сипатта болуы шарт.

Р. Сыздықова: «Жазудың бір құралы - емле ешбір өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес, бірақ жыл сайын, ескірді-ау деп күмәнданған бойда әркім өз бетінше өзгерте беретін құбылыс емес. Емле - миллиондар меншігіндегі мүлік болғандықтан, сол мың миллиондаған қалам ұстаушыларға ортақ, ендеше жұрт барлығына міндетті түрде ұсынылған ережелерге сүенулері қажет. Бұл барша тілдерге, оның жазу мәдениетіне тән заңдылық» деп санайды [2, 88 б].

Бұл заңдылықтарды, яғни емленің жалпыға бірдейлігін, баршаға міндеттілігін сақтап, сан ғасыр бойы қалыптасқан жазу тәртіптерін қолайсыздығы көрініп тұрсада, өзгертпей, дәстүрге айналдырып қолданып отырған халықтарда бар (ағылшын, француз т.б.) Айталық, ағылшын балалары үздіксіз тоғыз жыл оқыса да, кеңсе қағаздарына қатысты жұмыстарды ойдағыдай жаза алмайды екен. Әйгілі жазушы Бернард Шоудың есептеуінше, жазу мен шұғылданған ағылшындар әрбір минуттың он екі секундтың «басы артық» әріптерді жазуға жұмсайды екен. Ондай әріптерді жазуға бір жылда жетпіс үш күн кетеді екен.

Жазуда мұндай қиындықтар болмас үшін орфографияны тілдің құрылымына лайықтап, жазу нормаларын жетілдіріп, отыру керек. Қазақ халқын жазу таңбаларын өзгерткен сайын жаңа емле ережелерін ұсынып, 20-30 жылғы іс тәжірибелердең сыналып, өткеннен кейін ережелерге өзгерістер енгізіп, отырады.

Орфография заңдылықтары, тілдің өзі сияқты, өмір мен тығыз байланыста болғандықтан, үздіксіз дамып, жаңарып отырады. Қазіргі таңдағы қоғамдағы

басты талаптың бірі - жазу таңбаларының тілдің дыбыстық жүйесіне сай түсіп, көпшіліктің пайдалануына қолайлы болуы және сол таңбалар мен сауатты жазу үшін емле ережелерінің дұрыс берілуі. Емле қағидалары белгілі бір принциптермен теориялық негіздерге сүйенген болуы керек [3, 102 б].

Емле немесе сауатты жазу орын нормалары да талқыға көп түседі және үнемі толығып, жетіліп отырады. Қазақ тілі емлесі бұл процесті басынан кешірді. Қазіргі қазақ емле ережесінің іргесі 1940 жылы кириллицаға көшкен кезде қапанғаны белгілі.

Қазақ тілінің емлесінің осы жазу фойынша түзілген қағидаларының 15-16 жылдық тәжірибеден кейін кемшіліктері ескеріліп, біршама жөнделген, реттелген нұсқасы 1957 жылы ұсынылды. 1940 жылға дейін қазақ графикасы үш рет өзгертілді. А. Байтұрсынұлы түзеген қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы араб таңбалары; одан кейін он шақты жыл 1929-1940 қолданған латын жазуы; 1940 жылдан бастап қабылданған кириллица. Сондықтан да қазақ халқының емлесі белгілі бір жүйеге түсіп улгермегендіктен, сауаттылықтың тетігін ғылыми сүйеніп табу әрекеті қолға алына бастады [4, 96 б].

1983 жылы қазақ емле ережелерінен біраз түзетулер мен өзгерістер енгізілді де, бұл заң жүзінде қабылданды. 1983 жылы 23 тамызда қазақ ССР Жоғарғы Советі прединумкың қаулысы мен бекітілді. Бұл қаулыда «министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, газет-журнал редакцияларына, баспаларға, ғылыми зерттеу мекемелеріне, оқу орындарына қазақ тілі орфографиясының осы негізгі ережелері жарияланған күннен бастап оларды жазу практикасына алу міндеттеледі»- деп жазылды.

Бүгінде күнделікті баспа сөздің басым көпшілігі, оқу ағарту орындары: мектептер мен институттар, университеттермен ресми мекемелер күнделікті жазу тәжірибесінде сауаттылықтың негізі ретінде 1983 жылғы емле ережелерін қолданып келеді.

Адамның сөйлеу шеберлігі, жазу сауаттылығы - ұлттық мәдениеттің көрсеткіші. Ол төмен болса, қазақ тілінің орфографиялық нормалары біршама айқындалып, тұрақталып, қызмет етіп отыр. Қоғамда күрделі де зор әлеуметтік - саяси өзгерістер болып жатқанымен, сауатты жазуға қойылатын талаптар түбегейлі өзгеріске ұшыраған жоқ. Олар емле ережелері ретінде көрсетіліп, сол ережелер бойынша орфографиялық сөздіктер ұсынылып келеді [5, 56б].

Қазақ орфографиясының принциптері тілдің ғасырлар бойы қалыптасып, дамып, келе жатқан ішкі құрылымдық жүйесін жазу дәл бере алатындай сәйкес болу керек. Сонда ғана тілдің ауызша және жазбаша түрлері бір бірінен алшақ кетпейді. Тілдің жазу нормаларын белгілейтін орфографиялық принциптер сауатсыздықты жоюдың негізі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Өмірбекова Қ.Қ., Мусина Ж.С «Қазақ тілі» Алматы кітап 2002ж.
2. Өмірбекова Қ.Қ. Серкебаев Қ, «Логопедия» Алматы,1996ж
3. Жинкин Н.И. « Развитие письменной речи учащихся 3-7 классов» Известия ,Выш. 73 - М. 1956Ж

4. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009

5. Энциклопедия профессионального образования // В 3 т. / под ред. С.Я. Батышева. – М.: АПО, 1999. – Т. 2. – 390 с.

5-8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ САДАҚ АТУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Сагандыков Е. С.

Павлодар педагогикалық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Павлодар қ.

Усина Ж.А.

Павлодар педагогикалық университетінің «Өнер және спорт» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к., Павлодар қ.

Садақ ату бойынша бағдарламаны меңгерудің мақсаты 5-8 сынып оқушыларының спорт түрі саласында теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру; спорттық жаттығудың әртүрлі тұжырымдамаларымен, оқу-жаттығу процесін ұйымдастырудың заманауи әдістерімен танысу; спорттық дайындық кезеңдерінде нәтижелілікті арттыру технологиялары мен шарттарын әзірлеу; табысты спорттық мамандандыруды қамтамасыз ету үшін жас спортшыларды тәрбиелеу және дамыту болып табылады.

5-8 сынып оқушыларын спорттық даярлау процесінде өзара байланысты үш компонент бөлінеді: процесті жоспарлау, оны іске асыру және бақылау. Спорттық дайындық құрылымын анықтау нақты жоспарлау жүргізілетін уақыт аралығын таңдаумен байланысты. Спорттық дайындық процесінің құрылымын әзірлеу үш нұсқада қарастырылады: көпжылдық, жылдық және жедел.

Жоғары білікті және жас спортшыларды даярлаудың әртүрлі циклдерінің құрылымы мен құру процесін айқындайтын негізгі параметрлер:

- қойылған міндеттерді іске асыруға баға беруге болатын қорытынды және аралық (ағымдағы) нысаналы көрсеткіштерді анықтау;

- дайындықтың әртүрлі кезеңдері мен циклдарында жарыс және жаттығу процесін құрудың жалпы тәртібін анықтау;

- жаттығу және жарыс жүктемелері мен олардың көрсеткіштерін, сондай-ақ жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіру жүйесін кезектестіру болып табылады.

Осылайша, спортшылардың спорттық дайындығын құру процесінің тиімділігін арттыру үшін мынадай жағдайлар қажет:

- қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін түрлі жаттығу кезеңдері мен

циклдар шекарасында ағзаға әсер ету уақытының қажетті жиынтық шығындарын білу және есептеу;

- құралдардың құрамын, жүктеме параметрлерін анықтау және олардың белгілі уақыт аралығы шеңберінде кезектесуі.

Көп жылдық спорттық даярлықты ұтымды құру келесі факторларды есепке алу негізінде жүзеге асырылады:

- ең жоғары нәтижелерге қол жеткізетін оңтайлы жас шектері;

- спорттық жетістіктер үшін жүйелі дайындық ұзақтығы;

- спортшы сабаққа кіріскен төлқұжат жасы және арнайы жаттығу басталған биологиялық жасы;

- спортшының жеке ерекшеліктері және оның шеберлігінің өсу қарқыны.

Басым бағыттылығына байланысты садақ атқыштарын көпжылдық дайындау процесі шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: *бастапқы дайындық кезеңі* (бір жылға дейін және бір жылдан астам); *жаттығу кезеңі*(бастапқы спорттық мамандану кезеңі – екі жылға дейін және тереңдетілген спорттық мамандану кезеңі – екі жылдан астам); *спорттық шеберлікті жетілдіру кезеңі және жоғары спорттық шеберлік кезеңі*.

Оқыту кезеңдерінің ұзақтығы спортшылардың спорттық дайындығының деңгейіне байланысты. Даярлаудың кезекті кезеңіне өту туралы мәселені шешу төлқұжаттағы және биологиялық жасқа, оның физикалық даму деңгейіне және дайындығына, өсіп келе жатқан жаттығу және жарыс жүктемелерін орындау қабілетіне негізделген [1].

Практикалық сабақтарға арналған бағдарламалық материал әрбір дайындық кезеңінің міндеттеріне сәйкес игеріледі (1-кесте).

1-кесте. Садақ ату даярлығының әрбір кезеңі бойынша практикалық сабақтарға арналған үлгі бағдарлама

Бастапқы дайындық кезеңі (бір жылға дейін және бір жылдан астам)	
Жалпы талаптар	Садақ атуға медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған кезде қабылдау үшін ең төменгі жас – 10-13 жас (5-8 сынып). Оқытудың жалпы ұзақтығы 2-3 жыл. Топтардың ең аз толымдылығы 10-12 адамды құрайды.
Дайындық бағыты	Бір жылға дейін бастапқы дайындық кезеңінің спортшылары мектеп бағдарламасына және осы жастағы талаптарға сәйкес жалпы дене шынықтырумен айналысады. Денсаулықты нығайту, жалпы гигиена ережелерімен танысу, күн тәртібі. Бастапқы дайындық кезеңінің спортшылары бір жылдан кейін тағы да, мектеп бағдарламасына және осы жастағы талаптарға сәйкес жалпы дене шынықтырумен айналысады. Жасөспірімнің жан-жақты дамуына бағытталған жаттығу жүктемелерінің бірізділігі мен біртіндеп

	сақталуын қатаң сақтау керек. Жалпы төзімділікті, күш пен шапшаңдықты дамытуда үйлесімділікті сақтау аса маңызды, олардың негізінде физиологиялық механизмдер жатыр.
Теориялық дайындық: дәріс курсы	Ежелгі, біздің елімізде және шет елдерде спорт түрінің даму тарихы. Ежелгі садақтар мен жебелердің нұсқалары. Садақ атудың ұлттық түрлері. Садақ ату. Спорттық қарудың (садақ) материалдық бөлігін зерттеу. Садақ ату қауіпсіздігі техникасының негіздері, садақ ату бойынша іс- шаралар өткізілетін орындарда өзін-өзі ұстау ережелері. Спорт алаңын белгілеу.
Жалпы дене дайындығы	Денсаулықты нығайту, дене дамуын жақсарту. Дене қасиеттерін тәрбиелеу. Әртүрлі спорт түрлерін қолдану негізінде жан- жақты дене даярлығын қалыптастыру. Спортпен шұғылдануға қызығушылықты арттыру. Атыс түрін анықтау.
Арнайы дене шынықтыру дайындығы	Садақ ату үшін басым физикалық қасиеттерді тәрбиелеу (күш, төзімділік, үйлестіру, жылдамдық).
Техникалық- тактикалық дайындық	Қарудың материалдық бөлігімен танысу (садақ, жебе, адырна және т.б.). Садақ атудың базалық техникасын зерттеу. Садақ ату техникасын жетілдіру. Әр түрлі деңгейдегі жарыстарда өнер көрсету.
Нұсқаулық және төрешілік практикасы	Екінші оқу жылы: әр түрлі бағыттағы төреші көмекшісінің қатысуы.
Жаттығу кезеңі <i>(бастапқы спорттық мамандану кезеңі - екі жылға дейін, тереңдетілген спорттық мамандану кезеңі - екі жылдан астам)</i>	
Жалпы талаптар	Топтардың минималды толымдылығы 8-10 адамды құрайды .
Дайындық бағыты	<i>Бастапқы спорттық мамандану кезеңі.</i> Оқудың жалпы ұзақтығы екі жылға дейін. Алғашқы спорттық мамандану кезеңінде спортшылар садақ ату техникасын меңгереді. Жан-жақты дене және функционалдық дайындыққа жетеді. Әр түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысу арқылы жарыс тәжірибесін алады. <i>Тереңдетілген спорттық мамандану кезеңі</i> оқу ұзақтығы екі жылдан астам. Тереңдетілген спорттық мамандану кезеңінде атушылар садақ ату техникасын да жетілдіріледі. Арнайы физикалық, психикалық, зияткерлік қабілеттерін дамытады. Функционалдық

	дайындық деңгейін арттырады, садақ атуда жарыс тәжірибесін жинақтайды.
Теориялық дайындық: дәріс курсы	Біздің елімізде және шетелде садақ ату дамуының негізгі тарихи оқиғалары мен фактілері. Садақ атудан жарыс ережелерімен танысу, садақ атудан стандартты және бағдарламаның нормативтік бөлігін үйрену. Спорт түрі ретінде садақ ату сипаттамасы. Олимпиадалық бағдарлама бойынша садақ ату. Садақ ату бойынша негізгі жаттығу құралдарын зерттеу. Педагогикалық, дәрігерлік бақылау, өзін-өзі бақылау әдістерімен танысу. Психологиялық және зияткерлік дайындықтың негізгі құралдары мен әдістерін таныстыру және меңгеру. Нұсқаушы және төрешілік тәжірибе алу. Спорттық дайындық процесінде негізгі қалпына келтіру құралдары мен іс-шараларды зерттеу [2].
Жалпы дене дайындығы	Жаттығудың кешенді тәсілін қалыптастыру (жалпы дамыту және арнайы жаттығулар). Аэробты және аэробты-анаэробты аймақтың жаттығу жүктемелерін қолдану, арнайы тыныс алу жаттығулары.
Арнайы дене шынықтыру дайындығы	Арнайы күштік статикалық және динамикалық төзімділікті дамыту үшін арнайы жаттығуларды жаттықтыру. Күштік және жылдамдық және үйлестіру қабілеттерін дамытуға бағытталған арнайы жаттығуларды орындауды меңгеру.
Техникалық-тактикалық дайындық	Қарудың материалдық бөлігімен танысу (садақ, жебе, адырна және т.б.). Садақ атудың базалық техникасын зерттеу. Мамандандырылған жаттығу жүктемесін арттыру. Ату және оны орындау техникасының элементтері туралы білімді кеңейту және тереңдету. Өртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысу: жіктелік және күнтізбелік, және т. б. Құрама командалардың құрамында болу құқығын иелену.
Нұсқаулық және төрешілік практикасы	Әр түрлі бағыттағы төрешілер алқасына және төреші көмекшісіне қатысу.
Спорттық шеберлікті жетілдіру кезеңі	
Жалпы талаптар	Топтардың ең аз толымдылығы 4-7 адамды құрайды. Жалпы ұзақтығы шектеусіз (шамамен ұзақтығы үш жыл).
Дайындық бағыты	Күрделенген жағдайларда садақ ату техникасын жетілдіру. Арнайы физикалық қасиеттер мен дағдыларды жетілдіру. Арнайы даярлық және функционалдық резервтер деңгейін арттыру. Белгіленген жаттығу жүктемелерін игеру. Жетістіктері

	спорттық дайындық кезеңіне тән спорттық нәтижелер. Спорттық шеберліктің модельдік деңгейін қалыптастыру. Спорт шебері атағын орындау. Жарыс тәжірибесін толықтыру. Құрама командалардың құрамында болу құқығын иелену.
Теориялық дайындық: дәріс курсы	Садақ атуда және аралас спорт түрлерінде ғылыми зерттеулер мен жаңа әзірлемелерді зерттеу. Садақ атудың халықаралық тәжірибесін зерттеу. Спортшылардың халықаралық аренада спорттық өнер көрсетулерін талдау. Халықаралық аренадағы басты қарсыластардың спорттық өнер көрсетулеріне мониторинг жүргізу. Педагогикалық, дәрігерлік бақылау процесінде алынған нәтижелерді қолдану, сондай-ақ жаттығулар мен жарыстарда өзін-өзі бақылау. Жаттығулар мен жарыстар барысында психологиялық және интеллектуалдық дайындық тәсілдерін қолдану ерекшеліктері. Зияткерлік қабілеттерін жетілдіру. Қаруды (садақты) қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы білімді тексеру. Садақтың жаңа үлгілерін зерттеу, қарудың ақауларын жою. Қаруды жөндеу. Төрешілік туралы білімді кеңейту және тереңдету, жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу. Жаттықтырушылық қызмет тәжірибесі [3].
Жалпы дене дайындығы	Жаттығуда кешенді тәсілді қолдану (жалпы дамыту және арнайы жаттығулар). Аэробты және аэробты-анаэробты аймақтың жаттығу жүктемесінің тәсілдерін жетілдіру, арнайы тыныс алу жаттығулары.
Арнайы дене шынықтыру дайындығы	Бақылау құралдарын қолдануға үйрету жаттығу процесінде психофункционалды жұмысқа қабілеттіліктің физикалық дайындығы. Спорттық жаттығу процесінде шаршауды субъективті бағалау нәтижелерін және садақпен атыс жүргізу мен теріс атысты бақылау тәсілдерін қолдануға үйрету. Арнайы төзімділікті, күш пен шапшаңдықты қолдауға арналған арнайы жаттығуларды орындауды жетілдіру. Үйлестіру қабілеттерін тұрақты сақтауға бағытталған арнайы жаттығуларды орындауды жетілдіру.
Техникалық-тактикалық дайындық	Садақ ату техникасын жаттықтыру және бақылау. Мамандандырылған жаттығу жүктемесін арттыру. Садақ атудың уақыт көрсеткіштерін бақылауды жетілдіру. Атыстар арасындағы демалыс үзілісін бақылауды жетілдіру және олардың мазмұнын пысықтау. Атыс дайындығының қарқындылығын бақылауды жетілдіру. Жылдамдықты арттыруға

	бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Әртүрлі деңгейдегі халықаралық жарыстарға қатысу. Спорт шебері және Халықаралық деңгейдегі спорт шебері атағын орындау және растау, құрама командалардың құрамында болу құқығын иелену.
Нұсқаулық және төрешілік практикасы	Төрешілер алқасының жұмысына қатысу. Төреші ретінде жұмыс істеу. Жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.
Жоғары спорттық шеберлік кезеңі	
Жалпы талаптар	Топтардың ең аз толықтырылуы 1-4 адамды құрайды. Оқытудың жалпы ұзақтығы шектеусіз.
Дайындық бағыты	Жарысқа дайындық және оларға табысты қатысу. Жаттығу процесінің мамандануын арттыру. Экстремалды іс-әрекет жағдайында атудың сенімділігін арттыру және дараландыру (жарыс жағдайына жақын жаттығу жүктемелерінің үлкен көлемі). Спортшылардың халықаралық деңгейіндегі модельдік сипаттамаларға сәйкестігі.
Теориялық дайындық: дәріс курсы	Садақ атуды заманауи дамытудың тұжырымдамалық негіздерін қалыптастыру. Садақ атудың халықаралық тәжірибесін қолдану. Ату нәтижелерінің халықаралық деңгейге сәйкестігі. Жаттығулар мен жарыстарда педагогикалық, дәрігерлік бақылау және өзін-өзі бақылау процесінде алынған нәтижелерді қолдану. Садақ ату спортының жағдайына байланысты психикалық өзін-өзі реттеу тәсілдерін қолдану ерекшеліктері [4].
Жалпы дене дайындығы	Жаттығуды ұйымдастыру мен өткізуде кешенді тәсілді пайдалануды жетілдіру. Аэробты және аэробты-анаэробты аймақтың жаттығу жүктемесінің тәсілдерін пайдалануды жетілдіру. Арнайы тыныс алу жаттығулары кешенін орындауды жетілдіру.
Арнайы дене шынықтыру дайындығы	Мамандандырылған жаттығу жүктемесінің көлемін ұлғайту. Спорттық жаттығу процесінде шаршауды субъективті бағалау нәтижелерінің рөлін арттыру және жаттығу әсерлерінің басымдықтарын бөлу кезінде оны төмендету тәсілдері. Арнайы шыдамдылықты, күш пен координациялық қабілеттілікті қолдауға бағытталған арнайы жаттығулар кешендерінің орындалуын жетілдіру
Техникалық-тактикалық дайындық	Мамандандырылған жаттығу жүктемесін арттыру. Жарыс барысында садақ ату және атуды жүргізу мақсатында мақсатты атуды бақылау техникаларын жетілдіру. Садақ ату техникасының вариативтілігі мен

	кедергіге төзімділігін жетілдіру. Жарыстық жағдайларда атысты орындаудың бақылаулық және күштік көрсеткіштерін жетілдіру. Түрлі қиын жағдайларда ату процесінде зейінді шоғырландыру деңгейін арттыруға бағытталған психикалық өзін-өзі реттеу тәсілдерін пайдалануды жетілдіру. Ату процесінде зияткерлік дайындық әдістерін пайдалануды жетілдіру. Атуды орындау техникасына немесе түсудің орташа нүктесінің деректерін алу кезінде көздеу құрал-жабдықтарына қажетті өзгерістер енгізу дағдысын жетілдіру. Командалық атыстар мен спаррингтерді өңдеу. Әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысады. Халықаралық деңгейдегі спорт шебері атағын орындау және растау, құрама командалардың құрамында болу құқығын иелену.
Нұсқаулық және төрешілік практикасы	Төрешілер бригадасының құрамында жұмыс істеу, жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу. Жаттықтырушылық қызмет тәжірибесін кеңейту.

Садақ атуды жетілдіруге арналған бағдарлама спортшылардың спорт түрі саласында теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрастырылған. Басым бағыттылығына байланысты садақ атқыштарын көпжылдық дайындау процесі шартты түрде бірнеше кезеңге бөлінеді: бастапқы дайындық кезеңі (бір жылға дейін және бір жылдан астам); жаттығу кезеңі(бастапқы спорттық мамандану кезеңі – екі жылға дейін және тереңдетілген спорттық мамандану кезеңі – екі жылдан астам); спорттық шеберлікті жетілдіру кезеңі және жоғары спорттық шеберлік кезеңі.

Ұлттық спортымыз садақ атуды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңғыртып, ата-бабаларымыздан қалған мұра ретінде қабылдап, оны бүгінгі ұрпаққа жеткізу біздің алдымызда тұрған зор міндет. Садақ атуды, мергендік өнерді үйренген жас ұрпақ жауынгершілік рухта тәрбиеленеді. Ал жауынгершілік рухта тәрбиеленген ұрпақ өз ұлтының патриотына яғни ұлт мақтанышына айналары сөзсіз. Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң.

Әдебиеттер

- 1 Сагандықов Е. С. Этноспорт: садақ ату: авторлық бағдарламасы / Е. С. Сагандықов. – Павлодар : 2020. – 35 б.
- 2 Куватов, А.Ж., Степанова, Н.М. Қазақтың ұлттық ойындары жастарды тәрбиелеу құралы ретінде: Оқу құралы. - Павлодар, 2008. – 61 б.
- 3 Кубашев, Т.К., Демченко, Л.В. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. - Орал, 2012. -

276.

4 Зыков М.Б., Джебраилова Т.Д. О некоторых объективных показателях психологической готовности стрелка из лука: Методические рекомендации.- М., 2008.- 22с.

Оқушыларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың озық технологиялары

Сағымбаев Р.Б.

Павлодар қаласының №37 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Russ_2111@mail.ru

Қазіргі уақытта білім беру форматтары өзгеруде, оның басты себебі – технологияларды жетілдіру, білім беру жүйесіндегі талаптарды жаңарту. Қазіргі мұғалім қандай болуы керек, оның қызметінде қандай тенденцияларды ұстану керек? Бізге үйреншікті білім беру форматтары өзгеруде, мұның басты себебі – технологиялардың жетілдіруінде. Біз әлі де өз жұмысымызды қайта бағалап, ең күшті жақтарды анықтап, бағдарламаларымыздың бағыты бар тенденцияларға бейімдеуіміз керек.

Қазіргі әлем адамды түбегейлі өзгертеді, одан икемділік пен ұтқырлықты талап етеді. Табысты болу үшін әркім өзінің кәсіби біліктілігін дамытуға, технологияларды түсіне білуге және оларды қолдана білуге міндетті. Әлемде бәсекелестік өте жоғары дамыған.

Біз жаңа оқыту туралы, жаңа білім туралы айтқанда, біз оқытудың заманауи технологияларын ғана емес, сонымен қатар олардың пайда болуының артындағы өзгерістерді де айтамыз. Білім беруде алдында тұрған заманауи трендтер, сондай-ақ олармен байланысты әдістемелік міндеттер мен сын-қатерлер пайда болады.

Бүгін білім беруде қандай өзгерістер болып жатыр?

Мысалы, даралау. Даралау-бұл саналы білім, өз бетінше оқу қабілеті және оқу үшін пәндерді таңдау мүмкіндігі. Жеке білім беру оқушыларға толықтай тәуелсіз болуға және олардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін түсінуге көмектесуге бағытталған, ал білім беру ортасының рөлі оларды өз бетінше дамуға үйрету болып табылады. Бұл дағды-бұл мектепте ғана емес, қарапайым өмірде де пайдалы болатын ең құнды әрекет. Оларға ие бола отырып, оқушы білім беру процесін өз бетінше қадағалап, бағдарламаны түсініп, қалыптастыра алады, білім беру процесінде максималды тиімділік пен жетістікке жетеді.

Бүгінгі таңда болып жатқан індетке байланысты білім беру саласында қашықтықтан оқыту деген жаңа ұғым, жаңа бір бағдар, білім беруде жаңа бір көзқарас туындады. Қашықтықтан оқыту-бұл интернет арқылы қашықтықтан

оқыту әдісі, онда мұғалім мен оқушылар физикалық түрде әртүрлі жерлерде болады. Экран арқылы білім беруде жаңа бір идеялар, жаңа технологиялар, жаңа бастамаларға әкелді. Қашықтықтан оқыту-бұл қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып оқыту, ол өзінің пайда болуымен ақпараттық технологияларды сабақты жүргізудің жаңа бір қырын айқындады. Компьютерлік коммуникация құралдарын пайдалана отырып, қашықтықта сабақ беру саласындағы білім беру қызметтерін жаңа деңгейге қоюға мүмкіндік берді.

Қашықтықтан оқыту- әр түрлі әдістерді қолдана отырып жүргізілетін аспаптық құрал ретінде жаңа бағыт туындады. Тәжірибе көрсеткендей, қашықтықтан оқытуда барынша белсенді қолданылатын әдіс-бейнеконференция жүйесі, мобильдік оқыту басымдық көрсетті. Мұғалімдер мен оқушылардың көпшілігінде қарым-қатынас тәжірибесі ZOOM бағдарламасымен жұмыс істей бастады. Бұл бағдарлама шексізге дейін қатысушыларды бір уақытта қосылуды қолдайтын, бейне байланыс режимінде жүргізілетін ең тиімді формаға айналды. Барлық оқушылар өздерінің ұстаздарын көре алады және пән бойынша білімдерін дәстүрлі түрде сыныпта оқығандай сезінуге мүмкіндік тудырды. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі екені даусыз.

Бірақ осы кезде ұстаздар алдына жаңа мәселе туындады. Өткізілетін пәндер бойынша берілетін материалдар қорының болмауы. Осы олқылықпен жұмыс істеу үшін мұғалімдердің ресурстарды құрып, жаңа сатыдан өту қажеттілігі айқын көрінді.

Адамзат баласының жаһандану заманының талабына сай жедел дамуы әр адамның іс-әрекеттегі жаңашылдығына, жаңаны ойлап табуына, бойындағы шығармашылық қабілетінде. Жеке тұлғаның креативті ойлауын дамыту оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетке деген қызығушылығына, ізденімпаздық қабілетіне тығыз байланысты.

Соңғы онжылдықта мобильді технологиялар оқуға деген көзқарасты өзгертті, оны ыңғайлы және жылдам етті. ЮНЕСКО мобильді құрылғылардың келесі артықшылықтарын келтіреді:

- мобильді құрылғылар кішкентай және әрқашан адаммен бірге жүреді;
- мобильді құрылғылар әлемнің кез келген нүктесінде желіге қосыла алады;
- мобильді құрылғылар желідегі бірнеше пайдаланушылардың бірлескен жұмысын қамтамасыз етеді.

Оқыту әр түрлі формада болуы мүмкін: мобильді құрылғылардың көмегімен оқушылар білім беру ресурстарына қол жеткізе алады, басқа пайдаланушылармен байланыса алады, сыныпта және одан тыс жерлерде өтілген немесе өтіллетін тақырып жөнінде ақпаратпен қамтылады. Мобильді құрылғыларға арналған оқу материалдарының саны тез өсуде. Нарықта қажетті ақпаратты, оқу ойындары мен бағдарламаларды үйренуге арналған оқулықтар, қосымшалар көбейіп келеді. Біз мобильді құрылғылардан

веб-сайттарды жиі қараймыз, ал компаниялар сайттардың арнайы "мобильді" нұсқаларын жасай отырып, бізді қарсы алады. Мобильді оқыту орны мен уақытына қарамастан оқу процесін ұйымдастыру үшін мобильді технологияны — жеке де, басқа ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен бірге де пайдалануды білдіреді.

Ең алдымен, «Мобильді оқыту» өзінің автономдылығымен сипатталады. Мобильді оқыту көбінесе бейресми. Сонымен бірге, мобильдік оқыту – қатысушылардың қай жерде және қашан оқитындығына еркіндік ұсынады. Мобильдік оқыту электронды оқытуға қарағанда тез, әрі ширақ жүреді. Контенті шағын, сыйымды және орынды бөліктермен беріледі, әрбір бөлік нақты сұраққа қатысты болады. Сондықтан мобильдік оқыту классикалық электронды оқытуға қарағанда жоғары өнімділікті қолдауға бағытталған.

Мобильді оқыту қай жерде қолданылады?

- Мобильді оқытудың техникалық және функционалдық мүмкіндіктерін қолдануға болады:

- Жаңа материалды зерделеу үшін (электрондық оқулықтарға қолжетімділік және аудио - және бейне файлдарды жаңғырту білім беру процесінің, әсіресе тілдік пәндер мен шығармашылық мамандықтарды оқыту үшін мүмкіндіктерін кеңейтеді);

- тестілеуді, жазбаша жұмыстарды және білімді дербес бақылауды жүргізу үшін;

- бірлескен немесе жобалық жұмысты ұйымдастыру үшін (мессенджерлер, командалық онлайн-тақталар, бұлтты сақтау орындары, сондай-ақ курс жүйесіндегі вебинарлар ақпаратпен тез және тиімді алмасуға мүмкіндік береді).

Қазір біртіндеп қайта мектепке келгенде оқушылардың қашықтықта алған білімдері осы мобильді оқудың арқасында жақсы деңгейде екені байқалады. Күнделікті сабақ барысында және де сабақтан тыс жұмыстарды істеу барысында мобильдік оқыту өте тиімді, қол жетімді, балалардың қажеттілігіне сай. Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, қашықтықтан білім беру өте ыңғайлы және пайдалы нәрсе. Бірақ мұндай жолмен негізгі білім алу, егер қандай да бір себептермен оқушыларға дәстүрлі оқыту мүмкіндігі болмаса ғана мүмкін болады.

Әдебиеттер

1. Коротенков Ю.Г. Дистанционное обучение в системе образования / Ю. Г. Коротенков // Школьные технологии. – 2005. – № 3.

2. Полат Е.С. Дистанционное обучение: проблемы и перспективы / Е. С. Полат // Открытая школа. – 2009. – № 1.

3. Голицына М.Н., Половникова (Мобильное обучение в современном образовании) Школьные технологии №4, 2011

РАБОТА С ТЕКСТОМ КАК ОСНОВНОЙ СПОСОБ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ

Сарсенова С.К.

Старший преподаватель кафедры ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по
Павлодарской области

В Республике Казахстан, представляющей собой многонациональное государство, остаётся актуальной проблема формирования поликультурной личности, владеющей двумя или несколькими языками. Среди функционирующих языков в нашей стране русский язык занимает особое место и служит важнейшим средством информации в современном казахстанском обществе. В «Законе о языках Республики Казахстан» определен статус русского языка как официального, поэтому он является обязательным учебным предметом в перечне общеобразовательных дисциплин.

В течение последних лет в Казахстане идет становление новой системы образования. В значительной степени изменились подходы к преподаванию предметов. Относительно предмета «Русский язык и литература» обновление заключается в переходе с традиционного структурно-семантического подхода к функционально-коммуникативному. Необходимость развития функциональной грамотности, а также грамотности чтения, обозначена в основных нормативных документах: Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы [1], Государственных общеобразовательных стандартах образования.

Сегодня перед обществом и в первую очередь перед школой, стоят огромные задачи по подготовке человека нового времени, который будет жить совершенно в других условиях, чем его родители, решать иные проблемы, стоящие перед страной. Некоторые изменения произошли. Школа стала более демократичной. Мы, учителя, получили определённые права в выборе методов обучения. Изменилась сегодня и цель образования. Она состоит не только в накоплении суммы знаний, умений и навыков, а в подготовке школьника как субъекта своей образовательной деятельности. Необходимо готовить молодых людей к жизни в условиях рынка, следовательно, наши ученики должны быть инициативными, творческими, предприимчивыми личностями, умеющими выбирать лучшие, оптимальные варианты из тех, которые ставит перед ними действительность, заинтересованными во всё более самостоятельном познании. [2] А отсюда изменилось отношение учителя к смыслу учебной деятельности и к ученикам, остро стоит вопрос об организации учебного процесса, направленного на развитие творческих способностей учащихся. Как же создать атмосферу творчества на уроке, заинтересовать детей учебным материалом, пробудить у них желание самим разобраться в том, или ином вопросе, найти правильное решение, обосновать верность своего варианта ответа?

Когда сегодня говорят о том, что дети потеряли интерес к книге, чтению, выход из этого положения в поисках и использовании нетрадиционных форм и методов обучения, новых технологий. Одним из путей достижения этой цели является развитие функциональной грамотности учащихся в аспекте функционального чтения.

Государственной программой развития образования РК на 2011-2020 годы обозначено участие казахстанских школьников в Международном проекте «Изучение качества чтения и понимание текста». [3] В исследованиях PISA и PIRLS, под грамотностью чтения предлагается понимать способность ученика к осмыслению письменных текстов и их рефлексии, к использованию их содержания для достижения собственных целей, развития знаний и возможностей, для активного участия в жизни общества. Слово «грамотность» подразумевает успешность в овладении учащимися чтением как средством осуществления своих дальнейших планов: продолжения образования, подготовки к трудовой деятельности, участия в труде и жизни общества. В современном образовании существует ряд проблем.[4] Одна из них заключается в том, что успех в школе не всегда означает успех в жизни. Практика доказала неэффективность существующей долгие годы предметной или дисциплинарной модели содержания образования, ориентированной на знания. В условиях социально-экономической модернизации обществу необходим человек, функционально грамотный, умеющий работать на результат, способный к определенным, социально значимым достижениям. Все данные качества формируются в школе.

Русский язык и литература являются одним из ведущих предметов гуманитарного цикла и призваны развивать функциональную грамотность учащихся. Ведь одним из основных требований к преподаванию русского языка в казахской школе является развитие коммуникативных навыков. А развить коммуникативные навыки можно только через грамотность чтения. Грамотно читать - это значит размышлять над содержанием текста, оценивать смысл и значение текста и научиться излагать свои мысли о прочитанном. Отсюда возникает вопрос: какие виды работ должен применять учитель на своих уроках, чтобы довести до сознания каждого ученика нужность и важность получаемых знаний, привить навыки применения этих же знаний в повседневной жизни. Что требуется от учителя? Меньше говорить на уроках, больше слушать своих учеников и стараться больше времени уделять групповой и парной работе учащихся. После объяснения грамматической темы и выполнения тренировочных заданий по стратегиям критического мышления, можно давать тексты с «переделанными» заданиями, где учитывается время, возможности и возрастные особенности учащихся. Задания составляются с учетом решения поисковых, исследовательских и творческих задач, с главной целью - заинтересовать ученика, обратить его внимание на проблемы, которые сможет решить человек, вооруженный навыками грамотного чтения. Очень часто дети уверены, что уже после первого знакомства с произведением поняли все. И здесь большую

роль играют задания, включенные в тесты, заставляющие ребенка снова и снова обратиться к тексту: докажи словами текста, подчеркни необходимую тебе информацию по данному вопросу, определи места основных действий персонажей, сформулируй свою точку зрения и подбери отрывок, подтверждающий её. Такой подход к тексту меняет мотивацию ребенка: он читает уже не ради самого процесса чтения, а для того, чтобы разобраться в прочитанном, понять авторскую идею. Чтобы увидеть, как воспринято и понято произведение и что для себя взял ребёнок, предлагаются задания (которые с удовольствием выполняют учащиеся). Содержание заданий теста способствуют формированию умения оценить поступки героев, сделать выводы и помогают задуматься над своими поступками и поведением. Задания позволяют развивать творческие способности и исследовательские умения, их воображение и речь, формировать эмоциональную и эстетическую культуру, способствуют процессу формирования функциональной грамотности: умение сформулировать вывод, обосновать свои рассуждения, сформулировать свою точку зрения, дать ответ на проблемный вопрос.

Цель работы с текстом на уроках русского языка – постижение закономерностей построения, знакомство со стилистическими, фонетическими, морфологическими, синтаксическими и орфографическими ресурсами языка. Эти цели достигаются в процессе использования следующих видов деятельности:

- нахождение границ предложений в тексте;
- деление текста на абзацы;
- восстановление деформированного текста;
- собирание текста из фрагментов;
- комплексный анализ текста;
- реконструкция текста;
- синквейн;
- поэтическая разминка.

Всем знакомы приемы и методы, которые часто используют на уроках: это «Инсерт», «Ментальные карты», «РАФТ», Эссе, синквейн, фишбоун, «Гора истории», «Мыльный пузырь» и т.д. На уроке по произведению О. Сулейменова «Волчата», в 8 классе отдельные ученики по желанию представили мини-проекты о действующих лицах произведения, их постеры были размещены на доске. Затем всем ученикам было предложено задание охарактеризовать героев на иллюстрациях с помощью прилагательных и написать «синквейн» о каждом действующем лице. Ученики использовали информацию, представленную на постерах, создав новые продукты и представив классу. Информация, изученная таким образом, осталась в памяти, причем ученики с низкой мотивацией участвовали в работе наравне с другими детьми и ощутили успех, что особенно важно для дальнейшего повышения учебной мотивации. Прием «Вопросы на стикерах» очень хорошо работает на уроках в 5 классе. Мы с ребятами применяли его так: сначала они изучили текст, предложенный учителем, затем сформулировали вопросы,

начинающиеся со слов: кто, что, где, когда, как, почему и записали их на стикерах. Затем мы сгруппировали эти вопросы по категориям сложности, расположив на листах формата А4, а потом отвечали на эти вопросы, постепенно переходя на новый уровень сложности. Активность класса возрастает, текст изучается достаточно глубоко, информация надолго остается в голове учащихся.

Остановимся на некоторых приемах и методах, которые можно использовать на уроках. [5]

«Вопросный камень». Ученики стоят лицом друг к другу. Заранее на бумажках составляют вопросы по содержанию прочитанного текста и формируют «камушек». По сигналу учителя кидают друг другу «камешки» и останавливаются по сигналу «Стоп». Каждый отвечает на вопрос, оставшийся у него в руках.

«Ручеек». Стоят напротив друг друга в парах, держась за руки. Задают по очереди вопросы по тексту. Кто не ответил, выходит из игры.

«Сороконожка». Несколько учеников стоят у доски (5-6). Остальные ученики с места задают вопросы по содержанию текста. Кто первым правильно отвечает на вопрос - встает в «голову» сороконожки.

«Собери текст». Краткое содержание прочитанного произведения разрезают на полоски и предлагают собрать в правильной последовательности.

«Найди соответствие». Дети читают предложенный текст. Затем ученикам раздается текст, в котором поменяли числа, имена, времена года, цвета и т.д. Ученики находят ошибки или заполняют диаграмму.

«Запутай меня». Ученик у доски пересказывает содержание прочитанного текста, одновременно показывая на цифры, написанные на доске и называемые учителем.

«Угадай предложение». Учитель предлагает найти предложение в тексте по подсказке. Например: в этом предложении рассказывается о вещах, находящихся в кармане у Илюши.

Итак, эффективность учебного процесса во многом зависит от умения учителя правильно организовать урок и грамотно выбрать ту или иную стратегию. Если говорить о результатах, то использование на уроках при изучении текста таких приемов и методов, изложенных выше, повышает качество знаний. Это говорит о многом. Активные стратегии, применяемые при изучении текстов, дают возможность не только поднять интерес учащихся к изучаемому предмету, но и развивать их творческую самостоятельность, обучать работе с различными источниками знаний. Такие стратегии проведения занятий «снимают» традиционность урока, оживляют мысль. Однако необходимо отметить, что слишком частое обращение к подобным стратегиям организации учебного процесса нецелесообразно, так как нетрадиционное может быстро стать традиционным, что в конечном счёте приведёт к падению у учащихся интереса к предмету. Развивающий и воспитывающий потенциал активных стратегий урока можно охарактеризовать следующим образом:

- формирование у учащихся стойкого интереса к предмету;
- воспитание культуры общения и потребности в практическом использовании знаний в различных сферах деятельности;
- развитие, интеллектуальных и познавательных способностей;
- развитие ценностных ориентаций, чувств и эмоций учащихся;
- развитие творчества и фантазии.

Как бы не работал учитель, какие бы не давал задания детям, для того, чтобы они ощущали себя комфортно, необходимо всегда словесно поддерживать и подбадривать их, не скупиться на ласковое слово, на похвалу, на поддержку слабых. Обращение внимания на каждое удачное решение слабого ученика, для того чтобы вселить в него уверенность в себе, подхлестнуть его мнение о себе, для того, чтобы его стали уважать другие. Итак, в будущем я хочу разрабатывать свои вопросы формата PISA, где будут учтены возрастные особенности, степень владения русским языком учащихся, а также возможности и желания каждого ученика. А достичь своих целей я могу, так как у меня есть огромное желание и большой потенциал для поля деятельности.

Литература

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года. - №1118.

2. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016гг.

3. Коханец А.И. Качество образования в Республике Казахстан: технология переориентации на результаты, Алматы - Астана, 2004 г.

4. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картпаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Окенова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013.

5. Ресурсы Интернета. Статья «Краткая информация о международном исследовании

PISA». <http://goo.kz/content/view/44/4416>

Источник: <https://rcdo.kz/publ/2102-rabota-s-tekstom-kak-osnovnoy-sposob-razvitiya-funkcionalnoy-gramotnosti-chteniya.html>

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА САБАҚТАРЫНДА СПОРТ МЕКТЕБІ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Сарыбай А. М.

«7М03104 – Психология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жуматаева Е.

педагогика ғылымдарының докторы, «Тұлғалық даму және білім беру»
кафедрасының профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Стратегиялық маңызды міндеттер - елдің барлық өңірінде балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері желісін жоспарлы дамыту, спорт түрлерінен спорт федерацияларымен ынтымақтас спорт секциялары мен клубтары қызметін жандандыру арқылы дене шынықтыру мен спорт саласында қосымша білім беру жүйесінің дамуын ынталандыру» [1], – деп спорт мектебінің маңызына тоқталады. Демек, спорт мектебі тәрбиеленушілерінің көркем гимнастика сабақтарында икемділігі мен қозғалыс үйлесімділігін дамытып қана қою, бүгінгі таңда жеткіліксіз екендігі айқындалады. Сондықтанда, көркем гинастика сабақтарында олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі уақытта заманауи спорт айтарлықтай жасарып, спорттық жетістіктер деңгейі тез өсуде. Жоғары дәрежелі спортшыларды мақсатты көпжылдық даярлау және тәрбиелеу – бұл ең күрделі процесс, оның жетістігі бірқатар факторлармен анықталады. Бүгінгі таңда икемділікті дамытудың және қозғалыстарды үйлестірудің жаңа тиімді әдістерін анықтау көркем гимнастика бойынша жаттықтырушылар арасында үлкен қызығушылық тудырады.

Икемділік және үйлестіру сияқты физикалық қасиеттерді дамыту маңызды және оқу үдерісінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл тақырып басқа спорт түрлерінде, әртүрлі фитнес-бағыттарда да өзекті.

Көркем гимнастика – балеттен шыққан салыстырмалы түрде жас спорт түрі. 20 ғасырдың басында Мариин театрының жетекші бишілері өнер қозғалысының жоғары мектебін құрды. Сол кезден бастап көркем гимнастиканың белсенді сапалы және сандық дамуы басталды. Жалпы, гимнастика спортшыда икемділікті, үйлестіруді, қозғалыс жылдамдығын және ерік күші, төзімділік және пластик сияқты қасиеттерді дамытады.

Спорт мектебі тәрбиеленушілерінің қабілеттерінің жас алғышарттары – бұл сезімталдықтың жоғарылауы, жана техникаларды үйренуге деген сенімділік, оқытылатын нәрсенің шындыққа деген сенімі. Спорт мектебінің тәрбиеленушілерінің көркем гинастика сабақтарында шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қабілеттің деңгейін анықтау маңызды болып отыр.

Осы зерттеу мәселесін шешу үшін анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдерінен тұратын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Тәжірибелік зерттеу Павлодар облысы туризмді және спортты дамыту жөніндегі басқармасының № 1 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде жүргізілді.

Экспериментке 51 көркем гимнастикаға қатысатын тәрбиеленушілері қатысты. Экспериментке қатысушылардың жасы 12-14 жас. Жоғарыда аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі міндеттері тұжырымдалды:

- көркем гимнастика сабақтарында 12-14 жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру деңгейін зерттеу үшін эксперимент жүргізу;

- спорт мектебінде көркем гимнастика сабақтарында 12-14 жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатында қалыптастырушы эксперимент жүргізу;

12-14 жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қалыптастыру процесін бағалау және талдау үшін шығармашылық қабілеттердің мынадай компоненттері (көрсеткіштері) пайдаланылды:

- 1) шығармашылық ойлау;
- 2) шығармашылық белсенділік.

Біздің зерттеуімізде балалардың шығармашылық қабілеттерінің деңгейін анықтау үшін келесі әдістер қолданылды: П.Торренстің шығармашылық тесті [2], Дж. Джонсонның креативтілік сауалнамасы [3].

Әр компонент үшін балалардың шығармашылық бейімділігін, дамуы мен іскерлігін сипаттайтын көрсеткіштер анықталды.

Е. Торренстің «Сурет салуды аяқтаңыз» тесті жүргізілді. Мақсаты: 12-14 жастағы балаларда шығармашылық қиялдың қалыптасу деңгейін анықтау:

- 1) көптеген идеяларды қалыптастыру мүмкіндігі (еркін сөйлеу);
- 2) әртүрлі ерекше тәсілдерді қолдана білу (икемділік);
- 3) түпнұсқа стандартты емес идеяларды, бірегей немесе жаңа шешімдерді ұсына білу (өзіндік ерекшелік);
- 4) негізгі идеяға бір нәрсе қосу арқылы идеяны кеңейту мүмкіндігі (даму).

Е. Торренс тұрғысынан шығармашылық қабілеттердің қызметі проблемаларға, кемшіліктерге, жетіспейтін элементтерге, дисармонияға және т.б. сезімталдықтың пайда болуынан басталады, яғни сыртқы ақпараттың жетіспеушілігі жағдайында.


Бұл әдіс қиялдың белсенділігін белсендіреді, оның негізгі қасиеттерінің бірі – бөліктердің алдындағы тұтас көріністі анықтайды. Тәрбиеленушілер ұсынылған тест фигураларын кез-келген тұтастықтың бөлігі ретінде қабылдайды және оларды аяқтайды, қайта жасайды.

Зерттеу нәтижесі бойынша төмен деңгей (0-14 баллдан) орта есеппен тәрбиеленушілердің 50% көрсетті. Оларда еркін сөйлеу сияқты көрсеткіш аяқталған фигуралардың санын есептеу арқылы анықталды. Орындалған тапсырмалардың ең аз саны 5-тен (0-4 балл) кем болды, әр түрлі жауап санаттарының санымен анықталған икемділік көрсеткіші (суреттер де, олардың атаулары да) бұл тәрбиеленушілер 0-ден 3 идеяға дейін (0-3 балл) мәселені шешуге ерекше идеялар мен тәсілдердің аз мөлшерін қолданғанын көрсетті. Бұл тәрбиеленушілер бірнеше бастапқы фигураларды бір суретке біріктіре алмады немесе оны тек 2 фигурамен (2 балл) жасай алды. Бастапқы

ынталандыру фигурасын оның контурының шекарасында да, одан тыс жерлерде де балалар 5 сөйлеммен (0-5 балл) толықтыра алды.

Ал, орташа деңгей (18-27 баллдан) – 33%. Орындалған тапсырмалардың орташа саны 5-тен 7-ге дейін (5-7 балл); ерекше пайдаланылған идеялар мен стратегиялардың саны, мәселені шешудің ерекше тәсілдері 4-6 балл; бұл балалар 3-5 фигураны (3-5 балл) бір фигураға біріктіріп, бастапқы ынталандыру фигурасын оның контурының шекарасында және одан тыс жерлерде 6-9 идеямен толықтырды (6-9 балл).

Жоғары деңгей (31-44 баллдан бастап) 17%. Орындалған тапсырмалардың максималды саны 8-ден 10-ға дейін (8-10 балл); балалар есепті шешуге көптеген идеяларды ұсынды (7-9 сурет), олар бағаланды (7-9 балл); 6-10 фигураны (6-10 балл) бір суретке біріктірді; ынталандыру фигурасы көлеңкемен, көлеммен, түспен толықтырылды; егер мағынасы болса, фигураны безендірді; негізгі жауапты жобалаудың бірнеше нұсқасын ұсынды; фигураны ерекше көзқараста ұсынды; қажетті минимумнан (10-15 балл) жоғары атаудағы әрбір егжей-тегжейлі көрсетілген. Осы әдістеме нәтижелерінің пайыздық арақатынасы 1-суретте графикалық түрде көрсетілген.



1-сурет – Тәрбиеленушілердің шығармашылық ойлау деңгейі

Зерттеуден келесі қорытынды жасауға болады: тәрбиеленушілердің қиялы табиғатта еліктейді. Тәрбиеленушілер өзінің көркем әдебиеттері мен ойындарында көргендерін немесе естігендерін қайталауға, көргендерін қайталауға тырысады. Сондықтан шығармашылық қабілеттер репродуктивті (репродуктивті) сипатта болады. Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін одан әрі жұмыс қажет.

Спорт мектебі тәрбиеленушілерінің шығармашылық белсенділік деңгейін анықтау Дж. Джонсонның шығармашылық сауалнамасы жүргізілді.

Дж. Джонсонның пікірінше, шығармашылық белсенділік орындаушы өзінің білімі мен мүмкіндіктеріне сүйенген кезде белгілі бір әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайында өздігінен көрінеді.

Зерттелетін көрсеткіштер:

1. Мәселеге сезімталдық, қиындықтарға артықшылық беру.

2. Осы жағдайларда көптеген түрлі идеяларды ұсыну және білдіру мүмкіндігі.

3. Идеялардың әртүрлі түрлерін, түрлерін, санаттарын ұсына білу.

4. Қосымша мәліметтерді, идеяларды, нұсқаларды немесе шешімдерді таба білу.

5. Қиялды көрсете білу.


6. Күтпеген, ерекше, бірақ мәселені шешуге пайдалы мінез-құлықты көрсету.

7. Алғашқы әдеттегі, жалпы қабылданған идеяны қабылдаудан аулақ болу, әртүрлі нұсқаларды ұсыну және ең жақсысын таңдау.

8. Танытуға сенімділік өз шешімінде қарамастан, туындаған қиындықтар, өзіне жауапкершілік стандартты емес ұстанымын, пікірін, жәрдемдесетін проблемасын шешу.

Алынған нәтижелер зерттелді және талданды, бұл 12-14 жастағы балаларда шығармашылық белсенділіктің қалыптасуының үш деңгейін анықтауға мүмкіндік берді:

Зерттеу нәтижесі бойынша тәрбиеленушілердің төмен деңгейді 56 %, орташа деңгейді 36%, ал 18% жоғары деңгейді көрсетті. Осы әдістеме нәтижелерінің пайыздық арақатынасы 2-суретте графикалық түрде көрсетілген.



2-сурет – Тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігінің деңгейі

Осылайша, анықтау экспериментінің нәтижелері бойынша 12-14 жастағы спорт мектебі тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттердің қалыптасу деңгейі төмен және орташа деңгейге бағытталған, жоғары деңгейдің шамалы көрсеткіші байқалады. Осыған сүйене отырып, спорт мектебінде көркем

гимнастика сабақтарында 12-14 жастағы тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін одан әрі қалыптастыру міндетін қою қажет.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №168 Жарлығымен бекітілген) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000168> [Қаралған күні 03.01.2022]

2 Сулейменова З.Е. Психодиагностика негіздері: Оқу-әдістемелік кешен. - Көкшетау: Ш. Уәлиханов атындағы мемлекеттік университеті, 2016. – 275 б.

3 Галиуллина Г.М. Методы выявления творческих способностей личности ребенка [Текст] / Г.М. Галиуллина // IX Международная научная конференция «Человекознание». – 22 апреля 2017. – Кемерово : Издательский дом «Плутон», Журнал о гуманитарных науках «гуманитарный трактат», 2017. – С. 9–12.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Сарышева Б. С.

№4 «Бәйтерек» бөбекжай бақшасы

Атырау қаласы

Қазіргі таңда кез келген мектепке дейінгі ұйым инновациялық бағытта дамуды көздейді. Осыған орай инновациялық технологиялар қарқынды тәжірибелерде қолданыс таба бастады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілерінің негізгі міндеті мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастырудың белсенді әдіс-тәсілдерін, олардың тұлға ретінде дамуына ықпал ететін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін сапалы дамыту міндетін көздеген.

Бүгінде әрбір педагогтың алдына оқытудың жаңа технологияларын оқыту үрдісіне енгізу мақсаты қойылып отыр. Әдістеме дәстүрлі жүйемен сақталған. Десек те әдістемеге қарағанда технологияның артықшылықтары көп. Біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі

болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар. Екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі. Үшіншіден, тәрбиеші дайындықсыз оқыту процесін жүзеге асыра алмайды [1]. Балабақша тәжірибесінде жаңартылған стандарт талаптарын инновациялық білім беру технологияларын қолданбай жүзеге асыру мүмкін емес.

Технология – бұл педагог шеберлігімен қолданыс табатын белсенді әдіс-тәсілдер жиынтығы. Педагогикалық технология – бұл оқыту әдіс-тәсілдерінің, тәрбиелеу құралдарының арнайы жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық бағдар бірлігі (Б.Т. Лихачев) [2].

Жаңа технологияларды іздестіріп, тәжірибеге енгізуде оның әдіс-тәсілдерінің инновациялық бағыттылығы назарға алынады. Бір технология екі педагог-тәрбиешінің тәжірибесінде түрленіп, жаңа сипатқа ие болуы болуы мүмкін. Бұл педагогтың шығармашылық шеберлігіне байланысты. МДҰ тәрбиешісінің инновациялық жұмыс алгоритмі дәстүрлі, бірнеше рет тәжірибеден өткен білім беру үлгілері негізінде құрылуы мүмкін немесе түбегейлі жаңа бағдарламалар, жоспарлар бойынша құрылады [3]. Заманауи педагог-тәрбиеші тәрбиелеу-білім беру үрдісін оңтайландыру жолдарын іздестіре отырып, кез келген инновациялық шешімдерді қолдана алады, педагогикалық шеберлігін шыңдайды, біліктілігін арттырады, шығармашылық ізденісін дамытады, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісін мазмұнды және пайдалы ете түседі.

Бүгінгі мектепке дейінгі ұйымдар тәжірибесінде инновациялық әдіс-тәсілдерден құралған саналуан жаңа технологияларды кездестіруге болады. Десек те, бұл технологияларды іріктеп, таңдауда мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігін, балабақшаның материалдық-техникалық қамсыздандыру жағдайын, педагогтардың осы технологияларды тәжірибелеуге дайындық деңгейін де ескеру қажет [4]. Олай болса, кез келген технология балабақша тәжірибесіне ендіруге қолайлы деуге болмайды. Сондықтан мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес тәрбие мен білім беру үрдісіне оң ықпал ететін технологияларды таңдай білу қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда қолданылатын инновациялық технологиялардың негізгі түрлері:

Денсаулық сақтау технолоиясы – негізгі мақсаты тәрбиеленушілердің салауатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыру, өзіне және жақын адамдарына алғашқы медициналық көмек беру білу үшін жағдай құру, сонымен қатар өзінің денсаулығын нығайтуға қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Денсаулық сақтау бағытындағы жұмыс формаларына спорттық мерекелер, оқу қызметіндегі сергіту сәті, көзге арналған гимнастика, тыныс алу жаттығулары, саусақ және динамикалық жаттығулар, релаксация, серуен сәті, спорттық ойындар, шынықтыру шаралары жатады. Сонымен қатар, соңғы уақыт денсаулық сақтау бағытында жаңашыл әдіс-тәсілдер мен формалар да орын алып келеді. Оған хатка-йога жаттығулары, ұлттық ойын элементтерін қолдану, су-джок жаттығуы дәлел бола алады.

Денсаулықты нығайту мақсатында осы аталған жұмыстарды негізге ала отырып, үйірме немесе секциялар ұйымдастыруға болады.

Жобалау іс-әрекеті: оның мәні педагогтың басшылығымен балалар жүзеге асыратын проблемалық іс-әрекет құрудан тұрады. Жобамен жұмыс жүргізу барысында баланың алған білімі оның жеке жетістігі бола отырып, қоршаған әлем туралы білімдер жүйесін бекіте түседі. Мәселен, табиғат бұрышында орналасқан нысандарды ала отырып, шағын, қысқамерзімді жобалар жүргізуге болдаы. Оған «Аквариум және оның тұрғындары», «Алоэның пайдасы», «Пияздың денсаулыққа пайдасы», «Құстарды қалай баптаймыз?» т.б тақырыптарды алуға болады.

Дамытушы технологиялар: дәстүрлі оқыту барысында балаға дайын материалды меңгеру ұсынылады. Ал дамыта оқытуда бала өз әрекетін талдау нәтижесінде өз бетінше қандай да бір тұжырымға, шешімге келуі тиіс. Бұл жерде интеллектуалды дамытушы ойындардың маңызы зор. Ойын арқылы оқыту маңыздылығы қашанда жоғары, өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті – ойын екені түсінікті.

Коррекциялық (түзету) технология: оның мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың психоэмоциональды қысымын не жүктемесін жою болып табылады, оған ертегі терапиясы, түстер терапиясы, музыка терапиясы жатады. Арт-терапияның саналуан түрлерін ұтымды қолдануға болады. Бүгінде изотерапия мен құм терапиясы да кеңінен тәжірибелерге еніп отыр.

Ақпараттық технологиялар: мектепке дейінгі ұйымдағы оқу қызметінде АКТ қолданудың оқу қызметін дәстүрлі ұйымдастырудан бірқатар артықшылығы бар. Компьютер балалар үшін тартымды, анимациялар, слайдтық презентациялар, фильмдер қолдан балалардың оқытылып отырған материалдарға деген белсенді танымдық қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Оқу материалын визуалды сүйемелдеу тәсілі балалардың зейінін ұзақ шоғырдандруға мүмкіндік береді, сондай-ақ бір мезетте баланың бірнеше сезім мүшесі іске қосылады, бұл жаңа алынған білімді нық бекітуге ықпал етеді [4, 68б].

Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет: негізгі мақсаты эксперименттік іс-әрекет құру болып табылады, оның белсенді қатысушы бала. Баланың экспериментке тікелей қатысуы іс-әрекет барысын және оның нәтижелерін көруге толық мүмкіндік береді. Айна, магнит, ағаш, пластмасса, былғары материал, түрлі шырындар т.б. секілді балаға күнделікті өмірде таныс және қолданыстағы заттарды зерттеу мүмкіндігі әрі қызықты, әрі танымдық тапсырма болып табылады.

Осы аталған технологиялармен қоса, кеңінен танымал авторлық әдістемелер де өзіндік тиімділігімен жаңа технологиялар қатарынан орын алып келеді. Әдістеме әдіс-тәсілдер жиынтығынан тұрады, ал осы жиынтық кез келеген технологияның құрауышы болып табылады. Мәселен, өз тәжірибемізде М.Монтессори, В.Воскобович, Г.Альтшуллер, З.Дьенеш технологиясының бірқатар элементтерін қолдана бастадық. Г.Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы бейнелеу өнері ғана емес, сөйлеуді дамыту, математика негіздері бойынша да

оңтайлы қолданыс тапты, В.Воскобович ойындары қол моторикасын дамытумен қатар түс, пішін ұғымдарын бекітуге көмектеседі.

МДҰ инновациялық технологиялар мемлекеттік стандартқа сәйкес бірқатар білім беру міндеттерін шешуге ықпал етеді, сондықтан олар әдістемелік жұмыс барысында қарастырылады. Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы педагогикалық шешімдер педагог-тәрбиешілерге балалармен ортақ іс-әрекеттерді шығармашылықпен ұйымдастыруға, оқу қызметі мазмұнын дұрыс құру, тәрбиеленушілердің қызығушылығын оятуға, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғааралық және топтық қарым-қатынасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық педагогикалық әдіс-тәсілдерді ендіру балабақшада ұсынылатын білім беру қызметінің сапасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар ата-аналардың сұранысына жауап беріп, қанағаттандыруға, басқа да ұйымдармен бәсекелестігін арттырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымының мәртебесін көтеруге үлесін қосады.

МДҰ-да жүргізілетін жұмыстардың инновациялық қағидаты тәрбиелеу-білім беру кешенін, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастырудың басқа да салаларын қозғауы мүмкін. Балабақша тәжірибесіне жаңашылдықты енгізу оғаны қатысушылардың барлығының (педагогтар, ата-аналар, серіктестер т.б.) ұйымшылдығын, әрі үйлесімді жұмыс жасауын қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен, инновациялық технологияларды іріктеу және тәжірибеге енгізу педагогтың ізденіс-шеберлігімен тікелей байланысты. Әр педагогтың жаңашыл көзқарасы мен тәжірибесі мектепке дейінгі ұйымның дамуына үлес қосары сөзсіз. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін инновациялық технологиялардың белсенді әдіс-тәсілдері әлі де толысады, түрленеді, білім сапасының нәтижелілігіне кепіл болады.

Әдебиеттер

1. Матяш Н.В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение. – М.: Академия, 2012.
2. Атемаскина Ю.В. Современные педагогические технологии в ДОУ. – М.: Детство-Пресс, 2011. – 112 с.
3. Панфилова А.П. Инновационные педагогические технологии. Активное обучение. – М.: Академия, 2009. – 192 с.
4. Бородина О.Н. Методическое сопровождение инновационной деятельности педагогов дошкольного образования // Учитель Кузбасса. – 2014. – №1. – С. 8–11.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАСЫН ДАМУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Саткалиева Н. С.

Атырау облысы білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің
«Сандуғаш» бөбекжай-балабақшасы КМКҚ меңгерушісі
detsat_sandygash@bk.ru

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқу-тәрбие үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында мектепке дейінгі білім берудің халықаралық және үздік отандық тәжірибесіне талдау жүргізілген болатын. Онда мынадай мәселелер айқындалған: балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен жұмыс нысандарының қазіргі заман талаптарына сәйкес келмеуі, мұнда балалардың танымдық қызығушылықтары, олардың білуге қызығушылығы мен дербестігінің ескерілмеуі. Бұдан басқа, мектепке дейінгі білім беруде технологияларды енгізуде жүйеліліктің жоқтығы анықталғандығы айтылған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының негізгі және өте жауапты міндеті-баланың жеке басын ашу, оның өзін көрсетуге, дамуына, тұрақтануына және әлеуметтік әсерлерге төзімділікке көмектесу. Оқу процесінде әр баланың жеке басын ашу қазіргі заманғы білім ошақтарында жеке тұлғаға бағытталған білім беруді құруды қамтамасыз ету қажет. Мұндай оқыту мен тәрбиенің мақсаты - жеке танымдық қабілеттерін, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, әр баламен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру. Осы психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін қамтамасыз ететін мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамыту мен тәрбиелеуде тұлғаға бағытталған технологияның алатын орны ерекше.

Тұлғаға бағытталған технология-бұл бала ең жоғары құндылық болып табылатын және тәрбие процесінің орталығына қойылған білім беру жүйесі. Басқаша айтқанда, тұлғаға бағытталған тәрбие дегеніміз-баланың жеке басын терең құрметтеу, оның жеке даму ерекшеліктерін ескеру, оған тәрбие процесінің саналы, толыққанды қатысушысы ретінде қарау негізінде тәрбие процесін ұйымдастыру. Сондай-ақ тұлғаға бағытталған технологиялар отбасы мен мектепке дейінгі мекемеде ыңғайлы жағдайларды, оны дамытудың жанжалсыз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді, қолда бар табиғи әлеуетті жүзеге асырады.

Тұлғаға бағытталған технология жаңа білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келетін дамушы ортада жүзеге асырылады. Даму кеңістігінде балалармен жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесуге жағдай жасау әрекеттері байқалады, бұл баланың өз белсенділігін көрсетуге, өзін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда, мектепке дейінгі мекемелерде бүгін

де тәрбиешілер жеке тұлғаға бағытталған технологиялар идеяларын толығымен жүзеге асыра бастаған жоқ десек артық айтпаған болармыз. Демек, осы қарама-қайшылықтар қарастырылып отырған мәселеміздің өзектілігін айқындап отыр.

Жеке тұлғаға бағытталған технологияның өз ішінде бірқатар түрлері бар. Оларды атап өтетін болсақ, оларға келесілер жатады:

- Зерттеу (мәселелік-іздеу). Бұл технологияның ерекшелігі-тәрбиешінің «ашу арқылы оқыту» моделін жүзеге асыруы.

- Коммуникативтік (дискуссиялық). Бұл технологияның ерекшелігі-зерттелетін мәселелер бойынша әртүрлі көзқарастармен сипатталатын пікірталастардың болуы, оларды салыстыру, шынайы көзқарасты талқылау арқылы іздеу.


- Модельдеу (ойын). Бұл технологияның ерекшелігі-білім беру кеңістігіндегі өмірлік маңызды кәсіби қиындықтарды модельдеу және оларды шешу жолдарын іздеу.

- Психологиялық (өзін-өзі анықтау). Бұл технологияның ерекшелігі-белгілі бір білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруда баланың өзін-өзі анықтауы.

- Іс-әрекеттік. Бұл технологияның ерекшелігі-баланың алдағы іс-әрекетті жобалау, оның субъектісі болу қабілеті.

- Рефлексивтік. Бұл технологияның ерекшелігі-баланың іс-әрекеті туралы хабардар болуы: нәтиже қалай, қандай жолмен алынды, қандай қиындықтар болды, олар қалай жойылды және ол бір уақытта не сезінді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын дамыту мен тәрбиелеудегі тұлғаға бағытталған технологияның рөлін анықтау және тәрбиешілердің қаншалықты аталған технология бойынша құзыретті екенін зерделеу мақсатында мен шағын диагностикалық зерттеу жұмысын жүргіздім.



Өткізілген шағын сауалнаманың нәтижесінен бөбекжайымыздың тәрбиешілерінің тұлғаға бағытталған технологияларды өз оқу-тәрбие қызметтерінде қолданатындығын байқауға болады. Алайда қолданбайтын немесе жалпы осы технология туралы білмейтін тәрбиешілер қатары да көрініс

берді. Диагностикадан алынған нәтижелерді сараптай келе, мен ол тәрбиешілердің жас маман екенін анықтап, олармен тәжірибесі мол мамандар өз ішімізде бірқатар балабақша ішілік семинар сағаттарын өткіздік. Сондай-ақ өте тартымды, ақпаратты интерактивті вебинарларға қатыстық. Бұл дәрістен аталған технология жайында біраз мағлұмат алып жас мамандар білімдерін толықтыра түсті.

Сонымен жеке тұлғаға бағытталған технологиялар аясында дербес бағыттар ретінде келесілерді ерекше атап өткім келеді:

- мектепке дейінгі мекеме жағдайларына бейімделу кезеңінде денсаулығы нашар балаға көмек көрсетуге психологиялық-терапиялық бағыттағы гуманистік мәні бойынша ерекшеленетін адамгершілік-жеке технологиялар. Бұл технология психологиялық жеңілдету бөлмелері бар жаңа мектепке дейінгі мекемелерде жақсы жүзеге асырылады - бұл жұмсақ жиһаз, бөлмені безендіретін көптеген өсімдіктер, жеке ойындарға ықпал ететін ойыншықтар, жеке сабақтарға арналған жабдықтар. Музыкалық және дене шынықтыру залдары, емдеу кабинеттері (ауырғаннан кейін), мектеп жасына дейінгі баланың экологиялық дамуы және өнімді қызметі бойынша үй-жай, онда балалар қызығушылық бойынша сабақ таңдай алады. Мұның бәрі балаға деген жан-жақты құрмет пен сүйіспеншілікке, шығармашылық күштерге сенуге ықпал етеді, мәжбүрлеу жоқ. Әдетте, мұндай мектепке дейінгі мекемелерде балалар тыныш, үйлесімді даму үстінде болады.

- *Ынтымақтастық технологиясы* мектепке дейінгі білім беруді демократияландыру принципін, тәрбиешінің баламен қарым - қатынасындағы теңдікті, «ересек-бала» қарым-қатынас жүйесіндегі серіктестікті жүзеге асырады. Тәрбиеші мен балалар дамып келе жатқан ортаға жағдай жасайды, мерекелерге арналған құралдар, ойыншықтар, сыйлықтар жасайды. Әр түрлі шығармашылық іс-әрекеттерді (ойындар, еңбек, концерттер, мерекелер, ойын-сауық) бірге анықтайды.

- *Технологиялық тәрбие*-білім беру процесінің мәні берілген бастапқы нұсқаулар негізінде құрылады: әлеуметтік тапсырыс (ата-аналар, қоғам) білім беру бағдарлары, білім берудің мақсаттары мен мазмұны. Бұл бастапқы көзқарастар мектеп жасына дейінгі балалардың жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдерін нақтылауы, сондай-ақ жеке және сараланған тапсырмалар үшін жағдай жасауы керек.

Даму қарқынын анықтау тәрбиешіге әр баланы оның даму деңгейінде ұстауға мүмкіндік береді. Осылайша, аталған технологиялық тәсілдің ерекшелігі-білім беру процесі мақсаттарға жетуге кепілдік беруі керек. Осыған сәйкес оқытудың технологиялық тәсілінде мыналар ерекшеленеді:

- мақсат қою және оларды барынша нақтылау (нәтижеге қол жеткізуге бағдарлана отырып, тәрбиелеу және оқыту);

- оқу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әдістемелік құралдарды (көрсету және тарату) дайындау;

- мектеп жасына дейінгі баланың өзекті дамуын бағалау, мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ауытқуларды түзету;

- нәтижені қорытынды бағалау-мектеп жасына дейінгі баланың даму деңгейі.

Тұлғаға бағытталған технологиялар дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда балаға махаббат, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын тудырып, баланың шығармашылық тұрғыдан дамуына жағдай жасайды. Сондықтан әр тәрбиеші өзінің жұмысында балалардың жеке тұлғасын дамыту мен тәрбиелеуде тұлғаға бағытталған технологияның маңызын түсініп, оны жұмысының басты бағыттарының бірі ретінде қолданса нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Личностно-ориентированный подход в педагогической деятельности//Под. ред. Е. Н. Степанова, Москва, ТЦ Сфера, 2003.

2. Атемаскина Ю. В., Богославец Л. Г. Современные педагогические технологии в ДОУ//С.-П. «ДЕТСТВО-ПРЕСС», 2014.

ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Саханова Ж. И.

«Көктем гүлі» балабақшасы
Атырау облысы, Махамбет ауданы, Жалғансай

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар кеңінен тәжірибеге енгізіліп отыр. Жаңа технологиялар қатарында ТРИЗ өнерге, шығармашылыққа баулитын дәстүрден тыс әдістерімен ерекшеленген, әр баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпалы зор технология болып отыр.

Өнер туындысы қашанда жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, шығармашылыққа тәрбиелейді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында "жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру" білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп атап өтілген. Ендеше, мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда ТРИЗ технологиясымен толықтырылған бейнелеу өнерінің орны ерекше екендігін айта кеткен жөн.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеті деген ұғымды қалай түсінеміз? Шығармашылық - ол бала өз бетінше жаңа бір бейне құрумен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу арқылы өзіндік және даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі.

Кез келген шығармашылық процестің бір бөлігі әлемді бейнелі, жанды бояулармен көре білу болып табылады. Дәл осы біліктілік мектепке дейінгі жаста дамиды. Сондықтан осы шақта баланың қоршаған әлемді бейнелі қабылдау мүмкіндігін жіберіп алмаған жөн.

Балалардың шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру, басқаша айтқанда әртүрлі әрекеттер кезінде ерекше, күтілмеген оқиғаларды тиянақты шеше алатын, шығармашыл тұлғаны дайындау бұл педагогтың ең негізгі мақсаты. Бұны педагог ТРИЗ технологиясының әдістері арқылы жүзеге асыра алады.

Мен өз тәжірибемде осы технологияны кеңінен қолданамын және іс-тәжірибемді көпшілікке насихаттауға көңіл бөлемін. Өйткені бұл технологияның өрісі кең, кез келген педагог-тәрбиеші дәстүрден тыс әдістерді жаңа қырынан түрлендіре алады. Сондай-ақ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ТРИЗ технологиясы қолдану арқылы бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын оятуға болады. ТРИЗ технологиясын ұйымдастырылған оқу қызметінде және күннің екінші жартысында, тіптен үйірме ұйымдастыру арқылы да қолдануға мүмкіндік бар.

ТРИЗ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) технологиясын 1946 жылы ойлап тапқан Баку қаласынан шыққан ғалым-инженер Генрих Саулович Альтшуллер. Осы технология адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Ең бастысы – балалардың қиялдау, жүйелеу, диалектикалық ойлау қабілеттері дамып, екінші жағынан іздену белсенділіктері, жаңалыққа талпынуы, сөйлеуі секілді қасиеттері жетіледі.

Дәстүрден тыс техникаларды пайдаланған оқу қызметінде балаларға түрлі материалдардың сапасы мен мүмкіндіктері туралы терең білім береді, эстетикалық эмоциялық сезімдерін дамытады, еңбекке деген талпынысын және шеберлік ерекшеліктерін меңгеру тілегін ынталандырады. Балалар көркем шығармашылығы баланың жан-жақты дамуының маңызды элементі болып табылады.

ТРИЗ технологиясы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға оң ықпал етеді. Өз тәжірибемде балалардың 3 жасынан бастап шығармашылығын оятып, әлемді «жанды» бояулармен көре білуге үйретуді көздеймін. Мектепке дейінгі шақта ойын іс-әрекеті белсенді қолданылады. Түрлі ойыншықтар мен бұйымдардың көмегімен алдағы бейнеленетін суреттің желісін көркем сөзді қолдана отырып, балалармен сахналап ойнаймын. Осындай әсер балаларды қызықтырып, зейінін ұзақ тұрақтандыруға, қажетті эмоционалды жағдай құруға мүмкіндік береді. Ерте жастан-ақ тұлға іргетасы қаланады, сондықтан да мен балалардың бойындағы шығармашылық ұшқынын жандандыру қажет деп ойлаймын. Егер біздің кішкентай суретшіміз үсті басын шатпақтап бүлдіріп алса, бұл түкте қорқынышты емес, бастысы – ол бояуларымен жұмыс жасай отырып, одан ләззат алуы, яғни қанағаттануы және өз еңбегінің нәтижесіне шаттанғаны маңызды.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін меңгере отырып, мен мынадай шешімге келдім: егер сізге сабақ барысында балалар қызықтырып, көздерінен от ұшқыны шашып тұрғаны ұнаса, егер әр сабағың мереке болсын десең, егер сен рахаттана күліп, таң қалып және ақылды, шығармашылықпен ойлайтын балалармен қарым-қатынас жасағың келсе – олармен бірге бақылап, суреттеп, әсерлендіру қажет.

Менің тәжірибемде мынандай жағдай болды және бұл барлық балабақшада кездеседі деп ойлаймын: бір бала сурет салуды жақсы көрмейтін және «мен жасай алмаймын» деп тіптен бас тартатын, сондықтан оның суреті шатпақ болатын. Біз оның бұл қорқынышымен «Айға барғым келеді» тақырыбындағы сабағымызда күресіп көрдік. Дақтардан немесе тамшылардан сурет сала бастадық және өте сәтті сурет шығардық, бала өзін суретшідей сезінді, шаттық сезіміне бөленді. Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері баланың ойлауын, қиялын, өзіне деген сенімділігін дамытады.

Балалардың өз суреттерінде: иісті, шуды және дақтарды аяқтап суреттеуін бақылаудың өзі қызықты. Олар кейде ересектердің қолынан келе бермейтін тапқырлықпен қиялдайды. Маған осы сабақтарда балалардың түс шырайларын (жапырақ жәй сары түсті емес, ол қызғылт-сары, қызыл-сары) байқай білуге және диалогты, әрі монологты сөйлеу тілін құруға үйренетіні ұнайды. Көптеген балаларға қарым-қатынас жасау қиынға түседі, бірақ суреттің көмегімен ол өзінің көңіл-күйін білдіреді. Өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс техникасының көптеген тәсілдерін қолданамын, олардың бәрі де менің және балалардың жүрегінен жол тапты.

Ең жеңілі кіші топтардан бастап саусақпен сурет салу және ортаңғы, мектепалды даярлық топтарындағы бастырма әдісі. Бар болғаны екі саусақпен сурет салу нәтижесінде жасыл алаңқайда көңілді сары балапандар пайда болады, балалар аң-таң. Кішігірім сергіту сәтінен не ойыннан кейін сурет кебеді, ал балалар аяқталмаған жерлерін суреттейді де, көз алдарында тұтас картина пайда болады – қуаныштарында шек жоқ. Олар кішкентай сиқыршы-суретшілер емес пе? Олар өз қолдарымен кез келген ғажайыпты жасай алады. Бұл балаларды олардың қиялымен жандандырып, сергітеді.

ТРИЗ технологиясын шығармашылық тақырыбыма арқау ете отырып, педагогикалық оқуларда өз тәжірибеммен бөлістім. Тәжірибелік-шығармашылық жұмысымда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда ТРИЗ технологиясы техникаларын тиімді таңдау мен іс жүзінде қолдану өзекті мәселердің бірі ретінде қарастырылады. ТРИЗ технологиясы балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал ететініне көз жеткіздік. Осылайша сурет салуда ТРИЗ технологиясын қолдану, яғни дәстүрден тыс техникалары оқу қызметі эмоционалды байыта өткізуге көмектеседі, балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамытады деген тұжырым жасадым.

Осы жұмыста балалардың көркем іс-әрекетке деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру; дәстүрден тыс және қазіргі декоративті жұмыс түрлерімен таныстыру; композиция, түс үйлесімділігі туралы өз білімдерін

қолдана отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрету; көру есі мен образды ойлауды және эстетикалық талғамын дамыту; зейінділікке, жинақылыққа, мақсаттылыққа тәрбиелеу; топта жұмыс жасауға дағдыландыру; бір-біріне деген мейірімділік қарым-қатынасын қолдау міндеттері шешімін тапты.

Ойымды түйіндер болсам, жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде мектепке дейінгі балалық шақтың соңында бала баршамызды өзінің тамаша шығармаларымен қуантатын болады. Дәстүрлі мәжбүрлеп сурет салу әдісіне қарағанда дәстүрден тыс сурет салу әдісі, тіптен сәби шақтан бастап балалардың жүрегінен жол тауып, танымдық қасиеттерін дамытуға игі әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Гин С. И. «Занятия по ТРИЗ в детском саду», 2010 г. — 143 с.
2. Пчелкина Е. Л. «По ступенькам ТРИЗ. Первый год обучения», 2010 г. — 176 с.
3. Бембель Т.О. «Ваш ребенок хочет рисовать» - Минск, 2000
4. Тамберг Ю. Г. «Как научить ребёнка думать», 2007 г. — 445 с.

ЧТЕНИЕ С ПОНИМАНИЕМ: ПРИЁМЫ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ

Сахимзадина М.Д.

магистрант, Торайгыров университет, г.Павлодар

Чтение – это технология интеллектуального развития, способ обретения культуры, посредник в общении, средство для решения жизненных проблем. Без чтения невозможно самообразование, которое продолжается в течение всей жизни. (Л. Выготский).

В методике преподавания выделяются различные виды чтения, в том числе и с учетом степени понимания текста. Чтение с пониманием предполагает определенные действия с текстом, обусловленные его сущностными особенностями.

Текст относится к наиболее очевидным реальностям языка, а способы его интуитивного выделения не менее укоренены в сознании современного человека, чем способы отграничения и выделения слова, и основаны они на разумном предположении о том, что любое завершённое и записанное вербальное сообщение может идентифицироваться как текст.

Как отмечает Е. И. Диброва, семантическое пространство текста должно быть охарактеризовано как включающее и предтекст, и подтекст, и надтекст. Нет и не может быть таких текстов, которые не фиксировали бы какой-либо фрагмент человеческого опыта и его осмысления. Текст показателен именно в том, что из него можно вывести, заключить, извлечь. Он являет собой, поэтому,

образец такой языковой формы, которая побуждает нас к творческому процессу его понимания, его восприятия, его интерпретации, его додумывания – к такого рода когнитивной деятельности, которая имеет дело с осмыслением человеческого опыта, запечатлённого в описаниях мира и служащего сотворению новых ступеней познания этого мира.

В словаре лингвистических терминов О.С.Ахмановой текст в общем плане определён как «всякое произведение речи, зафиксированное на письме, в том числе и произведение художественной речи».

Б.Н. Головин предлагает следующее определение текста: «Текст – словесное, устное или письменное, произведение, характеризующееся единством некоторого завершённого содержания (смысла) и речи, формирующей и выражающей это содержание».

Текст – это продукт языка, обладающий сложной структурой и собственным содержанием. Целенаправленность и прагматическая установка текста предполагает, что его прочитают и поймут. Что значит понять, постичь текст?

Понимание – это процесс постижения смысла и значения чего-либо, ясное «видение» причинно-следственных связей, способность преобразовать информацию из одной формы в другую (образную, вербальную, графическую, знаковую, символическую и т.д.).

Понимание текста – это внимательное прочтение разных видов текстовой информации: фактуальной, подтекстовой, концептуальной. Фактуальную информацию составляет описание событий, героев, места и времени действия и т.д. Подтекстовая информация подразумевает не выражение в словах, а в текстовых «скважинах» (пропусках, которые читатель заполняет, опираясь на имеющиеся знания, опыт), в словах-образах (художественных средствах), в монтаже текста и т.д. Под концептуальной информацией понимается система взглядов, мыслей и чувств автора, которую он отражает в тексте. Понять концептуальную информацию помогает и подтекстовая информация, или просто подтекст. Что это такое? Подтекст похож на чудо. Это так называемый скрытый смысл, который способны таить в себе слова, словосочетания, предложения, отдельные отрезки текста, передается с помощью порядка слов, интонации, художественных средств. [6]

В процесс постижения текста включены внимание и память, воображение и мышление, эмоции и воля, интересы и множество других психических особенностей читателя. В результате эксперимента получается обобщённый, собирательный образ «идеального читателя». [7]

Одновременно не может не поразить то разнообразие и многообразие самих речевых произведений, по отношению к которым мы легко используем обозначение «текст», и не случайно лексикографы довольствуются указанием на то, что текстом является «всякая записанная речь». Проблема обучения пониманию текста сегодня стоит очень остро. Непонимание текста связано со слабо развитым словарным запасом учащихся. Кроме этого, перед учителем возникает ряд вопросов. Во-первых, как организовать работу с текстом? Во-

вторых, как заинтересовать ученика чтением? В-третьих, как развить умение ориентироваться в потоке информации? В-четвертых, как научить ученика понимать печатные и звуковые тексты? Наконец, как помочь ученику считывать и перерабатывать информацию?

Поэтому главной задачей учителя является формирование у учащихся самостоятельно семантизировать текст (выделять ключевые слова, раскрывать их значение), понимать художественный текст, отличающийся высокой информативностью и наличием в нём глубинных смыслов. Для этого используются разные способы понимания и объяснения рассматриваемых явлений, структурирование и аргументирование знаний. Эти способы связаны с приёмами, которые использует «идеальный читатель»: размышление над текстом до чтения, анализ заголовка; выделение и объяснение ключевых слов, выражений; размышление над развитием событий, уточнение вопросов по ходу чтения; включение воображения, которое помогает воссоздавать происходящие картины, додумывать, придумывать, что помогает лучше запомнить текст. На сегодняшний день остается актуальным творческий подход, который включает в себя две фазы – творческое чтение, а именно осмысление полученной информации, её интерпретации, оценки, создание новых смыслов.

Практика показывает, что дети успешно овладевают навыками технического чтения, темпом, правильностью, выразительностью, но навык чтения у большинства из них не всегда сознательный. Читая быстро текст, пропускают важную и полезную информацию. В работе с текстом считаю необходимым формировать умение правильно его оценить, разобраться в структуре текста, зафиксировать в удобной форме всё, что оказалось ценным и нужным. Для того чтобы научить грамотному и вдумчивому чтению, необходимо активно и умело применять стратегии совместного чтения. Применение приёмов работы с текстом делает процесс чтения «продуктивнее, результативнее, быстрее, приятнее» и позволяет «приблизить деятельность учения к своим собственным целям». Среди них наиболее эффективными являются следующие приёмы работы с текстом:

1. «Рассечение вопроса» - приём предтекстовой деятельности, используется перед началом изучения текста; вопрос разбивается на составные логические части, которые переходят в содержательный план ответа.

2. «Соревнуемся с писателем» - ученикам предлагается свой вариант сюжета книги («Попробуйте спрогнозировать содержание книги, просмотрев иллюстрации»).

3. «Знаю - хочу узнать - узнал» - заполнение таблицы по мере работы с текстом для актуализации имеющихся знаний, сохранения новой информации.

4. «Чтение с остановками», «Чтение с пометами», «Чтение с вопросами» - приёмы текстовой деятельности способствуют формированию мыслительных навыков (установление связей и отношений в ходе развития событий). В ходе остановок происходит обработка информации отрывка. Использование данных стратегий помогает сделать урок интересным, понятным и доступным для

восприятия. Ученик учится анализировать, акцентировать внимание на главное, овладевает навыками осознанного чтения.

5. «Верно/неверно» - формулирование утверждений способствует актуализации знаний и мотивации на дальнейшую работу с текстом, позволяет детально осмыслить произведение. При многократном чтении текста повышается скорость чтения и количество прочтений, активизируется познавательная деятельность.

6. «Карта истории» – учащиеся рассказывают историю о месте, событии, проблеме, тенденции или закономерности в литературном контексте. В них интерактивные карты скомбинированы с содержанием – текстами, фотографиями, видео- и аудиоматериалами. «Карта истории» помогает выявить композиционные части (завязку, кульминацию, развязку), определить событийную последовательность, служит предпосылкой для составления плана.

7. «Стоп-кадр» - учеников просят продемонстрировать важный момент из художественного произведения. Если на своих уроках использовать театральные приёмы типа «застывшая/ожившая фотография», то не составит труда придумать поводы для подобных заданий - инсценировок.

8. «Мыслительная карта» - приём постчтения, направленная на обучение пониманию и обсуждению прочитанного текста.

9. «Факты и мнения» - приём понимания текста-рассуждения.

10. «Паутина вопросов» - учащимся предлагают вернуться к началу урока: оправдались ли наши прогнозы? Правильно ли мы думали, о чем пойдет речь в произведении?

Приёмы постчтения – заключительный этап работы с текстом, проводится «с целью выяснения, прояснения, подтверждения, расширения, обмена впечатлениями, получения читательских откликов». Поэтому здесь могут быть использованы коммуникативные и творческие, познавательные и практические задания.

Таким образом, использование приёмов совместного чтения позволяет обучать пониманию, интерпретации и оценке текста, способствует формированию навыков совместной работы, креативного подхода, служит отличной подготовкой на сборе идей и предпосылкой для создания письменных работ. Стратегии будут полезны при работе с большим объёмом информации, обеспечат успешность для взрослых в работе, а для детей в учёбе.

Приведем несколько вариантов таких заданий.

Раздел «Климат и природа», 5 класс, I четверть. Тема: Н.А.Некрасов. «Дед Мазай и зайцы». Вид речевой деятельности: чтение.

Цели обучения: 5.3.1.1 понимать общее содержание текста, определяя ключевые слова и словосочетания; 5.3.3.1 формулировать вопросы по содержанию текста и отвечать на них. [5, с.21]

Предтекстовый этап, задание. Прочитайте информацию и заполните кластер, записывая ключевые слова или словосочетания.

С наступлением весны солнце начинает светить всё ярче и ярче. Оно растапливает снег, и вода начинает бежать ручьями на поля. Вода затапливает

поля, таким образом, орошаются ближайшие поля и леса. Но порой ручьи бегут в реки, и реки могут выйти из берегов, затопить лес, деревню, поле. В таких случаях говорят, что землю покрывает полая вода. А в народе это называется половодьем.

Часто половодье переходит в стихийное бедствие – доставляет немало проблем людям и много бед животным. Но у половодья есть и польза. Вода орошает ближайшие поля и леса.

Текстовый этап («Текст под микроскопом»), задания.

1. Составьте три «тонких» и «толстых» вопроса по содержанию текста, опираясь на таблицу.

Кто?	Объясните, почему...?
Что?	Почему вы думаете...?
Когда?	Почему вы считаете...?
Как?	В чём отличие...?
Как звали?	В чём схожесть...?
Было ли?	Предположите, что будет, если...?
	Почему автор думает...?

2. Используя диаграмму Венна, сравните стихотворение «Дед Мазай и зайцы» и прочитанный выше текст «Половодье».

Послетекстовый этап, творческие задания.

1. Создайте рисунок к любому фрагменту стихотворения «Дед Мазай и зайцы».

2. Подготовьте пересказ прочитанных фрагментов стихотворения от лица спасённого зайчишки.

3. Составьте «Карту истории», используя текст, фотографии, видео- и аудиоматериалы.

4. Составьте и запишите синквейн на тему «Половодье».

Раздел «Семья», 5 класс, I четверть. Тема: Болгарская народная сказка «Сказка о бочке». Вид речевой деятельности: чтение.

Цели обучения: 5.3.5.1 составлять план по опорным словам; 5.3.6.1 анализировать содержание небольших произведений фольклора и литературы, определяя тему и основную идею. [5, с.22]

Предтекстовый этап, задание. Прочитайте высказывание Артура Шопенгауэра. Как вы понимаете это высказывание?

Отдельный человек слаб, как покинутый Робинзон: лишь в сообществе с другими он может сделать многое.

Текстовый этап («Текст под микроскопом»), задания.

1. Заполните сюжетную таблицу.

Кто?	Что сделал?	Что?	Когда?	Где?	Для чего?

2. Составьте план к тексту. Обратитесь к справочной службе.

Справочная служба!

План – это краткая запись текста.

Как составить план?

1. Прочитайте текст, выясните значение непонятных слов.

2. Разделите текст на смысловые части (абзацы).

3. Выделите ключевые (опорные) слова или словосочетания в каждом абзаце. Подберите заголовок (название) к каждой части.

4. Названия пунктов могут быть сформулированы как:

- ключевые фразы из текста;

- вопросы;

- повествовательные предложения.

5. Запишите пункты плана.

3. Определите тему и основную мысль.

4. Используя план текста и сюжетные картинки, перескажите друг другу сказку.

Послетекстовый этап, творческие задания.

1. Объясните смысл высказывания Джорджа Герберта «Один отец значит больше, чем сто учителей». Ответьте на вопрос: Каким должен быть отец? Аргументируйте свой ответ.

2. Нарисуйте солнышко с лучиками. На каждом лучике напишите основные качества, которые необходимы членам семьи, чтобы в ней всегда были мир и согласие, забота, доброта, уважение, любовь.

Литература

1. Граник Г.Г., Бондаренко С.М., Концевая Л.А. Когда книга учит. - М., 1988.

2. Сметанникова Н.Н. Стратегический подход к обучению чтению. Междисциплинарные проблемы чтения и грамотности. – Москва: Школьная библиотека, 2005.

3. Сметанникова Н.Н. Обучение стратегиям чтения в 5-9 классах: как реализовать ФГОС//Пособие для учителя. – Москва: Баласс, 2011.

4. Сметанникова Н.Н. Чтение и грамотность в современном мире. – Интернет-ресурс.

5. Типовая учебная программа по учебному предмету «Русский язык и литература» для 5-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию (с нерусским языком обучения) // Приложение 7 к приказу и. о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 25 октября 2017 года №545.

6. PonimatXudText.pdf (pseudology.org)

7. <https://rus.1sept.ru/article.php?id=200702305&ysclid=1152wnwta8>

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Саяхат Н.

Торайғыров университеті магистранты, информатика мұғалімі

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1].

Қазіргі білім беру жүйесінде қашықтан оқыту технологиясы кең қолданылуда. Қашықтан оқыту – «бұл синтетикалық, интегралды оқу материалын жеткізу үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологиялар мен олардың техникалық құралдарының кең спектрін қолдануға негізделген гуманистік оқыту формасы, оны дербес зерттеу, диалогтың оқытушы мен білім алушы арасында алмасуы» [2].

Қашықтан оқытудың анықтамасын зерттеушілер де түрлі үлгіде ұсынады. Бірақ барлығына ортақтық білім берудің ақпараттық технологиямен байланыстылығы сақталған. Америкалық ғалым М. Мооге жаңа технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату деп есептейді [3,8], Ж. Қараев, М. Балафанов, Е. Есбосынов білім берудегі ашық идеяларды жүзеге асырудың әдістемелік, әдіснамалық кешенді жиынтығы деп белгілейді [4,23].

Ресейлік ғалым О. Околелов ақпараттық және интернет құралдары арқылы ұйымдастырылатын арнайы педагогикалық білім беру жүйесі деп анықтайды [5,7]. Бұл пікірлердің барлығы да қашықтан оқыту технологиясының әр кезеңдік ерекшеліктері мен олардың әдістемелік, технологиялық мүмкіндіктеріне қарай баға беруге негізделген.

Білім беру жүйесінде қашықтан оқыту бірнеше оқыту деңгейлерін қамтиды. Мектепке дайындаудан бастап қосымша білім беру, орта білім, жоғары білім берудің барлық деңгейлерін қамти отырып, міндетті пәндерді де вариативті пәндерді де оқытуда көп жетістіктерін де көрсете алды.

Қазақстандық зерттеуші А. Б. Сатанов қашықтан оқытудың 3 кезеңін көрсетеді. И. Питманның пошта арқылы байланысуын бірінші кезең десе, кейінгі ХХ ғасырдағы ғылыми-техникалық революция дамуы кезеңін екінші деп, ал қазіргі жаңа ХХІ ғасыр технологиясының мүмкіндіктеріне сүйенген кезеңді үшінші кезең деп алады [6].

1. Аудитория ерекшеліктеріне, білім сапасына, қабылдау деңгейіне қарай оқыту платформасын таңдау мүмкіндігі.

2. Ақпараттарды жинақтау мен сұрыптау, іріктеу мүмкіндігінің молдығы.

3. Жаңа ақпараттық білім кеңістіктерін, платформаларын барынша кең қолдануға ұмтылыс.

4. Ақпараттық-технологияны сынақтарын өткізуге, оны жетілдіруге болатын мүмкіндік.

5. Толық ақпараттық-технологиялық желіге тіркелу, үнемі қолдану.

Қашықтан оқыту технологиясы білім беру платформаларын көбейтті. Көбейтіп қана қоймай, пайдалану деңгейін көтерді. Мысалы Ресейдегі қашықтан оқыту кезінде жаңа білім беру ақпараттық платформаларын пайдалану 64-85 пайызға өскен [7].

Қашықтан оқытудағы білім беру мазмұны сақталғанымен де, формасы мен әдіс-тәсілдері өзгереді. Сондықтан да оқытушы мен білім алушының жаңа әдістемеге, технологияға икемделуі, бейімделуі, модульдік, интерактивтік дағдыға төселу, бақылау, ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу тәсілдерін үйренуді талап етеді.

Орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы қашықтан оқытуды ұйымдастыру шаралары негізінде жаңа сапалы білім платформалары жұмыс істей бастады. Мысалы BilimLand iMekter.kz порталдары оқушылар үшін тек қана қашықтан оқу кезінде ғана емес, кейіннен де өз білімдерін толықтыру, тапсырмалар орындау, қосымша дайындалу үшін қажетті порталдар болып қалды. Бұл білім порталдарының артықшылықтары оқушылар алдын-ала дайындалған тапсырмаларды орындайды да, бағалау автоматты түрде жүріп тұрады. Жоғары деңгейде дайындалған білім порталдары қашықтан оқыту арқылы оқушылардың, білім алушылардың өз беттерімен жұмыс істеу, өздерінің іздену, жеке тапсырмаларды орындау қабілеттерін ұштады. Қазіргі әлемдік білім беру талаптарындағы кретаивтіліктік бір негізі – білімді алуға білім алушының өзінің талпынысының маңызды екендігі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қашықтан оқыту технологиясының мүмкіндіктері білім сапасын, білім алушы қабілетін, дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуімен де өлшенеді.

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі қашықтан оқыту технологиясы білім сласына қандай жаңа мүмкіндіктер көзін ашады? Осы сұраққа жауап берерде, біз қашықтан оқыту жүйесін талдай келіп, келесі мүмкіндіктерді көрсете аламыз.

1. Қашықтан оқыту технологиясы баршаға қолжетімді білім беру кеңістігін ашады. 2.
Білім алушылардың мол аудиториясын жинауға мүмкіндік береді. 3.
Әр білім алушыға жеке қатынасты орнатуға мүмкіндік туады. Жеке білім беру траекториясын да қалыптастыруға болады. 4.
Бірыңғай білім беру платформасын жасайды. 5. Оқу шығындарын азайтады. 6. Оқу мазмұнын жеткізуде ақпараттық технологиялар арқылы барынша тиімді әдіс-тәсілдерді таңдауға болады.

7. Білім алушылардың білім мазмұнын өз бетімен игеруіне, өзінің ізденуіне мол жол ашылады. Білім беруші кеңес береді, жалпы бағытты көрсетеді.

8. Сабәқ мазмұны туралы файлдармен алмасу да білімді кеңейтуге ықпал етеді.

9. Білім алушылардың уақытын үнемдейді.

10. Білім беруші мен білім алушының оқу кеңістігінде өз платформалары жасалады.

Қашықтан оқытудың қазіргі білім беру жүйесіндегі олқылықтары да бар. Бұл білім беру жүйесіндегі барлық деңгейге қатысты.

1. Әр білім алушымен тікелей көзбе-көз тілдесу мүмкіндігінің болмауы оның қабілетін анықтау, бағалау, білім сапасын анықтау, сол сапаға қажет материалдармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуде қиындық туғызуы мүмкін.

2. Қашықтан оқытудың технологиясының өзі бірнеше әдіс-тәсілдер, түрлер арқылы жүргізіледі. Олар видеосабак, вебинар, онлайн-дәріс т.б. түрлерінде болуы мүмкін. Бұл сабақтар үшін әрбіреуіне қажет ұсынымдар (презентациялар) жасалады. Егер білім беруші ұсынымдарды сабақ мазмұнына сай жасай алса, сабақтың өз мақсатына жеткені. Сондықтан да, қазіргі оқытушылардан ұсынымдарды сауатты, әрі аналитикалық талдаумен жасау талап етіледі. Дәстүрлі сабақтарда тікелей қатынас мүмкіндігі бұндай проблемаларды аса тудыра қоймайды.

3. Білімді тексерудің тиімді автоматты бағалай әдісіне көше қоймаған білім берушілер үшін білім алушылардың тапсырмаларын жинақтау, электронды үлгіні тексеру, бағалау білім беруші үшін көп қиындықтар туғызады.

4. Қашықтан оқыту білім алушыларға тәуелсіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бірақ ол білім беруші тарапынан қадағалануы тиіс. Сондықтан да бұл да білім берушінің жұмысын көбейтеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде қашықтан оқыту технологиясын гуманитарлық, экономикалық мамандықтар үшін тиімді екендігі байқалуда. Лабораториялық зерттеулер мен тәжірибелер арқылы білім алатын мамандықтар мен пәндер үшін қашықтан оқыту арқылы кең көлемде білім алу әлі де қиын екені байқалуда.

Қазіргі білім берудің технологиясы өзгерді. Әлемдегі білім саласы ғана емес, көптеген саладағы кәсіп иелерінің де жұмыс стилі, жұмысқа қатынасуы өзгерді, тіпті кей мамандық түрлері жойылып та кетті. Бұл кей мамандық түрлерін адам ғана емес, технология атқара алатындығымен байланысты болып отыр. Қашықтан оқыту – білім саласындағы жаңалық. Бірақ мұғалім мен оқытушының, білім берушінің міндетін, қызметін машина, технология ауыстыра алмайды. Бірақ қашықтан оқыту мұғалім мен оқытушының, білім берушінің қызметін жеңілдетуі тиіс. Қосымша ақпарат көздерінен білім алатын білім алушының ақпараттарды, білімді дұрыс іріктей алуы мен оны сұрыптай білуі, таңдауы мен талғамы үшін оқытушының жан-жақты, терең білімді болуы шарт.

Қашықтан оқыту оқытушының ақпараттық технологияны жетік игеруімен бірге оқыту пәні мазмұнының қажетті материалдарын түсіндіруде дұрыс әдіс-тәсілдерді таңдай алуы, білім мазмұнының мақсат-міндеттерін орынды белгілеуі, тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыра алуы, білім алушылар арасындағы байланысты орната алу, оқу үрдісінің сапасын үнемі қадағалау сияқты міндеттер кіреді.

Қашықтан оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі білім алушыларды сұрыптайды. Білім алуға ынталы топ білім берушінің бағыты мен кеңестері негізінде өз бетімен дайындалады, шығармашылық, еркін ой жүйесі дамиды. Бұл біздің қазіргі білім беру жүйесіндегі тұлғаны дамыту мақсатын орындауға әкеледі. Бүгінгі өзгерген қоғамда әлеуметтік теңдікті қалыптастыруға да ықпал етеді. Білім алушының тұрған жеріне, денсаулығына, материалдық жағдайына, қауіпсіздігіне қарамастан тең құқылы білім ала алады.

Қашықтан оқытудың мүмкіндіктерінің нәтижесі білім сапасымен, білім беруді ұйымдастыратын талаптар мен әдістемелік кешеннің жабдықталуымен де анықталады. Бұндай университеттер мен білім беру мекемелері үшін жоғары желілі Интернет пен сапалы ақпараттық-технологиялық құрылғылар, жан-жақты маман қажет екені анық. Қашықтан оқытуда қазіргі білім беру кеңістігінде келесі технологиялар жиі қолданылады.

1. Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар немесе АКТ;
2. Жеке тұлғалық бағдар технологиясы.
3. Жобалық және ізденушілік әрекетті дамыту технологиясы.
4. Ойын технологиясы.

Көрсетілген технологиялар білім алушылардың жас шамасына және білімді игеру деңгейіне қарай қолданылады. Сонымен бірге қашықтан оқыту технологиясы арқылы білім алушыларға бір мезетте осы технологиялардың бірнешеуін қолдануға болады.

Қашықтан оқыту технологиясының өркендеуіне ақпараттық-компьютерлік технологияны енгізу, интернет технологиялар да ықпал етуде. Қазіргі ғалымдар жинақтауы бойынша, қашықтан оқытудың бірнеше артықшылықтары бар.

Ақпараттық-коммуникация технологиясы жалпылама қолданысқа ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Бұл технология үшін арнайы нұсқаулықтар әзірленеді. Нұсқаулықтың қысқа және нақтылығы сақталуы, тапсырмаларды орындау тәртібі мен ережесі және критериилері белгіленеді. Ақпараттық инвариантты және вариантты бөлімдері болады. **Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.**

Жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологиясы педагогикалық іс-әрекеттің әдіснамалық жаңа бағыты. Білім алушының тұлға ретінде өзін тануы, жетілдіруі, дамуын қамтамасыз етеді. Білім алушы өзін тұлға ретінде тануына қажет дамытушылық идеялар мен түсініктер, іс-әрекеттер жиынтығын құрайды. Бұл технологияның 3 негізі бар.

1. Тұлғаға бағытталған көзқарас ұғымын ашатын негізгі түсініктер.
2. Оқушыларға білім беру әрекетіндегі негізгі принциптер (ұстанымдар).
3. Технологиялық бөлім.

Жобалық және ізденушілік әрекетті дамыту технологиясы – білім алушылардың белгілі тобымен жүргізілетін технология. Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, оқытушымен өнімді шығармашылық

байланыс орнатуға бағытталады. Білім алушылардың оқу мотивациясын, кәсіби, ғылыми, білім жағынан өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Жобамен жұмыс істеу арқылы білім дағдылары қалыптасады, нақты бір тақырып бойынша ақпараттық, деректік жұмыс істеуге төселеді, білімдері кеңейеді. Ойды, түсінік пен негізгі мәселелерді жинақтау мен оларды талдауға үйренеді.

Ойын технологиясы көбінесе кішкене жас балалар үшін қолданылатын оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Дегенмен ойын технологиясын сергіту, әдісті өзгерту үшін кез келген жастағы білім алушымен жүргізуге болады. Бұны білім беруші мен білім алушының бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті — ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Қазіргі қашықтан оқыту технологиясында аталған технология түрлері кеңінен қолданылады. Технологиялық мүмкіндіктер орындауға жағдай жасай алса, болғаны. Қашықтан оқыту технологияларының соған қарай өз сипаттары болады.

Ақпараттық технология адамзат қоғамын түбірімен өзгертті. Сол өзгерістердің бірі - білім саласындағы қашықтан оқыту технологиясы. Бұл білімді сапалы алудың, оны қоғамның әлеуметтік, экономикалық, рухани салаларымен байланыстыра алуымен ғана тығыз байланысты болады.

Қорыта келгенде, қашықтан оқыту жүйесі білім саласындағы бәсекені арттырады. Бұл білімді адамдардың тобын қалыптастырады. Оқытудың технологияға бағытталған жүйесіне қай ғылым саласы ыңғайлы екендігін анықтайды. Еліміз бойынша білімді, үздік мұғалімдер мен оқытушылар шоғырын жасайды, олардан өзге өңірлерден де білім алуға мүмкіндік туады. Қашықтан оқыту білім саласын да нарық заңдарына бейімдіп, технологиялық мүмкіндіктерге жол ашады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

2 Андреев А. А. К вопросу об определении понятия «дистанционное обучение» [Электронный ресурс]. Режим доступа: http://www.e-joe.ru/sod/97/4_97/st096.html

3 Moore M., Thompson M. The effects of distance learning. ACSDE Research Monograph, no. 15. University Park: American Center for the Study of Distance Education, The Pennsylvania State University, 1997. –112 p.

4 Караев Ж., Балафанов Е., Есбосынов М. Анализ и тенденция развития дистанционного образования // Высшая школа Казахстана. – 1998. – №6. – С.140-148.

5 Сатанов А. Б. Қашықтан білім берудің қалыптасу және даму тарихы: феноменологиялық зерттеу «edu.e-history.kz» № 4(24), 2020

6 Околелов О.П. Процесс обучения в системе дистанционного образования //Дистанционное образование. – 2000. – № 3. – С. 37-44.

7 Мелькус В. Проблемы перехода на дистанционное обучение в Российской Федерации глазами учителей. <https://icef.hse.ru/data/2020/04/15/1556221517>

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сейтахметова А. М.

магистрант кафедры «Личностное развитие и образование»
НАО «Торайгыров университет»

Аубакирова Р.Ж.

д.п.н., профессор кафедры «Личностное развитие и образование»
НАО «Торайгыров университет»

В связи с пандемией произошли глобальные преобразования в сфере образования, в том числе и высшего. Произошел резкий переход к дистанционной форме обучения, где ключевыми условиями успешности студента стали: информационно-коммуникативная культура, компьютерная грамотность, самостоятельность и сформированность учебной мотивации. Данная статья посвящена изучению различных мотивационных аспектов учебной деятельности студентов в условиях дистанционного обучения.

Мотивация в дистанционном образовании занимает центральное место в успешном обучении и достижениях и была описана как «двигатель» обучения [1]. Мотивация влияет на то, как люди думают, действуют и чувствуют себя во время обучения. Предложенный обширный объем исследований и литературных источников, изучавших мотивацию в широком спектре образовательной среды и различных групп обучающихся, включает контексты дистанционного образования [2]. О том, что мотивация сложна, свидетельствует разнообразие теоретических основ, которые появились с течением времени в трудах ученых, которые попытались объяснить и дать определение мотивации, влияние и взаимосвязь между мотивацией, обучением и достижениями, а также то, как работают мотивационные процессы [3].

К. R. Wentzel, J. E. Brophy определяют мотивацию как «теоретическую конструкцию, используемую для объяснения инициации, направления, интенсивности, настойчивости и качества поведения, особенно целенаправленного поведения» [4]. Мотивация связана с целями, которые направляют внимание и поведение на их достижение. Это касается того, что заставляет нас двигаться, почему мы занимаемся определенными видами

деятельности, выполняем ли мы задачу, даже когда на этом пути возникают неудачи.

Поскольку мотивация – это теоретическая конструкция, связанная с конкретными процессами, а не с результатами, ее нельзя измерить напрямую. Вместо этого он выводится из поведенческих показателей, которые включают: выбор, сделанный обучающимися, затраченные обучающимися усилия (как физические, так и когнитивные), настойчивость, особенно перед лицом трудностей, академические достижения, а также отчеты отдельных лиц.

В образовательных учреждениях мотивация объясняет степень, в которой обучающиеся уделяют внимание и энергию различным требованиям к обучению. В более общем плане высокий уровень мотивации связан с активным участием в обучении, удовольствием от обучения, принятием вызовов, глубокими подходами к обучению, настойчивостью, академической успеваемостью и творчеством [5]. Исследования показывают, что низкий уровень мотивации является фактором, способствующим низким показателям удержания в дистанционном образовании [6], которое определяется как «преподавание и обучение, при которых преподавание обычно происходит в другом месте, чем обучение, требующее общения с помощью технологий, а также специальной институциональной организации [7]. И наоборот, высокий уровень мотивации был связан с удержанием дистанционных обучающихся. Кроме того, мотивация была связана с восприятием обучения.

Ранние теории определяли мотивацию в терминах внутренних сил, таких как черты характера, инстинкты, побуждения и поведение [8]. Одной из таких теорий мотивации, которая занимает видное место в образовании, является оперантное обусловливание (Skinner, 1974), которое описывает процесс формирования поведения с использованием принципов подкрепления. Эта теория предполагает, что поведение инициируется из-за определенных предпосылок и сопровождается последствиями. Положительное подкрепление – это стимул, который предъявляется после желаемого поведения и предназначен для повышения вероятности такого поведения в будущем. Использование поощрений (например, оценок, похвалы), которые зависят от желаемого поведения, и наказаний (например, санкций), зависящих от нежелательного поведения, является обычным применением в образовании.

Поведенческие теории, такие как оперантное обусловливание, оказали влияние на нас разработкой более ранних компьютерных образовательных программ и моделей учебного проектирования.

Изучение мотивации к обучению в дистанционном образовании должно основываться на надежных теориях мотивации [9]. Совсем недавно исследователи перешли от попыток разработать единую всеобъемлющую теорию мотивации, которая пытается объяснить все аспекты мотивированного поведения, к теориям, которые фокусируются на конкретных аспектах мотивации. Учитывая сложность и многогранный характер мотивации, некоторые из полученных теорий взаимосвязаны, даже несмотря на то, что они включают различные конструкции и объяснения [10]. Общая модель

мотивации, основанная на ожиданиях и ценностях[4], обеспечивает полезную организационную основу для концептуализации различных теорий и понимания различных решений, которые люди принимают при принятии решения о том, заниматься или нет.

Теории мотивации, которые концентрируются на убеждениях и суждениях обучающихся об их способностях выполнять ту или иную задачу, находятся в рамках ожидаемого аспекта мотивации.

Подходя к учебной деятельности, люди выносят суждения о своих возможностях добиться успеха, основываясь на восприятии своих знаний, способностей и навыков. Если человек рассчитывает на успех, то он с большей вероятностью займется какой-либо задачей, в то время как обратное верно для тех, кто сомневается в своих способностях. По сути, они задают вопрос: «Могу ли я это сделать?» Ответ на этот вопрос может оказать важное влияние на мотивацию человека к выполнению данной задачи.

Концепция самоэффективности была разработана А. Bandura (1997), который определил ее как «веру в свои способности организовывать и выполнять действия, необходимые для достижения заданных результатов» [11]. Это ориентированное на будущее суждение индивида о его уверенности в успешном выполнении конкретной задачи в конкретном контексте. Самоэффективность связана с производительностью, а не с личными качествами (например, самооценкой, самооценкой), а суждения определяются с использованием критерия мастерства.

Теория атрибуции (Вайнер, 1992) утверждает, что люди мотивированы понимать самих себя и причины, по которым что-то происходит. Это предполагаемые причины индивида, которые важны независимо от того, являются ли они фактическими причинами или нет. Поиск причины того, почему что-то произошло, чаще встречается, когда ситуация является новой, лично важной или результат был неожиданным или негативным [3]. Атрибуции имеют как психологические, так и поведенческие последствия для мотивации и обучения. На причинно-следственные связи влияет целый ряд факторов, включая личные убеждения и индивидуальные характеристики, информацию от других (например, сверстников и учителей) и отзывы об успеваемости [3]. Контекст также играет важную роль в определении атрибуции.

Ценностные аспекты мотивации показывают, решат ли обучающиеся участвовать или нет, определяется не только их ожиданиями успеха; они также выносят суждения о предполагаемой ценности задач, которые им предлагается выполнить. Чтобы принять решение, люди задают себе второй вопрос: «Хочу ли я это сделать и почему?». Воспринимаемая ценность зависит от целого ряда факторов, включая внутреннюю ценность, интерес, ценность достижения, полезность и цели. Ценностный компонент мотивации часто рассматривается с точки зрения внутренней и внешней мотивации. «Внутренняя мотивация определяется как выполнение деятельности для ее неотъемлемого удовлетворения, а не для какого-то отдельного следствия [12] и тесно связана с

концепцией внутренней ценности [13]. Внутренне мотивированный студент получает удовольствие от выполнения задания из-за проблемы, интереса и удовольствия, которые оно предлагает, а не из-за какого-либо внешнего давления или реакции.

Популярная точка зрения рассматривает внутреннюю и внешнюю мотивацию как дихотомические конструкции, при этом внутренняя мотивация имеет большую ценность или ценность. Такое суждение о ценности вполне понятно, учитывая положительную связь между результатами обучения и внутренней мотивацией. Однако исследования показали, что в любой конкретной ситуации в любой данный момент времени люди могут быть как внутренне, так и внешне мотивированы в большей или меньшей степени, что указывает на то, что мотивация является более сложной, чем простая бинарная модель. Кроме того, качество и интенсивность внутренней и внешней мотивации меняются с течением времени и зависят от конкретного человека и контекста обучения [2].

В дополнение к внутренней и внешней мотивации, внутренняя мотивация обучающихся. Хотя важность индивидуального интереса для обучения и мотивации хорошо признаны исследования, подчеркивающие ценность ситуационного интереса как способа поощрения вовлеченности обучающихся и мотивации к выполнению конкретных задач [14]. Ситуационный интерес, как правило, менее устойчив, чем индивидуальный интерес, поскольку он проистекает из условий окружающей среды [15]. Было показано, что включение концептуальных каркасов в онлайн-обучение повышает ситуационный интерес [9]. Существуют два различных типа ситуационного интереса, а именно вызванный и поддерживаемый. Вызванный ситуационный интерес недолговечен и часто связан с новыми или новыми задачами, или ситуациями, такими как использование компьютеров (Hidi & Renninger, 2006). Однако исследователи предупреждают, что необходимо учитывать эффекты новизны, часто наблюдаемые в технологически насыщенных средах, где интерес обучающихся снижается. Другой подход к изучению мотивации заключается в том, чтобы сосредоточиться на поведении учащихся, связанном с достижениями. Теории ориентации на цели исследуют убеждения обучающихся в отношении поведения, связанного с достижениями, особенно убеждения, которые приводят к различным способам подхода, участия и реагирования на ситуации достижения. Это контрастирует с более общей постановкой целей, которая может быть полезным мотивационным инструментом. В рамках теории целей чаще всего исследуются две ориентации: цели овладения (также называемые целями обучения или вовлечения в выполнение задач) и цели достижения результатов (или вовлечения эго). Обучающиеся, ориентирующиеся на овладение мастерством, как правило, концентрируются на понимании того, что они изучают, и развитии новых знаний и навыков, где стандартом оценки успеха является внутриличностный. Исследования продемонстрировали положительную взаимосвязь между

ориентацией на цели обучения и участием обучающихся в онлайн-дискуссиях [16].

Ориентация на достижение целей, с другой стороны, фокусируется на демонстрации способностей, где стандартом достижения является межличностное общение. Типы стратегий, используемых обучающимися в контексте дистанционного обучения, различаются в зависимости от их целевой ориентации [9]. Обучающиеся, ориентирующиеся на результативность, с большей вероятностью сосредоточатся на оцениваемых видах деятельности и административных задачах по сравнению с обучающимися, ориентированными на цели обучения. Ориентация на производительность далее подразделяется на ориентацию на производительность (желание продемонстрировать компетентность по отношению к другим) и ориентацию на избегание производительности (желание не выглядеть некомпетентным) (Харакевич, Баррон, Пинтрич, Эллиот и Трэш, 2002). Цели, ориентированные на достижение результатов, потенциально могут быть положительными для обучения, особенно в сочетании с ориентацией на цели обучения, ведущей к оптимальной мотивации (Харакевич и др., 2002).

Стратегии повышения мотивации в дистанционном образовании Ожидаемые и ценностные аспекты мотивации подчеркивают, как люди нуждаются в возможностях учиться в благоприятной среде, где они чувствуют себя достаточно эффективными для выполнения требуемых задач и считают учебную программу и мероприятия достойными того, чтобы тратить время и усилия, необходимые для достижения успеха. С точки зрения «человека в контексте», как то, что обучающиеся приносят в свое обучение, так и контекст, в котором происходит обучение, влияют на общую мотивацию к обучению. Таким образом, повышение мотивации обучающихся, участвующих в дистанционном обучении, требует внимания к целому ряду факторов, которые могут включать учебную программу, методы преподавания, организацию учебной деятельности, эффективность обучающихся, используемые цифровые технологии, подходы к оценке и общие аспекты обучения [2]. Существует несколько систем мотивации, включающих как ожидаемые, так и ценностные компоненты.

Вторая модель, используемая для поддержки методического создания мотивационных учебных планов, - это мотивационная структура Гинзберга и Влодковского (2000) для обучения с учетом культурных особенностей. Гинзберг и Влодковский предлагают модель, основанную на принципах и структурах, которые имеют значение внутри и между культурами, которые включают в себя установление инклюзивности, развитие отношения, повышение значимости и формирование компетентности. Его цель состоит в том, чтобы поощрять методы преподавания, которые поддерживают проявление высококачественной мотивации всех обучающихся.

Первый принцип, устанавливающий инклюзивность (Гинзберг и Влодковский, 2000), относится к принципам и практикам, которые способствуют созданию учебной среды, в которой преподаватели и

обучающиеся чувствуют уважение и связь друг с другом. Для этого необходимы нормы, процедуры и структуры, способствующие созданию благоприятного сообщества. Преподаватель является центральным членом и, следовательно, имеет важное значение для развития любого эффективного сообщества дистанционного обучения. Хорошо известные стратегии практиков, такие как принятие открытого, привлекательного подхода к общению, справедливое отношение к студентам и поддержка всех обучающихся в обмене своими мыслями и идеями, - это способы, с помощью которых практики могут моделировать поддерживающие отношения, которые могут способствовать мотивации к обучению. Взаимодействие является основой инклюзивного сообщества и должно разрабатываться в рамках курсов. Кроме того, преимущества онлайн-сотрудничества для мотивации и обучения.

Второй принцип, развивающее отношение (Гинзберг и Влодковский, 2000), относится к принципам и практикам, которые способствуют развитию благоприятного отношения к обучению, тем самым повышая мотивацию учащихся. Нормы, процедуры и структуры направлены на поощрение личной значимости и выбора, основанного на индивидуальном опыте, ценностях, сильных сторонах и потребностях. Разъясняя актуальность и ценность учебной программы и устанавливая связи с целями обучения, практики могут помочь учащимся понять, как они помогают в реализации личных целей и устремлений. Включение обоснований содержания и задач, которые объясняют, почему обучение важно, и побуждают учащихся устанавливать связи между содержанием курса и их жизнью, может повысить интерес, актуальность и стимулировать личное участие. Ситуационный интерес - это еще один подход, который практикующие могут использовать для развития позитивного отношения к дистанционному обучению.

Третий принцип, повышающий значимость (Гинзберг и Влодковский, 2000), относится к принципам вызова и вовлечения, которые включают взгляды и ценности обучающихся. Это расширяет и укрепляет обучение способами, которые важны для студентов, включая активное участие в сложных ситуациях, вопросы, которые выходят за рамки фактов, чтобы поощрять различные точки зрения, опираясь на то, что уже знают студенты, и поощряя высококачественные ответы. Включение оптимально сложного опыта обучения, когда сложность задачи высока и соответствует уровню квалификации учащегося, поддерживает чувства компетентности, удовлетворения и достижений, которые способствуют положительной мотивации. Включение все более сложных или сложных видов деятельности дает обучающимся возможность развивать навыки и способности с течением времени и помогает справиться с чувством тревоги, которое может подорвать мотивацию к обучению.

Четвертый и последний принцип, порождающий компетентность (Гинзберг и Влодковский, 2000), относится к принципам и практикам, которые помогают студентам развить чувство эффективности, чтобы они могли успешно овладеть тем, что от них требуется, и им рекомендуется приписывать

успех или неудачу факторам, которые находятся под их контролем (например, усилия и использование стратегии). Обучающимся требуется достаточная информация, рекомендации и постоянная обратная связь, чтобы выносить точные суждения о требованиях, необходимых для успешного выполнения задач. Ключевым способом формирования компетентности у дистанционных обучающихся является включение позитивной структуры с точки зрения правильного качества, объема и ясности информации. Предоставляя четкие, подробные и четкие рекомендации и ожидания, практики могут поддерживать потребности обучающихся в компетентности. Постоянное руководство и формирующая обратная связь, предлагаемые в гибкой и информативной форме (т.е. как это сделать, а не только что делать), также необходимы для обеспечения того, чтобы процесс дистанционного обучения был более эффективным.

Поскольку дистанционное образование продолжает проникать в основную образовательную и учебную практику на всех уровнях и практически во всех областях обучения, практикующим специалистам необходимо понимать сложности мотивации, чтобы разрабатывать и развивать качественный опыт обучения, который способствует мотивации обучающихся. Используя организационную структуру, охватывающую аспекты мотивации, основанные на ожиданиях, для содействия пониманию сложных теорий, концепций и фактических данных, мы надеемся, что эта глава позволила получить полезную информацию о многогранной природе мотивации обучающихся и важной роли дистанционных преподавателей.

Литература

1 Amabile, T. M. (1985). Motivation and creativity: Effects of motivational orientation on creative writers. *Journal of Personality and Social Psychology*, 48(2), 393-399. doi: 10.1037/0022-3514.48.2.393

2 Hartnett, M. (2012). Relationships between online motivation, participation, and achievement: More complex than you might think. *Journal of Open, Flexible and Distance Learning*, 16(1), 28-41. Retrieved from <http://www.jofdl.nz/index.php/JOFDL/article/view/90>

3 Schunk, D. H., Meece, J. L., & Pintrich, P. R. (2014). *Motivation in education: Theory, research, and applications* (4th ed.). Boston, MA: Pearson.

4 Wentzel, K. R., & Brophy, J. E. (2014). *Motivating students to learn* (4th ed.). New York, NY: Routledge.

5 Amabile, T. M. (1985). Motivation and creativity: Effects of motivational orientation on creative writers. *Journal of Personality and Social Psychology*, 48(2), 393-399. doi: 10.1037/0022-3514.48.2.393

6 Artino, A. R. (2008). Motivational beliefs and perceptions of instructional quality: Predicting satisfaction with online training. *Journal of Computer Assisted Learning*, 24(3), 260-270. doi: 10.1111/j.1365-2729.2007.00258.

7 Moore, M. G., & Kearsley, G. (2012). Distance education: A systems view of online learning (3rd ed.). Belmont, CA: Wadsworth Cengage Learning

8 Lowe, J. (2002). Computer-based education: Is it a panacea? *Journal of Research on Technology in Education*, 34(2), 163-171.

9 Moos, D. C., & Marroquin, E. (2010). Review: Multimedia, hypermedia, and hypertext: Motivation considered and reconsidered. *Computers in Human Behavior*, 26, 265-276. doi: 10.1016/j.chb.2009.11.004

10 Zimmerman, B. J. (2000). Self-efficacy: An essential motive to learn. *Contemporary Educational Psychology*, 25(1), 82-91.

11 Bandura, A. (1997). *Self-efficacy: The exercise of control*. New York: Freeman.

12 Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2000b). Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist*, 55(1), 68-78. doi: 10.1037/0003-066X.55.1.68

13 Wigfield, A., Cambria, J., & Eccles, J. S. (2012). Achievement goals and approach-avoidance motivation. In R. M. Ryan (Ed.), *The Oxford handbook of human motivation* (pp. 463-478). Oxford, UK: Oxford University Press.

14 Hidi, S., & Harackiewicz, J. M. (2000). Motivating the academically unmotivated: A critical issue for the 21st century. *Review of Educational Research*, 70(2), 151-179.

15 Hidi, S., & Ainley, M. (2008). Interest and self-regulation: Relationships between two variables that influence learning. In D. H. Schunk & B. J. Zimmerman (Eds.), *Motivation and self-regulated learning: Theory, research, and applications* (pp. 77-109). New York: Lawrence Erlbaum.

16 Dawson, S., Macfadyen, L., & Lockyer, L. (2009). Learning or performance: Predicting drivers of student motivation. *Proceedings of the ascilite conference* (pp. 184-193). Auckland, New Zealand. Retrieved from <http://www.ascilite.org.au/conferences/auckland09/procs/all-abstracts.html>

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРМЕН ОЙЫНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сембібай Г.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 7М01901
«Арнайы педагогика мамандарын даярлау» білім бағдарламасының 2 курс
магистранты

Зерттеу нәтижелері бойынша Т.Н. Гирилюк және И.В. Старкова бойынша, жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар оқу мен жазудың бұзылу ықтималдығы үшін қауіп тобына жатады. Бұл қиындықтар ауызша сөйлеудің бұзылуынан ғана емес, сонымен қатар жоғары психикалық функциялардың

даму деңгейінен, визуалды-моторлы үйлестірудің даму ерекшеліктерінен, кеңістіктік көріністерден, ұсақ моторикадан, ырғақ сезімінен де туындауы мүмкін. Зерттеу нәтижелері Т.Н. Гирилук және И.В. Старкова сөйлеу дамуының III деңгейі бар балаларда орфографиялық дағдыларды қалыптастырудың келесі ерекшеліктерін көрсетті:

- қол қозғалысын үйлестірудің төмен деңгейі;
- қағаз парағына бағдарлаудың қиындықтары;
- бұлшық ет тонусының жеткіліксіз реттелуі;
- кинестетикалық және динамикалық праксистің дамымауы;
- оптикалық-кеңістіктік бағдарлауды бұзу;
- әр түрлі фигуралар мен сызықтарды көбейтудегі қиындықтар;
- ұсынылған үлгіні көшірудегі бұзушылықтар;
- орфографиялық үлгіні бейнелеудегі қиындықтар [1. 196].

Саусақ гимнастикасының жаттығуларын орындау кезінде ЖСТД бар балаларда қолдың сараланған қозғалыстарының бұзылуы байқалады. Бастауыш сынып жасындағы балалар қиын немесе жай ғана еліктеу қозғалысын жасай алмайды (мысалы, "сақиналар", "кұлып"), бір уақытта ұйымдастырылған қозғалыстарды орындауға бағытталған тапсырмаларды орындайды, бірақ орындау кезінде олар екі қолды бір уақытта қысып немесе түзетіп, бірнеше қателіктер жібереді.

Бастауыш сынып жасындағы балаларда орфографиялық белсенділік кезінде қолдың дұрыс орналаспауы байқалады. Жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалардың ерекшелігі-визуалды-моторлы үйлестірудің күрделі ерікті формаларының жетілмегендігі [2. 1196].

Е.В. Лукасевич өз зерттеулерінде ЖСТД бар ересек бастауыш сынып жасындағы балаларда саусақтардың нәзік моторикасының үйлестірілмеуі, орфографиялық дағдылардың жеткіліксіз дамуы бар екенін көрсетеді. Зерттеу барысында Е. В. Лукасевич бастауыш сынып жасындағы балаларға белгілі бір бағытта түзу, сынған және толқынды сызықтар салу қиынға соғатынын, кейде әріптерді көшіру, түсініксіз қаракөлдердің көбеюі байқалатынын атап өтті. Автор ЖСТД бар балалардың жазуын меңгеруге теріс әсер ететін келесі факторларды анықтады:

ұсақ моториканың дамымауы. Бастауыш сынып жасындағы балалар қарындашты (қалам, киізден жасалған қалам) біркелкі ұстамайды: немесе саусақтарын қаламға жақын қойыңыз, немесе одан тым алыс. Бұл балаларда тым әлсіз немесе керісінше қағазға қарындаштың шамадан тыс қысымы бар;

□ қағаз парағында бағдарлану қабілетінің дамымауы. Бастауыш сынып жасындағы балалар парақты үстелге дұрыс орналастырмайды, оны оңға немесе солға бұрады. Іс-әрекет барысында балалар парақтың орнын өзгертеді. Оқушылар қағаз парағындағы жұмысты бастау орнын анықтауда қателеседі;

□ дамымай қалғандығын сырт қарағанда-қимыл үйлестіру. Балаларға берілген бағыттарда түзу, сынған және толқынды сызықтар салу қиынға соғады [3. 436].

Сөйлеудің жалпы дамымауы бар бастауыш сынып жасындағы балалар көп жағдайда әріптердің гнозының төмен деңгейіне ие, олар әріптердің қалыпты және айна емлесін саралаудың қиындықтарында, бір-біріне салынған әріптерді ажыратпауда, орфографиялық жағынан ұқсас әріптерді атау мен салыстырудың қиындықтарында және беспорядокта берілген баспа шифрінің әріптерін атауда көрінеді. Нәтижесінде көптеген балалар жазуды игеруге дайын емес [4. 496].

Сондықтан да олармен түрлі ойындық технологиялар қолдану арқылы жалпы сөйлеу тілдерін дамытуда біршама табыстарға қол жеткәзуге болады.

«Лото, мамандық» дамытушы ойыны





Балалармен әрине көрнекі құралдар көмегімен тілдерін дамыту әрі қызықты әрі тиімдірек болады.

Әдебиеттер

1. Гирилюк Т.Н., Старкова И.В. Формирование графомоторных навыков у детей старшего дошкольного возраста с ОНР III уровня // Альманах научно-исследовательских работ студентов и молодых ученых. – Пермь, 2016. – С. 228-231.

2. Өмірбекова Қ.Қ, Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Логопедия, оқулық Алматы, Дәуір, 2011.

3. Лукасевич Е.В. Состояние графомоторных навыков старших дошкольников с общим недоразвитием речи // Традиционная и инновационная наука: история, современное состояние, перспективы: Сборник статей международной научно-практической конференции. В 6-ти частях. – 2016. – С.87-92.

4. Өмірбекова Қ.Қ, Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Логопедиялық практиканы жүргізудің әдістемелік нұсқауы. Оқу-әдістемелік құралы. Алматы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2008.

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Семенова А.

Павлодар педагогикалық университеті гуманитарлық ғылымдар жоғарғы мектебінің магистранты, Павлодар қаласының №24 ЖОББМ ағылшын тілі мұғалімі
auzanovaaida@gmail.com

Байгожина Ж. М.

п.ғ.к., Павлодар педагогикалық университеті гуманитарлық ғылымдар жоғарғы мектебінің профессоры

Тіл – қатынас құралы. Тіл – халық рухы. Осынау үш әріптен тұратын құдірет бүкіл әлемді бір- бірімен тығыз қарым – қатынаста байланыстыра алады. Ұлтаралық қатынастардың негізгі дәнекершісі де – тіл. Демек, ана тілімізден басқа тілді үйрену арқылы біз сол елдің тілін, дінін, жерін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт дәстүрін біле аламыз және қарым -қатынас жасау арқылы ел эканомикасын, әлеуметтік жағдайымызды да жақсартуға болады.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты барша отандастарымызған арнаған кезекті Жолдауында «тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруды ұсынды, үш тілді еркін меңгеруді алға мақсат етті. Соның бірі, шетел тілі, анығырақ айтқанда ағылшын тілі. Шетел тілін оқыту бала бақшадан басталып, жоғары оқу орнына дейін міндеттеліп отыр. Сондықтан қоғамда талап етілетін мемлекеттік және шетел тілін оқытуда алдымен коммуникативтік қабілеттерді қалыптастыру қажет.

Коммуникативтік қабілеттерді қалыптастыру – тілдік білімді жетілдірумен қатар сөйлеу дағдысын да арттырады. Тұлғаның сөздік қоры көбейіп, тіл нормаларын меңгеру сапасы жоғарылайды. Мысалы, бала бақшада ұйымдастырылатын мерекелік кештерде шетел тілінде өлең оқытып, ән үйрету баланың шетел тілін тез меңгеруіне себебін тигізеді және басқа тілді үйренуге деген қызығушылығы артады. Ал мектеп жасындағы оқушылармен және жоғары оқу орнында студенттермен өткізілетін кіші ғылыми жарыстар, олимпиадалар, онкүндіктер, дебаттар, сыныптан тыс ұйымдастырылатын драмалық үйірмелер шетел тілін оқытуда коммуникативтік қабілеттерді қалаптастырудың бірден-бір дәлелі болмақ [1, 85 б.].

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Сондықтан да оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, барлық оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талап қойылды. Осы талаптарды ескере отырып, алдыма қойған мақсатым — оқушыны оқуға қызықтыратын, қабілетін арттыратын жағдай жасау. Оның бастысы — оқу

үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын жетілдіру, өздігінен білім алу процесінде бірлесе әрекет етуге үйрету, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру.

Шет тілі сабақтарында коммуникативтік қабілеттерді қалыптастырудың негізгі бір құралы - сыни ойлауды дамыту технологиясы [2, 115 б.].

Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез –келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжерибиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Бұл кезеңдерде баланың коммуникативтік қабілеттері арта түседі [3, 96 б.].

Қызығушылықты ояту

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, коммуникативтік қабілеттерді кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өзі білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады, коммуникативтік қабілеті артады.

Мағынаны ашу

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», — — «мен үшін түсініксіз», + — «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Ой толғаныс

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады, коммуникативті дағдылары қалыптасады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді [4, 95 б.].

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сынни ойлауды дамыту технологиясының әрбір кезеңі балалардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді уақытында игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығару білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

Бірнеше тәсілдерге тоқтала кетейік: «ойлар мен пікірлер себеті» тәсілі-сабақтың бастапқы кезеңіндегі, білім мен тәжірибені белсендіру жүріп жатқандағы жеке және топпен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру тәсілі. Бұл тәсіл оқушылардың сабақта талқыланатын тақырып бойынша не білетінін анықтауға мүмкіндік береді. Тақтада немесе презентацияның слайдында -

себеттің белгісі, онда оқушылардың өтілетін тақырып бойынша білетіндері шартты түрде жинақталады.

1. Әр оқушы берілген тақырып бойынша не білетінін есіне түсіреді және дәптерге жазады (жеке жұмыс 1-2 минутқа созылады).

2. Ақпаратпен жұпта және топта бөлісу.

3. Әрі қарай әр топ бір мағлұматты не ақпаратты алдында айтылғанды қайталамай айтады.

4. Барлық ақпарат, қате болса да, «ойлар себетіне» қысқаша жазылады.

5. Барлық қателер жана ақпарат алу барысында түзетіледі.

Мысалы: тақтаға себеттің белгісі жабыстырылады, оған оқушылар сабақта не істейтіні шартты түрде жинақталады.

- Айтылымды жетілдіру.

- Жаңа ақпаратты білу.

- Грамматикалық дағдыларды жаттықтыру.

- Жаңа сөздерді білу.

- Оқу.

- Сұрақ қою;

- Жауап беру.

Интерактивті стратегия. Кесте «Білеміз – Білгіміз келеді – Білідік »

Оқыту берілген тақырып бойынша оқушылардың берілген тақырып бойынша білетінін белсендіруден басталады. Алдымен олардың тақырып бойынша не білетінін сұраңыз. Оларға сурет не затты көрсетіңіз немесе өзіңіз білетініңізді талқылаңыз.

Балалар өз ойларын білдіре бастағанда тақтаға кестенің бірінші бағанына жазып қойыңыз.

Оқушыларға жұмыс кестесіне туындаған кез келген сұрақты және берілген мақаланы оқығанда алам деген жауаптарын жазып қоюды сұраңыз. Оқушыларға мақаланы оқығанда жұмыс кестесіне жауап жазып отыруларын ұсынңыз.

Оқушылар мақаланы оқып болған соң және өз жұмыс кестелерін толтырып болған соң барлық сұрақтарын жауап алғанын тексеру үшін талқылаңыз. Оқушыларға ақпаратты одан әрі іздестірудің әр түрлі тәсілдерін ұсынңыз.

«Аялдама жасап оқу» әдісі.

Сызба-үлгілерді қолдана отырып, балалар топырақты, суды, ауаны, күнді т.б.зерттейді. Мысалы, ауа-көзге көрінбейді, түссіз, пішіні жоқ, серіппелі т.с.с. Осылайша барлық өлі табиғатты осылай өзіне тән сапасын,қасиетін сипаттап шығады. Сызба арқылы бала қарап отырып, затты зерттейді, сол зат жайлы баяндап береді.

Мнемотехниканы қолданғанда балалардың шығармашылығы дамиды, бала іс-әрекетін белгілі бір мақсатқа жүйелейді, жаңа тақырыпты тез меңгереді. Мнемотехниканы қолданғанда балаларды тек қана көркем шығармамен таныстырып қана қоймай, сонымен қатар, лексикалық тақырыптармен де таныстыруға болады.

Мысалы: тағамдар, киімдер, балықтар, өсімдіктер, үй құстары т. б.

Т.М.Бондаренко, В.К.Воробьева, Т.А.Ткаченко ұсынған балаларды төрт жыл мезгілдерінің өзгеруі жайлы сызба-тіректер жыл мезгілдері жайлы ұғымын кеңейтіп, білімдерін жүйелейді. Бірақ сызбалар дәлме-дәл сәйкес келе бермейді. Жыл мезгілдерімен таныстырғанда балалардың жас ерекшелігі ескеріледі.

Балалар осы сызбаларға сүйене отырып, төрт жыл мезгілдерінің атауын, өзіне тән ерекшеліктерін дәлме- дәл ажыратып, ретімен әңгімелеп береді.

Бұл сызбалар әдістемелік құралда анық көрсетілген. Мұнда балалар тек жыл мезгілдерін әңгімелеп қоймай, монологтық сөйлеу тілі қалыптасады,

табиғат жайлы, олардың өзгеру заңдылықтары жайлы ұғымдары артады, сөздік қоры молаяды, әрбір жыл мезгіліне деген жағымды көзқарасы қалыптасады.

«Жаңылтпаштар» - халық шығармашылығының керемет жанры. Қысқа рифмдік фразалар дыбыстарды құруға, айтылуы күрделі, тілді дамытуға арналған тамаша құрал. Жаңылтпаштар дыбыстық аппараттардың дұрыс айтылуына көмектеседі. Дикцияның дұрыс қойылу қабілетін дамытады, тілдік естуін, сөздік қорын молайтады. Жаңылтпашпен жұмыс істегенде оны түсініп қана қоймай, есте сақтау керек. Мнемотехниканы қолдану мақсатында, жеңіл есте сақтау және есте сақтау қабілетінің дамуы қосымша ассоциация білімі жолында жүзеге асады. Жаңылтпаштар мазмұны заттар мен іс - әрекеттердің қарапайым сызбалық бейнелерінің көмегімен іске асады. Аталмыш сызба - тірек арқылы графикалық аналогия мен заттың немесе іс-әрекеттің нағыз бейнесі есте сақтаудың тірегі болып табылады. Жаңылтпашпен таныстыруда тәрбиеші бос кестені есте сақтайды. Әрі қарай бала өзі жаңылтпаш мәтінін мнемосызбаға сүйене отырып, айтады:

Мнемотехника тәсілі балаларға өте тиімді, есте сақтау қабілетін дамытып қана қоймай, балалардың көркем шығармаға деген қызығушылық сезімін арттырады, оқиға желісін оңай әңгімелеп беруге көмектеседі. Сонымен қатар, қазақ ертегілерін де мнемосызба түрінде қолдауға болады.

Мнемотехниканы қолданғанда неге қол жеткізуге болады:

- Балалардың ертегіні ретімен әңгімелеп беруге деген қызығушылығы артады.

- Қоршаған орта жайлы таным - білімі артады.

- Сөздік қорының белсенділігі артады.

- Балалардың ұялшақтығы жойылады, өзін - өзі ұстауы қалыптасады.

Әдебиеттер

1. Учимся по сказке. Т.В.Большева
2. Т.Б.Полянская “Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста»
3. Қ.Р Білім туралы заңы. Астана, 2007ж
4. «Отбасы және балабақшасы» журналдары №3,5,9 - 2008ж
5. Выготский Л.С. “Мышление и речь” (текст) Л.С.Выготский – М.: Лабиринт, 1996 – 416с.
6. Дьяченко О.М. Возможности развития умственных способностей дошкольников
7. Венгер Л.А. Развитие способности к наглядному пространственному моделированию Д.В. 1982
8. Дьяченко О.М. Чего на свете не бывает.

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛІ – МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮРДІС

Сулейменова Б. А.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 48 мектеп-қосымша білім беру орталығы» КММ қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі
asemhanova_82@mail.ru

Бүгінгі таңда күн сайын өзгеріп жатқан заманда тәжірибелі мұғалімдер заман ағымына ілесіп отыру үшін үнемі өз тәжірибесін жетілдіріп отыру қажет. Ол үшін оларға өз тәжірибелерін зерттеп, оқытудың жаңа әдістерін, әдістемелерін өзгерту, жақсарту жолдарын іздестіру өзекті мәселеге айналып отыр. «Сабақты зерттеу» дегеніміз - мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Бұл зерттеу тәсілі ынтымақтастыққа жетелейтін мектепшілік өзара бірлескен оқу ортасын құруға және жағымды қарым-қатынасты дамытуына әсері мол. Себебі, біріншіден, мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтап, бірлесіп жоспарлайды, қадағалайды және бірлесіп сабақты талдайды. Екіншіден, зерттеу проблемасы бүкіл мектеп үшін ортақ болады, оқушылардың оқып-үйренуінде қандай қиындық пен кедергі бар екендігін мұғалімдер бірлесе шешіп, сол тақырыпты жұмыла зерттейді. Бірақ-та сабақты зерттеу - мұғалімнің білім мен біліктілігін арттыратын құрал ғана емес, сонымен қатар, мұғалімдік мамандықтың білім базасын жетілдіретін тәсіл болып табылатын ескеруіміз керек. (Фернандез және Йошида, 2004). Сабақты зерттеудің басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік кәсіби қоғамдастық аясында іске асыру (Dudley, P. 2011a). [1] Бұндай үрдіс оқыту сапасын және мұғалімдердің кәсіби дамуын шыңдауға, мектептің қызметіне және қоршаған ортаға тығыз байланысты.

Сонымен, «Сабақты зерттеу тәсілі мектеп мұғалімдерінің кәсіби дамуына әсері қандай?» деген сұрақ туындайды. Мектебіміздің оқыту және оқу тәжірибесін жақсартуға сабақты зерттеу тәсілін қалай ұйымдастырғанымызға тоқтала кетейін. Сабақты зерттеуде ең бастысы оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында мұғалімдердің, оқушылардың оқу үдерісін қалай зерделейтіні талқыланды. Зерттеу барысына барлық топ мүшелері толық көлемде және бірдей дәрежеде үдеріске тартылатыны, өткізілген зерттеу сабағына, берілген баға жеке мұғалімге емес, тұтастай барлық топтың жұмысына қатысты берілетіні түсіндірілді. Зерттеу сұрағын қалай таңдау керек, сабақты бірлесіп жоспарлағанда неге көңіл бөлу керек, сабақты бақылаушылардың рөлі, оқушылардан сауалнама, сұхбат алу түрлерімен таныстырылды. Жоғарғы, орта,

бастауыш сыныптардан 4 Lesson Study тобы құрылып, мектептің зерттеу сұрағы анықталды.

бір



Жоғарғы сынып мұғалімдері сыныпты таңдап алса, бастауыш сынып мұғалімдері барлық сабақты өздері беретін болғандықтан паралельдер бойынша топтасты. 2-сынып мұғалімдері бір зерттеу сұрағымен әр түрлі пәндерді таңдаса, 4- сынып мұғалімдері математика пәнін таңдап алды. Зерттеу сұрағын анықтау мақсатында деректер жинап, әр

сыныптағы әр түрлі деңгейіндегі оқушыларды анықтады.

Сабақты зерттеу - мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі екенін өзімнің зерттеуімде іске асырып көрдім. Бұрынғы ашық сабақты әр мұғалім жеке, өз бетімен жоспарлап өткізетін болса, Сабақты зерттеу – әдісінде бірлесіп сабақты жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдау, сабаққа берілетін баға жеке мұғалімге емес барлық топ мүшелеріне бағытталатынын түсіндім. Зерттеу сұрағын бірлесіп анықтау, сабақты бірлесіп жоспарлау арқылы «оқушы-мұғалім», «оқушы-оқушы» үдерісін жүйелі дағдыға айналдырсақ, оқушы пікірімен санасақ, сабағымызды жоспарлағанда оқушы пікірін ескерсек, ғасырдың талабына сай сындарлы ой айта алатын жеке тұлға тәрбиелей аламыз деген ойға келдік. Жалпы мектептегі топтардың отырысында, атқарылған іс шараларды талқылағаннан кейін, көптеген мұғалімдердің сабақты зерттеуге қатысты көзқарастары өзгерді. Сабақтан соңғы талқылау кезінде «сыншы дос» әріптестері мұғалімдердің өздері байқамайтын тұстарын айтып, бір - біріне сындарлы ұсыныстар берді, бұл өз кезегінде мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіруге көмегін тигізді. Сабақты зерттеу үдерісіне қатысу арқылы өз тәжірибелеріндегі жақсы және әлсіз тұстарын анықтай алды. Негізінен жоспарланған іс-әрекеттерді оқушылар қалай қабылдады? Несімен тиімді және тиімсіз болды? Қандай өзгерістер мен жетілдірулер енгізуге болады? Зерттеу сұрағы дұрыс таңдалынған ба? т.б. осындай сұрақтар төңірегінде пікір алмасқанда, төртінші сыныптарда барлығына ортақ таңдалынған «Интербелсенді әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы оқуды жақсарту» зерттеу сұрағы бір сыныптың математика сабағында толық ашылмады. Себебі, барлық төрт сыныпқа бірдей алған зерттеу тақырыбы осы сынып оқушыларының білім-білік дағдысына сәйкес келмейтіні анықталды. Бұл сыныптың оқушыларының математикадан ауызша тез есептеу дағдылары баяу болғандықтан, уақытты ұтымды пайдалана алмады. Сондықтан, зерттеу тобы қайтадан деректер жинап, сұхбат алғанда, оқушылар материалдың көптігін және оны меңгеруге уақыттың тапшы екенін атап өтті. Мұғалімдер зерттеу сұрағын таңдағанда әр сыныптағы оқушылардың ерекшеліктерін және тайм -

менеджмент ережелерін ескеру керектігін түсінді. Сандық және сапалық деректерді талдау барысында «Білім сапасын арттыру мақсатында оқушылардың өз бетімен жұмысын жетілдіру» сұрағы таңдалынып, сабақ жоспары жасалынды. Сабақта қолданатын әдіс-тәсілдерді сараптап, үлестірмелі материалдарды терең ойластырғандықтан келесі сабақ сәтті өтті. Бұл жағдай топ мүшелеріне қуаныш сыйлады. Мұғалімдердің Lesson Study тәсілі - кәсіби біліктілікті көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көздері жетті. Бұл - тек бір цикл аяқталғанда түйінделген ой. Алғашқыда сенімсіздікпен бастаған мұғалімдерде келесі циклға зор құлшыныс пайда болды. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десем еш артық айтқандық емес. Сабақты зерттеу – мұғалімдердің бақылау дағдыларын дамытып, қауымдастықта бірлесе жоспарлауға жақсы мүмкіндіктер береді.

- Зерттеудің нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп, қалай сабақты жоспарлау керектігін түсінуге көмектеседі;

- Сабақтағы іс- әрекетті зерттеу арқылы оқушылардың қаншалықты білім алғандығын анағұрлым анық және әр қырынан, егжей – тегжейлі дәлелін көруге болады;


- Сабақты зерттеу – тәжірибелі мұғалімдермен қатар жас мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесе отырып жоспарлау, бақылау және талдау арқылы оқыту жайлы ортақ пікір қалыптастырады;

Өзін-өзі басқару, реттеу мен дамытудың ұтымды құралы ретінде Сабақты зерттеу топтары ұстаздарға бірлесе жоспарлау, тәжірибеде туындаған проблемаларды коучинг пен тәлімгерлік арқылы шешу, сабақ жоспарларын жақсарту үшін сабақтарды бірлесе талдау мен талқылау секілді тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану дағдыларын үздіксіз дамыту мүмкіндігін ұсынады. Мектеп мұғалімдерімен Сабақты зерттеу жұмыстарын жүргізу бізге не берді ?

Кедергілер	Мүмкіндіктер
«СЗ» ұғынуға ынтасының болмауы	Бірлесе жоспарлау дағдысын қалыптастыру арқылы кәсіби өсу
Уәждің төмендігі	Мектеп ұжымында ынтымақтастықтың артуы
	Мұғалімнің кәсіби шеберелігінің өсуі

Жоғарыда аталған деректердің негізінде мектепшілік кәсіби қоғамдастықта ұйымдастырылып жатқан сабақты зерттеу үдерісін Байтон мен Саймонстың ынтымақтастық модель сызбасына салатын болсақ, төмендегі сызба шығады.

Ынтымақтастық деңгейлерінің өзгеруі	Ынтымақтастық моделдері	Зерттеуші топ
Ынтымақтастықтың	Сабақты бірлесіп	Жауапкершілікті тең

<p>төмен деңгейі</p>  <p>Ынтымақтастықтың жоғары деңгейі</p>	жоспарлау	дәрежеде атқарады, мұғалімдер оқу тобы негізгі жұмысының әр түрлі мазмұнына (кезеңдеріне) жауапты
	Бірлесіп бақылау	Сабақты бақылауда бақылаушы мұғалім толық жауапкершілік артады
	Сабақты бірлесіп талдау	Жауапкершілікті тең дәрежеде атқарады, мұғалімдер оқу тобы негізгі жұмысының әр түрлі мазмұнына (кезеңдеріне) жауапты
	Командалық моделі	кершілікті тең дәрежеде ады. Команда мүшелері се жұмыс істеудің ық мүмкіндіктерін анады: бірлесе арлайды, жоспарды ге асырады, оны айды. Яғни, нданың бірлесе жұмысы қ басталмай жатып ге аса бастайды



2 сурет. Зерттеуші мұғалімнің моделі

Сызбада көрсетілген ынтымақтастық моделінің жоғарғы деңгейінде жұмыс жасау үшін, ең бастысы мұғалімдерге бір-біріне деген сенімділік, шынайлық, нақтылық, ашықтық және жасалған қадамдарға әр уақытта баға бере отырып, рефлексия жасаулары қажет. [2] Сонымен қатар, сабақты зерттеудің әр бір қадамы мұғалімнің жеке кәсіби дамуына тікелей әсері бар екені дәлелденді, оны төмендегі «зерттеуші мұғалімнің» модель сызбасынан

көруге болады.

Зерттеу адамдардың (ересек) тәжірибесін, тәжірибе туралы түсінігін және тәжірибе жүргізілетін жағдайды түсінуін өзгертеді. Адам тұлғасының даму үдерісі бүкіл өмір бойы тоқталмайды. Осыған сәйкес оның жан-жақты қарым-қатынасқа түсе алуға бейімділігі, өзін-өзі бағалау дағдылары өмір бойы

қалыптасады және дамиды. Адамның басқа адамдармен қарым-қатынас тәжірибесі неғұрлым көп болса, ол тұлға ретінде өзі туралы соғұрлым көбірек ақпарат алады, өмірлік тәжірибесінде өзі жайындағы ойларын басқалардың пікірлерімен байланыстыруына тура келеді. Оның өз әрекетін, қылығын дұрыс қабылдау және бағалау қабілеті тезірек және белсендірек дами түседі. Адамдардың тұлғалық қарым-қатынасы негізінде ой-пікірлердің тоғысуы жүзеге асады. Р.Эмерсон айтқандай, бірлескен еңбек адамдарды жандандырып, тау қопартуға жетелейді, ал жалғыз оған жету - сирек кездесетін жағдай. Сабақты зерттеу тәсілі- біздің жеке тұлға ретінде оқу-танымдық қызметімізде өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын қалыптастырудағы, шеберлігімізді шыңдаудағы заманауи үрдістердің бірі.

Әдебиеттер

1. «Мектептегі Мұғалім көшбасшылығы» мұғалім нұсқаулығы. 2016
2. Әлімов А. «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» Алматы 2015 ж
3. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық Астана, 2013
4. Сабақты зерттеу- бірлескен оқу тәсілі /Мұғалімге көмекші құрал/ Астана 2017

ТЕХНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

Сулейменова Ж. М.

учитель химии СОШ № 21 города Павлодара

zhuldyz_260174@mail.ru

Согласно современным требованиям к образованию, базовым звеном образования является общеобразовательная школа, модернизация которой предполагает ориентацию образования не только на усвоение обучающимся определенной суммы знаний, но и на развитие его личности, его познавательных и созидательных способностей. Общеобразовательная школа должна формировать целостную систему универсальных знаний, умений, навыков, а также опыт самостоятельности деятельности и личной ответственности обучающихся, то есть ключевые компетенции, определяющие современное качество содержания образования.

Современного ученика чрезвычайно трудно мотивировать к познавательной деятельности, к поиску пути к цели в поле информации и коммуникации. Происходит это потому, что дети часто испытывают серьезные затруднения в восприятии учебного материала по всем школьным предметам. Причина этого – в недостаточно высоком уровне развития мышления и, прежде всего, критического. А это очень важно для человека в современном мире,

который входит в новый век с новым обликом познавательной культуры, для который «человек репродуцирующий» - понятие, в сущности, устаревшее и неинтересное. Кроме воспроизводящей деятельности существует и другой род деятельности, именно деятельность комбинирующая или творческая.

Одна из интереснейших современных технологий в сфере образования, которая позволяет вырабатывать указанной компетенции – это технология развития критического мышления. Критичность ума – это умение человека объективно оценивать свои или чужие мысли, тщательно и всесторонне проверять все выдвигаемые положения и выводы. Критическое мышление, т.е. творческое, помогает человеку определить собственные приоритеты в личной и профессиональной жизни, предполагает принятие индивидуальной ответственности за сделанный выбор, повышает уровень индивидуальной культуры работы с информацией, формирует умения анализировать и делать самостоятельные выводы, прогнозировать последствия своих решений и отвечать за них, позволяет развивать культуру диалога в совместной деятельности. Данные факторы обуславливают актуальность технологии развития критического мышления.

Формирование критического мышления предполагает создание базового отношения к себе и миру, подразумевающего вариативную, самостоятельную, осмысленную позицию. Это позиция значительно повышает надежность образования – потому что оно становится осознанным и рефлексивным и повышает коммуникативный потенциал личности.

Таким образом, актуальность использования технологии развития критического мышления заключается в следующем:

- неумение применять полученные учащимися в школе знания и умения в реальных жизненных ситуациях;

- отсутствие мотивации у учащихся к познавательной деятельности, к поиску пути к цели в поле информации и коммуникации;

- недостаточно высокий уровень мышления;

- недостаточный уровень индивидуальной культуры работы с информацией;

- неумение анализировать и делать самостоятельные выводы, прогнозировать последствия своих решений и отвечать за них;

- неумения учащихся определить собственные приоритеты в личной и профессиональной жизни;

- недостаточной уровень культуры диалога в совместной деятельности.

Цели и задачи использования образовательной технологии

При внедрении технологии критического мышления мною были поставлены *цели*:

- формирование критического стиля мышления в процессе обучения химии, развития умений понимать скрытый смысл того или иного сообщения;

- развитие навыков самостоятельной работы с учебными материалом или информацией;

-формирование умений ориентироваться в источниках информации, находить, перерабатывать, передавать и принимать требуемую информацию, при этом пользоваться разными стратегиями при ее обработке, отвергая ненужную или неверную; отделять главное от несущественного в тексте или речи;

-повышение качества и эффективности процесса обучения за счет реализации возможностей образовательных технологий.

Для успешного достижения поставленных целей я определила следующие **задачи**:

-сформировать у учащихся умения и навыки, как необходимые компоненты подготовки школьников к жизни в современном информационном пространстве;

-формировать критический стиль мышления в процессе обучения химии, развития умений понимать скрытый смысл того или иного сообщения;

-развивать навыки самостоятельной работы с учебными материалами или информацией;

-формировать умения ориентироваться в источниках информации, находить, перерабатывать, передавать и принимать требуемую информацию, при этом пользоваться разными стратегиями при ее обработке, отвергая ненужную или неверную; отделять главное от несущественного в тексте или речи.

Критическое мышление имеет 5 характеристик (Д.Клестер):

Во-первых – это мышление самостоятельное;

Во-вторых – это мышления обобщенное;

В-третьих – это мышление проблемное и оценочное;

В четвёртых – это мышление аргументированное;

В пятых – это мышление социальное.

В программе РКМ определение критического мышление состоит из 6 компонентов.

Критический мыслитель;

Формирует собственное мнение;

Совершает обдуманый выбор между различными мнениями;

Решает проблемы;

Аргументировано спорит;

Ценит совместную работу, в которой возникает общее мнение;

Умеет ценить чужую точку зрения и сознаёт, что восприятие человека и его отношения к любому вопросу формируется под влиянием многих факторов.

Использование технологии на уроках химии

На уроках химии критическое мышление можно использовать при изучении самых разнообразных тем. Например, при изучении валентностей и валентных возможностей атомов я сообщаю, что высшая валентность элемента совпадает с номером группы в периодической системе Д.И. Менделеева. Поэтому можно предположить, что у азота и фосфора высшие валентности равны 5, у кислорода и серы 6, у всех галогенов -7. Но в то же время для азота,

кислорода, фтора это соответствие не характерно. Возникает проблема, которую надо разрешить.

В данном случае 1 стадией критического мышления- вызовом- является проблема несоответствия высшей валентности элемента номеру группы в периодической системе элементов.

На стадии осмысления новой информации класс разделяю на группы и предлагаю учащимся составить графические схемы строения и электронные формулы атомов азота и фосфора, кислорода и серы, фтора и хлора. Учащиеся работают в группах, сравнивают формулы и схемы, обсуждают материал о строении атома в возбужденном состояниях. При этом для себя отмечают, что они знали и не знали до этого, какие новые знания получили и т.д. 3 стадию – рефлексию – можно организовать в форме презентации результатов труда. Выступающие сопровождают ее формулами и схемами на доске. Выводы организуются в форме рефлексии, например,

Я знал, что...

Для меня новым было то, что...

Это противоречит моим представлениям о ... и т.д.

Технология критического мышления приемлема на уроках химии и при выполнении практических работ, связанных с решением экспериментальных задач по определению веществ, где вызовом является задача, осмыслением – изучение физических и химических свойств веществ, составление плана определения веществ и выполнение работы, а рефлексией – составление выводов. Возможности использования технологии критического мышления на наших уроках масштабны и не ограничены приведенными примерами. Польза от нее несомненна, т.к. она направлена на самореализацию и саморазвитие ученика.

Литература

1. Жалмагамбетова Б.Ч., Н. Ш. Шакурова «Развитие профессионального мастерства учителя: опыт Сингапура» Павлодар, 2013 г.
2. Борисова Н.В., Шатохина Л.Ф. Программа Обучение здоровью. Москва, 2005 г.
3. Селевко Г.Г. Современные образовательные технологии. Москва, Народное образование, 1998г.
4. Чернавская А.П. РКМПЧП как педагогическая технологии. Новгород, 2001 г.
5. С.И. Заирбек, И.В. Муштавинская Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя – М. Просвещение, 2004- 175с.
6. Е.С. Полат Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. – М. Академия, 2003 – 272с.
7. Н.Б. Кирилова Медиаобразование в эпоху социальной модернизации: Педагогика. – 2005 – №5 с.13 – 21.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР

Суханкулова У. М.

Павлодар қаласының № 42 мектепке дейінгі гимназияның қазақ тілі мұғалімі
umut.sukhankulova@bk.ru

Мектепке дейінгі ұйым – бұл дамуға ұмтылған, жаңа мүмкіндіктерді іздеген, баланың, жанұяның, қоғамның сұраныстарын қанағаттардыруға қажетті жағдайларды жасайтын, педагогтардың шығармашылық және кәсіби жұмыстарын жағдаймен қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі ағза. Демек, осы мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жандандыруда инновациялық технологиялар мен әдістердің маңызы өте жоғары. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Технологиялық білім дегеніміз - білім, біліктілік, интеллектуалдық кәсіптік әдіс - тәсілдерді қолдану. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады. Күнделікті оқу іс-әрекеттерін Тәй-тәй технологиясының элементтерін пайдалана отырып, орталықтарға бөліп ұйымдастырамыз, бұл технологияның тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі айқындалып, ата-анамен байланыс нығаяды. Сонымен қатар түрлендіріп қойылым ойындарын көптеп қолданамыз, бұл ойынның мақсаты бала белгілі –бір бейнені орындай отырып, өзіне деген сенімділік пайда болады. Баланың жан-жақты дамуында дамытушы ортаның маңызы зор. Қазіргі таңда балабақшамызда Монтессори технологиясына көптеп көңіл бөлініп, арнайы бөлме дайындалып жасақталуда. Монтессори технологиясын қолдану арқылы балалардың қол моторикасын дамытып, өз беттерінше жұмыстар атқарып, қиыншылықтарды жеңе білуге, еркін ойлауға тәрбиелейміз. Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық психологиялық, педагогикалық шеберлікті, бала дүниетанымын терең танып, ұғына білуді мақсат етеді. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдары да, талапқа сай болу қажет.

Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс. Міне, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейеді. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білімқұмарлыққа баулуы тиіс. Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

Оқыту технологиялары

1. Денсаулық сақтау технологиясы.
2. Жоба іс-шығармашылық технологиясы.
3. Қатынастық ақпарат технологиясы.
4. Ойын технологиясы.
5. Тәй-тәй технологиясы.
6. М.Монтессори әдіс-тәсілдері.

Денсаулықты сақтау технологиялары - өзінің денсаулығын қолдауға қажетті білім, білік дағдыларды қалыптастыру мен дамыту. Фитбол-ертегілер. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға педагог ертегі мазмұнын бұрыннан таныс балалардың білетін қимылдарымен сүйемелдей отырып айтады. Балалардың назары ертегінің мазмұнында болғандықтан жаттығуларды орындау қызықты және еліктірер сипатта болады. Ал ересек жастағы балалар үшін күндізгі ұйқыдан соң балаларды сергіту үшін қолдануға болады.

Ақпараттық технологиялар - анимацияларды, фильмдерді тұсаукесерлер слайдтарын қолдану үйретілетін құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді. Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды бөлек деректермен таныстырады, құбылыстардың артында не жатқанын айтады. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, балаға бала жасына сәйкес білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге дене қызығушылыққа баулуы керек. Танымдық қызығушылықты туындату үшін міндеттерді шешу басқа жағымсыз сәттермен жасырынбай кейіпкерлердің әрекетінің бел ортасында болғаны, ғылыми мазмұнға қызығушылыққа шақыруы, күрес, жанашырлық пен кейіпкерді іздеу нақты осы мазмұнмен байланысты болуы, соның айналасында шоғырлануы, сонда іске асуы қажет. Ертегі балаларды қызықтыруы үшін: ертегідегі барлық қимылдардың өрбіуі сол сауалдардың шешімі болуы, сауал мен оның шешімі бала үшін жағымды кейіпкердің тұлғасында нақтылануы, сонымен бірге ол қуанатындай, қобалжыйтындай, ойша күресе алатындай, қойылған мақсатты іздеуді және шешуді, сауалды шешу жай ғана баяндау сипатында берілмей, кейіпкердің белсенді әрекетінің нәтижесінде берілуі қажет.

Жобалау технологиялары - бала мен педагогтың бірлесіп жүзеге асыратын эксперименттік әрекетін құру. Жобалық іс-әрекет - бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы (оның барысында бала өзі үшін көптеген жаңа және бұрын білмегенді ашады) туралы идея жатыр. Бұл нәтижені шынайы практикалық іс-әрекетте көруге, зерделеуге, қолдануға болады. Кіші мектепке дейінгі жастағылармен мынадай тақырыптарда: «Пішін, түс, көлем»; «Жыл

мезгілдері», «Су», «Қар», «Күм», «Жарық пен жылу» жұмыстарды өткізуге болады. Ал ересек жаста баланың бастамашылдығы, белсенділігі, мүмкіндіктері айтарлықтай арта түседі. Бұл жас кезеңі балалардың танымдық қажеттіліктерін зерттеу, іздеу әрекеті түрінде «жаңаны» ашуға, ойлаудың өнімді түрін дамытуға бағытталған дамыту үшін маңызды

Мнемоника немесе мнемотехника - қосымша байланыстардың пайда болуымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау көлемін ұлғайтатын түрлі тәсілдердің жүйесі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға мнемотехника тәсілдерін қолдану аса маңызды, өйткені сыртқы құралдардың әсерінен ойлап шешетін тапсырмалар ауызшаға қарағанда көрнекі материал арқылы жақсы меңгеріледі. Дамыта оқытуда балаларға тілдерін дамытуға бағытталған, олардың белсенді сөздіктерін байытатын, сөз жасау дағдыларын бекітетін, заттарды сипаттайтын, мәтіндер құрауға жәрдем беретін көрнекі үлгілер қолданылады. Сипаттау мәтіндерін құрауда мнемотехника тәсілдерін, мнемотаблицаны немесе заттарды сипаттау үшін сызба-жоспар тәсілдерін қолдану мнеможұмбақтарды құрауға жәрдем етеді. Бұл жұмбақтарды шешу барысында белгілері бойынша нысандарды анықтайды. Кіші топтарда алғашқы кезде педагог әрбір берілген суреттерді жан-жақты түсіндіреді. Ал келесі кезеңде ересек топтарда суретке қарап, онда не жасырылып тұрғанын өз бетінше тауып, түсіндіруді ұсынылады.

Осылайша, жаңа технологияларды қолдану - педагог қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денісаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Білім - ел қазынасы, халқымыздың білімділігі - ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Сондықтан әрбір педагог - өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, балалардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында іс-әрекеттің құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Әдебиеттер

1. Б.Бөрібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар». – Алматы, 2001.
2. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002ж.
3. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003ж.

ЭФФЕКТИВНЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК СРЕДСТВО АКТИВИЗАЦИИ ШКОЛЬНИКОВ

Суханкулова Ш. М.

учитель химии и биологии СОШ № 21 города Павлодара

В период бурной информации нашего общества возрастает потребность в обучении и воспитании детей, способных жить в открытом обществе, умеющих общаться и взаимодействовать со всем многообразием реального мира, имеющих целостное представление о мире и его информационном единстве. Поэтому для развития детей приобретают значимость умения собирать необходимую информацию и выдвигать гипотезу, делать выводы и умозаключения использовать для работы с информацией новые информационные технологии.

Одна из главных задач школы состоит в том, чтобы не только дать знания учащимся, но и привить интерес к обучению. В связи с этим, в образовании все больше намечаются тенденции к перемещению акцента с методов, обеспечивающих репродуктивное усвоение знаний, на методы,

На помощь приходит проектная методика, являющаяся эффективной инновационной технологией, которая значительно повышает уровень компьютерной грамотности, внутреннюю мотивацию учащихся, уровень самостоятельности школьников, их толерантность, а также общее интеллектуальное развитие.

Метод проектов способствует активации всех сфер личности школьника-его интеллектуальной и эмоциональной сфер и сферы практической деятельности, позволяет повысить продуктивность обучения его практическую направленность. Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы, использование разнообразных методов, средств обучения, а с другой, интегрирование знаний, умений из различных областей науки, техники, технологии, творческих областей. Использование этого метода делают учебный процесс творческим, а ученика-раскованным и целеустремленным. Идет интенсивное самообучение и взаимообучение, создаются условия для саморазвития творческой индивидуальности человека и раскрытия его духовного потенциала.

Метод проектов дает возможность организовать практическую деятельность в интересной для учеников форме, направив усилия на достижение значимого для них результата

Проектный подход применим к изучению любой школьной дисциплины и особенно эффективен на уроках, имеющих целью установление межпредметных связей.

В настоящее время интенсивно развиваются школьные педагогические технологии и появилось много различных направлений. Педагогическая технология – это « не просто исследования в сфере использования технических средств обучения или компьютеров, это исследования с целью выявить

принципы и разработать приемы оптимизации образовательного процесса путем анализа факторов, повышающих образовательную эффективность, путем конструирования и применения приемов и материалов, а также посредством оценки применяемых методов». Педагогическая технология рассматривается как «набор операций по конструированию, формированию и контролю знаний, умений, навыков и отношений в соответствии и поставленными целями»

Технология развития тесно связаны с технологиями обучения.

Эффективность внедрения инноваций зависит от целого ряда факторов: от особенностей предлагаемого новшества, от потенциала школы, от позиции и квалификации администрации зачинателей инновационной работы.

Сами инновации всегда относительно, что для одного учителя является новшеством, потрясающим основы организации, для другого – нечто естественное, то, что можно игнорировать как мало значимое.

Это может породить серьезные негативные процессы, резкую негативную реакцию против инноваций у тех или иных педагогов.

Остановимся на отдельных педагогических технологиях.

Личностно-ориентированные технологии представляют собой воплощение гуманистической философии, психологии и педагогики, для восприятия нового опыта.

Технологии личностной ориентации пытаются найти методы и средства обучения и воспитания, берут на вооружение методы психодиагностики, изменяют отношения и организацию деятельности детей, применяют разнообразные и мощные средства обучения, перестраивают содержания образования.

К технологиям личностной ориентации относятся педагогика сотрудничества.

Педагогику сотрудничества надо рассматривать как особого типа «проникающую» технологию, так как ее идеи вошли почти во все современные педагогические технологии.

Гуманно-личностная технология Ш.А.Амонашвили.

Целевыми ориентациями гуманно-личностной технологии Ш.А.Амонашвили являются: способствование становлению, развитию и воспитанию в ребенке благородного человека путем раскрытия его личностных качеств, облагораживание души и сердца ребенка, развитие и становление познавательных сил ребенка, обеспечение условий для расширенного и углубленного объема знаний и умений, идеал воспитания-самовоспитание.

Главной преградой для внедрения образовательных инноваций служит качественное состояние, уровень профессионализма. Новые технологии обучения требуют от преподавателя педагогического мастерства. Список новых педагогических знаний и умений, которые требуют от преподавателя развивающие технологии обучения: умения диагностировать цели обучения воспитания, более глубокого системного знания учебного предмета и его научных основ, умения переструктурировать учебный материал с индуктивного

изложения в логику индуктивно-дедуктивного проблемного изложения целой темы, не одного урока, умение моделировать в учебном процессе профессиональную деятельность будущего специалиста, умения организовать самостоятельную работу школьников для подготовки деловой игре, мозговому штурму и т.п., умение свободно владеть активными методами обучения, обеспечить благоприятный психологический климат, сотрудничество преподавателя и ученика.

Следует помнить, что в педагогике передается не опыт (технология), а мысль, выведенная из опыта. (К.Д.Ушинский). «Чужой» опыт педагог должен «пропускать через себя» и выбирать свой метод, в наибольшей степени соответствующий уровню своего личностного и профессионального развития. В педагогической деятельности важны не только результаты, но и способы, средства, методы их достижения.

Литература

1. А.К.Избасканова. Педагогические технологии в учебно-воспитательном процессе.» 12-летнее образование. г.Астана. 2010.
2. Г.А.Храпунова. Инновационная деятельность педагога Биология. №(1). 5-6 с. 2017.
3. Смирнов С.А., Котова И.Б., Шиянов Е.И. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии. Учебное пособие для высших и средних пед. учебных заведений. -М: Академия, 2003. -512 с.
4. Муканова С.Д., Бектурова З.К., Баимбетова Л.Р. Учитель в условиях инновационной деятельности. Методическое пособие. -Астана, 2010. -48 с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Сыздықова А. М.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Павлодар қаласының №16 мектеп-лицейі» КММ
yaksly@mail.ru

*«Маған айтсаң ұмытып қаламын,
көрсетсең есімде қалады,
өзіме істетсең үйреніп аламын.»*

Функционалдық сауаттылық деген не?

Бұл адамның қоғам өміріне толық қатысуын қамтамасыз ететін іскерліктермен дағдылардың жиынтығы.

Тақырыптың өзектілігі неде?

2009 жылдан бастап әр түрлі халықаралық зерттеулер мектеп оқушыларының функционалды сауаттылық деңгейін бірнеше бағытта өлшеу арқылы әлемдегі білім сапасын анықтай бастады. Сол себептен білім берудегі негізгі мәселелердің бірі- функционалды сауаттылықты қалыптастыруға назар аудару. Бұл дегеніміз, біздің әрқайсымызда оқушының функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған техникалар мен әдістердің жиынтығы болуы керек. Халықаралық зерттеулер барысында нақты қандай проблемалар анықталды? Біріншіден, оқушылардың пән бойынша бар білімдерін қолдана алмауы. Екіншіден, жалпы білім беру дағдыларын меңгерудің төмен деңгейі, мәселелерді шешудің жаңа немесе балама тәсілдерін таба алмауы, мәселелердің басты себебі, оқу процесінің пәндік білім мен дағдыларды игеруге қарапайым мәселелерді шешуге бағытталуында. Сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдардың болмағандығынан. Сондықтан, мен екі түрдегі функционалды сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған материалды ұсынамын, ақпараттық және коммуникативті.



Ақпараттық дегеніміз – бұл оқулықтар мен әдебиеттерден ақпаратты іздеп табуы. Интернеттен және әртүрлі ақпарат көздерінен керекті мәліметтерді табу. Ақпаратты өңдеу мен жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсына білу.

Коммуникативті сауаттылық – бұл сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеу, біреудің ауызша және жазбаша сөйлеуін еркін түсіну қабілеті, өз бетінше өз ойын жазбаша және ауызша жеткізу білу. Мен сіздердің назарларыңызға коммуникативті және ақпараттық функционалды сауаттылығының екі түрін қалыптастыруға бағытталған әдістемені ұсынамын. Бұл әдісті мен бірінші рет орыс тілі мұғалімі К.Н.Эдвиновнадан естідім, содан мен қызығып кеттім. Қазіргі уақытта ең танымал шындықтың бірі – бұл видеоблог. Интернетте оларды әртүрлі жастағы адамдар

жүргізеді, бірақ жалғыз қалау әлі жеткіліксіз. Видеоблогты жүргізу білу керек, ал балаларды біз үйрете аламыз. Сонда, бұл ақпаратты қазақ тілі сабағында қалай қолдануға болады?

Мысалы: 4 сыныптың қазақ тілі оқулығында «Бөлмедегі заттар» деген тақырып бар. Бұл тақырыптың соңында оқушылар өзінің бөлмесі туралы мазмұндама жазады. Оқушылардың көпшілігіне бұл жұмыстың түрі қызықты емес сияқты көрінеді. Мен осы тақырыпты өту үшін видеоблог формасы арқылы жұмыс жасауды ұсынамын. Оқушыларға өздерінің пәтердегі немесе бөлмедегі бұрышын видеоролигке түсіруге ұсынылады. Балаларға бейнежазбаны қалай блогтау керектігі туралы алдын-ал ескерту беру керек. Интернетте бұл тақырып бойынша көптеген кеңістер бар, бірақ мұғалім осы саладағы мамандардың кеңестерін негізге алып, осы ескертпеге түсініктеме береді. Сіздерге мен кадрда өзін қалай ұстау керектігі туралы толығырақ тоқталуды ұсынамын. Бейнежазбаны бірінші рет жасайтын оқушыларға арнай нұсқаулық ұсынамын.

Сәтті видеоблог жүргізудің құпиялары.



Өзіңізді кадрда қалай ұстайтындығыңызға мұқият назар аударыңыз, көрермен сенімсіздікті, мазасыздықты бірден сезеді.

Видеоны түсірген кезде, ақпаратты қызықты айту керек.

Сөзіңізді алдын-ала жазыңыз. Бүкіл мәтінді жаттауға тырыспаңыз, тыңдауға қызықсыз болады.

Эфирге шығуын және аяқтауын ойластырыңыз.

Балалардың арқасында, бұл жұмыс мені де қызықтырды. Менің сөздік қорыма ROOM TOUR туралы жаңа түсінік енді. Бұл видеода, адам өзінің тұрған үйінің жағдайын көрсететін видеоның атауы. Қазіргі қоғамда осындай бейнелерді жасау және оларды нарықта жылжыту мүмкіндігі кейбір өмірлік мәселелерді шешуге көмектесе алады. Мысалы, пәтерді жалдау, немесе сату, яғни нақты бұл салада еңбек табуға болады. Біз бүгінгі өмір шындығын өзгерте алмаймыз, бірақ балаларды бейнеблогтарды сауатты, әдемі, шығармашылықпен құруға үйрету біздің қолымызда. Осы техниканы қолданудың тағы бір мысалы бар. 4 сыныпқа арналған қазақ тілі

бағдарламасында «Менің қалам» тақырыбы бар. Бұл тақырыпты өту кезінде видеоблог құру сияқты әдіс өте тиімді болып шықты. Оқушылар өз қаласы туралы мәтінмен жұмыс жасағаннан кейін, қолданушыларды қаламыздағы кез келген мәдени ескерткіштің тарихымен таныстыра алатын бейне жасауға шақырылады. Бейнені қызықты болу үшін қаламыздың мәдени мұрасының нысанын таңдау туралы шешім қабылдауға тура келді. Қажетті материалды тауып, қайта өндеп, ең қызықты сәттерді игеріп, көрермендерге ұсыну керек.

Сонымен бірге, алдында ұсынған «Сәтті видеоблог жүргізудің құпиялары» нұсқаулықты ескере отырып, видеоны жасау керек. Мұндай тапсырманы берген кезде, мен сөйлеу мәдениетін және ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастырумен қатар, қаламыздың тарихи келбетіне назар аударып, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Егер де оқушылар өз қаласының тарихын білсе, онда оны сақтауға тырысады. Қорға келсек, ақпараттық коммуникативті сауаттылықты қалыптастырумен қатар бұл тапсырма креативті ойлауды дамытуға бағытталған. Бұл соңғы жылдары халықаралық тестілеудің тағы бір шарасы болды. Қашықтықтан оқыту жағдайында бұл жұмыс түрі өте ыңғайлы. Бұл оқушыларының түрлі дерек көздерінен көптеген жеке жұмыс жасауды болжайды. Мұғалімнің бұл үдірістегі ролі бүкіл жұмыс барысында сауатты бағыттау.

Әдебиеттер

1. Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс – қимыл жоспары
2. Оралбаева Н., Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы. «Ана тілі»
3. Қайырбекова А.И. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. Алматы. «Атамұра», 2010
4. <https://www.youtube.com/watch?v=CYRyyKELBAI>
5. <https://www.youtube.com/watch?v=UYvhuUSbNrw>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУГЕ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІ

Тайболатов Қ.М.

Торайғыров университетінің 2 курс докторанты

Білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту ол өз еркімен жүзеге асатын үдеріс емес, яғни бұл оны психологиялық сүйемелдеуді қажет ететіні сөзсіз. Ең алдымен «сүйемелдеу» ұғымына тоқталып өтейік.

Сүйемелдеу – бұл жұмыстың белгілі бір идеологиясы, бұл психологтің не үшін қажет деген сұраққа алғашқы және маңызды жауап. Алайда, осы тұжырымдаманың мазмұнына егжей-тегжейлі тоқталмас бұрын, біз жалпы қолданыстағы әртүрлі тәсілдерге негізделген мақсаттар мен идеология тұрғысынан отандық психологиялық мектеп практикасындағы жағдайды қарастырамыз [1].

Мектептегі педагог-психологтің қызметінің мәнін үшке бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, психологиялық қызметтің мәні – мектептегі оқу процесін ғылыми-әдістемелік басқаруда. Бұл психолог үшін «бөтен» тәжірибе. Оның мақсаты әртүрлі сөздермен белгіленуі мүмкін, мысалы, оқу процесін ғылыми психологиялық-педагогикалық қолдау ретінде, бірақ кез-келген жағдайда бұл «бөтен» тәжірибенің мақсаттары, әлемді (ең алдымен бала) басқа кәсіби қабылдау, ол көбінесе психологиялық дүниетаныммен нашар үйлеседі.

Екіншіден, мектеп психологының іс-әрекетінің мәні психологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық сипаттағы әртүрлі қиындықтарға тап болған балаларға көмектесу, осы қиындықтарды анықтау және алдын-алу. Осындай модельдер аясында мұғалім мен психологтың функциялары нақты анықталған. Сонымен қатар, олардың қызметі көбінесе бір-бірінен тәуелсіз болады. Психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім алушылар көмек шеңберінен шығып кетеді, олар психологтың назарын тек мінез-құлықта, оқуда немесе, айталық, әл-ауқатта жағымсыз көріністерді көрсете бастаған жағдайда ғана алады. Сонымен қатар, мұндай модельдерге сәйкес жұмыс істейтін психологтар көбінесе балаларға ерекше көзқараспен қарайды: олардың психологиялық әлемі маманға, ең алдымен, түзетілуі керек бұзушылықтардың болуы тұрғысынан қызықты болады.

Үшіншіден, мектептегі психологиялық іс-әрекеттің мәні – бүкіл мектептегі оқу процесінде баланың сүйемелдеуімен. Идеяның тартымдылығы айқын: ол шынымен де мектептегі психологиялық қызметті өзінің ішкі мақсаттары мен құндылықтарымен «өзіндік» тәжірибе ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге бұл тәжірибені оқу-тәрбие жүйесінің енгізуге мүмкіндік береді [2].

Сонымен «психологиялық сүйемелдеу» дегеніміз не?

Психологиялық сүйемелдеу – бұл негізгі мақсаты білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және олардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыру арқылы білім беру процесінің қолайлы жағдайларын сақтау болып табылады.

Психологиялық сүйемелдеудің міндеттері:

- баланың даму проблемаларының туындауының алдын алу;
- білім алушыға дамудың, оқытудың, әлеуметтенудің, білім беру және кәсіби бағдарды таңдаудың өзекті міндеттерін шешуге көмектесу;
- білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін дамыту;
- білім беру бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету.

Білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамытуды психологиялық сүйемелдеуге педагог-психологтерді кәсіби даярлау үдерісі бірнеше бағыттарды қамтыды (1-сурет). Олар: магистранттарға арналған «Эмоционалды интеллектіні дамыту практикумы», педагог-психологтерге арналған «Білім алушылардың эмоционалды интеллектісі мен сыни ойлауын дамытуды әдістемелік сүйемелдеу» біліктілікті арттыру курсы, педагог қызметкерлерге арналған «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» облыстық семинары.

Білім алушылардың ЭИ дамытуда педагог-психологтерді кәсіби даярлау жүйесі



1-сурет – педагог-психологтерді білім алушылардың ЭИ дамытуды психологиялық сүйемелдеуге дайындау жүйесі

Бұл іс-шараларға қатысу барысында педагог-психологтер білім алушыларды психологиялық сүйемелдеуге байланысты әдістемелік тұрғыдан дайын болады. Өйткені психологиялық сүйемелдеу үдерісі әдістемелік қолдаусыз жүзеге аспайды.

Әдебиеттер

1. Абдукамалова Г. Білім мен тәрбие беру үрдістерін психологиялық сүйемелдеу. // Сапалы білім беру - Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізі: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, 13 мамыр, 2011 ж.. - Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, 2011.

2. Демиденко Р.Н. Психологическое сопровождение профильного и предпрофильного обучения : Пособие для слушателей. . - Павлодар: ПГПИ, 2005. - 64 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Токтамуратова Р. А.

Зайсан ауданы бойынша білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжайының
тәрбиешісі

Raxima-1984@mail.ru

*Көкіректе сәулесі жоқтың, көңілде сенімі жоқ,
өнерсіз өмірден тез суынар.*

Абай

Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбес жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Жиі ән, ертегі тыңдап, суреттерді қараған балалардың өнері қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәй ғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Бейнелеу өнері- көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды.

Бейнелеу өнерінде балалардың сурет салуға, өнерді қабылдауы тұрғысынан білім деңгейлерінің әр сатылы болуына байланысты, сурет салуға мүмкіншіліктерін анықтай отырып, сапалы білім беру. Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Сурет салу өнерін үйретуге төмендегідей мақсат қойдым:

- Сурет салу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сезімдік эмоционалдық ортасымен эстетикалық талғамын және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

Алдымызға қойған бағытымыз:

Сурет салу іс-әрекеті арқылы, балаларды жан – жақты дамыта отырып тәрбиелеу;

Балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Сурет салу оқу іс-әрекеті арқылы;
- Күннің екінші жартысында бейнелеу өнері бойынша жеке жұмыстар жүргізу.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Әңгімелесу, кеңес беру, жиналыс, көрмелер ұйымдастыру, ашық есік күндері;

Тәрбиешілермен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- Кеңестер беру;
- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізу;

Алға қойылған мақсатты жүзеге асыруда мынандай міндеттерді аламыз:

- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту;
- сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларын меңгерту;

Сурет іс-әрекетіне бейімдеу бағыттары:

- айналаны бақылау және қабылдауын дамыту;
- бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларды меңгерту.

